

Сәкен Сері-Ел
жайында



Ел-Сәкен Сері
жайында





Сәкен Жүнісов

**Сәкен Сері — Ел
жайында
Ел — Сәкен Сері
жайында**

Алматы 2000 ж.

ББК 84 Қаз 7

Ж 88

Жүнісов С.

Ж 88 Сәкен Сері — Ел жайында. Ел — Сәкен Сері жайында: Көркемсөз, ой толғаныстар мен арнау өлеңдер. — Алматы.

ГОПбк «GAUHAR» 2000. — 460 бет.

ISBN 9965-440-16-6

Бұл кітап Қазақстан халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Сері Жүнісовтың 65 жасқа келуіне, творчестволық қызметінің 45 жылдығына орай дайындалған еді. Бұған жазушының әр жылдары ел тағдыры, заман өзгерістеріне қарай жазған, сөйлеген публицистикалық шығармалары іріктеліп, жазушы жайында ой толғаған замандас жазушы, ақындардың да шығармалары беріліп отыр. Бұл кітап арқылы, оқырман қауым, сіздер Сәкен серінің бұрын прозалық, драмалық дарындылығын білсеңіздер, енді оның қоғам қайраткері ретіндегі ой толғаныстары арқылы публицистикалық, арнау өлеңдері арқылы ақындық қабілетін де, ол туралы кейбір замандас-қаламдастарының берген бағасына да қанығасыздар.

Ж $\frac{4702250200}{00(05)-00}$

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-440-16-6

© Жүнісов С., 2000

Дені сау жазушыға қашан өлгенше қойылатын бір сұрақ бар: Ол – «Не жазып жатырсыз?» Күнделікті заман ағымына үн қосып, ұлы өзгерістермен бірге аяқ алып жүру – жазушының бірінші мақсаты десек, мен де басқа қаламгерлердей қазақ халқына келген Ұлы өзгеріске қуанып та, болашақ тағдырына ойланып та жазуды өзіме міндет санап, елдігімізді қайтсек сақтап, мемлекетіміздің көсегесін қайтсек көгертеміз деген халық арманын бірге алып, «Хан мен Президент» атты эссе-толғау кітапшасын жазып жүрмін. Шығарма басы 1991 жылы 29 қарашада Президент сайлауына байланысты жазылып еді. («Көкшетау» газеті). Сол кездегі сөйлемдерді еш өзгеріссіз беріп отырмын. Құдай қаласа, жалғасын да там-тұмдап жарияламақпын.

Автор.

ХАН мен ПРЕЗИДЕНТ

(«Біз айтпасақ кім айтады?» топтамасынан)

Хан дегенім – Абылай да, Президент дегенім – Нұрсұлтан екенін түсіне қалған шығарсыз, зерделі оқушым. Бірақ, бір нәрсені аңғармай отырсыз. Ертең сайлау, Президентке дауыс беруге үгіттейін деп отырсың-ау дерсіз. Жо-жоқ. Мен үгіттемей-ақ Қазақстан жұртшылығының өзі-ақ Назарбаевқа жапа-тармағай дауыс беретініне сенімім кәміл. Бұл арада менің айттайын деп отырғаным – сайлау алдында, орайы келіп тұрғанда Абылай хаң мен Нұрсұлтан Президенттің ел басқарудағы ұқсастығына байланысты көкейдегі ойдың, көмейдегі сөздің шет жағасын айтып, сол арқылы қайсыбір кедергілер мен қиыңдықтар тағдырластығын, мысқалдай болса да, әңгімелеу.

Биыл Көкше жерінде өткен Абылай ханның тойында Президенттің атын тура атамасақ та тұспал-

дап айтып өткенбіз. Талайлардың аузында сол теңеу, сол сөз жүрді. Торғай жерінен әкелген керемет киіз үйдің екі жағына хан мен Президенттің зәулім суреттерін қастерлеп іліп қою да — бүгінгі жұртшылықтың сол ұқсастықты көре білетін көрегендігінің айғағы. Әйтсе де, қайсыбір жайларды тағы да шегелеп айтудың артықтығы болмас. Және де сайлау алдында құрғақ үгіттен гөрі, жазушы ретінде есте жүрген бірер қызық оқиғаны әңгімелеп берсек, ол да бір оқушыға ой салар ғанибет пе дедік.

Иә, осы хан мен Президентте талай ғасырдан кейін қайталанған мезгілге де, ел басқару жағдайына да байланысты ғажайып ұқсастық бар; әшейін ұқсайын деп ұқсау ыңғайы ма, әлде замана ағымының қайталануы ма?

1948 жылдың маусым айы болатын. Біздің үйге жазғы самалмен бірге үлкен бір қуаныштың лебі кірді. Бес ағайынды біздің ең кенжеміз — осы күні тірі ұл дүниеге келді. Ел мәре-сәре той тойлап жатқанда әке-шешемнің ең жақын достары шілдеханада, нәрестенің атын қояр тұста көп таласып, ұзақ дауласып, бір бәтуаға келе алмады. Қуанышта аздап еліргеннің салдары ма, әлде шын тапқырлық жасағысы келді ме, әкемнің бір жолдасы:

— Әй, ағайын-тумалар, достар, давайте, осы сәбидің атын ағасы Сәкен қойсын, — демесі бар ма?

— Қой, әлі өзі бала, әзір балаға ат қоятындай дәрежеге жете қойды ма екен?..

— Қайдағы бір атты қоя салса, сәбиге өмір бойы обал болар, — десіп, біразы қарсылық білдіріп еді, ақыры не керек, көп таласпай-ақ, «болсын», «қойса қойсын», не қойса да сол ат мына нәрестенің өмірлік аты болсын, — деп, бәрі келісіп, мені ортаға алмасы бар ма?

— Ал, Сәкен, ініңе ат қой! Мейлің — Шұлғайбай, Жүгенбай десең де...

— Өзіңе ерген ініңе ат қой... Қане, қане? — десіп, жамырасып кетті.

Мен, шыным сол, көп ойланған жоқпын, маған ат қойғыза қалса дайын болайын деп алдын-ала дайындаған есімім де жоқ, әйтеуір, аузыма құдай салды ма, бөгелместен:

— Абылай болсын, Абылай, — дегенімді білемін. Жұрт дүрліге жамырасып, Абылайды хан көтергендей гуілдеп, шуылдап кетті.

Абылай, Абылай. Тамаша, Абылай хан!

Мен, әрине, ол кезде, тап сол арада білгем жоқ, кейін естідім, көпшілік жұрт қолпаштап, қолдай кеткенімен әкемнің қасындағы бір шоғыр адам төбелерінен жәй түскендей отырып қалыпты. Олар — сол кездегі райкомның бюро мүшелері еді. Қайтсын, екі коммунистің нәрестесінің атына ханның атын бермек түгілі, мұсылман жолымен сүндетке отырғызған коммунистерді ол кезде екі сөзге қаратпай партиядан шығарып жіберетін еді ғой.

Бірақ, осы аттан Нұрсұлтан қорыққан жоқ. Әлгі Абылай інім, кейін, ер жетіп, политехникалық институттан соң Теміртаудағы темір қорыту комбинатында инженер болып қызмет атқарып жүрген. Комбинат өмірі жайында пьеса жазбақшы болып бір-екі рет барғанымда, 36 мың жұмысшысы бар сол комбинаттың парторгі Нұрсұлтан Әбішұлымен танысып, мінезіміз үйлесіп дегендей, достасып кеткенбіз. Күндердің күнінде, қаға берісте, әлгі бауырым жайында өзім түсіндіріп, өз жағдайын айта бермейтін тұйық інім жайында парторгке өтініш жасадым.

— Осында інім істейді. Біздің әкеміз Нұрмақ та, шешеміз Мағрипа да отызыншы жылдан партия мүшесі. Ал, біз, бес баласының тым құрмаса біреуі партияда жоқпыз. Басқамызды қойшы, бәрімізден де партияға өтуге лайықты бала осы інім ғана: өзі ұрттап алмайды, темекі де тартпайды, мінезі ауыр.

Сіздерде жұмысшыларды алғашқы кезекте алады екен де, интеллигенттерге жол тимейтін көрінеді: түсінікті — лимит. Осы ініммен бір сөйлесіп көрсеңіз қайтеді? Өтініші жатқалы жылдан асыпты, — деп шын қолқа салдым. Сенбей тұр ма деп дүдәмалданып:

— Фамилиясы Жүнісов, Нұрмақович, — деп «овичін» де қосып қойдым. Туған інім, аты — Абылай.

— Аты Абылай дейсіз бе?! — деді парторг жұлып алғандай. — Аты күшті екен. Осы ат үшін-ақ партияға алуға болады! — деп Нұрекең тура осы күнгі күлкісімен қуақылана күлді...

Сөйтіп, Абылайды партия қатарына алды...

Әлі есімде, «Москва» мейманханасының алтыншы қабатында Нұрсұлтан Әбішұлы да, тоғызыншы қабатында мен жатқанмын. Кездесіп қалдық. Жасымның үлкендігін пайдаланып:

— Кездескенімізді отметить қылмаймыз ба? — дедім Сәбит Мұқанов ағамның қалжыңды даусына салып

— Асығыспын, ертең бестің кезінде хабарласыңызшы, — деп нөмірін қайталап айтты.

Ертеңіне кездестік. Кешке елге жүреді екен. Бұл жолы — Орталық Комитетте қабылдауда болып, Қарағанды обкомының екінші хатшылығына бекіген екен. Маған сөз тиген ретте:

— Қарағанды — Қазақстандағы ең ірі өндіріс қаласы. Онда осы күнге дейін қазақ милләтінен ешкім бірінші хатшы болып көрген жоқ. Енді көп ұзамай бірінші болуыңа тілектеспін, — деп тағы біраз асқақ сөздер айтып, оның бәрі әшейінде айтылатын көпшік сөздер көрініп, өз сөзімді өзім олқы санап, не болса о болсын деп, ол кездегі аға басшылардың да көңіліне қарамай, қолма-қол алысқа сермеп, — енді одан да ілгерілеп, Қазақстанды басқаруыңа тілектеспін. Қазақ халқының Абылайы болуыңа тілектеспін, — деп қалдым.

Мен мұны айтқанда Абылай хан онша әсер ете қояр деп ойлаған да жоқпын (Баяғы Абылай жайы есімнен шығып кетіпті). Әшейін сол кездерде де Ақан серіден кейін, шамам жетсе, Абылай хан өмірінен роман жазсам ба деп жүрген ойдан болса керек, ханның атын әспеттеп жатқаным. Жоқ, бұл есім Нұрсұлтанға қатты әсер етті. Ол маған әуелі күлімсірей қарады да:

— Рахмет, Сәке, партияның басшылық қызметінде жүрген адамның қай-қайсысы да биіктеп көтеріле түскенді қалайды. Ол мансапқорлық болмас. Қай солдаттың генерал болғысы келмейді? Ел билеу, халық ісін басқару — ол — мақсат қой, — деді де, сәл ойланып: — Ал халықтың Абылайы болуы ол — арман ғой, арман! — деді.

Сол кезден бастап Абылайды жазу да маған арман болды. Абылай туралы ойым бұрынғыдан тереңдеп, менің де жазушылық арманым ұлғая түскендей болды. Енді бүгін таңда ойлап отырсам, халқының Абылайына ұқсауды, ел қамын Абылайша жей жүріп, Абылайша қорғап сақтауды Нұрсұлтан Әбішұлы ежелден-ақ зердесіне салып, үзеңгіге аяғы іліккеннен бері армандайды екен-ау!

Енді міне, қараңыз, Абылай өзін хан көтеріп сайлаған қазақ халқын билеп, үш жүздің қамын жатпай-тұрмай шын ойлаған соңғы қамқоршы хан десек, бүгінгі Нұрсұлтан сол хан жасаған тұсқа ұқсас дербестікті, тәуелсіздікті ту етіп қана қоймай, сарапқа салған толқымалы сын сағатта сайланбақ қазақтың тұңғыш Президенті. Бұл екеуінің ортасында ғасырлар, жылдар ғана жатқан жоқ, бұлардың ортасында ел басқарудан гөрі елді билеп-төстеген талай сұлтандар мен губернаторлардың, ұлылықішілі болыстар мен бірінші хатшылардың күйкі тіршілігі жатыр. Сөз жоқ, Абылай хан мен Нұрсұлтан Президент екеуінің жағдайы олардан мүлдем бөлек, бұлар өтер өткел бөлек, бұлар сал-

ған көпір — бір-бірімен жалғасқан көпірдің сыңайы бөлек. Абылай бастап салған көпірді — екінші жағаға жете алмай қалған көпірді Нұрсұлтан жалғайтын мезгіл жетті.

Яғни Нұрсұлтанның бүгінгі Президенттік негізгі тіршілігі тура Абылайдың ісін, ой-арманын жалғастырудан басталмақ. Хандыққа, жүз-жүзге ру-руға бөлшектеніп ауа жайылған қазақтың басын қосып, біріктіріп, тұтас ел еткен Тәуке салған ақ жол үзілгеннен кейінгі Абылай салған көпірдің тағдыры мүлде бөлек еді. Абылай кезінде қазақтың тағдыры бірігуге емес, біріккен жердің ірімеуіне қарап қалған еді. Жан-жағынан анталаған қаскөй жау қамап, көз алабұртқанда өз жерінің ұшан-теңіз кеңдігінен, асты-үстінің байлығынан әменде зардап шеккен, табиғатында бейбіт, еркін өмірді көксеген, тұлпарлардың шоқтығындай аз қазақтың бар жиған-тергені, ен жайлаған жері кең шапанның етегіндей кесіліп, саптаманың ұлтарағындай тесіліп, тоз-тоз боп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жырым-жырым болып кеткелі тұр еді. Қаһармен де, қарумен де жеңуге болмайтын, ақылдың күшімен алатын, айламен амалдап алдайтын, саясатқа саятын басшы ғана елінің бірлігін де, болашақ тірлігін де сақтап қалатын кез еді. Абылай осындай кемеңгерлік көрсетіп, тарихта атын ғана емес, Көкшетаудан Ташкентке дейінгі шекараны билеп, сақтаған жердің затын да аман қалдырды. Егер екі жағынан қаумалап, айдаһардай жалаңдаған екі алып империяға айға шапқан арыстандай атылса, әрине, мерт болар еді, ноқайлық танытып, әпербақандық жасаса, қыл үстінде тұрған халқы да тұңғиыққа құлап майып болып, үлкен апатқа ұшырар еді. Бүгінгі жағдай тап ондай болмаса да, Абылайдың абайлаған айласы, саналы сақтығы, жер ошақтан аулақ жүріп күресер әдісі қазір де керек-ақ. Нұрсұлтанның Абылайға ұқсайтын тағы бір тұсы — осы тұс.

Бұл тарапынан біздің ел басқа елдерден гөрі өте ауыр, өте жауапкер өткелде тұр. Ойнақ сап өтем, ойнап өтем деп, ойламай қойып кетсең, өте алмай құлап, өкінішіңнің орны өміріңмен ғана өтелер үрейлі де өрелі өткел. Ақтық рет сақтықпен өтер солқылдақ өткел.

Біз әртүрлі шығармашылық сапармен ел-елді жиі аралаймыз. Президентке дән риза жұрттың талап қояр тұсы да, өкпе айтар назы да осы мәселе төңірегінде. «Тым жалпақ шешей болып барады, басқа елдердің тірлігіне неге қарамайды, біз солардан кембіз бе, қажет десе біз неге де болса даярмыз, тайынбаймыз, басымызды тігуге бармыз, жерімізді талан-таражға түсіріп талатпаймыз. Суымызды лайлатпаймыз, тілімізді кестірмейміз, дәстүрімізді таптатпаймыз», — деп тап-тап беретіндер баршылық. Әрине, оларды да күстаналамай дұрыс түсінуге болар. Қай жетіскенінен бұлай өрекіп, қай мықтылығынан бұлай мардамсып айтады дейсің. Өмірде әділдікке ашығып, әділетсіздікке ашынған жандар не айтпайды?! Бірақ, сонау Абылай кеткеннен бері екі ғасыр бойы үздіксіз ішке үнгіп, індетте кіріп, ғасырлар бойы індеттей тараған, ұлтымызға келген небір қасіретті зауал-нәубеттерді бір күнде қуып шық деп айтуға ғана жеңіл екенін ескерген де жөн. Зауал тұрмақ, ауру да батпандап кіріп, мысқалдап шықпай ма?

«Бір ханда қырық адамның ақылы бар» дегенді әркім әртүрлі түсініп жүр. Мұның талдауы — ханның қырық уәзірі болады, солардың ақылын тыңдаған ханда қырық адамның ақылы болмақ. Бұл мақалда хан сыртынан жұдырық емес, ханға деген ел сауалы, ел тілегі жатыр. «Жалғыз отырып шешпе істі, ақылдасып шеш, ақылмен пішкен тон келте болмайды» дегені шығар. Әрине, ол — ақылшының да ақылшысына байланысты. Қанша көп білем, өзім шешем дегенмен Абылай хан қасына Бұқардай ке-

меңгер ағасын ұстап, ұстаздай санап, ара-тұра соның ақылын алуы да тегіннен тегін емес. Мүмкін, кейде кейбір істі кешеуілдетіп, кейбір істің аңысын көп аңдып, тым сақтанып, қазақтың тәуекелі мен тәубасын орынды қолданбай, үш жүздің баласын іскерлігіне қарай бағалау орнына, төрт-бес жүздің «ішкер» азаматтарына орынсыз жалтақтап, мезгілсіз жалпақтап, тым жадағай болып кеткен тұстарда, ақырған Абылайға да ағалық етіп, ақылмен ұрсып: «Ей, Абылай, кеше мен сені көргенде Түркістанда жүр едің, үйсін Төле билердің түйесін баққан құл едің» деп, «Аяз би әлінді, құмырсқа жолыңды» дегендей жолға салар Бұқар жыраудай, «Ей, Нұрсұлтан, кеше Теміртауда жүрмеп пе ең, кигіз қалпағыңды шоқ тескен, кигіз байпағыңмен от кешкен төртінші горновой емес пе ең?», — деп айтатын аға сөзін көтеретін көнтерлілік жағынан да Абылайға ұқсас болар, ел тарапынан айтылар тілектер мен талай-талай ұлағатты кеңестерді Президентіміз шын ниетімен қабыл алар демекпіз. Әзірше таңдағыны тәңірден күтіп, әуелі, ертең, қадірлі Президентімізге дауыс беріп алайықшы, «тағысын тағы көре жатармыз, қосшы бала», демекші, содан соң тағы да әңгімемізді әрі жалғастырамыз, оқушым.

«Көкшетау» газеті, 29 қараша, 1991 жыл.

ПРЕЗИДЕНТПЕН БОЛҒАН ЕКІ КҮН (Жазушы жолжазбасы)

Ішкі құрылысы арнайы бөлмелерге, орындарға лайықталып жасалған алып ұшаққа отырысымен қолымызға орысша жазылған (асығыстықтың салдары болар, – мемлекеттік тілге аударылмаған) «Программы Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. в Республике Татарстан» деген, сыртында елтаңбасы басылған шағын кітапша қолымызға тиді. Кітапша ішінде Татарстан Президенті М. Ш. Шаймиевтің инаугурациясының салтанатты жиынына баратын делегация тобының тізімінде шығармашылық қызметкерлері де бар: Муллашев Камиль (суретші), Шағалимов Шамиль (опера әншісі) және мен (жазушы).

ТУ-154 қанша ұшқыр ұшақ дегенмен, қазақтың жалпақ жатқан байтақ даласынан өтіп, Қазанға жеткенше бақандай үш сағат кетеді екен. Ал сол үш сағат, әшейінде, аз көрінгенмен, Президентпен бір ұшақта бірге отыруды есептесеңіз, бұл – оңайлықпен үлесіңе тие бермейтін (тіпті қабылдауында болсаңыз да) мол, ұлан-ғайыр уақыт. Ел сайлаған халық қамқоршысы Ел басымен аз да болса тіл қатысып, сұхбаттасып, жердегі сөзіңді аспанда айтып қалсаң, оған не жетсін.

Әңгімеге Президенттің өзі тартты бізді. Жайлы орындық, столы бар шағын бөлмеге бізді шақырып алып, опера және балет театрының артисі Шағалимов Шамильдің, қай жерде, қашан оқығаны, қайда жұмыс істегенін тәптіштеп көп сұрақтар қойып, үйжайы, бала-шағасына дейін қалдырмай суыртпақтап білген Президенттің ықыласына дән риза болған әнші Абайдың «Айттым сәлем Қаламқасын» айтып, өнерін көрсетті. Бұдан соң суретші Муллашев Камильдің шығармашылық өнерімен танысып, өзімен бірге ала жүрген альбомдары мен слайдқа

көшірілген суреттерін зер сала қарап, өннен де, живописьтен де еуразиялық шеңберде біраз білімі бар Елбасы бүгінгі мәдени өміріміздегі елеулі жетістіктеріміз жайында біраз сөз етті. Біздің де көкейімізде сайраған: «бәрі ақшаға байланысты, шығармашылық одақтардың күні күн емес, бюджет үлесінен шығып қалған одақтардың мүшелерінің де халі мүшкіл» деген, тағы толып жатқан шағымдар тулап тұрғанмен, ұшаққа отыра салып, үш жақтан шуламайық деп, әдеп сақтап отырып, бір кезде оның да орайы келіп қалды. Оған менің жұмыс жоспарым себеп болды. Бұрынғы туындыларымды ертеден білетін Елбасы осы жолы да «Ақан сері» романын аузына алды. Менің Абылайхан туралы жаза бастаған романым жайлы жоспарымды естіген Нұрекең Президент әкімшілігінің басшысы Тұрсынов Сағынбекке бұрылып:

– «Ақан сері» романын жазған Сәкен серінің Абылайхан туралы да жақсы роман жазатынына күмәнім жоқ: бірақ, соның алдында Абылайхан өмірінен, тіпті қазақтың көне дәуірінен бастап киноға неге сценарий жазбайсыз, – деп тарихтан көп мағлұмат айтты, Жетісу өлкесіндегі қазақтар өмірінен мен біле бермейтін қызықты тарихи деректер келтірді.

– Нұреке, ондай фильм түсіру үшін қаншама ақша керек? Осы қаражаттың жоқтығынан кино өнері ғана емес, басқа өнер атаулыға қиындық түсіп тұр ғой, – деп қалдым, әңгіменің тұспа-тұсында.

– Табамыз. Ақша табамыз, жазыңыздар, тек жақсылап жазыңыздар. Совет үкіметі тұсында Қазақстан көп республикалардың бірі болды да, дүние жүзінде, шетелдердің алдында онша көріне қойған жоқ. Осыншама жерді алып жатқан, жеріне байлығы, халқына тарихы сай елдің атын, географиялық орнын білмейтін елдер де болды. Енді, міне, жеке мемлекет болғалы аз уақыттың ішінде Қазақ-

стан атымыз, қазақ ұлтымыз жер шарына таныла бастады. Енді мәдениетіміз де соған сай болуы керек. Дүниежүзілік экранға шыққан бір фильміміз бар ма? Тым құрыса, «Война и мирдей»... Дүние жүзіне елімізді, тарихымызды танытатындай фильм болсын. Ақша табамыз, аямаймыз. Абайды түсіруге де тапқанбыз, Жамбылға да таптық. Қане, жазыңыздар. Жақсы дүниеге ақша табылады...

«Иә, жақсы дүниеге!» Мен Елбасына ештеңе демедім. Өйткені, осыдан төрт-бес ай бұрын Абылай туралы кино жазайық деп, ойда жүрген қызықты сюжеттерін де ортаға салып, режиссер Теменов Талғат екеуіміз біраз жоспарлағанбыз. Оның орындалуына қаржының қайдан табылатынын екеуіміз де білмейміз. Оны түсіреміз деп ұмтылып жүргендердің жағдайы да тура біздікіндей. Сонда да бұл тақырыпқа әр жанрда ұмтылушылар көп. Олардың ішінде Әбіш Кекілбай, Ақселеу Сейдімбеков, Смағұл Елубаев, Асанәлі Әшімов, Ардақ Әмірқұлов, т.б. бар. Бұлардың қай-қайсысының болмасын әрине, сценарий жазып, фильм қоюға қақылары бар... Мақсат – халық қамын ойласақ, жақсы фильм шығару, жеке бастың қамын ойласақ – конъюнктураны пайдалану. Талантты дүние жасау үшін – беделді, лауазымды пайдалану да – өнерге, мәдениетімізге қиянат. Өмірі фильм қоймаған киностудияның сол кездегі директорының бір фильмін неше жерден әсіреқызылын мақтасаң да классик ақын поэмасының идеясын толық түсінді деу қиын. «Отырардың күйреуі» сияқты жап-жақсы, көп-көрім көркем, фильм қойған А. Әмірқұловтың да бюджеттен қыруар ақша бөлінген «Абай» фильмін қоюы – талай жылдар бойы дөңбекшіп, күні-түні ойлап, дайындалып жүрген режиссерлерден көп ақылдаспай-ақ қағып алуы – шөміш билігін пайдаланумен бірдей емес пе?!.

М. Әуезов: «Абылайхан туралы роман жаз, та-

рихты бәрімізден артық білесің» дегенде, «Атай көрмеңіз, тарихты білгенмен жазушы емеспін ғой, қолымнан келмейді» деп шынын мойындаған Марғұландардың, «Қаракөзді» оқыдым. Ол менің пьесамнан артық, бірінші орынды мен емес, ол алуға тиіс» дейтін Аймауытовтардың адалдығы мен парасаттылығы қайда?

Шығармашылық одақтардың, баспа орындардың құлағын ұстап отырған (бұрынғысы бар, қазіргісі бар, біріншісі бар, екіншісі бар) басшылардың мынадай қағаздың, қаламақының тапшылығы уақытында, «өлейін де көрейін» деп жүргендері бір пара.

Қағаз азайып, ақшасына қарай кітап алушылардың кемуіне байланысты өтімді «тауарлар» — жақсы туындылар ғана баспа орындарынан екшеліп шыға ма десек, спонсор тауып алған өмірі аты-жөні белгісіз адамдардың шығармалары бұрқырап шыға бастады. Оларда құн да, оларға сын да жоқ.

Президент осы мәселелердің ұнғыл-шұңғылына дейін білетін сияқты.

— Өркениетті елдерде капиталистік қуатты мемлекеттердің өзінде шығармалары құнды, өтімді жазушылар, суретшілер, мүсіншілер ғана өз өнерімен күн көріп, бедел алып, өз талантымен байиды да, ал сіздердің жазушылар одағыңызда 600-дей, бір Алматының өзінде 400-дей жазушы бар. Солардың ең таланттыларын екшеп, соларға жағдай тудырмасақ, ешкімге шығармалары керек еместерін жаппай қамтамасыз ету мүмкін емес, — деп шын қынжылды.

Мен Нұрсұлтан Әбішұлын одан сайын қынжылтпайын деп кейінгі мына тапшылық уақытта Жазушылар одағы «күл болмасаң, бұл бол» деп, әйтеуір қалам тартып, сөйлем құрай білетін аты да, заты да белгісіз адамдарды бет-жүзіне қарамай шетінен тізіп, күпкіге салған отар-отар қойдай тоғытып, одаққа мүше етіп алып жатқандарын айтқам жоқ.

Әйтеуір, қаржы сөз болып кейбір мәселелердің

басы ашылып, өзіміздің бетіміз де сәл-пәл ашылып алған соң, оның үстіне отырғандардан жасымның үлкендігін, Нүрекеңмен сонау Теміртаудан білетін жақындығымызды да пайдаланып, көкейімді тесіп жүрген ақша төңірегіндегі екі үлкен мәселені Қазанға жеткенше, Қазақстан аспанында айтып қалуға бекіндім: оның бірі — ел-жұрттың сақтық кассада жылай да жылай кеткен ақшасы да, екіншісі — елдің мезгілінде ала алмай жүрген, көзге жас келтірер еңбекақысы. Бұл екеуі де оңай мәселе емес, елдің мезгілсіз тарығуына әкеліп соққан себептердің ең үлкені болса керек. 1991 жылдың аяғына дейін жинақ кассаларына түскен ақшалар, негізінен, адал ақы, маңдай термен келген ақшалар еді. Жасырын саудадан, ұрлық-қарлықтан, парадан, пәле-жаладан түскен ақшалар, мүлдем дерлік, ол жердің бетінде, шетінде көрмейтін...

Кассадағы жинап-тергендеріне тимей, ел қатарлы машина түгілі итарбаға да (самокат) зар болып, қалмады ма? Жасыратыны жоқ, бұрын тұлдыры жоқ кәсіпқойлар кредит алып, бір жылдың ішінде байып шыға келсе, өмір бойы ақша жинап, байыған адамдар бір жылда кедей болып шыға келді. Егер кассадағы ақшалар сол айналымға салған құнымен жүре берсе, не иелеріне тұтастай қайтып берілсе, жаңа қоғам — жаңа республикамыз күйзелістен шығып, дүние жүзіндегі бай елдермен терезесі теңелгенше, сол жиналған ақшасын ел үнемдеп, не айналымға салып, әйтеуір талай жылға талғажау етер еді ғой. Мен Президентке «Басқаны сұрамайық, әзірше сол ақшаларымызды сол кездегі құнымен қайтарып берсе, жақсы болар еді» дедім жұқалап. Кассадағы ақша туралы ел аузында жүрген әртүрлі жұмсақ та, қатты да әңгімелерді айта алмадым. Бір отырыста, бұрын тәп-тәуір қызметтерде еңбек еткен бір ақсақалдардың әңгімелерінде жаңғыртпадым.

— Әлі де, Ресей не істесе, соны көзсіз қайталаймыз. Қолыңдағы ақшаңды тартып алу — баяғы бай-құлақтарды кәмпелескеудің тура өзі ғой, — деп күйініп еді бір ақсақал. Екінші ақсақал:

— Жо-жоқ. Бұл одан да жаман. Бұрынғы раскулачиваниеде аздаған әділдік бар да: бай-құлақтардың малының көбі — аз жалақымен жалданып жұмыс істеткен жалшыларды қанаудан тапқан жартылай арам мал еді. Ал мына замандағы ақшаң — тек өз еңбегіңмен тапқан ақ, адал малың ғой, — деп адамның ойына келе бермейтін бір бәлені айтты. — Бұл экспроприацияның нағыз өзі!

Ал үшінші біреуі оларға қарсы шығып, бәрімізді үміттендірер сөзбен жұбатты:

— Жоқ. Олай емес. Мұның олардан бір үлкен айырмашылығы бар — бұрын совет үкіметі кезінде кеткен бай-құлақтың ақшасы, малы қайтып келген жоқ. Ал осы жолғы ақшаларың, баяғы облигациялар секілді біраз жылдардан соң қайтып келеді. Бұл — үкіметтің халықтан алған қарызы ғана. Яғни, бұл конфискация да емес, экспроприация да емес, мұның аты — компенсация!

— Ой, илаһи амин, аузыңа май! Әйтеуір бір қайтарып берсе, аз уақыттағы таршылыққа шыдаймыз да. Тек зым-зия кетпесе...

Мен осы соңғы сөзді ғана айтып едім.

— Жоқ, зым-зия кетпейді, халықтың жинақ қасадағы бұрынғы ақшасын осы бірер жылда қайтарамыз. Биылдан бастап мемлекетіміз қор жинау жағынан кіріске кіреді, — деді Президент. — Қазір түгелдей жария етіп, ертең орындай алмай қалсақ, ел алдында ұят болады. Сондықтан дәл басып айтпай тұра тұралық. Әйтеуір, кімнен бастасақ та, биылдан бастауымыз анық.

Президент үш жылдың ішінде жоспар бойынша кімдерге беретінін айтты. Бірінші, екінші жолды кімдер алатынын мен де құпия сақтадым, әйтеуір

мен қатарлылардың үшінші кезекте тұрғаны анық. Оған да шүкіршілік!

Жақында бірінші құпия ашылды: премьер-министр Қажыгелдин мырза теледидардан:

— Біз, бүкіл ТМД елдерінің ішінде бірінші болып, халық жинағын қайтарып береміз. Алғашқы алатындар — соғыс ардагерлері, — деп қалай есеп айыру мәселесінде адамның басы қататын бір есеп-қисапты айтты. Мақтанышпен айтты. Менімше, ол есеп-қисапқа аса мақтанудың реті жоқ сияқты. Халықтың басын олай қатырғанша, 92-жылға дейінгі сақтықтағы ақшаны, со кездегі ақшаның құнымен (бір сом — бір доллар) есептеп, егер тым қымбатқа түсер көп ақша болса, әзірше жинағында 100 мың теңгесі барға да, 5 мың теңгесі барға да 5 мың не 3 мың доллардың көлемінде қайтарып, қалғанын алдағы он-он бес жылда беруге уәде қылса, — құда да, құдағи да тыныш емес пе!

Амалсыздан да, аңдаусыздан да кеткен ақаулардың орнын толтыру — Президенттің үнемі көкейінде, жоспарында жүретініне көзіміз жеткендей. Әттең, төменгі жақтағы орындаушылар Елбасының кең, қомақты ойын қушитып, күрделі істі сұйылтып жіберетіндері-ақ, өкінішті.

Қазанға, татар халқының ел-жұртына бұрын да талай келсек те, бұл келістің жөні бөлек екендігі екі жаққа да аян. Біріншіден, дербес тәуелсіз мемлекеттің Президентімен келдік. Екіншіден, бұрынғы одақтас ел емес, жеке отау тіккен елміз, Ресей құрамына кіріп таяу шетелдік болған елге келіп отырмыз. Үшіншіден, сол елдің Президентінің екінші рет сайлануының салтанатты күніне арнайы шақырылған қонақтарымыз.

Мұны республика үкіметінің басшылары ғана емес, бар жұртшылығы бүтіндей жан-тәнімен сезінгендігі көрініп тұрды. Біл. әдет-ғұрып, салт-есім, жақындығы, қалай жексек те, бөлекте сипатпен. ПА

арасының қарым-қатынасына көрік беретіні көрініп-ақ тұрды. Соның айғағындай талай елдерден келіп жатқан делегациядан ерекше қала интеллигенциясы, үкімет басшылары екі Президентпен жеке кездесу жасады.

Кездесудегі бір аңғарғаным — бұрын бір ортаға бағынып тізгіні де, шылбыры да ортақ тағдырлас елдің азаматтары өз тізгінін өз қолына алып, өз еркіндігін өзі билеп, өзі игерген қазақ елінің азаматтарына қызыға да, қызғана да қарайтын секілді. Президентке қойған сұрақтарында да «кейінгі еуразия мәселесі қайтадан бір орталыққа бағынудың, мойынсұнудың басы емес пе?» деген күмәнданулары да, оны қаламайтындықтары да сезіліп тұрды. Әрине, мұндай сұрақтарға жауабында Нұрсұлтан Назарбаев: «Енді бұрынғы басыбайлылық, тәуелсіздік мүшкілдікке қайта оралуға жол жоқтығын» айтып, төрт мемлекеттің бір-бірімен тең тұрғыда байланыс жасап, қай-қайсысына болмасын, пайдалы іспен қарым-қатынас жүргізетінін, өзі бұрыннан ұсынып келген еуразиялық идеясының бұл алғашқы жақсы көрінісі екенін дәлелдеп, татар жұртшылығының, жанашыр елдің ойынан да, тілегінен де шықты. Дербестік алған қазақ елінің басқа елдермен терезесі тең екенін, солай бола бермек болашағын, ешбір мемлекеттен Қазақстанның дәрежесі де, салт-санасы да, тарихы да, рухани, табиғи байлығының да кем еместігін Елбасы үлкен салтанатты той үстінде де, сөз ұстартуда да, тіпті өзінің маңындағыларды баурап та, билеп те алатын әр қимыл-қозғалысымен де, бар мінезімен де дәлелдегендей еді. Мұндай жерлерде біздің де мәртебеміз өсіп, дәрежеміз биіктеп отырды.

Ал Татарстан Республикасының Президенті М.Ш.Шаймиев мырзаның бұл тұғырға екінші рет, халықтың жаппай дауыс беру нәтижесінде бәсекелессіз жалғыз өзінің көтерілуі, ол елде де әртүрлі бағыттағы партиялар болғанмен халық мүддесі

жолында солармен ортақ тіл таба білген Елбасының кемеңгерлігі мен ондай адамның бар екеніне көзі жеткен кезде халқы да бірауызды болып бақпен таққа ретсіз таласпайтын, басқаға талатпайтын, жолы үлкен қалаулы ұлына жол беретін шығыс елінің де дәстүрлі кемеңгерлігін паш еткендей еді. Болашақ Ресей президенттігіне қолынан келсін, келмесін, ақылы, ойы жетсін-жетпесін әйтеуір жанталаса ұмтылып, кезекті сайлауға өз кандидатураларын ұсынып жатқан кейбір «саятшысымақтар» кейде бағынышты елдерден неге ғана сабақ алмайды-ау. Әрине, «үлкен ел» қарамағындағы «кіші елден» үлгі алып, қайтсін!

Біз ТМД елдерінен келген қонақтармен бірге Президент Шаймиевтің халық алдында ант беріп, екінші рет Елбасы атанған ресми жиынның салтанатты тойға айналғанының куәсі болып, түннің бір уағында ел шетіне – Жезқазғанға келіп аялдадық.

Жезқазғандағы есте қалар бір жәйт, құрылысы жиырма жылға созылған Аннеск шахтасына түсуіміз: көлемі КамАЗ-дың екі қорабындай лифтіге сыйғанымызша отырып, 270 метр тереңдікке түсіп, аралағанымыз – кең метро сияқты рельсті үңгір үгіткіш цех екен. Президенттің аузына қараған жұртта да, қимылсыз қалған алып доңғалақты машиналарда да үн жоқ. Маңайымыз тым-тырыс.

– Бұлар неге тоқтап тұр, авария болды ма? – деп Президент салған жерден сұрақ қойып еді, цех бастығы абыржып қалды:

– Жоқ, авария болған жоқ, әшейін, енді... Сіз келетін болған соң мазаңызды алмайық деп...

– Мен мұнда қайнаған жұмыстарыңызды көрейін деп, мұқтаждарыңызды білейін деп келдім. Қызған жұмыс адамды қыздырмаса, мазалай ма екен?! Бүкіл жұмысты доғарып қойып, бұлай қарсы алғандарыңыз жарамайды. Қаншама уақыттарыңыз зая кетті, – деп Нұрсұлтан Әбішұлы ескерту

жасап, зілсіз күліп еді, цех бастығының ымдап қалуы мұң екен бар алып доңғалақтар шыркөбелек айналып, зыр қағып, бүкіл үңгір асты зіркілдеп, дүрілдеп-гүрілдеп, ақындар тілімен айтқанда, еңбек күйі төгіліп, өлі шахтаға табан астында жан бітіп жүре берді.

Біз 500 метрлік тереңдікке түстік. Мұнда да тым-тырыс, тегі жарыса қатар жүрер лифт болмаған соң Елбасының ескертуі жетпеген болуы керек, Жезқазған даласында үйір-үйір жүретін киіктерше, Президентке жақындауға жүрексінгендей ошарылып тұрған жұмысшылармен жылы жүзбен амандасып алған соң, Нұрекең: «Қане, мына машинаны кім жүргізеді, көрсетіңдерші» деп еді, бір томпаңдаған жас, толық қазақ жігіті, бұрын-соңды біз көрмеген мойны тым ұзындау, сырма астаулары, науалары бір үйдің бүкіл қара орманын сыйғызып әкетердей, бітім-тұлғасы ертегілерде айтылатын аузынан жалын ататын жеті бас аждаһадай алып машинаның кабинасына өрмелеп шығып отырды да, әлгі мойын, бас науаларын үзіп тастап, ыңырына қозғалып, қап-қара, кең үңгірге артымен қопарыла шегініп кіріп кетті.

— Бұл, — деді Нұрекең, маған қарап, тегі осы арадағылардың ішіндегі білмейтіні жалғыз мен дегені ме екен, шынында солай болуы да керек, — Америкадан алынған техника. — Құны — 600 мың доллар (әлде 600 миллион ба, қайта сұрай алмадым). Бұл — арзан, — деді менің таңырқағанымды сезіп. — Біздерде мұндай құрал-жабдықтар болмайтын. Мұны «Самсунг» қоғамымен бірлесіп алып отырмыз. Мұндай-мұндай мәшинелер біздің басқа өндіріс орындарымызға да ауадай қажет. Шығынына қарай пайдасы да шашетектен келеді. Аз уақыт таршылыққа шыдау керек. Болашақта бұл халқымыздың өз иелігіндегі байлық көзіне айналмақ. Аз уақыт шыдау керек, — деді, өзінің кей кез-

дерде теледидарда астарлай сөйлейтін сөзін қайталап...

Шахтадан шыққанымызда күтіп тұрған бір топ жұмысшы жамыраса амандасып, Елбасыны қоршап алды. Орыстың «быка за рога» дегеніндей, Президент салған жерден оларға: «Қане жұмысшы ағайындар, жұмыстарың, тұрмыстарың қалай, не жетіспейді, не қажет?!» — деп бұйымтайларын сұрап еді, екі жұмысшы жарыса сөйледі:

— Тұрмысымыз жаман емес.

— Жаман емес, бірақ налог тым көбірек.

— Иә, налог көптеу.

Жұмысшылардың бірі орыс, бірі қазақ. Сөз айттыстарына, алдыңғы жаққа қатар тұрып, екеуінің ғана сөйлеулеріне қарағанда алдын ала келісілген «шағын сценарий» болуы керек. Ол заңды нәрсе. Себебі, Президент күнде қолға түсе бермейді. Жылына бір кездескен қолайлы сәтте қысқа түрде бар жұмысшыға ортақ ең көкейкесті мүддені шағынып қалған жөн. Президент тосылған жоқ.

— Еңбекақыларыңыз қанша? — деп күлімсіреді. Айтатын ойын, алдын ала әзірлеп қойған секілді жымия қарап, сауал қоюында сыр бар екен. Анау екеуі де:

— 35 мыңнан аламыз, — деп тағы да қосарлана жауап беріп еді, Президент таңырқаған жоқ. Еңбекақы жобасын жақсы білетіні көрініп тұр. Жұмысшылардың алды 60 мыңға дейін алады екен.

— Қолдарыңызға қаншасы тиеді?

— 24 мыңы қалады. — Салықты көпсініп, жалақыны азырқанып тұр.

— Сіздердің ауыр еңбектеріңізбен мемлекетімізге түсер пайданы есептегенде, бұл жалақы көп те емес, бірақ мына қысылшаң кезеңде, еңбекақы төлеудің тапшылығы кезінде аз да емес. Халқымызға рухани байлық беретін қайсыбір шығармашылық қызметкерлерінің, мұғалімдердің, дәрігерлердің

сіздерді бір айлық табыстарыңызды жыл он екі айда зорға табатындары бар. Сіздер сияқты молырақ еңбекақысы бар ағайындардан материалдық байлықты, кредит арқылы қолына берген бизнесмендерден салықты көбірек алмасақ, тұрмысы төмен адамдардың жағдайын қалай жөндейміз, еңбекақысын қалай төлейміз? Сіздерді асырап, сақтап, осы дәрежеге жеткізген ата-аналарыңыз — пенсионерлердің, соғыс, еңбек ардагерлерінің зейнетақысын қалай уақтылы береміз, қалай көтереміз?! Айта берсек, мемлекеттік бюджет қоры қайдан жиналмақ?

Мұндай жауапты күтпеген екі жұмысшы қысылыңқырап «бұл сұрақты қайдан қойып едік?» — дегендей сәл ыңғайсыздана берді. Мұны сезген Президент енді әңгіме бетін өзіне аударды: — Мына менің айлығым — 50 мың. Сіздерден көбірек аламын, оның есесіне салықты да көбірек төлеймін. Менің президенттік еңбекақымнан 20 мыңдайын ұстайды. Көрдіңіздер ме, еңбек табысы көп болған сайын салық та соғұрлым үстемелей түседі. «Сіздерден налог ұстамаймыз. Таза еңбекақыларыңыз 24 мың болады», десе, осы еңбекақыға көнер ме едіңіздер? — деп, жұмысшыларға күле қарап еді, олар сұраққа жауап беру орнына асыға-аптыға:

— Рахмет!

— Рахмет, Сізге! — деп, мән-жайды түсінгендерін білдіріп, шын ықыластарымен Президентке қошемет сөздерін, алғыстарын айтты.

— Осы бірер жылда мемлекет қоры молаймақ. Сонда еңбекақыларыңыз бұдан да ұлғаяды. Әрине, сонда салық мәселесі де орнына келеді. Бюджет — халық қоры!..

Мемлекеттік бюджет демекші, біз бір орталыққа жиналып, бір орталықтан бөлініп қордан шығып, өз бетімізше қор жинап, өзімізше күн көру дәрежесіне қолымыз жеткенмен, өз үлесімізді қам-

ти алмай, дұрысырақ айтқанда, республика табысына лайық тиетін қаржы үлесін дәл есептеп ала алмай, амалсыздан көп шаруашылықта тақыр жерге отырғандай күй кештік. Бір-бірімен күретамырлары байланысып жатқан тұтас бір тірі организмдей, немесе алпыс тамыры иетін бір емшектен нәр алатын тел қозыдай тіршілік еткен елдер, енді өз алдына қас қағымда жеке-жеке бөлініп, «өз қотырын өзі қаситын» болды... Сонымен бұрынғы бір ортаға құйып жатқан байлығының, яғни бергенінің өтемін ала алмаған Қазақстан қайтадан жаңадан «қазына үйін» ашып, жаңадан қор жинау жолына көшті, әдісін іздеді. Сол әдістің үлкен бір жүйесі — тіпті қоғамдық өзгеріске салатын саяси жағынан да жаңа жүйе — жаппай приватизацияға көшу. Жәй көшу емес, ірі өндіріс орындарын иемденушілер мен шағын кәсіпкерлерге шаруашылықтарын көтеріп, аяқтарынан қаз тұру үшін мемлекет тарапынан құшақ-құшақ кредит беріп, кейін екі, не үш есе өсімімен, байыған күнде салық арқылы қарызды өндіріп алып, ел қорын молайту. Бірақ бұл әдіс те — дер кезінде түбегейлі түрде іске асыңқырамай қалды. Ә дегенде кредит алып, мол ақшаны қамтып қалған кейбір жолы болғыштар мен жолтапқыш жылпостар дәл кредитін қайтарар кездегі ақша құнының өзгеруіне байланысты, өз-өзінен құнсызданған қарыздарынан оп-оңай «есеп айырысып», бұрын қарызға соғымға алған тірі де ірі жылқының орнына ақша құнының арзандау сылтауымен жансыз ойыншық ат әперіп құтылды. Сөйтіп, мемлекет байлығын тамыр-танысына, жақын-жұрағатына, туысына, бір сөзбен, қуыс-қуысына тыққыштап кредит деп бөлген қайсыбір есеп-қисап, финанс мекемелерінде отырған «қолы жүйрік» кейбір басшылар қаржы молшылығы орнына арзан ойыншық жинап, халық қорын ойыншыққа айналдырғысы келді.

Кейінгі кездері бұл әдістері де өтпеген пысық кәсіпқойлар енді салықтан қашатын жолдарды іздеп, үкіметті алдаудың неше бір құйтырқы жолдарына түсті.

Міне, Президент айтқан салыққа қатысты сұрақ жауабының сұлбасы осы. «Еңбегіңмен тапқан табыстың — өзіңнің байлығың, табысыңа байланысты түсер салық — халық байлығы. «Ал халық байлығына түсер заңды, жүйелі салықтан қашу, бас тарту, жасыру — халыққа істеген қиянат қана емес, халық байлығына жасаған шабуыл, ұрлықпен пара-пар жасырын қылмыс.

Осы қылмыспен күресу үшін неше бір заң жүзіндегі әрекеттер істелмей жатыр. Социализм кезінде беделі төмендеген салық агенттерінің қазіргі заманда қайтадан бас көтеруі, үлкен қимыл жасайтын әрекетті күшке айналуы — осының бір айғағы. Бірақ құрыққа сырық жалғасып, кәсіпорындардың, мекемелердің басын қостырып, тексеріс-мексерістермен ығыр ғып, орынды-орынсыз жерде дігірлеп, дікіндей беруге, сол арқылы халық қазынасына түсетін байлықтан үзіп-жұлуға жол жоқ. Ондай «кәсіп», — өткен замандағы «асыра сілтеушілікке» апарып соғар еді.

Президент бұл мәселені де ойынан тысқары қалдырған жоқ. Жезқазғанда өткен аудан, қала активтерінің жиынында осы мәселе төңірегінде сөйлеп тұрып: «Облыстық прокурор бар ма?» — деп, ол басшыны орнынан тұрғызып, өткен бір жылдың ішінде бір кәсіпорнына 64 рет тексеру келіп қызметкерлерінің жұмыс істеуіне кедергі жасап, мыйларын ашытқанын айтып, «сендер өз шаруаларыңды біліңдер, арнайы тексеру орнының сыртынан қосымша тексеру жасап, уақыттарыңды кетірмей, заңды жұмыстарыңды атқарыңдар» — деп ескертті. Әрине, бұл жалғыз Жезқазған прокуратурасына ғана айтылған ескерту емес.

Осы салықтың дұрыс жиналмау салдарынан, таза төленбеу зардабынан бюджетке аузын тосып отырған қызметкерлер мен жұмысшылар, оқытушылар мен дәрігерлер, алыс ауылдағы еңбек адамдары еңбекақыларын айлап ала алмай, қайсыбір жапан түкпірдегілер ақшаны да жөндеп көре алмауы да шындық. Көп кеңшарлар жабылып, еңбекақы орнына берген малдың саны азайып, одан қалғандары ұрланып, ауыл-село еңбеккерлерінің көпшілігінің базары, жарығы, жылуы бар жақын қалаларға көшіп, шарасыздықтың жетегіне түскені де рас.

Осы таршылықты айтқанда Президент (бұл менің аспанда үлгере алмай, жерде сұраған сауалым):

— Қазақстанда мен көрмеген, менің аяғым баспаған жер аз. Бұрынғы совхоздарда да, кейінгі кеңшарларда да болдым Жасымнан елде өстім. Сол шаруашылықтарда жұмыс істеп, еңбекақы алғандардан, әр сылтаумен, жұмыс істемейтіндер басым. Үш ай бойы тракторының, не комбайнының астынан бір шықпай, не жөндемей, не біржола тастамай еңбексіз жатып, трактор, комбайн үстінде күні-түні жүріп еңбек ететіндермен бірдей ақша алатындардың талайын көрдік. Ал қазір жекеменшікке көшсе, сол жалқаулар жұмыс істемесе, күнін де көре алмайды. Жұмыс істесін, тырбансын, жанын салсын — жер жетеді. — Мал жайсын, егін ексін. Елді енді осылай үйретпесек, жекеменшіктің қадірін, қасиетін көрмей, сезінбей өтеді: «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» демей ме? Еңбек ету керек, — деп шаруашылық жағынан біраз мысалдар келтірді.

Менің ойым айтады: «Рас, қазақ халқы кең жерге үйренген. Оның далалық психологиясы — мыңғырған қос-қос жылқысын, бес-алты жылқышы, табынтабын малын екі-үш бақташы, отар-отар қойын бірекі қойшы бағып, басқасы соның үстінен күн

көрген, ескі әдеттен арыла алмай, табиғат еріншек етіп жіберген халық қой. Әйтпесе, қазір Торғай, Ақмола, тағы басқа облыстардың біраз жерлерін Ресейден келген достарға, Көкшетауда Өзбекстаннан келген ағайындарға бес-он жылға бергізіп, өздері қарап отырар ма?! Кешегі тың игеру кезінде жер тырмалап, дағарадай үйлер салуға төселіп қалған ел, тағы да салғырттыққа басқаны қалай?

Басқа халықтармен салыстырғанда қазақ халқы жер емшегін тікелей емуге аз үйренген. Егер мысалға, өзбек, неміс, орыс халқы жерге жемісі, астығы бар, егін егіп, тікелей жер емшегін емсе, қазақ жер емшегін емген мал емшегін еміп келген халық. Яғни, өз қолымен «шөп» егіп жемей, мал жеген шөп арқылы жердің нәрін татқан. Фасырлар бойы ұлан-асыр байтақ жердің кеңдігіне орай шаруашылығын да лайықтап, дәстүрге айналдырған елді біресе коллективті шаруашылыққа икемдеп, енді бірде жекеменшікті шаруашылыққа қайтадан бұрып әкеліп, аз уақытта көндіктіру – шынында қиын процесс. Осы қиындықты мойындап, қазақ жұртының ежелден қалыптасқан шаруа ыңғайымен өгіз өлмес, арба сынбас жағдаймен, «асықпаған арбамен қоянға жетердің» кебімен жүре берсек, бұл еркелігің мен еркіндігіңді баяғы заманда өткен феодалдық тұрғы көтерсе көтерер, ал замана ағымына қарай, жері тарылып, мемлекеттік қор түсімі кеми бастаған жаңа қоғамдық үрдістерді үндейтін, дүниежүзілік диалектикалық ырғақты ағынмен қозғалған елдер көтерер ме екен?!

Енді ғана өз қолымыз өз аузымызға жете ме деп өзімізді өзіміз билейтін еркіндікке, иелікке, ел, жер тұтқасын өзіміз еркін ұстайтын шаққа келер-келместе жан-жағымыздан анталаған өркениетті шетелдіктер бірі көмек, бірі қарыз, бірі инвестиция деп жеріміздің үстінің де, астының да мол байлығына көз тігіп, қол сала бастағанда, оны – «қысылған

шақта, тар заманда берген қол ұшы» деп пайдалана отырып, өзіміз де құр алақан жайып, құралақан қалмай қапысыз қармануымыз керек-ау.

Бірақ қалай?

Қазіргі күнде ауыл шаруашылығындағы жер бөліс, жеке меншікке көшу идеясы қанша дұрыс, болашағы күшті дегенімізбен, экономикалық, техникалық базасы күйреген совхоздардың мол жерін алғанмен, яғни не бүгінгі күнге дейінгі комбайн, тракторы жоқ, ол болса, жанармайы, жағармайы жоқ, немесе кешегі ат арба, өгіз шана, қамыт-сайман, соқа, шөп машина дегеннен тұлдыр да қалмаған жүдеу бас, жадау шаруашылықты жекеменшікке айналдырғанмен, құр қол отырып, қалай егін егіп, қалай малға азық дайындап күн көрмек. Әрине етек-жеңі жинақы, мығым кеңшар иелері жерін, малын, машина-саймандарын әлі де жекеменшікке бергісі келмей отырғандарын түсіну қиын емес.

Сонда қалай?

— Ауыл шаруашылығындағы мұндай қиыншылықтарды еңбекақының жоқтығынан, жұмыссыздықтан, мал басының саудаға түсіп, ұрланып, көп кемуі салдарынан көріп, болашақта мұның зардабынан оңай соқпайтынын түсініп отырмыз, — дейді Президент. — Бірақ мұның екінші бір пайдалы жағы болды: осы қиындықтардан енді әркім өз еңбегімен жұлқынып іс-істеуінің арқасында ғана шығатындықтарын да, ешкімнің аспаннан құймақ жаудырмайтынын да халық түсіне бастады. Әрине, біздің мақсатымыз жаңа реформалық өзгерістерді түсіндіру, ұғындыру жолында жұртты титықтату емес, қайткен күнде жаңа жолмен тіршілік етуге бағыттау. Ендігі жерде осы бір уақытша қиындықтан тұралап қалған кейбір шаруашылықтарды көтеру үшін биыл мемлекет қорына 16 миллиард арнайы қаржы бөліп отырмыз. Әзірше, бұл да біраз әжетке жарап қалар...

— Бұл аз қаржы емес. Әрине, 160 миллиард берілсе де көп демес едік. Қазіргі кезде аяғымыздан жаңа тұра бастаған кезде бұл үлкен көмек, аз қаржы емес, — деп қайталайды премьер-министрдің орынбасары Жәнібек Кәріпжанов та жақында бір сөйлескенімде...

Иә, аз қаржы емес. Әттең, «былай бұрсаң, өгіз өледі, былай бұрсаң, арба сынадының» керімен, осы қаражат ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне, жыртығына жамау, тесігіне тығын боларлықтай әділетті қолдармен күйзелген шаруашылықтарға ретімен тең бөлінсе, жарар еді. Соңғы жылдары белең алып бара жатқан — ел байлығын, жер байлығын меншіктендіруде туысына, ағайын-жұрағатына, ауылдас-руласына ғана бұра тартатын жылпостардың суық қолдары сумаңдай бермесе екен.

Халық қамының белгісі — адалдық, әділеттілік! Мемлекет басшылары таршылық кезде ара-тұра жасап отырған қамқорлық қаржысын ел ішіндегі кіші басшылар тиесілі иесіне үлестірмей, орнына жұмсамай, жырмыштап, талан-таражға салмаса екен деген қамқор ой көкейге орала береді.

Қазіргі кезде «таяу шетел» немесе дұрысырағы «іргелес шетел» деп айтыла бастаған Ресей жерінен, татарстан елінен, Қазан жұртынан қалың түннің бір уағында Қазақстанның барлық облысының дәл ортасына орналасқан, бар қазақ халқының алтын, күміс, жез, мысының жер қойнына тыққан қоймасындай Жезқазған жеріне, ел-жұртымызға оралған біз беті-қолымызды жуынып-шайынып алған соң, қанша тоқ болсақ та қазақ атамыздың «дәмнен үлкен емеспіз» дейтін салтымен, жаюлы дастарқанға жайғастық. Жүз түрлі дала шөбінің иісі аңқыған жылқы етінен бөлек алдына тартылған жабағының шекесін, жасы үлкен деп, маған ұсынған Президентіміз дастарқандағы тағамнан байтақ даланың самалын жұтқандай, кең тыныстап:

— Қараңыздаршы, қанша айтқанмен, қазақ үшін, қазақ тамағынан асқан тағам, қазақ дастарқанынан асқан дастарқан бар ма? Тек осы дәм-тұзымыз дәйім өзімізге, тілегі бір қонағымызға бұйырып, іргеміз сөгілмей, ғасырлар бойы алыстағы ғашығымыздай болып, енді ғана қолымызға тиген, иелігімізге алған бостандығымыз — егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді сақтап қалсақ, арман да, мақсат та сол! Ел ішіндегі кем-кетіктің орны толар, жетісіздік пен жетімдіктен құтылып жетілерміз, жаңа тәй-тәй басып, тәлтіректеген аяғымыз қуат алып, бұғанамыз бекіп алшаң басатын күн алыс емес! Тек сырттан тиер соққыдан сақтанайық, сақ болайық, аман болайық! — деп өз-өзінен толқып, толғанып, сөз сөйледі.

Тағам соңында Нұрсұлтан Әбішұлы: «Біз қонақ сыйлап, өзім деген елге қоң егін кесіп беретін елміз. Бүгін ғана дәмін татып, суын ішкен татар жұртының қуанышын еліміздің шетінде жалғастырып, достардың сәлемі ретінде ала келген татардың бір әнін жырлайықшы, Сәке» — деп, маған қарады.

— Иырлысақ, иырлйық — деп, әзілге жығып мен «Ғалия Бануды» бастадым:

«Машинаның тәгәрмәсе нигә сигез булмаған.

Бұл дүнияның хизықларе нигә тигес булмаған!»..

Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің таза, үнді даусымен қосылып кетті...

Шіркін, халық ішінен шыққан әншінің үніне, халық атынан сөйлеген жазушының сөзіне, аңдасаңда болса да, Президенттің құлақ асып, қосылып тұрғанына не жетсін!

4 мамыр, 1996 жыл.

БІЗГЕ ПРЕЗИДЕНТТІК БИЛІК КЕРЕК

Дүние жүзілік Конституция осындай болсын деген дайын қалып, трафаретті жоба жоқ екені белгілі. Әр мемлекет өз алдына өз қоғамының, өз ұлтының, әдет-ғұрпының, тіпті жер құрылысының ерекшелігіне лайық өз конституциясын дүниеге келтіреді. Әр мемлекеттің қоғамдық құрылысына лайық бір-біріне ұқсас та, бір-біріне алшақ та Заң жобаларының жасалуы заңды құбылыс. Конституциясы жоқ елдер де бар, ескі көне заңдар құрылысымен, сырт көзге бір міні жоқ қыздай, азу тісі емес күрек тісі қаусанған кемпирдей конституциямен тіршілік етіп жатқан мемлекеттер де (тіпті Америка), жазылған (Швеция, Испания, Финляндия), жазылмаған конституциямен (Англияда, Жаңа Зеландияда), «сыйға тартылған» (Непал, Иран, Иордания, Эфиопия) Конституциялық Заң негіздерін ілдебайлап бір мемлекет ішінде отырып, әр конституциямен — өз қалауынша, әр түрлі лекерлеп тіршілік етіп келген елдер де бар. Ендеше, бүгінде жеке дербес мемлекет болып, өз басына жеке шаңырақ көтеріп, тәуелсіз ел боп шыққан молдован, грузин, өзбек, армян, қырғыз, украин, қазақ жұртының, республикасының мемлекеттік негізгі заңы — конституциясында бір-бірінен айнақатесіз ұқсастық та, ұқсамайтын алшақ қисаптардың да болуы ықтимал, ықтимал ғана емес, солай болуға тиіс. Және де жаңа Ұлы Заң жасауда (ұқсату мен ұқсатпау) бұрыннан қалыптасқан, нешебір өмір өткелдерінен өтіп тексеріліп, екшеліп жасалған «мүлтіксіз» Конституциялардың макетін үлгі етіп, қажетсіз жақтарын алып тастап, қажетті жақтарын қалдырып, пайдаға асырып, жұмысты жеңілдете қою да айтуға ғана оңай. Жаңа қоғамның жаңа Конституциясында жетімді жағынан гөрі жетімсіз жағының көбірек көрінуі, әттеген-айының әр тұстан байқала беруі мүмкін. Сырт көзге қашанда кемшілік деген

көрінгіш келеді, сондықтан да болар, Қазақ Республикасының жаңа Конституциясы жобасы төңірегінде талай айтыс, тартыс пікірлер туып жатыр. Мұндай, әртүрлі пікірлердің болуына қуану керек. Себебі пікір деген, әсіресе, батыл пікір, түбегейлі дұрыс болмаса да қашанда жанашырлықтан туады (жаны ашымағанның балтыры сыздамайды).

Осындай «балтыры сыздағаннан» туған мақала — «Аргументы и факты» газетінде жарияланған Сейдахмет Құттықадамның «Корольдер мен капуста немесе Конституциялық қазандық» атты мақала. Бұл мақаланы ерекшелей алып отырғаным — бұл газет мейлінше көп тарайтын, көп оқылатын, сондықтан да беделді газет, авторы болса, білім дәрежесі биік, ерудициялық диапазоны кең адам.

Мақала авторы салған жерден «аяулы» сөздерін Президентке тиісуден, «Мен, Мен!» деп кеуде соғатын менмендігін сынаудан бастапты. Сондағы Президенттің кінәсі — «советтік көсемдер өздерінің есімдеріне лайықтап — лениндік, сталиндік, брежневтік Конституция жасауға ұмтылғанда», ол аз уақытта, үшінші конституцияны тарихтың кеңістігіне ұшырып шығарыпты. Мұнда тұрған не бар? Үшінші конституцияны қай жетіскендіктен шығарып отыр?! Егер, кешегі парламент мүшелері сол конституция жобасын күн демей, түн демей, жатпай-тұрмай жұмыс істеп, көңілдегідей етіп шығарса, біреу қолын қағып па?! Оның орнына парламент мүшелері бәріміздің көз алдымызда, алғашқы мәжілісін ашар-ашпастан жанталасып, ең алғашқы мәселелердің бірі етіп өздерінің еңбекақы мәселесін көтерген жоқ па? Төртінші басқарманың табалдырығын тоздырып, ауруханалар мен поликлиникаларға жедел жазылып (бұрынғы тізімдегілердің көбін шығартып), «бір-екі заң жобасын қабылдамай жатып, жұмыстан «мұрындары қанап» шаршап-шалдығып, каникул алып, бүкіл тәуір деген (Оқжетпес,

т.б.) санаторийларды десанттардай (орын бар ма, жоқ па) басып алып жеке-жеке бөлмелерде тыраңдап, екіден, үштен жатқан еңбекші жұртты, мезгілсіз қағажу көріп, ығысуға мәжбүр еткен жоқ па? Олардың бұлай келісіне, демалып жатқандар «грачи прилетели» деп классикалық суреттің атын да беріп үлгерген. Шетелдерге жиі-жиі саяхаттау дәстүрге айналды. Тіпті, қайсыбірі, депутаттық жалақыларын місе тұтпай, «қайыршылар» алатын президенттік стипендияға да ортақтасқан жоқ па? Астына шетелдік қана машина мініп, шетелдік орындықтарға ғана отырып, өз елінің шаруашылығынан өз қара басының шаруашылығын артық көріп жүрген адамдардан (әрине, бәрі емес) не үміт, не қайыр?!

Өткендегі парламент сыйқы осындай екенін біле тұра, оларды Президент әдейі таратты, ендігі саясатына қарағанда тұр десе тұратын, отыр десе отыратын, биле десе билейтін парламент болады, деп, алдын-ала болжап, байбалам салудың қажеті қанша? «Дирижер» Ерік Асанбаевтың, «қажыған» Зинаида Федотованың болашақ орындарын белгілеп, сәуегейлік жасаудың керегі бар ма? Әйтеуір, қалай дегенмен, сөзуар, білімді адамның мақаласында (сенат пен мәжіліске сайлау туралы ойларынан басқа, Конституция баптарын талқылаудан гөрі, Президентке деген қыжыл бар.

Мақала авторы әлі тумаған парламент мүшелерінің «пітиясын» беріп, болашақ мүшкіл халін сәуегейлікпен өлшеп-пішіп, тура «прогнозын» айтып, егер, «шетелдік сыйлы қонақтар осы парламенттің бас қосқан отырысына қатысқысы келсе, ұятқа қалмаймыз ба?» деп, болашақ парламент мүшелерінің Мемлекеттік биік тұрғыда ойлай алмайтын қабілетсіздіктерінен қысылып, күлкіге қалмаймыз ба? дейді. Мен, қай кездегі парламент мүшелері болмасын, біздің адамдардың құрғақ, жылтыр сөзден мүдірмейтініне, терең ойдың ұшығын ешкімге ұстат-

пайтынына кәміл сенемін. Олар күлсе, Қазақ Республикасы парламенті жиналысының қазақша өтпейтініне күледі; бір кезде табан ақы, маңдай терімен салған жинақ кассасындағы еңбекші халықтың, зейнеткерлердің бар байлығын «экспроприациялап», көпе көрнеу (искусственно) ашаршылыққа ұшыратып, ол туралы бірде-бір сөз айтып, белдері қайыспайтынына күледі; Мемлекеттің негізгі аборигені — малшаруашылығымен айналысатын қазақтарды еңбек ақыдан қағып, отыз екінші жылдың қайталанатын түрінен сақтандырмайтындарына күлер еді; Бірер жылда Америка сияқты қуатты елге тез жетеміз деп, жердің асты-үстіндегі байлығын (кей жерді консервациялау орнына) басқа, көзге төпелеп, дұрыс есеп-қисапсыз шет елдіктерге көзді жұмып сатып жатқандарына күлер еді; Абылайдың бұхарындай боп, кезінде Президенттің ақылшысының БЭНГ болғанына, негізгі-негізгі байлықты Те-нің қолына беріп, көп балалы қазақтарды қала сыртына аластап, ата-баба қорғаған жер байлығынан түскен ақшаға салдырған үйлерден қуып шығып, оларды қорғаған Заманбектерді бірге қуып, жұрт палаткада отырғанда, олардың кең сарайда шалқып отырғанын; Қазақ республикасында негізгі қазақ ұлтының салт-санасын, әдет-ғұрлын білетін, оның басқа ұлттармен достасып, айқара ашатын құшағын, жүрегін, кеңдігін білетін бір қазақ табылмағандай, өзінің пайдалы, білетін қызметінен алып, Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік Комитеттің төрағасына Г. В. Кимді тағайындағанымызға, елдің намыссыздығына, Республиканың негізгі тұрғыны иесі екендігімізді айта алмайтындығымызға күлер еді.

Иә, айта берсек, күлетін нәрсе көп қой! Біз шетелдерден емес, өзімізден өзіміз ұялайық. Бас-басымызға билік айтып, бас-басымыз басшыны дәлелсіз сынағанша, әр нәрсені атымен атап, талап етейік. Өткен-кеткен ақауларды жөндеп, жарқын бола-

шаққа халқын сүріндіре бермей жеткізетін Президент қабілетіне сенейік. Өйткені, халқымыз сенеді екен. Биыл, туған елімде, референдум кезінде Президентті ел адамдарының тегіс қолдайтынына тағы да көзім жеткен сияқты. Әрине, мұның бәрі, әшейін, көзжұмбайлық жасап, бұрынғы авторитарлық басшылық кезіндегі сайлауларда ойсыз қол көтеріп, санасыз бас шұлғи салу емес, әрнәрсенің бағасын салыстыра жүйелеп, қоғам дамуын, оның болашағымен – бүгінгісі мен ертеңгісінің салмағымен салыстыра безбендей ой елегінен өткізе сөйлеуге шын машықтанып, төселе бастағандығының айғағы. Назарбаев Президент болғаннан бергі уақыттағы ұлы өзгерістер мен кіші-гірім реформалық төңкерістерді, ел басын түскен қиын да ауыр жағдайлардың ойы мен қырын, бағыт-бағдарын жай топшылау емес, айтарлықтай, зерделі түрде объективтік себептерін барынша ашу арқылы шешіп-пішіп бағалауға үйрене бастағандықтарының белгісі.

Егер біз Қазақ елін іргелі елдердің біріне санасақ, оның дербес, тәуелсіз мемлекет екенін, оған дәрежесі де, беделі де сай екенін жершарының басқа мемлекеттері де мойындап отырса, мұндай елге Президент болатын бір-ақ адам бар, одан басқа жоқ десек, тарихи шындыққа қиянат жасағандық болып табылар еді. Талай дәуірді, жығылу мен тұруды, сүріну мен мүдірмеуді, басшылық пен бассыздықты, тәуелділік пен тәуелсіздікті, еркіндік пен кіріптарлықты алма-кезек басынан өткізіп, осынша жерін, ұлттық тілін жоғалтпай, сақтап келген қазақ елі сияқты Ұлы елдің, ел басқаратын ұлдары жоқ дегенге кім сенер. Сол Ұлы ұлдары емес пе, халқының тұтастығы мен Ұлылығын қорғап келген. Ендеше, Президент болуға лайық, бүгінгі президентімізбен таласқа (альтернатив) түсетін, бәсекелесетін азаматтарымыз бар. Онсыз ел болмас едік. Егер, Нұрсұлтан Әбішұлының барлық жақсылық қасиеттері, негізгі,

үлгілі, қажетті қасиеттері, басқа қалаулы адамдардан кем болмай, қайта кейбір тұстары артық болып жатса (еліміздегі ең негізгі екі тілді игеру қабілеті, үлкен басшыға лайық мінезі, жігері, дүние жүзі елдері алдындағы беделі, дипломатиялық саясатшылығы, өз еліне деген сүйіспеншілігі мен елінің артық, кемсін жағын түсінетін шыншылдығы, халқын басқарудағы мансапқорлыққа қарсы намысқойлығы, білім дәрежесі, турашыл әділдігі, қоғам дамуындағы диалектикалық құбылысты аңғарудағы философиялық қабілеті, тіпті елеусіздеу мәселе болса да — ел басшысына лайық, көрер көз тоярлық тұлғасы, көркі, сөйлеудегі мәнері, логикасы, шешендік қабілеті...), осы күнге дейін атқарып келген үлкен жүктің ауыр жағын, негізгі жағын (жер, тіл, ел бірлігі, жер шарындағы Қазақстан беделі, шекара мәселесі) шешудегі дипломатиялық шеберлігі, өткінші кемшіліктерінен басым жатса, жас, жаңа мемлекет жаңа-жаңа жетіліп, көп аласапыранның ішінде аман-есен аяғына жаңа қаз тұрып, бұғанасы енді беки бастағанда, тұңғыш Президентіміз халқы үшін алдына қойған мақсатының орта жолына жеткенде қанатын енді жая бастағанда несіне жаңа адам іздеп, сабылып, несіне жоққа шығындаламыз?

Кездесе қалған, сөйлесе қалған жерлестеріміздің үлкені бар, кішісі бар «Нұрсұлтан қай елдік, қай жерлік» деп сұраған емес, оның әке баласы емес, адам баласы екенін, бір ауылдың ұлы емес, халық ұлы екенін білетіні, соған сенетіні-ақ — Президентімізге өз ұлым, өз басшым деп қарайтын шын ниетінің, шын сенімінің ұлы айғағы!

Енді Конституция жобасындағы көргендеріміз бен түйгендеріміз жөнінен тағы да бір ауыз сөз.

Негізінен келгенде адам баласының хақысы туралы Негізгі заңда құптарлықтай айтылған да, түйінделген де екен.

Қазақ Республикасының Конституциясы деген

атау өте орынды. Кешегі Советтік дәуірде Қазақ Советтік Социалистік Республикасы деп келіп, енді Ресейге еліктеп, Қазақстан Республикасы деудің түк реті жоқ-ақ еді. Россия десе, ол — федеративті ел, — оның қойнауы мен қойнында, әкімшілік иелігінде талай автономиялы елдер жатыр. Ал, бізде басқа ұлттардың мекен жайы болғанмен, ешбір автономиясы жоқ. Бұл — дұрыс ескерілген екен.

Қазақ Конституциясының үлкен бір жеңісі де жемісі — қазақ тіліне мемлекеттік статус беру. Бұл — алғашқы мемлекеттік негізгі заңымызға кірген дербестіктің, тәуелсіздіктің белгісі еді. Бірақ өкінішке орай, содан бері қазақ тілінің мемлекеттік бедел алып, сыр мен сымбатқа ие болғанын көре алмадық. Бірде көрініп, бірде көрінбей, не ұялшақ, ұяң келіндей, не қорқақ, жасқаншақ баладай жасырынбақ ойнап, күн кешіп жүр. Конституцияның осы жолғы жобасында да сол тасадан әлі тұтас бой көрсетіп шыға қоймапты. Бір, екі жерде ғана жылт етеді де жоқ болады (бірегей болса да бекітіп айтылса жөн ғой). Мысалы, 41-бап. 2. «Отыз бес жасқа толған және алпыс бес жастан аспаған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген және Қазақстанда кем дегенде он жыл тұрған Қазақ Республикасының азаматы Қазақ Республикасының Президенті болып сайлана алады». Бір, қызығы, мемлекеттік тілді — қазақ тілін еркін меңгерген адам. Ал, орыс тілі туралы сөз болмай отыр: орыс тілін былай да біледі дегендік пе? Әлде, президентке орыс тілін білу шарт емес шығар. Міне жаңа конституция жобасы бойынша, қазақ тілін білу тек қана — жалғыз президентке жүктелген. Қалған, миллиондаған Қазақ Республикасының азаматтары қазақ тілін білуге ғана емес, білмеуге де хақысы бар. Мына шалажансар аударылған 7-бапты қайта-қайта оқып, мұқияттаңызшы, мемлекеттік тілді және басқа тілді менсінбеген, білмеген азамат айыпты емес, оның білмегенін бәріне салық қылып, байқа-

май айтып қалған адам айыпты: 7-бап. 4. «Мемлекеттік немесе өзге тілді меңгермеу себептері бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынады». Осылай дей тұра, 91-бапта мемлекеттік тілді меңгеру мәселесінде жақсы шаралар айтылған. Сөйлем ауырлау аударылған екен, оқиық, түсінерміз: «91-бап. Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және ақтарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақ Республикасы барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеру үшін қажетті ұйымдастырушылық материалдық және техникалық жағдайлардың бәрін жасауға міндетті». Мұндай шаралар туралы өткен Конституция жобаларында да там-тұмдап айтылған, бірақ көп нәрсе орта жолда, аяқсыз қалған. Себебі, заң шығаратын парламент мүшелері мемлекет тіліне іждаһатсыз қараса, одан не нәтиже шықпақ.

Ендеше, мемлекеттік тілді тек қана президентке ғана міндеттемей, болашақ парламент мүшелеріне де жүктеу керек. Бірінші сайлау емес, референдумнан кейінгі үшінші сайлауда парламент мүшелігіне өтуге дәмелі адамдарға президент сияқты еркін, судай болмаса да, қазақ тілін бірсыдырғы қарабайыр меңгеретін де, мемлекет тілінің қажеттілігін ойланатын да, тіпті, білмейтініне ұялатын уақыт жетті. Олай болса, болашақ парламент мүшелерінің екі тілді де білуі керектігін Конституция бабына енгізу қажет:

1. Сонда ғана, Республика Президенті парламент мүшелерімен екі тілде де, кез келген уақытта, аудармашысыз-ақ сөйлесе алады. Олар да халықпен екі тілде ұғыныса алады.

2. Мемлекет тілін білмеген, менсінбеген адам қалайша сол мемлекеттің парламентінің мүшесі болуға тиіс. Мемлекет тілін сыйламаған адамның сол Мемлекеттің басшысы да, Заң шығаратын төрешісі де болуға лайығы жоқ.

3. Сонда ғана өзінің мемлекет тілін білмейтінін, көзге ілмейтінін міндетсініп, орыс тіліне құдайдың құтты күні мемлекеттік статус сұрап, 4 жыл бойы бүйректен сирақ шығарып, жоқ жерден проблема тудырып отыратын қақсауықтардан арыламыз.

Қазақ ұлтының салт-санасына байланысты үлгілі дәстүрлерін сақтау мәселесіне ерекше мән берілсе, сол арқылы батыс елдерінің жақсы дәстүріне ғана бас шұлғу емес, шығыс елдерінің де өнегелі дәстүрін де дамытып, дүниежүзілік адамзат баласының жетістігіне айналдыруына мүмкіндік туар еді.

Сөз соңында айтарым, – қайсы біреулер Конституцияны «Ата заң», Президентті «Ел ағасы» деп өзгертсек дұрыс болар еді дегенді айтады. Бұл, әрине, атауларды қазақшалай берсек, басқа жұрттың көзін де тілін де жаттықтыра берер едік деген ізгі тілектен туған бауырмалдық ой ғой. Әйтсе де, халықаралық сөзді басқа көзге төпелеп қазақшалай берсек, басқа жер шары елдерінен іргеміз алшақтай, қазақшалап емес, қарадүрсін қазақбайшылап кетуіміз кәдік. Сондықтан да сөз саптауға, жалпы, сақ болғанмыз дұрыс. Ал, тіліңді де күрмеп, тамағыңды да бітеп, қақалдыра беретін «Құқық» сөзін хақы сөзіне айналдыруды айтып-ақ едік, ешкім құлақ аспай қойды. Салыстырып көріңіздерші: «Біреуде ақың кетсе де, хақың кетпесін!», «біреуге себепсіз ұрынатын не хақың бар», «көрші қақысы – құдай хақысы». «Хақы» сөзі «правоға» келіп тұрған жоқ па?

Негізгі заңымызды да, тіліміздегі сөздерді де, асықпай, елдің ақылына, сарабына салып, тарихи дамуымызды ескеріп, өлшеп-пішіп іс қылайық, ағайын!

18 шілде, 1995 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ АЛДЫНДАҒЫ СӨЗ

Алматы қаласында, Президент сарайында
өткен республика зиялыларымен
Президенттің кездесуінде сөйлеген сөз
(Таспаға жазылған сөздің қысқаша мазмұны)

Жолдастар!.. Түп, баяғы «жолдастар» кетіп қалыпты ғой (залда күлкі). Мені жұрт тура сөйлейтін, шындықты бетке айтатын турашыл адам дейді. Оны өзім де сеземін. Осы жолы да, айта алсам, біраз көргенімді, шындықты айтқым келіп тұр. Егер Президент атына жағымды, көтерме сөздер айтылып қалса, оны менің жақсы көріну ниетімен, не жағыну ретімен айтылған сөз деп ұға көрмеңіздер. Пайғамбар жасына келгенде, енді менен қандай жағымпаз шықпақ. Кешегі советтік заманда да ешкімге жағынып көргем жоқ, содан да болар, партияға өтіп, қызығын көрген де адам емеспін. Ал қазір, несіне?! Үкімет бар жиған тергенімізді сыпырып алып қойды. Мейлі сол ақшалар бір кезде қайтып келер деп үміттенеміз. Немесе, келесі ұрпақтың қажетіне жарар. Тіпті болмаса, жаңа мемлекетіміз сол ақшалардың арқасында аяғынан қаз тұрып кетсе, «біздің қосқан үлесіміз де сол болсын!» деп сабыр тұтамыз. Біздің Отанға деген патриоттық сезіміміз бен үлесіміздің түрі – осы! (залда күлкі).

Менің алдымда сөйлеген жасы ұлғайған жазушымыз Нұрпеисов өз елі Арал төңірегіндегі ауыр жағдайлар, халықтың тұрмыстық мүшкіл халі туралы жақсы айтып кетті, тек қана өзінің қара басының мүддесі жөнінде айтқан сөздері ғана жараспады.

Мен де өз елімнің, туған жерімнің тұрмыс халі, бүгінгі тіршілігі жайында үнемі жар салып, күнделікті баспасөз бетінде де, орайы келгенде, үлкен мінберлерден сөйлегім келіп тұрады. Бұл енің жершілдігімнен деп ойлап қалмаңыздар. Қазақтың

қай жері болмасын маған жат емес, қай жері қиындыққа ұшырап, қай елі күйзеліске түсіп жатса, жанымыз шыбын-шіркей болып, қалың өртке бір тамшы су сепкен қарлығаштай әрекет ететініміз рас. Ал, өз туған жеріңе, басқадан көрі бүйрегің көбірек бұрып тұратынын да жасырмаймын.

Мен өзім Көкшетаулықпын, Көкшетау қаласының құрметті азаматымын. Соңдықтан да болар, басқа облыстардан гөрі осы туған жерге көбірек оралып, жаймашуақ жазында да, қақаған аязында да жиі соғып тұрамын. Биыл, түтеген боранды күндері екі айдай болып, ел басынан өтіп жатқан нешебір қиындықтардың куәсі болдым. Ресейге жақын қоныстанғандықтан ба, басқа елдерден гөрі орысшаланып бара жатқан бұл туысқандарға да, кейінгі кезде, енді бір басқа келеңсіздік – жүзге бөлу дерті кіре бастапты. Естіген құлақта жазық жоқ, қазақтың ең атақты жерлерінің, тарихи ошақтарының қатарында саналатын Көкшетау, Семей, Торғай облыстарының жабылуын, «бұл – орта жүзге жеткен, Президент тарапынан тартып жатқан зауал ғой, неден жаздық екен», – деп жүрген тәп-тәуір адамдардың ренішін өз құлағыммен естідім. Мен оларға «Оу, ағайындар, егер Президент Орта жүзді жек көрсе, Орта жүздің қыздарының ішінен таңдап жүріп жар сүймес еді, егер Президент Орта жүзді жек көрсе, Орта жүздің тап орта тұсынан ойып тұрып астана салдырмас еді» деп басу айтамын... Осым қалай? (Жаппай хошаметтеген күлкі. Президент «дұрыс, дұрыс» деп, басын қайта-қайта изеп қалды). Осы сөзімді бұдан біраз уақыт бұрын «Қазақ әдебиеті» газетіне бір мақаламда орайын тауып келтірген едім. Газет редакторы, ол кезде Ахат Жақсыбаев болатын, сол редактор бұл сөзімді жариялауға жүрексінді ме, әлде, бір-екі сөйлемімді мақала көлемі көтермеді ме, әйтеуір газет бетінен түсіп қалды. Сіздердің, біразыңыз білесіздер, мұндайда құтылудың ең оңай амалы –

«макетке сыймай қалды» дейтін газетшілердің дәстүрге айналған жаттанды сөзі бар (залда күлкі).

Президентіміздің менің еліме деген тағы бірер қамқорлығын айтайын. Бұдан біраз жыл бұрын Көкшетау болысының халі мүшкілдене бастағанда, Елбасы осы облысты басқаруға басшы қызметкерлерінің, мемлекет қайраткерлерінің ішіндегі ең тәжрибелі, білгір Балташ Тұрсынбаевты қоймақшы болғанда, кімдер кедергі еткені белгісіз, әйтеуір бұл орынға өтпей қалды. Одан соң, елге сәл ренжіңкіреп, денсаулығын да сылтау етіп облыс басшылығынан кетуге өтініш жазған аса талантты, білімдар Қасым Тәукеновтың өтінішін қабылдамай, қайтадан өз орнында елге қызмет етуін талап еткен Президент пікіріне, шындықты айтпай болмайды, бұл орынға өзі өтпей қалған Еркін Нұржанұлы ел пікірін қарсы қойып, Көкшетаулық Чапай Әбуталиповты ұсынып, өткізді. Бұдан соң да, Президент ел басқаруға Көкше елінің азаматтарын бірінен соң бірін қойып, өз еліне деген белсеністерін байқап еді, одан ештеме шықпады. Жасыратыны жоқ, бұл үшеуі де менің жерлес інілерім, жақсы көретін жігіттерім еді, не керек үшеуі де бұл жұмысты ойдағыдай атқара алмады. Бұлардың ел басқарудағы деңгейі – аудан көлемінен аспайтын еді. Соңғы екеуі – Жұмабаев пен Жаңғалов інішектерім, облыс шаруашылығын көтеру былай тұрсын, елді энергетикалық кризиске ұшыратып, отын-сусыз қатырып, жер шоқтығы Көкшетаудың атын дүние жүзіне тағы да бір екінші жағынан паш етіп, дүрілдетіп шығарды (залда күлкі). Мұндай басшыларға ортақ бір кемшілік, жетімсіздік бар. Олар өз қара басының қамын, желбуаз беделін ғана ойлайды, ел қамы дегенді терең түсіне алмайды. Себебі, жалпы қазақ жұртшылығының көпшілігінің «қазақ» жөніндегі, «ел» жайындағы сезімі оянған да, санасы әлі толық ояна қоймаған. Сондықтан да көпшілігіміз «қазақ жаман» дегенге қатты намыстанып, «неге жа-

ман?!» деп өре түрегелеміз, ол — сезімнің оянғаны, ал «қазақ қайтсе бүкіл ел қатарлы жақсылыққа ие болып, қолы жетеді?» деген сұраққа іштей толқып, терең ойламаймыз, ол — санамыздың оянбағаны.

Менің шыққан ауылым — Қызыл ту ауданы. Қызыр Ыбрай ұлының да елі осы ара. Қолы басшылыққа жетісімен ол, бұл арадағы ауданы бар, ауылы бар жеті-сегіз бастықты қолма-қол ауыстырып, өзінің ыңғайына көніп, орайымен жүретін Көкше елінің басқа жерінен басшылар тағайындады. Олар қанша тәжірибелі болғанмен, бұл араның елдік табиғатына, ерекшелігіне тез икемделіп кете алмады. Бұрын, жасыратыны жоқ, жоғарғы жақтан қаулы-қарарды көп күтпей-ақ, көрші Ресей елінің Омбы орыстарымен тату-тәтті өмір сүруінің арқасында, кейде бір жүз граммды бөліп ішіп, күліп-ойнап тарқасуының арқасында, егін салар, егін орар кездерде бірінен жанар май, бірінен техника т.б. алмастырып, істерін жайғастырып жүрер еді. Ал, жаңа келген басшылар бірінен-бірі үркіп, олармен табысып, алысып-беріскенше, уақыт та зымырап өтті, тіпті арадағы «Беловодская» дан турбамен келетін Ертіс суы да тоқтап, Қызыл ту ауыз судан қағылды. Соңғы жылдары бұл елде отыз төрт адам өз-өзінен асылып өлген екен, оның ішінде малды өріске айдап бара жатып, кенет үйіне қайта оралып асылып өлген он бір жасар бала да бар. Өз басым, осыншама торығудың, өз-өзінен жұмыссыз зорығудың негізгі кінәсін — алдымен сол ел басшыларының, өз жемсауларын толтырған, қамқорлығы, шеберлігі өз туыстарынан, өз достарынан аспайтын, қуыс кеуде, менмендердің санасыздығынан көремін.

Содан соң, менің ел арасында жүріп, басқару орындарын байқаудан, жобалаудан шыққан қортындым, өз басым, осы бір «Команда» дегенге қарсымын. (Мұны мен бұрынырақ кезде де айтқанмын). Себебі командаға кірген адамдар сол команда бас-

шысының отырған тағына телміре қарап, соның амандық саулығын ғана тілеп, өзіндік мақсаттан, болашағын ойлап, не істеп, не тындыруы керек екендігінен ада болып, мәңгүрттік қалыпқа түседі. Үйткені олар, қашан бастығы орнынан түскенше уақытша күн көретін достар, туысқандар екенін, бір күнде бастық орынынан түссе, өздерінің де орындарынан кететінін білетін адамдар. «Команда» сіздей адамға, — Елбасына ғана, ақылды, кемеңгер басшыға ғана лайық. Ертеде ханның қырық уәзірі болатын. Олар, ақылды, кемеңгер жандар, ханға ақыл қосып, кеңес беретін. Сонда қырық адамның ақылымен хан қызмет ететін. «Ханда қырық адамның ақылы бар» деген сөз содан шыққан. Ал сіздің қырық уәзіріңіздің, а-ай, жиырмасының ақылы болса да жетер еді. (Залда күлкі). Міне, «команда» деген Елбасына, Нұрсұлтан Әбішұлы, сізге ғана жарасады. Ал, командасына ие бола алмайтын адамдардың командасы, әшейін бір, кішкентай отряд боп қалмақшы (залда күлкі).

Ал, енді мен жазушы болған соң творчество адамдарына қатысты бір ойда жүрген мәселені айтпай кете алмаймын. Қазір ғой, біз елімізде опиум сатушыларды ұстап алып, шетінен түрмеге қамап, соттап жатырмыз. Дұрыс дейік. Ал, сырттан келетін опиумға ешбір қаракет жасап, қарсылық білдірмейміз. Ол опиум, біздің елдің наркомандарынан да жамандыққа баулитын рухани опиум. Ол дегеніміз сырттан — шет елдерден қаптап келіп жатқан, күнде балаларымызды, жасөспірімдерімізді улап жатқан парнографиялық әдебиет, жалған эротизмді, жезөкшелікті уағыздайтын, жанжал, төбелеске бейімдейтін киноленталар, жазба таспалар. Біз бұлардың біріне тиым салмай еркін қоя бердік. Солардың арасында бір қазақ жазушысының кітабын кездестіре алмайсыз. Жаңа мен осында бір орыс жігіттің машинасымен келдім. Ол менімен танысып:

«қызметіңіз қандай, деп сұрады. Мен жазушымын» дедім. «Аты жөніңіз кім?» деді. Мен айтпаймын, бәрібір білмейсіз» дедім. Шынында «білмеймін» деген сөзді естігенше, айтпай қойғанды артық санадым. Шындығында, орыс адамдары, орысша оқыған орыс тілдес азаматтар мен тіпті өзіміздің орысша білімдар балаларымыз да (қайсыбір) қазақ жазушысын біле бермейді. Білмеген соң, қазақты, қазақ өнерін, қазақ тарихын сыйламайды. Оған, оларды кінәлаудан аулақпын. Бұған біз өзіміз кінәліміз. неге, әлгі бір рухымызға, салт-санамызға жат шығармаларды жаймаларға жайып, уағыздағанша, неге ғана өз әдеби шығармаларымызды орысша аударып, сол арқылы басқалардың Отанға деген сезімін оятпаймыз. Қазақ қазаққа ғана жазып, қазақ қазаққа ғана ән салатын сияқтымыз. Неге, мына Шерханның, Мұхтардың (Мағауин), Қабдештің тарихи шығармаларын, Әбіштің «Үркерін» (әрине, сәл қысқартып) орысшаға аударып кең насихаттамасқа.

Нұрсұлтан Әбішұлы, сіз жаңа сөзіңізде, әлі күнге дейін Абылай хан туралы жөпшенді — тәуір дүние жоқтың қасы дедіңіз. Құдайға шүкір, қазір өткен тарихымыз жөнінде, ата-бабаларымыздың, ел қорған бауырларымыздың өмірінен жақсы-жақсы туындылар шығара бастадық. Киноға да шығарма жазып, конкурстар ұйымдастырдық. Ел жайында аз айтасыңдар деп кінәладыңыз. Біз айтудай-ақ айтып, жазудай-ақ жазып жүрміз-ау, бірақ біздің қай айтып, қай жазғанымызды сізге жеткізіп жатыр? Жеткізетіндер жеткізбей жатқан жоқ па? Кейде, тіпті, сіздің «оу, осыны неге іштерің сезбейді», «неге іштей түсінбейсіңдер» дейтініңізді де ел арасында жақсы мағнада түсіндіріп, ұғындырып жүреміз.

Біздің сізді көтеруіміз, елді көтеру, елді көтеру ұлтымызды көтеру, ұлтымызды көтеру — қазақ халқының болашағын көтеру.

АРАНДАТУ МА, АРАШАЛАУ МА? (Солженицын мырзаға ашық хат)

Бұрын құрмет тұтатын, бұрын сырттай ардақтайтын, бұған дейін қадірменді Солженицын мырза, бұл ашық хатты жазуыма екі себеп бар. Бірі — дүние жүзіне аты әйгілі, тірліктегі нешебір қилықилы қиындықты басынан өткерген, тағдырдың талқысында айдауда жүріп, әр жердің суын ішіп, дәмін татқан, жер мен ел қасиетін қастерлей білетін білімдар ғұлама жазушы, көргені көп, түйгені мол өткерілген ақсақал «Комсомольская правда» (18.09.90 ж.), «Литературная газета» (19.09.90 ж.) газеттері күн құрғатпай жөремелдете жариялаған «Ресейді қалай көгертеміз?» деген мақаланы қалай ғана жазды екен, біреу жаздыратын бала емес, зорлап жаздыратын ешкімнің басы-байлы құлы емес, өз ойы, өз талғамы бар, ата сақалы аузына біткен есі дұрыс адамның мұнысы несі деген сұрақтан туған себеп.

Екіншісі — өлшегенде Франция, Германия, Италия, Испания мемлекеттері түгел сиып кететін осынша байтақ жерді басқыншы моңғолдармен де, жоңғарлармен де, патшалық Ресей отарлаушыларымен де, советтік замандағы геноцидпен де жағаласып, бірде аз құрып, бірде қаз тұрып, «мың өліп, мың тіріліп» жүріп сақтап келген, қазір де он миллион адамы бар қазақ халқын мазақ етуге ділі дірілдемей, қолы қалтырамай қалай ғана жазды екен деген таңырқаудан туған себеп.

Сіздің пікіріңізге жүгінейік: «Бүгінгі байтақ өлкені коммунистер түк ойланбастан бопалақтап бөле салды: жылына бір рет табынданған мал жөңкіліп өтсе — сол жер Қазақстан».

Сіздің де «Түк ойланбастан, қалай болса солай бопалақтап бөле салды» деп отырған коммунистеріңіз В.И.Ленин, М.С.Калинин, С.Орджоникидзе сияқты

басшы адамдар. Өзіңіздің құпия ойыңызға, оңтайлы ыңғайыңызға, шовинистік пікіріңізге, арам пиғылыңызға сай келмейтін, өзіңізге ұнамсыз адамдарды, мейлі олар туысыңыз болса да, коммунистер деп алшақтап, адамзат қатарына қоспай, аластай салады екенсіз. Сол коммунистер 1920 жылы Кремльде Қазақтың автономиялы республикасының ұлттық шекарасын бөлу жөнінде үлкен мәжіліс өткізіп, патша заманында нешебір өзгеріске түсіп, ұлттық шекаралары бұзылған қазіргі Солтүстік Қазақстан жері «Сібір шекарасының аймағында қалуы керек пе, әлде Қазақстанға тиісті ме?» деген күрделі мәселе қаралып, оған Қазақстан жағынан да, Сібір жағынан да делегация шақырылып, әділ шешімге келген. Сонда осы бүгінгі шекара – Қазақстан шекарасы бөлініп, белгіленген еді. Неге бұлай белгіленді?

Орыстың императорлық география қоғамының мүшесі, ғалым А.Н.Сидельников 1903 жылы жазған «Қырғыз өлкесі тұрғындарының территориялық бөлінуі» деген очеркінде: «Қырғыз өлкесі 1. 606. 687 тақта шақырым кең байтақ жерді алып жатыр, ол ара 1/3 еуропалық Россия, 1 Финляндия, Польша, Кавказды есептегенде немесе 1/3 бүкіл Батыс Еуропамен тең түседі» деп, қазақ иелігіне жататын өлкенің ғажайып кеңдігін сол кездің өзінде, сіз құсап іштарлық жасамай, қызғаныш етпей-ақ, шындық қаалпында, тіпті айта берсек, ғылыми тұрғыда жазған. Бұдан әрі сол жердің халқының өсу мәселесіне тоқтай келіп: «Тұрғындардың аса көп өсуі Ақмола облысында ерекше байқалады. Мұның сырын тұрғын адамдардың табиғи көбеюінен гөрі, бұл өлкенің отарлауға ұшырағанынан іздеген жөн» деп өлкеге жылма-жыл төгіліп келе бастаған отарлаушылардың санына дейін, қай уақыттан бері отарлаудың басталғанын өз атымен жасырмай баяндайды. Егерде, ол аралар, қазіргі Қазақстанның солтүстік облыстарының сол кездегі жерлері, сіз

айтқандай, иесіз дала, елсіз қу медиен, жапан түз болса, отарлау деген сөз неге айтылады? Ешкім тұрмайтын жерді қалай отарлайды, кімді, нені отарлайды?

Иә, олай болса, отарлаудың басы қазақ даласына әуелі қарулы әскер қойылған бекіністер салудан басталған. (Әрине, бұл атышулы басқыншы Ермактың жорықтарынан соң, кіші, орта жүз хандықтары Ресей патшалығына бодан болғаннан кейін). Сібір, Орал казак дружиналарынан тұратын бұл отарлаушыларды «крепостные казаки» деп атауы да содан. Бір ғажабы – Дон, Жайық, Терек казактарындай емес, Орал, Сібір казактарының татарлардан, мордвалардан, қалмақтардан құрылған бөлімдері де болған. Кейде, тіпті жарқылдаған бес қаруына қызығып, казак боп кеткен бірен-саран қазақтар да некен-саяқ кездесетін (малорустар 6, мордвалар 5, белорустар 3, киргиздар (қазақтар) 1, татарлар 1 процент болса, черемистер, чуваштар, пермяктар, вотяктар, зыряндыр 1 проценттен де аз болатын).

Бұлар ол кезде бекеттердің ғана маңына бекінген жоқ. Патша үкіметі қазақтың кең байтақ даласынан казактарға деп (офицерлерге ерекше) аренда жолымен де, қырғыз-қайсақтардың атойларынан сақтанып, шекара жасау жолымен де (Горькая линия т.б.) жер бөліп, олардың иелігін, меншігін кеңейтуге, сөйтіп, отарлау саясатын барынша жүргізуді жеделдете бастады.

1761 жылы Бұқтырма бекінісін жасаумен байланысты тау арасында жасырын отырған жаңа қоныстанушылар табылып, патша үкіметінің жарлығымен олар не жасаққа айналуы, не кері қайтуы талап етілді. (Он жеті орыс населениесі Бұқтырма өзені арқылы Жоңғар жеріне қарай өтіп кеткен. XV ғасырда Грозный патшалығы тұсында Доннан келген «воровские люди» деп аталатын, Жайық

бойын жайлаған босқындардың жөні бір бөлек). Отарлаушылардың қатарына жататындардың тағы бір тобы старообрядтықтар немесе «двоедандықтар» деп аталады. Төменгі Бұқтырмаға XVIII ғасырдың 10-шы жылдары босып келген бұлар, дәстүрлік сенімдерінен қағажу көріп қуғындалғандар. Осы арадан Томбы губерниясына дейін жасырын жайлап, бірнеше деревнялар салып, тұрақтанған. Мұндай, «босқын отарлаушылардың» (вольные колонизаторы) біразының жаугершілігі, ұрлық-қарлығы, жол тонағыш қарақшылығы аңызға айналып (Афанасий Селезнев сияқтылар), ал енді бір тобы адам көзінен таса жерлерде өз беттерімен отырықшылыққа икемделіп, бір кезде босқындардың еуропалық Россияда Сечь пен Донды жайлағандарындай, немесе Американы алғаш жаулаған кездегі таперлық, скваттерлық әрекеттеріне ұқсас тіршілік кешкен еді. Бұлардың бәрін өлтіріп (селезневтарды жергілікті қазақтар да, қарақшы ұранқайлықтар да емес, казак әскерлері қырып салған) көздерін жою, не елдеріне қайтару бұл араға тұрақтайтын шаруаларға қысым жасау екенін түсінген Екатерина II – Өскеменнен Алтайға дейінгі тау-тасты паналап жыра-сайларға жасырынып жүрген «каменьшиктерге» (алғашқыда олар 318 ғана адам болған) кешірім жасап, оларды санаққа алып, салық салған. Бір-ақ босқындардың көбі ол қысымға көнбей 1792 жылы үдере көшіп, тау-тасты сағалап өрлей берген. Олар өздері ғана еркін жайлап (мал баққан жергілікті адамдар балықпен, ара балын жинау, аң аулаумен күн көріп тентірегендерде ісі болмай, қайсыбірі қару-жарақты келгінбайларға соқтыруға жүрексініп, бір жағы қонақжайлық дәстүрді сақтаған) қана қоймай, енді өздеріне тірек, сүйеніш іздеп, елдеріне хат жіберіп, «мұнда келіңдер, бұл ара қауіпсіз, ешкім салық салмайды, бұл араның суының өзі жай емес, бал аққан, бал татыған ақ

су» деп қызықтырған соң, алыстан іздеп келуші босқындар жыл сайын көбейе түскен. Оларды «беловодцы» деп атаған. 1832 жылдары балсу іздеп тентіреген беловодтықтар тіпті қытай өңіріне дейін кіріп кеткен еді.

Мұның бәрі қырғыз (қазақ) өлкесіндегі шаруалар отарлауының басы еді. (Сол кездегі еңбектерде «покорение края русскими», «завоевание и колонизация края русскими» деген терминдер қалыптасқан «Крестьянская колонизация» деген сөз де сол уақытта айтылып жүрген отарлау түрінің бір үлкен тармағы). Бұдан кейін қазақ даласына жаңа қоныстандыру, (переселение) мәселесі нешебір себептермен «дәлелденіп», ол себептер патша үкіметінің отарлау саясатының негіздері болып заңдастырылды да.

Сөйтіп, жер алу процентке шағылып, есепке кірді. Әрине, қазақтың жерге иелігі ол кезде де ұшан-теңіз еді. Патша үкіметінің статистикасына байланысты диаграмманы қараңыз: қырғыз (қазақ) жері 90,5 процент, шаруа (қоныстанушылар) жері 1,5 процент, казактардың жері 8 процент. Осындай жер есебінде отаршыл патша үкіметінің чиновниктерінің өзі қазақ халқының үлесін көрсетіп отырғанда, сіздің Солженицын, мұны мүлде көрмеуіңіздің сырын қалай түсінуге болады?

Әрине, қазақ даласында кей жерін заңдастырып, кей жерін сұраусыз иемденіп, ең шұрайлы жерлерді мекендеулері өз алдына, мал жайылымдарын, шүйгінді жайлауларды қалай болса-солай жыртып, шабындықты егіндікке айналдырып, кей тұстарға шаң боратып, жерді интенсивті түрде пайдаланған кірмелерге қарсылық білдіріп көтеріліске дейін бару, (кезінде, Махамбет—Исатай, Кенесары Қасымов көтерілісі) наразылық білдіріп, патша ағзамға жиі-жиі, әр жылдары шағыну деген мәселелер де, жергілікті адамдардың ашынуынан әр кезде туған

шаралар. Мысалы, бертін, 1900 жылы 8-наурызда Петербургке барып «общество для содействия русской промышленности и торговли» қоғамының жиналысында сөйлеген сөзінде Мәмбетәлі Сердалин (кезінде мартовшылар үйірмесіне қатысқаны үшін Александр Ульяновпен бірге оқып жүрген ол Петербург университетінен қуылған) былай дейді: «Менің өзім туып-өскен далама деген махаббатымда шек жоқ, егер сол даламның шаңын шығаратын, құртатын келеңсіз жағдайларды көре қалсам-ақ жүрегім езіліп кете жаздайды... Фасырлар бойы қалыптасқан дала тіршілігіне нұқсан келтірмесеңіздер екен, менің мал баққан қазақтарымның орыс халқына қосылған күнін үнемі қадірлеп өтуіне мүмкіндік берсеңіздер екен». Оның бұл ойлары «Аренды казахской земли» деген сол кезде орыс тілінде шыққан кітапшасында орнықты берілген.

Иә, сонымен қазақ жерінің басқа ұлт өкілдерімен тағы да тола түсуінің ең бір мықты кезі – Совет өкіметі тұсындағы, күні кеше өткен «тың көтеру» деген науқан еді. Сіз мұны да жақсы білесіз... Мұны жастардың да көбі жақсы біледі (тыңда туған баланың алды қырыққа келіп қалды). Бірақ, олардың көбірек білетіні сіздің үгітіңіздей: «тыңға келгендер қазақ жерін жайнатып, қазақтың көсегесін көгертіп тастады, әйтпесе, қазақ баласы жапан түзді игере алмай мәңгіріп кетер еді». Сол кездегі кейбір партия басшыларының ойы да осы еді ғой. Қиыншылықты бұлайша жасанды тудырып, патриоттық энтузиазмді бұлай жасанды жасамай-ақ, жаймашуақ жазда келіп әуелі үйлер салып, жерді аздап пұшпақтап жыртып, тыңды өлшеп-пішіп көтеруге де болатын еді ғой. Адам саны күрт өсті: 1963 жылғы есеп бойынша тың өлкесіне алғашқы он жыл ішінде ғана бір миллион 600 адам келген екен. Бұл осы арадағы адам санының бірден

80 процентке көтерілгенінің айғағы. Яғни, 80 процент адам, 102 ұлттың өкілі, сөз жоқ, бір-ақ тілде — орыс тілінде сөйледі. Сондықтан тың өлкесіндегі қазақ тіліндегі газеттер жабылды (кейін, әрине қайта ашылды) қазақ тілінде сөйлеудің қажеті болмағандықтан ана тіліндегі мектептер жабылды, орыс тілін шала білетін, бұрын іс-қағаздарын қазақша жүргізетін басшы қызметкерлердің (әрине, коммунистер) 80 проценттейі қызметінен төмендетіліп, немесе мүлдем жарамсыз халге түсті.

Ал, сіз болсаңыз, әділетке жүгіну орнына, содан бері қазақ жерін орыстар, зэктер, айдауда жүргендер құлпыртып, жаңадан жайнатып жіберді деп қазақ жерін көркейткендердің тізімін бересіз. Егер, шын жаныңыз ашыса, қазір жастары жоқ, бос қалған, еңбекші қолы азайған, өлмеші қарттары ғана кетпей отырған «Толстойдың, Тургеневтің, Чайковскийдің, Есениннің деревняларына барып көркейт» деп, сол зэктеріңіз бен, айдалғандарыңызды неге үгіттемейсіз.

Отарлаушылықтың әр түрін әр кезеңде әртүрлі көрген, соның жамылғысының астында қалған республика адамдарын, негізгі халықты «қазіргі қампып жатқан Қазақстанда қазақтар жартыдан да кемдеу» деп күстаналап, оның аз қалғанын кең жеріне олқысынасыз. Оған қазақ кінәлі ме екен? Басқа жерден қазақ жеріне келіп, қоныс аударушылар көбейген сайын, сөз жоқ, қазақ саны процент жағынан кеми түседі. Оның үстіне қазақ халқы нешебір зауалды басынан өткермеді!? Егер, 1913 жылғы санақта халық саны 6 миллион болса, (бір киіз үй, бір түтін — бір-ақ адам болып жазылатынын есептемегенде) сол санына қайта оралып, 70-ші жылдары зорға жеткен жоқ па? Сіз 1979 жылғы Москвадан жарық көрген демографиялық санақ жөніндегі кітапты ашып көріңіз. 1926 жылдан 1959 жылға дейінгі Совет елін мекендейтін ха-

лықтар санының есебі берілген, халықтың бәрі де өскен. Бір орында қалған қалмақ халқы ғана. Ал, өсу орнына 300 мыңға жуық адам саны кеміген жалғыз ғана қазақ халқы. 1932 жылы Голощекин геноцидінің кезінде аштықта көп қырылған (халқының жартысы — 2,5 миллион) тағы да қазақ халқы. Ұлы Отан соғысында ең көп қырылған (процентке шаққанда) тағы да қазақ халқы. 1937 жылғы нәубет бар халыққа, ұлтқа келген зауалды кесел ғой. Ал, әйтседе көрерсіз-ау, мен әзір санын білмеймін, егер «халық жауларының» есебін шығарар болса, процент жағынан тағы да қазақ алда тұратынына шәгім жоқ. Егер, мұндай азап, мұндай зауалдарды жиі шекпесе, қазақ халқының саны қазір кемі 30 миллион болар еді.

Тіпті, бүгінгі советтік құрылыста қазақ даласынан жер сұрап, бөлінуді мақсат ету — кейінгі кезде осы республикаға белгілі уақытта сырттан келген әртүрлі ұлттың психологиясына сіңіп бара жатқан ұят та, қауіпті әдет. 1943 жылы Еділ бойынан Сталиннің тегеурінімен жер ауып келген неміс жұрты жеке автономия боламыз деп 70-ші жылдары қиғылықты салып, жер алып, енді шекараны бөлеміз деп жатқанда, Қазақстанда тұңғыш ереуіл басталып, абырой болғанда оны орыс ағайындар қолдап, жерімізді арашалап алып қалғанымыз жасырын емес.

Немістерге еліктеп, жер сұрап, автономия даулай бастаған бір ұйғыр досыма «осы сендер Өзбекстанда қаншасыңдар, Қазақстанда қаншасыңдар?» — деп сұрап алдым да, оның жауабына орай «ендеше, жарайды, автономияны жері көп қазақ ағайыннан сұрайтын шығарсыңдар, ал Өзбекстанда миллионға жуық, бізде 200 мыңдай ғана бола тұрып, театрды, киноны, телерадио хабарларды, газетті Ташкенттен сұрамай, Алматыдан ашатындарыңыз қалай? (неміс, кәрістердің жағдайы да дәп

осындай) — деп сауал қойғанымда, «шынында да сендерден сұрау оңай да, жеңіл... жоқ, әйтеуір сендерден сұрағымыз келеді де тұрады... Сендер ашық қолдаусыңдар ма, қалай?» дегені бар. Менің оған қосқаным: «Иә, біз ашық қолмыз да, ашық ауызбыз да». Қалай дегенмен біздің ашық қол жомарттығымыз басым. Сіз бір сөзіңізде «Қарабахты Түркияның көңілі үшін берді» дегенді айтыпсыз. Бұл жалпы түрік еліне деген ежелгі өшпенділіктен қалған мінез шығар. мейлі, қалай дегенмен, сол ат төбеліндей жер үшін екі халық, көрші халық бүкіл дүние жүзін шулатып, ұятқа қалып отырған жоқ па? Ал біз одан да үлкен, одан да көркем құнарлы ауданымызды өзбек ағайынға бергенбіз. Жәй берген жоқпыз, классик жазушымыз Сәбит Мұқанов: біз өзбекке кемеліне келіп, толысып, бетінен қаны тамған сұлу аруымызды, бүкіл жасауымен қалыңдық етіп ұзатып тұрмыз деген. Қазір сол аудан Бостандық — Өзбекстанның ең бір сұлу, шұрайлы деп аталатын, демалатын курортты жері. Біз ол жерді дауламақ түгілі, жақында Президентіміз «жер дауымыз» жоқ деген графаға қол қойып та жіберді. Біздің тек қана әлгі «қалыңдығымыздың» атын өзбек ағайынның «Бостанлик» деп өзбекшелеп «өзгертіп» алғанына қапа болғанымыз рас.

Ал орыс халқының сондай ниеті жөнінде мүлдем әңгіме де болмайтын: «Алып Ресей тұрғанда басқа жерді бөлшектеп қайтсін, орыс тілінде сөйлейтін бар республика өзінің жері емес пе?! деп қана қоятынбыз. Мәссаған, безгелдек! Бір бүйірден, Солженицын мырза, сіз шыға келіп, бүйректен сирақ шығардыңыз ғой. Бүйректен сирақ емей немене, жәй сұрау емес, бұл жер сенікі емес деп дауласа, қорқыта келдіңіз. Бұрын қазақ сіз сияқты қонағын үйіне кіргізерде іштей, «төр сенікі, үй менікі» деуші еді, енді сіздің ниетіңізге салсақ, «төр де сенікі, үй де сенікі» деуіміз керек екен ғой. Олай бола қоймас.

Кейбір кінәмшіл адамдардың: «неге ғана Қазақстан әуелі қазақтың иелігіндегі тарихи атамекен, содан соң барып, басқа жерден келіп қоныс тепкен (жүз түрлі себептермен) басқа ұлт өкілдерінің де иелігіне асатын, олардың да тұруға, өмір сүруге, пайдалануға қақысы бар республика, деп анығын айтпайды, неге мәселенің турасынан келмей сиырқұйымшақтата береді» дейтін асығыс, әпербақан, күстана сөздері естіле бастады. Бірақ, қанша әпербақан десек те, қайсыбір жаңа ұйым, қоғамдардың өкілдері тарапынан айтылып жүрген сөздердің де жаны бар сияқты. Осы бір-екі жылдың ішінде көршілес республикалардағы келеңсіз жағдайлардан қашқан, немесе қоқан-лоққылықпен тықсыру салдарынан «көп ұлтты республикаға» топ-тобымен, көшіп қоныс аударып жатқан адам қисапсыз көп десек қисынсыз емес. Сонда баяғы бауырмалдықпен достық туымызды желбіретіп қойып, келіндер деп құшағымызды айқара ашып, басқа республикадан қашқан-пысқандарды («беженцы» деп жүрміз ғой) бауырымызға баса берсек, ертең әлгі сіз айтқан қалың қазақ отырған оңтүстік облыстарымыздың өзінде өз республикам деп еркін жүруге зар болып қалмаймыз ба? Ерте кезде қазақ даласы шығыстан батыс, батыстан шығысқа өтетін «халықтар қақпасы» («ворота народов») деп аталып еді, бүгінде сол даламыз, жеріміз «жосылған жолға», (проходной двор) айналып барады. Ол да, жаңағы ашық қол, ашық ауыздығымыздың салдары болса керек.

Міне, Солженицын мырза, қазақта «аузы күйген үрлеп ішеді» деген сөз бар. Егер, ендігі жерде «коммунизмге бірге қолтықтасып барамыз» деп босқа далақтай бермей, біз де басқа ел сияқты алды-артымызға қарап абайламасақ, елдігімізден айырылмақпыз. Ғасырлар бойы ашылған достық құшағымыздың бағасын басқа тұрмақ, сіз сияқты өткерілген

жазушының өзі дұрыс бере алмай отырғанда, 70 жыл бойы жел айдаған қаңбақтай желпілдеп, жетілмеген кейбір жетесіздер жөнге көшер ме? Содан соң, сіздің мына сөзіңізге мүлде қайран қалдым. «Осынау он бір, иә, қайткен күнде де бөлінеді. Енді қайырылу жоқ» депсіз. Сізге совет халқының ұлт-өкілдерінің тағдырын шахматтың тасындай ойнатуға кім өкілдік берді. Елімізде демократия орнаған екен деп ойымызға келгенді айтып, бет-бетімізбен кете беретін болсақ, мұның арты анархияға соқпай ма? Ал, анархияның қашанда ел бірлігіне, тұтастығына нұқсан келтіріп, үнемі арандатуға соғары қақ. Шындыққа құлақ түрсек, тап сіз айтқан Орта Азияның төрт республикасының іргесін аулақ салып, Совет үкіметінен бөлінеміз дегенін көрші отырып мен естігем жоқ, мұхиттың ар жағында, елден, Отаннан жырық жатып осындай өсек-аянды сіз қайдан естіп қаласыз? Биылғы тамыз айында шыққан «Крокодил» журналын алдырып көріңізші. Сонда бір сурет бар: бір адам «ау-у-у!» деп тоғай ішінде айқайлап тұр. Оған ешкім құлақ түрмейтін сияқты. Өйткені, бәрі – Россия, Украина, Әзірбайжан, Эстония, тағы басқалары шекараларын бөліп алған. Соның ішінде әлгі төрт республика ғана жоқ. Қазақстан да қалыс қалған.

Иә, Қазақстан демекші, сіз «олардың шоғырланған тұрақты атамекені шығыс шетінен бастап, Каспийге дейінгі оңтүстік облыстардың үлкен орамы ғана, егер осы мекенімен бөлінем десе, құдай алдарынан жарылқасын» деп қазақтарды кекетіп-мұқатасыз. Сіздіңше, шекара бөліп, іргесін сөгетін, бөлінетін он екінші республикаңыз Қазақстан екен. Олай бөлінеміз деген сөзді өз басым бірде-бір қазақтан, не бірде-бір орыс, не басқа ұлт өкілдерінің аузынан естіген емеспін. Өз байлығымызды шаша бермей, өз республикамыздың ризығын өзіміз көбірек пайдаланайық, сол үшін иелік (суверендік) алайық

деуіміз рас. Осы байлықтың игілігін республикадағы 17 миллион халық түгелдей көреміз. Ешкімді бұл тарапынан алапап отырғанымыз жоқ. Ал, қазақ тілін орыс тіліндей игеру керек десек, ол Қазақстанға деген сол елдің ежелгі салт-дәстүріне, тарихына деген ілтипаттан туған мәселе. Және де, «ол тілді бірақ жылда, жедел игер!» деген бұйрық та, талап та жоқ. Игеруге бет бұру, оқу, үйрену деген мәселе, қазір кей жерлерде орыс ұлтының өкілдері де қазақ мектебіне, балалар бақшасына балаларын бере бастапты деген сөз естідім. Несі бар, бұрын қазақ тіліне судай кейбір басшы қызметкерлер — орыстар, украиндықтар, казактар, немістер, кәрістер, сол білгенінен ешбір залал көріп, зардап шеккен жоқ. Қайта қазақ тілін білген адам, түркі тілдес ұлттармен (өзбекпен, татармен, қырғызбен, қарақалпақпен, әзірбайжанмен, қарашаймен, қахаспен, алтайлықпен т. б.) еркін сөйлесе, ұғыныса алады. Он тіл білген Толстой, сегіз тіл білген Тургенев, жеті тіл білген Ленин, 24 тіл білген Ковалевская неден кемдік көрді?

Ендеше, қазақ жерін бөлшектеп, ұлттарды алапап, қайсыбір ұлт араздығын қоздырғысы келетін залымдардың қолтығына су бүркіп, башпайына ши жүгіртіп, қытықтамаңыз, Солженицын мырза! Егер, сіздің қалауыңызша, қазақтар қазағы көп жерде ғана тұруға қақысы болса, онда астанамыз Алматыда, әлгі сіз айтқан оңтүстік облыстың астанасы Шымкентте де тұруға олар қақысынан айырылмақ. Өйткені, Алматыда қазақ сан жағынан 27-ақ процент (студенттерді қосқанда), Шымкентте 30-ақ процент. Сонда қазақтардың барар жері экологиялық сұмдықтардың салдарынан алапес, бейдауа, обаяқты індеттерге ұшыраған топырағы күлге айналып, ауасы кірге айналған атом сынағы жүріп жатқан полигондар болғаны ма? Сіз Қазақстан шекарасын осылайша қаламмен бөліп отырсыз. Егер, бұл

дүниеде бір жауыз шығып, қаламмен емес, қарумен бөлем десе де сіздің қыңқ етіп, жаныңыздың ашымайтыны сөзіңіздің сыңайынан аңғарылады. Қалайша осыншама қатыгез болдыңыз?! Тым құрыса, кеше ғана басыңызға күн түсіп, зардап шегіп, қапаста қиналып жүргенде, Екібастұз лагерінен сытылып шығып, қазақ ауылына келіп азап пен мазақтан құтылып едіңіз ғой. «Қазақ даласында ақысыз, пұлсыз жүріп, күн кешуге болады, олар сондай ашық қол, ақжарқын халық» деп (мен есімде қалғанын айтып отырмын) бір мақалаңызға жазғаныңыз қайда? Енді осыншама тез арада жалт беріп, неге айни қалдыңыз? Сіздің алдыңыздан дәріс алған шәкірттеріңіз, өзіңіз орыс тілі, физика пәндерінен сабақ берген Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Көктерек селосындағы С.М.Киров атындағы орта мектепте оқыған азаматтар Жантаев Сақыпкерей, (қазір агропромда бас инженер), Сабыров Көней (дәрігер, медицина ғылымының кандидаты), Қайрақбаев Сейіткерей (лаборатория директоры), Маканов Жәнібек (аупартком хатшысы), Жантаева Райхан (медицина ғылымының кандидаты) сол сияқты толып жатқан оқушыларыңыз осы күнге дейін айныған жоқ. Сізді ұстазымыз деп, көкке көтере дәріптеп, төрлеріне сізбен түскен фотосуреттерін іліп, сіздің ұлтыңызға, сықпытыңызға қарамай мақтан тұтады. Қазақта «бір күн сыйлағанға — қырық күн сәлем» деген сөз бар. Дәм-тұзын татып, жылы алақанына ыстық құшағына бөленген осы бір момын, бауырмал жандарды Лениннің бағалап айтқанындай... «осы бір тамаша халықты неге ренжітесіз» (В.Н.Соколовтың «Халықтар достығы» атты очеркінен), неге сәлеміңіз түзу емес?! Қазақ жеріне «Сібір мұнарасынан қарамау керек. Тіпті, Иван Великийдің мұнарасынан да қарамау керек. Бәлкім, Гималай тауларының үстінен қарау керек болар, өлбетте, ағылшын көзәйнегімен қара-

мау керек». (В.И.Ленин, тағы да В.Н.Соколовтың очеркінен).

Сіз шашыңызбен де, сақал-мұртыңызбен де (негізінде ұқсастық бар), идеялық жағынан да Достоевскийге бейімделгіңіз келеді. Оған қарсылық жоқ, құптарлық асыл ниет. Бірақ, ол сізге оңайға түспейді ғой. Достоевский шығармаларының көркемдік, философиялық сиқырымен, құпиясымен теңдесу өз алдына, оның адамды сүю, әсіресе, ұлтына қарамай, азаматтық ұлылығына, қасиетіне қарап қастерлеу сіздің қолыңыздан келе қояр ма екен?! Оны айтып отырғаным, өзі ғажайып талантты адам бола тұрып (әрине, жазушы оны сезеді, тіпті, көпшілігі біледі), сол уақытта бұратана деп кемсітетін киргиз-қайсақ халқының өкілі Шоқан Уалихановтың, таудай талаптының алдында бас иіп, оған ғашық екенін бүкіл ел алдында жасырмай паш етіп, жариялап, өз беделін «төмендетсе», сіз сол Шоқанның жеке басына ғана емес, оның барша халқына тас лақтырып, өзіңіздің беделіңізді «жоғарылатқыңыз» келеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол, сіз, Солженицын мырза, орыс халқын арашалаймын деп отырып, аюдың қолғабысын (медвежья услуга) тигізіп, аюдай «аяныш» жасап отырсыз. Егер, сіздің үндеуіңіз бойынша (Көшім хан мен Ермактың соғысынан бұрын, Петр I-нің Бухгольцты жіберіп бекіністер салдырғанынан бұрын Сібірді мекендеген халықтар да (сахалар, кахастар, удмурдтар, ханты-мансылар, эвенктер, ненецтер тағы басқа ірілі-уақты ұлт өкілдері) өз бетімізше бөлініп шығамыз десе, Ресейдің жері тарылып қалмай ма? Сондықтан, «Орыс халқының мәдениетін аман сақтау жолындағы үндеу атаулының қандайы болсын шовинистік негізге құрылса, ол нағыз орысты қорлаумен бара-бар» (академик Д.Лихачев) деген ақылды сөзді ұстанған жөн-ау.

Ендеше, орыс халқына бұлай арашашы болмай-ақ қойыңыз. 200 миллионға жуық тіреліп тұрған халқы бар, советтік республикалардың бәрінде қызмет бабымен отырған басшы адамдары арқылы билігін жүргізіп тұрған, бар жерде өз тілін сөйлетіп қойған, бар жерде аға халық болып емін-еркін жүрген орыс ұлты сіздің жаныңыздың бұлай ашып, арашаға түсуіңізге зәру емес. Ешкім де орыс халқына қағажу көрсетпейді, көрсетем десе де, әлі келмейді. Олай болса, сондай ірі ұлтты, үлкен жүректі орыс ұлтының «намысын» қоздырып, саяси үгіт жүргізіп, олай арандатпаңыз. Жазушыға ушықтырудан гөрі, мейірімділік көбірек жарасады.

Маған салса, сөзіміз ырың-жырың боп, өзіміз жырым-жырым боп жеке-жеке бөлінгенше, Советтік тұтастығымызды сақтап, жиырма бірінші ғасырдың «алладин қақпасындай» құпия есігін бірге ашып, табалдырығын бірге аттағанымыз жөн. Ар жағында ақырзаман тұр ма, бақытты заман тұр ма, оның мәселесін бізден кейінгі ақылды ұрпақ өздері қолына алып, шеше жатар. Сол ұрпақтың бүгінгі күнгі ақыл берер ағалары — біздер, солардың алдында кесепаттық жасап, кесірлі сөйлеп, адамзатты адастырып, алжымайық, Солженицын мырза!

«Социалистік Қазақстан» газеті,
1990 жыл.

«АШЫҚАУЫЗДЫҚТЫ ДОҒАРА ТҰРҒАНЫМЫЗ ЖӨН»

Халық жазушысы, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәкен-сері Жүнісов пен журналист Бәкира Қарағұлованың сұхбатына бүгінгі күннің ұлттық сыр-сипатымызға тән өзекті мәселелер арқау болған.

— Сәкен аға, Қазақстандағы алуан ұлт өкілдерінің білігін, ынтымағын қамтамасыз етуде осы уақытқа дейін қандай жұмыстар атқарылды, оның жетістік, кемшілігі қандай болды, алда не істеуіміз керек деп ойлайсыз?

— Ұлт өкілдерінің бірлігін, ынтымағын сақтауда тап Қазақстаннан артық ел, тап қазақтан артық ұлт бар дегенге өз басым сене қоймаймын. Қандай қиыншылықта, қандай таршылық заманда біздің республикаға келіп паналаған, әрісі феодалдық заманда, берісі социализм кезінде, тап осы тұста да араласқан бір де бір ұлт өкілінің ризалық білдіргеннен басқа, ренжіген, қиналған жері жоқ. Ара-тұра ұлттар достығына у тастап, от салатындар болар, оларға осы күнге дейін «ит үреді, керуен көшеді» дегеннен басқа, аузына және қақпақ болып көрген кезіміз жоқ. Бүгінгі таңда да Президентіміздің жатса-тұрса ойлайтыны осы елінің, жерінің тұтастығы, ұлт арасындағы достық, татулық, бірлік. Біздің бейбіт-тыныш өмір сүріп жатқанымыз да осы ниетіміздің, осы ұлылығымыздың арқасы шығар.

Ал, енді бір кемшін қалып келе жатқан жағымыз: бір кезде Міржақып айтқан: «Оян, қазақты!», «Ойлан, қазаққа» ауыстыруға салақтық жасап келеміз. Кейде өз қарабасыңды да ойлап, ел үстінен алыстан бір шолғыншыдай қарап: «Қазаққа қашан қамқор боламыз?» дегенге де ара-тұра ой жүгірткеніміздің әбестігі мен ерсілігі, басқаға қысастығы жоқ шығар.

— Әрине ғой. Оның әбестігінен гөрі, қажеттігі басым болар. Біз басқалардың көзіне біреу үшін жаратылған халық сияқты елестейміз де тұрамыз. Жалпы, өзгелердің қазақтың есебінен күн көргісі, ұпайын түгендегісі келіп тұратыны неліктен екен. «Қазақ, сен тыныш жат!» — деген сөзді егемендік алғанға дейін көп естідік емес пе? Осы ретте ұлттар татулығы деген желеумен қазақтардың ұлттық мүддесі аяққа басылып жатыр деген кейбір пікірлерге сіздің көзқарасыңыз қандай?

— Бұл сауалға жауап ретінде алдымен бір оқиғадан мысал келтірейін. Колбиннің «заманы» болатын. Алматы қаласының зиялы қауымы сол кездегі Жоғарғы кеңестің кең залына жиналып, тіл туралы әңгіме-конференция өткізіп жатты. Сол жиналыста Колбин ұзақ сөз сөйледі. Қазақ тілінің проблемалары көптен жүрегімізді қозғап, көкірегімізді тербеп жүрген біраз азаматтар (жазушы, ғалымдар) қолымыз жеткенше президиумға қағаз жолдап, сөйлегіміз келетін ниетімізді білдірдік. Бірақ, бір қызығы, қазақша жақсы сөйлейтін бір-екі неміс, орыс ұлтының өкілдеріне сөз тигені болмаса, негізгі мәселе ұлттық тілдерді (орыс тілінен бастап) қалай дамыту керектігі туралы, аз ұлттарды ренжітпеу, үркітпеу төңірегінде ғана әңгіме болды да, қазақ тілінің өркендеуі, мемлекеттік мәртебе алуы жөнінде мұқимді ештеме айтылмай, негізгі тақырып айдалада қалды.

Қайта-қайта өндірішегімді созып, қолымды жаққаншақтана, қылтита көтергенімді байқаған көрші жолдасым жиналыс соңына қарай: «Ал, сөз бергенде не айтатын едің, тым құрыса мен тыңдай кетейін» деген соң, маңайыма қарадым да (әр ұлттың өкілдері көп болатын, оның үстіне тап біздің қасымызға көбірек шоғырлана қалыпты) былай дедім: «Байқайсың ба, мына тіл жөніндегі конференцияда қазақ тілінің тағдыры еш айтылған жоқ,

ана Ахметжанның ұйғыр тілі туралы жанашырлық жасап жатыр. Мына Мен Ден Уктың кәріс тілі, ана Бельгердің неміс тілі жайлы, жалпы орыстардың қазақ жеріндегі тілінің болашағы мен тағдыры сөз болып, сарапқа салынып жатыр. Оу, сонда қалай? Мәгәркім, ұйғыр тіліне қиянат болса, тілін аңсаған Ахметжан Шәуешекке тартып отырмай ма? Мен Ден Ук Кореясына, Бельгер Германиясына, орыстар Ресейіне кетіп қалмай ма? Ал қазақ тілі қиянатқа ұрынып, қазақ тілі құрып кетсе мен қайда барамын? Мен, міне, қысқаша осыны айтайын деп едім».

Біз ежелден баспанасы болса да асханасы жоқ, ең дәмді, жылы-жұмсағымызды балаларымызға да бермей, «қонақ келіп қалады» деп, сырттан келер мейманға сақтап келген, қонақжай елміз ғой. Одан бөлендей жамандық та көрген жоқпыз. Әйтсе де, қазіргі асханасы да, мейрамханасы да бар нарық заманында өз отбасымызды да ойлап, қайсыбір дарақы, мақтаншақ, алды бар, арты жоқ шашылуға да аздап «жөндеу» жасағанмыз дұрыс-ау...

— Қазіргі уақытта жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен коммерциялық құрылымдардың қарапайым халыққа пайдасы қаншалықты тиіп жатқанын көзімізбен көріп, көңілімізбен сезіне бастадық. Бірақ нарықтық экономика деген алпауыттың тісінде бітеудей шайналған біздің елдің бүгінгі ахуалын ешкім мақтай қоймас. Себеп — қазір сатылмайтын нәрсе жоқ. Ақылы оқу, ақылы дәрігерлік көмек дегендердің халыққа, оның ішінде қазаққа тиімділігі, әйтпесе зияны қаншалықты деп ойлайсыз?

— Ақылы оқу, ақылы дәрігерлік көмек әрине қазаққа ғана емес, барша ұлт өкілдеріне, барлық жұртқа тиімсіз. Бірақ мұның екі жағы бар: біріншіден егер бюджетте оқу-ағарту мен емдеу саласына (бұрынғыдай дәрі-дәрмекке, жалақыға, ем-

ханаларға) жетімді қаражат бөлінбесе, бұл саладағы қызметкерлер қалай күн көрмек? Соңғы жылдардағы оқу-ағарту қызметкерлері мен дәрігерлердің (тіпті, ғылым саласында да) өз жұмыстарынан қол үзіп, сауда-саттыққа, тағы басқа кәсіптерге амалсыз жүздеп, мыңдап кеткенінің куәсі болып отырмыз. Сондықтан да болар, қазір ақылы емдеу орындары, ақылы оқу орындары күннен-күнге көбейіп барады. Олардың жақсы нәтиже бергендері де, алдамшы дүниеге соқтырып жүргендері де бар. Білетіні де, білмейтіні де, шипасы бары да, жоғы да, халық емшілері, пайдалы да пайдасыз колледж, лицейлер мен институттар, әсіресе, заңсыз университеттер (университеттік белгілі шарттарға үйлесімсіз) қаптап кетті. Ал, екіншіден, бұлар ақылы болсын, ақылы болған соң бара-бара екшеліп, ең сапалылары ғана іріктеліп қалар делік. Сонда еңбекақысы аз, табысы кем қатардағы қызметкерлер мен зейнеткерлердің, жетім-жесірлердің күні не болмақ? Ақшалылар мен қалталыларға бәрібір. Олар ауруханалардың тәуіріне жатып, қажетті, қымбат дәрілерді сатып алуға, сөйтіп өмірлерін ұзартуға, балаларын қандай оқуға беріп, қандай диплом алып беруіне де мүмкіндіктері мол...

Қаражатсыздардың, орталықтағы аурухана, емханаларадан алыс, жырақ тұратындардың тамақтың жетімсіздігі салдарынан ғана емес, дер кезінде емделе алмауынан да, сан түрлі ауруларға шалдығып жатқаны құпия емес. Бір кезде алыстап кеткен, жоғала бастаған құрт аурулардың, оның ішінде, көксаудың қайтадан белең алуы да осы жоқ-жітіктіктің салдары. Әрине, мұндай жетімсіздіктің шалғай ауылдарда, жолсыз, көліксіз жерлерде тұратын қазақтардың үлесіне көбірек тиетініне және дау жоқ.

— Осы тұста қиян шетте, алыс түкпірлерде жатқан қазақ ауылдарының жағдайы туралы анығырақ түрде ашық айта кету керек шығар. Шалғай

ауылдардағы ағайындарымыз ай санап емес, күн санап жабайыланып бара жатыр. Оларда почта қатынасы нашар, «Ильич» шамы да жанбайды, көмір тасусыз яғни оттары жағусыз. Мектептерде жылу жоқтықтан оқу тоқтатылған. Мәдени қызмет, дәрігерлік көмек атымен жойылған осындай ауылдарды үкімет басындағы азаматтарымыз неге көрмей отыр деп ойлайсыз?

— Ауыл жағдайының адам айтқысыз ауырлап бара жатқанының өзіміз де куәгеріміз. Бұған ендігі жерде Президентіміздің тікелей өзі бақылау жасайды деп ойлаймын. Ауыл тұрмысында ақылға сиымсыз жағдайлар көп. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласынан 600 шақырымдай жерде тұратын Еңбекшілдер ауданының шет шаруашылықтарының, Қостанай қаласынан 600 шақырымдай қашықта тұратын Жанкелдин ауданының қолы қысқа адамдары өзінің сырқаттығын анықтайтын анықтаманы алу үшін бір ай, тіпті, бір жылдай уақытын кетіреді екен. Бұл сұмдық қой. Мұндай алыс аудандар Қазақстанда көптен саналады емес пе? Ал оларды көп жағдайда, әсіресе, емделуге, зейнетақы алуға байланысты мәселені іргеде тұрған, шекаралас облыс орталықтарына тіркей салуды неге қиынсынамыз? Әрине, оған шын жанашырлық, шын ықлас керек болар. Сонда ғана бір республиканың адамы қай облыс, қай ауданда тұрса да, өз еліне өзі ие, өзгелермен тең, құқылы азамат екенін сезінер еді.

— Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі осы күнге дейін ресми мекемелерде есіктен сығалаудан әрі аспай жатқанына не себеп деп ойлайсыз? Осы бір келеңсіз шаруаға сіздің азамат ретінде, жазушы ретінде өз көзқарасыңыз қандай?

— Қазақ тіліміздің мемлекеттік тілге шындап айналуы жөнінен аз айтылып жүрген жоқ. Бірақ, нәтиже аз. Тіпті, жоқтың қасы. Айтылған сөз, айтылған

жерде қалады. Мүлдем обал, ұят. Ұлтыңа жаның ашитын адам болып, жұртқа жақсатты көріну үшін ғана қақсауық болып бара жатырмыз. Рас,, тілді қайта жандандыру, тілі жаңа шыққан перзенттерімізден бастап, тілі кәллимаға зорға келетін қарттарымызға дейін, кешегі отаршылық саясаттың астында амалсыз орыстанып, өз ұлтының ана тілінен безінуге дейін мәжбүр болған жағдайында, оның үстіне халқыңның жартысы орысша сөйлейтін басқа ұлт өкілдері болса, ол аз дегендей, орыс оқуын оқып, европа тәрбиесіне ғана машықтанған өзіңнің жарты ұрпағың етегіңнен тартып, жағаңа жармасып отырса, өз тілін өзі менсінбейтін мәңгүртке айналса, одан арылу, ойлаған ойынды бірер жылда орындау қиынның-қиыны. Бірақ, бәрін қиынсынып, «сен салар да, мен саларға» салынсақ, еш береке таба алмаймыз. Қиындықты оңайлатуға, ұзақ шаруаны қысқартуға мүмкін жолдарды қарастырғанымыз жөн. Бұл үшін ғасырлар бойы жеріміздің кеңдігінен, көңіліміздің кеңпейілділігінен тартқан қайсыбір кейістіктерді ескере отырып, босбелбеулік пен ашық ауыздықты доғара тұрғанымыз жөн. Бүгін орыс тілінің, ертең ағылшын тілінің шылауында кетіп, өз тіліңді ұмыту — ешбір демократияға қабыспайтын «жалпақшешейлік». Ендеше, қазақ тілінің елімізде қуат алу үшін диктатура болмағанмен, аздаған заңдастыру, өз ұлтының мемлекеттік мәртебесіне сәл икемделу керек-ақ. Әр патшаның түсында бір сұрқылтай (бір заң) демекші, өз ұлтыңның, мемлекетіңнің аяғынан тұрып, алдыңғы қатардағы елдердей болуы үшін Жарғыңа да, Конституцияңа да — өз жұртыңа, елдігіңе лайық, уақытша болса да өзгерістер-ерекшеліктер кіргізудің пайдадан басқа еш зияны жоқ.

— Ендеше, нені заңдастыру, нені дағдыға айналдыру керек? Осы туралы өз ойыңызды соқырға таяқ ұстатқандай етіп қадап-қадап айта кетсеңіз...

– Мен бұл туралы да аз ойланған жоқпын. Өз басым, қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін төмендегідей он бір түрлі ұсыныс айтқым келеді.

1. Қазақ газет-журналдары мен қазақша теле-радиолардың беделін көтеру. Оның жолдарын іздестіру. Мысалы, кейбір шет елдердегідей қағаз мәселесін біраз жылдарға дейін мемлекет билігіне алып, лимитке көшіру, орысша-қазақша ақылы жарнамаларды әр газет-журналдың үлесіне бөлу.

2. Сырттан келетін порнографиялық, эротикалық, бұзақылықты насихаттайтын залалды кітаптардың біздің елде таратылуына уақытша тиым салу. Оның орнына қазақ классиктерінің кітаптарын қазақша да, орысша да, өзге тілде де уағыздауға күш салу.

3. Көшелердегі, мекемелердегі жарнамаларды, автокөліктер ішіндегі аялдаманы хабарлаушыларды қазақ тіліне бейімдеу.

4. Шеттен келер артистер, теледидардан басқа тілде берілетін хабарлар сирек уағыздалып, оның орнына қазақ тілінде берілетін тәуір концерттерді, хабарларды халық тыңдайтын, көретін мезгілге көшіруді қадағалау, талап ету.

5. Мейрамхана, кафелерде, көпшілік сауық-сайран салатын орындарда қазақ тума өнерінің көбірек уағыздалуын, ән-күй бағдарламаларында қазақ ән-күйлерінің болуын көптеп болуын талап ету, заңдастыру.

6. Демалыс орындарында (санаторий, курорт) қазақ ән-би кештерінің жиі өтіп тұруын, қазақша газет-журналдардың көбірек таратылуын қадағалау.

7. Қазақ салт-дәстүріне, торқалы тойларына, өнер адамдарына, кітап басылымдарына қазақ бизнесмендері мен қоса басқа ұлт өкілдері бизнесмендерінің де қайырымдылық ниетпен дәнекер болуына, қолұшын беруіне үйрету, талап ету.

8. Ендігі кезекті Парламент сайлауында болашақ Парламент мүшелерінің, аудан, облыс басшылары

мен негізгі почта, ақпарат орындарындағы қызметкерлердің қазақша, біршама білуін шарт ету.

9. Шет елге баратын басшы-қызметкерлер мен Парламент мүшелері тек қана қазақша сөйлеп, орыс немесе ағылшын тіліне тек қазақ тілінен аударуға жетсек.

10. Орыс театрларының, филармонияның, концерттік мекемелердің атына қазақтың үздік классик-драматургтері мен әнші-режиссерлерінің, суретшілерінің атын қойып, қазақтың үздік-драмалық шығармаларын аудартып, орысша сөйлетіп, көрермендерге уағыздау бағдарламаға енгізілсе.

11. Жиналыс-жиындардың, отырыстардың сәнін қазақ тілімен де, ойын-сауықтарымен де келтіруді дағдыға айналдырсақ.

Міне, осы сияқты көптеген шараларды қолға алатын уақыт жеткен сияқты. Бұлар, әрине, сұраққа жауап үстінде ойға оралған ұсыныстар ғой. Әйтпесе, «ойлай берсең ой да көп, уайым да көп» дегендей, қазақ халқы мен оның тілінің төңірегіндегі әңгіме-жыр бір күнде, бір мақала жазғанмен біте қоймас...

– Сәкен аға, Сізді бүкіл халқыңыз өзінің ең жақсы жазушыларының бірі ретінде жанына жақын тартып, жоғары бағалайды. Сахнадан түспей келе жатқан драмалық шығармаларыңыз да жоқ емес. Егер Сіздің шығармашылық сырыңызға қол сұғу сияқты болып көрінбесе, жазу ерекшелігіңіз туралы және кейінгі кездерде не жазып жүргеніңіз жөнінде айта кетсеңіз...

– Мен өзі сапырып жаза беретін жазушы емеспін. Бір шығармам жарық көргенше, екіншісін қолға алып, тіпті, үшіншісін қатарластыра жаза беретін адамдарға ұқсамаймын. Бір жазғаным жарық көргенде ғана, албастым кетіп, қанаттанатын, шабыттанатын жазушымын. Жасырып-жабатын ештеңесі жоқ, бүгінгі таңдағы жағдай тура маған

қарама-қайшы жағдай. Қазір демеушің болмаса, баспадағы кітабыңды шығару — біреудің қолындағы кілтімен өз сандығыңды ашатын, биліксіз жанның халіңдей. Менің төрт томдық толық шығармаларым 1990 жылдан бері баспада жатыр. Бірінші томы ғана әупірімдеп шыққан болатын. Президенттің ұсынысымен жазып 1996 жылы жабық конкурста жүлдеге ие болған «Абылайхан хан» атты екі сериялы тарихи фильм сценарийі (1997 жылы «Жұлдыз» журналының екі нөмірінде жарияланған) қаражаттың жоқтығынан, тағы бір жұртқа белгісіз, маған сенгісіз себептермен «төңкерулі» қазан астында жатыр. «Хан мен Президент» деген эссені аяқтап қалдым. «Абылай хан» романын да орталап қойғанмын. Әйтеуір бір сең бұзылмай-ақ тұр. Қазіргі халім үйінің қасындағы бақшаға картоп, сәбіз, пияз егіп, оның өнімінен пайда көре алмай отырған қара шаруаның мүшкіл халіне ұқсайды.

Бұл жағдай қашан түзелер екен? Қашан түзелер екенбіз!? Әйтеуір Жаңа жыл тақыр болмай, елімізге құтты болғай!

15 қаңтар, 1999 жыл.

АҚМОЛАҒА БАРАМЫЗ (Тәуелсіздік талаптары)

Астана болашақта Ақмолаға ауысады деген сөз бұлтсыз аспанда күркіреген күндей болып естіліп еді. Өйткені мұндай өзгеріс — ешкімнің үш ұйықтаса түсіне кірмеген тосын ой еді. Мұны, дәуде болса Президенттің жалғыз өзі ойлап тапты. (Қателесем, құдай өзі кешірсін). Бұл жаңалыққа жұрт қатты толқыды. Әсіресе, — Алматы мен Ақмола тұрғындары. Астанада тұратын зиялы қауым — жазушылар, ғалымдар, журналистер, оқымыстылар, не керек, әркім түсінен шошығандай, өре түрегеліп, өз ойларын, өз пікірлерін жатпай-тұрмай жаппай айта бастады, күнделікті шығатын газеттерге жаза бастады. Біреулері астананы көшірудің тап мынадай қиын заманда, күш-қуат, қаржы жағынан қиындығын айтып, енді біреулері Ақмоланың тұрған жерінің ауа-райының табиғи ресурстарының (ауыз, су, т. б.) қолайсыздығын тілге тиек етіп, қайсыбірі орталықтың реті — «ежелгі қазақ астанасы — Түркістан ғой», астанаға лайық жер — үш жүздің билерінің бас қосатын, ақ киізге салып хан көтеретін киелі жері — Ұлытау ғой» десіп, әйтеуір, әртүрлі дәлелдемелермен, «қамқорлықпен» астананың көшіуін әншейін бірсөздің ретімен айтыла салған не шығарып салма сөзге айналдырып, сұйылтып, сөйтіп мұның артын сүйірқұйымшақтатып, бітіруді көздегендіктерін жасырмау керек. Тіпті, бір ғалым — тарих ғылымының докторы «сәуегейлікпен» Егер соғыс бола қалса, астананың (Алматы) соғыс даласынан алыстау болғаны да дұрыс» деп, түйеқұстың тіршілігін күйттеп жазды.

Иә, астананың ауысуын қоштағандардан қолдамағандар көп сияқты. Енді, жаңа 1996 жылдың басынан бастап, астана мекемелерінің Ақмолаға қарай біртіндеп көшуі әбден айқындалған кезде, «Қысы 5а—663

суық, жазы салқын, қыста бораны, жазда масасы көзді аштырмайды, баратындар бара берсін, өзіміз... су шыққан жоқ!» деп қараспанды жаудырып, жоқ жерде бұлініп, бұлданып жүргендер бар. Егер биылғы сайланған парламент мүшелері, өз жұмыстарың бірден жаңа астанада отырып бастайды делінсе, құдай біледі, жылы жақтан сайланған депутаттардың біразы түтеген боран мен ақырған аязда бүрсеңдеп жүріп халық қамқоршысы болуға онша ұмтыла қоймас та еді. Сыңайлары солай.

Сонда қалай? Дүние жүзіндегі ең әсем де, әкімшілік жағынан да ең алдыңғы қатарлы астаналық қалалар қатарында саналатын Мәскеу, Санкт-Петербургтың ауа райы Ақмоладан жетісіп тұр ма екен? Немесе, қазақтың ең аяулы асыл ұлдары Шоқан, Ыбырай, Абай сынды бүкіл қазақ жұртының суық жағына да, ыстық жағына да бірдей болған Ұлы азаматтардың, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Естай сияқты өнерлі, исі қазақтың асыл мұрасына айналған ұлы композиторлардың жақында ғана күні кеткен советтік дәуірде бүкіл қазақ елінің болашағы үшін шырылдап отқа түскен Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиндерден бастап, күні кеше арамыздан кеткен Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Қаныш, Шәкен сияқты ел арыстарының туып-өскен суық та желді Сарыарқасы бүгінде неге соншама қызметке жайсыз, тіршілікке қолайсыз бола қалды? Иә, солардың қайқайсысы, үкімет ұйғарымымен астана Орынбор, Қызылорда, Алматы болып өзгергенде, ұйсіз көшіп-қонып, жайлы орын іздеп кергімеген еді-ау!

Бағы заманда, «жері ғана емес, суы да аппақ балдай екен!» деп ауыздарының суы құрып, бірін-бірі жетелеп, жебеп кеткен алғашқы орыстың «крестьяндық коллизаторлары — беловодшылардан бастап, «бос жатқан тың жерді игереміз» деп, миллиондап

шұбырған целинниктерге дейін қоныс теуіп жерсінген жерді асыл топырақтың негізгі иесі қазақ-аборигендерінің менсінбеуі қалай? Менсінбейді емес, масаты кілемдей құлпырған Алатау баурайындағы таудан аққан балдай мұзарт суы зәмзәмдей, қысынан көктемі ұзақ, күзінен жазы ұзақ, Сәбеңшелеп айтқанда, «жеріне оқтау ексең жетек шығатын, жетек ексең арба шығатын» Алматыны, бау-бақшалы табиғаты, ауасы мамыражай оңтүстік өлкені қимай ма? Қайран Ғафу айтқандай, «Алматыдан ұшып шықсақ, ертеңіне-ақ сол Алматыны сағынып қаламыз». Ғұмырымыздың қырық жылы өткен, әжеміз, анамыз, қосағымыздың зираты жатқан астананы, алманың дәмін алғаш татқан Алматыны арқа қазағы — біз де қимаймыз. Бірақ болашақ астана, қажет етіп шақырса, бауырбасқан астанамызды, тауып алған баспанамызды қалдырып, жасымызғақарамай, біз де барар ек.

Бір кезде, алғашқы журналистік тілұстартуды жылы жақтың азаматтары Саттар Ерубәев та, Шерхан Мұртаза да қақаған Қарағандыда бастап, жазушы өмірінің қақпасы алғаш сонда ашылмап па еді. Мен білетіндерден бүгінгі Тұрысов, Құлмақанов сияқты көптеген азаматтар сол Арқада нағыз мемлекет қайраткерінің қызметінде тәжірибе, сабақ алып, ысылып, төселгеннен басқа, не жамандық көріпті?! Айта берсек, мектеп қабырғасынан шыға сала киіз қалпағын шоқ тесіп, киіз байпағымен от кешіп, горновой боп, металдыңқайнаған ыстығына болат қылыштай пісіп, парторгтың суық суымен суарылған, осы жерде алғаш білім алып, алғаш үй болған, бүгінде тарихымыздағы алғаш Президентіміз — Алатау бөктеріндегі гүл жазира Шамалғандық Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сол қатал қысты Теміртаудан не зиян шекті?

Сонымен, жаңа астанаға көшудің негізгі бесалты түрлі мәні, пайдасы, тарихи ерекшелігі ба-

рын білмеуіміз, не біле тұра атсалысудан қашқақтауымыз, уақытша болса да, жеке бастың қамы болса болар, бірақ халқыңыздың қамы дей алмаймыз.

Әртүрлі себептермен, оның ішіндегі басты себептері — 30жылдардағы «кіші Октябрь» заңсыздықтары салдарынан астанадағы қызмет, оқу орындарына қарай ұмтылу заңдылықтарынан, тың, тыңайған жерлерді игеруге байланысты тілінен, мекенінен, салтынан, тіпті қызметінен айрыла бастаған Орта жүз қазақтары Оңтүстікке қарай, Қытай, Монғолға, Ресейге көп ауды. Қазақтың ең көп, қалың отырған жері — Арқада негізгі тұрғындар азайып, ата мекен ойсырап қалды. Астананың ауысуына сәл ойсыратқан орынды аз-мәз толтырсақ, тіліміздің де, ұлттық қасиетіміздің де қайтадан кең өркен алуына мүмкіндік туар еді. Патшалық Россия кезіндегі маңайындағы өлкелерді «орыстандыру» саясаты ашық жүргенде, өз жеріміздің кем-кетігін қайта толтырудан — «қазақыландырудан» несіне бетімізден басамыз. Оның тарихымыздағы заңды, қажетті — объективті мәселе екеніне кімнің таласы бар?!

Егер, оңтүстік қазақтары солтүстік облыстарға қарай ағылса, оңтүстік өлкеде көбірек сақталған ата дәстүріміздің, салт-санамыздың, тіпті ағайын, көрші-қолаң арасындағы қайсыбір мұсылмандық имандылықтың да жақсы жақтары, бұл тарапынан да суи бастаған суық жаққа шуақтай жылылық берер еді.

Астана болған соң Үш жүздің ең таңдаулы, еліне жанашыр ұл-қыздары бір ортаға жиналып, араласып-құраласып, бірінің үлгілі қасиеті екіншісіне жұғып, құдандалы, жекжат болып, Үш жүздің ұрпағы бір-бірімен үйлесіп, табысып, әншейінде жүз-жүзге, ру-руға бөлініп, жікшілдік танытатын кейбір қазақтардың балалары, немере-шөберелері

генетикалық өзгерістерге түсіп, конгломераттай бірігіп, бір жұдырықтай, бір қуатты тастай болып бекіп, трайболизм індетінен айығуымызға да біраз мүмкіндік туар еді.

Жаңа астана қаласы да – өзіндік ерекшелігі бар, Батыс Еуропа үлгісімен де ғимараттар, тұрғын үйлер салынған, сонымен бірге бар мәдениетті тұрғысынан да тіршілік тағылымы жағынан да басқа шет ел қалаларына ұқсамайтын – Қазақстанның қаласы, қазақ исі – имандылық исі аңқып тұрған қала болуы тиіс.

Қазақта «ешкімнің ала жібін аттамайды», «қазақтың есігі күні-түні жабылмайды», «есікті күн батпай бекітіп алған не сұмдық» деген сияқты әр кезге лайық сөздер болушы еді. Қазір цивилизацияға жеткенде мұның бәрі ұмыт болды – есікті құлыптайтын болдық, біреу аз деп екі-үш құлып салдық; қос есік салдық; ол да сынатын болды, енді сынбайтын темір есік салдық; ол да ломмен жұлынып, тоқпен кесілетін болды, оны да қойып, енді сигнализация дегенге көштік; терезе атаулыны торлап – өз үйімізді өзіміз түрмеге айналдырдық. Айта берсек, осының бәрі не сұмдық? Жаңа қалада сол бұрыңғы шығыс дәстүрі басталса: әділ де қатал шаралардың арқасында есік-терезе құлыпталмай, машина жабылмай, көшеде күн-түн демей адам адамнан қорықпай жүретін болса, міне, осы тәртіп Ақмоладан басталып (жаңа қалада оңайрақ қой), басқа қалаларға ауысса, сонда бүгінде Президент алға қойып отырған тәртіп мәселесі жолға қойылып, Еуропадан үлгіалған қазақ қаласы – енді Еуропаға үлгі болар еді.

Жаңа қала жөнінде айтылар әңгіме көп – мұның бәрін қиял дейсіз, оқушым, бар арман, мақсатқа жету қиялдан басталып, әрекетті қимылға ауысса керек. Ең негізгі мәселе-жер, шекара дауынан, содан туып кетер қақтығыстардан, түбегейлі болмаса

да көп уақыттарға дейін құтылып, тыныс алу. Мәймөңкелейтін несі бар, бертінгі жылдары бірінен соң бірі талай сойқандар – Қарабахтағы, Тәжікстандағы, Абхаздағы, Шешендіктердің жеріндегі адам айтса, нанғысыз соғыстар жүріп жатқан жоқ па? Ал, біз ше? Біз құдайға шүкір, қақтығу-соқтығуды табиғаты сүймейтін жағасы жайлау халқымыздың момындығының, Президент пен шет ел, соғыс мәселелеріне байланысты басшыларымыздың дипломатиялық айлалы тәсілдері мен білгір саятшылықтарының арқасында бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Дипломатиялық ғұмырының азығы. Ол – бір жыл жүріп, екінші жылы тоқтап қалмайтын, қайта жылма жыл дами түсетін, тәжірибемен баи түсетін үздіксіз процесс. Тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болуымызбен байланысты біз сонау Абылай хан заманындағы екі қыспаққа қайта түстік. Мұны Ресейдің де, Қытайдың да еңкейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін біледі. Олар білгенде, қам жасап, сақтанатын біздер неге қауып етіп, қай жақтан қай тұстан шығатынын білгісі келер балаларымыздан неге жасырамыз. Елуінші жылдары ҚазМУ-дің әскери кафедрасында Бахалов деген полковник сабақ берді. Бірде содан: «Енді соғыс болмайтын шығар» деп сұрағанымызда, – соғыс болады, обязательно болады» деп шегелеп тұрып айтып еді. «Болмайды» деп көңілімізді ауламайсыз ба, жүрегімізді шайлықтырғанша» дегенімізге, ұрсып тастаған, соғыс болмайды десек несіне әуре боп сендерді үйретіп, дайындаймыз, соғыс болады!» деп зірк еткен. Логика дұрыс. Егер «соғыс болмайды» деп сеніп, күтінбесек, «жаман айтпай жақсы жоқ», несіне әскер ұстаймыз? Несіне, Қытай, Франция, тағы басқа елдер атом жарылыстарын сынақтан өткізіп жатыр?! Әрине, Армия ұстау соғысты болдырмау саясатының да бір түрі.

Атам заманнан бері халқымыз талай қырғынды соғыстарды басынан өткізіп, мың жығылып, мың тұрып пейілі мен жерінің кеңдігінен зардап шегіп келеді. Қазақтың асты да, үсті де бай иен даласына көз алабұртпаса, кешегі алыс берісімізді онша есептей қоймайтын советтік ашық ауыз кезіміздің өзінде-ақ Хрущевтің аузынан «Патшалық Россияның ғасырлар бойы жасай алмағанын мен бір-ақ жылда жасадым» деген аңғал да мақтан сөз шықпас еді-ау. Білдей коммунист Горбачевпен партия жүзін көрмеген Солженицын сияқтылардың халық алдындағы жауапсыз өндірішпектеуін қайда қоясыз?! «Қазақстанда орыстарды, орыс тілінде сөйлеушілерді қорлайды» деген жалған сылтаумен теледидар, радиоарқылы сөйлеп, тіпті жөн-жосық, рұқсатсыз Мәскеу қаласындағы Қазақстан елшілік үйіне баса-көктеп кірген арандатушы сотқар басқыншылықтардың әрекетін не дейміз? Орыс тілі де мемлекеттік тіл болсын, Қазақстанда екі азаматтық – екі паспорт болсын деп жүргендер де лаң салушылар емей немене? Солтүстік шекарамыздағы Омбы қаласында «Бізге қару керек жоқ, тек рұқсат берсеңдер болды, Қазақстанның теріскей бөлігін опоңай басып аламыз» – деп қала мәрінің, орыс зиялыларының «так-тагынан» ғана қаймыққан екі казак дивизиясы аттарына қонып, қылыштарын жалаңдатып қопаңдағалы қашан. «Қазақстанда теріскей бес облыста қазақтардан орыс көп, референдум жасап, Россияға қосыламыз» деген сөздерді де естіп жүрміз.

Қазір, Ресей басшыларының басы Думамен, сайлауменқатып, бір-біріменжақ-жақ болып төбелеске дейін барып, Шешендіктермен соғысты тоқтата алмай әуре боп жүр. Осы шым-шытырық жағдайлардан құтылып, ес жиып алса, үкімет басына Жириновский сияқты ақылынан есерлігі басым бір әумесер келсе, екі басты самұрық қиянға көтеріліп,

болат тұяғын қай жерге қадауды ойлап, екі көзінің қанталамасына кім кепіл. Мұны неге жасырамыз, мұны айтудан неге қаймығып, неге құпия етеміз. Мұндай пікірлерін кешегі патшалық Россия да кезінде жасырмай ашық айтқан: «Название свое город получил от урочище Ак-Мола, лежащего несколько южнее города. Казаки, желая захватить это урочище, стали называть и свое место Ак-Мола, и тем самым оставить ее в своих руках. План этот не удался, но название Акмолы так и осталось за казачьим форпостом... (Россия, Полное географ. описание, том 18. стр. 359)».

Фабит Мүсіреповтың 90 жылдық тойында: «Солтүстік Қазақстан облысы мен Ресейдің ұштасқан тұсына ешбір қарулы шекарашылар ұстаудың қажеті жоқ. Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Фабит Мүсіреповтердей рухани қаруымыздың осы арада туынның өзі жетіп жатыр» дегенім бар еді.

Қорыта келе айтарымыз, Астананы Ақмолаға көшіру – мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтудағы ең маңызды тарихи оқиға. Бұл – талай сөздермен, дау-дамаймен, адамзат үшін жазылған заңдардың қисынсыз жолдарымен, референдум сияқты оңай әдіспен, тіпті болмай бара жатса дөкірлік күшпен – зорлықпен бас идіргісі келетін арам жоспарлардың, екі елдің халқын бір-біріне айдап салатын, екі елдің арасын бүлдіріп, іріткі салатын зымияндардың, арандатушылардың, желіктірушілердің ініне су құю. Бұл – болашақта болуы мүмкін, ситуациялық дайындығы жүріп жатқан сойқанды пиғылдың тамырына балта шабу. Бір сөзбен айтқанда, бұл – ерте ме, кеш пе, тұтанғалы тұрған өртің алдына қарғаша салу, тасиын деп тұрған селге тосқауыл қою.

Міне, Ақмолаға астананыкөшіру – шекара шатағына алдын-ала жасалған психологиялық шабуыл, орны ғасырлар бойы толмас адам шығынымен емес, бес-он жылдық еңбекпен орны толар қаржы шы-

ғынымен елдің елдігін — иелігі мен билігін, ата мекенді қорғау, елдің тыныш бейбіт тіршілігін қорғау, сол арқылы тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін мықтап бекіту. Ендеше, өзінің балалық шағын өткізген, табиғаты — жерұйық, ата-мекені — Оңтүстік өңіріне отырмай, хандық дәуірдің қысы аязды, боранды, жазы дауылды, жауынды, табиғаты қатал Арқада, халқының екі бүйірінен тиер өкпек желдің өтінде, қазақ жерінің кіндігінде отыруды жөн көрген Абылай ханның стратегиялық данышпан ойын, тап бүгінгі заманды, қажет кезінде жалғастырып отырған Президентіміздің кемеңгерлігін қолдамау — осы күнге дейін түбімізге жетіп жүрген жершілдік пен трайболизм ауруына шалдыққан жікшілдік шылауында әлі де қалуымыздың, ұлттық сезіміміз бен намысымыз оянғанмен ұлттық санамыздың әлі де жетілмегендігінің салдары дер едім.

«Қазақ әдебиеті», 1996 жыл.

ҚАЛАНЫ БАСТАН (Жаңа астана жайындағы ойлар)

Бірде, Түрік елінде жүргенімізде, машина ішінде отырып, менің досым, таудай ақын Тұманбай маған кішкентай қалжың айтты: «Сәкен, осы сен «Ақмолаға барамыз» деп анада газетке жаздың, енді баратын шығарсың?!»

Мен де қалжыңмен жауап бердім: «Тұмаш-ау, сен дұрыстап мұқият оқымапсың, онда, «егер керек болсақ, біз де барамыз», деп жазып ем ғой. Бірақ, сен екеуіміз кімге керекпіз?!» Бұл сөзімізде, қалжың болса да, шындық бар. Жаңа астанаға жұмысқа тартпаса, асарын асап, жасарын жасаған адамдарды шақырмайтын сыңайлары бар. Әйтсе де, біз сияқты жазушылардың жаңа астанаға өзіміз өтпесек те, сөзіміз өтетін шығар, жата беретін жасқа жетпегенмен; бата беретін жасқа жеткен шығармыз. Ендеше, Ресейдің болашақ бітім-болмысына сәуегейлік жасаған Солженицынге ұқсамағанмен, жаңа Ақмола астанасының болашақ тіршілігіне, аз да болса, тілек айтқанымыз, ақыл қосқанымыз жөн шығар».

Ең алдымен жаңа астанада Қазақстан Республикасының атына лайық казак исі (исі казак деген сөз бар) шығып тұрса екен деймін. Мәскеуді, Парижді, Стамбулды, Берлинді көрген адамдар, сөз жоқ, ол қалалар неше жерден көп ұлтты болсын, Мәскеуде орыстың, Парижды француздың, Стамбулда түріктің, Берлинде немістің исін алдымен сезінер еді. Ендеше, Ақмола қаласынан неге рухани исі аңқымаса да білініп тұрмасқа. Оның, несі айып? Татариторлық режимде мұндай ниеттің бәрі «Ұлтшылдық» социализмге қарсы бағыттағы ниет болып табылар еді. Енді «дербестік алдық, тәуелсіздік елміз деп құр даурығып, іске келгенде несіне тосылып, несіне бұға береміз. Ендігі жерде бұға беру — айып, жасқана беру — ұят!».

Ал, қазақтың рухани исі деген не, оны қалай іске асыру керек? Қазақ рухының исі дегеніміз, — алдымен, — ұлттық тіл, содан соң — ұлттық дәстүр.

Замана ағымына орай, күн көріс жолынла өз ана тілімізді тәрік етіп, үйде де, түзде де, жасымыз да, кәріміз де, — тіпті бәріміз орыс тілінде ғана сөйлеп, сәлемдесіп келдік. Әлі де солаймыз. Оу, жаңа мемлекет басшысы орыс тілімен қатар ана тілінің де беделін көтеріп, мемлекеттік статус алып берді. Енді соны пайдалану, іске асыру, дамыту өз қолымызда емес пе. Ендеше, бәр-бірімізбен, басшы қызметкерлер шет елдің азаматтарымен, аудармашы арқылы қазақша сөйлеуге дағдылануға, басқа ұлт өкілдерін де достық, азаматтық дәстүрімен қазақ тілін сыйлауға жетектеуге болмай ма?

Қала көшелерінде жүретін автобус, троллейбус, трамвайларда аялдама ақпарларын қазақша да беруді неге бұлжымас қалыпқа түсірмеске?

Көшелердегі, ұрандар, транспоранттар, мекемелердегі, бағаналардағы жарнамалар, неге қазақ тілінде жазылмасқа. Темекі, ішімдіктерді уағыздайтын шетелдік жарнамаларға еліктеп-солыққанша, қазақ жарнамаларын әр тілде — орысша, ағылшынша, түрікше, арапша бадырайтып, қазақ табиғатының, жануарлар дүниесі мен суреттерін келтірсе — шет елден бір кем түспес еді-ау!

Цивилизация — урбанизацияның негізі екен деп, алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің, ежелгі, бертінгі дәстүріне, діни наным-ұғымына сай, замана толқынына лайық сәл өзгерістерге ұшырағанмен, сол елдің, сол ұлттың мінез-құлқынан қалыптасқан, бірақ, біздің дәстүрімізге мүлдем жат қайсы-бір қылықтарды өнеге етуден аулақ болу керек. Мұндай қылықтардың ең сорақысы — жезөкшелік (проституция).

«Ауруын жасырған — ауырмай өледі» демекші, жасыратын несі бар, қазір бар қалаларда, әсіресе,

Алматы астанамызда осындай жас қыздардың суық жүрісі белең алып кетіпті. Мұндай сорақылық, тәнін сату, қай заманда, қай дәстүрінде, қай дәуірінде бар еді? Асып кетсе, зинақорлық, нашақорлық дегенді құран сүрелерінде, не діни-мұсылманшылық орындарда қатты айыптаушы еді». Мұндай бейбастықтық қолдаушылар, демеушілер, — енді қайтсын, жастарға жұмыс жоқ, аштан өле ме?» деп арашаласа, Жириновский сияқты «философтар», «өз тәнін сату — өз қарабасына иелік, — нағыз демократияның тамаша көрінісі» деп шімірікпестен мадақтайды. Жәрәйді, ондай білгішітер өз қыздарын уағыздасын, жұрттың, қызында, болашақ аналардың, адамзат алыптарының маңынан аулақ жүрсін. Міне, жаңа астанада анаша тартпасын, жезөкшелік жасайтын, ұрлық-зорлық атаулыға қатал тиым салуды астананың алғашқы күндерінен бастап мұқият қолға алу керек. Сол сияқты шет елге әуестенбей көрінген жерде «Казино» ашып, кез келген жерде санаулы, қалталы адамдар ғана баратын, күнітүні жын-ойнақтың орнына айналдыратын ресторандар, мейманханаларды жиілетіп жіберуді де тізгендеген жөн. Мемлекет қалтасы байымай тұрғанда қара халыққа ортақ, арзанқолдау биллиард, шахмат, теннис ойындары мен қалтасы тайыз адамдар да бара алатын асханаларды, сыраханаларды көбейткен жөн. Ел басы айтқан мафия мен ұрықарылармен күрестің, бір жолы да, — осы айтқан, әзірше, көшілікке ортақ, сыпайы тіршілік!»

Біз естіген біз көрген Ақмола, Атбасар қалалары, ежелден, базарларға қысы-жазы сапырылған сары қымызға, сөрелері арқаның ғажайып жал-жая, қазы қартасына толы, ішіп-жемін сатып алса да, думанмен өткізетін сауықшыл ел. Атақты Балуан Шолақтың қымызшы Ғалияға ғашық болып, сауық үстінде өлмейтін өлең шығарғаны, Ақан Серінің Мәшһүр Жүсіп Көбеевпен діни айтысатын, тама-

ша ән-күй төгілетін жерлері осы ара емес пе еді? Қазақ исі, — қазақ дәстүрі деген қисыны келсе де келмесе де домбыраны тыңқылдатып, кез келген жерде жарасса да, жараспаса да қазақша шапан киіп, келіссе де келіспесе де сақал қойып, ұстарармен шашын алып, мен қазақпын деп кеуде соққандық емес. Дәстүрдің де дәстүрі бар. Еуропа мәдениеті екен деп, телевизор каналдарында батыстың үлгі-өнегелерін, киноларын, ән-күйлерін аратұра, жиі беріп, шетел ар-тистеріне үздігіп, өз өнеріміз бен дәстүрімізден, шығыс мәдениетінен де айырылып қалмайық, ағайын!..

Мәскеуден үйренетін бір жақсы дәстүр бар: Көшелерінің аттары, метро, аялдамалар, бүгін бар, ертең жоқ санаған қайраткерлерден арылған, тарихта қалар ұлы Пушкин, Гоголь, Толстой, Чехов, Тургенев сияқты өлмес есімдермен аталған, көшелердегі мүсіндер де — солардың өлмес, өшпес белгілері. Бізде де осындай, атақты адамдарымыз бар емес пе? Өзімізді құрметтей сыйлайтын, әлемге танытып, паш ететін уақыт жетті білем. Бұл жөнінен, Алматы астанамыз, басқа қалаларға үлгі бола алады. Сонда ғана, атын қояр атақты ерлері де, серілері де бола тұра, әлі күнге дейін Комсомол, Пролетар, Совет көшелерін сақтап, қимай, қарысып отырған Көкшетау сияқты қалалардың мәжілісқорларына да түрткі болар ма еді? Ендігі бір өте сақ қарайтын мәселе, арға, ұятқа, қазақ халқының, елінің-жұртының, мемлекеттің, абыройына дүние жүзілік биік деңгейге көтерілуіне байланысты мәселе — кадр мәселесі. Бұл да дәстүрге байланысты аса үлкен мәселе.

Кешелі-бүгін Ақмолаға қарай жаңа тұрғындарды отырғызған поездар Алматыдан кете бастады. Әзірше, кілең жастар. Менің көзіме бұлар — тура бұдан қырық жыл бұрын тыңға ағылып келіп жатқан целинниктерді елестетеді. Айырмасы — целин-

никтер «едем мы друзья, в дальние края» деп, жергілікті тұрғындарының тілін де, дәстүрін де ығыстырып тастап, кеше ғана орыс, украина, белоруссия жерін қорғап, шәйт кеткен ер-азаматтардың жерін «бос қалған қаңыраған, ежелден түрен тимеген тың, адам аяғы баспаған жапан түз», соны көркейтуге, жабайы жұртты өркендеуге келдік деп, ғасырлар бойы мал баққан елдің жайлауы мен қыстауын бас-көзге қарамай тепелеп, жыртып, рәсуалап, ойрандап, қалаған жерінен қала тұрғызып, сайлаған жерінен село, совхоз салып, жергілікті тұрғындарды бөлімшелерге қуып, бас-баспасына мемлекет қаражатымен (ссуда) үй салып, кейін сатып бұтып, байып, зытып отырған жоқ па еді. Олардың, нағыз шаруақор қарттары болмаса көпшілік жастарының жаны ашымайтын, ежелден қандарына оқулықтар, фильмдер, социалистік идеология арқылы қандарына сіңген ұлы халық» деген көпірме көтеруден кеуделеріне нан піскен, «бұратана халықты» отарлау дәстүрінен аспаған көшкін еді ғой. Ғасырлар бойы халық қалап қойған жер-су атауларын, сол иелерінен сұрамай-ақ, келіспей-ақ өз еркімен «Тың өлке, Целиноград» деп қоя салған нойыс дәстүр емес пе, еді.

Ал, бүгінгі астананың жаңа тұрғындарының айырмасы бұдан кереккер болуы керек қана емес, заңды құбылыс. Жаңа астанаға жиналып, жаңа қызмет атқаратын адамдар — бөтен жерге, бөтен елге бара жатқан жат жұрт емес, Ресей сияқты іргелі елге, іргелес тұрып, біз де, иініміз салбырамай, иығымыз биік иықтасса тұратын елміз дегенді сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсете білетін жандар. Өз елімізді көркейтемін, өз елінің байлығына иелік етіп, төкпей-шашпай халқымның игілігіне асыруға басшылық етем деуші — Қазақстан азаматтары. Бұл арада трайболизмнің ескі құйыршығына да, жершілдік жетімсіздікке де, ұлтшылдық, шовиниз-

мге де жол жоқ. Бұл арада жаңа қызметкердің білгірлік, іскерлік, жауапкершілік қасиеттері ғана — кадр таңдаудағы алғы шарт. Әрине, сөз жоқ, бұл үлкен мәселеде, ел басы айтқан ескерту де далада қалмаса керек. «Қызметкерлердің басым көпшілігін сол астана төңірегіндегі региондардан іздеу керек» (сөзбе сөз емес) деген сөзде, елімізде өтіп жатқан жаңалықтарды, қайсыбір амалсыздықтарды ескер-тоқталған болуы керек. Кеше ғана облыс орталықтары қысқарып, облыс көлемі іріленген де қызметсіз қалған талай басшы, іскер қызметкерлер, екі қолын қусырып қаңғырып қалған талай басшы, іскер қызметкерлер, екі қолын қусырып қалған талай қабілетті жұмысшы, шаруаларға қамқорлық жасау керек, ізін суытпай іздеу салу керек, бала-шағасын, қараорманын жүдетпеу, күйзелтпеу керек деген кемеңгерлік ойдың түйіні шығар.

Облыстар тарап жатқанда, осындайда қайда жүрсің бай-баламдап жар салмай» деп күстаналаған куәгерлерім айтар, сол Арқалық, Семей, Көкшетауда абыржыған жұрттың басы-қасында болдым, естіген құлақта жазық жоқ, кейбір ашынған, алқынған жандар, істің байыбына бармай, «бұл — Орта жүзге жеткен нәубет қой!» дегендер болды. Олай деуге қисын жоқ: Егер ел басының, орта жүзде өштігі болса, сол жүзден жар сүйіп, сол жүздің тап ортасына орталықты апарып қондырмас еді-ау!

Осы кадр мәселесіндегі тағы бір пікір өз басым, ел аралап, облыс, аудан көлеміндегі өзгерістерді бақылап қадағалап, сынай жүріп тәжірибеме тоқып, түйгенім — осы бір «Команда» дегеннің пайдасынан залалы көп. Бір кезде, Ресей басшыларының мансапқа, байлыққа талас кезінде осы бір команда деген сөз баяғы «Тимур и его команда» деген бұрынғы Гайдардың шығармасынан алынып, бүгінгі Гайдардың төңірегіне телінді. Балалық ойын Тимур мен оның командасы соғыс жылдарында қолы қысқа

адамдарға пионерлердің көмегі ретінде, жақсы қызмет атқарды. Бірақ, бала ойынына үлкендердің ойыны қабыса қояр ма екен?! Ел басының айтуынша, білгір, ширақ, ақылды адамдардың, өзінің тәуір идеясын алға сүйрейтін жандардан қызметкер-көмекшілер таңдап ал деген бағдар жатыр. Ал, осыны, көпшілік басшылар дұрыс ұғынып, дұрыс жанапшырлық пен кемеңгерлікпен іске асырып жүрме? Бір ғана мысал, Көкшетау жұртшылығының ұйғарымымен осы жолдардың авторына бір үй (қазіргі коммерсанттардың үйлеріндей) сала бастағалы» облыс әкімшілігінде алты әкім өзгерді. Бір үй біткенше, алты әкімнің кезінде әкімшілік қызметкерлерде тәуірі де, жауыры да қолдың кіріндей жуылып, «биаладай алмастырылып» аласапыран болды. Ақыры қала, аудан мұздай қатып, көрдей қараңғыланып суалып, тамағы таусылып, облыс орталығы жабылып тынды. Бұл — көп облысқа тән әрекет. Әлі қазақтың ұлттық сезімі оянғанмен, әлі ұлттық санасы ояна қоймаған дәуірде, «Команда» деген, өзінің руын, не сыбайласын, не жылмақай жерлесін, не сабындай жылпосын төңірегіне жинайтын, өзіне қарсы пікір, ой айтатын, іскерлігі мен беделі асқан «қарсыласын» сыртқа тебетін солақай басшылардың, қолына жылы су құйғанмен бірдей. Президентіміз «күн құрғатпай күресуіміз керек, құртуымыз керек, ініне су құюымыз керек» дейтін мафия, коррупцияға негіз болатын да осы жетесіздік.

Бірде, алыстан сыйласатын Байзақ дейтін, аты да, аппақ шашы да, жүріс-тұрысы да, бірге жүрмесек те, естуіміз бойынша Бальзакқа ұқсас бір ғалым замандасым «Россия» магазинінде кездесе кетіп, бас салып мені кінәлады. Тұмашса қалжыңдаған жоқ, тура «қуғынға ұшыратты»... Мына балдызың «Ақмолаға барамыз. Ақмолаға барамыз» деп алдымен қақсаған адам... Әй, өздерің Алматыдан кетіңдерші!»

деді. Мен, елден келген жездемнің алдында, төбемнен мұздай су құйған адамдай үндей алмай қалдым: Зиялы адамның «өздерің» деген өрескел сөзінен, астанаға келіп өнегелі сөз естиін деп келген ауыл адамынан ұялдым. «Әй Байзақ-ай, Бальзак!-ай, Алматы төңірегіндегі туған ауылың — атамекенің, ататегің жатқан бейіттер, зираттар сенікі болса болар, ал астанадағы сен сияқты менің де үлесім, менің де атым бар. Егер алғаш он алты жасымда келіп алғаш университетті, оның аспирантурасын Алматыда бітірсем, алғаш махаббатым осында оянса, алғаш үйлі-баранды, мекен-жайлы болсам, алғаш әңгіме, романдарым осында шықса, алғаш пьесаларым астана театрларында қойылса, оқытушылық, журналистік қызметтерім осында басталса, үкіметім атақ-даңққа осы қалада бөлесе, кең сайда 97-дегі әжем, 65-тегі анам, 39 жастағы үш баламның анасы жарым жатса, бүкіл өмірімнің 43 жылы осында өтсе, неге Алматы — менің туған астанам, туған елім, туған Отаным болмасқа. Ал, шынына келсек, екеумізден бұрын бұл астана «Верный» қаласынан кейін, астана етіп үлесін қосқан, астананы көркейткен, еңбегін сіңірген ғалымдар Байтұрсынов пен Сәтпаевтікі, саяси қайраткерлер Жандосов пен Сейфуллиндікі, ақындар Мағжан мен Ілиястардікі, әншілер Күләш пен Әмірелердікі, әртістер Қуанышбаев пен Жандарбековтердікі, композиторлар Жұбанов пен Қалдаяқовтардікі (әр саладан екі-екіден ғана айтып, тірілерді қоспай отырмын). Ендеше, астана қашанда сол қалаға, бүкіл халқына еңбегі сіңген адамдардікі. Иесі солар.

Иә, Ақмоланың ескі, жаңа тұрғындары, сіздерді Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлынан бастап, жаңа жердегі жаңа еңбектеріңізбен, бұрыңғы астанада қалған қала жұртшылығы атынан, жазушылар атынан, құттықтаймын! Жоғарыда айтылған ардагерлердей ер көркі жас буын өсіп, жетіле берсін. Ақыл

көркі – қариялар молая берсін. Жаңа астана көп ұзамай дүние жүзіндегі Мәскеу – Санкт-Петербург, Стамбул – Анкара, Вашингтон – Нью-Йорк, Пекин – Шаңхайлар сияқты дүние жүзіне әйгіленіп, Алматы – Ақмола деген аттары әлем астанасында жарқырасын!

«Қазақ әдебиеті», 20 қазан, 1997 жыл.

ЖАҢА АСТАНАҒА ЖАҢА АТ

Ақмоланың аты талай рет (Қараөткел, Целиноград) өзгеріске түсіп, соңғы кезде қайтадан атын алғандығын айтып, қала есімін қорғаштаған болдық. Солардың бірі болып мен де араша түсіп едім: Қазақ атауларына «ақ» сөзі қосылғанда, ол бағалы атауға ие болады. Мысалы, «ақ жүрек», «ақ көңіл», «ақ өлім», «ақ ниет», «ақбата», «ақжол», т. б. Ендеше «Ақ мола» атауы да «мола» сөзіне қасиетті мазмұн беріп, зират, (мавзолей) мағынасына айналдырып тұр. Осындай дәлелдермен қанша ұстай тұрсақ та сәті болмады. Тағы да өзгеріске түсейін деп жатыр. Жарайды, ендеше, «Мұның аты Целиноград болсын» деп жүрдім-бардым айта салған Никиташаламай сәл ойланып, ойымызды ортаға салып, ортақ бәтуаға келсек, орынды болар еді.

Кейінгі кезде жаңа астананың аты Қазақстан болады екен дегенді естідік. Қисынсыздау. Республиканың атын астанаға беріп кез келген құжаттарда, сапарларда, өмірбаянды екі Қазақстанды бір-бірінен ажыратып жатудың қиындығын ескерген жөн. Бір-екі мысал: «Мен көкшетаулықпын, әкем ақмолалық» деген түсіндірме Ақмола аты өзгерген соң, «мен көкшетаулықпын, әкем қазақстандық» деп айтылса қалай түсінуге болады. Мәскеуден ұшақпен ұшайын деп тұрған адамға: «қайда ұшайын деп тұрсыз?» дегенде, «Қазақстанға» десе қалай ұғар едіңіз? Немесе, «Қазақстан даласында биыл егін бітік шықты» дегенді «Қай Қазақстан» деп ежіктей сұрағанмен теледидар, не радио дикторы сіздің сұрағыңызға құлақ аспай, қайтадан ажыратып түсіндіре ме? Камчаткадағы Петропавл, Қазақстандағы Петропавл дегеннің ыңғайсыздығын көріп келеміз ғой.

Орынбор қаласында 1917 жылғы шілдеде өткен қазақтың 1-құрылтайына «Алаш Орда» үкіметінің

құрылғанына биыл 80 жыл толды. Осыған орай және 1930-37 жылғы нәубеттерді қоса биылғы жылды, Президентіміз «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп атап, кемеңгерлік жасап отыр. Бұл бізге де ой салса керек: Биыл орныға бастаған астананың атын неге «Алашорда» атамасқа. Қызылордаға үйренген құлақ, елі, жері үшін құрбан болғандарға ескерткіш ретінде, сый ретінде де аталмыш Алашордаға неге «төселмеске?». Тіпті «Алаш» деп атауға да болар. «Алаш» – «қазақ» атауының баламасы емес пе? Егер астана аты Алашорда болып, Президенттің резиденциясы «Ақорда» (мүмкін, «Көкорда») атанса, қандай жарасымды үйлестік.

Енді Ақмола атының да жоғалмайтын орны бар. Ертедегі Қараөткел жұртының оңтүстік жақ бетінде «Ақмола» деген бейіт болыпты. Ол күншілік жерден аппақ шағаладай боп көрініп жатады екен (ол маңнан ел балшық алатын). «Бірде Кенесары қазақтардың бекетіне шабуыл жасағанда, Ақмоланың маңынан өтерде жауын жауып, ақ балшық бұлақтай жылап ағып жатса керек. Сонда бір көріпкел Кенесарыға: «Ай, хан ием, бұл жолы тағы да жолымыз болмас, аруақ аналар егіліп, ақ сүт ағып жатыр ғой!» дегенді бала кезімде әжемнен естігенім бар еді. Кейін, бір кітаптан бұл аңыздың шындыққа жанасымды екеніне көзім жетті. «В 1838 году город был осажден Кенесарой, но казаки, запертые им в казарме, тем не менее отразило его нападения. Название свое город получил от урочища Акмола, лежащего несколько южнее города. Казаки, желая захватить это урочище, стали называть и свое место Ак-Мола, думая этим восстановить неделимую связь всей местности и тем самым остановить ее в своих руках. План этот не удался, но название Акмолы так и осталось за казачьим форпостом («настольная и дорожная книга

для русских людей» С. Петербург. Издание Девриена. 1903 г.).

Неге ендеше, қала сыртына болашақ Ақмола зиратына лайықты орнын белгілемеске. Туу бар да, өлмек бар. Сонда ол зиратқа күпіршілікпен күнә арқалап емес (өзі атылып, асылып, у ішіп, өзіне-өзі қол салып өлгендер емес), таза ақ өліммен өлген елдің аяулы, қадірлі, зиялы азаматтарын арулап қоятын ұлы ақ зират, яғни Қожа Ахмет Яссауиден кейінгі қаситетті Ақмола болар еді. Ертеде Түркістанға Бөгенбайдың мәйітін алып өткен Есілдің өткел берер қарасулы тайыз тұсын «Қаралы өткел» деп, кейін Ақмоладан бұрынғы қыстақтардың атын Қараөткел деп қойғанын естігеніміз бар. Ал, енді бұл заманда қайтыс болған атақты адамды алысқа сүйретпеге салмай-ақ Ақмолада азалап қойса, ол да жаңа заманның бір ғанибеті. Мүмкін, болашақта, еліміз аяғынан қаз тұрып, қаражат көрпесі қалай көсілсең де жетер шақта Ақмоланың алдына Ақсақ Темірдің бұйрығымен салынған тарихи ұлы белгі Қожа Ахмет Яссауи сағанасындай болмаса да, соған жетеғабыл бір ғимарат Қазақстан Президентінің жарлығымен салынса, бұл да дүние жүзінің өркениетті елдеріндегідей, аруақтар рухын сыйлайтын қазақ жұртының да тәуіп етіп, келіп-кетіп жүретін ғажайып тарихи зиратына — Ақмола замана зиратына айналар еді.

Сонда «құда да тыныш, құдағи да тыныш» дегендей, Ақмола атын қимайтындардың да, басқа ат іздеп өзін-өзі қинайтындардың да көңілі тыншып, бір жайлы болар ма еді?!

«Жас Алаш», 17 мамыр, 1997 жыл.

АНКАРАДАҒЫ АБАЙ ПАРКИ

Азия мен Еуропа жерінің қос пұшпағын бірей жайлаған, екі құрлықтың кең дариясын — шалқыған қос теңізінің ортасын жіпсіз байлаған түрік бауырларымыздың мекеніне бұл үшіншірет келуім. Келген сайын ойыма алғаш оралатын ұлы ақын Мағжанның Түркістан толғауы.

Түркістан — екі дүние есігі ғой.

Түркістан — ер түріктің бесігі ғой,

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің тәңір берген несібі ғой...

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?.. — деп жиырма жеті шұмаққа бүкіл Тұран елінің, түркі тілдес елдің тарихын, белгілі ерлерімен қоса сыйғызған, білгірлік пен білімділіктің, ойлық пен саналылықтың көрсеткішіндей, ғажайып сырлы да мәнді жырмен сыйғызған ұлы ақынның қайта оралған осы толғауындай, келмеске кеткен тарихымыздың қайтадан дүниеге келгеніне жүрегің бір толқымай тұра алмайды. Түрік еліне, жеріне шақырумен, қызмет ретімен, өз еркіңмен, өз бетіңмен келген сайын өткен тағдырға толқып, жаңа тірлікті көріп жаңарғандай, жаңғырғандай болатының да содан. Ұлы Қожаберген ақынның:

«...қарындас айырылған жаман екен.

Мәлтілдеп екі көзге жас келеді» — деп, қамыға күрсінетіні де, өзінің қазақ бауырларынанғана емес, басқа да тілі мен діні бір бауырларынан ажырасып, қилы-қилы жаманда шашылып, төгілгеніне, алысқа кетіп, ауылымен ауласы амалсызбөлінгеніне, бір қарынныншыққан осындай қарындастарының іргесі сөгіліп, қандастарын жоғалтып алғанына қабырғасы қайысып қан жылаған емес пе еді. Мұны Түрік

елі де, жекелеген түрік азаматтары да біледі. Соның дәлелі емеспе – Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болғанын алғаш мойындап, алғаш қолдап, ұлттық қуанышты бірге бөліскен бірінші ел – Түрік мемлекеті болуы. Содан бері екі ел достығын, арақатынасын нығайту жолында 67 құжатқа екі жақ қол қойған екен. 1991, 1992 және 1996 жылғы Алматы мен Анкарадағы әдебиет, өнер күндерінің, кинофестивальдардың өтуі, Түркияда Қожа Ахмет Яссауи, Абай, Жамбылдың мерейтойларының өтуі. 1992 жылдан бері шет ел мемлекеттерінің ең алды болып Қазақстанға Түрік үкіметі тарапынан берген 200 миллион кредиттің іске аса бастауы, Қазақстанда өнім өндіріп жатқан 2025 шетелдік фирмалардың 319-ы Түрік елінікі болуы екі ел басшыларының қолдауымен Ахмет Яссауи халықаралық университетінің ашылуы, қазақ жерінде ашылған қаншама лицейлерді айтпағанда, Түркияның ірі-ірі қалаларында екі мыңға жуық қазақ жастарының жоғары білім алып жатуы. Яссауи ғимаратының, Медеу мұз айдынының (спорттық жүйе) жөндеу жұмыстарының, Алматыдағы, Астанадағы «Анкара», «Алатау» мейманханаларының салынуына көмек, 1994 жылдың 17 қазанында екі ел достығы мен арақатынасын нығайту туралы шартқа президенттер Н. Ә. Назарбаев пен С. Демирелдің қол қоюлары – Ұлы достықтың шын айғағы емес пе?!

Халықаралық Жазушылар одағы президентінің ұсынысымен алғаш қатысқаным – атақты Жейлан (Интерконтиненталь) мейманханасында өткен Қорқыт бабаға берілген ас. Түркияға бірінші келген сапарымда Ақкесер деген жетпіс мыңдай тұрғыны бар шағын, сұлу қаланың сыртындағы биік дөңнің басына орнатқан Ата Түріктің дәу ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоғын қойып тұрғанымызда, намыздагер кезі болатын, қаланың аспаны күңгірлеп күңіреніп жүре берді. Намазға шақырған жетпіс

қоңырүнді, бірде қоңыраудай дауысты мүәзіннің, бірде қосыла шырқыған хор-мақамы. Бүкіл дүние жүзі, бүкіл көк аспан, сонау түпсіз ғарышқа дейін терең үнмен, бір мақаммен тұла бойынды шымырлатарлық намаз оқып тұрғандай. Бұл не десек, шаһарда жетпіс мешіт бар екен де, сол жетпісі бір мезгілде қосыла күңгірлегенде қандай әсер алатыныңызды ойлаңыз?! Бұл бізге керемет үлкен әсер қалдырды. Бірақ, екінші кері әсер де болды: «Ал, осы жетпіс мешіті бар шаһарда неше театр бар, кемі жеті театр бар ма?» деп сұрағанымызда, қала басшылары неше театрдың санын айтпақтүгіл жоғын, не барын айта алмады. Мен іштей «ә, өнерге онша мән бермейді екенсіңдер» дедім де қойдым.

Екінші келген жолы, әдебиет пен өнердің онкүндігі болатын. Өнердің әр жанрындағы әртістеркең сахнада өз өнерлерін көрсетіп жатқан. Соның ішінде біздің балет театрымыздың ең үздік екі әртісі билеген кезде, залдағы зиялы қауымның көбі теріс қарап, не төменбұғып, қашан балетбиі аяқталғанша сахнаға беттерін бұрмай қойды. Бидің ең кереметі, профессионалдық шыңы деп жүрген бұл өнерге порнографиялық әдепсіздік деп түсінген қауымға біз де онша түсінбеп едік. Сөйтсек, сәл қателескен екенбіз. Біз ойлағандай, Түрік әдебиеті мен өнері онша өріссіз қалған жоқ екен. Ол әлі тым жақындасып, араласып, құраласып кете қоймағандықтан туған біліксіз әсер екен. Келесі күндердің бірінде Қазақстан делегациясы (негізгісі жазушылар) «Түрксой» деп аталатын (президент Бұлбұлұғылы, бес жылда бір сайланады, бізден де президент сайлауға қақылы екенбіз, әттең, қазақтардың басы қосылып, бір қазақты сайлай қояр ма екен?..) қоғамдық, мемлекетаралық үлкен ұйымның ғимаратындағы жиынға келгенде, ол қателігімізге көзіміз жеткендей болды. Бізге тарту еткен Абай, Жамбыл, башқұрттың «Орал батыр» дастаны, тағы

сондай тәжік, түрік, сақа елдерінің атақты фольклорлық шығармаларының (эпос, дастандар) аударма кітаптарының өзі-ақ біздің аз да болса соқыртекке ойнаған көзімізді ашты.

Ал, бұл жолы, өз басым, көзімді ашып қана емес, көңілімді бұрып, көкірегімді ашқандай болды. Түрік халқы, үкіметі ел тарихына, ауыз әдебиет үлгілеріне үлкени ілтипатпен, бағалы, ойлы, зерделі көзбен қарайды екен. Қорқыт атаның арнайы шығарылған жинақ кітабынан, оған жасаған ғажайып үлкен жарнама-плакаттан, сонау VIII ғасырда бүкіл Түрік елінің атамекенінде, қазіргі Сырдария бойында өмір сүрген Қорқыт ата жайында жасаған Түрік премьер-министрінің орынбасары Ахат Андижанның (ұлты өзбек) білгір баяндамасынан, он-екі орындық биік дөңгелек үстелдерге қойылған жүздеген шырақтардың төңірегінде (электр жарықтарын сөндірген) асқа жиналған, көпшілігі ел ардақтылары, зейнеткер ақсақалдардың отырыс-тұрысынан, әңгіме-сұхбаттарынан ауыз әдебиеті, ел тарихының түпқазығы – ежелгі әдебиет өкілдеріне деген махаббатына жалпы Түрік елінің өнерге деген махаббат, ықыластары көрініп тұрғандай. Айнала отырғанақсақалдарға менің баяндамаға толықтырма әңгімем де қатты әсер етті білем: бұрынғы Жейхун, Сейхун жерінде, Қазақстан жерінде Сырдың бойындағы Қорқыт атаның бейітін үлкен бір тасқын кезінде су шайып кетіп, 1980 жылы Қармақшы ауданының партия хатшысы, ардақты азамат Елеу Көшербаевтың жігерлі еңбегінің арқасында зәулім қобызға ұқсатып салған зираттың барын, оның желдікүні Қорқыттың қобызынан шыққандай зарлы-күйлі үн шығарып тұратынын, Қорқыт ата жайында талай ғылыми, көркем шығармалар жазылғанын, әлі де Қорқыт ата жүрген жерлерде археологиялық зерттеулер ұйымдастырылып, ел арасында ұмытылып қалған деректерді қайта тіріліп, ғылы-

ми жұмыстарды тоқтаусыз жүргізіп жатқанымызды, Күмісбаев Кенжебек сияқты бүгінгі талантты композиторларымыздың симфониялық шығармалар жазғанын айтып, «Дәдәм Қорқыт — біздің де атамыз, ортақ атамыз, ортақ тарихымыз, ортақ тіліміз, ортақ қазынамыз» деп, кейбір қарттардың, өнер адамдарының сұраулары бойынша жарнамадағы бір суретке қарап отырып, Қорқыт атаның суретін қолма-қол салып (оңай салынады) сыртына, тағы да сұраулары бойынша — Елеу ақсақал бас болып салған зираттың қай жылы екенін көрсетіп, енді біреулеріне есімде жатталған Мағжан ақынның толғауының бір ауызын да жазып, тарихымыздың, еліміздің жақындығын одан сайын дәлелдей түскендей болдым:

*«Ертеде Оқыс, Яқсорт — Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін».*

Осы жолы тағы бір айта жүретін әрі қызық, әрі ой салатын бір оқиға болды. Ол — сексендегілердің неке қиып, үйлену тойы. Кемпір 80 жаста, ал шал 84 жаста. Өңдеріне, жүріс-тұрысына, тіпті той үстінде маңындағылардың, неке қиюшылардың сұраулары бойынша бет тақастырып сүйісудің ишаратын жасағанның өзінде нағыз жастардың бір-бірін ұнатып, шын жүректен қауышатын сәттеріне ұқсайды. Бір сөзбен, өте пысық жандар. Әйтсе де, қанша дегенмен жетім жандар ғой. Екеуі де жастары жетіп, ендігі жерде күрмеуге де келмейтін қысқа ғұмырын «Қарттар үйінде» өткізуге бел байлаған адамдар екен. Біз мұсылман елінде мұндай жағдай болмайды деп ойлаймыз. Сөйтсек, бұл тіршілік Түрік еліне де жеткен екен. Бірақ, айта кететін бір жай, ондағы «Қарттар үйі» біздегіден мүлдем болмаса да, көшілгері жағдайда. Израильдегі капиталист қарттардың байлыққа малынған «Қарттар үйіне» дәл

ұқсамағанмен, мұндағы қайырымдылық үйі де қарттардың көңілінен шығатын, қашан о дүниеге аттанғанша әркімнің өткендегі қадір-қасиетіне, ел алдындағы еңбегі мен табысына да орай күтетін, бағасына қарай бағысы да тәуір көрінеді. Соның бір дәлелі — екі қарттың үйлену тойына жиналған қала жұртшылығынан көз сүрінеді.

Қала әкімшілігінің қайырымдылық бөлімінің адамдарын былай қойғанда үкімет тарапынан келген белгілі басшы қызметкерлердің арнайы құрмет тұтып келістері де жарасып тұр. Анкарадағы ең сәулетті ғимараттардың бірі «Хильтон» мейманханасындағы екі қарттың неке қияр кезіндегі, тойдumannың үстіндегі бірінің үстіне бірі шығып кеткен, бірінің арасына бірі қыстырылып, ең қызықты да тебіреніс сәттерді түсіріп жанталасқан құжынаған фоторепортерлерді көрсеңіз. Қартайған шақтарында бір-біріне сүйеу болған екі қарттың қуанышын тік көтеріп тойлаған түрік қауымының осыншама тамаша тіршілігіне, мұсылманшылық қайырымдылық рәсіміне біздің көңіліміз толып толқып тұрдық... Тойдың бір қызығы дейтінім, мұндай тойлар біздің елімізде болмағандықтан, ерсілеу көрінді ме, әлде балалары «Қарттардың үйіне» өз қолдарымен тапсырып, бірақ өзінен бай, қаражаты молдау қарт әйелге үйленуіне сол балаларының қарсы болып, бірақ үкімет тарапынан басқаша қамқорлық көргені, қолы ұзын кемпірдің қолы қысқалау шалға қамқорлық қол ұшын беріп, «қарттың достық, махаббат көңілін қолдағаны, бір-біріне таянар таяқтай, сүйсінер сүйеніштей болғандары әсер етті ме, мен екі қартпен суретке түсіп, бір ауыз қалжың өлең жаздым («Күлсең кәріге күл» деген):

*Қызық бар-ау дүниеде
таңқаларлық сан қилы,
Біреу өліп жоқтықтан,
біреу тоқ боп шалқиды.*

Сенбе мейлің, сен мейлің —

Анкарада бір күні

Сексендегі кемпірге

Сексендегі шал тиді, — деп толқынды көңілден туа салған толғау сияқты өлең шумақтарын келесі күні жалғап, сол түннің, сол тойдың, қарттың өмірі жайлы сол ойдың ескерткіші етіп, өз архивіме салып қойдым.

Бұл жолғы ең үлкен толғанис Анкара қаласының ішіндегі табиғаты да, соған лайық салынған үй құрылыстары да сұлу аудандарының бірі «Кешорын» деген ауданның тап ортасынан ойып тұрып құрған, мәрмәр тастармен, суы меруерттей таза, кәусар бұлақпен, көздің жасындай таза атқылаған сулармен, көздің жауын алғандай неше бір гүл-гүл жайнаған екпе гүлдермен безендіріліп, жасандырылған Абай паркінің ашылуына байланысты болды. Бұл біздегі Панфиловшылар немесе бұрынғы Горький атындағы демалыс парктеріндей аса көлемді емесі Көше-көшенің ортасындағы шағын алаңға (сквер, бульвар деуге де келмейтін) жасалған, үлкенді-кішілі адамдардың демалуына, бұлақ маңында, бұлақ үстіне төселген ағаш көпіршелердің үстінде, арнайы сәкі, орындықтарға отырып әңгімелесіп, не саз аспаптарымен ән айтып, бір сөзбен — демалып отыратын қала ортасындағы ыңғайлы, жайлы орын. Арнайы күзетке, әрі гүлдерге су жіберіп, тас, мәр-мәр жолдарды тазалап қызмет ететіндерге арналған үйі бар бұл демалыс орнын түрік бауырларымыз Парк деп атайды екен.

Біз Қазақстанның жалауы қадалған жеңіл мәшиненен келіп түскенімізде, көше бойлай лық толған адамнан көз сүрінеді. Сол маңдағы, басқа аудандардан да жиналған қошаметшіл адамдардың қатарында еңкейген шал мен еңбектеген балаға дейін бар десем, артық айтқандық болмас. Бәрінің көздерінен, сөйлеген сөздерінен, тіпті отырыс-тұры-

старынан туысқан елдің ұлы адамына – ардақты Абайына деген жай ғана құрмет, ілтипат емес, бүкіл түркі тілінде сөйлейтін халықтарға ортақ тұлғаның ортақ тойына келгендей, ғажайып бір салтанатты, көрікті құбылыс байқалады. Кешорын ауданының басшы әкімі Алтыноқ Тұрғыт Абайдың ақындығы, философ-даналығы, Шығыс әдебиетіндегі орны, оның бүкіл түркі тілді әдебиеттегі ұлылығы, тағы басқа қырлары жөнінен, оның түрікше шыққан кітабы, ол туралы жасалған баяндамалар, жазылған мақалалар, оның түрік мектептеріндегі оқу программаларына кірген шығармалары – бір сөзбен, түрік елінің оған деген шын ілтипаты мен берер бағасы туралы ұзақ баяндама жасағанда, ұлылық-кішілі халық тырп етпей ықыласпен тыңдап, ара-тұра қошаметпен қол соғып тұрды. Алтыноқ Тұрғыттан кейінгі аудармашы арқылы сөйлеген менің сөзіме де әжептәуір құлақ асып, қазақ жазушысы деген соң балаларға дейін қызықтай қарап, кейін мені айнала қоршап, қайта-қайта топ-тобымен суретке түсті. Менен соңғы сөйлеген, жай сөйлеген емес, ұзақ-ұзақ көсілген (жалпы менің байқауымша, Анкара мен Ыстамбұл зиялылары, бәрі дерлік, жиналыс, отырыстарда ұзақ-ұзақ сөйлеуді, мәндеп, мәнерлеп кеп тартқанды ұнататын сияқты) ел ақсақалдары, өрелі қызметкерлері Абай жайында, екі қандас елдердің достығы, тарихи байланысы туралы өз білетіндерін, естігендерін ортаға салып, қаншама уақыт мінберден түспей тұрып алғанда, әр сөзге айыздары қанып, айта түссе екен, біле түссек екен деген адамдар орындарынан тырп еткен жоқ. Ең соңынан Қазақстанның елшісі Балташ Тұрсынбаев қазақ елі атынан сөйлеп, қазақ халқының деген ежелден айқара ашылған достық, татулық құшағы кең екенін, Анкара қаласының аса бір аяулы, қадірлі жерінен ұлы Абайға орын бергендеріне қазақстандықтардың, Елбасының мол-мол рахметін

айтып, шын көңілдерін білдіретінін жеткізіп, сөз соңында қазақ елі тарту еткен сый-сияпаттарын ұсынған ұзақ та қуанышты сәттердің өзінде, аспаннан нөсерлей жауған жауынға қарамастан, салтанатты жиынға сән-салтанатымен, той рәсімімен киіп келген қымбат киімдерінің малмандай болғанын да елеместен Абай ескерткішінің лентасы қиылып (ойламаған едім, маған қиғызды), ақ жаулықтай әшекейлі ақ жабуы ашылғанша тағатсыз күтіп, одан кейін де көпке дейін сол арадан тарқамай қойды. Түркияда оқитын қазақстандық бір топ студент жастар, көздерінде жауын нұрымен бірге қуаныш нұры жарқылдап, ұлы классиктің «Айттым сәлем, қаламқас» әнін шырқады. Білетіндеріміз тегіс қосылдық. Анкара – Кешорын аспанында қазақ әні хақ тағаланың жаңбырымен араласып, бүкіл далаға жасағанның нұрлы шашуындай себелеп, жаңбырлы бұлттың қанатымен қанаттаса ұзақ уақыт Түркия аспанында ілініп тұрды.

Паркті, ескерткішті ашу рәсімінен кейін Қазақстан елшілігі мол дастархан жайып, той дәстүрін жалғастырды. Анкара сыртындағы бір кең жайылымда жылқы ұстайтын, қой, сиыр бағып отырған қазақ малшысы дайындаған қазы-қарта мен қысыжазы бұзылмайтын ішімдік (шарап, арақ) орнына қалбырға, шөлмекке консервациялап құйған, апталап, айлап бұзылмайтын қымызға мол кенеліп, қазақ, түрік студенттерінің қазақша, түрікше ән-күйлеріне қанып, өз елімізде, өз жерімізде отырғандай сезіндік. Сөз арасында елшімізден: «Абай, Мұхтар парктерінің ашылуына, оларды «жууға» қаншама қаражат кетті, жақсы ниеттер өз алдына – ол халық ризығы ғой, ал қай бюджеттен осы мол шығындардың орнын толтырмақшысыздар?» деп сұрап қалып ем, ол жымыып күлді де: «Сәке, қай елде де, жақсы адам бар жерде, жақсы ниетті жандар бар жерде, мемлекет қаржысына қол салдырмайды ғой.

Жерді түрік үкметі берсе, қаржыны түрік азаматтары шығарды. Біз ештемеге шығындалған да жоқпыз, сондықтан ешкімге берешек те емеспіз. Тек жақсылыққа, достыққа деген қарызымызды өтесек болғаны», — деді...

Мен Балташ Молдабайұлын бұрын да білетін едім, қайда жүрсе де, қай қызметте істесе де, бір кездегі партиялық адал жолымен де, адамгершілікке жетелер мұсылманшылық жолымен де жетім-жесірге, қарт аналар мен аталарға, әдебиет, мәдениет қызметкерлеріне, өнер атаулыға қол ұшын беріп, шамасы жеткенше, дәрежесі көтергенше, қолынан келгенше қамқорлық жасап, азаматтық игі еңбек ететін еді. Қайда, қандай қызметте жүрсе де тек жақсылығымен ғана аты шығып, артында үнемі өзіндік өшпес із қалдырып, халық сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген, Түркияға елші болып барған аз уақытта, басқа да ел үшін атқарған игілікті істерімен қоса, Абай, Мұхтар сияқты ұлы есімдерді атап қана қоймай, үлкен мемлекет елінің ұлы төрінде асқақтаған алып тұлғаларына мәңгілік ескерткіш орнатуға үлкен себепкер болып, екі қандас елдің достығына, бір-бірімен жақындаса түсуіне түрткі болып, оны Қазақстан Елбасының достық сапармен барар тұсына дәл үйлестіруіне — дипломатиялық саясаткерлігіне де дән ризашылықпен тәнті болғандайсың. Бұл — екі ел достығының гүлжазирасына себілген тамшыдай кәусар су ғана емес, бұл — екі ел достығының беріктігіне, рухына, тұтастығына тартылған ұлы сый деп түсінсек керек. «Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» десе дегендей, мен мелекет қайраткері, саясаткер Балтай Молдабайұлының істеген ісіне ойша көз жібере отырып, бір кезде Моңғол елінің астанасы Ұлан-батырдың есімін қойған Тұрар Рысқұлов пен Иран елінде елшілікте жүріп, ұмытылмас талай хикаялар жазып, екі елдің тарихи байланы-

сын сөз еткен Сабыр Шәріпов сияқты тарихи тұлғалардың көңіл толар заңды жалғасын көргендей болдым. Ұзақ жылдар бойы шет елде елшілік қызметін атқарған Мәлік Сабырұлының да біраз еңбегі бар еді-ау.

Биыл Астана қаласының астаналық тұсаукесерінде Президенттің қабылдауында болғанда шет елде елшілік қызметін атқарып жүрген бір топ маңдайлары жарқыраған, қазақшалап айтқанда, қасқалар мен жайсаңдар дейтін, елдің, бүкіл түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ жұртының маңдайалды марқасқалары, әрқайсысы иелігіне берсең, бір-бір мемлекетті басқара алатын азаматтарды көргенде Қазақ елінің өзінше жеке ел болып, жер шарын мекен еткен басқа да толып жатқан іргелі елдермен иықтасып, терезесі тең бола бастағанына тағы да бір іштей қуанып, мұсылман жолымен тәуба еткенмін. Италияда Олжас Сүлейменов, Түркияда Балташ Тұрсынбаев, Қытайда Қуаныш Сұлтанов, Австрияда Сағымбек Тұрсынов, Англияда Қанат Саудабаев, Украинада Нәжімеден Есқалиев, Францияда Нұрлан Дәненов, Ресейде Тайыр Мансұров тұрғанда, қазақ елінің басқа елжұртпен саяси экономикалық, сауда-саттық, әскери алыс-беріс мәселелерінің де ойдағыдай атқарылып, көңілдегідей шешілетініне кәміл сенетін сияқтысың, ел іргесінің беріктігіне, жел өтіне түсер қайсыбір мемлекеттік шаралардың тағдырына аса күдіктене қоймайсың. Ел тыныштығын ең бірінші мәселе етіп қойып жүрген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың да бұл тарапынан ауыр жұмысының жеңілдене түсетініне, жат елдегі шаруашылық тасының өрге қарай домалайтынына көзің жетіп, көңіліңе қобалжудан гөрі, жайбарақат алаңсыздық ұялағандай болады. Бұлар, сөз жоқ, Елбасының төңірегіндегі ақылды, парасатты, жарасты нөкерлер, елдердің байланыс-қатынасын реттейтін

елшілер ғана емес, бұлар сонымен бірге, сырт жерде, жат елде біздің қазақтың қазақтығын, елдігін, ерлігін көрсететін біздің жаңа мемлекетіміздің айнасы, шынайы көркі дерлік.

Абай паркінен кейін ашылатын, қазақ халқына, Қазақстан мемлекетіне деген тағы бір үлкен сый — Әуезов Мұхтар паркі. Әу баста Абай паркі тұрған орын Мұхтарға арналған екен де, кейін Қазақстан елшілігінің ұйғарымымен, жолын да, ізін де ескеріп, кеңдеу, көлемдірек парк орнын Абайға лайықтапты. Әуезов паркінің жұмыстары әлі аяқтала қоймаған екен, кейбір тұсына мені кеңесші етіп, әсіресе ұлы жазушының портретін жасауда, ұстаз Мұхтардан дәріс алған, әрі аспиранты болған менен көмек сұрағандай сыңай білдірген соң, бұл жолы да мүсінші Әйнековтің еңбегіне (бұрын да Мағжан Жұмабаевтың мүсініне кеңесшілік еткенім бар еді) жіті қарап, бір кемшілігін тапқандай болдым. Оным — бұл мүсіннің макеті өзім білетін бір адамның тұр-тұлғасына ұқсайтындығы. Ойлап-ойлап ақыры таптым: Көгелтинов. Иә, Әуезовтен гөрі, маңдайы, бұйра шашы, томпақтау көзі қалмақ ақыны Давид Көгелтиновқа көбірек ұқсайды. Мен сол ұқсастықты айтып едім, мүсінші жұлып алғандай, «Е, Көгелтиновты сәл өзгертсем, Мұхаң боп шықпай ма?» деп өзіме сауал қойды. Творчество адамдарына мін айтсаң, қай-қайсысы болмасын, аса шамшыл келеді. Соның ішінде, әсіресе жалына қол тигізбейтін мүсіншілер. Әйнеков онша шамшыл емес. Әйтсе де, көңіліне келмесін деп, мүсін-макетін қайтадан жасау керектігін қалжыңға жеңдіріп, әзілдедім: «Әй, қайдам, Әуезовтен Көгелтинов жасауға болар, ал, Көгелтиновтен Әуезов жасауға бола қояр ма екен?!». Бұл әзілімді дұрыс ұғынса керек, Әуезов паркіне кіре берістегі тақтаға қондырар жазушы суретін қайтадан салып, қазір сол паркті де ашыпты деп естідім. Жер иесі — аудан басшыла-

ры мен қазақ елшілігі басшыларының сұрауы бойынша, тақта астына жазылар бір ауыз сөзді де жазып кетіп едім, егер бар болса:

*«Қуат алып туған қазақ жерінен,
Талмай өткен қилы заман өрінен.
Шарықтап жүр Мұхтар әлем көгінде
Тұғырынан ұшып – Тұран төрінен».*

Келесі күні, дәл жүрер алдында Кешорындағы Абай паркіне соғып, өткен жауын күндегіден гөрі күннің ашығында еркін бір суретке түсе кетейін деп келсем, айналасы гүлге оранған Абай ескерткішінің маңында бір ақсақал таяныш таяғымен әденені айнала қуып жүр екен. Жақындай келіп білсек, бір құс ескерткіштің басына қайта-қайта келіп қона берген соң, «құстың аты құс емес пе, саңғытып кете ме, әдеттеніп алған соң, тіпті төбесіне ұя салар» деп қорқып, қуып жүргені сол екен. «Басынан құс ұшырмай өсірді» (бақты) дейтін сөздің, тап бұл мағынада болмағанмен, осы арада үйлесіп тұрғанын қарасаңызшы. Төбесіне құс қондырмақ түгілі, анада Қызылжар қаласының орталық алаңына орнатқан ұлы ақынымыз Мағжанның мүсініне келесі күні-ақ белгісіз бір бұзақылар дақ түсіріп кеткендері қайда. Оның да мүсіншісі Әйнеков еді-ау. Араға талай айлар салып, граниттен қашап жасаған қымбат мүсіннің бір пұтқа таяу қымбат бөлшегін зорға дегенде қайтадан қашап, оны әрең желімдеп жапсырып, қалпына келтіргендей болғаны қайда?! Кеңсайдағы қазақтың ұлылары Бауыржан Момышұлы мен Іяис Есенберлин рухына қол тигізген жүгенсіздердің қылмысты әрекеттерін қайда қоясың. Әйтеуір көнбіспіз-ау, көнбіспіз! Бір ойды бір ой түртеді: түрік ақсақалының әлгі балаша жүгірген қамқор қылығын көргенде, арада талай жылдар өткен бір оқиға есіме түсті. Украина жерінде Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өтпекші болып, сол кездегі

рәсіммен Мәскеуге жиналды, та, бізді, бір топ жазушыларды «Украина», «Киев» мейманханаларына бөлген. Зәулім мейманхананың алдында Тарас Шевченкоға зәулім ескерткіш тұрғызған. Кешқұрым сол ескерткіштің түбінде тұрып, өлеңмен ғана айтылуға лайықты ой келді маған. Басы да, мұрты да төмен салбырап, қалың ойла қайғыда тұрған Шевченкомен іштей сөйлескендей болдым. Ертерек қоштасқан ақындық шабытым ояна қоймаса да, ұйқылы-ояу кезімде ұйқылы-ояу өлең жолдарын түсіріп, келесі күні Киев қаласының бір асханасында, әңгіме үстінде, әзіл-қалжың орнына осы өлеңімді оқыған едім. «Мәскеудегі Тараспен диалог» деп ат қойған шала жазылған шалапоттау өлеңімді, онша қадірлі болмаған соң, сақал-мұртын да баспай, оқыған өлеңді оқыған жерінде қалдырып ем. Қазір, үзік-үзік ойыма оралып отыр, жобасы былай:

МӘСКЕУДЕГІ ТАРАСПЕН ДИАЛОГ

МЕН:

— Қашан келсем қасыңа,
Түскендей қайғы басыңа,
Мұңайып үнсіз қарайсың
Мәскеудің қара тасына.
Қазақты көрсең менсінбей,
Кеткендей жерін жерсінбей,
Көз қиығын да салмайсың,
Неге бір сәлем алмайсың?!

Пушкин мен Абай, әрқайсың, —
Біз үшін бәрің нардайсың
Еліңнен көктем әкелген
Сен қараша қаздайсың.

Тағзым етіп ақынға
Қос қала беріп атыңа

Көшені, жолды атадық, —
Кеткен жоқ бізден қаталық.

ТАРАС:

Тербеген шабыт бесігін
Қазағым, жерім, кешіргін!
Бір қазақ көрсем қиядан
Иінім түсіп ұялам:
«Мен тұрған мынау тұғырда
(Құмармыз осы құрғырға) —
— Ішімде тұнған бір қайғы:
«Ұлы Абай неге тұрмайды?!»
Сондықтан, қазақ, арайлым,
Бет жоқ қой саған қарайтын.

Бұл өлең оқылғанда украиналық достар да (аудару арқылы), өз адамдарымыз да: «шынында да Мәскеу қаласында жетпіс жыл уақытта бірде-бір қазаққа деген мүсін, архитектура, көше аттары жөнінен ишарат жасалмапты-ау» деп жатты. Тап кетер күні Киев қаласының бір көшесіне Абай есімі беріліп, көңіліміз көкке жеткендей қуандық.

Ал, бүгінде, өз алдымызға тәуелсіз ел болған шақта, Түрік елінде, тағы да алғаш рет Абай, Мұхтар сынды қазақтың ұлы ұлдарына осыншама сый, құрмет жасалуы — екі ел президенттерінің, екі ел елшілерінің шынайы достыққа деген үлкен үлесі екеніне шын тебіренбей қоймайсың. Бәрінен де бір кереметі сол — қандас елдің аты қандас-ау, шіркін!..

7 тамыз, 1998 жыл.

Әуежайдан Парижге қарай делегация мүшелеріне арнайы бөлінген жеңіл автомашиналармен жөнеле бере шала орысша білетін жүргізушіден естіген үлкен жаңалығымыз: – «бүгін Парламент сайлауы аяқталады, солшыл социалистер көпшілік дауысқа ие болды». Басқаны қайдам, бұл тосын жаңалық мені қатты толқытты. Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойын тойлай келе жатқан тасыған көңілдің шырқы бұзылатын болды-ау, мемлекет тарапында мұндай өзгеріс жүріп жатқанда төтеден қосылған мереке мәселесі өз жайына қалмаса игі еді деген еліміздегі әдеттегі күдік пайда болды. Осы ойдың шырмауында отырғанда, енді бір жол айрығында жүргізушіміз: «сол жақтарыңызға қараңыздар, біздің – болашақ сұлуымыз. Келесі жылы әлемдік футбол біріншілігі осы жаңа комплексте өтеді», деп сол жақтағы жаңа алып стадион құрылысын иегімен нұсқады. Жүргізуші айтқан екі жаңалықтың ара салмағы мен үшін жер мен көктей. Ал, жүргізушінің дауыс ырғағына, жай-барақат қана айта салғанына қарағанда екі жаңалық та, әншейін бір күнбе-күн өтіп жататын көшпелі жаңалықтар ғана сияқты. Шынында да солай екен. Мен дұдамаданған партиялар арасындағы тартыс нәтижесі, оның қорытындысы еш көрініс берген жоқ, тіпті біздің жеті күндік Париждегі көңілді тіршілігімізге де еш нұқсан келтірген жоқ. Бүкіл Париж сулары бұрынғыша ағып, қала шамдары бұрынғыша жанып тұр. Кейін, бір жиында біздің адамдардың бірі ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майордан «Парламенттегі жағдай, Премьер-министрдің өзгеру мүмкіншілігі ЮНЕСКО-да өтер жұмыс бабына кедергі жасауы мүмкін бе?» деп сұрағанда, ол: «Бізге бұл өзгерістердің еш қатысы жоқ» деп жауап беріп еді. Шынында да солай екен.

Біз екі жақтың келісімімен жасалған бағдарламамен өз жұмысымызды жүргізе бастадық. Бізге қолдаудан, қолпаштаудан басқа ештеңе бөгесін болған жоқ.

Бідің қала жұртшылығымен алғашқы шығармашылық кездесуіміз (әрине, Париждегі Қазақстан елшілігінің әсем үйіндегі отандастардың шағын сұхбатынан кейін) бұдан 70 жыл бұрын, бейбітшілік пен адам құқын қорғау мақсатында құрылған халықаралық дипломатиялық Академия үйінде басталды. Бұл күні Әуезов туралы сөйлеу реті сол күні ғана Римнен асыға жеткен атақты ақынымыз, Италиядағы Қазақстан Республикасы елшісі Олжас Сүлейменов пен ұлы жазушының ұлы Мұрат Әуезовке келді де үлкен концерттен соңғы кеш жабылуындағы сөз үлесі маған тиді. Бізден де ақсақалдау боп саналатындар «соңғы түйенің жүгі ауыр» дегендей, өздерін үлкендеу мәжілістер мен коллоквиумге дайындап, бұл жолы тізгін тартып қалды.

Бір кезде Әміре Қашаубаев өзінің адам атқысыз ғажайып табиғи даусымен, домбыра үнімен қандай таңқалдырса, бұл жолы сол Әміренің немере, шөберелері театр өнері сонау орта ғасырлардағы кезбе ваганттар мен жонглерден басталып, XIV ғасырда-ақ мистерия театры өнері дамып, XV ғасырда классицистикалық драматургияны қоятын «Маре» театры ашылған, бүгінде өнер атаулының бар түріне қанық та ие париждықтар қазақ даласындағы самалдай ескен ұлттық та, бүкіл еуропалық та өнер атаулысымен таңқалдырды. Сонау атамзаманнан бері дүниежүзілік музыка жұлдыздары Лист, Сезар Франк Антур Рубинштейн, Сен-Санс, Альфред Корто, Изан мен Пуньолар әр жылдар (1833—1846) аралығында ғаламат өнерлерін көрсеткен дүниежүзіне әйгілі Плейэль залында жүрексіңбей, биік сыншы қауымның алдында қазақтың мәңгілік күйлерін төгілткен Қаршыға Ах-

медияров, жер шарының бар түкпіріне, атышулы шығармаларды скрипкада сұңқылдатқан Айман Мұсаходжаева өнеріне тамсанбаған жұртшылық жоқ. Әншілеріміз Ш.Әбілов, Ж.Баспақова, М.Мұқамедқызы, Қ.Жолдыбаевтар қазақтың халық әндері мен шетел әндерінің майын тамыза шырқап, париждіктердің тұла бойын шымырлатты. Мұны көріп отырған жұртшылыққа еткен әсерден аңғарсақ, қала берді, жұртшылықтың өз аузынан бір жерде емес, бірнеше жерде естіп, қазақ өнерінің бір шоғын ғана таңдап әкеліп, шашаусыз жұмған жұдырықтай өткізген тамаша концерттерді ұйымдастыра білген жаңа мәдениет департаментінің жаңа директоры Дүйсен Қасейіновтың талғампаздығына да, тамаша ұйымдастыру қабілетіне де риза болғандаймыз.

Парижде өткен жеті күн ішіндегі кездесулер мен жиындардың қай-қайсысы болмасын біз үшін, сөз жоқ, әрі қызықты, әрі жауапты екені белгілі. Әйтсе де, ЮНЕСКО-да өтер коллоквиумның орны да, салмағы да ерекше көріне беретін. Шынында да солай болып шықты.

Біріккен Ұлттар Ұйымының жиырма мемлекет қосылып, негізгі мақсаты жөніндегі Жарғысын бекіткен білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) 1946 жылы қарашада құрылғаны белгілі. Тәуелсіз мемлекет болған қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1992 жылы Францияға арнайы мемлекеттік сапармен барып, екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынас туралы Келісімге қол қоюынан басталған маңызды істің соңы 1992 жылдың май айындағы Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО ұйымына мүше боп кіруіне жалғасқан еді. 1995 жылы 8 тамызда Қазақстанға келген ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майордың Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевпен кездесуі,

белгілі мемлекет қайраткерлерімен, ғалымдармен, журналистермен өткізген сұхбаттасулары, осы Ұйымдағы екі елдің бірге тиянақты жұмыс істеулерінің іргетасын бекіте түскен еді. Соның бір үлкен көрінісі – ұлы Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойының Қырғызстанда, Ресейде, Түркияда, Қытайда, Францияда және Алматы мен Семейде өту салтанаты.

1995 жылдың 30 қазанынан 4 қарашасына дейін өткен ЮНЕСКО-ның бас конференциясының 28-сессиясында Қазақстан делегациясын бастап келген Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетов мырза бұл жолы да Федерико Майормен тағы да жүздесіп, енді Мұхтар Әуезовтің ұлы тойында екеуі қатар сөз алып сөйледі. Коллоквиумды ашты.

Бұдан әрі коллоквиум жұмысы жанданып, қызғылықты өте бастады. Коллоквиумды жүргізуді қолына алған атақты жазушы Шыңғыс Айтматов еді.

Парижге келгелі әр кездесулерде берілген тиесілі сұрақтардың ретіне қарай ғана тиесілі жауап беріп, көп көрініп, аз сөйлеп жүрген Жазушылар одағының бірінші хатшысы Нұрлан Оразалин бұл жолы ЮНЕСКО президиумының қақ төрінде отырып, қазақтың айшықты, әрлі нәрлі тілімен «Ұлы Әуезовтің дүниежүзілік мәдениеттегі орны мен оның болашақтағы жалғасы туралы, тамыры әріде, тереңде жатқан ұлы бәйтеректің мәуелі бұтағының берер жемісі жайында үлкен тебіреніспен, ойлы-ойлы пікірлерін ақындық шабытпен ортаға салды. Бұл сөздің есте қалар, айта жүрер тағы бір қыры – тұңғыш рет, жаңылмасақ, ЮНЕСКО төрінен естілген, таза қазақ тілінде, қазақ көмейінен төгілген қазақтың мәрмәр сөзі еді. Мұндай ірі-ірі атақты сипозиумдар мен аты дардай мәжілістерге күнілгері елеңдей сайланып, жауапкершілік қамытын үнемі мойындарына іліп алып баратын халық жазушысы

Әбдіжәміл Нұрпейісов пен академик Серік Қирабаев бұл жолы да дайындап, ғылыми дәйектілікпен, етек-жеңі жинақы, шашаусыз мұқият жазып алған ойлы, орнықты мақалаларын байсалды оқып берді.

Бірі таяу Люксембургтен, енді бірі Римнен арнайы келіп, делегацияға қосылған заманымыздың атақты жазушылары Шыңғыс Айтматов пен Олжас Сүлейменовтің, Мұрат Әуезовтің ойлы, салмақты пікірлері, заман жайлы, дүниежүзі тарихындағы мәдениеттің алдын орап, сол асыл қазыналардың ортасында жарқыраған жұлдыздардың бірі — Мұхтар Әуезовтің, сол арқылы қазақ рухани өмірінің сан-саласының қатарлы орын, философиялық терең пікірлерімен коллоквиум жұмысына, шынын айту керек, бұл майталмандар шынымен ақ тамаша мазмұн да көрік берді.

Ал, енді франция ғалымдары, жазушылары тарапынан қатысқандардың әңгімесі өз алдына бір дара.

Бұлардың қазақ әдебиеті мен тарихын соншама жетік білетіндігін сырттай естігенімде, мен күні кеше — алғашқы концерт соңында сөйлеген сөзімнің бір тұсынан кінарат тауып, өз-өзімнен «бекер айтқан екем» деп өкініп жүрген едім. Ол Мұхаңның Мағжан Жұмабаев жөнінде айтқан: «Бүгінгі күннің бір жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз — Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнды өте сенімсіз деп білемін...» — деген сөз еді.

Мен мұның, әрине, Мұхаңның дәрежесін Мағжаннан төмендету үшін емес, әдебиетіміздің өресін ұлы жазушының өз қатарындағы замандасының әдебиеттегі орнын аса бағалағанын айтып, сол арқылы «кешегі зауалды сұмдық кездің зардабымен қыршын кеткен Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек, Сәкен, Бейімбет, Ілиястар тірі болғанда әдебиетіміздің деңгейі қандай биік мұнаралы болар еді» дегенді айтқым келіп еді. Онымды қазақ тари-

хын терең біле бермейтін алыстағы мәдениеті ілгерілеп кеткен елдің алдында мақтанышпен тым әсірелеп, артығырақ кеткендей сезініп, сәл өкінішке душар болғандай едім. Жоқ, оным бекер екен. Коллоквиумде сөйлеген париждік ғалымдар мен әдебиетшілер бізден де зерек, бізден де білгір десем артық айтқандық болмас. Әйтеуір, Қазақстанның Ұлттық Академиясының кітапханасында отырып не қазақтың жалпақ даласында қалған алаш азаматтарының тарихи ізімен жүріп зерттегендей, елімізде өткен небір өткелді кезеңдермен, аласапыран мезгілдермен нақпа-нақ байланыстыра сөйлегенде қазақ тарихына, мәдениет өрісіне жіті үңіліп, аса сезімталдықпен, шын пейілмен, бар ықыластарымен жандары аши айтқан ашық та бауырмал пікірлеріне риза болмасқа әбдің жоқ. Тіпті кісі аттарын сөз буынының екпінін өз орнына қойып атағанда, тура қазақша айтылғандай құлағыңның құрышы қанады: Аглютинативтік топқа жататын француз, қазақ тілінің көне төркініндегі, түп-тамырындағы әзірше құпия жақындықты жан-тәніңмен сезінгендей боласың.

Федерико Майор коллоквиумды ашу сөзінің соңында Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек», тағы басқа драмалық шығармаларына, қайғылы тақырыпқа жазылған әңгімелеріне тоқтала келіп, «мен бұл шығармаларының бәрінің ортақ атын «Қорғансыздардың махаббаты» деп қояр едім. Енді сіздердің, бұдан былайғы өмірде махаббаттың зардабын емес, махаббаттың рахатын жазғандарыңызды қалар едім» деп бітірген тілегінде қаншама жарасымды батагөйлік жатыр.

«Абай жолын» бес-алты жылдай аударумен айналысқан тамаша аудармашы (француздар солай бағалайды) Антуан Витездың, оның жұбайы Агнэс Витездың сөздері де өте әсерлі, маңызды шықты.

Француз-қазақ шағын сөздігінің авторы Реми

Дордың, Шығыс әдебиетінің маманы, профессор Катрин Фружольдың қазақ зиялылары туралы көптеген қызғылықты мақалалардың авторы Шантальдың Қазақ тарихын терең білетіндіктері екі елдің бір-біріне шын достық, ықыласты екендіктерінің айғағы іспетті.

Кездесулер арасында Франция жерімен, қалаларымен, тарихымен аз-маз танысуымызға да уақыт болды. Парижден 60 шақырым жердегі корольдер тұрағы болған Фонтблоға, 8 шақырым жердегі 1633 жылдары кардинал Ришельенің, 1650-60 жылдары Людовик XIV-тің, 1799 жылдары Наполеон Бонапарттың жұбайымен өткізген тіршіліктерін баяндайтын Рюэп-Мальмэзон қаласына сапарлардың әсерін айту, әрине, біраз уақыт алар еді. Париждің өз ішіндегі тек қана Эйфель мұнарасы, Лувр музейі, Нотр Дам, д, Орсэ, О. Роден музейлерін аралаудың өзі бір тарих. Жалпы, Париж қаласының әр үйінің, әр тасының өзіндік тарихы бар десек жаңылыс айтпайтын шығармыз. Сұлу Парижді аралай жүріп, менің бір байқағаным (байқамасқа да болмайды), — экскурсиямен саяхаттап жүрген шетелдіктердің көпшілігі жапондықтар сияқты. Ана жерден де, мына жерден де топ-тобымен бірде алдыңды орап бара жатса, бірде соңында шұбап келе жатады. Қазақ өңділерге қарап, кейде, ым қағып, күлімдеп, тіл қатқың да кеп қалады. Бірақ, киім-киістері, жүріс-тұрысы жағынан қазақ қазақ та, жәпәң жәпәң ғой. Шыңғыс ағамыз айтады: «Парижге келе жатқан жолда бір оқиғаға таңырқамасыма болмады: Алдымызда, әудем жерде кетіп бара жатқан автобус тоқтаған соң, менің жүргізушім де машинасын баяулатып, өтіп барып тоқтады. Артымызға бұрылып қарасақ, мына ғажапты қараңыз, автобустан шұбыра түскен адамдар, жасы бар, кәрісі бар қаз-қатар тұрып алып, бір адамның командасымен бір кісідей қимылдап жаттығу жасап тұр. Дәл бір

бес уақыт намазын қаза жібермейтін мұсылмандар секілді. Не деген тәртіп, не деген ұйымшылдық!» Ал, мен көп жапондардың ортасынан, шамасы 80-90-дарға келіп қалған, бүгжиген арық адамды көрдім. Жастардан қалыспай, еңкеңдей басып, соңынан қалмай, бар қызыққа ынтыға қарап, әр сөзді зердесіне тоқып, көңіліне түйіп жүр. Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде тұрған біздің ауыл ақсақалдары осыны істер ме еді?! Тегінде, мәдениетті елдердегі адамдардың бар жиған-тергендерін дүниені құштарлықпен көріп қалуға аямай шашуында өнеге тұтарлық тәрбие бар-ау. Ол «көрейін де өлейін!» емес, «көп көргеннен сұра!» деген қағиданы ұстанғандықтың белгісі болса керек. Әр қария өзінің көп көргендігімен, соны ұрпағына айтып, жеткізе білуімен қасиетті, қадірлі шығар-ау.

Күндізгіден де көркемірек көрінетін, суға да, нуға да тіпті, желбіреген түрлі-түсті туға түсіп, мың құбылған қызылды-жасылды бірі алаулай, бірі жалаулай, көздің жауын ала жайнаған сәулеге малынған түнгі Парижді бір жолдасымыз сиқырлы да назды, қылықты да қызықшыл, тартымды да жұмбақ, ашық-жарқын да құпиялы сұлу келіншекке теңегені бар еді. Иә, сұлу қызға емес, сұлу келіншекке. Бұл теңеуде де құпия бар-ау. Біз осының бөріне, бұрын, капиталистік елдердің бізге түсініксіз, ұнамсыз жақтарындай қараушы едік. енді, болашағымыз осы көріністер екенін сезініп, қай тұсы бізге лайықты, қайсысы лайықсыз деп сын көзбен қарап, алды-артымызды болжағымыз да келетін сияқты.

Сонымен, аз күн ішінде көп істің куәсі болып, бөрінен бұрын, бізге бұрыннан таныс Рабленің, Дидроның, Вольтердің, Монтескьенің, Руссоның, Гюгоның, Стендальдың, Бальзактың, Мопассанның, Золяның, Дюденің, Ж.Верннің, Барбюстің, Арагонның әйгілі шығармаларының қасына ұлы Әуезовтің «Абай жолын» қойып қайттық. Бұған бүкіл Париж

қол соғып, мұны бүкіл дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы өнерлі ел қолдады.

Осындай ұлы іс атқарып қайтуға ат салысқан, жол ашқан, мүмкіндік жасаған Париждегі ЮНЕСКО ұйымына, Қазақстан елшілігінің бүкіл қызметкерлеріне бүкіл қазақ елінің алғысын айтып, қолдарын қысып, Ұлы тілекпен елге оралдық...

АЛМАТЫ – ПАРИЖ – АЛМАТЫ.
17 маусым, 1997 жыл.

ӨЗ ОЙЫМДЫ АЙТАМЫН

I

Жариялық кезіндегі кең айтыла бастаған ең келелі мәселелердің бірі ұлттық тіл туралы.

Неге жариялылық кезінде ғана? Тырнақ астынан кір іздейтін, мүлт кетсең түсінен шошығандай шошынып, жоқ сөзден жау іздейтін 1937 жылдың зардабы ма, күні кешеге дейін ұлтың туралы, тілің туралы аңдап, абайлап, байқап, жалтақтап сөйлейтін болдық. Абзалы, тым-тырыс, сөйлемей қою еді ғой. Егер неге қазақ тілінде сөйлемейсің десең, орыс тілінде, басқа тілде сөйлеме дегендей, қазақ тілі бай тіл десең, басқа тілді кедей тіл дегендей, қазақ тілі ана тіл десең, басқа тілді жатқа балағандай көрінетін едің. Сондай дүдәмал түйткіл бертінге дейін алдыңда, тосқауылда тосқан құбыжық сияқты отырды да қойды.

Ал, қазір жаңа бетбұрыс, демократиялық, жариялылықтың тұсында, ұзақ жылдар бойы тоқыраудың тоңына айналған ұлттық саясаттың қайтадан жібіп, жандануына деген партия қамқорлығының арқасында ұлттық тіл туралы талай қайраткерлердің де тілі қайтадан шықты. Дүние жүзіне әйгілі жазушылар Айтматов, Ғамзатов, Быков, Олейниктер тамаша публицистикалық шығармаларымен баспасөз аренасына шығып, жар салды. СССР Жазушылар одағы «ұлт, тіл, интернационалдық, халықтар достығы» мәселесіне арнайы пленум өткізді.

Бұл мәселе Қазақстанда да кең өріс алып, тілге ең жақын, сол арқылы күнбе-күн творчестволық еңбегін халық игілігіне асыратын жазушылар, журналистер, өнер иелері бар ойларын ортаға салып, көбінесе баспа жүзінен гөрі мінбелерден сөйлейтін болды. Онысы әлі де жүрексінудің, сәл үрейленудің салдары болса керек. «Қазақ мектептерін ашу,

қазақ тілінде жұмыс атқару, жиналыс өткізу — сол арқылы екі тілді бірдей ұстап, ана тіліне қағажу көрсетпеу керек» деген шын пиғылдарын айтуды көпшіліктің әлі де жасқаншақтайтыны рас. Тарихшы Р. Сүлейменов «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде (25.08.88) айтқандай: «Отызыншы, елуінші жылдардағы репрессияның табы бүгінгі жүзімізден де сезілетіні шындық. Жөнсіз, жосықсыз қудалау біздің интеллигенцияны зөрезап қылғаны соншалық, үрейдің өзі мұра сияқтанып бір ұрпақтан екіншісіне жалғасып келеді». Содан да болуы керек, кейбір журналистер алғашқыда қазақша мектептер мен балалар бақшасын ашуды басқа ұлттардан жеке бөлінудің түрі деп үркіп, өз ана тілінен өзі жери жаздады.

Әйтеуір, халық бақытына орай, лениндік ұлттық саясат қайтадан салтанат құрып, республикадағы ана тіліне деген қисық көзқарас қазір өзгеріп, Қазақстан Орталық Комитеті тарапынан қазақ тілінің өркендеуіне қажетті мүмкіндіктер мен шарттар қолдау тауып отыр.

Расын айту керек, Советтер Одағындағы басқа республикалардан гөрі Қазақстанда екі тілді бірдей игеріп, екі тілде бірдей іс жүргізу үшін қиындық бар. Өйткені біз тоқырау кезінде бұл мәселені де қатты тоқыратып алдық. Алғаш совет үкіметі құрылған кезде қазақ жеріне келген әрбір қызметкер қазақша сөйлеуге құмар да, тиісті де еді. Қазақ тілін білудің жергілікті шаруашылықты жүргізу үшін, ұлт мәдениетін көтеру үшін қажеттігі соншама, бұл тілді оқып, меңгерген адамға үстеме еңбекақы төленетін еді. Бұрынғы басқа ұлт өкілдерінен келген интеллигенттердің, жұмысшы-шаруалардың (қазір олар мосқал адамдар) дос, тамыр болып, интернационалдық ынтымақта өмір сүруіне тіл білудің әсері орасан зор болғаны даусыз.

Ал, қазір қазақ жерінде талай жылдар бойы тек

орыс тілінде ғана сөйлеуге қалыптасып кеткен жүзге жуық ұлт өкілдеріне қазақша үйреніндер, табан астында екі тілде сөйлеңдер деу, айтуға ғана оңай. Мұндай лепірме сөзден гөрі жаңа қайта құру дәуірінде өнімді іске көшіп, шын еңбекке кірісіп, ұлы мәселені шындап қолға алатын мезгіл жетті.

Қазақстанда қазақ тілін қайта қалпына келтіріп, оны өмірдің бар саласында дамыту үшін көптеген шаралар керек. Ол шаралардың басы, алдымен, республикада тұрған әр түрлі ұлттар өкілдерінің, тіпті, дүбәра қазақтардың да қазақ ұлтын сыйлауы. Ұлтын сыйламай, тіл сыйлау болмайды. Ендеше, ұлтты түсініп, сыйлаудың алғы шарты қазақ халқының тарихын, соған орай әдет-ғұрпын, салт-санасын білуден басталмақ.

Қазір мектепке, институтқа арналған оқулықтар ішіндегі ең жүдеу оқулық – Қазақ ССР тарихы. Халық тарихының бұлай қолайсыз жағдайға ұшырауының сыры, объективтік себебі бүгінгі күні баршамызға аян. Кешегі тоқырау заманындағы хандардың тарихын, олардың үрім-бұтағының генеологиялық кестесін түсіріп, зерттеушілер, бүгінгі күнге дейінгі қазақ жұртының жалпы шежіресін жариялаушыларға ұлтшылдық қарғыбауы тағылып, Шортанбай, Бұхар, Дулаттардың тарихи орнын айтып, өлеңінде, жырында діни сөздер араласқан ақын-жырауларды ауызға алып, уағыздап, яғни өнер тарихын құраған ғалымдарды күстәналадық. Елді өсіру, халықтың рухын көтеруде көп еңбек еткен Есім, Қасым, Тәуке, Абылай хандардың есімін ауызға алуға сескендік. Бүкіл Рюриковтар, Романовтар тұқымын, яғни патшалар тұқымын талдай отырып, қарапайым халық ортасында байыптап, халық, заман тарихын құрауды орыс ғылымынан үйрену орнына өзімізді-өзіміз үркіттік. Асфендияров, Бекмаханов, Аманжолов сияқты іргелі ғалымдардың көз майын тауысып, халық өмірін зерттеген тарихи

еңбектерін жылы жауып тастадық. Ғафу сияқты ақындарымыздың «Басқалардың хандары тәуір болып, неге ғана біздікі жаман болған?» деген ащы мысқылына жабыла бір күлдік те қойдық. Сөйтіп, қазақ халқының шын тарихын тек гүлденген совет заманынан ғана бастап, арнамызды тарылтып, өзімізше мәре-сәре болдық.

Егер осы күнге дейінгі мектеп қабырғасында оқылып келген СССР тарихына үңілсек те, Орта Азия, Қазақстан халықтарының тарихы көбінесе татар-моңғол басқыншылығының төңірегінде айтылады да, бүкіл шығыс жұрты тек Европаға лаң салушы, ойрандатып, атой салып, мәдениет ошақтарын қиратушы, варварлар ретінде елес қалдырады. Москва, Ленинград төңірегіндегі елді мекендерді, Орталық Россияның ірі-ірі қалаларын аралап, музейлерге, көне шіркеулерге кіре қалсаң, экскурсовод-гид әлгі басқыншылықты айтып, сарнай жөнеледі. Сенің Отырар, Қарнақ, Сунақ, Бұзық, Сығанақ, Жент, Ихан қалаларыңның жермен-жексен болған тарихы дұрыстап жазылмаған соң, әлгі басқыншылық қырғындарға сенің халқың да кінәлідей бетіңнен басасың.

Бір сөзбен, Орта Азия, Қазақстан халықтарының шын тарихы жазылатын, бұрынғы зерттеулердің қайта жарық көретін уақыты жетті.

II

Халықтың тарихы мен тілі егіз. Халық тарихы оның жерімен суымен тығыз байланысты. Ал, жер-су тарихы тілмен айтылып, тілмен жазылады. алдымен жер-су атауларын қоюмен басталады. Ендеше, жер-су атауларын қастерлеу де сол халықтың тарихын сыйлау. Сонымен бірге сол атауларға жүре-жүре құлақ қанып, тіл сынады. Жер-су аттарынан халық тарихының исі аңқиды.

Қазақстан картасына қарасаңыз жер-су атта-

рының не бір қызығын да, сорақыларын да көрер едіңіз. Латвия, Литва, Эстония немесе Грузия, Армения республикаларының картасымен салыстырып көріңіз, сонда көзіңіз жетеді: Қазақстан жерінде жергілікті халықтың тарихынан гөрі келімді-кетімді халықтардың тарихымен байланысты, бір кездегі патшалық Россия тұсындағы отарлау саясатына бейімделген атауларды көбірек көрер едіңіз. Бірақ қазақ этнографиясына сай көне атаулардың топонимикалық түбірі өзгеріп, замана ағымына қарай неше рет құбылғанын білмейміз-ау.

Қазақ жер-су атаулары жөнінен, оның тарихи мазмұны, ерекшелігі жайлы газет, журналдар бетінде тіл білімінің, тарих ғылымының мамандары ғана емес, жазушылар да талай рет сөз қозғады. Белгілі жазушы-публицистер Ә. Әлімжанов, А. Сейдімбеков, Қ. Исабаев, С. Ақатаевтар қолайсыз метоморфозаға жосықсыз ұшыраған жер-су атауларының тағдырына талай рет қынжыла отырып, проблемалық мақалалар жазды. Бұл мәселені ат үсті, тиіп-қашты айтпаған, жазбаған жазушы кемде кем шығар. Сол көп жазу, көп айтылулардың нәтижесінде аз-кем өзгерістер де болды. (Мысалы бір ғана Бурабай курортында «Көкшетау», «Оқжетпес» демалыс, санаторий үйлері мен әр қаладағы кафе, ресторан, магазин сияқты қоғамдық, мәдени мекемелер аттары). Әйтсе де кезінде беловодшылар, дикокаменщиктер, неше бір переселение түртүрлерінің кезінде ұлт пен ұлтты жақындастыру, ынтымақтастыру емес, қайта халықтар арасында араздықты қоздырып, бір-бірінен алшақтатып, ажырату үшін жүргізген патша үкіметінің отарлау саясатының ізі осы географиялық атауларда да сайрап жатыр. Кішігірім селолар мен ауылдарды, аудан, совхоздарды айтпағанда, облыс орталықтары мен ірі қалалар әлі күнге дейін Павлодар, Петропавл, Гурьев, Ермак аталуына қалай қынжылмасқа. Жа-

райды Семипалатинск, Усть-Каменогорск, Қостанай аттарының өз тарихы бар делік. Онда кешегі тың көтерген кезде Ақмоланың атын өзгертудің қандай қажеті болды екен. Мұны өзгерткен Н.С.Хрущев болатын. Ақмоланы «Белая могила» деп аударғанда секретарь жолдасқа бұл сөздің қасиетті мәнін ұғындыратын бір азаматтың табылмағанына кейігенбіз. Үлкен адамдардың алдында, ол кезде, тіпті әлі де бар, ретті-ретсіз «ләппай» деп, сауысқанша бас шұлғи берудің нәтижесі еді ғой бұл. Әйтпесе, «Никита Сергеевич, бұл сөз қасиетті сөз. «Ақ» деген сөз қосылған жерде не нәрсе болмасын қасиетті атауға айналып кетеді. Ақ деген бұл арада сүт немесе адамның да, жан-жануардың да баласы еметін ана сүті мағынасында, тазалықты, пәктікті білдіретін атау. Ендеше Ақмола — қасиетті зират, мавзолей дегенге келеді. «Ақ» қосылғанда жүрек те қасиетті жүрекке айналады» — ақ жүрек адам. Өлім де «ақ» қосылғанда «ақ өлім» атанып, адамның таза өліміне айналады» дейтін адам табылмады ма?! Бәрінен де ыңғайсызы — сол маңдағы революциядан бұрын да, кейін де орын тепкен деревнялардың, станицалардың, хуторлардың аттары өзгермей сол қалпында қалған. Сіз Макинкеден машинаға отырып, Целиноградқа қарай жүріңізші, жол бойы кездесетін елді-мекеннің аттары: Колоколовка, Прохоровка, Белоцерковка, Купчановка, Вознесенка, Ерголка, Журавлевка, Новокиевка, Суворовка... Солай-ақ болсын! Ал, осы атаулардың бел ортасында Балуан Шолақтың туған ауылы Қыстауқарағай тыңның кезінде елеусіз қалды да, жеті жылдық қазақ мектебі төрт жылдыққа, төрт жылдығы екі жылдыққа ауысып, ақыры мектеп те жабылып, ауыл да жойылып бітті. Ақбалтыр қайыңдардың ортасында үлде мен бұлдеге оранған қалыңдықтай көрікті ауылдың орнында, ескі жұрттың төмпешіктері мен зират қана жатыр. Тың кезінде тап осы Қыстауқа-

рағай сияқтандырып совхоз орталықтарын басқа жерден салғандықтан елеусіз бөлімшеге айналған (тіпті кейбіреулерінде адамдар жұмыссыз қалған), келе-келе әлгіндей төмпешіктер ғана қалған ел-жұрт жүздеп саналады. Тіпті, бұрынғы тарихи ескі атауларды былай қойғанда, социалистік қоғамға лайықтап қойған «Жаңа талап», «Өндіріс», «Коминтерн», «Жаңа жол», «Екпінді», «Азат» деген аттарды жоғалтып, оның орнына қоныстанушылардың облысының, келген қаласының аты алынған.

Ал кейбір жерлерде қазақша атауларды тура аударып, не баламалап қолданады: Шортанды – Шучье, Бурабай – Боровое, Қарасу – Карасье, Аққукөл – Лебяжье, Ұйқыдағы батыр – Спящий рыцарь, Аблай алаңы – Ясная поляна, Жұмбақ тас – Сфинкс, Шабақты – Шебачье деп бір курорттағы жерді екі тілде атаймыз. Двухязычье, яғни екі тілде бірдей сөйлеу деген бұл емес. Бір республикада екі Шевченко қаласы бар. Украина еліне, тіліне байланысты жалпы саны мыңға жуық көше, село, совхоз, аудан аттары бар. Біз биыл Украинадағы Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті күндерінде Киев қаласының бір көшесіне Абай атын қойғанға төбеміз көкке жеткендей қуандық. Егер дұрыс, орынды қойылған есімнің халықтар достығын нығайтуға тәрбиелік мәні болмаса, біздің сезімімізге мұндай әсер етпес еді ғой.

Мұның бәрін қазыла, мүмкін, тіпті, қазымырлана жазуымыз, қазір бүкіл елімізде, әсіресе, көп ұлтты Қазақстанда интернационалдық тәрбие беру – ең маңызды да, келелі проблема. Егер, осы жоғарыда айтқан кейбір сүреңсіздіктерді, ұлт тарихына, тіліне деген көзқарасты түзеп алмасақ, ұлы достық туралы құр даңғазадан ештеме шықпайды. қазақша мектеп ашамыз, қазақ тілін басқа ұлт мектептерінде де оқытамыз дегеннен ештеңе өнбейді. Тіпті, ұлттық қасиеттерді бойына сіңіріп, ана тілін сүюді дұрыс-

тап үйретпесек, қазақ жастарының өзі ұлттық ни-
гилизмге тәрбиеленбек.

III

Қит етсе республикамызда жергілікті ұлт өкілдерінен жұмысшылар жоқ немесе бар болғанмен аз деп құдайдың зарын қыламыз. Бұл арада ауыр өндірістегі жұмысшылар жайында айтатын болсақ керек. Октябрь революциясының алдында, бас кезінде елімізде жаңа ашыла бастаған өндіріс орындарында шахталарда кілең қазақтардың жұмысшы қауымы болмап па еді? Солар осы күні қайда кетті? Олардың ұрпағы қайда? Ұрпағы бар. Сол өндіріс орындарында бар, онша көп емес, бірақ бар. Олардың негізгі көпшілігі жұмысшы емес, инженер, ғалымдар. Ал, жұмысшылардың негізі — басқа ұлт өкілдерінің адамдары. Біз соларға иек артып алғанбыз. Баяғыда бір қазақ бұршақ ұрып, терезе әйнегін сындырып кетсе, «сынса сынсын, орысым бар, салып беретін» деп бір тамырын айтып, қашан досы терезесін бітегенше жайбарақат отыра береді екен. Міне, бүгінгі республика жұртшылығы сырттан келетін ағайын, достарына осылай кең иек артып алған. Әйтпесе ХІХ ғасырда ағылшын арендаторлары соқа бастары ғана келіп, тегін қазба байлықтарына шаш-етектен кенелгенде, шахта жұмысшыларының дені мал баққан дала қазақтары емес пе еді?

Ендеше бүгінгі күні жылма-жыл ашылып жатқан бай кендерді он алты миллион халқы бар Қазақстан жұртшылығы неге өзіміз игеруді, соған икемделіп, мамандануды ойламаймыз? Сонау жылдардағы тың игергендей басқа республика адамарына алақанымызды жаямыз да отырамыз. Маңғыстау даласында бір жыл жанған мұнай өртін американдық мамандар келмесе, өзіміз сөндіре алмағанымыз естір құлаққа ұят. Ал, республикадан тыс

жерден келген адамдардың, әрине, бала-шағасымен шұбырып, көшіп, қоныс аударып келген соң, сөз жоқ, жағдайларын жақсартып алу үшін артығырақ қаражат, ссуда, коэффициент сұрап бұлданулары да заңды. Сүйтіп, бүйректен сирақ шығарғандай олар сауда-саттық мәселесі ғана емес, мәдениет ұйымдарымен де, театр, цирк, қала берді әдебиет мәселесінде де Москвамен тікелей байланыста болып, жергілікті партия ұйымдарының есебінде тұрғаны болмаса, шаруашылық жағынан да ешқандай араластығы, қарым-қатынастығы жоқ жеке «мемлекет» боп отыра береді. Ондай адамдар жергілікті ұлттың әдебиеті мен өнерін, салт-санасын біліп, тілін үйренумен шұғылданып, әуре боп қайтсін? Аңдаусызда өтіп кеткен жолаушының көзін байлап шығарып салатын атақты Байқоңыр сияқты құпия жерлерді айтпағанда, Целиноград облысы территориясындағы Степногорск қаласына барсаңызшы, әлгі айтқандарға көзіңіз қалай жетер екен. Өзіңізді Москва түбіндегі қалаларда жүргендей сезінесіз. Біздің республикада тұрып, республика тіршілігімен шаруасы жоқ осындай объектілер баршылық. Тіпті, көбейіп бара ма деймін. Мұның негізгі себебі — бір ғана бағындыру ниетімен кейбір министрліктер мен ведомстволарды республика иелігінен жөн-жосықсыз алып, басқа жерлерге, немесе тікелей орталықтың қарамағына беруде жатыр.

Осының салдарынан жергілікті халық республикада шығатын байлықтар мен ресурстардың иелігінен, тіпті, үлесінен айрылып қалып отыр. Орал, Гурьев тұрғындары ғасырлар бойы азық етіп, өзінің жеуіне ғана емес, басқаға беруіне де әбден жететін, атасының ежелгі асы болған қара уылдырықтың бір қасығын қазір сұрап ала алмайтын жағдайға ұшырады. Бір өзінде, еттің басқа сорттарын айтпағанда, он тоғыз түрлі колбаса жасайтын атышулы ет комбинаты бар Семей тұрғындарының бір тілім кол-

баса таба алмайтын күндері жиі кездеседі. 36 мың жұмысшы еңбек ететін, жылына жершарын айналауға жететін қаңылтыр шығаратын (темірді былай қойғанда) Теміртау комбинаты тұрғанда, іргесіндегі кейбір шаруашылық орындары бір етек қаңылтыр жаздырып ала алмайтын лимиттік кіріптарлыққа ұшырап отыр.

Отыз жыл бойы шұрайлы жердің қара қыртысын жүз аударып, жүз төңкеріп, өзен-көлдеріңді суалтып, қара топырақты эрозия құйынына ұшыратып, маңдай терін бес төгіп жүріп тың жерден тапқан еліміздегі ең жоғарғы сортты қатты бидайдың ұнынан жасаған нанды республика жұртшылығы аузын толтыра қарбытып жеп отыр ма? Шет елдермен араласа алатын, өзінің республикалық мекемелері болғанмен кішкентай ғана инкомиссияның жоқтығынан қарға адым жердегі Қытай қазақтарына барып, әдебиет, баспа орындарымен танысу үшін орталыққа қарап көзіміз төрт болғалы қашан.

Москва жазушыларының делегациясы алғашқы қақпа ашылған күні-ақ барған. Шыңжан жазушылары да, әдебиетшілері де біздің Жазушылар одағы атынан іргелес елге, өз бетіңмен дипломатиялық та, әдеби-достық та қарым-қатынас жасауға тікелей құқың болмау дегенді қалай түсінеді?

Сондықтан да, орталыққа тікелей бағынатын, республикаға бағынбайтын геологиялық партиялар келіп, оның артынан іле-шала тау-кен, түсті металлургия министр-ліктерінің адамдары жетіп, қалаған жерін дүңк-дүңк қопарып, тесіп, қазба байлықтарын алатын шахталарды орнатып, жергілікті адамдармен де, жергілікті советпен де, халық қалаулыларымен кеңесіп, ақылдаспай ойрандай бастайды. Көкшетау даласындағы құсып кеткен «Саумал» көлдер, кеннің құс та қонбайтын залалды суы толған «Қоскөл», патшалық заманда жерінен бір ай-

рылған, енді Октябрь революциясынан кейінгі «Кеңашы» деген ауылынан екінші рет айрылайын деп отырған Ақан серінің ауылы, экологиялық апатқа ұшыраған табиғат тағдыры — бәрі, бәрі осы келісімсіз, кеңессіз шешіліп жатқан әркімнің қолы билеген иесіз шаруашылықтың кесірі емес пе? Кейде бізден де кейін миллион жылдар өмір сүретін ұрпақ бар, барымызды түк қалдырмай, жеп-ішіп, құртып, тақырлап кетпей, солардың да үлесін қалдырып, біраз кен орындарын консервация жасап, жаба тұруға, сөйтіп қойма кілтін болашақ ұрпақ қолына беруге болмас па еді!

Әрине, бәрін де ойластырса, адам қолынан келер бір жақсылық болар еді.

Парасат», 1989 жыл

БАСБҰЗАРҒА СӨТ БАР, АЛ ТІЛБҰЗАРҒА ШЕ?..

Ел-жұртымыз басқа жұрттың қолтығының астынан босап, өз алдына жеке дербес ел болып, бөтеннің жетегінен шығып, өз тізгінін өз қолына алып, біреуге кіріптарлықтан айығып, «Тәуелсіз мемлекет» аталып, жер шарындағы қай елмен де терезесі тең түсетін жағдайға көшкенде, алдымен ұлт тілінің бағының жануы заңды құбылыс. Қазақ тілінің республикада мемлекеттік статус алып, оның дамуы, өркендеуі үшін арнайы тіл комитетінің, қоғамының құрылып, облыс, аудандарда оның бұтақтарының жапырақ жаюы да, соның қисынды жалғасы.

Осыған орай, баспасөзде, радио, телевизор хабарларында тіл ұстарту мәселесіне жаппай атсалұшы журналистер, ғалымдар саны көбейді. Бұл — құптарлық жай. Соңғы оншақты жылдарда бар сөзімізді қазақша айтпай, қасақана болмаса да, бұзып сөйлеп, шүддірлеп кеткенімізді жасыра алмаймыз. Сол қателіктерге түзету жасап, «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деп, көкейге қонымды сөздерді тауып, ана тілімізде бар болса да, ұмытылған сөздерді жаңғыртып жатқан адамдардың ісі ұланғайыр. Бірақ...

Ұланғайыр іс жасаймыз деп, тым улап-шулап кеткен жоқпыз ба? Ұлы іске атсалысамыз деп, білетініміз де, білмейтініміз де атой салып, тілге шалабайымыз да, сөзге шалағайымыз да лап қойып, ана тілін көкпарға салып созбайлап, туталапайға салып, жырымдап жатқан жоқпыз ба? Асатудың жөні осы екен деп, турамның жұтуға келмейтін ірісін де, турауға келмейтін қатты терідей сірісін де, майы мен қаракесегін де араластырып, бопалақтап уыстап, зорлап көмейлетіп жатқан жоқпыз ба?

Тілге де «еркіндік, бостандық, дербестік

(суверендік) берілді» деген қуаныштан жарылып кете жаздағанымыз сонша, әп-әдемі «дербес» деген сөзіміз тұрғанда, оны көзге де ілмей, жерден жеті қоян тапқандай «егеменді» сөзін тауып алдық. Жай тауып алсақ бір сәрі, «дербес» сөзін ара-тұра қатар айтудан безіп, оны мүлдем сырып тастап, ұмыттырып, «егеменді» сөзін жер-жерде алшаң бастырып, жеке-дара талтаңдатып қоя бердік. «Егемендіні» ұнататын аз ауыз да, ұнатпайтын көп ауыз да, бүгінде амалсыз жаттығып, амалсыз айтатын болды. Үйткені оны мүйізі қарағайдай үлкен газетіміздің атына берсек, жаңа конституциямыздың негізгі бір термині етіп кіргізсек, жиі ауызға алып айтпасқа не шара. Сонда, әдеби қалыпқа түскен, бар жұртшылығымызға ортақ, түсінікті, айтуға жеңіл, сұлу, ырғақты, жібі тұзу «дербес» сөзін жұлып тастап, оның орнына құлаққа түрпідей тиетін, құлақты егеудей егейтін, мазмұнына түрі қабыспайтын көне «егемен» сөзін алғаннан не ұттық?! Әрине, бұл атауды алғаш қолданып, ескі сөздік қордан алып, жаңа сөздік құрамға «жаңартып», жаңғыртып енгізгенге бір себеп те бар шығар-ау? Оның себебі, біздіңше, біріншіден, жаңа заманға орай жаңа сөздердің баламасын ескі көне сөздерден алып, қазақ тілінде мұндай сөздер болған дейтін ана тілінің беделін көтеруден туған жақсы тілектің нышаны шығар. Ондай тілекке баршамыз қосыламыз. Бірақ, қандай сөзді жаңғырту. Көне сөздің бәрі бүгінгі күнге лайық емес, ескі дүниенің бәрі бүгінгі күні байлық емес. Тегінде, «егемен» сөзі «еге» сөзінен алынса керек. Рас, «еге» сөзі ертедегі кейбір толғауларда, қиссаларда («Үш жүздің баласына еге болып...» — Шәдінің «тарихатынан») сирек ұшырасады. Тіпті осы күнге дейін кейбір облыстарда үйдің егесі деп айтады. «Қара кемпір» өлеңінде де менің досым Жақсылық Сәтібеков қолданыпты. Сөз жоқ, бұл сөз негізсіз, төркінсіз емес.

Бірақ, әдеби нормаға кірген «ие» тұрғанда, көне сөзге айналған (дүние жүзілік тіл ғылымында да «архаизм» деген сөз бар ғой) «егені» «ие» сөзімен егестіре беріп қайтеміз. Ауыз екі тілде, диалогтарда айтылса айтылар, бірақ, «иттің иесі болғанда, бөрінің тәңірісі бар» деген мақалға дейін ертеден тілімізде төселген сөзді, енді, қайтадан ескі қалыбына зорлап тартып, «сыйлықтың егегері» (сыйлықтың иегері) дүниеге егелік ет, «мүлікті сен егелен», «дүниеге сен еге» деп, көпшілік айтатын, қалыптасқан сөзді қайта қиындатудан, қыңырлықтан басқа, не табамыз.

Ия, айта берсек, өйтеуір еліктеудің, ерудің жөні осы екен деп, қаратпа сөз ретінде айтатын «товарищ» сөзін орыстар қолданбайтын болды деп, бізде көзді тарс жұмып, «жолдас» сөзін сирете жоғалтып, оның орнына «господин – мырза» сөзін қолдана бастадық. Оу, жолдастар-ау, жөнге көшейікші. Орыс тіліндегі сөздердің, оның ішінде қаратпа сөздердің қазақша тура баламасы бары да, жоғы да кездеседі. Мына «товарищ, господин» сөздері қазақ ұғымындағылардан бөлегірек. Егер орыс тілінің этимологиялық сөздігіне жүгінсек, «товарищ-человек, участвующий с кем-либо в одном деле, промысле предприятия и т.д.» деп түсінік береді. Орыс әдебиетінің классигі Пушкиннің «Дубровский» шығармасында «товарищество мужчин» десе, Куприн «Гранатовый браслетінде» «...Аносов был боевым товарищем» дейді. «Н.Толстой да «Казакіінде» товарищтің басқа түрін айтады. Тіпті, орыстардың жиі айтатын «товарищ по несчастью» дегенінен-ақ тағы бір қазақ ұғымынан алшақ түсінік аңғарылмай ма? Ендеше, «товарищ» деген сөз қазақша «қоғамдас, қауымдас, тұрғылас, тойлас, табақтас» мағнасына жақын екен. Ал, қазақтың «жолдасына» сөзбе-сөз аударғанда, орыстың «попутчигі» келеді. Әйтсе де, бұл сөздің шыққан жері, төркіні түрік тілдес елдердің, оның ішінде қазақ түсінігінде

одан әріде жатыр. Құрсақтағы нәрестемен бірге жасайтын (жаратылу жолы бір) жаратылысты, баланың жолдасы, серігі демей ме? Жұбайларды да бір-біріне жолдас дейді: «Үйленбеген», «жолдасы бар». Осы сөздің кеңейген мағнасы – қатар өмір сүретін тірі жандардың бәрі барар жері, жолы бір жолдас-тар. Ендеше, ірілі-ұсақты жиындарда «жолдастар» деп бастайтын қаратпа сөзге, жиналған жұрттың жасына, жынысына қарамай, кәрісінен баласына дейін, еркегі, әйелі бар, бәрі де, тіпті, жақсысы да, жаманы да, маскүнемі де сыяды. «Жолдас» сөзі бәріне ортақ. Шет елдік адамдарға да «Жолдастар, анығырақ айтқыңыз келсе, «шет елдік жолдастар» деудің ешбір әбестігі жоқ. Яғни, «жолдастың», бүкіл жер шарының қай түкпірінде болмасын, қаратпа сөз ретінде мазмұны жағынан өмір сүруіне толық хақысы бар. Ендеше бұл сөзді құртатындай не өшіміз бар онда. Тіпті жеке адамдарға айтылатын «жігітім, ағайын, қарындас, інішек, ақсақал, бауырым, туысқан, тәтей, шешей, шырағым, қарағым...» қаратпа сөздерінің де «жолдаста» алашағы жоқ. Қатар өмір сүруге хақы бар. Қатар емес-ау, олар да «жолдастың» ішіне сияды. Жолдас оларға сыймайды. «Жолдастар» деп, жалпылама атап алған соң, әрі қарай «ағайын», «жерлестер», «қарттарым» деп, жиынның, отырыстың адамдарын ретіне, жөніне, етене жақындығына қарай ерекше бөліп айтуға әбден болады. «Жолдас-жора», «Жора-жолдас» деген ертеден бар сөздерді социалистік қоғамда айтылды екен деп, совхоздардың атын өзгерткендей, жұлып тастай берсек, онда, социалистік қоғамда бастық болған адамдардың көпшілігі осы күні де бастық, давай, ондай жолдастардың бәрін орындарынан жұлып тастайық. Жоқ, ағайын, адам қадірі мен сөз қадірі олардың қай қоғамда жұмыс атқарғанымен емес, қалай жұмыс атқарғанымен бағалануы тиіс. Осындай көпмағналы жолдасты

«товарищтің» қанжығасына байлап, жаңа әлі түсініксіздеу қоғамның құрбандығына шалып жіберу – сайтан ісіне айналмағай.

Шет тілден енген сөздер, – негізінен, орыс тілі арқылы келген сөздер. Оларды орыс сөздігінде қалай қолданса, солай қолданып келдік. Тіпті жағрапия, Жапон, Үнді, Мағазын (араб сөзі) деп төл грамматикалық ерекшелігімізге икемдеп айтсақ, кейін орыс тілінің әсерімен география, Япония, Индия, магазин деп, қайта «жөндеп» алдық. Енді орысша терминдерді келсін-келмесін тікелей, не жобалап аударғанымыздай, халықаралық сөздердің де бет-жүзіне қарамай, басқа-көзге төпелеп, шетінен «қазақшалай» бастадық. «Редактор – сарашы, газет – үнқағаз, паспорт – төлқұжат, лауреат – иегер, композитор – сазгер, класс – сынып, микро – мөлтек»... – Осылай кете береді. Автобуст, троллейбус, трамвайларды да қазақша көгендегісі келгендер болған. Бірақ олар икемге көнікірмей, қашып жүр. Оған ерегесіп, шет тілден, орыс тілінен енген «в», «ф» әріптерін мүлдем қолданудан шығарып тастап, «мә, саған, ендеше» деп, «қиратып» жүргендер де бар. Жәрәйді, өзінің төл нұсқасына келтіріп, «тауар», «зауыт», «пәбрика» сияқты сөздерді амалдармыз-ау, сонда «физика – пизикә, физиономия – пизаном, физиолог – пизалок, «Алфавит – Алпабит», «Ева Мария – Еба Мәриә» дегеннен ол сөздер қазақылана қояр ма екен? Алфавитімізден «в» мен «ф» әріптерін алып тастаумен сауатты бола қаламыз ба? Осы жерде, жеңіл анекдот түседі еске: « – Төсағаш астында «П» әрпінен келетін бір нәрсе жатыр, ол не?

– Папирос, папка... пальто...

– Қазақша нәрсе.

– Ә, ендеше, пима.

– Таппадың. Ол – пәтіңке... Ал жарайды, енді, «І» ден басталатын тағы бір нәрсе жатыр. Ол не?

— Қазақша болса, ін шығар?... Ішік?... Ірімшік?...
Іш киім?...

— Таппадың. Ол — іщо раз пәтіңке».

Осылайша «қазақыландырамыз» деп жүріп, тілімізді осындай анекдотқа ұшыратып, мазақтап алып жүрмелік.

Бір кезде ана тілінің әйдік үздік шеберлері Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезовтер өз шығармаларында минут, секунд (минөт, секөнт) деген сөздерді сол қалпында қолданған. Балама іздемеген. Үйткені, «Сүт пісірім», «бие сауым», «сәскеде», «түс ауғанда», «қасқағым», «кірпік қаққанша», «бір сәтте», «әп сәтте» деген дала уақыты сағат тіліндей дәл өлшем бола алмайды. Ондай теңеулер орыс сөзінде де бар. Мысалы бір ғана «мгновениені» алыңыз. (Ал, оны «әпсәт» деп аударуға болар еді). Сол сияқты, «үй орнындай», «бір қотандай», «ауыл орнындай», «қарға адым», «қол созым», «иек астында», «әудем жер», «қозы көш», «бір кез», «бір елі», «сынық сүйем», «бір сүйем», «шынашақ», «бір қарыс», «пышақ сырты», «ұстараның жүзіндей», «қаймыжықтай», «бір табан», «жұп-жұқа» т.с.с. дегендер де «гектар, километр, сантиметр, дециметр, миллиметр» деген өлшемдерді дәл бермейді. Сондықтан да, оларда да қазақыландырам деп азан шақырудың қажеті жоқ сияқты. Әйтеуір «шақырым» дегенді километр орнына қолданып жүргенімізге шүкіршілік. Дәл өлшем болмағанмен, әбден сіңісіп кеткен балама ғой.

Әрине, «Микрорайон — микроаудан», «телевизор — теледидар» сияқты сөздерді ала қойды бөлек қырыққандай жартылай аударып жартылай мүгедек қылып қойғанымыз да жараспас. Ол жылқы еті мен шошқа майын араластырып жасайтын «Дружба» колбасасы емес қой, ақ майларын шұқып тастап, етін жей беретін. Бірақ, «мөлтекаудан» деп

аудару келісіңкіремейді. (Мөлтек сөзі жалпыға түсініксіз, әрі мөлтектеген, мөлтілдеген көз жасты елестеді, одан да «майдааудан» (майда + аудан, әрі ұсақтықты білдіреді, бірге қосып айтуға да жеңіл, әрі құлаққа да жұмсақ, майда естіледі), немесе «шағаудан» («шақ + аудан» – шағын аудан) деген жобаға келіңкірер ме еді?

Бұл мысалдардан тағы бір байқайтынымыз – орыс тілінен тікелей енген сөздерді аудару (қазақыландыру) оңайырақ та, орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдерді аудару қиынырақ. Әйтсе де, орыс тілі оңайырақ екен деп, бұрынырақ қазақыланып қалыптапқан сөздерді, мазмұнына қарап, қайта аударудың қажеті қанша: самауырды – өзі қайнатқыш деп (самовар), шәйнекті шайшығарғыш деп (чайник) қайта аударғаннан не ұтамыз? Одан да мұндай сөздерді әр жерде әртүрлі айтпай (самауыр – самауырын, шәйнек – шәугім, сіріңке – шырпы), әдеби бір қалыпқа (атауға) түсірсек. Аударудың жөні осы екен деп, өзінің меншікті аты болып кеткен жалпы (нарицательный) есімдерді де аударып жібердік. Октябрь революциясы – Қазан революциясы, февраль революциясы – ақпан революциясы. Бұл революциялар сол өткен айларына байланысты қойылғанмен, олардың мақсаттар, қимыл-әрекеттері, күш қолданудағы әдістері, программалары өз алдына бөлек, ерекше күрес жолдары ғой. Октябрь революциясының мақсатын, аты революция екен деп, февраль революциясымен алмастыруға болмайды. Ендеше бұл есім – сол революцияға ғана тән өз есімі. «Париж коммунасы», «Коминтери» деген сияқты, немесе «Кремль», «Пентагон» деген сияқты аударуға болмайтын өз ерекшелігі бар тарихи атаулар. Октябрь революциясына байланысты туған «Октябренок» баланы қалайша «Қазаншық», «Қазантай» деп аударасыз. Орыстың Декабристерін «желтоқсандықтар» деуге, тіпті,

«декабрлік, декабрліктер» деп қазақша жалғауын өзгертуге де келмейді. Коммунисті «Коммуналық», не «Коммунизмдік» деп аударғанмен барабар емес пе? Бұл — наурызда туған Наурызбайды — Апрельбогат, Мейрам күні туған нәрестелер Мейрам мен Мерекені — Праздник, Торжество деп аударумен парапар емес пе? Октябрь жемісі — айдың жемісі емес, революция жемісі екенін неге ойламаймыз.

Енді бір сорақы аударма, осы күнге дейін мал шаруашылығында қолданылып жүрген сөз — «окота кезі». Бұл — қойдың қоздайтын мерзімін айтқаны. Мұны орыстың котиться (окот) деген сөзінен, яғни мысықтың күшіктеуінен (балалауынан) алған. Шырақтарым-ау, басқа-басқа болсын, тап мал шаруашылығына келгенде қазақ халқы біреуден сөз еншілемейді де, сауғаламайды да. Қазақтың «төлдеу», «төл алу» деген тамаша сөзі тұрған жоқ па? Одан да дәлірек жіктегіңіз келсе: «қоздау», «құлындау», «боталау», «лақтау», «бұзаулау», «балалау» (мысық, тышқан), «балапан шығару» (құс), «күшіктеу» (ит, қасқыр). Одан соң қоздайтын қойды «аналық қой» дейді екен. Онысы орыстың «маточный» дегенінен алғаны. Оу, қазақтың қоздамаған қой болса, «буаз қой» демей ме. «Буаз бие, буаз сиыр, буаз тушаларды» енді, «аяғы ауыр, екі қабат, жүкті, аналық» деп әспеттеуіміз қалғаны ма? Қазақ биені, саулықты құлынның қозының анасы, шешесі демейді «енесі» дейді («енесі тепкен құлынның еті ауырмайды. «Ене» сөзі көне тілде ананың баламасы да болар. Қырғыздарда...) Ал, жалпы айтқанда, қазақ айғыр, ат, қошқар, сек, теке, бура, атандарды «еркек мал» дегенмен, бие, байтал, саулық, аруана, інгендерді «әйел мал» демейді, «ұрғашы мал» демей ме? Әрине мұның бәрін малшылар да, мал дәрігерлері де бес саусақтай біледі, әттең орысша ақпар жазғанда еліктеуден туған ерсі сөздер ғой ауыз екі сөйлеуде де еркінсіп кеткен. Сондықтан,

қандай сөз болмасын орыс тілінен, не шет тілден тікелей (калька) аударса салмай, сөздің қазақ ұғымындағы мазмұнына, баламасына жүгінгеніміз дұрыс. Мысалы, театр сахнасын алайық. «Сцена» сөзі «сахна» деп аударылады да, «авансцена, арьерсцена, карманы» деген сахна бөлшектерін (мизансценалық жөні бөлектеу) аудармай жүрміз. Егер осыларды тәржімаласақ, «сахнаның алды», «сахнаның арты», «сахна қалтасы» деп аударса салуға болар еді. Ал, бұдан да жатық етіп аударсақ, қазақ мақал мәтелдерінен, қанатты сөздерінен т.с.с қалыптасқан ауыз екі сөздерден іздер едік. Қазақта «қолдың томы болмасаң да, соңы болма» деген сөз бар. Бұл — қалың әскердің авангарды болмасаң да, арьергарды болма» деген сөз. Ендеше, авансцена — сахна томы, арьерсцена — сахна соңы деп неге айтылмасқа. Ал «карманы» сөзі бұл арада мазмұны жағынан тікелей сөзбе сөз келмейді. «Сумчатый волк» — дегенді «қалталы қасқыр» деп түп нұсқадан да жатық аударсақ та, «правый, левый карманы» дегенді «қалтасы» деп аударғаннан гөрі, «қоржыны» деген қазақ түсінігіне жақын келер еді. Сахна да үй секілді. Ортасын пеш бөліп тұрған үйді «қалталы үй» демейді, «қоржын үй» дейді. Сонда сахнаның «оң жақ, сол жақ қоржыны» десек, ұғымдырақ та, келісті сөз болар еді.

Менің Жамбылдық бір жолдасым (Ерлік Омаров) — «барайық, жүрейік, шығайық, кірейік» сөздерін «баралы, жүрелі, шығалы, кірелі» деп сөйлейді. Бұл — көне тіл болса керек. Етістіктің бұл райы «кірелі-шығалы есі бар» деген сөзде ғана анықтауыш ретінде сақталып қалған. Шынында да осы сөзді пайдаланып, орысша «вход», «выход» деген сөздерді «кіретін есік», «шығатын есік» деп жатпай, «кірелі», «шығалы» деп қана есікке жазсақ, әрі қысқа, әрі нұсқа болмас па еді.

Бұл сөздерді, әрине, бұдан былай осылай қолда-

найық деп үзілді-кесілді кесіп айтуға хақым жоқ, әшейін, аудармашылар мен тәржімашыларға ой салу, ұсыныс жасау ретінде қабылдағайсыздар. Содан соң, бір газеттің «кәзит, зауыт, кәмесие, әртіс, килә, еурапа» деп, енді біреулерінің «газет, завод, кумиссиә, артис, килы, ебропа» деп қиқалақтауларын қоюлары керек. Кез келген адам (не редактор) әр сөзді өз қалауынша жаза берсе, бір-екі жылда бар сауатымыздан айырылатын шығармыз. Сөзді қалай қолдануды, қалай жазуды бір жүйеге келтіретін, бір арнаға саятын ереже қайда? Әр заманның ағымына, уақыт тіршілігіне, ел-жұрттың тұрмыс-салт, жаңалығына орай жаңа сөздердің туып, пайда болуы заңды құбылыс. Оны, әр кезде, мақал-мәтел қалыптастырғандай, сөз саптауға бар жеке адамдардың (жиналыспен емес) шығаратынында шәк жоқ. Сол жаңа сөздердің бірден көңілге ұялап, тілге жатық, құлаққа жағымды естіліп, әр ұлттың өзіндік тіл ерекшелігіне қарай қонымды орнын таба қоятыны да, кейде бірден ұнамай, келе-келе сіңісіп, не жүре келе түзету, өңдеу арқылы сөздік қордан орын алатыны да бар. Мысалы: «Ошақ» сөзінің алғашқы түрі «Мосы», «Үш таған», «Үш аяқ». Содан келе-келе «ошақ» (үшаяқ – ұшақ – ошақ) сөзі шыққан. Келе-келе «ошақ» сөзі ас пісіретін орынның жалпы есіміне айналған да, жерден қазып ас пісіретін орынды «жер ошақ» («жерошақтан алыс жүріп күрес») деп атаған. Әрине, халық «ошақтың» төркіні «Үшаяқ» екенін біледі. Әйтпесе, ошақтың үш бұты демей «Ошақтың үш аяғы» (үш аяқтың үш аяғы) деп қателесер еді. «Үш тағаннан қалғаны – тағандап тұру» ғана. Оның өзі ескіріп барады.

Осындай өзгеріске енген сөздің бірі – «құқық». Біз бірде «құқ» деп, бірде «құқық» деп жүрміз. Мұның айтуға қиындығынан, сөздің сұрықсыздығынан болар, халық оны басқа қалыпқа түсірген: «Хақы». Мұны кейбіреулер ақының бір түрі деп,

солай пайдаланады: «Не ақың бар — не хақың бар — не алашағың бар»... Шындығында, бұл сөз «право» деген сөздің орнына жүреді. «Біреуде ақың кетсе де, хақың кетпесін», «біреуге ақыңды жіберсең де, хақыңды жіберме», «біреуге қол көтеруге қандай хақың бар», «бұл іске араласуға еш хақың жоқ» деген сөйлемдерді қараңызшы. Қалай дегенмен, «біресе «құқ» деп, біресе «құқық» деп қақалып-шашалып жатқанша, «қақы» сөзін пайдаланғанымыз жөн шығар. Бұл сөзге ерекше, көбірек тоқталғаным, ендігі жерде, бұл да, «егемен» сияқты жиі қолданылатын сөз. Сонда «Правовое государство» дегенді «құқықты мемлекет», «құқты мемлекет» дегеннен гөрі, «хақылы мемлекет», «адам хақысы», «адамның хақысы бар» десек, сөзіміз жатықтау естілсе керек.

Сондай-ақ «композитор, лауреат, редактор» сөздерінің де қазақшасы жетісіп тұрған жоқ. «Бұл артисіміз біздің жалғыз лауреатымыз» деген сөйлеммен «бұл артисіміз біздің жалғыз иегеріміз» деген сөйлемді салыстырып көріңізші. Ал, «сазгер» дегеніміз композитордан гөрі «музыкант» деген сөзге жақынырақ емес пе? Сонда сазгерге (музыкантқа) жататындар: домбырашы, сыбызғышы, гитаршы, қобызшы, дутаршы, қомызшы, сырнайшы, кернейші, жетігенші, арфашы т. б. Яғни, әртүрлі музыка аспаптарында ойнаушылардың жиынтық аты — Сазгер. Иә, жиынтық атауларды, әсіресе, медицина, биология, техникаға байланысты сөздерді абайлап-абайлап аударған жөн. Стоматолог — тіс дәрігері, окулист — көз дәрігері дегендер сөздің түсініктемесі ғана. Әйтпесе, стоматолог — жалпы ауызға байланысты тістің қызыл етін де, уылуды да, тіс ауруымен асқынған таңдайды да, жақ ерінді де қоса емдесе, окулист — көзге қатысты қабақтағы, кірпіктегі, көз тамырларындағы ауруды, лор — құлақ, көмей, мұрын жолдарын, яғни есту, тыныс алу жол-

дарын, уролог – қуық, үрпі, жыныс бездері т. б. емдейтінін білеміз. Шет елге бара қалып осының бірімен ауырсаңыз, қолыңызбен көрсетіп, соның маман дәрігерін іздегенше, «Урологқа барам» десеңіз түсінікті емес пе? Ендеше, халықаралық сөздерді мүлдем аударма демейміз, асықпай, ойланып, сол мамандықты, не құралдарды түгел игеріп, әбден етене болғанда қазақшылаған жөн ғой дейміз. Әйтпесе бас салып сөз біткенді, үйлессін, үйлеспесін, түгел аударма берсек, басқа түгіл, қазақтар бір-бірімізді түсінуден қалармыз. Машиналар шығаратын заводтың болмай тұрып, аккумулятор, карбюраторлардың қазақша баламасын іздеу, баласы жоқ қазақтың жетім балалар үйінен орыстың, не негірдің баласын бауырына салып, Иван, не Макс деген атын Жұмабай деп өзгертіп алғанмен бірдей емес пе?

Тіпті ежелден қалыпқа түскен «көкейкесті», «ұлғат» сияқты сөздерді, біресе, «көкейкесті», «ұлғат» деп, біресе «көкейтесті», «ұлағат» деп, «біздің жақта солай айтады» дегенді желеу етіп, бір бәтуға келе алмай жүргеніміз ұят-ақ. Өзімізден емес-ау, мемлекеттік тілді үйренеміз деп білек түрген басқа ағайын, жұрттан ұят-ау.

Сонымен ендігі айтарымыз, жолдастар, тілімізді бас-басымыз жұлмалап, көкпарға салуды қоялық. Тілге еркелік те, бұзақылық та, жершілдік те жүрмейді. Асығыстықтың да жөні жоқ. Тілдің дамуы төңкеріспен, революциямен түзелмейтін, ұлт, халық мәдениетінің эволюциялық байсалды дамуымен байланысты баяу өзгерістерге ұшырап, байып отыратын ұзақ процестік іс. Сондықтан да халықаралық тіл мен орыс тілі арқылы енген сөздерге, қызбалыққа салынып, ұлттық намыспен қарамай, тарихи құбылыс ретінде мән беріп, ғылыми тұрғыда ақылға салып, парасаттылық жасағанымыз жөн шығар.

Бір жазушының романына пікір жазып отырып,

оның қайсыбір сөздерді жөн-жосықсыз қолданып, ескі-құсқы түсініксіз диалектілерді білгішсініп тықпалай бергеніне ыза болып «басбұзарға сот бар да, тіл бұзарға неге сот жоқ» дегенім бар еді. Шынында да, басбұзарды сотпен айыптап тезге салуға, тілбұзарды сөзбен айыптап жөнге салуға неге болмасқа?! Екеуі де қылмысына қарай айыпсыз, қағусыз қалмауы керек қой. Ендеше, әңгіме, сөз соңында, тағы да әлгі «егемен» туралы. «Егемен» сөзі шыққанда, оны алдымен «Социалистік Қазақстан» газетінің атына қойған кезде газет редакторы Шерхан Мұртаза болатын. Біз сол жазушының тапқан «табысы» деп ойлағанбыз. Олай болмай шықты: Ол бір сөзінде «егеменнің» авторлығынан бас тартқан. Мейлі, ол болмасын, әйтеуір кім десек те, ол адам ана тіліміздің бабасы да, атасы да емес, көп болса, баласы шығар. Ал, баланың жаңа шыққан «былдырлаған» тілін қызықтап, шалдуар «балдыр батпағын» түзету де, тіл тазалығына деген мәдениетті тәрбиенің бір түрі емес пе еді?! Ендеше, «егемен» сөзін арамыздан мысқалдап шығарып, «дербес» сөзін анда-санда аузымызға алып, арамызға қайта кіргізейік, жолдастар. «Егеменге» сонша неге шұқшияды деп айыптай көрмеңіздер, ол сөзде «алты аласым, бес бересім жоқ», оқушы қауымның бәрі дерлік осы пікірде, тіпті, біресе «егемен Қазақстан», біресе «Егеменді Қазақстан» деп, қайсысының дұрыстығына өздерінің де көзі жетпей жүрген газет қызметкерлері де «егеменмен» қоштасқандарына «қыңқ» демейтіндеріне мен кепіл. Сонда бұл шарамыз болашақ сөз бұзарларға сабақ болар еді. Ал, «егемендіні» бар беделін салып, зорлап кіргізген адамның жарасы жеңіл: «Бір жиыннан соң Ю.Цезарьдың қызметкері: — Ұлы мәртебелім, сіз бір сөзді қате қолдандыңыз, оның мағынасы басқа еді ғой, — дегенде, Ю. Цезарь:

— Ол сөзді мен қалай қолдансам, ендігі жерде

оның мағынасы да солай болады, — деп тақапбарланғанда, қызметкер оған: — Жоқ, мәртебелім, сіздің адамға билігіңіз жүрсе де, тілге билігіңіз жүрмейді, — деген екен.

Иә, тіл тазалығы, тіл байлығы жеке бастың қамына, дәрежесіне бағынбайды, ол — халық игілігі, мемлекет байлығы, ұлт қазнасы. Ұлт қазнасына суық қолды сұқпай, оның бай, дами түсуіне, қадари халімізше, ат салысу — анамыздың, ататегіміздің алдындағы азаматтық саналы борышымыз.

«Қазақ әдебиеті»

ЖАПАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ТІЛ (Редакция сұрақтарына жауап)

Қай елдің болсын, негізгі қасиеті — тілінде. Мемлекет екенсің, негізгі тілің болсын. Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы заңды. Алайда Кеңес одағы тұсында бір-ақ тіл үстемдік құрды. Ол қазақ тілі емес екенін жұрттың бәрі біледі. Біз — көнтерлі халықпыз. Мұнымыз ешкімге тиіспейікші, бейбіт өмір кешейікші деген пікірді ұстанғанымыздан шығар, сірә. Жуастық жақсы, бірақ ерен қасиет емес. «Жуас түйе жүндеуге жақсы» дейді ғой халық. «Бұға берсең, сұға береді» деп те айтады ел. Шынына келсек, қазақтың жуастығын пайдаланғандар аз болмады.

Бір кездері шет жұрт: «Қазақ деген қасқыр халық. Тиіссең, түтіп жейді. Оған ұрынба, ұрынсаң өз түбіңе өзің жетесің» деген пікірде болса, соңғы 250-300 жылдың ішінде олардың: «Қазақ — аңқау, қулығы жоқ халық. Оны қалауыңша илей аласың» деген қорытындыға келгенін жасаған жымысқы іс-әрекеттері аңғартады.

Біз қонақжаймыз, меймандоспыз деп мақтанамыз-ау, әйтсе де өзгелер бұл қасиетімізді шынайы қалпында түсінбейді. Сондықтан бізге қаталдық керек секілді. Кісіге ақымызды да, хақымызды да жібермеуіміз қажет.

Соңғы жылдары қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе әперуіміз хұқық деген ұғымды түсінгенімізді байқатады.

Мемлекет тілден басталады. Ана тілі елдікті, ұлттықты анықтайды. Сап-сары түсті ұлттың арасында қап-қара түсті туары мүмкін, керісінше қап-қара түсті ұлттың арасында сап-сары түсті туары мүмкін. Бірақ олардың кім екенін түсі білдіре алмақ емес. Тіл — ұлттық қасиет. Қазақ тілі — ұлты-

мыздың жаһандағы жалғыз тілі. Одан айрылсақ, ұлттық қасиеттен де айрыламыз.

Ормандай көп орыс жұрты қазақ тілінің байлығын әлі мойындай қойған жоқ. Мен өзім шығармаларымды орысшаға тәржімалаған Солоухинге оны мойындата алдым. «Қазақ тілі – бай тіл, орыс тілі – икемге көнгіш тіл», – дегенімде Солоухин мұны дәлелдеуімді өтінді. Мен: «Говор» деген сөзді орыстар «приговор», «отговор», «договор», «заговор» деп «приставка»-мен құбылта береді. Ал, қазақта осы сөздердің әрқайсысының өз алдына баламасы бар. Сонда қай тіл бай болғаны?» – дедім. Сонан соң мал шаруашылығына қатысты сөздерді салыстырдым. Алғаш; «Орыс тілі қалайша кедей?» – деп шамданып қалған әріптесім кейіннен райынан қайтып, менімен келісті.

Аудармашы өз тіліне аударып отырған шығарма тілінің еш кемдігі жоғын түсінсе, тіпті оны бай тіл деп байыптаса, тәржіме сәтті шықпақ.

Қазақстандағы орыстар неге қазақ тілін білмейді? Әрине, қазақ тілін менсінбегендігінен білмейді, түсінбегендігінен білмейді. Насихатымыз осылай болды. Орыс тілі дүниедегі ең ұлы тіл дедік. Бірақ мәселенің көзі тереңде екенін білмедік. Айталық, Гете: «Шығыстың жеті ұлы ақынының соңына ілесе алсам, арманым жоқ» деген ғой. Бұдан неміс ақыны Шығыс шайырлары поэзиясының құдіретімен бірге тілін мойындады деген тұжырым шығады. Мәселе – тілдің қолданылуында. Біз бай тілімізді қолдана алмаймыз. Тілді жетімсіретіп, жүдетіп жүргеніміз жасырын емес. Тіл білу деген нәрсе – сөздің этимологиясын, қай жерден шыққанын, төркінін айыру емес. Ол – зерттеушілер мен ғалымдардың еншісіндегі нәрсе. Мысалы, Даль секілді ғалымдар тілді кез-келген орыстан артық біледі, бірақ оны Пушкин мен Тургеневтей қолдана алмайды.

Біз Қазақстанда мекендеп қалған әр түрлі ұлт

өкілдерінен қазақ тілін Даль тәрізді меңгер, Пушкиндей қолдан демейміз. Өйткені, ондай тілбілгірлік қасиетке жеткен қазақтардың өзі сирек. Сондықтан «орыстілді» болып қате айдарланып жүргендер кемінде жөн сұрасатындай қазақша білуі міндетті. Соңғы кезде олар «сөздік аз, тілашар, әдістеме жоқ, жағдай жасалынбаған» дегенді жиі ауызға алатын болды. Меніңше, ынта шамалы, әйтпесе ел-елде жиі ұшырасатын Шодыр, Жагор, Әндірей, Әлексейлер қазақшаны сөздікпен үйренді деп кім айтады?

Тіл музыкамен байланысты. Айшықты тілдің бұрмасы бар, астары бар. Музыканың нотасы дұрыс қойылмаса, ол сәтсіз шығады. «Диез» деген ұғым бойынша музыкада бір ғана буын бірнешеге бөлінеді. Сол бөлшектері дәл келмесе музыка қожырайды. Осы секілді кейбір жазушылар тілді орынсыз қолданады. Ол жазушы тілді жетік білуі мүмкін, бірақ қолдана алмайды. Қайсыбір қаламгерлер «сен мына сөзді білесің бе?» дегендей көнерген (архаизм) сөздерді тауып алып, мақтана пайдаланады. Алайда архаизмді пайдаланудың да жөн-жосығы бар.

Әдебиеттің марғасқалары дүниеден өтті. Біздер, кеше Ғабендердің тұсында орта буын атанғандар, енді аға буынмен қатарлас келе жатқандар, үркердей топтаса көрінудің орнына шашылыңқырап, әрқайсымыз өзімізше көзге түсіп жүрген жайымыз бар. Біріміздің тіліміз екіншімізге жақпайды. Әркімде өзіне тән өзгешелік болуы заңды екенін ұмытып жүргендейміз.

Айтқандайын, композиторды «сазгер» деп аударып жүр. Меніңше, «саз»-дың мағынасы басқа.

Тәуелсіздік алғаннан бері термин мәселесі күн тәртібінен әлі түскен жоқ. Бұл заңды құбылыс. Бірақ осы мәселені ушықтырып аламыз ба деп қорқамын. Қазір терминді әркім өзінше аударатынды шығарды. Газет, журналдардағы кейбір сөздерді түсінбейтін болдық. Елге шыға қалсақ, аңғал қазақ;

«Сендер сөзді түсініксіз жазатынды шығардыңдар», – деп бізді кінәлап жүр. Әрине, оларға «Бұзып жатқан жазушылар емес, журналистер» деп айтып жату орынды бола қоймас. Әйтсе де «бұлақты бастан лайлап жатқан» кім екенін жұрт кешікпей ажыратар деген ойдамыз.

Біз кез-келген шет елден енген сөзді аударуға әуес болмауымыз керек. Олардың жалғау-жұрнағын қазақыландырайық, ал, негізін бүлдірмей ізденсек, сөз жоқ, сәтті баламасын табуға болады ғой. Марқұм Ісләм Жарылғапов ағамыз сынды азаматтар қазақтан аз табыла қоймас.

Қазақстандағы Терминология комитеті осы іске мұрындық болса екен деген тілекті баяғыда айтушы едік. Тәуелсіздік алғалы қайта сол комитет маған жасырынып жүргендей көрінеді де тұрады. Әйтпесе баспасөздегі берекетсіздікке бірінші болып терминком қарсы тұрса, кім «мұның теріс» дер?

Жаңадан құрылған Тіл комитетінің алдында қыруар шаруа тұр. Соның бірі – термин жасауға ұйытқы болу. Керек десеңіз, Тіл комитеті қазақша баламасы жоқ сөздерді жазушы-қаламгерлерге бөліп берсін. Олар ойланып-толғанып балама табатыны сөзсіз.

Аты-жөнді бір жүйеге түсіру мәселесі қазақ арасында шешуші қиын түйінге айналып тұр. Отаршылдықтың көп зардаптарының бірі ғой бұл. Кеңес өкіметі тұсында қазақы аты-жөнін сақтап қалған Әлкей Марғұлан, Бауыржан Момышұлы сынды азаматтар бірен-саран ғана болды. Баукең айтқан екен: «Ов-ов деген атыңды, овощ жеген аузыңды ұрайын» – деп.

Мен өз басым қазақы аты-жөн жөнінде бір шешімге келгенім жоқ. Әзірше бір кездері Ғабен сыйлаған «Сәкен сері» деген атты пайдаланып жүрмін. Бұл бір жағынан менің бүркеме атым сияқты, екінші жағынан «ов»-тан қашқандағы түрім.

Фамилия әулетті (династия) білдіру үшін керек. Біреулер руын фамилия қылып жүр. Бұл рушылықты қоздырмайды деп кім айтады.

Қысқасы бұл мәселеде асықпауымыз қажет. Жеті рет өлшеп бір рет кесуіміз керек.

Орыс ғалымдары бір кездері «Орыс әдеби тілінің негізін салушы А. С. Пушкин» деп жазғанындай қазақ ғалымдары «Қазақ әдеби тілінің негізін салушы Абай» деп тұжырым жасап жүр. Меніңше әдеби тіл тым әріден бастау алады. Асанқайғының, Шалкиіздің сөзін барлық қазақ түсінеді емес пе? Абай әдеби тілді әрледі жүйеледі қалыпқа түсірді десек ұлы ақынның тарихи орны аласарып қалмайды.

Әдеби тілдің ертеде пайда болғанын дәлелдейтін бір айғақ — ауыз әдебиеті. Ежелгі жыр-дастандарды ертегіні түсінбейтін қазақ жоқ.

Қазақ тіліне тән қасиет — тұтастық. Онда жергілікті аз-кем өзгешелік болғанымен диалекті байқалмайды. Алайда балық, егін, мал кәсібіне байланысты сөздерді жергілікті ерекшелік (говор) деп қарамай, әдеби тілге тартқанымыз жөн. Жеміс, егін туралы сөздерді оңтүстіктен, балық кәсібіне қатысты сөздерді Арал, Атырау маңынан, мал кәсібі жөніндегі сөздерді жалпы ел ішінен алуымыз қажет.

Бас бұзарға сот бар, тіл бұзарға не сот бар? Тіл бұзарды, әрине, бас бостандығынан айырып, жер аударып жібере алмайсың. Бірақ оларды да тезге салу керек қой. Сонда қайтіп соттайды?

Меніңше, оларды ар сотына салған абзал. Газетке ашық мақала жазып, «пәлен деген қаламгер сөзді былайша бұзып жазады» деп сынағанымыз жөн. Бас жағына барыспай, істеген іс жағына барысалық. Қолмен жасағанды мойынмен көтере білу де — кісілік.

Қазақ тарихын осы уақытқа дейін жазушылар жазып келді. Тарихшылар Е. Бекмахановтан кейін

мүдіріп қалып, партия, колхоз, совхоз, өндіріс тарихын жазуға көшті. І. Есенберлин, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, Қ. Жұмаділов, С. Сматаев сынды жазушылар көркем тілмен тарихты халыққа танытты. Көзіқарақты жұрт тарихты өрескел бұрмалаған кеңес өкіметі тұсында аталған жазушылардың кітаптары арқылы өткен күннің шындығын ұға алды. Бірақ елдің бәрі көзіқарақты емес еді. Мектепте бір партада қазақ пен орыс баласы қатар отырып, алдарындағы оқулықты ашқанда көретіні көшпелінің мүсәпір суреті мен орыс отаршылдарының асқақ бейнесі болса, қайсысының мысы басады? Әрине, орыс баласынікі. Жағдай осылай болды. Қазақ баласы қараптан-қарап қуыстанды.

Енді бұл халден арылғандаймыз. Тарихты көп болып жазып жатырмыз. Алайда шалалығымыз шаш-етектен. Соңғы кезде тарихшылар арасында өтірік жазу, жалған топшылау байқалып қалып жүр. «Бізден де батыр, би шыққан» деген принципті ұстап, оңды-солды жазып, жауапкершілікті ұмытып жүрген адамдар да аз емес. Елеулі батырлар мен ауыл көлеміндегі палуандарды теңестіріп жүргеніміз де рас. Ауылды асыраған аңшы мен елді қорғаған батырды дәрежелестіріп жіберсек, аруақтан ұят-ау! Ұлы адам жекелеген ауылдікі емес, тұтас қазақтікі.

Қазір қазақ тарихы туралы жақсы мақалалар жарық көріп жүр. Зерттеулер, монографиялар аз. Көптеген мұралар, жәдігерліктер баспа жүзін көрді. Баспасөзде кейінгі уақытта жиі сөз болып жүрген Қазыбек бектің Түп-түқияннан өзіме шейін» атты кітабында тарих үшін бірсыпыра керекті материалдар бар. Аталған кітап жөнінде айтысқандар екіұдай пікірде: бірі кітаптың нүктесіне дейін тарихи шындық десе, екіншісі оны түгел жоққа шығарады. Үзілді-кесілді сөз айту, дүние тек ақ пен қарадан тұрады деу ешкімге абырой әпермейді. Олай

болса, Қазыбек бектің кітабы туралы айтысқан екі жақ та шындықты дөп айта алмаған.

Меніңше, «Түп-түқиянның» негізі болған. Әрине, дәл осындай көлемде, дәл қазіргідей тарауларға бөлінген қалыпта емес. Ғалымдардың ендігі міндеті — кітаптың қай жері дұрыс, қай жері бұрыс екенін халыққа көрсету.

Тарих бірден жазыла салмайды. Бізде әлі азаматтық пайым қалыптасқан жоқ. Азаматтық пайым қалыптасқанда ғана шындық айтылатын болады.

Қазақтың кейбір тарихшылары өткен-кеткенімізге орыс тарихшысының көзімен қарауды әдетке айналдырған. Айталық, Ленин тұлғасы біздің ғылыми әдебиетке қазір қалайша көрінеді? Орыстар оны жерден алып, жерге салып жатқанын хабардар тарихшыларымыз Лениннің басына ит терісін қаптатқанын байқап жүрміз. Сол Ленин бір кездері: «Енді Қазақ жеріне Үнді жеріне қараған ағылшынның моноклімен қарауға болмайды», деп айтқанын қалайша ұмытамыз? Орыс жұрты Ленинді неге жек көретінін мен «Қазақстан әйелдері» журналында айттым.

Бір нәрсенің басы ашық: ешкім тарихты бұзып, патриот бола алмайды.

Діннің жақсы жағы да, кемістік жағы да бар. Жақында Түркияда болдым. Бұл ел имслам дінін құрметтейтіні белгілі. Қай қаласында болсын азынаған құранды естисің. Таңертең азан шақырылады. Мешіттер кісіге толы. Біз түскен қалада жетпіс мешіт бар екен. Ал, сол қалада жетім театр да болмай шықты.

Ислам діні өнерді әспеттемейді. Мешіт ішінде бізді жап-жақсы күтті. Біз риза болып, ескерткіш ретінде домбыра сыйлап едік, олар өте көңілсіз алды. Содан айтыскер жігіттерімізге «мұнда болмайды» деп сөз бермеді. Мен сонда шыдай алмай: «Ау, ағайындар, сендерге домбыра ыстық емес пе? Тіпті,

құранды домбыраға қосып мақамдап айтыңдар», — дедім. Жиылған ағайындар «аллалап» қалды. Мен ойымдағымды айттым.

Қазақ арасына келсек, «дінді бұзар дүмше молдалар» ежелден-ақ халықтың аяғын тұсап келді. «Ән айтпа, сурет салма. Ол — шайтанның ісі» деп уағыз айтты.

Маған салса, адамзатта бір ғана дін болғанын қалар едім. Әр діннің асыл жақтары бар. Дінді уағыздаушылар халықты оқу-білімге, ағартуға шақырса; міне, сонда олар ел алдында парызын өтей алған болар еді.

Қазақтың бұрын-соңды өткен діндарларының ішінен Науан қазіретті ерекше атар едім. Ол кісі Бұқарада оқыған. Көнекөз қарттарға сенсек, оқудан қайтқанда, ол тоғыз нарға кітап артып, еліне оралғанға ұқсайды. Бұл кітаптар бірыңғай құран емес шығар. Жұртқа дүниелік білім-ілім беруіне қарағанда, Науан елге жеткізген кітаптар ғылымның сан саласынан болса керек.

Науан — отаршылдыққа, шоқындыруға қарсы тұрған азамат. Патша өкіметі шоқындыруды Сібір жұртынан бастаған шақта, Науан Інжілді болыстардың етегіне салдырып, суға тастатқан. осы үшін оны Енесайға он жылға жер аударған.

Науан мен Ақан сері бажа. Тінәлі қажының Фәтима атты қызын Науан, Ақан сері Ұрқия атты қызын алған.

Науан Ақан серіден үш жыл кейін туып, үш жыл кейін қайтыс болған. Өмірінде халыққа тек жақсылық жасаған. Мектептер ашқан. Тіпті бірыңғай қыздар оқитын мектеп те ашқаны мәлім.

Менің «Ақан сері» романымда, Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері — Ақтоқты» пьесасында Науан қазірет өз дәрежесінде көріне алмады. Мұның себептері көп. Алда 3-кітапты жазуды жоспарлап отырмын. Сонда Науанға мол орын

бермекпін. Театр басшылары қазір менен Ақан серіге қатысты драма жаз деп өтініп жүр. Бәлкім сол туындымды да Науанның шынайы еңбегін айттармын. Ойым: қазіргі діндарларға Науанды үлгі етіп көрсету және қазіреттің тағдыр-талайын қалың жұртқа жеткізу.

Тың игеру науқаны басталғанда мен университетті бітіріп, аспирантураға қабылданған едім. Бірақ әкем ауырып, Көкшетауға қайтуға тура келді. Оның үстіне жұмысты елге барып, еңбек етуден бастағанды мақұл көрдім. Сөйтіп, аудан орталығында мұғалім болдым. Бұл 1955 жыл еді. Тың игерудің нағыз басталған шағы. Осы науқан елдің берекесін қашырды. Жыртылмаған жер қалмады. Небір қасиетті орындар егіннің астына рәсуа болды. Ауылдарда ұрлық көбейді. Құлпы жоқ үйлерді түгел көшіріп әкеткен оқиғалар аз болмады. Ел бұзылды. Маскүнемдік етек алды. Қазақ әйелдері аузына арақ ала бастады.

Мен тыңға көрінген адамның келгеніне қарсы болдым. Ресейден 20% қана тәуір адам келгенін, қалғандары кешегі ұры-қарылар екенін де әр жерде айтып жүрдім. Мұнымды естіген «әділет орындары» қыр соңымнан қалмады. Менің ісім КГБ-ға да мәлім болыпты. Ақыры жұмыстан қуып тынды. Сөйтіп, мен амалсыздан Алматыға қаштым...

Тыңның зиянымен қатар пайдасы да болды. Ол елді оятты. Қошке Кемеңгерұлы деген арысымыз айтқан екен: «Оқығандар отаршылдарға қарсы ұлтшыл болды», – деп. Сол кісі айтқандай, тың қозғалысы қазақты серпілтті. Ол бүгін елге, кәсіпке, жерге ие болып қалмаса, ертең құны қара бақыр екенін ұғынды. Қазақ оқуға, ел басқаруға ұмтылды.

Мен қазақ тілін білмейтін қазақ азаматтардың беті бері қарады деп есептеймін. Бұл – біздің үлкен жеңісіміз. Олжас соңғы кезде «орыс және қазақ

тілдері бірдей мемлекеттік тіл болсын» деп жүрсе, бұл пікірді саясат үшін айтып отыр деп ұғынамын. Бірақ орыс азаматтары мұны шын қабылдап, үлкен дау туғызып жүрсе тағы да болмайды. Сондықтан халықтың үлкен ұлдары, сөзі жерде қалмайтын Олжастар байқап сөйлеуі қажет.

Жалпы, саналы кез-келген адам тілді саяси саудаға салуға қарсы тұрады деп ойлаймын.

Алда жазсам деген бірсыпыра жоспарларым бар. Ең бірінші «Ақан серінің» 3-кітабын жазуды ойластырудамын. екінші, «Хан мен Президент» деген кітап жазуды қолға алдым. Үшінші, бүгінгі қоғамдық өзгеріс туралы бір повесть жазбақпын. Төртінші, басымда «Абылайхан» атты романның жоспары жүр.

Денсаулық болса, қазірше осы төрт кітапты жазып бітіруді көздеп отырмын. Мен Толстой емеспін. Сондықтан кісі санынан жаңылысатын роман жазуға талаптанбаймын. Бірақ аз жазсам да әрбір дүнием сапалы шықса екен деп армандаймын. Арманға жету оп-оңай емес. Сол себепті жауапкершілікті сезінемін.

«Ана тілі» газеті, 17 ақпан, тауық жылы.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ІХ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗ (Жүзге бөлінудің бір сыры)

Қазақстан Жазушыларының съезі нағыз съездер жылында, жақында ғана өткен Қазақстан Компартиясының XVI-съезінен, КПСС XXVII-съезінен кейін өтіп отыр. Әдетте сөзді мұндай ірі жиналыстардан, форумдардан бастауды өз басым артық санаушы едім. Бұл арада оларды келтіріп отырғаным бұл съездерде бұрынғы өткен съездерден көрі батыл-батыл пікірлер, жалаң мақтаулар ғана емес, сындар, кемістіктің бетін ашатын, болашақта ондайларды болдырмауға көмегі бар ащы шындықтар көп айтылды. Бұл съездер — қайсыбір шаруашылық салсында қалың ұйқыдан оянып, серпілуімізге, ирелең жолдармен ұзақ қиралаңдап адасып жүргендердің бағытын өзгертуге, яғни дұрыс, түзу жолға түсіп алға еркін жүруімізге бағыт сілтеген ерекше съездер. Ендеше бұл съездер біздің жазушылар съезінде шындықты анық, батыл сөйлеуімізге, солай сөйлеу керек екендігіне мүмкіндік тудырып отыр.

Әдебиетте, жалпы тіршіліктегідей, шешілмей жатқан, шешілуге тиіс проблемалар бар. Бар емес-ау, көп. Қазақ әдебиетіне тән аударма туралы, тіл туралы, табиғаттың әдебиеттегі көрінісі, яғни экологиялық ірі-ірі проблемалармен қоса, күнделікті тіршілікке, жазушылар тұрмысына, жағдайына, беделіне, қоғамдағы орнына байланысты толып жатқан т.б. т.с.с. мәселелер жетерлік. Мен солардың ішінен бір-біріне байланысты бір-екі мәселенің төңірегінде сөйлейін.

Біздің осы күнгі оқыған, білімді жазушылардың бір жетістігімен бір кемшілігі сол — біз нені жазу қажеттігін, нені жазбау керектігін біліп алғанбыз. Ненің жарыққа шығатынын, ненің шықпайтынын

түсініп алғанбыз. Қиналу мен қиналмаудың ара жігін игеріп, қалай бұрқыратып жаза беруді, қалай бұрқыратып шығара беруді меңгеріп алғанбыз. Сол себептен де нағыз жазушы мен жазармандардың арасын ажыратуға онша күш те салмаймыз. Қазіргі әдебиетте Пушкин, Толстойлар жоқ дегенді желеу етіп, соған көндігіп, «ұялғаннан» әр республикаға лауреат, халық жазушысы, еңбек ері, тағы сондай шебер жазушыларға лимит тағайындап, кейбіреулерін номенклатураға енгізіп қоямыз. Міне, көп күрестер осы лимит пен номенклатура төңірегінде жүріп жатады. Мен бұл күресті қазақ әдебиетінен, өз төл әдебиетімнің өкілдерінен аңғарамын. Бұл күрестің түрі де әдісі де мол. Құйтырқы жолдары да көп. Соның бір жолы – жүзге, қала берді руға, яғни жікке бөліну. Жо-оқ, шошымаңыздар, аяғына дейін тыңдаңыздар. Әрине, бұл жаңалық емес, бәріңізге де белгілі жай. Іште жүрсе де, сыртқа шығармай жүрген сыр, немесе бұрқылдап жатқан жабулы қазан. Ендеше сырымызды ақтарайық, қақпағымызды ашайық.

Жүзге бөлу, руға, жікке бөлу қайдан шықты? Қашан шықты? Бұлай бөлу тарихымызда әріден келе жатқан географиялық, социологиялық, генеологиялық, стратегиялық мән-мағнасы бар, туу, даму мәселерін ретке, жүйеге салып отырған өзінше жылнамалық та мәні бар дүние болса, онымен бірге ру, жүз арасындағы дау-дамай, ұрыс-қақтығыста құрал ретінде пайдаланылған феодалдық сойыл болса, бұл – әдебиетімізге бертінді ғана сыртқы шапанын өзгертіп кірген, кейбіреулердің қысқа есебіне, пайдасына қарай орайластырып алған, күнкөрістік кәсіптен туған, түптеп келгенде ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздің, өсуіне, тіпті халық ретінде өсіп-өркендеуімізге зиянын тигізетін, фармацевтік жолмен емделмейтін ауру, індет. Бұл індет әдебиет ауылына, әсем астанамызға жымысқылап кірмесе,

кеше ғана Ғабит Мүсірепов «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде, «Жүзге бөлгеннің жүзі күйсін» деп ашынып сөйлемес еді.

Классик жазушымыздың бұл сөзді кейінгі кезде ғана айтуына себеп бар. Себебі біреу-ақ; бұрын Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Әбділдә, Әлжаппар, Диқан, Қалижан, Хамит тағы басқа, сол қатардағы адамдар көш басында болған тұста, мұндай жүзге бөлу жоқ еді. «Әдебиеттің сапасы үшін, тіпті әдебиет өкілдерінің қоғамдық орны үшін айтыс, тартыс болатын да, үш жүздің баласы болғаны үшін бірін-бірі айыптап, ол үшін дауласпайтын. Үйткені олар, жүздің, рудың мақтанышы емес, халқының мақтанышы болатындықтарына, Абай сөзімен айтқанда әке баласы ғана емес, адам баласы болатындықтарына көздері жеткен еді. Бұл бөлу кейін шықты. Ұлт, халық мақтанышы дәрежесіне көтеріле алмайтындықтарын білген, сондықтан да, тым құрмаса кішкентай ауылының, руының мақтанышы болып қалуды армандаған көп тобыр, нашар жазушылар, қаптаған кезде шықты. Бұл тобыр ниетінің қауіптілігі сонда, бұл — өз дәрежесінің, өз деңгейінің төмендігімен қалмай, асқанды, өзінен ілгерілегенді де өз батпағына, өз төменіне тартып, сол арқылы жалпы әдебиетті, төменшік тартқызбақ. Бұл ауру, бұл індет әдебиетімізге, тұрмысымызға кектей кірсе, аз уақытта бар тіршілігімізге, бар мекеме орындарына тармақ. Өйткені әдебиет елдің ары, оған жұрт сенеді, оған иланады, оны үлгі тұтады.

Ендеше әдебиетімізге кірген мұндай індет дер кезінде шара қолданылып, жаппай күреспесе, күннен күнге етегін кең жайып, үлкейе беретін, ұлғайып дами беретін жалмауыз өрт. Әдебиетке келген кірме бұл ауылдан шығып басқа ауылдарға, елдің түкпір-түкпіріне тарай бастап еді, енді тыйылатын шығар. Шымкент облысының қайсыбір шаруашылық, әкімшілік орындарындағы, басшылық

аппараттардағы «Дт» мен «Қт»-ға бөлу ешбір анекдот емес, осы дерттің қаулаған көрінісі емес пе еді?! Тіпті қайсыбір белгілі мемлекет қайраткерін де еншілеп, жеке иемденіп, біздің пәлен рудан, түген рудан деп қазақтың азаматы, республика мақтанышы деудің орнына, бір сүйем құлқынның, аз тіршіліктің түкке тұрмайтын пасық есебіне бұрып, оның беделін, кісілігін, ұлылығын бір рудың қоржыны мен дорбасына сыйғыза салып жүрген жоқпыз ба? Бұл ауру — кейбір кеппелердің кеудесін қағып, біздің адам, менің туысқаным дейтін әшейін бір ауыл-үй арасындағы мақтаншақ тоғышарлардың әдеттегі тымауратпасы болса бір сәрі, бұл ауру — қызмет, лауазым, атақ бөлуде, әр жүзден тең болсын, мынау біздің ауылдікі, мынау сіздің ауылдікі, деп жасырын айтудан ашық, сандырақтауға көшіп, тұмаудан сүзекке айналып бара жатқан жоқ па? Жамандық, пасықтық, құлғаналық өз руыңнан ғана емес, өз ағайыныңның, өз жақыныңнан-ақ табылады. Одан да сол паразиттермен күрес жолына кетірмейміз бе уақытымызды, соларға батырмаймыз ба қаламымыздың ұшын. Олар — менмендік, жемқорлық, парақорлық, жалақорлық, жерлестік, жікшілдік, топқұрушылық.

Осындай келеңсіздікпен білек сыбанып күресе ме десе, біздің кейбір жасы, атағы үлкен жазушыларымыз, қайта солардың, жікшілдердің отына май құйып, түкке тұрмайтын өсек-аяңдарына бас шұлғып, арыз, жалаларын қотқоттап, былай да уы шығайын деп тұрған нәрсені одан сайын ушықтыра түседі. Өйткені сол жазушыларымыздың өзі әлгі умен аз да болса уланып қалған адамдар.

Нашар, орта қол жазармандарды былай қойғанда, тәуір, талантты, алдыңғы қатардағы адал жазушыларымыздың шығармаларында кейіпкерлері арқылы ма, әдет-ғұрыптағы бір ерекшеліктер арқылы ма, әйтеуір өз жерінің, руының, жүзінің артық-

шылығын көрсетіп, тіпті қисынсыз жерлерде бауыры езіліп, емешегі үзіліп, бүйрегі бұрып тұрады. Ондай әдеттің етене болып кеткені соншама, оны өздері де байқамай, аңғармай қалатын болса керек. Тіпті деректі, тарихи деген роман, Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесінде» қисынды, қисынсыз болсын әйтеуір, найман батырларының, найман жұртының беделі ерекше артық көрініп тұрады. Ақ өлеңмен өзі бірінші рет жазған, классиктермен творчестволық таласта үзенгілес деуге боларлық «Ант» пьесасында Тахауи Ахтановқа ертеректе бір ескерту жасап едім («Антты» жазу кезінде бір жерде, демалыс үйінде жатқанбыз, кейінірек пьесаны оқып та, көріп те алдық), оған құлақ аспаған. Ежелден әділдігімен, шешендігімен атақтары жер жарған атышулы Төле, Әйтеке, Қазбек билер бүкіл би атаулының, тура биліктің символына айналған ғой. Оның үстіне сол адамдар, «Антта» жазылған оқиға тұсында өмір сүрген жандар. Ал, Ахтанов ағамыз, қайдан тауып, қай күрекпен қазып алғанын, кім білсін, көктен түскен бе, жерден шыққан ба әйтеуір орта жүзден өзі де, сөзі де, аты да мыртық Мыртық би дегенді тауып алыпты: Мыртық па, мықыр ма, тапал ма, әйтеуір бойы қысқа қайсыбір қаламгер тұстасын (Есенберлин сияқты) мұқатамын деп, әдеби, тарихи шығарма арқылы бүкіл елді, бір халықтың азаматын, өз еліңді мұқатуға болмайды ғой! Өзі де, сөзі де ұстамды, қылдан да оңай тая бермейтін, әділдіктен, шындықтан ауа қоймайды дейтін Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романында атышулы қанжығалы Бөгембайдан артық кіші жүздік Бөкембай аты құрметтеледі. Тевкелев жазбаларына сүйеніп жазылған шығарма болғандықтан, сол күнделіктерге жүгінсек, онда, ұмытпасам, Бөгембайдың, кейде, пара алатындығы айтылған. Егер Бөгембай атаңды мұқатқың келсе, Әбішау, осы бір дерек те жетіп жатқан жоқ па еді?! Бұл

тарихи шығармалардағы шығындар болса, бүгінгі өмір жайлы туындыларда да осындай, көпекөрнеу бүйрегі бұрушылық кездесіп қалады. Әкім Таразидің – «Тас жарған» романының уақиғасы шығыс Қазақстан жерінде өтіп жатады да, оның бас геройы жамбылдық Омар Балапанович та, самолетте жаны қалмай шыбын-шіркей боп үрейленетін қорқақ жігіт маңғыстаулық болып келеді. Оралхан Бөкеевтің «Жетім бота» повесінде уақиға Маңғыстауда өтеді де, тәуір кейіпкері өскемендік боп келеді. Бұлай алдарқатып, бұлай айналшақтап, алыстан орағытқанша, өлеңдерінің кейіпкері тікелей өзі, әйелі, баласы болып келетін Тұманбайдікі ақыл.

Жолдастар, мен, бұл арада, тура азаматтық атыммен айтайын, тырнақ астынан кір іздеп тұрған жоқпын. Әркім өз жерін, өз топырағын, өзі жақсы білетін өзен-көлін, орман тоғайын, шөбі мен құмын жазуға, туған ортасының жыршысы, жаршысы, патриоты болуға қақысы бар. Әрі-беріден соң міндетті. Бірақ, әлгіндей бөтен жіппен – бөтен суыртпақпен, бөтен жамаумен көркемдік те, патриоттық та табу қиын-ау. Ғажайып поэмалардың дүлділі Хамит Ерғалиев «Құрманғазысында» да, «Біздің ауылдың қызында» да өз елінің, өз жерінің Құрманғазысы мен өз ауылының Гүлжанын Гурьевтің ойпатты атырабынан Алатаудың шыңына көтере білсе, қаламы тиіп кеткен жер бозторғай боп ән салатын, өзі де дала құсындай әнші, төкпе ақын Ғафу Қайырбеков қай тақырыпта да, тыңда да, аңда да, мұнда да, сонда да Торғайын жырласа, Торғай даласын әнмен жырға бөлесе, оның несі айып, оны кім кінәламақ. Ондай ақын-жазушыларға, сөз жоқ, қол соғамыз. Әрине, абзалы, қолдан келсе, ұланқайыр, ең дала, үсті де, асты да бай, елі де, жері де ғажайып Қазақстанды жырлағың келсе, бұл өлкенің бар тұсын қамтығанға не жетсін. Әрине, күшеншек тартпай, шама-

ңа қарай көсілгенді айтып отырмын. Кеше ғана ортамыздан, арамыздан кеткен ардагер классик жазушыларымыз, өзінің кіндік қаны тамған жерден бастап, бар өлкемізге құшағын жайып, балаша жүгіріп, құшағына сыйғанын аташа еміреніп, құшқан жоқ па еді. Мұхтар Әуезовтің, уақиғасы ұлы жүз жерінде өтер, басты, мықты кейіпкерлері де сол жердің азаматтары болып келер «Қилы-қилы заманы», «Қараш-қараш», Шымкент өңірі жайлы соңғы жылдары көп барып, көп зерттеп жүріп жазған «Өскен өркені», Сәбит Мұқановтың Сыр бойындағы Сыр өзенінің ағысындай, арнасындай үлкен тіршілікке арнап жазған «Адасқандары» (кейін «Мөлдір махаббат»), «Сырдариясы», Ілияс Жансүгіровтың өз Жетісуының сұлулығы жетпегендей, Көкше сұлулығын да мұңын да шендестіре, толғана жырлайтын «Құлагері», Ғабит Мүсіреповтің өз ауылында Жәлелдей әрі жазғыш, әрі алғыр батыры тұрғанда, Гурьевтен шыққан Қайырғали Смағұлов батырды жазған «Қазақ солдаты», Ғабиден Мұстафиннің «Шығанағы» осы кеңдіктің, болар елдің баласы, бірін-бірі батырым дейтін осы ұлылықтың куәсі, айғағы болса керек. Осындай ұлылар жырлаған бірлікті, тұтастықты қолдаған олардың өздері де халық аузында ұлы атанып кетті.

Менің осы съезд мінберінен бұл тақырыпты, бірлік тақырыбын айтып тұрғаным, жолдастар, сол ұлы адамдардай атақ ала қояйын деген ниет емес, сол ұлы адамдарды күні кеше көріп қалған, солармен қоян-қолтық, тікелей араласқан адаммын: солардың айтып кеткен сөздерін, үлгісін, кейбіреулердің өзін қоса мақтайтын естеліктеріндей емес, осындай үлкен жиындарда, үлкен залдарда болашақ ұрпаққа айтып, жеткізу біздің міндетіміз. Мен қаршадай бала емеспін, ел ағасының жасына келген адаммын. Егер осы жасымда ағалық жасап, елді бірлікке шақырсам, оның несі айып?! Рас, сөз

арасында, айта кетейін мен әлі күнге дейін партияда жоқпын. Сонда да, кейбір коммунистен бағамның кем еместігін, қайта артық екенін халық тани біледі: «Трудящиеся масса с величайшей чуткостью улавливает различие между честными и преданными коммунистами и такими которые вызывают отвращения человеку, в поте лица снискивающему себе хлеб» (В.И.Ленин).

Бірлік бар жерде тірлік бар дейді халық. Мен оған шындық та бар деп қосар ем. Бірлік мойындаған азаматтар бір-біріне қамқор болып, кемшілігін көрсе жөнге салып ұрса да, сынай да алады, бір-бірінің жақсылығын көріп, артықшылығын сезсе, мақтай да, көтере де алады. Егер тереңірек айтсақ, біздің елдің, күш, қуаты — бірлігінде, жолдастар!

1988 жыл.

ОҢ ЖАҚТА ҚАРТАЙҒАН ҚАЛЫҢДЫҚ (Жыл қорытындысындағы баяндама)

Осы, драматургияның бағы ашылмай-ақ қойды. Драматургияның бағы ашылмаған соң, оның иесі, жаратушы әкесі — драматургтың да айдарынан жел есе қоймайтыны анық.

Бұрын драматург өзінің қызы — пьесаны, асырап, сақтап, өсіріп, жетілдіріп, үлде мен бұлдеге орап, қалыңдық етіп ұзататын. Оған құдалыққа түсіп, қалыңын беріп, көп театрлардың — отау иелерінің бір режиссері — күйеу боп алатын. Қалыңдықтың ендігі тағдыры соның қолына ауысып, драматург — әкесі сырттай ғана тілектес болып, қызының мезгілсіз қартаймай, гүл-гүл жайнап, күйеу баласы оның қадірін түсірмей, қасиетін жоғалтпай, абұйырын төкпеуін тілейтін.

Бүгінгі күні театрлардың пьесаға құдалыққа түсіп, қалың беруі де азайып кетті. Сор маңдай «әкенің» әр театрдың есігін қағып «қалыңдықты» ала гөр деп, қызын өткізе алмай жүргендері де жиі ұшырасады.

Енді, жұрттың қалың көпшілігі қалыңдыққа қарап бұрынғыдай еміреніп, қызықпайтын дертке ұшырады: театрға барғысы келмейді. Теледидардан «Тамаша» дейтін бір театр шықты. Екі-үш адам өмірдегі бар шындықты асты-үстін қазбалап қопарып, күлдірем деп дәрекі сөйлеп, әр сөзін сағызша созып, аузы-басын жөн-жосығы жоқ қисалаңдатса да жұрт соған мәз. Ал, пьесада ондай-ондай артық-тыртықтар болса, тілі жаман екен, оқиғасы соза-лаң, қимылы енжар, немесе дөңесқой екен деп қабылдамай тастар еді.

Одан соң «айтыс» деген театр шықты. Екі ақын отырып алып, әуелі дайындаған өлеңдерін ұзақ айтып, сосын бірі келін, не жеңге болып, жездесімен, не қайны, қайнағасымен сөз қағытып тағы да ұзақ

қалжыңдасып, айтысады келіп. Егер пьесада осындай шұбалаң монологтар, бөстекі бос сөздер, бос белбеу кейіпкерлер көп болса, арқауы осал, желісі жоқ, қызықсыз, тез жалықтыратын тартымсыз бірдеме екен деп қайтарып берер еді.

Бәрінен де кереметі, қазір, әр үйге тағы бір ақысыз театр орнады. Кешке теледидардың үш-төрт сағат толассыз сөйлеп, кезек пе кезек айтысқан, КСРО-ның немесе Қазақстанның сессия делегаттарын бір жұма бойы маңдайың жіпсіп, шай ішіп, тапжылмай отырып ақысыз-пұлсыз тыңдайсың. Егер пьеса осылайша бір жұмаға созылып, спектакльдегі кейіпкерлер әлгі делегаттардай бір бәтуаға келе алмай, жақ-жақ болып сөзбен ырғасып, осынша ұзақ егессе, екі сағатта бітпеген қойылымды жауып, пьесасын авторына қайтарып берер еді.

Қазір жариялылық, демократия, нарық деген жаңалықтар келіп, елімізде ұлы өзгерістер болып жатыр. Біреу ұтып, біреу ұтылып, әйтеуір итжығыс түсіп жатқан аласапыран бір уақыт. Баға жоғарыласа, еңбек ақы да көбейіп, әйтеуір бір-бірімен құйрық тістесіп, алысып-жұлысқан бір кезең. Ал, драматургия болса, қақ-соқта жұмысы жоқ, бағасы да өспей, құны да жоғарыламай, баяғы сіңірі шыққан кейдейліктен арыла алмай, қайта жылдан-жылға көтерем боп бара жатқан тірі сұлдер. Қазір сахнадан шындық айтып абұйыр табам дейтін драматургтан, өмірде алдап-сулап буда-буда ақша тапқан алыпсатар қайсыбір кооператшы артық. Бедел де, абұйыр да, қызық та, шыжық та, ашына да, машина да сонда.

Жарайды, осыншама қара аспанды жаудыратындай драматургияның басына не күн туды? Соған жауап іздеуге тырысайық.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Москва драматургтерінің, режиссерлерінің кеңес беріп, ақыл қосып, араласуымен КСРО Мәдениет

министрлігі өзінше жаңалық ашып, эксперимент жасады. Онысы кез-келген театрға үлкен құқық беріліп, репертуар тізгінін өз қолдарына алып, режиссердің басқаруымен көркем кеңес қандай пьесаны алам десе де, алмаймын десе де ерікті болып, өзі де бұрын қағажу көріп, жалтақ боп өскен драматургтер мүлдем басылып, жетім қалды. Жетім қалғанда, Москва драматургтерінің бұған түгі кеткен жоқ. Баяғы Розов, Шатров, Мамлин, Горин, Радзинский, Роцин, Герман, Михалков сияқты уақыттың ыңғайымен, сағат тілімен бірге айналып, бір жылы сағат үшті көрсететін МХАТ-та, екінші жылы төртте тұрған Таганкада — тағы солай жылжып, он екі жылда он екі цифрблатты айналып шығатын әдеттерінен айныған жоқ, тек сырттан қатынай алмай, астаналық театр сахнасына қолы жете алмай жүрген өзге республикалардағы талантты драматургтер енді мүлдем есіктен де сығалай алмайтын мүсәпір халге шындап түсті. Сөйтіп, мүйіз сұрап жүрген драматургтер құлағынан айырылды.

Бұл эксперимент республика театрларының іштері қазандай қайнап, алақандарына түкіріп жүрген режиссерлерінің де оң жамбасына келіп, рахат болды. Бұрын да режиссураның шалалығын репертуар тапшылығына жауып, драматургтерді күстаналап жүрген өркөкірек, тәкәппар режиссерлер енді ойына келгендерін істеп-ақ бақты. Театрға арнап пьеса жазып, көркем өнерді көркейтем деп жанталасқан драматургтерді алақанын жайып садақа сұраған қайыршылардай көріп тыжырынатын режиссерлер, енді, қан базарға өздері шығып, өздерінің шала піскен шикі собалақтарын, арасы көкаяз күлшелерін, күлдібадам дүниелерін жылтыңдатып, сахна сөрелеріне шығарып, саудаға сала бастады. Режиссерлер бірінен соң бірі суырылып шығып, сахна төрінде менмен қораздарша зорлана шақырып, талтаңдай басты. Бұларды көріп, театрлар-

ға драматургия азығын дайындаудың еш қажеті жоқ екен деп ерінге салған бір шөкім насыбайға елтіп, арзан, құнсыз жылтыраққа алданатын балаша қуанған Мәдениет министрі Ахметова жолдас сол министрліктегі репертуар бөлімін жылы жауып, жылма-жылғы драматургия бағытын бағдарлап, сарапқа салып отыратын маман қызметкерлерді басқа көзге төпелеп, таратты да жіберді. Басқа көзге деп отырғаным қайсыбір қызметкердің қисық қылығын күстаналап, өзінше олардың тұқыртудың, билік жүргізудің өзінше «әдісін» тауып, бүкіл қызмет орнын жауып тастады. Сөйтіп, еш республикада ондай «жаңалық» метаморфозаға ұшырамаған репертуар бөлімі «қазаға ұшырап», мүйіз сұраған драматургтер тағы да құлағынан айырылды. Оу, бір-екі бөлім қызметкерлері әлде неден жазып, министрдің алдында, не қасында жазықты болған шығар-ау, ал бүкіл репертуар бөлімінің жазығы не? Драматургтердің кінәсі қандай?! Бұған жауап беру орнына, енді, репертуар жасауға ат салысу емес, таласа жармасу, бақталастық режиссерлердің арасына кіріп, кеулей берді.

Қабылданатын дайын шығарманың «жоқтығынан» Академиялық драма театрының бас режиссері Әзірбайжан Мәмбетов инсценировка жасаған екен, мен одан кеммін бе деп, Жасөспірімдер мен жастар театрының бас режиссері Райымбек Сейтімбетов та репертуар қазанына өз «соғымын» салып, өз шөмішін көміп-көміп алды. Одан қалам ба деп, бәсекелесе жарысып, бас режиссер Жақып Омаров, Әскер Құлданов, Ерғали Оразымбетов, Сәулебек Асылханов, қойшы не керек, Ерсайын Тәпенев пен Жанат Қажиевтан басқаларының бәрі қаламға жармасып, бірі инсценировка, бірі аударма жасап, гастрольге жіберіп, драматургияға бөлінген екі жүз мыңдай қаламақының үстіне қызыл көрген күзғындай үймеледі. Құлақтары елендеген орыс театрларының өкілдері

де қазақ режиссерларынан қалысқан жоқ. Орал театрының режиссері Тарасов та, Жас өспірімдер мен балалар театрының бас режиссері Приоброженский де, Лермонтов атындағы театрға Оралдан келген өкіл Коненкин де білектерін сыбанып, таласып-тармасып осы кәсіппен айналысып берді. Тіпті қайсыбір беделді актерлер де алардан қалысқысы келмеді. Асанәлі Әшімов пен Кеңес Жұмабековтер де шеңгелдерін салып-салып жіберді. Тым құрмаса кішігірім дүниелер болса бір сәрі, Аймауытовтың «Ақбілегін» белгілі, ысылған драматургтердің біріне бермей, өздерінің жұлмалауына салды. Ол — ол ма, репертуар бағытын бағдарлаудың бейберекеттігі сонша, Шымкент театрының бас режиссері Омаровтың аудармасымен қойылған «Темір қатын» («Железная женщина») пьесасын (Башинсков) Гурьев театры өздерінше аударып, өздерінше қаламақы төлеп, ішкі мазмұнын, тойс, әйелдің ішкі жыныстық құрылысын бұзбағанымен, сыртқы терісін өзгертіп, «Шойын қатын» деп қойған. Бір автор аударып, сол аударманың қойылу правосын алған соң, екінші аударманың қатар өмір сүруге қақысы болмаушы еді бұрын. Бұлар осы заманның театр иелері авторлық правоны сақтайтын заңнан да қорқпайтын, әлгі темір қатын, шойын қатын құсап алды. Оны айтасыз, Гурьев театрының бас режиссері Чапай Зұлқашев белгілі жазушы Сафуан Шаймерденов пен аудармашы Қадір Дәуітовке Дударевтің «Свалка» пьесасын аудартып алып, міз бақпастан сахнаға қоюдан бас тартты. Белгілі аудармашы Зұлқарнай Сахиевке башқұрт, татар пьесаларын аудартып алған бірнеше театр ұзын арқан, кең тұсаумен бірде біреуін жарыққа шығармай, әуре-сарсаңға салып қойды. Бұл арада олардың ешкімнен, ешнәрседен қорықпайтын бір тірегі де бар. Ол — министрлікте шыққан заң. Өзі мәдениет министрі болып тұрғанда, 1987 жылдың 31 желтоқсанында Өзбекәлі Жәнібеков «Сахнада қой-

ылмаған шығармаға қаламақы төленбейді» деген бұйрық шығарған. Міне осы бұйрық режиссерлерге тағы да бір желеу болып «іздегенге сұраған», «сыныққа сылтау» бола қалды. Жанр есебіндегі драматургиялық шығарма қабылданған соң, қаламақысының, яғни құнының төленбеуі дүкеннен дайын етікті, не шолтидамбалды қашан кигенше, ақысын төлемеумен барабар емес пе? Шығарма құны қисық табан етік пен бір жапырақ матаның құнындай да болмағаны ма?

Осы заңның құрбаны боп, белгілі драматург Баққожа Мұқаевтың «Дүние кезек» атты пьесасы (қабылданған соң) Академиялық драмтеатрының репертуар суырмасында үш жыл ақысы төленбей, не қойылмай жатты. Ақыры, шыдамы таусылған автор басқа облыстық театрларға өткізіп еді, үлкен театрдың репертуарлық дастарханынан түсіп қалды. Екінші пьесасы да соның кебін киюде. Енді автор піс қазаным бес ай деген Шығайбайға, отырамын он ай деп шыдамы таусылғанша қарысып бағатын шығар. С.Жүнісовтің да «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» атты пьесасы сол үлкен театрдың репертуарында ілігіп, әне қойылады, міне қойылады дегелі төртінші жылға аяқ басты. Жақында ғана Мәмбетов қолға алды. Бірақ автордың жүрегі әлі де күпті... Жарайды, Жүнісов те, Мұқаев та, аздаған қорлары бар, қоян терісі құрлы жоқ па, әлі де бір жылға шыдар, ал жылына бір пьесадан жазып, төрт жылда төрт пьеса ұсынған жас автор талантты автор бір тиын қаламақы алмай жүре берсе, әрі қарай қандай үмітпен жазбақ? Тіпті, бала-шағасын қалай асырайды? Аспаннан жауар құймаққа аузын ашып жүре бермек пе? Осы ма жазушыға қамқорлық, осы ма қазақ өнеріне, драматургия жанрына жанашарлық?! Ал, бұл қамқорлықты кереғар, теріс жасайтындар да бар. Ондайлар өз есебіне келгенде, әлгі заңға сүйенбейді, оны керек те қылмайды.

Мәдениет министрлігінде репертуар бөлімі жабылғасын, РНМЦ-ның бағы да, бағасы да көтеріліп жүре берді (Республиканский научно-методический центр). Өзі қабылдап, өз қолы билеген Жұманқұлов Ағзам дейтін қызметкер, пьеса қойылсын, қойылмасын қаламақыны оңды-солды шашып-ақ берді. Он бес жыл бұрын қабылданып, қаламақысы төленген Әлжаппар Әбішев пен Диканьның бірігіп жазған «Мәди» («Отомсти за меня») деген пьесасын, екінші рет сол күйінде тағы да қабылдап, үш мың сом қаламақыны мөріне де қарамай, Диканьға төлей салды. Қабылданбай жатып жазушы Бодықовтың үш пьесасына, Советхан Ғаббасовтың екі пьесасына министрлікте жоқ бағамен бағалап, әрқайсысына үш жарым мың, төрт мыңнан қолақпандай қаламақыны құшақтата салды. Сүйтіп, халық театрларына қабылданған пьесалардың құны – «безразмерные калоши» болып кетті. Рақымжан Отарбаевтың көлемі 30 беттік пьесаларына да үш жарым, төрт мыңнан ақша қойып, мәрттік жасап отыр. Біреуі Мәди Қайыңбаевтың тарихи шығармасының көшірмесі делініп, үлкен дауға да ұшыраған. Театрдың Әдебиет бөлімі меңгерушісі Аббас Қаражігітовтің 20 беттік аудармаға қуыршақ театрының репертуары толық актылы пьесаның ақысын алып, жарамсыз аударманың қойылмай қалуы да осындай «қамқорлықтың» арқасы. Бірақ, кең қол, Жомарт Жұмақұловтың қызметтен кетуімен мұның бәрі жабулы қазан жабуымен қалды. Міне, кейде тым тойындырып жіберген де, бойға жұқпайтын дәтке қуат бола алмайды. Драматургияға, авторға қамқорлықта да шек болса керек.

Ал, әлгі жоғарыда айтқан театр эксперименті Қазақстан жерінде жаратылған, осы арада дамыған, осы арада осы күнге дейін күн көріп, Қазақстан көрермендерінің арқасында тіршілік етіп жатқан орыс театрларына майдай жақты. «Өзі де тәйт

дегенге еліріп тұрған неме, айт дегенде қалай шыдасын» дегендей, өзі де әрең шыдап, іштей тынып, тығылып жүрген орыс, ұйғыр, корей, неміс театрлары керемет кеңшілікке кенелді де қалды. Біздің республиканың қанына сіңген саралы қасиеті, ұйымшылдық, бірлік деп қанша аузымыз толтырып қақсағанмен, әр ұлт өзінің қотырын өзі қасып, өз бетімен қаракет ететінін біз байқамаған боламыз. Кешегі ұлы-ұлы тойлар, қазақ дәстүріне, тіліне, діліне байланысты оқиғалар астанадағы, облыстардағы орыс газеттері мен орыс театрларын селт еткізбейді-ау, селт еткізбейді. Тіпті бір республиканың ішінде отырған бөлек автономия сияқты. Қазақ көрермендердің қажетін өтеуге жарайтын классикалық туындыларымыздың өзі орыс көрермендеріне келгенде түкке аспайтыны қалай? Қазақ балаларының, жастарының қырық проценті өз ана тілін ұмытып, орыс тілінде сөйлейді екен. Тым құрмаса, солар үшін қазақ шығармаларын репертуарға неге еткізбеске?!

Бір ғана Лермонтов атындағы Академиялық театрды алайықшы. Осы соңғы бес жылда қазақ драматургиясынан не қойды екен? Біреу-ақ. Айтатын дәлелдері – артистеріміз түсінбейді, көрермендеріміз тұшынбайды. Жарайды, тарихи ескі тақырыпқа жазылған туындылар солай-ақ дейік. Ал, қоямыз деп, түсініп алған «Тоят түнінің» қойылмауын, Розов түсініп аударған «Кроссвордтың» аяқсыз қалуына не кедергі болды. Айтқандай, сатиралық әуенде жазылған «Кроссвордта» басқа ұлттардың (қазақ, орыс) өкілдерімен қоса Ашот деген армяндықтың да жағымсыз кейпі бар еді. Соған қанын ішіне тарта қойған-ау бас режиссер Андресян. Елінен талай жыл қол үзіп кеткен, жырақта еңбек етіп күн көріп жүрген Рубен жолдастың осынша бауырмалдығына не берерсің. Ол – ол ма? Қазір орыс театрлары қазақ шығармаларын қою үшін министрліктен үсте-

ме ақша сұрайды. Өйткені ол бізге көп шығынға түседі, бір көрген соң көермендер қайтып театр есігін ашпайды деп бұлданып, қазақтың өз шығармасын өз жерінде өзіне сатады. Ғ.Мүсіреповтің Қадыр Жетпісбаев дайындаған «Қозы көрпеші...» осылайша бұлданып, қойылымына 20 мың сом ақша төленуі жоғарыдағы сөзіміздің жарқын айғағы. Қазіргі таңда халықтық өнер өстіп ашкөздердің құлқынының құрбанына айналып кеткен.

Орыс театрларының ішінде түсініп қоятын бірден-бір театр режиссері Куклинский жодас. Ол — Қостанай, Көкшетау театрларының репертуарын қашанда қазақтың төл шығармаларын кіргізуге ат салысатын абзал азамат. Куклинскийге түсінікті пьесалар, басқаларға да түсінікті болса керек. Ендеше оларда түсінік бар да, ниет жоқ, ықылас жоқ, сыйлау жоқ. Әйтпесе, Москва журналдарында бертінде шыққан: Шота Уәлихановтың «Белые ночи», Баққожа Мұқаевтың «Ночь пресыщенная», Дулат Исабековтың «Наследники», Оралхан Бөкеевтің «Старик», Ролан Сейсенбаевтың т.б. авторлардың пьесалары сахнаға тіленіп тұрған озық идеалды туындылар ғой. «Волоколамское шоссе» Қазақстан облыстарының орыс театрларына қоюға жарамайтыны, режиссерлердің көзіне түспейтіні қалай?

Бір сөзбен қазақ драматургиясы қазақ жерінің келелі мәселелері түсініксіз де, шет елдің драматургиясы мен әдет-ғұрпының түсінікті бола қалатын сыры неде екен? Қазақтың тілін ғана емес, ділін түсінбейтін, ұқпайтындар: «қазақ топырағында өскен нанды жесек, тісіміз өтпейді деп, Америка нанын жеп, қазақ малының сүтін ішсек, ішіміз өтеді деп, Ағылшын сүтін ішіп, қазақ даласының тары, күріш, ботқасын жемей, Ресейдің былқылдаған шошқасын жеп жүрген жоқ қой». Осыны өз тілінде неге жеткізіп бермейсіңдер, орыс тілін судай білетін азаматтар, депутаттар?!

Қазақ театрларындағы, жалпы драматургиядағы осынша қысталаң кезеңде, соңғы бес жылдықта қиындықтың қалың орманын жарып шыққан, соқыр тұманнан өз туындысын аман алып шыққан драматургтеріміздің шынымен-ақ жүректерінің түгі бар екен, елдің жанын байытуға алып шыққан рухани мол жүгі бар екен. Олар: « Біз періште емеспіздің» авторы Қалтай Мұхамеджанов, «Сталинге хат» пен «Бесеудің хатының» авторы Шерхан Мұртазаев, «Қош бол, бөрібасардың» авторы Оразбек Бодықов, «Жан алқымданың» авторы Алтыншаш Жағанова, «Анасын күткен қыздың» авторы Дулат Исабеков, «Қадіріңді білмеппіз ғой, арысымның» авторы Әкім Тарази, «Тоят түні» мен «Дүние кезектің» авторы Баққожа Мұқаев, «Алыптың басының» авторы Тынымбай Нұрмағамбетов, «Төрт тақта – жайнамаздың» авторы Асқар Сүлейменов, «Зар заманның» авторы Софы Сматаев, «Біздің кластың қыздарының» авторы Есенжол Домбаев, «Жел жуанның» авторы Иранбек Оразбаев, «Қыз жиырмаға толғанданың» авторы Сұлтанәлі Балғабаев, «Қос мұңлықтың» авторы Бикен Римова, «Махаббат аралының» авторы Әділбек Тауасаров, «Үзілген бесік жырының» авторы Аманшаев Ермек, «Айша бүбінің» авторы Бақтияр Әбілдаев.

Міне, бұл шығармалар біздің драматургия жанрымыздағы, режиссура мен табыса да, таласа жүріп тапқан табыстарымыз. Тақырыптық жағынан да, бүгінгі таңда болып жатқан өзгеріс атаулы мен неше түрлі жаңа құбылыстарға сай, әрқайсысы өзінше мәселе көтере білген айдарлы шығармаларымыз.

Бұл айтылғандардың ішінен тағы да бір табысымыз, тапқанымыз дейтініміз – ақсақал драматургымыздың бірі көптен театрдан қол үзіп, амалсыз өз қызынан жеріген – Қалтай Мұхамеджановтың өз үйіріне қайта оралуы. Бұрын екі автор болып қосыла жазып жүрген Шерхан Мұртазаевтың енді жеке-

дара шығып, бүгінде бүкіл театрларымыздың репертуар қорына мол азық болған екі пьесаны жазып беруі – шынында драматургиямыздағы бір белес деуіміз керек. Алтыншаш Жағанованың шығармасының басқа республика сахналарында қойылуы, Оразбек Бодықов пен Тынымбай Нұрмағамбетов пьесаларының қазіргі проблемалық мәселелерді шебер айтып беруі, бірінші пьесасымен көрерменге әлі де дудамал ой салған Бикен Римованың екінші тәуір шығармасымен көрінуі; қазақ драматургиясына жас талап Аманшаев Ермектің келуі; ұзақ жылдар жабулы жатқан, қиямет шеккен «Зар заманның» (Софы Сматаев) жастар театрының сахнасына шығуы – міне мұның бәрі қуанышты жайлар.

«Театр болу – ұлт болудың белгісі» дегенді ескерсек, «мал иесіне тартады» демекші, біздің қазақ театрлары өзінің елі Қазақстанға қатты ұқсайды. Қазақ даласына оннан қашқан, мұннан қашқан келімсектер қандай үйір болса, оны қоныстандырып, тойындырып өз басына сор тауып алатын сияқты, театрларда оннан қашқан, мұннан қашқан авторларды төрінде ойнақтатып, өз басына репертуарлық сор тауып алады. Осы арада келімсектерге, абайлап қарап, саясатпен іс қылатын кішкентай Аблай мен Нұрсұлтандар керек-ақ.

Қазақта рушылық, жүзге бөлу сияқты зиянды мінез бар. Осыдан театрлар (тіпті бүкіл әдебиетіміз) сақ болса екен.

Қазақ зиялыларында әдетте өзінікін төмендеу ұстап, басқаны жоғары көтеріп, ретсіз дәріптейтін зиянды қылық бар. Осыдан сақ болайық. Европа драматургтары мықты, бізде ештеңе жоқ деп аузымызды қу шөппен сұртуді қойып, өз барымызды көре білейік, насихаттап, аялап көкке көтере білейік.

Жұлым-жұлымын шығарып, кесіп, піштіріп шығарған «Қазақ әдебиеті» газеті, 1991 жыл.

ӘНУАР МЕН ЕСЕНБЕРЛИНГЕ ХАТ

(Жазушылар одағының хатшылары Әнуар Әлімжановқа, Ілияс Есенберлинге ашық хат)

Ілеке, жолдас Есенберлин, жасы үлкен аға, көргені көп ғұлама, сізді мен қатты ренжіттім, ғайбат сөйледім, ашуымды басшы еттім, сіздің талай теперіш көрген нервіңізге тидім. Білем — сіз сол күні ұйықтай алмадыңыз. Адам қатты қуанғанда, не қатты ренжігенде көз ілмейді, ұзақ ойда жатады. Сізде реніш болды ма, қуаныш болды ма? Ай, тегі қуанған болуыңыз керек. Үйткені келесі күні-ақ, аттан сала жүгіріпсіз. Сіздің даусыңыз ауыл шаруашылығы қызметкерлері кеңесіне келген делегаттардың да құлағына шалыныпты. «Сүрінген жерің осы шығар, бала, мен саған кім екенімді танытайын» деп қуанған боларсыз...

Ал, сіздің мені ренжіткен жеріңіз, жанымды жаралаған тұс есіңізде ме? Мұны мен кекшілдігімнен айтып отырғам жоқ, сіздің ұмытшақтығыңызды, немесе басқаның жан жарасын ауырсынбайтындығыңызды есіңізге салғым кеп отыр.

Есіңізде ме, бұдан екі жыл бұрын үй сұрап барғанда, сіз «әйел тастаған адамға үй бере алмаймыз, қызықсындар өздерің» деп тауып айттым ба дегендей Әбдрашит, Қалихан, Жайсақбектерге қарап, рахаттана күлдіңіз. Мен қара жердей болдым. Бірақ, жасығам жоқ. Осы сөз әлі күнге дейін алдымнан шығып жүр, мойымаймын.

Сізге сол арада сөз қайырғам жоқ. Тек сіздің қайырымсыз сөзіңізге қиналып, сол түні ұйықтай алмадым. Мен әйел тастасам, ол — қара басымның қуанышы емес, қасіреті. Он үш жыл отасқан адамнан, он үш жыл отын жаққан ошағыңнан кету еріккенің ермегі емес. Оның себебін, мейлі мұқата беріңіз, сізге түсіндіріп шаршап-шалдығар жайым жоқ. Совет заңы онымды қылмыс деген жоқ, семья трагедиясы деп шешті, екі жақтың келісімімен айырды.

Мен жазықсыз, балаларыма қиянет етпедім. екі-үш адам зорға айналып жүретін аядай үйді бөліп, дүние бөліп, олардан мүлдем іргемді аулақ салғым келмеді. Күні бүгінге дейін олардың қуанышы ортақ, тауқыметі мойнымда. Оларды тентіретіп жіберу қолымнан келмейтін шаруа.

Мен үш жыл бойы көрінген жерде жүріп, жазуымды жаздым. Одаққа келіп, бірден үй сұрамадым. Содан бері алты жыл өтіпті. Енді сұрауға болатын шығар. Сотталған адам да, кесімді жылын өтеген соң ақталып, бас пана сұрамаушы ма еді. Оның үстіне жаңадан семьялы болдым, екі күшігім тағы бар. Олар да өз Отанынан семья шаңырағын көруге тиіс емес пе.

Жақында ақылды, кемеңгер Фабең де, «сеңдер қызықсыңдар, әйел тастап, сонымен қосақабат үйді де тастап кете бересіңдер» дейді. Менің көңілім айтады: «Мен әйеліме қолма-қол үй алып беріп, шығарып жіберетін Фабеңдей академик те емеспін, Серкебаев ағамдай депутат та емеспін, Бибігүл сияқты апаларымның қолына кіре қоятын пысықтығым да шамалы»...

Құдай иіп, өткен қыста сіз «жаңа жылдың басында бар беделімді салып, Әнуармен ақылдасып үй әперем, жүре бер» дедіңіз. Мен екі айдай санаторийде жатып «Ақан серінің» екінші кітабын жазумен болдым. Кездескен жұртқа, жақын-жұрағатқа, жолдас-жораға «Есенберлин үй әперейін деп жатыр деп» балаша қуанып, сізді мадақтаумен болдым. Әрине, сіздің атыңыз ел арасында онсыз да құрметті, құдіретті. Әйтсе де жақсы қасиеттердің қосыла бергенінен зиян жоқ қой.

Естіп пе едіңіз: мен құсап үйсіз жүрген (ол кезде үй мәселесі тіпті қиын еді-ау), соның зардабынан өкпе ауруына шалдыққан Қасым Аманжолов Орталық Комитетке, Омаров Илиясқа кіріп шығады. Күтіп тұрған зайыбы Қасекеңнің көзінен домалаған жас-

ты көріп шошып кетіпті. «Не болды, не болды саған» деп үрейлене сұрағанда, «жүр, айтамын, қазір, қазір» дей беріпті Қасекең. Сүйтсе, Омаров осы күнгі отырған үйді бергізген екен. Қайран, қан майданда қан кешіп, от жалынында жанып жүріп мойымаған, қиындыққа қайыспайтын, дұшпанға майыспайтын болаттай берік ақын жаны игіліктің алдында егіліп, қайырымдылық алдында шыдамай көзінен қуаныш жасы төгілді-ау. Әттең, не керек, баспананы кеш алды-ау, игілігін еркін көре алмады-ау, кең көсіліп отырып халқына талай-талай тамаша шығармаларын беріп, сөз маржанын, ой гауһарын төгіп, бұдан да көп кенеліп кететін еді-ау!..

Мен санаторийден алқынып, қуанып жеттім. Үй берейін деп жатыр дегенді естідім. Ертеңінде сізді көрдім. Сыртта тосып алдым. Сіз үнемі кейіп, қабағыңыз түсіп, сұлық жүресіз ғой, мінезіңіз болар, бұл жолы да солай екенсіз. Қолыңыздың ұшын ғана бердіңіз де, жүре бердіңіз. Екінші рет кездестім. Тағы солай. «Апырай, неден жаздым, кеше ғана өзі айтқан уәдесі есіне түспегені ме, болмай жатса да жағдайын айтпай ма» деген пендешілік ойға түстім. Сүйтсем, сіз маған үй сұрамақ түгілі, үш бөлмелі бір үйді шоферіме әперем деп әжептәуір әрекетке түсіп, қиналып жүр екенсіз. Дұрыс қой, — ол да Одақтың мүшесі болмағанмен, қоғамның мүшесі. Оныңыз адамгершілік. Бірақ, екінші-үшінші кезекте менің айтылмауым қалай? Уәде қайда? Еленбей қала бергенім бе?

Менің алты айлық ұлым бар. Кеудесін жаңа көтерген күшіктей еңбектей бастапты. Әттең не керек, бір күнде қалпақтай түсіп мұрттай ұшты. Қос өкпесіне суық тиіпті. Екі-үш күн жүгіріп ауруханаға шешесімен бірге зорға алдырдым. Пропискасы жоқ, алмайды екен ғой. Бірақ, құдайға қараған адамдар алды. Заңды бұзып, алды. Әйтсе де, тағы ескертті: егер өле қалса, ертең оған жер де берілмейді екен.

Алдын ала ойлан деді. Еңбектейім деген баламның еңбегінен қан шығарып, күнде іскектейді. Титімдей қолдарының сыртын уколмен жаралап болды. Қайтсін, бәрі тірі алып қалудың шарасы. Әттең нәресте шырылдап жылағанда, тағы да жүрек жарасы ашылып, қосыла егілем. Неге ғана жылы үй алып алмай сені дүниеге келтірдім деп кеимін. Еркектігім ұстап шыдамай бара жатсам, қайсыбір үйі кең бастықтардың келіншегімен көңіл қоссам, не әкесі мықтының қызымен сайраңдап дүниеге адам келсе ғой, кеудесіне сыз тимей еңбектеп кетер еді-ау деп жынды адамдай қиялданып, «Неге ғана әкесіз жетім, үйі жоқ панасыз қызды алдым», деп құсаланам. Бұл әшейін ыза болғандықтың салдары ғой.

Сол ызамен, ұлымның шырылдаған даусы құлағымда, Одаққа келдім. Тағы да сіз отыр екенсіз. Анадайдан жүгіре басып алдыңызға келдім. Қол бердім. Арада алпыс секундтай уақыт өтті, қолымды алдыңыз. Көз қиығын да салған жоқсыз. Мен қолыңызды жібермей тұрып, «неге сәлемімді жөндеп алмайсыз» дедім. Сіз күреңітіп кеттіңіз. Әрине өзіңізге көрінбейді ғой. Басыңыздан сөз асырмайды екенсіз: «не деп тұрсың... Мен кісімен сөйлесіп отырған жоқпын ба!» деп зірк ете қалдыңыз. Осы арада мен жарылдым.

Былтыр Айтжан дейтін жігіт (ТЮЗ-дің артисі) Алматы қонақ үйінің ішкі баспалдағымен асыға басып, жүгіріп келе жатып үшінші этаждан төмен құлаған. «Сонда, — дейді, — бар-жоғы бір-екі секундтың ішінде, яғнай бірінші этажға түскенше, басымда мың түрлі ойлар жүгіріп өтті. Енді өлем-ау, әйеліме ештеңе етпес, күнін көрер, ана қаршадай балам әкесіз қалды-ау, бүгін соның бетінен де сүймей кетіп едім деген, тағы бір театр өміріндегі шаруаларды ойлап үлгердім». Бұл — анекдот емес, шындық.

Әлгі екі ортада менің де басымнан талай ойлар өтті білем: «маған бұлай алара қарайтыны, зеки

сөйлейтіні мені күні түсіп жүр дейді-ау. Мұндай жазушылардың тағдыры, бәке, менің қолымда дейді-ау» Мен де сол арада қолымнан келетін «өнерімді» көрсетсем керек. Бірақ мұның бәрі кектен емес, булыққан ызадан болар. Менің де басымнан сөз асырмайтын, қорлықты көре тұра шыдамайтын жыным бар. Ол — бақсылар қақпаса, бастықтар қаққанға кете қоймайтын сүйекке біткен ауру болу керек. Әрине жаман ауру. Бірақ ауру сұрап келмейді ғой. Ол аурудың түрі де әркімде әртүрлі, бөлек-бөлек. Біреу ашуын кекпен қайтарады, біреу қалжыңға айналдырады, біреу табан астында ақтара салады. Менің туған атам, жарықтық, өмірі боқтық дегенді білмеуші еді. Нағашы шешем айпара адам еді. Қит етсе атамды жүндей бастайтын. Сонда марқұм атам, артисше ойнап, екі қолын көтеріп, «қояйын, қояйын!» деп құтылатын. Сол сияқты, сіздің де ашуды қайтаратын басқа мінездеріңіз, рецепттеріңіз болуы мүмкін. Егер адамның бәрі бірдей жаратылса инкубатордың балапанындай болар еді. Ал инкубатордың балапандары, тауық басқан балапандардай емес, ашыққанда бірін-бірі шұқып жеп қоятын көрінеді.

Сіз Кенесары сияқты жазылуы қиын болмаса да, айтылуы қиын, қат-қабат тіршілігі бар адам өмірін мүлт кетсеңіз суға құлап түсердей солқылдақ сыңар тақтайдан төсеген, таянышы жоқ көпірден өткендей жағдайда жазып, жүрек лүпілін басып, адал сезімге сеніп, жалғыз қаламға сүйеніп жағаға құрғақ шықтыңыз. Иә, жалдап, не малтып, яки сүңгіп шыққан жоқсыз, буыныңызды мықты ұстап, нық басып шықтыңыз. Халқыңыздың сүйіспеншілігіне бөлендіңіз. Халық тарихының қасыреті мен қайғысын, өткені мен болашағын үлкен парасатпен айттыңыз. Мен «Қаһарыңызды» айтып отырмын. Ол кітабыңызды қашан да құрмет тұтамын. Сіз түгілі шет елдің бір жазушысы жақсы

шығарма жазса, соған қуанамын. Ол космополиттігім емес, талантты сыйлағаным деп ұғамын.

Осындай адам, сіз, өткені мен көргені көп адам, ертеңінде-ақ дамбулығызды ту ғып көтеріп, айғай-сүреңмен аттандап, мен сүйенген жерде айнала жүгіртіп бульдозер іздеп, қалың бүркей салғыңыз келді. Мені қорқытқанда немді аласыз? Билетімді аласыз, берейін деп тұрған үйді аласыз, шығайын деп тұрған шығармаларымды жоспардан аласыз. Жарайды, осының бәріне әліңіз жетті дейік. Сонда сізге түсер пайда бар ма? Қоғамға, халыққа түсер пайда бар ма?

Былтыр екі адам асылып өлді. Екеуі де ішпейтін адам, екеуі де жуас адам. Кісіге «әй» деп, ешкіге «шәй» деп көрмеген адам. Бірі – Дүйімбаев, екіншісі – Гауһарбек. Оларда да бір жан жарасы болса керек. Ол жараны олай емдеу ағаттық та, жасықтық та шығар. Бірақ өлген адам тергеушіні де, адвокатты да қажет етпейді. Тек тірілер ойланса. Бәрі де адамды адамның қажатуынан, ырғауынан-ау.

Менің өлімім басқаша болуы мүмкін. Сіздер сол күні Одақтың фозесінде жарты сағат ұстарсыздар. Оған дәрежем жетті-ау деймін. Сіздер білектеріңізге қара байлап, мені құрметтеп аттандырудың қамына кірісесіздер. Қызмет бабы солай ғой. Әттең көздеріңіздегі жасты, жақсы жазушы еді деген ауыздарыңыздағы сөзді ести алмаймын-ау. Ондай мадақтар айтылады. Үйткені ол адамның соңғы үлесін аясын ба. Осылай өлгендер аз ба?

Жоқ, сіздер маған өлім тілеп жүрген жоқсыздар. Маған ақыл айтып, сөгіс беріп, ұрсып-жерлеп, жөнге түсірмексіздер. Мен қырық бірдемін. Төрт баланың әкесімін. Қаншама еңбектердің авторымын. Халыққа өзім ақылшылыққа жараған адаммын. Маған ақыл не керек. Күлкілі емес пе. Мен ақылсыз болсам жазушы атаулы (әрине жастардың жөні бір бөлек) ақылсыз болғаны емес пе. Сіздер өз бастарыңызды неге

сыйламайсыздар. Ендеше мінез көрсеткен, ішімдік жолында бүлінген, ақыры содан өлетін жазушылардың ішіне неге алдын-ала үңілмейміз. Қорқыту, үркіту деген — не деген сорлылық.

Рас, бұрын өнер адамы атаулының тағдыры осылай болған. Ақанды ақымақ, шайқы деп жерінен айырды, Біржанды жыңды, есуас деп қолын байлап-матап өлтірді... Ау, сол болыстарды бүгінде біз күстаналаймыз. Ақын жанына үңілмеді дейміз. Мен Ақаннан, Біржаннан, Құрманғазыдан артық емеспін. Бірақ сіздер бас салып кек алатын болыс емессіздер, білдей коммунист емессіздер ме?

Сіздер біреуді бұқтыруға, жасытуға әуессіздер. Жоқ мен жаси алмаймын. Өз табиғатымнан айнып, басқа жазушының (ең мінезі жақсы) мінезіне көшсем (ол мүмкін де емес), мен сол адам сияқты жазуым керек. Жоқ, мен Сәкенмін. Әдебиетке менен де зор Бәкен келер. Бірақ оның жүгі басқа. Мен берер шығарма — менің жүгім. Оны Бәкен жаза алмайды. Сондықтан да менің мезгілсіз жасуға, қажуға қақым жоқ.

Сіз «ақ басымды неге сыйламады» дерсіз. Ол — жөн. Бірақ ақ басты адам, ақылды адам, көргенді адам тызалақтамас болар. Ақылмен ұялтар болар. Сіздің бір нәрсе ойыңызға келмеген: Қасыңызға бір ірі жігітті алып (менен қорықсаңыз) мен тұрған үйге бас сұғып, осы неге ашынып жүр (әрине адамды, қарамағыңыздағы жазушыны сыйласаңыз, тағдырына жаныңыз ашыса) деп кіріп шықсаңыз. Машинаңыз бар. Сіз жаяу жүруді жақсы көресіз ғой. Он бес минуттық қана жер. Мені ұялтқан болар едіңіз. Және хатшы ретінде бір шаруашылықты тындырар едіңіз. Сонда театрдан алған бутафорияны жағып (үйі жоқ адамға отын да бермейді), ауруханадағы жолдасына ас пісіріп отырған бүгінгі Ақанды көрер едіңіз. Айтқандай, мен тұрған үй — бұрын бір священниктің үйі екен. Қазір мұнда бірнеше семья тұрады. Мен екі-үш жылдан бері соның верандасында тұрамын.

Әрине сыртын қалыңдап сылаған. Оның өзін құдайға қараған бір жолдасым уақытша беріп кетті. Егер Октябрь революциясы болмағанда бұл үй де жоқ еді. Атаңа нәлет священник верандасы түгілі, босағасынан сығалатар ма.

Мен бір үлкен адамды ренжітіп, оның ұялтқаны әлі есімнен кетпейді. Ол — Сейтжан Омаров. Менің әкем Нұрмақтың алдынан тәлім алған, бүгінде әкем секілді адам. Мен сол кісінің бір пьесасын рецензиялап, бұл күйінде сахнаға жарамайтынын айтып жазып бердім. Кейін, Секең кездесіп, «сыртымнан жазып бергенше, өзіммен ақылдасып, кем-кетігін көріп тұрсаң (әрине сырт көзге көрінгіш қой) неге айтпадың. Жөндемейтін бе едім, шығармаға шын жаның ашыса, неге келмедің. Тұра-тұр, мұныңды Нүрекеңе айта барармын» деді. Жүрегім су ете қалды: «Мен о дүниеге сенен бұрынырақ кететін адаммын, әкеңнің қасына бұрынырақ жететін адаммын, жасымды сыйласаң етті деді-ау» деп қатты егілдім.

Тура осы Секең сияқты екінші бір адам топтың ортасына салғанымен ондай әсер етпеді. Ол да әкеммен қатар өскен Әбдірашит Ахметов. Оған да бір жерде ашынып тұрып, оның атына дәлдемегенмен жалпылама ғайбат сөз айтып ем. Табан аузында секретариат шақыртып, қайнаған қазанға салып, қолма-қол сілікпемді шығармақшы болды. Бірақ қазанды сақылдатып қайнатпады, суын шым-шымдап бұлкілдетіп қақпағын бүркеп қойып пісірді: «Мен осы бала туғанда шілдеханасында болып, бір сүйретпе арақ ішіп, Сәкен атын қойған әкесі едім. Бүгінде бұл бетімнен алды. Енді мұның жазушылар қатарында жүруіне әкесі бола тұрып, бетім күйеді» деді. Әбекеңнің алты баласы бар, алты баласының мінезі әртүрлі. Әйтсе де қандай мінез көрсетсе де, Әбекең жоғарғы жерлерге дейін барып, ара түскені болмаса, жардан итерген жері жоқ. Апыр-ау мені балам дейді. Сонда мен жетінші баласы жетім болғаным

ба. Алты баласына апандай аузын ашып, тісін батырса да, басқаға талатпайтын қасқыр әке болғанда, маған түлкі әке болғаны қалай деп қайран қалдым. Бірақ, сөз қуып қайтем, ештеме демедім.

Әке жүрегі балаға елжіремей тұра ма. Түнеукүні сақалды басымен Сапекең де немересі үшін шыбын шіркей боп жүгірмеді ме. Шіркін ай, осындай әкелік қамқорлық жазушылар арасында неге жоқ. Сол кісілер ғой, дачада қатар тұратын Ғабекең де (Мұстафин) менің жағдайымды жақсы біледі. Айтқан да жерім бар. Шығармаңды оқымаса да, шығарманың тууына себепкер жағдайлар үшін өз баласындай шырылдап, тым құрмаса бір рет қанатының астына ала салса, келешекке үлгі болар ма еді, қыран қырандығын жасады дер едік-ау.

Айтқандай, үй мәселесін, тірі күнінде марқұм Сәбекеңе де айтып едім-ау. Қасымда Тахауи, Нығмет бар. Сәбең жазушылар одағынан жер алып, Арыстанына дача соқтырып жатқан. Сол арада сөз реті келген соң, «Сәбе-ау, бізде дача түгілі үй жоқ, осыған бір сөз айтып көмектеспейсіз бе» дегенімде, «Сәкен, оны Ғабитке айт, қазір ол менен беделді, сөзі де өтімді» деп қашыртқы қылып еді марқұм. Ай, менің де түсінігім қызық-ау: Әкелік қамқор дегенді жасым қырыққа келсе де іздей берем, үміттеніп емексिमін.

Сіз де, Ілеке, балаларыңызға жаныңызды үзесіз. Аанада Литфондыдан қарызға ақша сұрап келгеніңізде, «бұл кісіде ақша болмаса, суда балық та жоқ» деп жүретін біздер қайран қалдық. Сіз туыстарыңызға, балаларыңызға көмектесіп, бар қаражатыңызды соларға төгетініңізді айтып, сақтық кітапшаңыздағы 37, яки 7 сомыңызды көрсеткеніңіз бар. Өз басым сенемін. Өз балаңыз түгілі күйеу балаңызға дейін машина әперетін балажандығыңыз, әкелік сезіміңіз тебірентпей қоймайды. Олар үйсіз жүрсе өз үйіңізді босатып беріп, далада қалуға да барсыз.

Үй демекші әңгіменің бәрі үйден шығып жатырау. Қалада төрт бөлмеде екі басты адамдардың тұратынын да көргеніміз бар. Бірақ оларда прописка бойынша төрт бас боп есептеледі. Бірінде мойнында медалі бар иті тұрса, бірінде бұл жаһаннамда сирек кездесетін сабалақ мысығы тұрады. Ол да заңды шығар. Ит жеті қазынаның бірі, мысық — Нұқ пайғамбардың түкірігінен жаратылған қасиетті қаюан. Біздің балалар Нұқ пайғамбардың жаратылысы болмағанмен, Совет елінің азаматы емес пе деп ашынамын да.

Үй үшін сіздермен жүз жыртыспай-ақ қояйыншы деп, қаладағы үйі көп Гүшосдорға, ауылшаруашылығы минситрлігіне, құрылыс комбинатына да бардым. Жазушыға олар тікелей үй бермейді екен.

Менің шешем 30-жылдан бері партия қатарында. Қазақстан коммунистік партиясының екі съезіне делегат болған, кезінде халқына еңбегі сіңген адам. «Мен үйсіз отырсам, себебі бар шығар, ал енді сіздің кінәңіз қандай, обкомға барып үй сұрамайсыз ба» десем, «жазушылар балаларына, шеше, қарындастарына үй әперіп жатады, сен тұрғанда қайдан жүгіріп жүрем» дейді. Ол да дұрыс-ау, ол сөзде де бір логика бар-ау.

Жалпы басшы қызметтегі адамдарға өкпелеп, ренжіп, тіл тигізуге болмайтын шығар. Олар жаныңды қанша жараласа да көне берсең көнтерлі, сыпайы жігіт боласың.

Әнуар, есінде ме, сен «Қазақ әдебиеті» газетіне редактор боп келісімен, мені редколлегия мүшелігінен алып тастадың. Себебін түсіне алмадым.

Жас романшылар жиыны болды Москвада. Мен қатарлылардың ішінде алғаш роман жазған мен едім, басқалар барды да мен қағыс қала бердім. Себебін түсінбедім.

Тарихи роман жазғандардың Москвада жиыны болды. Мұхамеджан Қаратаев сен де барасың, тізімде

барсың деп жүрді, дәл жүрер алдында мен ғана жоқ боп шықтым. Себебін түсінбедім.

Жазушылар съезінде менен кейін әдебиетке келген жастар (өнерлері де мен қатарлы сияқты) пленум мүшелігіне сайланды. Мен ревизиялық комиссияға да сығалай алмадым. Тіпті еш тізімде болмадым.

Абайдың, Жамбылдың, Кененнің тойлары болды. Ел қатарлы тізімге ілінбедім.

Жас жазушылардың кеңесі, тағы басқа жиындар болып жатады, менүштігүйлі ұмытыламын.

Тыңның жиырма жылдығы болды, алғаш роман жазған мен сияқты едім, сол жиынға қоссаңдар қайтеді, тым құрмаса геройларыммен жүздесіп қалайтын десем де, құлақ асар тірі пенде болмады.

Былтыр, Әнуар, сенің құтың түсіп, совет әдебиетінің күндерінде әуелі Семейге, сосын Көкшетауға баратын делегацияға тұңғыш рет тіркедің. Қоржындарымды дайындап, енді жүрем деп тұрғанда жалғыз мен ғана тізімде болмай шықтым. Себебін бірің айтқан жоқсың.

Айта берсем толып жатыр. Мұның бәрі көденең көзге ұсақ-түйек. Бірақ, нервіге ойнауға келгенде әжептәуір салмағы бар дүниелер. Ау, сонда, жүйкең тозып жүріп, бір сөз айтып қалсаң, он жылға улы азық болады. Сонда жүртта нерві бар да, менде болмайтыны қалай? Болмайды емес, болмауы керек шығар.

Жалпы, осы жазушылар одағына бастық боп келген адамдарға астыртын беретін құпия, ерекше құқық бар шығар.

Мұны айтып отырғаным, мен басымнан мынадай қызықтарды өткізгенмін.

Қызметсіз жүрген кезім болатын. Көшеде Әбдіжамал кездесе кетті. Ол да қызметсіз. «Әй, Сәкен, сен ғой өзің саяқтау жүретін адал жігітсің. Қызметке ешкім тарта қоймайды. Осы айдың он

жетісінде келші маған. Қызметке орналасасың», деді. «Қайдан тауып алам сізді» дедім. «Табасың ғой». Әбекең он жетісінде «Жұлдыз» журналының редакторы болып отырды. Жүрегім бұл ете қалды. Жетіп бардым. Әбекең сөйлескен де жоқ. Оның орнына мүйіз сұраймын деп барып, құлағымнан айырылдым. Қызметке алады деп жүргенде, журналда версткасы келіп жатқан «Сұлу мұрт» атты новеллам алынып қалды. Себебін білмедім. Бастық айтты бітті.

Жазушылар одағына мүшелікке өтейін деп отырмын. Әбділда Тәжібаев секретарь (уақытша болар). Әбекең сөйлеп отыр, сөйлеп отыр, менің соңғы шыққан кітабымды іске алғысыз етіп сыбап, жамандап отыр. Ақыры «өзір жаза тұрсын, кейін көрерміз, бұл жолы алынбайды» деді. Мен шыдай алмадым, «Әбеке-ау, мұныңыз қиянат қой, бағанадан айтып отырған шығармаңыздың маған түк қатысы жоқ. Ол Машқар Гүмеровтың кітабы» дедім. Бұл арада Машқарды кемітейін деп отырғам жоқ. Факты – осы. Әбекең қысылып қалды. Тахауи құтқарды. «Онда кейін оқиық, сосын көрерміз» деді. Сөйтіп, бастық Әбекеңнің оқымағаны үшін (ол кезде үш-төрт кітабым болатын) Одаққа өте алмай қалдым. Менен басқа өткен он үш адамның ішінде жібі түзуі Совхозбек еді.

Семьяда қасірет шегіп, налып жүрген кезде Жұбан Молдағалиев хатшы еді. Кейін орнынан түскенде кездескен жерде (ұмытпаса үш рет) Сәкен сені құтқарып қалған мен ғой, әйтпесе... деп қамқорлығын айтады. «Жұбеке-ау құтқармағанда қайтетін едіңіз, біз айырылысып тындық қой, құтқарғаныңыз сол ма» дейін десем, сөзімді қор қылғым келмейді. Өтер іс өтті. Комсомол сыйлығын алайын деп, «Лениншіл жас» газеті суретке түсіріп үлгергенде, «бұл моральдық жағынан ұстамсыз» деп, тағы-тағы, неше түрлі қиямет-қайымды төгіп маған сыйлық бергізбей жанталасып, «құтқарып» үлгергенін

естігеміз. Мейлі, басшы адамның еркі деп қойғанбыз.

«Жапандағы жалғыз үй» романым мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған. Жазушылар Одағының кеңесінде перзидиум мүшесі, менің досым Тахауи Ахтанов бір-ақ сөзбен менің еңбегімді құлата салды. «Бұл шығарма – көркемдік сапасы төмен, әшейін бір конъюнктурщиналық зат». Былай да ниеті бұзылып отырған жұрт кітапты жардан итере салды. Кейін тауда досыма біраз жерін оқып беріп ем, бірдемеге риза болғанда да, кейігенде де қабағын қағып, ерні кемсегендей, аптыға сөйлейтін Тақаңның «Ойбай-ау, мынауың керемет қой, құд-дай-ау, осы мен, кейінгі кезде кітап оқымайтын болыппын» деп көзі күлмей беті күлген досымның арқамнан қағып, жүз грамды бөліп ішкені бар.

Жарайды осымен доғарайын. Бір жолдасым, «Әй, өзің де тыныш жүрмейсің, бетегеден биік, жусаннан аласа боп жүре бермейсің бе, дұшпан көбейтіп қайтесің» деуші еді. Мен әлі де адамды дұшпан деуден аулақпын. Өйтіп қорқып, бұғып та жүре алмаймын. Хамит ағам айтушы еді: «Елу жылдығымды өткізіп алдым, орденді де алдым, енді несіне сасайын, ай алпысқа дейін тағы бір шайқасып, алысып көрейін!» Сол айтқандай халқым сыйлайды, халқым іздейді, оқиды, несіне айылымды жиамын. Жасимын деп жайыма қалар жай жоқ. Әттең, ел күткен шығармаларымды жазуға мүмкіндіктің жоқтығы ғана қинайды. Әттең жақсысын асырып, жаманын жасыратын азаматтың аздығына налисың.

Кеше Сәбең марқұмды, жепісінде, ойлағанына тиісті дәрежесіне жеткізбей, талайлар сыртынан етегінен тартып, бөгемеді ме. Алдына кесе көлденең кесек тастамады ма. Нар ағам аз да болса шөгіп қалды-ау сол кезде. Ол да кетті. Өзімен бірге ештеме де әкеткен жоқ. Сәбеңе берер бар жақсылық, әдебиеттің, халықтың мерейі емес пе еді?!

Кеше, Ілеке, сіздің кітап төңірегінде (ел сүйген кітап) қаншама қияс әңгімелер, шалыс аяқтар болмады. «Қаһарлар» әдебиеттің, халықтың мерейі емес пе?!

Кеше, Әбдіжәмілдің кітабы төңірегінде қаншама бөгесін тосқауылдар болмады. Ержүрек екен, мейлі, пысық екен, жеңіп шықты. Ол алған атақ — әдебиеттің, халықтың мерейі емес пе?!

Кеше, Әнуар, жаңа өрлеп келе жатқан сенің алдыңа неше бір тұзақтар құрылмады. Өз құлағыммен сенің СССР жоғарғы советіне депутат болатын кандидатуранды радиодан естіп едім. Ол жоғарғы жақтың шаруасы шығар, бірақ төменгі жақтың да әсері болмады деймісің. Сенің атағың — әдебиеттің, халықтың мерейі емес пе?!

Ілияс Омаровты біреулер қайсыбір адамдарға артық жақсылық еткен үшін кіналайды. Оу, артық, кем жақсылық деген бола ма. Жақсылықтың аты жақсылық емес пе. Біреуге жамандық екпегенге де кінәлі болады екен-ау!

Сәкен Сейфуллин бір бюрода Тайырды құтқарып қалыпты. Тұрпайы болса да, турасын айтты: «Өзі Тайыр болса, өзі ақын болса, өзі жас болса, қызбен жүрмегенде, биімен жүре ме. Ал, Тайырды партиядан шығарыңдар, соттатыңдар, сонда «Аэропланды» кім жазар екен» депті. Оу, «Аэропланды» жазатын бір Айыр келер-ау. Ол Тайыр емес қой. Тайыр партиядан алынса, ішіп, жұнжіп кетер ме еді. Сәкен кішкентай Тайырдан, әдебиеттің үлкен жұлдызын көрмеді ме? Қолы күйсе де, ағып түсейін деп тұрған бір жарық жұлдызды алақанының аясына қысып алып қалмады ма? Бүгінде бір кемсін көрсек, жетесіне жетіп байыптамай, жасымыз бар, кәріміз бар, бар сайманымызды ала жүгіріп, мүйізін қағып, құлағын кесіп шүнтитуға неге әуеспіз. «Тіршілік — күрес» осы ма? Ол жақсылық үшін, шын тіршілік үшін күрес емес пе еді. Жүнімізді қарсы сипамай,

жатқыза сипай, сыласа ғана жуас жылқыдаймыз да, қарсы тиіп кетер болса, азуын ақситып шыға келер тағыдаймыз. Оу, ертең, бәрімізге бұйырар бір жарым метр жерде тәніміз – мәйітіміз ғана қалмай ма. Топырақ орынына алтынға бөленетіндей несіне аз тіршілікте шірене береміз.

Бәріміз жазушымыз. Ақыл иесіміз. Зымияндық, сұрқиялық, бізге жат болса керек. Бір-біріміздің шиқанымызды жарып, пыш-пыш өсек, жершілік, күншілдік сияқты ұсақ-түйек, көң-қоқырдың көлеңкесінде жүре бермей, үлкен азаматтық мәселе төңірегінде әңгіме қозғап, іс істейтін мезгіл жетпеді ме. (Бұл жөнінде әңгіме ұзақ. Бұл сіздерге ғана тиесі сөз емес, жалпы Одақ ішіндегі, жазушылар басындағы сұрықсыз ауруды айтқаным ғой).

Ілеке, Әнуар, өңкей қысастық пен кемшілікті теріп жазыпты деп сөге көрмеңіздер. Жақсылықты көрер көз, сезер жүрек менде де бар.

Ілеке, әзір шықпай жатса да, «Ақан серінің» Москвада басылуына, жоспарға енуіне себепкер болуыңызды мен ұмытпақ емеспін.

Әнуар, жақында Иманасовқа, «Сен, Сәкен, шыдай тұр, ана Жүнісов Сәкен де әлі үй ала алмай жүр» депсің. Оныға рахмет.

Мен бұл хатты үй алудың қаракетімен жазып отырғам жоқ. Ондай жымысқылықтан аулақпын. Үй үшін өліп кетсем де бөдене болар, не шоқпар болар жайым тағы жоқ. бұл қыңырлығым емес, ана сүтін, әке тәрбиесін ақтағаным болар.

Бұл хатты сіздермен кеңескенім, замандастарыммен ақылдасқаным деп түсініңіздер.

Қате жерлері болса ғафу өтінемін. Бұл – газет материалы емес қой. Кей тұсы ашынғанның айғайы, күйінгеннің күйігі болар.

1975 жыл.

ЛЕНИН ТУРАЛЫ СӨЗ (Ленин туралы бір қағар ой)

Өткен жылы, қазіргі жаңа құру қаулысымен ұлы өзгеріс аласапыранының әбігерінде жүріп, В.И.Лениннің 120 жылдық торқалы тойын да, ежелден келе жатқан ел дәстүрімен, асылын, ардағын мақтан тұтып, мадақтайтын, сол арқылы келесі ұрпағына ер есімін дәріптеп, ақыл-санасына сіңіріп, тәрбиелеп, баулитын әдетпен жарқыратып тойлай да алмаппыз-ау! Баға, құн өзгерісі дегендерді желеу етіп, мағазын, дүкен сөрелерінен жоғалып, із-түссіз кетіп, көзден, бұл-бұл ұшқан дүниелердің соңынан іздеу саламыз деп жүріп, бойымыздағы, санамыздағы асыл, алтын қасиеттерімізді жоғалтып ала жаздаппыз-ау!

Ескіні түп тамырымен өзгерту керек дегенді желеу етіп, жүз жылдық жүзімдерімізді тамырымен жұлып, жариялылық деп жөн жобаны білетін де, білмейтін де өрекіп, шешен де, мақұрым да тілін безеп ділмарсып, еркіндік-демократия деп тиісерге қара таппай, кез-келгенге ұрынып, данышпансып сөйлеп, елін қорғаған ерді де, жеміс берген жерді де ылайлап, қастерлі шаңыраққа да, қасиетті аруаққа да тиісіп, ойымызға келгенді істеп бақтық-ау.

Кішкентай бүлдіршін сәбиден елім деп еңіреген, еңкейген кәріге дейін «күнсіздерге күн болған» деп басын иіп, атын қастерлейтін ұлы көсемге де ауыз сала бастадық.

Жо-оқ, бұлай болмайтын шығар. Бұлай болма-сқа керек. Көсем деген сөзді, ұлы деген сөзді жоққа шығарсақ, адам деген қасиетті атты, ұрпаққа етер асыл тәрбиені жоққа шығарғанымыз болар. Ендеше бұл – естілердің ісі емес, есерлердің, бүгінгі тілмен айтқанда, экстремистердің ісі екені даусыз. Бірақ оларға да бәрібір емес. Оларда да өзіндік мақсат, бетке ұстар бағыт, кесектей есеп болса керек. Ендеше көсемді кінәлап, не ой таппақ? Не ұтпақ.

Таппағы да, ұтпағы да бар. Сіз соның біреуіне ғана, тап осы бүгінгі таңда, қайта құру кезеңінде қажетті бір мәселеге тоқталайық, замандас. Шовинист-экстремистердің, діншіл-экстремистердің В.И.Ленинді қолдағысы келмейтін, сынағысы келетін, жақтырудың орнына ұнатпайтын бір үлкен себебі, басты себебі көсемнің Ұлт мәселесі туралы көзқарасына, ұлы идеясына деген қарсылықтан туған нәрсе.

Елімізде Октябрь революциясының жеңісімен ілешала, Халық комиссарлар Советі председателінің ең алғаш қолға алған шаруасының ең ірісі де осы ұлттар бостандығына, еркіндік праволарына бағышталғаны белгілі. 1917 жылдың «ноябрінде-ақ» «Россия халықтары праволарының декларациясы» мен «Россия мен шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» арнаған Халық комиссарлар Советінің үндеуіне қол қойды. Декларациядағы мынадай негізгі-негізгі программалық принциптердің ерекше көрсетілуі – бұрын отарлау саясатынан езгі көрген халықтарды дүр сілкінтсе, буржуазиялық пікірден арылмаған патша өкіметінің билеп-төстеуіне үйренген шовинистерге сол кездің өзінде-ақ қамшы боп тиген еді:

1. Россия халықтары тең праволы және дербес.

2. Россия халықтары бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құруға дейін еркін өзін-өзі билеуге праволы.

3. Ұлттық және ұлттық-діни артықшылықтар мен тежеу біткендердің бәрі жойылады.

4. Россия территориясын мекендеген ұлттардың және этнографиялық топтардың еркін дамуына жол беріледі.

Егер декларацияда ұлт бостандығы үшін сол кездің өзінде ақ В.И.Ленин осындай батыл шараларға барса, осы бүгінгі күнге дейін жаман әдетке айналған, адамның «мәдениетті, мәдениетсіздігін» «европалық» (европеец), «азиялық» (азият) деп жіктеп, бөліп жүрген өркөкірек, тайыз түсінікті адамдар-

дың пікіріне сол кезде-ақ тойтарыс жасап: «Бүгіннен бастап сіздердің діндеріңіз, әдет-ғұрыптарыңыз, сіздердің ұлттық және мәдени мекемелеріңіз ерікті және оларға ешкім қол сұқпайды... Өз елдеріңіздің қожасы өздеріңіз болуға тиістісіңіздер... сіздердің тағдырларыңыз өздеріңіздің қолдарыңызда», — деп, татар, қырғыз, өзбек, қазақ және басқа ұлт еңбекшілерінің праволарын үндеу арқылы айқындап берген еді.

В.И.Лениннің «бұратана» аталып келген езілген халықтарға, ұлт өкілдеріне осынша ерік берген әділеттілігін күні бүгін ұнатпайтын адамдар бар. Жеке мемлекет болып бөлініп кету тұрмақ, өз тілінің, өз салт-сананды меншіктеп, солардың жандануына, өшіп-өлмеуіне ат салысуыңды ұнатпайтындар, ұлтын, елін, халқын сүйген ондай ұлт өкілдеріне «ұлтшыл» деген таңбаны баса салатын, қолынан келсе «ит жеккенге» айдатып жібергісі келетін қара ниетті жандар әлі де арамызда жүр. Олар көсемді қалай ұнатсын?! Бірақ, ұлы адамның «бөліну» деген ұйымды қалай түсінетіндігі, бүгінгі күні де басшылыққа алатын терең мағыналы талдау емес пе: «Бізге Россия бөлшектеніп, жеке республикаларға бөлініп кетеді деседі, бірақ бұдан қорқатын дәнеме жоқ. Дербес республикалар қанша болғанымен біз одан қорықпаймыз. Біз үшін маңызды нәрсе мемлекеттік шекаралардың қай жерден өтетіндігі емес, қайта қандай ұлттың болса да буржуазиясына қарсы күрес үшін барлық ұлттардың еңбекшілері арасында одақтың сақталуы». (1917 жылы 5 желтоқсанда Соғыс флотының бүкіл Ресейлік I-съезінде сөйлеген сөзінен). Бұдан кейін де, ұлттық мемлекет болып, жеке дербестік алуды, кеңес үкіметін бөлшектеу деп күстаналап, ұлы державалық шовинистік көзқарасты ұстанған Бухарин, Пятаковтарға партияның VIII-съезінде Владимир Ильичтің қалай тойтарыс бергені тарихтан әйгілі. Сол съезде айтқан «... Әр түрлі ұлттар жөнінде сақ болу керек, өйткені ұлттардың

сеніспеушілігінен жаман нәрсе жоқ... Осы уақытқа дейін өз молдалараның ықпалында жүрген өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен сияқты халықтар жөнінде біз не істей аламыз?.. бұл арада сол халықтың өз дамуын күту керек, пролетариаттың буржуазиялық элементтерден жіктелуін күту керек, ол болмай қоймайды» деген сөзі, осы күні америкадан да, Ватиканнан да келіп, телевизордың бетін бермейтін «православандықтар» бірігуіміз керек, бір діннің қанатының астында жиналуымыз керек» деп басқа діндегілерді аластап, үнсіз ғана шеттетіп, өзара қоғамдаса ұйымдасқысы келетін дін өкілдері пролетарлық даму мен бірігуді қайтсын?! Жалпы, өз басым, бір кезде мемлекет ісінен аулақтатып, өздерін жеке ұстауды үйреткен шіркеу, мешіт қызметкерлерін – молдалар мен священниктерді халық депутаттары етіп сайлап, парламент жиындарында тым талтаңдатып, еркелетіп жібергенімізді онша суханым сүймейді: әр дін өкілдерінің бір-бірімен қоян-қолтық құшақтасып, достық, бірлікті уағыздайды дегеніне өзім сене қоймаймын, қайта дін-ежелден-ақ әр дін, әр ұлт өкілдерін бір-бірінен алшақтататын пайдасынан зияны басым күш екеніне көбірек иланамын. Ендеше; дін өкілдері Ленинді қалайша ұната қойсын-ау?!

Дін өкілдері демекші, Кеңес өкіметі жаңа құрылып жатқан кезде қайсыбір Түргістандық ұлтшылдар өкілі Қазақ жерінен басқа ұлт өкілдерін ықсырайық, өзімізді-өзіміз жеке билеуіміз керек деп тым жайдақ кеткенде, Сібір революциялық партия комитеті өкілдері «Қазақстанның Солтүстік облыстарын орыс переселендері ежелден игерген, бұл ардан қазақтарды кетіріп, «қазіргі бес-алты облысты сібірге қосу керек» деп қатал үкімге келіп, таластартыс жүріп жатқанда, халық комиссариатынан арнаулы ведомстволық комиссия шығарып, өзі басықасында болып, орыс, қазақ ұлтының өкілдерін татуластырып, мәмлеге келтіріп, қазақ халқы туралы

«осы бір тамаша халықты неге ренжітпексіз?», «қазақ даласына енді үнді жеріне қараған ағылшын моноклымен қарауға болмайды» деп, отарлау билігінен құтылған қазақ елінің, бүгінгі күнгі шекарасын сызып, бөліп берген де Ленин емес пе еді?! Бай өлке, шұрайлы, құйқалы жерді өз иесіне қимайтын, сол арқылы басқа ұлттың жағдайын ойлаған болып, тарихи шындықты бұрмалайтын, ұлт араздығын қоздырып, соған алақанын уқалайтын, қуана, құштарлана, өлермендене, өзеурей «арашаға» түсетін Солженицын сияқтылар Лениннің қасиетті атын, ұлы идеясын сыйлап қайтсын.

Әрине, көсемнің атын сыйлау, ісін, өсиетін алға апарып дамыту деген сөз, Христосқа шоқынып, құдайға беріліп күнде намаз оқығандай Ленинге табыну емес, немесе оның мүсінін фабрикаларда миллиондап шығаратын жұдырықтай-жұдырықтай «матрешкалардай» көп тиражбен қаптатып шығару емес, немесе обком, райком, завод атаулының алдына бір стандартпен оң қолын алға серметіп, тасмүсін орната беру емес, немесе көрінген стадион, кез-келген спорт залдарымен, көше біткенге атын қоя беру емес, қайта Ленин атын да, мүсінін де аса қастерлеп, қол да, баға да оңай жетпейтін сирек те, зәру дүниеге айналдырып, көсем атын да, орнын да аса биіктен іздегеніміз жөн шығар.

Қасиетті есімді қасиеттей білмейтін, өлгенді, кеткенді кінәлап, ұлы аруағын сыйлай білмейтін елде де қасиет, құн болмақ емес. Иә, Лениннің қасиетті атын оның еңбегі арқылы, әсіресе «бұратана» халықтарға жасаған қамқорлығы үшін қастерлей де, шын жүректен түсіне де білейік. Бұл менің замандасыма айтар уағызым емес, өзімді тыңдайтын, түсінетін ұрпаққа берер ағалық ақ тілегім, аталық ақылым!

«Қазақстан әйелдері» журналы,
апрель, 1990 жыл.

МҰХАҢ ТУРАЛЫ АЗ ҒАНА СӨЗ

С.М.Киров атындағы Университеттің филология факультетіне қабылданған студенттердің (1950 ж.) алғашқы қуанышымыз – оқуға іліккеніміз болса, екінші қуанышымыз қазақ ауыз әдебиеті пәнінен Мұхтар Әуезовтің дәріс (лекция) оқитыны. Басқа да аты шығып жүрген ғалымдарды сыртынан естіп, қайсыбірінің жүзін де көріп, оқу кестесінен олардың қай күндері келетінін алдын ала білсек те, Мұханның орны, жасыратыны жоқ, бөлек еді.

Сол тағатсыз күткен күн де келді. Біз аудиторияға ертерек кіріп жайғасып отырмыз. Қоңыраудан кейін, айналасы бес минуттай болар, бізге ұзақ көрінген уақыттан соң, аудиторияға сұңғақ бойлы, аққұба өңді, үлкен қарақат көздері күлімдеген, аққу мойын сұлу қыз кірді. Ол сәлемдескен соң, «мен сіздерге фольклордан лекция оқимын, аты-жөнім Сармурзина Мәскен» деп, сәл ғана орыс акцентімен өзін таныстырды. Біз «сұлу қыздың көңіліне келеді-ау, сыпайыгершілік сақтайық» деген ой жоқ, аудиторияның тең жарымы:

– Мұхтар Әуезов қайда?

– Әуезов оқымаушы ма еді? – деп, орындарымыздан үрпйісіп тұра-тұра келдік.

Сармурзина сасқан жоқ, тегі, осы сұраққа алдын ала дайындалып келген-ау:

– Жігіттер, қыздар, студенттер, тынышталыңыздар, отырыңыздар. Түсіндірейін... Мұхан бір аз күнге командировкаға кетті. Москваға. Ол кісінің орнына уақытша мен лекция оқимын, – деп, асықпай, сөзін бөліп-бөліп түсіндірді. Шынын айту керек, сол арада, таяуда ғана аспирантураны тәмәмдаған жаңа, жас оқытушымыздың бүкіл тұлғасы, мүсіні қаншама көз тартарлық болса да, Мұханды тағатсыз күткен арманды көңіліміз ортайып-ақ қалған еді. Әлхал, не керек, мектеп, институтта орысша оқыған Мәкең

қазақ ауыз әдебиетінен бір ай оқыды, екі ай оқыды («оқыды» деймін-ау, ол кісі емес, ылғиына біз оқыдық – «Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек» сияқты эпостарды бірімізден соң, біріміз кітаптан суылдатып, әндетіп оқып береміз – лекциямыздың түрі осы. Қайтсін енді...). Сөйтіп жыл аяғына да шықтық-ау. Мұхаң келмеді... Сөйтсек, Әуезов, басқа да ірі-ірі ғалымдар, университет пен институттардағы сол ғалымдармен пікірі бар, сыбайлас деп күдіктенген кейбір жоғары курстың студенттері саяси істі болып, қудаланып, алды КГБ-ның қақпанына түсе бастаған екен. Естіген құлақта жазық жоқ, біз солардың жау дегеніне сенетінбіз де, бірақ не үшін жау екенін сұрап, білмейтінбіз, оны ешкім айтпайтын да. Әйтеуір кейбір студенттер ғылым докторлары Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың суреті кездескен жерде, баяғы 37-жылдың тәжірибесі бар, бетіне крест салып, Х.Ж.Жұмалиев деген оқулық сыртындағы фамилияны пысықсынып: «халық жауы Жұмалиев» деп жазып та үлгерген. Кейін естідік: «бізге лекция оқуға «жарамаған» Мұхтар Әуезов Ломоносов атындағы Мәскеу университетінде дәріс оқыпты, Қазақ ССР Академиясын басқаруға «жарамаған» тұңғыш президентіміз Қаныш Сәтбаев Москвадағы Геология ғылыми институтының директоры қызметін атқарыпты. Оларды сақтап қалған, оларға шын азаматтық, адамгершілік қамқорлық жасаған астаналық достары – орыстың аса қадірлі ұлы ғалымдары еді. Оларға деген қазақ халқының алғысын қашанда айта жүру ләзім. Ал өзіміздің елде, өзіміздің қазақтарымыздың ішінде Мұхаңды көре алмайтындар бар, дұшпандары бар, қайсыбір өрісі тар, білім деңгейі төмен адамдар бар – Әуезов Сұлтанмахмұт Торайғыровпен бірігіп, Алаш партиясының гимнін жазған, содан бертін 30-жылдары сотталып, ақыры Ермеков екеуі «Еңбекші қазақ» газетінің бетіне жаздым-жаңылдым деп, өз

қателіктерін жаулықтарын мойындап, ашық хат (мақала түрінде) жазып, түрмеден босаған. Оның социалистік қоғамға жат екені рас...» деп жүргендерін естідік. Бірақ ол кезде алаштықтардың (Байтұрсынов, Дулатов, Бөкейхановтар да бар) ақ-қарасын сарапқа салып, безбендейтін бізде шама да жоқ, қолымызда материалдар да жоқ. Болған күнде онымен не бітіресің, арандап қалғаннан басқа. Бар қолдан келгені — екі үш студент құпия келісіп, кітапханадан жасырын алып, 1932 жылғы «Казахстанская правда» газетінен (кейін қазақшасын) Әуезов пен Ермековтың өз қателерін мойындап жазған хаттарын оқыдық. Оқыдық та иландық, (Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов өмірінің қызықты да қиын бір сәттерін алып жазған «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» деген пьесамда кейбір жерін тілге тиек етіп пайдаландым да). Орайы келіп тұрғанда сол хаттың текстін бере кетейік, бұл да осы кітапшаның (конспектінің) қайсыбір тұспалды жерлерін, Мұханның замана тезіне түсіп, өз ойын, білетінін көпкөрнеу бұрмалауға не шындықтың ауылын амалсыздан айналып өтуге мәжбүр болған себептерін түсінуге, әрі бұл хатты оқудың ғалым, жазушы, — ұлы адам өмірінің қилы-қилы кезеңдерін тереңірек біле түсуіне көмекші болар.

ӘУЕЗҰЛЫ МҰХТАРДЫҢ АШЫҚ ХАТЫ

Менің әдебиет пен саясат жолында бұрын қандай адам болғандығым туралы Қазақстан партиялық кеңестік жұртшылығы өзінің қоғамдық сынын айтқан болатын. Ол сын ашық, нық айтылған дұрыс сын еді. Ондағы берілген баға бойынша мен: «байшыл, алашордашы одағындағылардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырушы кісі» болғам.

Осы жай барлық жұртшылыққа да, менің өзіме

де мәлім. Бұл сияқты тарихи дұрыс және қажет болудан, менің өз ісімен туған дәл сынды жазушылар кімдер болды. Ол Қазақстанның партиялық, кеңестік баспасөзі, соның ішінде бірнеше жылдар бойында сын ретімен, айтыс ретімен тексеру жүргізген ҚазААП тобының төңкерісшіл, марксшіл сыншылары, жазушылары. Газет қызметкерлерінің сындары болды. Сондайлық бетпен келе жатқан жұртшылық соты өзінің толық сөзін ҚазААП-тың соңғы конференциясында түгел жеткізе айтты. Мен қазір осы сөзді жазып отырғанда, сол сотта өзімнің ендігі көзқарасым қандай — соны жұртқа салмақпын. Қазір мен өзімнің сол бұрын басып өткен ізімнен қайтып, соны қатты айыптайтынымды білдірмекпін.

Соңғы бірнеше жылдар бойында менің ішімде жәй созылса да, ілгері басып келе жатқан өзгеріс бар еді. Бұл өзгеріс жолында мен маркстік-лениндік жүйесін және оның тарихи-социалдық қисыны мен танымын — дүние танудың ғылыми жолы есебінде бір қабылдап алып ем. Кейініректе, қазірде, сол негізді өзімнің дүние көзқарасымның, бойыма сіңген нанымның іргесі деп ұстадым. Бір жағынан осындайлық менің қазіргі мазмұным мен бағытымды айқындайтын пікірлік жаңа негізді ғылымдық көзқарасым болса; екінші жағынан жаңа тұрмыс үшін алысқан пролетариаттың жеңуі, дегеніне жетуі, тарих жүзінде ақталған, орнаған табыс болып отыр. Осы халмен қатар пролетариатқа жаулық ниетінде болған үлкенді-кішілі топтардың, барлығының жат, жау қимылының бәрі де құлап, күйреп біткелі отыр. Сол сынаған жайлардың барлығын еске алып келіп, мен барлық кеңес жұртшылығының алдында, менің өткен жолымды сынап шыққан ҚазААП даусына өзімнің де кінәларымды өзім айыптаған жаңа сыйым мен пікір жолындағы жаулық құралымды анық тастаған — даусымды қоспақпын.

Ең алдымен, менің кейінгі барлық саяси, әдеби терістіктерімнің себепшісі болған нәрсе не? Ол менің көп замандар бойында ұлтшыл алашордашы негізінде төңкерістің жауы болған топтың салт-саналық бағытымен байланысты болып еді. Осы халмен тарихи нық байланысқан нәрсе — менің саясатпен әдебиеттегі ісімнің мазмұны мен қалпы соңғылардың саяси бағытын бастады. Бастағанда, анықтағанда пролетар төңкерісінің тілегіне жау болған, барынша қарсы бетке бастады.

Өзге алашорда бастағандағы жазушылар сияқты мен де бұрынғы ауыл мен пролетариат қожалығының тұсындағы ауылдың байы мен ру басыларының тілегін, мұңын жоқтайтын салт-санасы болдым.

Осы жаймен қатар мен көп уақыт қоғамдық жолдар мен салт-саналық үстемшіліктің мазмұнын түсіндіру, тану мәселесіне келгенде әрі залалды-санашылдық түсінігін ұстап қалдым. Теріске көшкен қаталасқан бетімнен басып, әдебиетте өзге қоғамдық, шаруашылық жағдайлардың былығынан жырып алып, жекелеп қарап, оның арналған мұратын, рөлін, бітімін жеке-дара қып ұстау қажет дедім. Маркс, Лениннің даусыз ақиқат есебінде айырып айтқан дұрыс жолы бойынша әдебиет барлық мемлекет құрылысы мен соның саясатына ежелден бағынатын нәрсе екенін ескермедім, қабылдамадым.

Бұл сияқты, ғылым жағынан негізсіз, тарихи жағынан қате болған салт-саналық бағытымды қазір де тарихта жеке ұлғайып, өрлеп, дәуірлеп келе жатқан социалдық құрылыстың өсуі де түгел теріске шығарып, қағып тастап отыр.

Сондай теріске шығарудың бірі — ұлт мәселесін даусыз, әділ, Ленин жолымен шешуде болды. Бұл жолмен бүгінде барлық бұрынғы патша отарының, соның ішінде біздің Қазақстанның елінің тағдыры шешіліп отыр.

Бірақ менің бұл дәуірдегі, социализм құрып жа-

тқан дәуірдегі тарихи уақиғаларды біржақты болып теріс, тар ауданда түсінуім себепті Қазақстанда партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан ірі төңкерістік шараларына көбіне қозқарасым теріс болды. Ол шаралар өткен заманда езгіде болған Қазақстан еңбекшілерінің пайдасы, игілігі үшін ең қажет шаралар екенін түсінбедім.

Біздің аймақтың барлық қоғамдық шаруашылық қалпын капиталшылдық жолынан социализм жолына аударып, бұрып салу үшін ол шаралар қажет екенін есептемедім. Жекелеп айтқанда, байлар мен ру басыларын конфискулеудің қажеттілігін іштей қабылдамадым.

Үкіметтің колхоз, совхоз құрылысының тұсында істеген берік ұлы шараларына да басында сенімсіздікпен қарап, қарсы болдым. Ал ол құрылыстың орнаған жері кешегі жабайылық күйіндегі көшпелі, жарым көшпелі ауыл мен сол жайлаған жабайы, сансыз ғасырлар бойында өзімен өзі ғана болып, ылғи артта қалуын, қалғуын сақтап келген дала еді.

Сол сияқты Қазақстанда өндіріс құрылысының кеңінен өріс алуына сенбеп едім. Бүгінде ол жүзеге асқан ұлы іс болып, Қазақстанның барлық қалпын қайта туғызғандай боп отыр.

Қазір өмірде қайта барлық Одақ пен Қазақстанның ұлы құрылысының тәжірибесімен және социализм үшін алысқан халық бұқарасының жаңғырған саналы тіршілігінің тәжірибесі мен менің жаңағыдай түсініктерімнің барлығы әрі теріс, әрі залалды екендігін айқындады.

Енді Қазақстан еңбекшілеріне жаулық ниет ойлайтын ішкі-тысқы таптар мен жеке адамдардың жат ниеті мен үміттеріне қарсы нақ сеніп айта алатыны — олардың жолы тарихтан қағылып шыққан көзсіз жол — қаза жолы. Бұл таптардың өткен уақыттағы саяси бағыты — енді тарихтың аударып кеткен,

жабылып қалған беті болады. Және, бұны ашық мойынға алу керек, ол тарихтың мақтаусыз, бәйгесіз, ажарсыз беті болып саналуға тиіс.

Олардың бұрынғы өзін әлденеге бағалғандығы болса, Қазақстан еңбекшілерінің тұрмысындағы жалаң өскен дәуірдегі оның бәрін керексіз қылып, жолынан алып тастап отыр.

Ондай бағыттар бұрын қандай залалды, қазір онан да әрі залалдырақ. Одақ еңбекшілерінің ендігі тұрмысының өсу, гүлденуіне бөгет болар кедергінің бәрін қандай керексіз десек, бұны да сол сияқты керексіз, зиянды деп білемін.

Өзімнің сондай топтармен байланысқан артқы күнімді осылайша нық тексеріп, қайта бағалап келгендегі ендігі байламым: сол ескілігімнен өз арамды бұдан былай бір жола үзіп жарып алу, және сол ескілікпен мені байланыстырып, жақындастырған жайлардың барлығынан үзілді-кесілді арылып шығу.

Осы сияқты жаңа түсінік, жаңа бағыт тұрғысынан енді менің жүріп өткен әдеби – және (қазақ әдебиетінің тарихын қарастырғандағы) зерттеушілік қызметімді шолып өткенде айтатыным: ол қызметтерім Қазақстандағы мәдени төңкерістің жол-бағытымен үйлескен жоқ. Қайта соған қайшы келіп отыр.

Менің өткендегі жазушылық қызметімнің айқын белгілері «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» сияқтылары еді. Бұлар бүгінгі төңкеріс дәуірінен алыстағы қазақ салтын көрсетумен қатар, өздерінің екшеліп алынған тақырыптары бойынша төңкеріс тематикасын әдейі аулаққа жайылып кеткендегі және ұлтшыл жазушылардың тобына кеткендегі және ұлтшыл жазушылардың тобына кеткендікті білдіретін нәрселер. Мен сол жазушылардың қатарына кіріп, 1920 жылы мен 1928 жыл, аздап 1929 жылдың аяғында Қазақстандағы және Ташкендегі баспасөзге әсер етіп, баурап алмақ боп әрекет еттік.

Сол жылда оқушы тобына тар ұлтшылдық бағытында әсер етіп, әдеби шығармалар, сындар, айтыстар арқылы ұйымда қандай іс жүргісек, жастар арасына ұлтшылдық күйін тараттық. Бұл әрекеттің барлығы ортақшыл партиясы мен кеңес үкіметінің сол жастарды интернационалдық рухында баулымын деген міндет бағытына негізсіз қарсы жүріп отыр. Мен қазірде жаңағы сияқты шығармаларының бүгінгі күннен аулақ кетіп, бірбеткей тақырыптарды ғана екшеп алғандығын айып деп, кінә деп қоймаймын. Сол тақырыптарды суреттеген, таратқан әдісін салт-санашылдық – суреттеулік ретіндегі қалыптасуындағы теріс деп білемін.

Менің шығарманың көпшілігі сарнамашылдық бетімен болуымен бірге, өткен дәуірді төңкерісшіл сарыншылдық жолымен сипаттаудан қашық болды. Қайта ескіліктің кейбір залалды салттарын жарыққа шығарып өтумен, ол салтты жақтаушыларды аз-аздап пікірі жолындағы құралсыздандырумен қатар, бәрібір мен өз шығармаларының көпшілігімен, анығында беті ашық ұлтшылдық күйіндегі жазушы боп шықтым.

Ал, бұл жол – біздің аймақтың кеңесі тарихи өсуінің қорытындысында төңкеріске жаулық жолы боп шықты. Себебі, жаңағыдай шығармалардың пікір, сезім жолындағы теріс әсері, біздің уақытымыздағы қазақ жастарының ойына да, рухына да тиетін болды. Өйткені біздің жастар өткен күнін жаңа танып келе жатқан, жаңа оянған артта қалған елдің жастары болатын. Қорытындысын айтқанда, менің әдеби қызметім, сол жастардың көңіліндегі, салт-санасындағы ұлтшылдық күйін жеңілдетіп, сейілдетуге арналмай, қайта соны нығайта түсуге арналып кетті. Қазіргі күнде мен өзімнің бұрынғы жазушылық жолымдағы бағытыма ғана емес, қазақ әдебиетін тексерген тарихшы, зерттеуші есебіндегі қызметіме де теріс деп қарай-

мын. Түгелдеп айтқанда, төңкеріс жолдарының қоғамдық заказы мен төңкерісшіл жұртшылықтың тілегіне біржолата үйлеспейтін сөздерім болған. Бұл ретке қосылатын төңкеріс жолындағы жылдар ішінде қазақ әдебиетінің жолы қандай болу туралы «Шолпан» журналының бетінде ертеректе айтқан пікір. Бұл салт-сана жолында залалды пікір еді.

Сол қаталарым кейбір кейінгі тексерулерімнен де арылған жоқ. Мысалы, соған ұқсаған қатарлар Абай шығармаларын тексеруімде де бар.

Онан соң «Алқаның» бағытын әдебиеттегі жаңа төңкерісшіл бағыт деп, қабылдауым да теріс еді. Анығында, ол марксшылдыққа құр ғана иек сүйеп отырып, негізінде, бұрынғы тар ұлтшылдықты қайта тереңдетіп, қайта қалыптап, қайта нығайтамын деген жол болатын. Мен оның негізгі бағытын қаталасып барып, көтере бағалаппын. Қазірде қазақ жазушыларының алдында тұрған төңкерістік міндеттерді түсіну жолында, мен ол «Алқаның» теріс ұлтшылдық бағытынан бойлап астым. Сондықтан бұдан былай онымен ешбір байланысым жоқ деп санаймын.

Тағы бір сөз, ауыр қатам деп санайтыным қазақ баспасөзінің жүзіндегі төңкерісшіл марксшілдік сынына құлақ салмауымда.

Дәлелсіз сыңаржақтықпен қарап, барлық сынды түгелімен ұйымсыз жазушыларға арналған жаулықтың ғана сыны деп санап жүрдім. Өз ісімен ол сынның рөлі де, мұраты да, ортақшыл емес. Жазушыны әдебиет жүзінде соққыға жығудан басқа емес деп біржақты теріс баға беріп жүрдім, сонымен сынның негізді – ғылыми негізді төңкерісшіл басшы екенін ескермедім. Сынға осылайша теріс қараған көзқарасыммен соңғы жылдарға шейін келдім де, әдейі ұстанған көңіл құрылысы есебінде, жұртшылық алдында өзімнің қаталарым туралы да үндемей, сөз көтермей келдім. Бұл да қатамның бірі еді.

Енді «Қазақстан правдасы» мен «Социалды Қазақстан» арқылы барлық Қазақстан жұртшылығының алдында өзімнің бұрынғы әдеби-саяси істерімді осылайша айқын күйінде айыптайтынымды ашық жарияламақ боламын. сонымен бірге, енді бұрынғы қателерімді төңкеріс ісіне барымша бой салып ұдайы, адал қызметпен түзетуге бекінгенімді білдірмекпін. Енді мәдениет, салт-сана майданының ең жауапты, ең қызу тартысының кезеңдерінде іс істеуге өзімді өзім міндеттеймін деп санаймын.

Әуезұлы Мұхтар».

Міне, осы мақаланы оқығаннан кейін, қудалану себептерін «ұққаннан» кейін Әуезовтен тағы да күдер үзе бастадық. Соғыс жылдары, соғыстан кейінгі жылдары (1940—1950) жыртық кітап, жалым-жұлым карталармен он жылдықты зорға бітірген, жыртық білімді мұғалімдерден, соғыстан оралған өзі жаралы, білімі де шала-жансар адамдардан ілдебаймен жүріп әрең бітірген біздерге бұдан артық қиянат жоқ еді. Содан ашынғандықтан ба, біреулер құпия ұйымдастырды ма, әйтеуір біраз қазақ студенттері, олардың арасында В.А.-Щербаков деген орыс, (қазір жазушы, суретші), Наум Шафер деген еврей баласы бар, (қазір ғылым докторы) жоғары жаққа Әуезов Мұхтар бізге лекция оқысын деп шағым қағаз жолдадық. Соның шарапаты тиді ме, тимеді ме, әйтеуір, қыркүйек айының соңында (оқу жылы басталып кеткен) Әуезов бізге сабақ береді деген қуанышты хабарды деканат жеткізді. Қуанышымызда шек жоқ. Ақыры, күндердің бір күні қолтығында қалың кітап, маңдайы жарқ етіп Мұхтар Омарханұлы аудиторияға кірді.

Мұханның қолтығындағы кітабы — Абай шығармаларының толық жинағы екен. Ақынның 100 жылдық мерей тойына орай 1945 жылы шыққан қалың

том. Мұқаң аудиторияға қашан кірсе де студенттермен сәлемдескен соң, әлгі кітабын ашып қойып, екі қолын стол үстінде екі жаққа жайып жіберіп, лекцияға кірісетін. «Бүгін лекцияға кім келіп, кім келмеді» деген жаттанды, ығыр сұрақты қоймайтын. Кімге бұл пән керек – келер, келмесе зорлаудың не керегі бар дегендей, Абайтану жөніндегі дәрісін әркімнің еркіне, қалауына лайықтап, факультативті курс ретінде өткізді. Және әр келген сайын, қайсыбір оқытушылар сияқты, студенттердің сабаққа ықыласын байқайтын – «мен өткен жолы қай жерге тоқтап едім, нені айтып едім...» дейтін сұрақтарды да қоймайтын. Қаншама жұмыс басты болып жүрсе де, арада бір жұма өтіп кеткен лекция барысын, қай жерде үзілген ойды тоқтаған сөйлемді де тауып, әрі қарай бөгелместен оқи жөнелетін. Өз басым осы күнге дейін өзім білетін үлкен жазушылардың ішінде Мұхаң мен Сәбеңнің (Мұқанов) жадына, бір көргенін, бір естігенін жаза баспай дәл танитын, ұмытпайтын ғажайып қабілетіне таң қалатынмын. Иә, Мұқаң өткен жолғы тоқтаған жерден Абайдың өлеңінің мән, мағынасын – бар қасиетін әрі қарай жатқа сыдырта жөнеледі. Біз де тоқтаған жерден әрі қарай конспектімізді жалғай жөнелеміз. Бұрын Абайдың «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем қаламқас» деген өлеңдерін мектеп қабырғасында айтып жүргеніміз болмаса, «Абайды тану», «Абай ғылымын тану» дегеннің не екенін біле бермейтінбіз. Енді бұл ғылымның, өлең ғылымының сыры неде? деген таңсық сұраққа лайықтап, оның жауабын жазуға арнайы дәптер арнадық. Шынымды айтайын, мен өзім конспекті жазуға онша іждағатты болмайтынмын, өйткені бірінші курста оқытушылардан көңілім қалды, басын дәптерден, не кітаптан бір алмай, сонда жазылған сөздерді сөйлем-сөйлемімен мүдірмей оқып суылдата беретін. Онымен қоймай, анда-сан-

да басын көтеріп қоятындары, «Неге жазбай отырсың» дейтіндері де кездесіп, жасыратыны жоқ, сөзге келіп, жүз шайысып та қалған оқытушыларымыз болды. Ал, Мұхаңның жөні бөлек. Ойымыздан шықты. Біз әрі қызық, әрі терең мазмұнды мәнерлі сөз, өрнекті тілмен баяндалар лекцияның кей тұсында аузымызды ашып отырып қалатынбыз, кей тұсында асыға жазып, дәптерге түсіріп, үлгере алмай қалған жерлерді ашық қалдырып, кей жерін жақшаның ішіне алып, кейін өзім толықтырамын деп, әйтеуір әр түрлі әдіспен Мұхаң сөзін хатқа түсіруге тырысушы едік. Өз басым, осы лекцияларды мүмкіндігінше конспектілеп алғанымға осы күні өзіме ризамын.

Жақында Абай Құнанбаев атамыздың үлкен тойы алдында бір бас қосқан жиында бір топ жазушы жолдастарға осы конспекті сырын айтқанымда, олар да дәптердің сақталғанына таң қалып, бұл конспектіні шағын да болса, кітапша етіп шығару мәселесін қызу сөз етті. Әуезовтің мұндай лекциясы, өз аузынан жатқа айтқан сөздері енді қайтып, еш жерде, ешуақытта бұлай айтылмайтынын, бұл арқылы сықпа құрттай сығымдалған шағын конспекті болса да, Мұхаңның дәріс беру, дәріс үстіндегі өзіндік стилі, сөз саптауы, лекция жүргізу мәнері — бәрі-бәрі болашақ студенттерге ғана емес оқытушыларға да таптырмайтын қызықты оқиға, тіпті ғылыми мәні бар жағдай екенін бірауыздан әңгіме қылды. Осы әңгімелердің, жанашарлық қасиеттердің нәтижесінде, «Санат» баспасының директоры, белгілі журналист, жазушы — аудармашы Серік Әбдірайымовтың ықыласты қолдауымен Мұхтар Әуезовтің аузынан шыққан, Абай шығармаларының қысқаша әліппесі — осы конспектіні қалың оқушы жұртшылыққа ұсынып отырмыз.

Бұл кітапшаны баспаға тапсырғанда алдымен, бұл конспектінің ешқандай өзгеріссіз, қалай жа-

зылса (конспектіленсе), солай шығуы басты міндет болып есептеледі. Бұл принцип – біріншіден, конспектінің шынайы қалпына деген күдіктің болмауына кепілдік болса, екіншіден бұл Мұхтар Әуезовтің айтқан сөздеріне еш түзету жасамай, сол қалпында, яғни елуінші жылдардағы қалпында беру – сол уақыттағы жалпы саяси, әдеби көзқараспен арақатысын, жақындық, алшақтығын көрсетуде ұлы ғалымның сөз саптау, дәріс беру мәнерінен қалай байқалатынын оқушы қауымның таразысына салу. Олай деуге дәлел Мұхтар Әуезовтің бізге лекция оқыған, тәмамдаған 1953 жылғы уақыты, әдебиетте де, саясатта да өзінше бір үлкен өзгеріске ұшыраған этапты жыл еді. 1953 жылғы наурыз айында И.В.Сталиннің қайтыс болуына байланысты, жалпы өміріміздегі (тек ғылымда ғана емес) саяси бағытқа, аздаған болса да, корректура жүре бастады. Ұлт тарихына айтарлықтай өзгеріс кіріп, жанашырлық, әділдік жағынан бағыт-бағдар жасалмағанымен, жеке адамның басына табынушылық зардабына ұшыраған дүниелер, ол дерттен там-тұмдап айыға бастады. Бар шындыққа тек қана таптық көзқараспен ғана емес, генетикалық, табиғи эволюциялық даму барысымен де бағалану мәселесі дүние көкжиегіне қылтиып шыға бастады. Ендеше, М.Әуезовтің осы 1953 жылдан кейінгі оқу жылдарында оқыған лекцияларында айтарлықтай өзгерістер де болуы мүмкін. мысалы, құнанбайға, Шәкәрімге, дінге көзқарастары, олардың қасиетін студенттерге жеткізу мазмұнында айтарлықтай өзгерістер, басқа бетбұрыстар, яғни қайсыбір амалсыздықтан туған талдаулардан айығу сарыны байқалар. 1953 жылға дейінгі, яғни дәл осы лекцияның, келесі жылдардағы лекциялардан айырмашылығы да (тіпті екі, үш пікір ғана болса да), сол арқылы Әуезов көзқарасының оқушы қауымға айқыңдала түсуі ғажап емес. Құнанбайды үнемі таптық сипат-

пен ғана бағалау, Шәкәрімді жыланша иірілген зымиян, қу етіп көрсетуі 37 жылдың зардабы, шындықты айтудан зәрәзәп болып, көпе-көрнеу бұра сөйлеуінің әсері деп түсіну керек. Тіпті «Кейінде халық жауы болған Шәкәрім деген де» деп халық жауы екенін студенттерге баса айтып, «деген де» деп менсінбей сөйлеуінде, әрине, үлкен гәп бар. Кейін оқыған жігіттердің бірі маған: «Шәкәрімді пьесасында Керім деп алып, оңдырмай жазуы – жеке басының өштігі бар. Шәкәрім бір журналда М.Әуезовті жамандап сынай жазған» дегенді айтты. Ол журнал менің қолыма тимеді, оқымаған соң, ғайбат сөйлеу – ұят! Оны ғалымдар тексеріп, шындығын, себебін ашар. Әзірше білетінім – Әуезов, амалсыздан, «халық жауы Шәкәрімді» жамандауға мәжбүр болған.

Мұхаң «Абай тану» жайындағы лекцияның кейінгі, аяқтар шағында «бір келіп – бір кетіп» дегендей, көп уақыттар мүлдем келмей, келе қалса лекциясын көңілсіздеу тездетіп оқып, осыдан тез құтылайыншы деген пиғылмен жүрген сияқты көрінді. Ақыры, лекциясының соңғы жағы күрт үзіліп, қорытынды сағаттары оқылмай қалды. Оған, себеп, сол кездегі студенттердің топшылауынша – тағы да Әуезовті, т.б. жазушылар мен ғалымдарды құдалау. Соның көрсеткіші – 1953 жылдың 30 қаңтарында «Правда» газетінде шыққан Павел Кузнецовтың «Сынау орнына мадақтағандық» деген мақаласы. Оны «Әдебиет және искусство» журналы 1953 жылғы сәуірде қазақшаға аударып шығарды. Сол кездегі қазақ өнеріне, әдебиетіне деген қазақ жазушыларының ең алдыңғы қатарлы ақсақалдарына деген жалпы көзқарастың қандай болғанын аңғару үшін, сол кездің саяси бағыт-бағдарын түсіну үшін бұл мақаланы да оқылық.

«СЫНАУ ОРНЫНА МАДАҚТАҒАНДЫҚ

Коммунистік партияның ХІХ съезінде әдебиет пен искусствоның үлкен табыстарымен қатар оларды өркендету ірі кемшіліктер әлі де аз емес екендігі атап көрсетілді. Партия әдебиетшілер мен искусство қайраткерлерін көркемдік творчествоны өркендете түсу жолындағы күреске шақырады.

Әдебиет зерттеушілер мен сыншылар әдебиет пен искусствоның идеялық және көркемдік дәрежесін арттыру үшін, сүреңсіздік пен шалағайлыққа қарсы, совет халқына жат идеологияның қандай да болса көріністеріне қарсы белсене күресуге міндетті.

Біздің әдебиетіміз – бүкілодақтық әдебиет. туысқан республикалардың бірінің жазушысы жазған шығарманың табысы бүкіл совет әдебиетінің табысы болып табылады. Және, мұның керісінше, жазушының творчествосында сәтсіздікке ұшырауы немесе идеялық олқылыққа түсуі көп ұлтты совет әдебиетін өркендетудің ортақ ісіне зиян келтіреді. В. Сосюраның «Украинаны сүй» деген идеялық жағынан зиянды өлеңіне берілген сын бүкіл жазушылар жұртшылығы үшін, идеологиялық майданның барлық қызметкерлері үшін сабақ алатын сын болды.

Әрбір әдеби-зерттеу немесе әдеби сын еңбегі біздің бүкілодақтық әдебиетті өркендетудегі оның маңыздылығына қарап, бағалануға тиіс.

Осыған байланысты қазақ жазушыларына арналған екі кітапқа: Т.Нұртазиннің – «С.М.Мұқановтың творчествосы туралы» (Қазақ Мемлекет көркем әдебиет баспасы, Алматы қаласы) және З.Кедринаның – «Мұхтар Әуезов» («Советский писатель» баспасы, Москва қаласы) деген кітаптарына назар аударуға тура келеді.

Т. Нұртазин С. Мұқановтың творчествосын ғана емес, сонымен қатар қазақ совет әдебиетінің өркендеу процесін сын көзімен зерттеуді өзіне мақсат етіп

қойған. С. Мұқанов көптеген жақсы өлеңдер, әңгімелер мен повестер жазды. Бірақ, оның творчествосында, әсіресе роман жанрында және әдебиет зерттеу саласында елеулі идеологиялық кемшіліктер мен сәтсіздіктер де болды. Әрине, арнаулы зерттеуден принциптік сын, осындай идеологиялық кемшіліктер мен қателіктерді тудырған себептерді талдаған зерттеу тапқың келетіндігі заңды нәрсе.

Оқушы Т. Нұртазиннің кітабының бүкіл үш жүз бетінен осы міндеттің қалай шешілгенін табамын деп текке әуре болады. Кітаптың алғашқы тарауларынан бастап-ақ жүрек айнырлық жағымпаздық сарынның лебі келеді.

«Негізін қалаушылардың бірі», «бастаушы», «қазақ халқы Мұқановты өзінің ой-пікірін білдіруші деп атады», «Мұқановтың» 30-шы жылдардың өзінде айтылған ой-пікірінің бүгінгі күнге дейін зор маңызы бар», «Мұқанов өзінің творчествосымен қазақ оқушыларының рухани дүниесіне тереңнен енеді», «Қазақстандағы ең көп жазатын жазушы, ол сонымен қатар, ең әйгілі, қазақ оқушыларының ең сүйікті авторы», «С. Мұқановтың ондаған жылдар бойы талдап шешкен программалық ой-пікірлері», — міне бүкіл кітап осындай шектен асқан мадақтауларға лық толған.

Жағымпаздық әуеніне түсіп алған сыншы С. Мұқановты қазақ әдебиетшілерінің патриархы, тіпті айта берсең бірден-бір тәрбиешісі деп көрсетумен ғана тынбайды, оның үстіне мүлде таңданарлық жағдайға дейін барады: С. Мұқановтың, көрдіңіздер ме, «өзінің творчествосында баса көңіл бөлген мәселелері сондай, бүкіл Қазақстанның тағдыры (!) осы мәселелердің дұрыс шешілуіне байланысты болды». Кейде кітаптың авторы түкке тұрмайтын мүлде мағынасыз қайдағы бірдеңелерді айтуға дейін барады. Мысалы, ол мынадай жаңалық ашады: «қазақ совет әдебиеті советтік өмір шындығын көркемдік

жағынан бейнелеу болып табылады деген қағида-ны Мұқанов теория жүзінде дәлелдеп берді». Және, сонымен қатар, жазушы «отыра қалып еңбек жаза салады» деп мәз-мейрам болады.

Т. Нұртазиннің Мұқанов жайындағы пікірлері, әдетте, әлсіз, дәрменсіз және көп ретте қате. Жазушының «Балуан шолақ» деген повестіне баға бере келіп, Т. Нұртазин бұл повестің елеулі идеялық қателіктері (повестің қазақ тілінде жарияланған вариантында қазақ халқын тұншықтырған Кенесары Қасымов дәріптелген болатын, сыншы бұл туралы жұмған аузын ашпайды) «жазушының социалистік реализм әдісінен шеттеуінен тікелей салдарынан болды» дейді. Әдіс туралы мәселе, сөз жоқ, маңызды мәселе, бірақ шығарманың мазмұнына айқын саяси баға бермей, тек осыны айтумен ғана тыну өрескел қате болған болар еді.

С. Мұқановтың Жұмалиевпен бірігіп жазған революция алдындағы қазақ әдебиетінің тарихы туралы орта мектепке арналған оқулығын Т. Нұртазин мақтайды. Бірақ ғылымға жат «бірыңғай тасқын» теориясын насихаттап, оқулықта нағыз реакцияшыл қараниеттілердің ұлтшылдық шығармаларын мадақтап келген ұлтшыл Жұмалиевті Қазақстанның советжұртшылығы әшкереледі. С. Мұқановтың саяси жағынан шалағайлығын пайдаланып, бұл жалған ғалым қазақ мектептеріне арналған оқулықтарға ұлтшылдық бықсықты тықпалап келген болатын. Сыншы Т. Нұртазин осындай «достық ынтымақты» С. Мұқановтың сіңірген еңбектерінің бірі деп есептейді.

Т. Нұртазиннің зиянды кітабының жарыққа шығуы қазақ жазушылары арасында әлі де жойылмай отырған жікшілдік пен семьяшылдық жағдайында ғана мүмкін болды, міне сондықтан да мұндай кітаптың зияндылығы ерекше сезіледі. Москвадағы әдебиет зерттеуші М. Ритман-Фетисовтың осы

кітапты редакторлығына алып, оның осыншалық айқын кемшіліктерін жоймағаны тіпті таңқаларлық іс.

М. Әуезовтің творчествосы туралы москвалық сыншы З. Кедринаның кітабынан да оқушы жеке бастың немесе жеке топтардың жақтайтын көзқарасына байланыссыз принципті, объективті пікірлер мен бағаларды таба алмайды. Бұл кітапта көкке көтеріп мадақтаған сөздерге толы. Бет-жүзіне қарамайтын сын керек болған жерлерде жазушы Әуезов не мадақталады, немесе оның қателіктерін жеңілдетуге әрекет жасалады.

Мәселен, Ф. Мүсіреповтың «Қыз жібек» пьесасына баға бергенде, З. Кедрина пьесадағы кейіпкер қыздың өлімін жаза отырып, әменгерлік масқара заңға, феодализмнің ауыртпалық сарқыншағына қыздың берілгендігін дәріптеген авторды айыптайтын қатал сөздер тапқан. Әменгерлік заңы бойынша, қалың малға сатып алынған әйел күйеуінің семьясынананың меншігі деп есептеледі, ал егер ері өлсе, мирас бойынша бұл әйел өлген кісінің ең жақын туысқанына мүлкімен бірге ауысады.

Ал З. Кедринаның енді М. Әуезовтің «Түнгі сарын» пьесасына берген бағасына келейік. Бұл пьесада жазушы Ф. Мүсіреповтің қателіктеріне ұқсас қателіктер жіберген, бірақ сыншы бұл қателіктер туралы басқаша, мақпалдай майда, жұмсақ үнмен айтады. Әуезовтің пьесасындағы «сүйген жары өлгеннен кейін, Қыз Жібек сияқты және халық эпосындағы басқа да көптеген кейіпкер қыздар сияқты, жартастан құлап өлетін» кейіпкердің өлімін дәріптегендікті З. Кедрина «ескірген дәстүрді қадір тұтқандық» деп түсіндіреді. Баяндалып отырған жайлар іс жүзінде бір-біріне ұқсас, ал шығарылған қорытындылар мен берілген баға, көріп отырсыздар, — әр түрлі. Жазушыларға осындай бөле-жарып қараушылық мысалдары кітапта аз емес.

Кітап сыншының жазушыларды бір-бірімен қағы-

стырғысы келген, М. Әуезовті барлық қазақ жазушыларынан жоғары көрсететін әлдеқандай бір тұғырға отырғызғысы келген зиянды пиғылын байқатады. Мысалы, М. Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай» пьесасын барынша мақтап, З. Кедрина бұдан кейін осы пьесамен бір кезде С. Мұқаовтың «Балуаншолақ» дейтін зиянды повесі жарыққа шыққанын атап көрсетеді. Ал осыдан кейін біз мынадай қорытынды жасалғанын көреміз: «С. Мұқановтың методологиялық қателіктері басқа жазушылардың да прозасына азды-көпті мөлшерде тән нәрсе». Осыдан кейін іле-шала Ф. Мұстафиннің, Ф. Слановтың, тағы да сол С. Мұқановтың шығармалары сыналды, ал М.Ә уезов тек мадақталады.

З. Кедрина М. Әуезовтің творчествосындағы идеялық қателіктер туралы талай рет айтқан, бірақ оның айтқандарының бір-біріне қайшылығы, бір-біріне жанаспайтындығы соншалық, мұның өзі оқушыны тек шатастыруы ғана мүмкін. Мысалы, біз кітаптың бас кезінде М. Әуезов әдеби қызметінің алғашқы жылдарында (ал бұл қызметі 1917 жылдың өзінде-ақ басталған) «революция ісіне пайдалы адам болуға шын ниетімен ұмтылғанын» көреміз. Бірақ, көп ұзамай, бұған қарама-қарсы келетін сөз оқимыз: Әуезов ескі құрылысты қорғаушыларға қарсы күресте «тиянағы жоқ позиция» ұстаған. Ал осыдан кейін тағы мынаны көреміз: контрреволюцияшыл алашордашылар белгілі уақытқа дейін «Әуезовтің қаламын өз ықпалына бағындырып алды». Мұндай қайшылық бүкіл кітапта көп кездеседі.

Әуезовтің творчествосында болған бірсыпыра идеялық қателіктер туралы сөз қылып өткеннен кейін, З. Кедрина принциптік қорытынды жасаудан бой тартып, оның орнына лирикалықпен, кешірім сұрап, кейін шегіншектейді, ал содан кейін масаттана былай дейді: «...М. Әуезов бұрын оның

идеялық-көркемдік жағынан өсуіне кедергі болып келген буржуазияшыл-ұлтшылдық тенденцияны жеңе білді...», «М. Әуезов революциядан бұрынғы қазақ даласының тұрмысын тарихи жағынан дұрыс маркстік-лениндік тұрғыдан, лениннің — Сталиннің революциялық іліміне сәйкес баяндайды», «...М. Әуезов өзінің қате көзқарастарын батыл қайта қарап, өз творчествосын дамытуда өзгеріс жасай білді», тағысын тағылар.

Ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға қарсы күрес енді өткен кезең деп ойлауға болмайды. 1952 жылы қыркүйекте Қазақстан Коммунистік партиясының VI съезінде былай деп атап көрсетілді: әдебиетшілер мен искусство зерттеушілер — Жұмалиев, Әуезов, Мұқанов, Жармағамбетов — өз шығармаларында буржуазиялық-ұлтшылдық сипатта қателіктер жіберді, « марксизм-ленинизм позициясынан және социалистік реализм әдісінен алыстады, кейбір реакцияшыл хандарды және олардың сарай ақындарын дәріптеді. Қазақстанның Россияға қосылуының ұлы прогрестік маңызын дұрыс көрсетпей, бүркемеледі, орыс халқы мен қазақ халқының қасиетті достығының мүдделеріне зиянын тигізді».

З. Кедринаның кітабында партия баспасөзінің сын мақалаларында жазушының кемшіліктері, ол кемшіліктерді жазушының жоюға тиіс екендігі қалай атап көрсетілгендігі айтылмаған. Таңданарлық іс: кітаптың соңында бірсыпыра газеттер мен журналдардың жазушы туралы мақалаларын тізіп көрсете келіп, З. Кедрина ол жайында Қазақстан баспасөзінен бірде-бір мақала келтірмеген.

М. Әуезовтің жұртшылыққа кеңінен мәлім болып, совет оқушылары мақұлдап қарсы алған және Сталиндік сыйлық берілген «Абай» романының бірінші және екінші кітаптары жазушының творчестволық өмірінде өзінің бұрынғы идеологиялық по-

зицияларын қайта қарауға, буржуазиялық-ұлтшылдық адасулардан арылуға елеулі әрекет жасағандық болды.

Осы романның үшінші кітабы – 1951 жылы «Знамя» журналында жарияланған «Абай жолы» әлі де жете талдап шығуды керек етеді, (очеркте ол туралы жанамалап қана айтылған). Қазір жазушы біртұтас циклдің төртінші кітабын жазуда. М. Әуезовтің ірі шығармасы әлі аяқталмаса да, сыншы ол шығармадағы кемшіліктерді, автордың жете айтпағанын немесе оның теріс айтқанын көрсетуге міндетті еді. Мұндай көмекті, объективті бағаны М. Әуезов сыншыдан алған жоқ. Мұның орнына З. Кедрина шығарманы «көшпелі қазақ даласының тарихы, этнографиясы, экономикасы және правосы жөніндегі күрделі ғылыми еңбек» деп жариялауға асыққан. Мұндай сөздердің ықпалы ғана мүмкін, ал роман авторының өзін қолайсыз жағдайда қалдыруы ықтимал. Мысалы, қазақ және орыс халықтарының қас жауы Кенесары ханның он жыл бойы қан төгіп ойран салғаны сияқты Қазақстан тарихындағы қасіретті кезең М. Әуезовтің романында бейнеленбегендігі жұртқа мәлім. Ал шынында мұның өзі романдағы басты кейіпкердің бірі, Абайдың әкесі – Құнанбайдың тірі кезінде болған уақиғалар болатын.

З. Кедрина М. Әуезовтің творчествосындағы феодалдық-рулық ескілікті дәріптеу және революциядан бұрынғы қазақ ауылында болған таптық қайшылықтарды жуып-шаю сияқты кемшіліктерді бүркемелейді.

Материалдарды атүсті зерттеу және олардың мағынасын нашар түсіну сыншыны қате немесе күмәнді қорытынды жасауға әкеліп соқтырады. Мысалы, З. Кедрина феодалдық дәуірдегі қазақ ауылындағы ру таластарының бір белгісі болып табылатын «барымта» мен орыс шаруаларының по-

мешиктерге қарсы көтерілістері арасында ұқсастық бар деген қисынсыз теңеу жасауға тырысады. Абайдың «Ғаклиялар» жинағы қырғыз халқының орыс мәдениетін үйрену қажеттігі туралы идеяны тұңғыш рет ашты деудің ешқандай жөні жоқ сияқты.

З. Кедрина М. Әуезовтің Абай шығармаларының орыс тілінде басылғандарына жазған кіріспе мақалаларын оның зор еңбегі деп көрсетеді. Алайда, сыншы бұл мақалаларды өте өрескел қателіктер жайында бірауыз сөз айтпайды, ал бұл мақалаларда, атап айтқанда, Мағауия мен Көкбайдың халықты тұншықтырған жауыздар — Шамиль мен Кенесары туралы нағыз ұлтшылдық поэмалары дәріптеліп, уағыздалған.

З. Кедринаның бұлтақ және сонымен бірге жүзге жағымды сыны жазушыға көмектеспейді. барлық совет жазушылары сияқты М. Әуезов те мадақтауды, мақтау өлеңдерін емес, қайта оның табыстарын да, кемшіліктерін де атап көрсететін принципті, әділ сынды күтіп отыр.

Т. Нұртазин мен З. Кедринаның кітаптары бізде советжұртшылығының жаршысы болмай, топтардың, санаулы адамдардың жаршысына айналып отырған, әдебиетке принциптік, мелекеттік көзбен қарамайтын сыншылардың әлі де бар екендігін көрсетеді.

Совет Одағының туысқан республикалары жазушыларының творчествосы туралы кітаптар өте қажет. Бірақ, мұндай кітаптар тым аз, ал ұлт әдебиеттері тақырыбында жұмыс істейтін адамдар сирек. Осы маңызды істе артта қалған учасоктер әлі де бар. Мұндай учасоктерде көп ретте барлығын білем дейтін монополистер, шатыстырушылар, күмәнді «білгіштер» мен «консультанттар» және жауапсыз редакторлар орналасып жүр. Совет жазушылары одағының аса маңызды міндеті Совет Одағының туысқан халықтарының әдебиеттерін терең зерттеуге, осы әдебиеттер және олардың аса

көрнекті өкілдері туралы құнды, жоғары идеялы кітаптар жазуға көрнекті совет жазушыларын, сыншыларды, әдебиет зерттеушілерді кеңінен және батыл қатыстыру болып табылады.

Павел Кузнецов». («Правда», 30 январь)

Осы құғындаудың нәтижесінде М.Әуезовке жоғарғы оқу орындарында лекция оқуына жасырын тыйым салынды. Ол қарамағына екі-үш аспирант алып, жетекшілік етіп, университетте диплом жұмыстарына оппонент болып, ара-тұра ғана, кездесу ретінде, тиіп-қашып баяндама, «сөздер» сөйлеп жүрді. (Мысалы, менің «Қазақ ән текстері атты жұмысыма Зейнолла Қабдолов жетекшілік етті де, Мұхтар Әуезов сол жұмысқа сырттай баға беруші оппонент қана болды).

Кейін Мұқаңның жетекшілігіндегі аспирант болып жүрген кезімде, «сол кезде не болды?» деп бір қисынды кезеңді пайдаланып сөз тартып едім, ол: «бәле, мен лекция оқымайын дедім бе, тіпті сендерге, үшінші курсқа бұрын өтпей қалған фольклордан да, қайтадан лекциялар оқиын деп едім, мені құбыжық көрмеді ме!» деп, беті қабарып, зығырлана сөйледі. Бұл жерде айтқан сөзін де, мен «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» деген пьесамда тірілттім.

«Е-е, біз не көрмедік дейсің, шаштан тарақ қалғалы не заман» деп бір таздың айтқанындай, тіпті ғылым-білімді үйренуде де неше бір тосқауылдарды көрдік-ау. білімнің кені, ұлтымыздың алып мақтанышы Мұхаңдарды, көбінесе, өзімізге бұйыртпай қағажу көрсеткен соң, қайтерсің. Әйтсе де, Мұхаңды көріп, өз аузынан аз да болса, лекциялар тыңдап, шәкірті атанып, бірге жүру — біздің ұрпақтың бір бақыты осы-ау деймін.

Егер біреу менің жақсылық жақтарымды ғана дұрыс бағалағысы келіп, «Көпті көрген кісі, көргенді адам» деп мақтауымды жеткізіп, анықтама берсе, онда мен: «Сол көргендерімнің бірі, ес кіріп, ақыл тоқтата бастағандағы көргенімнің ең маңыздысы — Мұхтар Әуезов», дер едім. Әрине көргеннің де көргені бар. Ұлы адамдарды суреттен де, кинодан да, тіпті көшеде көру бар. Ал, бір сәт, не бір күн емес, үш жыл шәкірті болып, күнде араласпасаң да жиі сөйлесіп, күнде дәріс алмасаң да, жақыннан төккен шапағат нұрын көктем шуағындай сезініп жүрген адамың ұлы адам болса, ол сенің тәрбиелі түзу жолыңа септігін тигізсе, сенің көргенділігіңнің де ұлы есебі түгенделді дей бер.

Бұрын, университет қабырғасында Әуезовтен дәріс алғанымыз өз алдына, мен 1958 жылы тікелей аспиранты болдым. Болайын деп бола салғам жоқ, аздаған тіршілік тауқыметінің салдарынан болған менің өмірімдегі жаңа бір бетбұрыс еді.

Мен ол кезде «Пионер» журналында проза бөлімін басқаратынмын. Бір күні қасымдағы столда отыратын досым, поэзия бөлімінің меңгерушісі Тұманбай Молдағалиев жеке алып шығып, үрейлі хабар айтты.

— Біздің үйге, жақында, үстінде ұзын қара пальтосы бар, қара көзілдірікті бір адам келді. Екінші келуі.

— Иә?

— Үндеместің адамы! Сен туралы келіп жүр.

Жүрегім зырқ ете қалды. Көп ұзамай-ақ мені сол кездегі Қазақстан комсомол Орталық комитетінің хатшысы Егізбаев Қосай шақырды. «Пионер» журналының бас редакторы, қып-қызыл коммунист Рахметолла Ыдырысов та дегбір жоқ. Жаналқымға алып, асықтырып тұр. Тұманбай араласып: «Раха-ау, қағаздарын алып, соны өзіміз-ақ...

өз ішімізде-ақ қарамаймыз ба?» деп бұртиып еді, оған құлақ аса қоймады. Тұманбай мазасызданып, бар ақылын айтып жатыр (оны редактор ертпей қойды): «Сәкен, әйтеуір қарсы келмеші, бүлдіріп алмашы», деп достық жалынышпен шығарып салды.

Егізбаев Қосай өте бір салмақты, биязы сөйлейтін, ақыл иесі еді. «Сәкен, түсінемін, қайтейін бізде амал жоқ, елден, өз ауылың жағынан түсіп жатқан саяси айыптау қағаздары. Оған жауап бермей отыра алмаймыз, жастар комитетінің органында істеп жүрсің, ол енді қиын». Іс насырға шапқан сайын Рахаңның тағаты таусылып: «бүгіннен қалдырмай шығарамыз, Иманжанов айтқан соң алып едім, біліп ем осындайын» деп, күйіп-пісіп, кимелей жөнелді.

Сонымен не керек, «Он бес жыл оқыған адам қоғамдағы істерге өз ойы, пікіріме араласуға қақысы бар шығар. Өзім коммунист болмасам да, ата-анам отызыншы жылдан коммунист. Мен коммунистік қоғамға қарсы емеспін, Хрущевтің тың көтерудегі қате идеяларына қарсымын, қызметтен кетемін, бірақ мына редактор «Хрущевке қарсы болған соң шығардым» деген бұйрық берсін» деп, сұрадым. Бірақ, Ыдырысовқа мені шығару оңай болғанмен, әлгіндей бұйрық беру оңай соқпады. Сөйтіп не қызмет еткен емес, не етпеген емес, дел-сал күйде жүргенде, аяқ астынан, Сармурзина «Мұхаң аспирантураға шақырып жатыр» деп хабар салғаны. Тұманбай: «Мынау құдайдың дес берісі, бар. Сені бәрібір қудалай береді» деген соң, көңдім.

Шынымды айтсам, менің үш ұйықтасам түсіме аспирант болу кірмеген нәрсе, кірген күнде де ғалым болу — отызыншы жылдарда туған ұрпақтың қолы емес сияқты көрінетін. Себебі, менің түсінігімше, әдебиеттен ғалым болу — бүкіл дүние жүзі әдебиетіне қанық, содан сусындай нәр алған аса зерек адам болу керек. Содан соң бір шет тілін иге-

ру міндетті. Мұндай мүмкіндіктер біздің ұрпаққа, соғыс жылдары мектеп табалдырығын аттап, оныншы класты бітіргенше жоғарғы білімді жібі түзу мұғалімнің алдын көрмеген, түбі, беттері жыртылмаған бүтін бір көркем шығарма кітабын оқу жазбаған ұрпаққа қайдан келсін. Ал бір тақырыпқа диссертация жазып жүріп, бүкіл жер шары әдебиетін кітапханалардан тінтініп, күні-түні сарылып оқып, игеру тап мен үшін мүмкін емес деймін.

Бірақ шегінерге жер тар. «Қайда барсаң — Қорқыттың көрі» демекші енді қай қызметке орналасам да саяси бағыты дұдамал адамның соңынан қаракөзілдірікті үндемес бір елі қалмауға тиіс. Ең тыныштау, тасалау жер — аспирантура. Оның үстінде Мұхаңның — Әуезовтің аспиранты! «Жарайды, тәуекел!» деп қойып кеттім. шет тіл — араб тілінен емтиханда төрт алдым да, басқа пәндерден бес алып, аспирантураға түстім. Менімен бәсекелес, екі жігіт кілең беске тапсырса да, Мұхаң оларды алмады, бір төрті бар мені қалады. Ол кезде ұлы ғалым бағалай қоятындай не көркем шығармадан, не ғылыми, сыни мақаладан бетке ұстар еңбектерім жоқтың қасы: Балалар өмірінен жазған әңгімелерім мен повесім газет беттерінде жарық көрген. Мұхаң ой салған — «Қазақ ән текстері» деген диплом жұмысым болуы керек. Ол жұмыстың жетекшісі, ұстазым, қазіргі академик Зейнолла Қабдолов та, оппоненті Әуезов болатын, кейін журналда жарияланған бұл жұмысты жақсы бағалап, оппонентім «үздік» деген баға (ол кезде «отлично с отличием») қойған.

Аспирантураға түсіп алған соң, Мұхаңа «үндемес» жайын қалай айтамын деп, басым қатты. Ұрлық жасағандай қиналамын. Алғашқы күндердің бірінде, әлгі «Пионердегі» оқиганы, оған дейін мұғалімдіктен қалай қуылғанымды түгел айттым. Мұхаң: «Бары сол ма, ол — қылмыс емес. Бірақ,

есінде болсын, шындық үшін шырылдап, жаның жай таппай жүрген жалғыз сен емессің, біз де түрмесіне отырып шыққанбыз», — деп, Ахмет Байтұрсыновтан бастап біраз әңгіме айтты (маған сенгеніне таң қаламын). — Сен әлі жассың, атың да белгісіз, сенің сөзің — айға шапқан арыстанның әркетімен бірдей. Ел қамы үшін сөйлеуге — үлкен еңбек иесі, атақты адам болуың керек, сонда ғана сөзің өтеді. Онда да үкімет басында кім отырады?.. Қайтесің, Толстой да көп нәрсеге көнген, бізде көніп жүрміз, сен алдымен адам болып алсайшы» деді. Осы ұзақ әңгімесінің кей тұсын, кейін жазған Мұхаң туралы пьесамда пайдаға асырдым, үлкен әжетке жарады.

Әуезовтің жетекшілігіндегі үш жылдық ғұмырымда сол кездегі кеңес, қазақ әдебиетінде, өзімнің жазушылық тіршілігімде де неше бір мазмұнды да, есте қаларлық оқиғалар өтті. Мұхтар Әуезов өміріндегі, әдеби, саяси, қайраткерлік еңбектеріндегі талай-талай қызықты хикаяларға тиек болатын тарихи, ел білетін де, біле бермейтін де оқиғалар өтті, кезінде жазармыз да. Мен бұл жолы мына ұстаздық, шәкірттік белгі ретінде шыққалы тұрған кітапшаға есімде жүрген бір-екі уақиғаны айтсам артық болмас деймін.

Мұхаңның ұстаз ретінде ең алдымен көзге түсетін бір қасиеті, ол өзінің аспиранттарының, шәкірттерінің жақсы мінез-құлқына, әсіресе ғылымдағы көзге түсер титімдей де болса, татымды дүниесіне қуанып, оны балаша мақтан ететін. Менен бұрын шәкірті болған алғыр да алымды аспиранттарын (кейін солардың бәрі, менен басқасы, шын мәнінде, үлкен ғалым болып кетті) маған үлгі етіп әңгіме арасында айтып қоятын. Бірде (1959 жыл-ау деймін) жас жазушылардың конференциясы өтіп, ұстазымның айтуымен қосымша баяндамашы болдым. Қазіргі театр, кино өнері институтының кең залында (ол кезде КазГУ-дің залы) сөйлеп тұрғаным-

да, кейбір сөздерім көңілінен шықса керек, қасында президиумда отырған ғалым Темірғали Нұртазинге әлсін-әлсін: «Бұл менің аспирантым, менің аспирантым!» деп ризашылығын білдіріп, балаша қуанып, шәкіртінің жұрт көзіне түскен сәл ғана бір болмашы сәтін мақтан тұтып отырыпты. Мұхаң шәкірттерінің жақсылық жағына қалай қуанса, жамандық жағын естісе, білсе, оған да солай қамығып, ренжіп, тіпті қажып қалатын. Бірде Сопы деген менен бір курс бұрын оқитын аспирантының ретсіз қылығын айтып (араққұмарлық): «бәле, мен білмейді деді ме екен, маған минимум тапсыра келгенде, басын суық сумен жуып, үрпі-түрпі боп кірді, бәрібір аузынан арақ иісі мұңкіп тұр. Тепсе темір үзетін жігіт, университетте оқып жүргенде одан үздік студент болмаушы еді, сонысына қарап аспирантураға өзім алып едім, оның білгірлігі, алғырлығы кімге дәрі, ертең бұл құныққан қылығын қоймаса, адамдықтан шығады, бәрі-бәрін, өнерін де, білімін де, адамдық қасиетін, арын да, барын да, бәрін-бәрін арақ шайып кетеді. Дардай жігіттің соған ақылы жетпеген-ау! Бүйте берсе адам болудан қалады» деп ұзақ-ұзақ нығарлап, өз-өзінен ызаға булығып, беті қабарып зығырлана сөйледі. Маған да арақтан аулақ бол дегендей, «қызым саған айтамын» керімен ескертіп отыр. Мен үндегем жоқ. Ол жігітті білетінімді, нағашыларым жағынан, алыстау болса да, туысым екенін де айтқам жоқ. Осы кезде ғылымның үлкен бір тұтқасын мықтап ұстайтын, өте дарынды, өте білімдар, сөзі мен жазуы бірдей талантты адам, бертін сол ішімдік зардабынан ешкімге керексіз, өлімі де белгісіз болып дүниеден өтті.

Шыныда да осы сөз әрқашан қамшы болды ма, былай да сирек қатынайтын Мұхаңның көзіне сәл жұтқан кездің өзінде түскім келмейтін. Бірде, сондай оқиға да болып қалды. Жолдастарыммен сыра ішіп, енді үйге бұрыла бергенімде, сап етіп есіме

түсті, Мұхаң сол күнгі сағат беске (кешкі) шақырған. Болашақ диссертацияға байланысты біраз әңгімеден соң, сағатына қарап: «келесі жұмада (дәл есімде жоқ), сағат бесте кел, тағы да сөйлесеміз», деген. Мұхаңның, бір ғажабы, уәделі уақытын, келіскен мәселесін қағазға түрткенін көргем жоқ, қалайша сол кездегі бір жұма бойы баратын жерлерін, тыңдайтын шым-шытырық шаруаларын – Академиядағы, университеттегі, қоғамдық орындардағы ғылыми кеңестер, лекциялар, баяндамалар, таңның атысы, күннің батысы тынымсыз жүрумен ғана бітетін уақыт кестесін күніне, сағатына, минутына дейін бұлжытпай қалайша басында сақтай беретініне біз – аспиранттар, араласып жүрген адамдар таң қалатынбыз.

Мұхаңның шақырған мезгілі есіме түскенде шынымен-ақ сасқалақтап қалдым. Өткенде Сопы жайында айтқаны бар. Мына түрімен барып ұятқа қалғанша, бармасам қайтеді деп қанша толқығанмен үлкен басымен мені күтіп отырғаны көзіме елестегенде, «уәде – құдай ісіс» екендігі де мазалап, таза ауада біраз аузымды ашып «желдеп» (сыраның иісі кету керек) жүрдім де, бір сағатқа таяу кешігіп бардым. Қазіргі музей үйі. Үлкен қақпадан кіргендегі негізгі есіктің қоңырауын жүрексіне тұрып бастым. Бұл, есік – негізгі есік, әрі Мұхаңның ашатын меншікті есігі. Валентина Николаеваның бұл есікте шаруасы жоқ. Ол кісі үнемі аула жақтағы есіктен кіріп-шығатын да, өзіне тиесі «Зим» машинасына отырып, базарға, дүкенге жүріп, өз шаруасын жайғастыратын, Мұхаң өз машинасымен жеке жүретін (Бұл – аспирант болғалы көргенім. Одан бұрынғысы маған беймәлім).

Күткенімдей-ақ есікті Мұхаңның өзі ашты. Қолымды ұсына беріп, үлгермедім, – үстіндегі кең халатының етегі салбырап, бұрыла жөнелді. Соңынан үнсіз еріп келемін. Кешқұрымғы қара көлең-

кеде көрінбесе де, Мұхаңның жалпақ салыңқы беті одан сайын ұртына қарай етегіндей салбырап, күрең жүзі одан сайын қабарып кеткенін тұқырайыңқыраған желкесінен-ақ аңғарып келемін. Қолындағы сағатына, сөзін дәлелдегендей, бір қарай салып «ұрсып» келеді.

— Пәлі, осыншама күттіріп қояр болар ма?! Мен... сені күтуім керек. Қаншама уақытым зая кетті. Бұл не... — деп коридордан өзінің жазу бөлмесіндегі столына жеткенше тұтыға, сәл булыға сөйлеп келеді. Екеуміз де, кінәлі адамдай, бір-біріміздің бетімізге қарай алмаймыз. Бірақ, ашу сәл тарқады. Орнына жайғаса бере:

— Иә, не бітіріп жүрсің? — деп әлі де түгелдей басыла қоймаған ашуының есесін «не бітіріптен» алып, мен аузымды ашқанша болмай, енді өзі «не бітіруді» ақтай сөйледі. — Иә, сенің журналдағы мақалаңды оқыдым. Бәлі, бәрін, шетінен сынға алған екенсің, дұрыс сын. Анау, бәтір-ау, Ақмұқанованың сөзінің жосығы жоқ екен, ол не дегені?..

«Бәрін» дегенде, «бәрімізді» деген жоқ. «Әдебиет және Искусство» журналында әңгіме жанры туралы дискуссиялық мақалалар жарияланып, қорытынды сөзді, құдай иіп, маған берген, мүмкін менің диссертациялық тақырыбымды (Майлиннің әңгімелері) ескерген де шығар. Мен сол мақалада, жастықтың әсері болар-ау, Нұртазин, Қабдолов сияқты ұстаздарыммен қатар, Мұхаңның өзін де сәл қағытып өткенмін (Рас, «Қорғансыздың күнінен» алған мақтаулы цитатым да бар).

Бұл жолы диссертациялық тақырыбымды өзгерткім келетінін айтып, «Қазақ әңгіме жанрының туу және даму мәселелері» (неге екенін білмеймін осыны әуелі орысша айтып алдым. «Вопросы зарождения и развития казахских рассказов») деген тақырыпты алсам қайтеді деп едім, сәл ойланып қалған Мұхаң төгіле жөнелді:

— Пәлі, бұл тақырып үлкен, докторлық диссертация ғой. Бәсе, бәсе, ана мақалаңда сондай ойларыңның ұшығы бар. Бұл деген... пәлі, үлкен тақырып, үлкен, қызықты тақырып, — дей келіп, кетті дейсің...

Мұхаңа кейде, бір қызықты тақырыптың басын айтсаң болды, дариядай шалқи жөнелетін (әрине өзіне ұқсас). Бұл жолы да, бүкіл дүниежүзілік әдебиеттен, туысқан елдер әдебиетінен мысалдар ала отырып, бұл тақырыпта жазылған Кеңес Одағының түкпір-түкпіріндегі қорғалған диссертациялар туралы, не керек, оқымаған адам түгілі, оқыған көп адамның өзі (дәл осы тақырыпты зерттеп жүрмесе) біле бермейтін неше бір деректерді жайып салды. Шіркін-ай деймін, қазір, егер сол кезде қалтада бір диктофон болып, қосып қойсаң, диссертацияның көкесін Мұхаңды төрт-бес рет сөйлетіп алып, қорғай беруге болар еді. Бұл жолы да мол-мол деректер алып кететін едім, әттең бағанағы мен келген есік шылдыр етті. Менен бұрын ұмтылған Мұхаң есікті ашып, ар жағынан баяу ғана сәлемдесіп, сыңғыр еткен дауысты мен білетін бір адамды алып кіріп, кітабы көп қатардағы кең залды ымдап, «кітап алып оқи тұр» деп, Мұхаң маған қайта көңіл қойғанмен, ендігі сөзіміз тез бозарып, ұзаққа созылмады...

• • •

Әуезов Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын алыпты деген хабар астана жұртшылығын дүр еткізді. Қуанышты хабарды Мәскеуден алғаш жеткізген сол кездегі Лениндік, Мемлекеттік сыйлықтар комиссиясының председателі Тихонов па, әлде өзінің досы «меншікті» аудармашысы Соболев па? (телеграмма арқылы ма, телефон соқты ма), ол арасы маған беймағлұм, не де болса ұзынқұлақтан естілген сөз сол күні-ақ бүкіл қаланы шарлап өтті. Бұл жаңалықтың қала халқына, зиялы қауымға аса қызықты да аса мәнді болуының бірнеше заңды, мезгілді себептері

бар еді. Біріншіден, сол кездегі Кеңес үкіметінің әр проффессиядағы творчество қызметкерлеріне берілетін сыйлықтарының, атақтарының ішіндегі ең зоры да, мәртебесі биік ұлысы да Лениндік сыйлық болатын. Ол сыйлық қазақ жазушысына бірінші рет берілейін деп тұр. Екіншіден, бұл атақ жарысында соңғы турға әр республиканың майталман жазушыларын артқа қалдырып, қазақтың екі ірі жазушысы, бұрын да әдебиет майданында, ұлттық өнерді көтеру жолында белбайлап, неше бір қатар күресіп, нардың жүгін қатар көтерісіп, бәйгелерде қатар жарысып, бірде біреуі озып, біреуі қалып, кейде пендешілікпен кезекпе-кезек итжығыс түсіп, талант төріндегі таластардың бақталасы болмаса да, бәсекелесі болып келген Сәбит Мұқанов пен мұхтар Әуезов іліккен. Соңғы тур. Екі қазақ. Бұл деген — исі қазаққа ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағының халқына таң-тамаша оқиға. Бұл деген — егер жарысқа салар болсаң дарындылық жағынан басқаларға бой бермей екі қазақтың қатар озып келуі, — бүкіл қазақ өнерінің, әдебиетінен мерейін көтеріп қана қоймай, шын мықтылығын айғақты түрде паш ету. Үшіншіден, бұл қазақ жазушысына ұзақ жылдардан бері берілген, енді ұзақ жылдарға дейін берілмейтін, бір жағынан шын талантты бағалаудан туған сыйлық бола тұра, екінші жағынан ұлттар әдебиетіне тиесі «номенклатуралық» атақ болатын. Сондықтан да өлгенде бір көрген нәрестедей бұл сыйлық иесін қуаныш үстінде көргенде арманда, көрмегенде арманда еді. Оның үстіне, жасыратыны жоқ, әдебиеттің сара жолында Сәбеңнің соңынан да, Мұхаңның соңынан да ерген, әрқайсысының жекеле «жақтастары», өзінше бағалаушылары үшін бұл күні екі алыптың қатар отырған сәтін тап мынадай оқиға үстінде көру — аса қызықты, есте қалдырар, айта жүрер, тарихи әңгімеге тиек етер сәтті күн емес пе!..

Иә, сонымен, Мұхаң үшін де, шын әдебиетті сүйетін қазақ оқырмандары үшін де қуанышты хабардың алғашқы күні осы күнгі музей үйіне — сол кездегі жазушы үйіне жиналған адамдар тек түс ауа ғана саябырсыды. Адамдардың жиналу себебі — Лениндік, Мемлекеттік сыйлықтар беретін мәскеулік комиссиядағы сыйлыққа ұсынылған шығармаларды бір-бірімен салыстыра екшеу, соңғы турға дейін сүрінбей келетін туындылар төңірегіндегі талай тартыс, айтыстардың нәтижесі, қорытындысында дара жеңіп шыққан «Абай» романының сыйлық алуы болса да, Мұхаң бұған аса қуанып, желпініп, оның төңірегінде ешбір әңгіме қозғамады, басқалардың да ол туралы сөз қозғауына онша жетекшілік етпей, қайта әңгіме бетін басқаға бұрып, мүлдем әдебиетке қатысы аз өзге тіршілік жайында сұхбат құрып отырды. Солардың бірі — үй ішінде еркін жүретін өзінің ерке иті Дос туралы болды. Достың жалпы тұқымы жайында қызықты, әңгіме шертіп, оның енесінің фотосуретін көрсетіп, оның машинаны қайлай сүйретіп кеткен күшін, ақылды қылықтарын айта отырып, Достың иесіне деген достық пейіліне мысал болатын оқиғаларды келтіріп, үйіне жаңада жеткен дәу күшіктің жүректілігін масаттана сөз қылды: «Досты, әлі үйіне жете қоймаған кезінде, бақшаның ішінде серуендетіп, өзім де таза ауамен дем алып жүргенмін, бір кезде ойда жоқта жиналып, үйіріле қалған қарабұлтың арасында найзағай ойнап, күн оқыстан шатыр ете қалды. Мұндайда, талай көрдік, қаладағы жасық иттердің көпшілігі-ақ үйге, тасаға қарай бұқпантайлап зытатын, ал мына Дос болса, аспанға қарай әуілдей үреді. Жаңбыр жауып кетер деп қарғы бауынан алып, үйге қарай тартсам да, аспанға қарай жұлқынып айбат шегіп, үруін қоймайды. Күн күркіреп өтіп еді, одан сайын өршелене түсті...» Міне, осы сияқты әңгімелерді балаша қызықтап,

қуана әңгімелеген Мұхаңның сол күнгі сөздерін кейін ойлансам, жарыста орта жолда қалған жазушылардан, соңғы турға дейін үзеңгілес келген Сәбит Мұқановтан қалай оза шауып бәйгеге іліккенін мақтан етіп тасымайын, қаламдас адамдардың қытығына тимейін деп, басқалардың да жарапазан салуына тыйым салғандай, алдарын орағытып, әдебиет, сыйлық, атақ жайлы әңгімені әдейі басқа жаққа бұра берген екен-ау. Ол да ақылдылықтың, даналықтың титтей де болса, елеулі үшқындары шығар-ау.

Қанша дана дегенмен, Әуезов те ет пен сүйектен жаратылған құдайдың пендесі. Пенде болған соң, оның да қарсыластары, тіпті дұшпандары бар, ол туралы неше түрлі пендешілік те әңгімелер, өсек-аяң да болатын.

Қазақ ежелден жаңа туған нәрестеге де, ұнаған адамына да, сынаған адамына астарлай ат қойғыш қой. Сол кезде, жазушылар арасында «Жеті сараң» деген ат пайда болды. Соның бірі Мұхаң таңылған ат – жұрт көзінше айтпаса да, сыртынан жеті сараңның біріне телитін. Ал, шын сарапқа салсаңыз, Әуезовке де, Мұстафинге де, менімше ол лақаптың қисыны жоқ сияқты. Басқаларының жөні бөлек. Мұхаң болса, негізінде, екі түрлі тәрбиені өткерген, екі континентті тәрбиенің адамзатқа үлгі тұтарлық мәдениетті жағын қатар игерген адам. Ол – шығыс тәрбиесі мен батыс тәрбиесі. Мұхаңды жазғыратындар – қолы ашық емес деп сөз қылатын. Рас, ол үйіне шаруамен келіп-кетер адамдарға, ақыл сұрай келген, ғылыми жұмысының бағыт-бағдарын белгілеп алуға шақырумен, келісіммен кездесуге жеткен жазушы, студент, аспиранттарға, не көлденең соға кетер бейсауат жолаушыға онша қонақжай болмайтын. Бір күнде неше рет қақпасын ашып-жауып, күн құрғатпай жұмыс бабымен бас сұғып кетер кісілермен стол басына отырып, сораптап шай ішіп, стакан соғыстырып, жолаушының

олай көңілін табуды артық санайтын. Өзінің қызметіне арналған өлшеулі уақыты мен жұрттың да өлшеулі алтын уақытын сыйлайтын. Әйтпесе, бір мәселе төңірегінде әңгімелесуге арнайы шақырған замандастарына, өзбек халқының көпке тартқан тағамындай, үй ішімен қоса шақырған достарына қазақтың кішігірім тойындай естіп дастарханын жайып тастап, ашық қабағымен, ақжарқын көңілімен, дархан барлығымен қол қусыра қарсы алғанын, көп болмаса да, көзіміз көрді. Бір сөзбен Мұхаң еңбекпен келген табысын рәсуалап, мақтан үшін бейберекет шашатын дарақы емес, бар байлығын тиесі орнына, қажетіне жұмсайтын ұқыпты, берекелі адам еді.

Мұхаңның тағы бір «сараңдығына» балайтындары — оның қарызға қатаңдығы. Ол кезде қаладағы ең ақшалы адамға, «көдденең» табысы — қаламақысы (гонорары) мол жазушылар саналатын да, қарыз сұраушылардың көбі соларға жармасатын. Бірақ Мұхаңды ығыр қылатындар онша көп болмаса керек, сұрайтындар тек жазушының төңірегіндегі жақын жүретін аз қауым. Соның өзінде де оларға қарыз берерде, әдетте, Мұхаң қарыздың не үшін қажет бола қалғанын ұзақ тергеп, тәптіштеп, қашан, қай жылдың қай күні қайтарып беретінін шегелеп сұрап алады екен де, тап сол уәделі күні қайтарып бермесе, келесі күні-ақ ол адамның үйіне, не жұмысына телефон соғып, амандық-саулық сұрасқан соң, «ал, пәленшеке, сен, осы, маған берешек сияқты емес пе едің?» деп ескертеді екен. Міне осы мінезін де қайсыбір адамдар сараңдық санайды. Ал «алса, — бермейтін, берсе, — сұрамайтын Шәкен Айманов сияқты серілерді жұрт жомарт деп есептейтін. Мұхаң да, анда-санда Мәскеу ресторандарында, қонақ үйлерінде Шәкенге берген ақшасын қайтып сұрамайды екен, өйткені ол «қарызға деп алмайды, есебін тауып алады, ондайды Шәкеннен қайтарам

деп ойлама, аз беріп құтылғаныңа риза бол», дейді екен (Шәкен болса, жарықтық, жүз мыңдай қаламақы алып, жүз мыңдап шашып жүретін, ақшаның мөріне қарамайтын, қалтасының түбі үнемі тесік адам еді ғой). Шынында да Мұхаң қарыз алып, қайтып бермеушілікті нағыз мәдениетсіздікке жатқызатын. «Қарыз беру — достарды, жолдастарды жақындастырмайды, қайта алшақтатады... Алған адам бергісі келмей мазасызданса, қарыз беруші қашан қайтарады деп мазасызданады. Қалай дегенмен екеуі де бір-біріне тура қарай алмай жүрмек» деп, бірін-бірі ұтып алғысы келіп, жанталасып, картаға сығырайып, таң атқанша асыл уақыттарын кетірушілерді де ұнатпай, өзі бірде оқыстан ойнап қалып, ұтылып, үйде жеке қалғанында қатты ренжіген сәтін де көргенім бар.

Мұның бәрін тәптіштеп айтып отырғаным, Мұхаң берекетсіз шашылуды жек көретін де, ретті той, банкеттерді ұнататын, өзі де үйіне достардың келіп, жиналып, әңгіме-дүкен құрып, ішіп-жеп кеткеніне мәз болатын қонақжай, қонақуар адам еді.

Осы жолы да сондай мол дастарханмен құттықтай келушілерді қарсы алды. Ұзын залда ұзыннан ұзын неше алуан жеміс, тағамдар мен арақ-шарапты әрең көтеріп белі қайысқан столдардың қасына Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Сәрсен Аманжолов, Бейсембай Кенжебаев, Смет Кеңесбаев, тағы басқа өңкей зиялы адамдар, ғалымдар, жазушылар, артис-әншілер жайғасты. Ішіндегі ең жасы да, елеусіз де мен ғанамын. Ал, менің басқа жастардан жарылып жеке қалуымның сыры былай. Той мәзірін жасап жүрген даяғатшы, аспазшылардан хабар келді ме, Мұхаң бір кезде әңгімесін доғарып, шығар есікке дейін сығылысып толған құттықтаушыларға қарап:

— Ал, жастар, бүгін жасы үлкендердің реті. Ер-

теңнен бастап сендерге есік ашық, келіңдер, төр сендердікі, — деген. Шыға бастаған жастардың соңынан ала мен де кете бастағанда Мұхаңның көзі қайдан шалып қалғаны:

— Сен, қайда барасың. Сен қал. Сен — менің аспирантымсың, — деген соң, амалсыз бөгеле бердім.

Тойды, келісіп қойған ба, Жүсіпбек Елебеков өлеңмен ашты: «Сегіз аяқты» осы бір шабытпен, бұрынғы айтыстарынан да ерекше құбылта, жігерлене орындады. Бұдан кейінгі құттықтай тост, бәрінің үлкені ме екен, әлде Мұхаңның ең жақсы көретін сыпайы жерлесі, ел ақсақалы ма, Сапарғали Бегалинге тиді. Осылайша, әдеттегідей, тостар жалғанып жатыр. Осы күні, бәрі дерлік десе де болады, бұл өмірден кеткен қазақ халқының алыптарымен жастық шағымда бірінші, кейбіреулерімен соңғы отырысым еді. Менің бір байқағаным, бұрынғы отырыстар да солай ма екен, әйтсе де мына отырыстың мәні ерекше сияқты, Мұхаң үйіндегі ошақ басының тойы, емес, қазақ елінің, қазақ мәдениетінің үлкен бір дәрежелі тойындай, шын қуанышпен, түк қызғанышсыз, әркімнің өз қарабасының мақтанышындай сыйпатпен өткен той сияқты. Мен мұны әрқайсысының көзінен, жанарынан жылтылдаған қуаныш ұшқындарынан көрдім.

Той ортасында мен үшін бір қызық инцидент — эпизод болды. Столдың екінші жақ басында той рәсімімен асаба (тамада) ретінде жүргізіп отырған Мұхаң, есік жақтағы мені шақырып алып, «әрі қарай сен жүргіз» деп өзінің орнын берді. Мен қарсылық жасай алмадым. Басқалар да қарсылық жасамды. тек Жұбанов қана иегін созыңқырап:

— Мұха-ау, оныңыз не, орныңызды балаға бергеніңіз, — деді, менің орныма босаға жаққа барған той иесіне.

Осы сөзден кейін бе, әлде үлкен адамдардың алдында әлі машықтанғандық па, тойды онша

жүргізе алмадым. Бұл кезде абыр-дабыры көбейіп, өзді-өзі сөйлесіп, әр тұста автономия бола бастаған жұртты басқару да оңай емес, әркімге сөз берерде сараң ғана атын атап иегімді көтере салам. Мұның Ахаңның жынына одан бетер тисе керек:

— Мұха, орныңызға келіңізші, төрде өзіңіз отырыңызшы! — деп маған жақтырмай қарап еді, шын жыласа соқыр көзден жас шығады;

— Мұхаң қай жерде отырса, сол жер төр емес пе! — деп қалдым. Бүгіндік тауып сөйлеген сөзім. Маңымыздағылар ду етіп қолпаштап, қол соғып, қоша-меттеп кетті.

Кейін, бір отырыста осыны әңгіме еткен едім, Шөмішбай деген ақын қағып алып, тәп-тәуір өлең етіпті. Бірақ әлгі ұтқыр сөзді маған қимай, Мұхаң жабыстырыпты. тегі Әуезовті айту дәрежесін көтере ме, Жүнісовті олқы санағаны ма? Бұдан Мұхаңның аты жоғарылап, менің атым кемімейді. Бірақ, бұлай өзгертудің ұят екенін, ақынға лайықсыз екенін кейде ойлай бермейміз-ау! Әй, Шөмеке-ай!

Той аяқтала бере Мұхаң «өзің де сөйлесейші» деген соң, сол кезде сахнадан айтып жүрген Абай операсының төртінші актысынан Абай ариясын орындап бердім. Бұл ария бүгінгі тойға дәп келгендіктен бе, әлде бұрын менің әнімді естімегендік пе жұрт ду қол шапалақтап, Мұхаң орнына тұрып келіп, «Бұл — менің аспирантым, менің аспирантым!» деп, мәз болып, бетімнен сүйді, опера авторы Жұбанов та, бұл жолы риза көңілмен орнынан тұрып сол жақ бетімнен сүйіп жатыр.

Кейін ойлаймын, — Мұхаң мені жиынға әдейі қалдырып, әдейі той басқартып, мұны да үйренсін деп баулыды-ау. Ақан сері айтқандай — «көп шалдың ортасында бір бала отырса, дана болады, көп баланың ортасында бір шал отырса, бала болады» деген қағиданы ұстанғаны-ау.

Мұхаң мезгілсіз кетті. Мен оның сенімін ақта-

дым ба, ақтамадым ба, әйтеуір бірсыпыра борышымды өтеген сияқтымын. Академиялық драма театрында Мұхаң қызмет атқарған әдебиет бөлімін басқардым, Қостанай педагогикалық институтында «Мухтароведение» деген факультативтік курс ашып (Қазақстанда бірінші) қырық сағат лекция оқыдым, кейін Алматы Театр институтында тоқсан сағаттық лекцияда оны толықтыра өткіздім. Мұхаң өмірінен «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» деген пьеса жаздым (қазір Академиялық драма театрында жүріп жатыр). Бәрінен де, ұстаздық жетекшілігін ешкімге ауыстырмай (Ысмайылов, Нұртазин жетекші болуға ниет білдірсе де), жартысынан көбі дайын диссертацияны қорғамай, Мұхаңның: «Менің аспирантым, менің аспирантым!» деп, айтқан сөзін сақтап қалдым.

ҚАЙРАН, МАҒЖАН

(Мағжан жайында бір ауыз сөз)

Мағжан өзінің «Базар жырау» деген мақаласында: «Өткен дәуірдегі тұңғық әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз күн айтылатын ауыз да адасып, азғантайы ғана қалған. Осы күні біздің оқушыларымыз қазақ әдебиеті десе, Абайдан бергі әдебиетті ғана ойлайды, қазақ ақындары десе, Абайдан бергі ақындарды көреді. Шайхисләм ұлы Жүсіпбектің «Қыз Жібегіндей» кім не нәрсе жазды...» дей келіп, қазақ әдебиетінің үлгілерін, асыл мұраларын аспанға көтере дәріптейді. Шын күйзеліп, шын жоқтайды. Бүгінгі әдебиеттің негізін, арқауын, бастауын көрсетіп, соның алдына бас иіп, тәжім етеді.

Мағжан шығармаларын талдамас бұрын, ең алдымен, ұлы ақынның осы қасиетін, яғни халық алдында тәкәппарсуды білмейтін, жазба поэзия жанры «менен басталды» деп еншілеп, көкірек соғатын кейбір менмен тайыздардан аулақ, ақындықты даңқ үшін емес, еліне, жұртына қызмет ететін дарындылық деп ұққанын; ата-ананың қанымен келген, жерсудың қасиетімен сіңген талантты — сол иелеріне қайтарып беру үшін жаратылған ұл мен қыздың сыбағасы деп ұғынғанын түсініп алуымыз қажет.

Мағжанның поэмалары мыналар: «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Өтірік ертеке», «Тоқсанның тобы», «Оқжетпестің қиясында». Мен Мағжанның «Қойлыбайдың қобызы» мен «Тоқсанның тобын» поэмалардан гөрі балладаға жақындатар ем.

Мағжан поэмалары өмір мен өте тығыз байланысты, тіршілікпен тұтасып жатқан ірі дүниелер.

Мағжан поэмаларының негізгі тақырыбы – өткен өмір, тарихи оқиғалар, Мағжан бұған, әрине, «көне түсініктен жаңалық іздеу, ертегіні ермек ету ниетімен» бармаған. 1922-27 жылдардағы разверстка, продналог, шолақ белсенділер, елді үркіту-қорқыту, қуғын-сүргін, қазақ жерін күйзелту және т. б. келеңсіз оқиғалар ақынды түңілдіре бастады. Совет үкіметі құрылған алғашқы жылдары балаша қуанған Мағжан енді көп ұзамай, бүгінгі таңда айтып жүрген түрлі тоқырауды күн ілгері көре бастады. Бірақ күресуге дәрменсіз еді. Сондықтан тек қаламға жүгінді:

*Жүрегім, мен зарлымын, жаралыға.
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң.
Толғанып қарауым сол баяғыға.*

(«Батыр Баян»)

Мұнда түңілу сарыны бар болғанымен, жылауық сарын, жоқтау жоқ. Еркіндікті, азаттықтық аңсау бар.

«Қорқытта»:

*Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой.
Ерте күн – ертегідей ерке күн ғой.
Өткен күн – ұстатпайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ғой.*

*Өткен күн ертегімен таласқандай,
Уа дүние, ол күндерде алаш қандай?!
Ой-қырдан орғып-орғып еріккенде.
Алтайда ойнақ салып жүрген аңдай, –*
дейді ақын. Тағы да – бостандықты, еркіндікті, теңдікті аңсау.

Ал, «Батыр Баянда»:

*Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.*

*Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау
Дағдарған алаш енді қайда бармақ? –*

дейді ақын. Өткенді айта отырып, патша үкіметінің кейінірек бел алған отаршыл саясатын, тұтас бір халықты мүшкілдікке түсірген озбыр саясатын сынап отырған жоқ па.

«Отаршыл саясат» дегеннен шығады, Мағжанның Ақан серіні терең зерттеуінде үлкен сыр жатыр. Отаршылдық тұсында Ақан серінің жерінен айрылуы, қара шекпендердің қаптап келуі, елдің берекесіздікке ұшырауы, экологиялық күйзелістер – Мағжанның да негізгі тақырыптарының бірі болған. Мысалы, өз зерттеулерінде Мағжан ақынның өлеңін әдейі, айғақ ретінде келтіріп отырады. Енді Ақан серінің өлеңін оқып көрейік:

*Тасыған қазақ көзі бұлақтай боп,
Соятын крәстьянға лақтай боп.
Патшаның сүйікті ұлы келгеннен соң,
Шетке шығып қалдық қой брактай боп.
Қор болып крәстьянның табанында
Қалайша күн көреміз дәурен кешіп?
Темір айыр, ақ балта қолдарында
Тілге келмей ұрады өңмендесіп...
Қасиетті ата-баба зиратының
Үстіне егін салды, жайлай есіп.
Тірі түгіл, өлінің көрін алып
Бұлайша іс қылады ерегісіп.
Қай дума, комиссия болса-дағы,
Бұдан закон сұраймын төрелесіп
Құдайдан жарлық келген халық болса,
Іс қылмас айуандарша көрді тесіп
Россия патшасының мизамында
Мұндай іске «Інжілде» закон нешік?..*

Осылай дей келіп, өз өлеңін Ақан сері былай деп аяқтайды:

*Жер-суын, баққан малын алдыңыз да,
Қазақтан бұл уақытта болдың безер*

*Дариға дертті заман келгеннен соң
Қаламға жөн қалмады тізгін тежер.*

Патшаның аяр саясатын білген Мағжанның мына сөздері де тегін емес:

*Көкшеде күні кеше қойдай өрген,
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да
Айрылып асау, ерке аңдарынан
Көкшенің тас жүрегі жаралы да.*

Немесе:

*Бауырында Бурабайдың қалың ағаш.
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.
Арудың ақпен өрген тұлымындай,
Қарағай, қызыл қайың, тал аралас
Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш
Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш...
Қабірінен әулиенің алашқа артық
Ертеде Абылайға орда болған ағаш
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың,
Меккедей тәуәп қылған тәмәм алаш.*

Экологиялық күйзелістің басы патша отаршыларды басталғанын ақын жақсы ашып көрсеткен. Сонымен бірге «Абылай алаңы» деп аталатын тарихи жерді, тағдырлы орынды кейінгі ұрпақ «Ясная поляна» деп атайтынын да Мағжан ертерек сезгендей...

«Оқжетпестің қиясында» атты поэмасында ақын:

*Кенехан сол кеткеннен кете барды.
Қасына жас жолбарыс Науанды алды.
Алашты алып шығып ел қылмаққа.
Орысқа аш бөрідей ойран салды...
Түсінбей – ердің ойын надандықпен,
мерт қылдың аңқау қырғыз арыстанды, –*

дейді.

Бұл поэма әлі басылым көрген жоқ. Біз әу бастан-ақ әдеби мұраларымыздан «орыс» деген сөзді кезіктірсек, үркетін әдетіміз бар. Поэмада суреттеліп отырған «орыс» – патша отаршыларының

чиновниктері, келімсек қанаушылар екенін неге ұмытамыз? Екі Россияның болғанын неге ұмытуға тиіспіз? Біздіңше, бұл поэманың жедел жарық көргені жөн.

Осы тұста айтарымыз, Мағжанның ақын ретінде аһ ұруын Ж.Аймауытов «Сыртқы түрінде орыстың бейнешілеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылауықтық (синтементализм) романтизм болды» дейді. Біздіңше, бұл жылауықтықтан шыққан сөздер емес, ақынның амалсыздықтан, дәрменсіздіктен шыққан ыза-жасы, күйініш азабы деуіміз керек.

Мағжан-Абайдан кейін поэма тақырыбына жаңа түр кіргізген новатор (жаңашыл) ақын. Мағжанға еліктеген, немесе Мағжан дәстүрін, поэма жаңалықтарын дамытқандар – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Иса Байзақовтар деуге болады. Мысалы: Мағжан дәстүрін, поэмасынан:

Арқада жер жетпейді Бурабайға.

Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.

Бұлт құшқан мәңгі меңзең Көкшетауға,

Бөлектау: «Ой, бауырым» – дер анадайда.

Оқжетпес найза қия-қыранға ұя.

Қарасаң жанның шері тарамай ма?

Солардың ортасында Бурабай көл,

Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.

Бурабай-Арқа аралы жер еркесі

Ертеде қоныс болған Абылайға...

деген үзіндіні оқығанда Сәкен Сейфуллин келмей ме есіңізге.

Мағжаннан:

Қобыздан мұңды дыбыс сорғалады,

Майпаңдап ө дегенде жорғалады.

Біресе, сары нардай ырғалады...

Қобыздың сарнағаны зарлағандай

Қан шашып әлдекімді қарғағандай.

Жүрегі мың жара боп паршаланып,

Күйініп көзінен жас парлағандай, –

деген жолдарды оқығанда Ілияс Жансүгіровті есіңізге алмай көріңізші. Бұл не? Ұқсастық па, жай ғана еліктеу ме? Өнер таласы ма? Әдебиет іргесін бірге қаласу ма?

Бұл — бір ұрпақ ақындарының бір-біріне тигізген әдеби әсері, ықпалы. Мағжан поэзиясы — поэзия тауынан соққан жас самал, қазақ әдебиетіне келген жаңа самал еді. Міне, осы самалды талай ақындарымыз жұтқан еді.

Мағжан тілінің шеберлігі, ақын ұсталығы өз алдына, Мағжан тілі — шұбарланбаған, таза тіл, тұнық, мөддір. Сондықтан да болар ол араб, парсы, орыс тілінен енген сөздерді қолдана бермейді. Тек, кей тұста минут, секунд деген сөздерді қолданатыны бар. Бір қызығы, Мағжанды аса қадір тұтқандықтан болу керек, дәл осы қолданысты М.Әуезовте жиі пайдаланған. Жалпы М.Әуезовтің былай деуі тегін емес: «Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішін келешекке бойқұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз — Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін».

Шәкәрім Құдайбердиев, Жұмабаев, Байтұрсыннов, Аймауытовтар ақталды. Бұл — бір мәселе. Бүгінгі күннің үлкен жеңісі.

Ендігі, негізгі мәселе, олардың әдебиеттегі, мәдениеттегі, ғылымдағы орнын байыппен, шын ғылыми тұрғыда белгілеп беру.

«Қазақ әдебиеті», 1990 жыл.

ТОҚСАНДАҒЫ ТҰЙҒЫН (Әлжекең туралы сөз)

Бұдан он жыл бұрын Торғай өңіріндегі Қайыңды жерінде отырып, жасы сексен төртке келген атақты ақсақал Мырсалық Ысмайыловтың бірде желпіне сөйлеп, бірде еңкілдеп жылағанының куәсі болып едім. Ол өткенін еске алып отыр. Сексендегі адамның көргені көп, көргені көптің айтары көп. Ол — кешегі төңкеріс жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі өмірдің күнгейі мен көлеңкесінде жүріп ащылы тұщылының дәмін татып, игілігі көріп, тауқыметін тартып, басынан талайды атқарған адам. Талай жаңалықтар мен жақсылықтардың, аяғынан қаз тұруы мен тәй-тәй басып алға ұмтылып жүгірудың, мүлт басып сүрінудің, омақаса жығылудың, қайта тұрудың, қайта құрудың не екеніне куәгер адам. Егер ол жас кеңес өкіметі келісімен қызыл атқа мініп, байларды қамшымен қуып, коллективтің жырын айтып, аудандық партия комитетінің бірінші секретарына дейін көтерілсе, егер ол колхозды өз қолымен құрып, сол колхоздың талайының 32-ші жылы аштықтан қалай қырылғанын өз көзімен көрмесе, 37-ші жылы бір рет, 48-ші жылы екінші рет жаладан қамауда отырып, жаңа дүниені жасап жүріп, сол жаңа дүниенің төмпешінен, теперішінен жасымаса, ол еркек басымен біресе желпіне сөйлеп, біресе еңкілдеп жыламас еді. Өз көзімен көріп, дос-жар болған Ахмет, Міржақып, Сәкен мен Бейімбеттің еңбегі мен бергенін айтып ерлігі мен серілігін сөз еткенде кәрі көзінде от ойнап, жас жігіттей ойнақтап шыға келеді де, сол Сәкендердің жазықсызбын дегені үшін жазықты болған қаяулы жүзі мен аяулы шағын айтқанда бір уыс боп бүрісіп, әппақ сақалына көзінің жасы тамып-тамып кетеді. Тарих жылап отыр.

Заманымыздың серуенін де, сергелдеңін де

көрген сексендер мен талай толқынды тойлар мен тосқауылды тар заманды көрген тоқсандар, — тарихымыздың тірі куәгерлері, қазір көп емес. Мүлдем азайып қалды. Әр ауылда біреу, не екеу. бүкіл елімізде, жалпақ өңірімізде сиреген емендей қадау-қадау. Сол қадау-қадау емендердің біреуі — жазушылар ауылының бүгінгі ақсақалы, өзіміз тоқсан жылдық торқалы тойын тойлағалы отырған Әлжаппар Әбішев. Әлжекеңнің тоқсанға қалай келгенін айту үшін, әуелі жазушылық жолға қалай түсті, ұзақ сапары қалай өтіп жатыр, соған сәл ғана шегініп кері бұрылып, дүрбі салайық. Әблешевтің өмірбаянына шолу жасау — әдебиеттің бір дәуірлік тарихына шолу жасаумен пара-пар. Ендеше, бұл той да, әдебиет тарихының мерекесі.

Әлжекең жазушылық әлеміне алшаңдамай, ұяң ғана қадам басып келген кез — қазақ әдебиеті мен өнері ғимараттарының іргетасы қаланып жатқан қарбалас шақ еді. Жұмыс көп болатын да, жұмыс қолы аз болатын. Әдебиеттің іргетасын сияны бетон етіп құйып, қаламды қалақ етіп, қалап жатқан кез. Бір тамшы сия тамызған жазушы ол кезде бір тонна цемент құйған жұмысшы сияқты да, ол қатарға кірген адам өзінің әдебиеттің іргетасын қалаушы екенін түсінген адам еді. Сондықтан да, әркім аз жазса да, мазмұнды жазуға, әсерлі, айбынды жазуға тырысатын. Келешек ұрпақтан ұялмауға, ғимарат іргесін берік етіп қалауға атсалысады. Сол кезге тән, яғни, төңкерістен кейін іле дүниеге келген жаңа әдебиет өкілдеріне тән, үлгі етуге боларлық үлкен бір дәстүр бар еді. Ол — жанр таңдау дәстүрі. Жаңа әдебиеттің іргетасын қалаушы Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабиттердің қай-қайсысын алмаңыз, өз бойына шақ, өзіне жарасымды киім киіп, өзі көтере алатын сойылды ғана беліне қыстырып, өзіне лайық сән-салтанатпен жүретін ақылды

жандар. Менің қолымнан бәрі келеді деуден аулақ, өз талантына лайық, өз мүмкіндігіне, дарын өлшеміне, білім деңгейіне орайлы, өзіне оңтайлы жанрда еңбек етулері жазушылық кемеңгерлікті көрсететін өлшем болса керек. Бұл — тереңірек үңілсек, дүниежүзілік ренессанс дәуіріндегі, ХІХ ғасырдағы орыс әдебиетінің алтын дәуір өкілдерінің тамаша үлгісі. «Поэзия — жена, драматургия — любовница» деушілерді түсінуге болады. Ол — әдебиеттегі үйлесімді әзіл, жарасымды еркелік. Ал, бізде, әсіресе кейінірек кезде жанрды таңдаудан гөрі, талғамайтындар басым. Әдебиетгі ат қып мініп, поэзияны шана ғып жегіп, прозаның ауылынан оразасын ашып, кино ресторанынан түстеніп, очерк-публицистика кафесінің шырын-шарабымен аузын шайып, драматургияның жылы сеңсең тонын киіп, театр сахнасына жолай қонып жүргендер бар. Ондайлардың жолы да болғыш — бар жанрдың дариясында қайықтай жылжып, тереңінде балықша жүзіп, аспанында құстай қалықтайды, одан өткерілген, одан білгіш, одан жан-жақты қаруланған мықты жоқ.

Осындай кәсіпшілікпен, сұғанақтыққа жаны қас Әлжекеңнің әдебиет отауының табалдырығын аттаған соң таңдап алған қос параттай, екі жанры бар. Ол — проза мен драматургия. Бірақ, жазушы бұл екеуін де бірден жегіп, екі тізгінге бірден жармасқан жоқ. Алдымен біреуіне ғана жүрексіне тұрып ертоқым салған. Ол — проза жанры. Әкесінің де, өзінің де туған үйіндей болған көмір шахтасының қалай ұстаған, қара жұмысынан «Лениншіл жас» газетінің қалам ұстаған тілшісіне ауысып, жазушы болудың қиын ды қызық жолына Ғабит Мүсіреповтің хат арқылы айтқан ақыл-жолдамасымен түскен жігіт Әлжаппар, ең тұңғыш жазған «Завал» әңгімесімен сол кездегі «Әдебиет майданының» редакторы, өзінің пір тұтатын атақты жазушысы

Сәкен Сейфуллиннің қатал сынына да, қарақты көзіне де іліккен еді. Сәкен Сейфуллин алғашқы тырнақалдысымен келген жас таланттың еңбегін жіті қарап, оны жақсы бағалап қана қойған жоқ, оның әрі қарай талантын ұштай түсуіне, өнерін өрбіте беруіне мүмкіндік тудырып, әдеби қызметке алды. Енді Әлжаппар Әбішев өз шығармасына ғана емес, басқаның шығармасына да сарапшылық кесім жасай алатын, әділдік айта алатын дәрежеге жетті. Бұл жолда Сәкен редакторға: «Жазушылардың өзімен көңілдес бол, бірақ шығармасына көңілшек болма!» деп қатаң талап қойып еді.

Көп ұзамай, Ә. Әбішевтің тұңғыш «Завал» жинағына да алғысөз жазған Сәкен Сейфуллин. Бірақ, жұртшылыққа тарамай жатып, Сәкенді қапасқа алып кетті де, Сәкеннің алғысөзі қайшымен туралып кетті. Егер алғысөз туралмағанда, әрине, Әлжаппар Әбішевтің де туралатынында шек жоқ еді. Сөйтіп, Сәкенмен байланысты бар деуге дәлел қалмай, әдебиет әлеміне жаңа келген, әлі елеусіз жас жазушы сол жылдар зардабынан да қағаберіс, елеусіз қала берген. Бірақ, соңғы жылдары ол жаққа кеткендерден гөрі, кетпегендерге деген дүдәмал көбірек ұялайтын болды кңілге. Сол көңілдегі дүдәмалдан арылу үшін де, Б.Майлин жөніндегі берілген әйгілі жауабымен ақтығы әйгілі Ғабит Мүсіреповке екі сұрақ берген болатынмын. Бірі — Ғ.Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Алтынбеков, Қ. Қуанышовтар 1932 жылдың орта шенінде партияның өлкелік комитетіне жолдаған алты коммунистің әйгілі «Алтаудың хаты» туралы еді де, екіншісі Мүсірепов төңірегіндегі адамдардың өткен кездердегі адалдық, не арамдық жолдары еді. Бірінші сұрақтың жауабының бұл арада қажеті болмас. Екінші сұрақтың жауабын айтатын: Ғабең жай ғана, баппен ұзақ сөйледі де, бір кезде ашық, ашаң ақ маңдайына шалқая түскен керік қасын одан сай-

ын кере түсіп, мұрнын жеңіл ғана бір тартып, мекіреніп, алысқа көз тікті де: «Мені қаралап жазған 27 адмның тізімі кейінірек қолыма түсті. Бәрі де өзіміздің төңірегіміздегі көгалда оттап, онша ұзаққа жайыла қоймаған адамдар екен. Оларды сен білесің, бірақ, аттарын атамай-ақ қояйын, саған керегі, әлгі, өзіміздің Әлжаппар ғой деп енді маған қарап, жеңіл ғана кеңілдеп, мұрнынан күлді де, сөзін қайта маңғаздана созды. — Мен де, жұрттың айтуымен «Әй, Әбішев жолдас, тап осы жолы тізімнің «А» деген басынан-ақ табыларсың-ау деп едім, жоқ «А» дан да «Я» дан да табылмады. Содан бері мен Әлжаппардың адалдығына сенетін болдым...

Міне, сөйтіп, алғаш әдебиеттің қасиетті сарайына Сәкен Сейфуллин жеңінен тартып, жетелеп кіргізген Әлжаппар Әбішев, жастары, қатары өзінен ілгері-соңды Мүсіреповтердің сеніміне кіріп, солармен қоян-қолтық араласып, тізе қоса, өзіндік еңбек бере бастаған еді. Содан бергі ұзақ жылдар бойы, яғни қырық жыл ішінде жазған прозалық шығармалары «Армансыздар», «Төлеген Тоқтаров», «Саржан», «Жас түлектер», «Терең тамырлар», «Сахара сәулеті» атты повестері мен «Найзағай», «Ғаламат», «Сәуленің күлкісі», «Қайран әкелер», «Атыңнан айналайын» романдары — сол алғашқы достары бағалаған «Завалдың» жалғасы, жазушы жолдастарының азаматтық сенімін ақтаған, халқына берген еңбек жемістері.

Мен, бұл, арада жолдастарының бағасын алып, сеніміне кірген сөзді басымырақ мен беріп, екпін түсіре қайталауым тегіннен-тегін емес. Әлжекең, өзінің айтуына қарағанда, жазушылықтың ұзақ, қиын жолында, бел-белесімен, түрлі өткелдерінде төңірегіндегі жолдастарының сын қайрағымен қайралып, отты көрігімен қыздырылып, суық суымен суарылып, шыңдалғанын, өз ортасынан қуат алып, самғап ұшуына жолдастарының демінің өзі туған

асқар тауы Аспан тауының лебіндей демегенін әрқашан мойындап отырар еді.

Ж/эжхз-, азушының қиын да, қызық жанр, қуатты да қыңыр жанр, ашылар құлпының кілті аспанда емес, кісі қолында, бөтеннің билігінде тұратын, бірде атағын көтерсе, бірде намысыңа тиетін ауыр жанр драматургия, театр сахнасына келгенде де әлгі достарының дем беріп демеуімен, қуат беріп қолдауымен келген еді.

Жазушының драматургия саласында тұңғыш шағын пьесасы «Совет қызын» оқып, алғаш рет Мұхтар Әуезов оның драматургиялық қабілетін танып, бағалап, жол сілтеген. «Одан кейін, «Жолдастар» атты пьесамды талқылап болған соң, тағы да Әуезов құлшына сөйлеп, сөз соңында құттықтап, қолымды алған еді. Әр кезде, пьеса жазсам-ақ, соңынан Мұхаң оқып, сын көзімен қарайтындай сезінемін», дейді бір сәезінде Әлжекең. Әрине, бұлар – жазушының да, қазақ драматургиясының да елеулі туындылары емес. Әйтсе де, сол кішігірім дүниелерден, қаламгердің үлкен болашағын көріп, демеген достардың жылы емеуріні жазушыны, сөз жоқ, бүгінгі дәрежеге жетелеген еді. Осындай қаламгер жолдастарының әділ бағасын алып, қанаттанған жазушы бұдан кейін драматургия жанрына ден қойып, сахна өнерін игере бастағаны өз алдына, енді сол тұста атағы шыққан Мұхаңмен бірігіп, «Намыс гвардиясы» атты пьесасын да жазды. Бұл пьеса Әлжаппар Әбішевтің әдебиет аспанында драмалық туындымен жарқ етіп көрінуінің басы болса сонымен бірге бұл шығарма автордың азаматтық бетін де айқындайтын еңбек болып кірді әдебиет тарихына. Әуезовпен терезесі тең болып отырып, тізе қоса бірігіп жазы көп сыншы мен көп көрерменді кезінде талай жұмбақ ойға да қалдырып, жақсы пікірге де келтірген.

Ертеректе, шәкірттік шаруалармен Мұхаңның

үйіне жиірек барып жүріп, бір үлкен фотосуретті көргенім бар. Оның екінші көшірме сыңарын кейінірек Әлжекеңнің жұмыс бөлмесінің төрінен тағы да көрдім. Онда Әуезов пен Әбішев бір дарияның жағасында жатқан үлкен жалғыз жетім қойтастың үстінде қатарласып, әрең сиып отыр. Екеуі де, осы күнге дейін, менің жазушылық, әрі қазақи көзіме міне-міне ұшуға дайындалып, қомданып отырған қырандарға ұқсайды. Айырмасы — бітім, тұлға жағынан Мұхаң аспанды барлай асықпай қалықтайтын бүркіт сияқты да Әлжекем лып етіп, бүре түсер тұйғын сияқты. Осы суреттің әсері ме, менің ойымда бірін артықсынып, бірін қомсыну емес, бірақ құсбегілік ынтықтық шығар, бүркіт пен тұйғын қырандар тобына жататын ағайынды құстар болғанымен, бір аңға — бір жемге түспейді ғой, «екеуіңіз қалайша бір тақырыпқа, бір қалыңдыққа құда түстіңіздер?» деген сұрақ көкейімде жүретін. Осы сұрақты бір әңгіме үстінде Мұхаңа, өзімше жұмсартып, қойдым: «Бір пьесаны екі адам қалай жазады? Оған басқаны емес, Әлжекеңді, қалап, қосып алуыңызға не себеп?» Мұхаң қашанда өзінің бабына келіп отырғанда бір сұрақтың төңірегінде аса білімдарлықпен, талай-талай қызықты да тың әңгімелер айтып, философиялық ойлар төгіп тастайтын әйгілі ғұлама, бұл жолы да, екі адамның бір шығарма жазудағы қиын тәжірибелі дәстүрлері жайында көп-көп мысалдар келтіріп, бүгінгі тақырыптың қиындығы жайлы, әсіресе оның нанымдылығы жайлы тоқтала келіп, соғыс жайында шығарма жазғысы келетіндігін, бірақ оны жете білмейтіндігін, ұрыс-таласын көрмей тұрып, қалам тартудың лайықсыздығын айтып, бір адамның өзін қатты алдағанын, кеңкілдеп күле отырып әңгімеледі. Майдан даласына Қазақстаннан сыйлық тарту апаратын делегациямен барған бір қаламгер сол жолы өзінің 18 неміс-фашистин атып, қырып келгенін

айтып, мені таңқалдырып еді. Кейін бір әңгіме үстінде ол байқамай: «Майданға барған жолы 30 немісті өлтірдім деп, көзімізді бақырайтып қойып айтып бергенде, төбеме мұздай су құйып жібергендей болды. содан, Әлжаппардың майдан шебіне Қазақстан делегациясымен баратынын естіп, бұрын да Бауыржан туралы ұзақ-ұзақ қызықты, тартымды әңгімелер айтып берген оған «Сен ұрыс майданы жайынан біраз деректер, мағлұматтар жинап, екеулеп пьеса жазайық деп тапсырдым». Менің Әлжаппарға қызығуым, алдымен, оның драматургиялық қабілетінен гөрі, өтірік айтпайтын қасиеті. «Бәлі, көп жазушыларымыз пайдасы болсын, болмасын, қисыны келсін, келмесін, адамды алдауға бейім тұрады, ал Әлжаппар ондайға икемсіз, тіпті өтірік айтқысы келсе де, өтірік айта алмайды». Міне, Әлжекеңнің әдебиеттегі, өмірдегі тағы бір қасиеті – Мұхаң айтқан осы өтірік айта алмағандығында. Тіпті, жазушылар туындыларынан кемсіндік, жетімсіздік іздеген сыншының өзі Әбішев шығармаларындағы осы өтірік айта алмаған жағынан табар еді. Сонымен, Әуезовтің сілтеуімен Солтүстік майданда жүрген Бауыржан Момышұлын тауып, алып Холм қаласында бір ай жатып, соғыс даласының алыстан болса да, гүрілі мен сарылын, дүрілі мен күркілін естіп, бар көрген ғаламаттарын айнақатесіз айтып келген Әлжекең Мұхаңмен үш төрт ай бірлесе отырып, «Намыс гвардиясы» атты, жылдар бойы театр реперуарынан түспеген атышулы пьесаны жазған еді..

Бұдан кейінгі қазақ даласындағы бүкіл театрлар даласын аралаған, сол кездің үлкен қажетіне жараған мақтаулы да, ең зор туындысы достық пен маббатты қазақ драматургиясындағы ең үздік туындыға жатқызып, алғаш баға бергендердің бірі де Әуезов болатын: «Жалпы, халықтар достығы туралы дүние жүзінде ең көп жазған кім деп сұрай қал-

ғанға, өз басым, ойланбастан, қазақ жазушылары дер едім. Соның ішінде Әлжекеңнің қаламының ұшына жақсы қырынан ілікпеген ұлттар өкілі кем-де-кем шығар-ау».

Драматургтің үлкен бір ерекшелігі, өз дәуірінің өзі өмір сүріп отырған уақытының тынысын, дөп басып, өз замандастары туралы, бір сөзбен, бүгінгі күнгі тақырыпты шығармаларына өзек етуі дер едік. Өзінің алдындағы Әуезов, Мүсірепов сынды майталман драматургтерден айрықшылығы да осында. Әрине, Аймауытов, Сейфуллин, Майлиндердің ғұмыры ұзақтау болса, мүмкін бұл ерекшелік ерекше айтылар ма еді, айтылмас па еді? Әрине, халық ауыз әдебиетінің таңғажайып шығармаларын сахнаға әкеліп, жаңа жанрлық түр берген Мүсірепов, Әуезовтерді ескі дүниелердің төңірегінен аса алмады деп кінәлаудан аулақпыз. Әйткенмен, жаңа өмірдің, жаңа тіршіліктің күңгейі мен көлеңкесін көбірек сөз еткен Әлжаппар Әбішев пен оның қатарластары Шахмет Құсайынов, Әбділдә Тәжібаевтарды ерекше атаудың да артықшылығы жоқ шығар.

Бір ғана академиялық театр сахнасында ең көп жүрген, соның ішінде бүгінгі өмірдегі, бүгінгі замандастар бейнесін шығармасына ең көп арқау еткен, уақыт дөңгелегімен бірге дөңгелеп келе жатқан Әлжаппар Әбішев пьесалары десек жаңылыспаймыз. Оған қырқыншы жылы қойылған «Отан үшіннен» бастап, «Жолдастар» (1941 ж.), «Қырағылық» (1942 ж.), «Намыс гвардиясы» (1942 ж.), «Мен өлмеймін», «Достық пен махаббат», «Армандастар» (1947-61 жж.) трилогиясы, «Бір семья», «Күншілдік» (1945 ж.), «Кім менің әкем?» (1957 ж.), «Белгісіз батыр» (1968 ж.), «Мансап пен ұждан» (1971 ж.), «Мәди» (1980 ж.) қойылымы дәлел. Бүгінгі қоғамымыздағы күнбе-күнгі тіршілігіміздің қай саласында болмасын, сыншылар жіктейтін өндіріс,

семья, мораль, соғыс пен бейбітшілік тақырыптарының қай-қайсысында 60 жылдық шығармашылық өмірінің ішінде жазған 36 пьесасының өн бойынан іздеген адам молынан табар еді.

Әлжаппар Әбішев – күндер өтіп, жас озған сайын тоқырай бастайтын жазушылардың қатарына жатпайды. Күн асқан сайын, өрге шапқан сайын өршелене түсетін хас жүйріктердің мінезі бар оның шымыр бойында кейінгі жылдарда 70 пен 90-ның аралығындағы биік асудан асқан шағының өзінде жазған үш роман, он шақты пьесасы оған айғақ. Оған да себеп, тағы да қайталап айтамын, Әлжекең елімізде күнделікті болып жатқан кіші-гірім жаңалықтардан бастап, ұлы өзгерістерге дейін бос жібермей, заман қайшылықтарын, күреспен, тартыспен өтетін тіршілік үрдісін, қаламына желік ететін, өзіндік ұшқырлығы бар, ұтқырлығы бар драматургтігі. кейінгі бір жылдары жаңа қоғамның жаңа қиыншылықтары мен жаңа проблемалары жөніндегі ауыр толғаныспен үлкен парасаттылық, мол өмір тәжірибесін бетке ұстап, саралы да салмақты жазған «Шерлі шежіре» атты қымбат еңбегі бұл сөздеріміздің дәлелі.

Біреулер ұшан-теңіз, қап-қап білімін онша іске асыра алмай, таудай білімінің мысқалдай пайдасын көре алмай жүрсе Әлжекең мысқалдай білімімен ғана еліне үлкен, ерен еңбегін сіңіріп жүрген, бұл тарапынан да басқаларға ұқсамайтын ерекше бір творчество иесі.

Біздің біраз жазушыларымызды ерте қажытып, ерте қартайтып жүрген атақ пен мансап. Әлжекеңнің ретсіз зерде қисынын келтіріп, бере ғой деп атаққа еңмеңдей ұмтылып, кимелей қол созғанын көрмедік. Әр жылдардың сәтті соққан сағатында рет-ретімен берілген ордендер мен халық жазушысы деген атағына дән риза. Бүгінгі тоқсанға келгенше, қолы жеткен ордендер мен атақ-

тарға мына көлденең біздер ғана қомсынуымыз мүмкін. Ал, Әлжекеңнің өзі атжалын тартқалы үкіметі, әлі не берсе соған ырза. Жақында ғана он жылдай ат ізін салмаған еліне барып, кіндік қаны тамған топырағына аунап, өткендер мен кеткендерге бата қылып, алақанын жайып, дұға етіп қайтқанда, елі арнайы үй тігіп, мал сойып, тойдың мол қызығына өздері кенелген, ел ықыласына дән риза болып Президентіміз төрт күнге мінгізген өкімент вагонна балаша мәз болып, Елбасының ерекше ер екенін жол бойы қайта-қайта жыр еткен қуанышына куәміз.

Тіршілігіне де тоқмейіл Әлжекеңнің қартаюы да көп адамдарға ұқсай бермейді. Қалай дегенде де өзінше қартайып келеді. Ернінен насыбайы кетпей, аузында түкірігі кеппей отырар ертеректегі қайсыбір шығыс шалына да, езуінен темекісі түспей, аузынан жуа мен арақ исі кетпей отырар ертеректегі батыс шалына да ұқсамайды. Немесе сонау бір жылдардағы қай үйдің пешінің мойнынан түгіні мен қазандығынан жылы-жұмсағаның исі шығады екен деп жұтынып, дастарқанның шетінде емініп, өсек-аяңды судай сапырып, рушылдық пен жершілдікті көпіртіп, қоздырып отырар жымысқы масыл шалдардай да емес, немесе, осынау бір жылдардағы қайсыбір пенсионерлердей еліме, жеріме берерімді беріп болғанмын, енді жемісімді теріп, жинап, демімді алар шаққа да жеттім деп, демалыс үйлері мен сапаршы қонақ үйлерін босатпай, шалжайып жатып, жасын міндетсіп, еңбегін бұлдап бөлденетін шалдардай да емес.

«Әзілің жарасса, атаңмен ойна» дейді. Ойыным да, шыным да сол Әлжекең кейінгі жылдары: «Көк желкеден ұрар өлімнен де, тосыннан келер ажалдан да қорықпаймын. Тек ұяламын, — дейді. — Ұялатыным — алдымнан бар жүкті арқалатып тастап кеткен Мұхаң, Сәбең, Ғабендер шыға келгенде, сонда-

рында қалып, не бітірдім деймін. Әдебиет пен өнерді әлсіретіп алдым, кеңес айтып, ақыл бере алмадым, жүдетіп алдым деймін бе?» — деп күйзеледі.

— Әлжеке бұл дүниеде күйзелмей, о дүниеге ұялмай барғыңыз келсе енді бір жыл ғұмыр сүріңіз. Президенттің стипендиаты болып, үйіңізбен көрші Жазушылар одағының арасында томпаң қағып жүре беріңіз. Сонда еліміздің көркі де, тұрмысы да жақсаратын шаққа жететінімізге Елбасына қосылып, біз де сендіреміз. Өз үйі мен жазушылар үйінің арасын шаңдатып, жол қылып, таң намазынан намаздыгерге дейін құтты мешітінен шықпай, Жазушылар одағы ғимаратында ақы алмай ақылын айтып, пұл сұрамай батасын беріп, ақсақал атына лайық тіршілік етіп, тіпті кейде, болмашыға асығыс кейіп, бірдемеге асығыс киліксе де жақсылық пен адалдықты қорғап, шындыққа ара түсіп, қонақтан гөрі, қоғамға көбірек уақытын кетіріп жүрген Әлжеке, арамызда осылай әдебиет дариясында бірде тұйғынша шүйіліп, бірде қаздай қалықтай беріңіз. Біз Сіздің жасыңызды кеспейік, жасай беріңіз. Жолыңызды да кеспейік, ілгерілей беріңіз. Ешкім кеудеңізден итермейді, ұмтыла беріңіз, ешкім қолыңыздан қақпайды жаза беріңіз. Сіз жүзге жетуге уәде берсеңіз, мен сол жүздегі тойыңызда тағы да баяндамашыңыз болуға уәде берейін!

«Егемен Қазақстан», 9 қазан, 1997 жыл.

ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҮСТІНДЕГІ ЖҰЛДЫЗДАР (Алпысқа келген режиссерге алпысқа келер драматургтен құттықтау хат)

Апырай, Әзірбайжан сенің де алпысқа келіп қалғаның ба?! Кеше ғана тай құлындай тебісіп, ойнақ салып жүрген жастық шақты екеуміз де «әкем театрға» үзеңгілес келіп, қатар қызметтес болғандықтан шығар, «тай күнінде шапқан аттың бестісінде де тай аты қалмайды» дегендей, маған әлі де сол жапжас Азик құсап көрінесің. Ал, шындығында, адам жасының сақалмен емес, көрген қызығы, тартқан азабымен таразыланатынын, өткен жолы, еткен еңбегімен бағаланатынын ескерсек, сенің өмір-өткелдеріңді бір сәт ой елегінен өткізсек — талай алып жылдардың жүгін иығыңмен көтеріп, талайды басыңнан өткеріп, қолыңнан атқарып, алып алпысқа алшаңдай басып, аршындап-ақ жеткен екенсің.

1932 жыл — сенің туған жылың. Бүкіл халыққа ерекше зауалды зобалаң жыл еді ғой. Екі жарым миллион халқы қырылған қазақ жерінде отыз екіде жаратылған бала не, туа естияр боп тірі қалады екен, не, туа есалаң боп, қайта дүние салады екен. Жалпы, отызыншы жылдары туған балалар, дүниедегі ең бір кеселді уақытқа тап болған ұрпақ — қиындық пен қысастықтың не бір тауқыметтің ащы зардабын тартқызып, теперіштің небір адам төзгісіз түрлерін көрсетіп, оттан шығарып шыңдап суға салып суарып, тәжірибе сынынан өткізуге арнайы жаратқан ұрпақ сияқты. 32 жылдан селдіреп аман қалған әкелердің біразын кейін 37 жылы құртса, енді қалғандарын 41 жылы жауға салды. Әйтеуір бұл ұрпақтың тұлдырын қалдырмай, көбін ата-анасыз жетім етті. Бұлардың балалық шағы да жетіскен жоқ. Жыртық киім киіп, жыртық көрпе жамылып, жыртық кітап оқып, жыртық өмір кешті. Бұлардың алдына мал салып, жанына жасау беріп, қалың әперіп,

отау тігіп берген де ешкім жоқ. Тырмысып жүріп оқыды, тыртысып жүріп үйленді, тартысып жүріп қызмет етті. Бала боп өскені аз, кілең екі иығынан зілдей басқан ауыртпалық салмағынан өспей қалған өңкей орта бойлы, мықшегелер. Жалпы, отызыншы жылғылар табиғат ұстасының төсінде шыңдалып, мұздай суымен суарылған жаны сірі, еті тірі жандар.

Биыл алпыс жылдығын қадари халінше әркім әртүрлі, біреуі мол, біреуі кем, біреу алаңдап, біреу далақтап тойлап жатқан сенің құрдастарың, халықтың қалаулы тамаша ұлдары — Еркеғали, Шерхан, Кәкімбек, Камал, Сейдахмет, Шота — әлгі өткелдерді өткен, қиындықтың оты мен суында суарылған алмас қылыштар.

Міне, сен де, Әзірбайжан, отызыншы жылғы төлсің, әлгі айтқан тауқыметтерді бір кісідей тартқан, өмірдің ащы-тұщысын көріп өскен азаматсың. Тоғыз жасыңда әкеңнен қара қағаз келіп, он төрт жасыңда анаң өліп жетім өскен жігітсің. («Жаралы гүлдер» деген пьесамдағы Мәмбетов деген баланың тіршілігі — сенің тіршілігің болатын. Оны сахнада әпкең Аққағаз Мәмбетова ойнап еді).

Әйтсе де, құдай тағала, сені тез жылатып, тез уаты. Астанада, Аққағаз бауырыңның қолында өскен сен бала күніңнен өнер адамдарының көзіне түсіп, Айманов, Дияков сияқты аты әйгілі адамдардың қамқорлығына ілініп, өнер жолына ерте баулындың. Өз жолыңды ерте таптың. Табаңдап тырмысып, кеудеден итерсе де, қайыспай қасарысып жүріп, Мәскеуде оқуға түстің. Онда да жаны таза жандар — әйгілі Горчаков, Раевскийлер қамқорлығына алып, ұстаздық етті. Үлкен өмір мектебін, өнер мектебін өттің. Тістелеп жүріп асырап, алақанына салып аялап өсірген апаң мен өнерлі жездеңнің қамқорлығына, енді жанұя қамқорлығы қосылды: өміріңді түсініп, өнеріңді бағалайтын, өзі де өнерлі Ғазизаға, қазақ

аспанындағы қазақ қыздарының болашақтағы жарық жұлдызының біріне болашақ өміріңді қосып, өнер тауларының алып шыңдарының бірі — Ахмет Жұбанов сияқты қамқор атаға ие болдың. Ол таланттыңды, даңқыңды жебеуші, әрі ақылшы әкеңдей болды. Сөйтіп, өлгенің тіріліп, өшкенің жаңды. Тұрмыстағы тарылу, тарығудан арылып, күн көру жолындағы ұсақ күйбеңнен қолың біржола босап, тек еңбекке ден қойдың. Туысқандарың — апа-жездең, жарың, ата-енең, өзің, міне, төрт құбылаң түгелденді деген осы. «Шіркін-ай, көлденең алаңдарым болмай, тіке бір-ақ жолмен айналыссам» дейтін жас творчество адамының арманы осы емес пе?

Енді қызметте де, сенің төрт құбылаң түзелді: сен режиссерлық қызметті бірден — қазақ өнерінің қара шаңырағы — Академиялық драма театрынан, іргесі баяғыда көтеріліп, шатыры баяғыда жабылған өнер ордасынан бастадың. Академиялық драма театрына келгеніңде үлкен үйдің иелері түп-түгел басы бүтін еді. Өнердің қара шаңырағын көтерген дара-дара дарындарының, қазақ даласының табиғаты болаттай, құйып жаратқан қадау-қадау өнер алыптарының, біртума кемеңгерлерінің төрт көзі түгел болатын ол кезде. Сен Мәскеуден қоржындап әкелген режиссерлік біліміңмен оларды үйретуге келгенмен, олардан үйренерің, өнеге тұтар жақтарың көбірек екенін түсінген болатынсың. Жаратылысында сом құйылған биік те мықты тұлғалардан сен ежелден өнер дарыған, салихалы, салмақты мінезді бойыңда дарытқан қазақ жұртының пейіл кеңдігін, дарқандығын, кішіпейілділігін, сөз қадірлейтін, үлкенді сыйлап, сөзге тоқтап, әділет алдында тәжім етіп, тосыла да білетін халықтың мінезін солардан көрдің, тіл ұстартудың, шешендіктің не екенін ұқтың. Үйрендің дегенім осы. Үйрену бар да, игеру бар. Қаншама игердің — ол өзіңнің ыждағатыңа, албырлығыңа байланысты. Іргесі қаланған театрға алдымен шәкірт

болып келдің дейтінім осы. Бұл шәкірттік режиссерлер ішінде сенің ғана маңдайыңа жазған, сенің ғана тәлім алуыңа жазған бақыт. Енді келер, кешеуілдеп жетер – режиссерлерге бұл бақыт жаза қояр ма екен? Саған ұстаз болған алыптардың қатары сиреді, тіпті көбі жоқ. Сол ұстаз қалпында, олардың қайталануы, ай-ай, неғайбыл-ау. Ол алыптар – Қалыбек, Елубай, Шәкен, Серке, Қапандар еді ғой. Міне, қазақтың үлкен қара шаңырағына кіргенде алғаш басыңа қонған бақыт құстары осылар. Бұл – театр өнеріндегі бірінші құбылаң – бірінші бақытың.

Екінші құбылаң – екінші бақытың, ол – өз қатарың, өз құрбы-құрдастарың – аса талантты Н.Жантөрин, Ы.Ноғайбаев, З.Шәріпова, Т.Жайлыбековтер сияқты айтқаныңды ұғып, көрсеткеніңді түсініп қана қоймай, режиссерге де ой салатын, кей тұста терезесі тең түсетін дарын иелерімен қызметтес болдың.

Үшінші құбылаң – үшінші бақытың, театрға өзіңмен бірге ілесе келген, өкшеңді баса келген, тағы да керемет дарын иелері Асанәлі Әшімов, Әнуар Молдабеков, Фарид Шәріпова, Матан Мұраталиев, Есболған Жайсаңбаев, Торғын Тасыбекова сияқты, аузыңнан шыққанды екі айтқызбай қағып алып, екі есе ұлғайтып, өсіріп, жетелеп әкететін, жетекшіні қажытпайтын, малтықтырмайтын жас-тарға ұстаздық етуің.

Театрда сенің абыройлы еңбегіңе, биік тұғырға көтерілуіңе, бүкіл одаққа әйгілі режиссер болуыңа жетекші, – төртінші құбылаң, төртінші бақытың, – жасаған ие өзі жар болып, өз бойыңа меншіктеп берген, ешкімнің үлесі жоқ өз қара басыңның бақыт құсы – табиғи талантың еді. Осы табиғи талантыңа астанадан алған білімің – оқулықтардан оқығаның мен сахнадан көріп тоқығаның қосылып, үлкен шаңырақта қойған алғашқы спектакльдеріңнің бірі («Ертіс жағасынан» кейін) «Бөлтірік бөрік астындадан» бастап, режиссерлік бағың жанды.

Өнер алыптарының көзіне түстің, көрермен қауымның ілтипатына іліктің. Сахна өнерінің түлектері, алға ұмтылған мақсатың мен үмітіңнің шырағданындай жағылып, өрге қарай, қияндағы қиялдарға жетеледі. Сенің режиссерлік қиялыңның бір белесі, театрдың биік бір асуы — «Ана — Жер-Ана» дүниеге осы сенім күшімен, талант жебесінің ұшымен келген еді.

«Ана — Жер-Ана» қазақ сахнасын ғана емес, бүкіл Орта Азия, Шығыс елдерінің сахналарын бір сілкіндіріп, көктем күніндей батыс елдерінің сахналарына қарай жылжыды. Сол кездегі өз жеріміздің топырағында жаралған өнер ордасына ғана емес, республикалар сахнасына жаңа бір көктем лебі есіп, жаңа бір көктем шуағы түсті. Қазақ сахнасына тұңғыш рет шарттылық пен шындықтың сұлу жымдасуы пайда болса, яғни режиссуралық жаңа шеберлік қыры дүниеге келсе, бұл жаңалыққа жаңа ән, күй де үйлесіп, бұл соны жолға жаңа әуен де қанаттаса келіп қосылды. Талант шуағына бөленген, дарынды туындыға тебіренген режиссердің жұбайы Ғазиза да сахнаға жаңа музыка шуағын төкті. Композитордың жаңа қыры ашылды — талантты талант оятты. Өз қосағын жаңа танып, жаңа ұққандай, жаңа көзі ашылып, жаңа түсініп еміренгендей сырлы дүниеге енген режиссер, қос аққудың қосыла сызылтып ән салып, қатарласа ұшқанындай опера-балет театрының сахнасына қалай барып қонғанын да аңдамай қалған сияқты. Жаңа бір драмалық шешімін тапқан «Еңлік-Кебек», «Құрманғазы» операларының қойылымдары еш бөгеттегі, бөгесінді елемейтін айғыржал тасқындай, жастық тегеурінмен келген өнер тіршілігіндегі тағы бір биік бел-белестер шығар-ау, Әзірбайжан?!

Театр алақанына салып қалай көтерсе, сен де театрдың дәрежесін солай көтердің, ол — шындық. Мәскеу, Ташкент сахналарын айтпағанда, Франция,

Иран елдерін аралап, қазақ өнерін дүние жүзіне паш ету, сенің тікелей басшылығыңның, талабыңның, талантыңның арқасында ғана іске асқан игілікті іс. Ләйім, осы дәстүрді ұстасақ екен...

Сен театрға келгелі талай әртістер СССР халық әртісі, Қазақ ССР халық әртістері, еңбегі сіңген әртістер қатарына көтерілді. Мұндай дәрежелі театр бүкіл одақта сирек еді. Ол талантты қазақ әртістерінің өз творчестволық еңбегімен ғана емес, сенің де режиссерлік басшылығыңмен, қайраткерлік іскерлігіңмен келген дәрежелер екенін, мойындағысы келмейтіндер де амалсыз мойындайды. Әзірбайжан, сен өз театрыңа ғана емес, басқа облыстық театрларға да қамқорлық еткен адамсың. Режиссуралық қолғабыс өз алдына; ол театрларға сенің стилінде басшылық ететін шәкірт режиссерлер де дайындадың. Олар – Жақып Омаров, Чапай Зұлқашов, Сәулебек Асылханов, Жанат Хаджиев, Шәйім Шабаев, Вениамин Ким, Асқар Дүйсебаевтар.

Сен, Әзірбайжан, өміріңе үнемі өкпелі жандай тосырайып, көп дүниеге көңілің толмай жүретін жан сияқтысың. Бұл сыртқы түрің бе, әлде, ішінде де неше бір қыжыл қайнап, неше бір төбеттер ырылдасып жата ма? Бұл арасы беймәлім. Егер өз творчестволық өнеріңе, әр қойған қойылымыңа көңілің толмай, өз өнеріңді әрдайым олқы санап жүрсең, ол шын өскелең таланттың бойындағы асыл қасиет. «Батыс классикасына, басқа республика классиктерінің шығармаларына жиі көңіл бөліп, өз төл әдебиетімнің жақсы туындыларына сирек көңіл аударамыз-ау» деп қынжыласың, ол қынжылысың да орынды. («Ертіс жағасында», «Бөлтірік бөрік астында», «Құдағи келіпті», «Ант», «Қан мен тер» қойылымдары, әрине, аз шаруа емес. Әйтсе де...)

Бірақ, «еңбегім жанбай жүр, дер кезінде көзге түсіп, қоғамдық орындардан тиісті бағамды ала-алмай жүрмін» демейтін шығарсың. Егер, жалпы ре-

жиссура өнері Ресейде ХІХ ғасырдың аяғында дамып, ХХ ғасырдың бас кезінде ғана біздің республикаға келгенін ескерсек, осы аз уақыттың ішінде аз ғана шыққан режиссура корифейлерінің ішінде жас қазақ режиссері Әзірбайжан Мәмбетовтің аты мен атағының жер жарып, әлемге танылуы аз табыс, аз үлес емес. 33 жасында (Еліміздің (ССРО) кезінде) ең таңдаулы театрларының бірі қазақтың Академиялық театрының бас режиссері, әрі директорлық қызметіне ие болу, 44 жасында СССР халық әртісі болу, ол екі ортада Қазақ ССР, СССР Мемлекеттік сыйлықтарын алу, профессор атану, бұратана халықты әлі де төмен ұстап, империялық түсініктен орталық қаладағылар әлі де арыла алмай жүрген шақта, астаналық әйгілі режиссерлер Ефремов, Симонов, Эфрос, Захаров, Любимовтармен аты-шулы съездер мен мәжілістерде, баспа бетінде қатар аталып, қатар мадақталып жүруің басқа өнер адамдарының маңдайына дер шағында жаза қояр ма екен. Бұл — шын еңбектің дер кезінде шамшырақтай жанғаны емес пе?! Ендеше, бұл тарапынан да тағдырға да, ешкімге де өкпең жоқ шығар. Тірісінде отты шығармаларының шырағы жанбай, қиянаттың құрбаны болып кеткен таланттар аз ба?!

Рас, бір кезде, Аймауытов, Шанин сияқты тұңғыш қазақ режиссурасының алғашқы қарлығаштары айдалып кеткен соң, жылы орнын баса қойған кірме режиссерлердің Мәмбетов сияқты оқыған, жергілікті қазақ маманын әртүрлі әдіспен итермелеп, қақпайлап, үйірге кіргізбей, өз қонысына өзін қондырмай жүрген кездері болған. («Ана — Жер-Ананы» қойған соң, Мәскеуге кино өнерін қуып кетуге мәжбүр болғансың. Бәрібір қайта оралдың ғой көліңе).

«Ана — Жер-Ананы» бірден ұға алмай, кейбір сыншылардың қырық саққа жүгірткеніндей, фольклорлық шығармаларға жаңа шешім тауып, романтикалық-тарихи тұрғыда жаңаша қойған «Қобыланды»

сияқты қойылымның көбесін сөккен көбетайлар да, бағасын түсірген Бағыбектер де болған. Ол — творчестволық айқас. Жақсы, тың туынды қашан да бірден ұғымды бола бермейді, дау тудырып барып түзелетіні заңды құбылыс. «Сенің кейбір әңгімелеріңнің соңы түсініксіздеу аяқталады», дегенде, Оралханның: «Жаңа, модный нәрсенің бәрі түсініксіз болады» дегеніндей, соны дүниенің бәрі бірдей қабылдана қоймайтыны бар. Ондайларға асығып-үсігудің қажеті қанша. Уақыт өзі есебін келтіреді, тезге салады.

Әзірбайжан, сені біреулер қу дейді, біреулер аңқау дейді. Екеуіне де қосылуға болады, — егер, сенің қулығың қайсыбір ақылсыздардың, әпербақандардың, алаяқтардың алдында айлаға басып, жол табар ақылды қулық болса, ондайды құптамасқа да не шара. Ал әшейін, беті күліп, іші жібімей тұратын, қапшық-қапшық уәде айтып, шағыммен келгенді аярлықпен, қамқорлық іздеп келгенді қампиған құрғақ сөзбен шығарып салатын сұм айлакерлік болса, оның жөні басқа. Сенде қулық бар да, сұмдық жоқ. Парасатты Ахаңның тәрбиесімен келген ақылды айла да бар, құбылмалы заманның құйтырқысына лайық қолданар жымысқы қулық та жоқ емес. «Заманың түлкі болған соң» сені ол үшін жазғырудың да реті жоқ. Ал, енді, батыр аңғал демекші, сенің аңғал екенің елге аян. Желтоқсан уақиғасында: «Мен Әзірбайжанмын, мыналарың не сұмдық, халық сөзіне құлақ асу керек!» деп қарулы әскери жасаққа қарсы ұмтылдың — көзсіз батырлық қана емес, әлі де ел ағасын, дарынды азаматтарды, депутаттарды (сол кезде) түсінеді, тыңдайды деген ақкөңіл аңғалдығың. Империялық түсініктегі адамдар ондай демократияны, үлкенді, дарынды сыйлайтын ізеттілікті қайтсын. Халқың үшін жаның ашып, көбелектей отқа түсу — өз халқыңды, өз ұлтыңды сүйетін шын жүрегіңнің белгісі екенін, сол үшін ризалығымызды 60 жылдық

торқалы тойында құттықтауға қоса айту біздің парызымыз.

Иә, Әзірбайжан Мәмбетов, сен де алпысқа келіп қалыпсың-ау. Өкінішті, өкінішсіз өтіп бара жатқан өмір. Өкінішсіз болатыны сенің өмір тарихың, үлкен бір театр, – өнер қара шаңырағының тарихы. Еңдеше, сенің өмірің жәй өткен өмір емес, ізі, өз тарихы бар үлкен өмір. Өкініштісі – сен театр табалдырығын аттаған аз да мағыналы ғұмырда талай театр алыптары ерте өмірден өтіпті. Қаншама, табиғат заңы десек те, солардың көбі тым ерте сөңді. Шіркін-ай, бәрі де өнердің «қара шаңырағы – театр шаңырағының үстінде жарқыраған жұлдыздар еді-ау!».

Иә, қара шаңыраққа қарашы. Күлдіреуіштің арасынан көрінер көгілдір аспанға көзіңді салшы. Апырмай, шынында да жұлдыздар сиреп қалыпты-ау. Бұрын жыпырлап тұратын шоқ жұлдыздар, топ жұлдыздар қайда? Көбі ағып түскен-ау. Кеше ғана, осы театрға келгенімізде бірге қызметтес болған Кәллеки, Серке, Елубай, Шәкен ағаларымызбен бірге, талай театр саңлақтары қайтпас сапарға аттанған екен-ау. Жұлдыздарды санама, атын ғана ата деуші еді үлкендер. Атайықшы аттарын: үлкен-кіші рөл деп қарамайтын Науан хазіреттен бастап, жол бағыттаушыға дейін тамаша тұлғалар сомдаған Қалкен (Әділшінов) келеді көз алдыма, көзін бір алақ еткізіп, домбырасын шертіп-шертіп жіберіп қалжың айтатын, сөз мақамының ғұламасы Рахаң (Сәлменов), Шәкен мен Ыдырыстың ойын үстіндегі төмпешіне «көніп» домалаңдап, өз қара басының, жанұясының қайғылы сәттерінде де сахнаға күліп шығып, көрерменді де рахат күлкіге батыратын Сейфолла Телғараев пен Таңат Жайлыбековтер, өзі де әні де әнші Майрадай, құлаштап тартар гармоны да құлақ құрышын қандырар Сыздықова Күлзипа, сахнада ұлт өкілдерінің рөлін айнытпай салатын, құралайды көзге атқан мерген Алдаберген Нұрбеков, театр

тіршілігінен басқаны білмейтін, бар жан-тәнімен қызмет, жұмыс деп өткен Қарас Кәримов пен Болат Маусымбаевтар, ақ адал мінезімен бар әртіске аға аталып кеткен Мәнтай Сыздықов, сахнада қу, зымыяндардың тұлғасын жасаудағы ең шебер актер, тіршілікте ең ақкөңіл, түбі түскен шелектей даңғырлайтын кіршіксіз Кәмәл Қармысовтар көз алдыңа келеді. театр ұрпағының бір бел-белесі, айтулы бұыннан бастап, өнер ортасына көктемнің күніндей күркіреп, қос арғымақтай арқырап келген Ыдырыс Ноғайбаев пен Нұрмұхан Жантөриндер, солардың соңынан ілесе жеткен, әрқайсысы бір театрға дінгек боларлық жүрегі сергек, жаны сері Әнуар Молдабеков, мінезі де жуастығы да пілдей Матан Мұраталиев, жаны да жайсаң, тегі де жайсаң «кіші бала» Есболған Жайсаңбаев, әннің де, сөздің де көсегесін көгертіп, көкесін көрсететін Мұхтар Өтебаев пен Әуезбаева Раушан, бойы нардай, көңілі аппақ ұлпа қардай, ақындығы да дардай Рахметбай Телеубаевтар келеді көз алдыма.

Алпысқа жеткен шағында аптығыңды басып, біраз уақыт жападан-жалғыз отыршы. Трубкаңа темекі толтырып, өткен кеткенді, иығыңдаға екі періште жазып жүрген жақсың мен жаманыңды, кеңдігің мен кемшілігіңді сарапқа салып, өзіңмен өзің жеке бір кеңесші. Сиреп қалған жұлдыздарыңды, – сөгіле бастаған құбылаңды ойла. Жер-ананың кебезесі бай, қойны кең. Жан салып жаңа таланттар, сом дарындарды ойша іздеші. Қара шаңырақ үстінде жарқырар жаңа жұлдыздар шоғын ізде. Жаңа, дербес мемлекет болған шағымызда мемлекеттік театрымызды, қара шаңырақты жүдетпрудің қамын ойла.

Енді түр. Отыз жыл бойы мінген творчестволық арғымағыңды, шаршаған, еңбегі сіңген қарт атыңды айырбастап, жаңа, тың арғымаққа мін! Талант тұлпарыңа қайтадан бас қамшыны. Жолың болсын!..

«Егемен Қазақстан», 1992 жыл.

БІЗ ДЕ АЛПЫСҚА КЕЛДІК (Тұманбай туралы сөз)

Алпысыңды айтайын ба, Ақындығыңды айтайын ба, Азаматтығыңды айтайын ба?..

Апыр-ай, Тұмаш-ай, сен де алпысқа келдің. Мен де алпысқа келдім. Біздің қатарымыздың алпысқа келгеніне басқалар да сенбейді, өзіміз де сенбейміз. Бұл — отызыншы жылғы туған балалардың — біздің тағдырымыз. Бізден бұрынғылардың қартайғанына сенеді, бізден кейінгілердің қартайғанына сенеді. Ал, біз ше? Бізге сенбейтіні — біз қартайған жоқпыз. «Ауыруға қолым тимей жүр» дегендей, қартаюға қолымыз тимей жүрген жандармыз. Мектеп қабырғасында оқу оқып, жоғары білімді диплом алғанша орта есеппен, ортақ есеппен санағанда жиырма бес жыл өтіпті. Одан соң қызметке тұру, үй болу тауқыметі басталды. Қазіргідей жақсы жұмыс, жылы үй дайындап қойған әке жоқ. Оны сен «Әкелер бізге үй салып кетпеген» деген өлеңінде айтқансың. Әкелердің біразы 32-жылы, біразы 37- жылы, біразы 41-жылы о дүниеге кеткен.

Одан аман қалғандары коммунистік идеямен тойып, балаларын тойындыруды ойлаған жоқ. Қайта біздің оларға үй-жай жасап беруімізге тура келді. Оқу бітірісімен әуелі, өзімізді емес, солардың қамын ойладық. Соларға үй салдық. Оған он жыл кетті деші. Оларды қанағаттандырып, енді тырбанып, қарманып жүріп өзіміз үй боп, қатарға қосылғанша, тағы бес жыл ғұмыр кетті. Енді үй болдық-ау дегенде, балаларымыздың үйлену, үйлі болу қамы келіп қалыпты. Оларға үй-жай жасап бергенше тағы да он жылымыз кетіпті. Сонда, сана — тура алпыс жыл. Енді алпысымызда тапқан-таянғанымыздың, ата-ана мен бала-шағаны асыраудан үнемдеп, іркіп, артылып қалған табысымыздың қызығын көріп, кейде қаламақы үшін де жазатын асығыстықты, ит

тіршілікті, күнкөріс қамын қойып, анда-санда шабыт келгенде ғана жазып, бос уақытта ел аралап, курортта еркін демалып, кездесу кештерде, ел арасында жастарға ақыл-кеңес беріп, ақсақалдық сөздер айтып жүреміз бе дегенде, жаңа үкімет банкирлері әлгі жинағандарымыздың бәрін тартып алып, коммерсанттарға үлестіріп, біз амалсыздан алас-күлес киініп, бесқаруымызды асынып, тіршілік арпалысына қайтадан түсіп, қайтадан сыбанып атқа қондық. Бұрын жасы жеткен адамдар «Ендігі қалған ғұмырымызда балаларымыздың арқасында қызық көріп шалжиып жатармыз» деп қарттың сөзін айтатын. Бүгінгі заманда «балалардың жақсылығы өзіне, жамандығын көрмейін», «балалар қызығын өздері көрсін, бұзығын көрмесек болды» дейтінді шығардық. «Ораза-намаз – тоқтықта», деп, неге айтты дейсің. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, – аздырар адам баласын» деген Абай сөзі дұрыс қой, оның тағы бір мағынасы – «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – қартайтар адам баласын». Міне, үйде көсіліп, сақалды сыйпап жататын сақал жоқ, тапқан-таянғаныңды уайым-қайғысыз ішіп, қарынды сыйпап жататын ондай тоқшылық заман да, тоқ қарын да жоқ, тағы да аласұрып, етек-жеңімді қалай жинаймын деп жүрген бізді қалай қартайдың десін, бізді қалай ақсақал десін. Жарайды, тәубә, денсаулық болсын де!

Міне, сенің алпысқа, ақсақалдық жасқа келгеніңді айтудың өзі ерсі. Сен әлі жассың! Жас болуға тиістісің, тіпті міндеттісің!..

Ал, шығармашылық, ақындық жағыңа келсек, мен сені:

« – Жай күндері тартушы едің «Прибой»

Бүгін тартқан папиросың ірі ғой...

Қызықсың ғой студенттік кездер-ай» – деп жүрген студенттік кездеріңнен, сенің ақындық атыңды жарқ еткізген «Студент дәптерінен» бас-

тап білемін. «Екеуміз де екі айрылған өзендей, махаббатты басқа жанға сыйладық»...

«Шамын жақтың ғой басқаның»... дейтін қимастықтан туған махаббатқа толы өлең жолдарыңның сол кезде-ақ қазақтың бүкіл байтақ даласына әнмен тарағанын білемін. «Құстар әні» адам жанын тербететін тамаша жыр ғана емес, тіршілік гимні, немесе, оптимистік реквием дер едім. Сенің өлеңдерінің көпшілігінің құнын бір қаралық емес, бір қалалық деп бағалар едім. Сенің әр жылдар жазған «Зулайды күндер», «Жүрегім менің сапарда», «Шақырады жаз мені», «Жүректегі жазулар» циклымен берген лирикалық топтама өлеңдеріңнің әрқайсысын сюжеттік жағынан, проза тілімен бір-бір повесть, бір-бір роман дер едім. Бүгінде арамызда жоқ қазақтың үздік ақындарының ешқайсысынан кем емес, бүгінгі тірі классиктердің бірі дер едім сені. Әттең, өзің айтқандай, «ұқпайды мені кей қазақ, мақтаншақ, өр деп ойлайды» деп мықтыларды мақтау үшін оның өлгенін күтіп жүретіндерден тайқақсып, тілімді тістеп те келемін. Ал, солардың жетесіне жеткізе айту үшін газеттен үлкен орынға үлкен мақала керек. Бұрын да сен туралы кем айтпаған кемел сыншылардың үлесіне қалдырып, мен осы бір орайлы тұста сенің алпысқа келген торқалы тойыңда өн бойыңдағы өзім білетін азаматтық қасиеттеріңнің шет пұшпағын оқушы жұртшылыққа қысқаша әңгімелеп берейін. Өзің оқи қалсаң, «жақсының жақсылығын тірісінде айт, нұры тасысын!» деген қағиданы тілге тиек еткенімді ұғарсың.

Бірінші уақиға.

Біз Тұманбай екеуміз «Пионер» журналында бірге істедік.

Тұманбайға жасырғам жоқ, поездан түсер-түспен-ақ айттым (кейін «аузыңда сөз тұрмайды-ау» деп қорқатыны осыдан). Екеуміз көп ақылдасып

(әсіресе Тұмаштың ақылы), Татаринова дейтін ЛКСМ Орталық Комитетінің бөлім бастығының алдында ақылымызды, айламызды да асырып, құтылдық па деп жүргенде, бір күні, столымыз қатар Тұманбай:

— Сәкен, — деді, менің столыма бетін бұрып. Содан соң сөзін әрі қарай жалғамай, аз үнсіз отырып қалды. Басы төмен салбырап кетті. Дауысында жарықшақ. Жүзінде реніштің де, өкініштің де, аяушылықтың да белгісі бар. Бірақ қайсысы екенін тап басып түсіну қиын. — Сәкен, мен саған айта алмай жүр едім. Енді, айтпасам, болмайды. Бірақ...

— Бірақ, сен біреуге айтып қоясың ғой.

Тұманбай ол жерде айтпады. «Айтып қоясың...» дей береді. Мен ашулануға дейін бардым: «Айтпайтының бар несін бастадың, енді мен ұйықтай алмаймын... сенбейтінің бар, несіне менің басымды қатырасың...» Ақыры, кешке қарай, жұмыстан кейін айтты-ау.

— Біздің үйге, жақында, үстінде ұзын қара пальтосы бар адам келді. Екінші келуі.

— Иә?

— Үндеместің адамы! Сен туралы келіп жүр...

Жүрегім зырқ ете қалды. Қорқыныштан емес, біртүрлі «жайдан-жай кінәлімін бе» деген оймен қоса, КГБ деген аттың суықтығы болуы керек. Тұманбай сол аты жоқ адамның мен туралы сұрағанын, партия туралы, партияның саясаты, үкімет адамдары, қоғам туралы не айтып жүр? деп сұлу-сыпайы отырып сұраған соң, «Жүнісовтің бүгінгі күнгі партияның саясаты туралы пікірлері жақсы. Ол жөнінен жақсы-жақсы лекциялар, жиналыстар өткізіп тұрады, тағысын, тағылар...» деп, не керек, менің дұрыс жағымды, қоғамдық қызметтерімді басымырақ, көбірек айтып, әйтеуір, жақсы, жақсы... деген сөздерді үйіп-төгіп, түсініктеме жазғанын айтып, үрейлі әңгімесін та-

мамдады. «Енді сақ жүрейікші, қайтесің, қызбалықпен бірдеңе деп қойып жүрмеші, біз кімді түзегендейміз» деп, жанашырлық достық ақыл да айтып жатыр. Әрине, «аузыңнан шыға көрмесін» дегенді, тағы да ескертті.

Мен мұны тәптіштей айтып отырғаным, Тұманбайдың бұл қамқорлығының астында үлкен азаматтық, ерлік жатыр. Өз басын қатерге байлап, адам басына түскен ажалды тағдырдың арашасы болып отыр. Біз 37-ші жылғы азаматтарымызды айдатып, атқызып жібергендерді ғана айтамыз. «Майлин жау болса мен де жаумын» деген ержүрек Ғабит Мүсіреповті ғана айтамыз. Талай тергеуде, тексеруде достарын сатпай, үндеместерге үндемей қалғандар қаншама?

Мені сол кездегі Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің хатшысы Егізбаев Қосай шақырды. Тұманбай тағы да қолынан келген ақылын маған айтып жатыр. «Сәкен, әйтеуір, қарсы келмеші, бүлдіріп алмашы», деп достық жалынышпен шығарып салды. Егізбаев Қосай өте бір салмақты, биязы сөйлейтін, ақыл иесі адам еді. «Сәкен, түсінемін, қайтейін, бізде амал жоқ, өз ауылың жағынан түсіп жатқан саяси айыптау қағаздары. Оған жауап бермей отыра алмаймыз, жастар комитетінің органында істеп жүрсең, ол енді қиын...» «Бүгіннен қалдырмай шығарамыз, Иманжанов айтқасын алып едім, біліп ем осындайын» деп, редакторым өзін ақтап, дік-дік етіп, кимелей жөнелді.

Бір күні КазГУ-дің әдебиет кафедрасының меңгерушісі Сармурзина Тұманбай екеумізді аспирантураға, Мұхтар Әуезовтің шәкірттігіне шақыртты. Тұмашым тағы да ақыл берді: «Мен бармай-ақ қояйын. Сен бар. Ғалым болсаң боларсың, болмасаң, көре жатарсың. Сәті кеп тұрғанда, осы «Пионерден» кетші. Мына редактордың түрі жаман, сенен құтылу үшін бір жаққа түртіп жіберер...»

Менің қамымды ойлап жан ұшырып жүрген ақкөңіл, мейірімді Тұманбайдың сол кездегі түрі, кейпі әлі күнге дейін көз алдымда...

Екінші уақиға.

КазГУ-дің негізгі корпусының астыңғы қабатында емтихан алып отырғанмын. Бұл жолы — сырттан оқуға түсетіндерді қабылдау емтиханы. Алдымда бес-алты адам билет алып, қағаздарына шұқшиып дайындалып отыр. Аудиторияның есік жақ қабырғасының жоғарғы жағы ұзыннан-ұзын қаз-қатар ұсақ терезелер. Алдымдағы абитуриенттің билет сұрағына жауабын тыңдап отырғанмын, көзім терезеге түсті. Шошып кеттім, студент те, абитуриент те емес, кәдімгі сол кездегі атағы жер жара бастаған ақын досым Тұманбай Молдағалиев. Ол да менің көзім түскенін көріп, сәл қысылыңқырап қалып, лезде қуанышты жүзбен: «Сыртқа шығып кет», деп ымдады.

Сүйтсем, ол Мұқағали Мақатаев үшін келіпті. «Ішке кір, отыр қасымда» дегеніме кірмеді, қабылдау емтиханының сұсы суық қой. «Мұқағали Мақатаевты білесің ғой, іште отыр қазір. Үлкен — ақын. Байқамай құлатып алма, ұят болады. Бала-шағасының қамымен жүріп, кезінде оқи алмаған. Осы жылы түспесе, ол мүлдем оқымай қояды. Беті қайтып қалмасын, үлкен ақын, сағын сындырма» деп, былай алып шығып, қайта-қайта шегеледі.

Мен ол кезде әлі аты шыға қоймаған, радиоторабының дикторы Мұқағали Мақатаевты жыға танымайтынмын. Алдыма шақырып алдым. Билеттегі сұрақтарға жарытып жауап бере алмады. Көлденең жеңіл сұрақтар беріп жетелеп едім, жетегіме ере қоймады. «Батыс әдебиетінен сұраңызшы, Байроннан өлеңдер оқып берейін бе» деп қояды.

Емтихан аяқталып, аудитория босағасын сыртта тағатсыз күткен Тұмашым:

— «Оу, не болды, ана ақынымыз көңілсіз шықты

гой, алды-артына қарамай кетіп қалды», — деп, ендіге кірді ішке.

— Не болсын, жауап бере алмады.

— Сонда, құлатып жібердің бе?

— Жоқ, үш қойдым.

— Құламағаны сол ма?

— Оу, үшпен де өтеді. Конкурс жоқ...

Екеуден-екеу аудиторияда көп айқастық. Достық айқас. Ақыры, көніп, «жарайды, енді, төрт қояйын» деп ведомосты столға жая бергенімде Тұмашым:

— Қоймай-ақ қой, — деді теріс бұрылып.

— Оу, енді не ғыл дейсің, онда несіне бағанадан босқа уақыт алдық.

— Төрт деген немене. Онымен, бәрібір, өтпейді, — деп Тұманбай балаша өкпелеп, балаша бұртиды — Қоятын болсаң «бес» қой!

«Мәссаған!» Мұнысы өзіне де ерсі көрінді ме, қарқылдап кеп күлді.

Болашақ классик ақынымыз Мұқғалиды демеп, жанұшырып жүрген мейірбан Тұмаштың сол кездегі түрі, кейпі әлі күнге дейін көз алдымда.

Иә, отызыншы жылдар туған азаматтар — замана зардабын көбірек шегіп, көбі жетім өсіп, жетімдерге қамқор болуға жаратылған қайырымды жандар.

Айнымайтын ең жақсы достар — жасында дос, сосын қартайғанда дос. Жасымызда құшақтасқан дос едік, Тұмаш, енді алпысымызда бір құшақтасайықшы, аштым құшағымды, аша бер құшағыңды!

ҚОҒАШ ТУРАЛЫ СӨЗ (Елуінде айтылған сөз)

Қоғабайды жақсы көретін дос жарандары, қаламдас ағалары қазақтың еркелету, ұнату, жақсы көру салтымен Қоғаш дейді. Біз де солай атайтындардың біріміз. Бүгінде өзі де басқаларға аға болып, інілерін еркелетер жасқа келген Қоғаштың елу жылғы өміріне, тіршілік жолына көз салып, сәл шегінер болсақ, оның жазушы болуының кездейсоқ емес, өз диалектикасы, заңды логикасы бар екенін түсінуге де, дәлелдеуге де болар еді. Қоғабайдың туа өмір сүрген ортасы қоғалы көлдерге бай, дәрулі, шалғыны мол қазақтың бай жерлерінің бірі — Торғай даласы десек, сол даланың апай төскейінде мыңғырған төрт түлік малдың ішінде өскен жетілген ерлерінің тамаша өмірі дер едік. Қоғашқа сәбиінде нәр берген емшек сүтіндей болған да сол құйқалы жер, сол ұрпақ өсіріп, мал жайған тарихи бай ел, сол елде өмір сүріп, бар байтақ жерге өнер шашқан атақты ер, азаматтар. Әрісі Ыбырай Алтынсарин атасынан бастап, Спандияр Көбеев, Мұхамеджан Сералин әкелері жалғастырған, қыршындары жастай қиылса да, халқына өлмес еңбек беріп, мәңгі өшпейтін із қалдырған Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды ғұламалар жасаған ғылым, білім мұнаралары шығар Қоғаштың көзіне елестей, санасында ұялап, үнемі жан дүниесіне дем беретін рухани байлығы. Талайларға жәй ғана жанашыр аға ғана емес, көсемші ұстаз да бола білген Қайныкей Жармағанбетов, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбековтер шығар, өнер ордасына, білім орманына, әдебиет майданына жетелей әкеп, жеткізіп жіберген.

Бір елден шығып, бір жолға түсіп, бір астананы мекендеп өнер, өріне бірге өрмелеп көркем сөз арғымағына бірге мініп, сәл ересектерінің соңынан құйрық тістесе, өз тұстасымен үзеңгі қағыстыра

қатар жарысып, қанаттаса ұшқан тұстасы, құрдасы, іргелі-көңілін, мерейін өсірудегі орны бөлек екенін тап бүгінгі заманда бала баққан асау ұл-қыз өсіріп жатқан әр ата-ана керемет сезінсе керек.

Әйтпесе, Қоғабайды жазушы етердей, қолына еркелетіп қалам ұстататындай, айдарынан жел естірер заман оның өмірінде болған жоқ. Ол дүниеге шыр етіп келгеннен бері, аяғын апыл-ғұпыл қаз басқан кезден бері, ат жалын тартар шаққа дейін шолжандау дегеннің не екенін білмей, оның орнына өмір тауқыметін тартып, зардабын шеккеннен басқа, балалыққа лайық шуақты күндер мен мазасыз түндердің рахатын көрген жоқ. Ол туа әкеден айрылды, шеше тәрбиесінен қалыс қалды. Ата-ананың жылы алақанын маңдайымен сезіне алмай, әкешенің құлынымдаған үнін құлағымен ести алмай, мейірімді жандардың мейіріне жүрегі тебірене алмай, жастайынан балалар үйінің сүйектен өтер мұздай бөлмесінде салқын тіршілік кешті. Бақшалар мен кітапханаларда неше бір қызық кітап аударып, неше бір көңілі тоймас, ойыны қанбас балалықты думанды тіршілігін кешу орнына, соғысқа кеткен аға, әкелерінің соңынан телміре қарап, ер жете келе жұтап қалған елдің жұтаң шаруасын бақты. Үзіп жұлып жүріп мектепті, аш-жалаңаш жүріп техникумды, таласып-тармасып жүріп жоғарғы оқу орнын өлмешінің күнімен тәмәмдады. Қоғаштың өмірі — отызыншы жылдары туған совет балаларының басынан кешкен, отызыншының ішінде дүниеге келген азаматтардың маңдайына жазып, пешенесіне берген зауалды енші.

Мүмкін, осыншама ауыр тұрмыс кешіп, балалықтың бақытсыз шағын өткізіп, аштық пен жалаңаштықты арқалай өскен, қиындық пен қысастықтың шоқтай күйдіріп, аяздай қарыған сұмдық сұрапыл күндері мен жылдарында, табиғат атты ұстаның көрігінде суарылып, шындалып өскен Қоғабайдың

жазушы болуына осы бір адам басына тілемейтін өмір зардабы шығар себепкер болған, осы шығар, мүмкін, болашақ жазушы қаламынан туар томдарға мазмұнды азық берген.

Бірақ, ауырлық көріп, өмір зардабын шегіп, қиындық көргеннің бәрі жазушы емес, талмай оқып, қоймай жүріп жоғары білім алған, басқа мамандықты былай қойғанда, журналистердің бәрі жазушы емес. Жазушыға өмір тәжірибесі мен білім сүйемел ғана. Жазушылық дарын – оқумен де, көрген білгенін тоқумен де келмейтін, тегі қанмен, жанмен бірге жаратылып, бірге жетілетін сиқырлы да ғажайып бір дүние болар.

Қалай дегенде де Қоғабайды айтқанда, достарының арасында Қоғаш атанған жазушы өмірін айтқанда, қанша жерге, қанша жылдарға экскурс жасап аяғымыздан сарсылып, табанымыздан таусылып, ұзақ шарласақ та, шолғыншылап қаншама көз майын кетіріп, тер төгіп қанша шаршасақ та қайта айналып, үйірін табар жылқыдай, қазығын табар арғымақтай Торғай өңіріне, Торғай даласына қайта орала береміз. Үйткені Қоғаш қанша биіктеп, қанша шарықтап қиянға самғағанмен Торғай топырағында жаратылып, Торғай аспанында алғаш шырылдап көтерілген Торғай бозторғайы ғой...

Қоғаштың жазушы болуына өзінің таудай талабы мен таланты басшы болса, сол өнерді, сол дарынды бойына құйып, жүрегіне ұялатқан осы Торғай даласы, Торғай өлкесі, сол өлкенің ғажайып адамдары дер едім. Содан да шығар, жазушы еңбегінің ішіндегі ең сүйіктісі, ең сүбелісі Амангелді жайлы роман, – сол асыл жері дарытқан, халқы берген ұлы сыбағаға деген жауабы, қайтарар сыйы.

Қоғабай Сәрсекеевке дейін Амангелді жайында көркем шығарма аз ба? Аз емес, классик жазушы да классик емес жазушы да бұл тақырыпқа әр жанрда қалам тартқан. Ендеше, олар батырдың толық

бейнесін бере алмаған ба? Олай деу ұшқары пікір болар еді. Ендеше, бір тақырыпты шиырлай берудің қаншама қажеті бар? Қазақ тіршілігіне байланысты қамтылмаған тақырып, айтылмаған ардагерлер өмірі әлі көп емес пе?

Әрине, көп. Шынында да, бір тақырыпқа айналып соға бермей, қазақ тарихының ұңғыл-шұңғылын (орыс халқымен салыстырғанда бұл жағынан әлі де кемсін, көп кемсін жатырмыз) түгел қамтуға, яғни жазылмаған тың тақырыптарға барғанымыз абзал емес пе? Ендеше, бұл кітапта Амангелді өмірін тағы да жазудың қаншалықты қажеті болды екен? Бұл кітаптың қалың оқырманға қаншалықты керектігін менен бұрын Ғ.Мүсірепов айтып қойған екен. Сол пікірді мен де қолдап, мен де құптаймын. Мүсірепов сөзімен айтқанда ол былай: «Әдебиетімізде, кино, сахна өнерімізде Амангелді бейнесі аз сомдалмағаны көңілге қуаныш әкеледі. Халық батырының ерлігін, ісін, Отанын сүйген адал ұл екенін көркемдік тәсілмен бейнелейтін роман, повесть, поэма, пьеса, киносценарий бізде баршылық. Демек, «Амангелді тақырыбы» игеріле бастаған екен. Алайда, Амангелді жайын, оның өмір сүрген ортасын жан-жақты зерттеп, шындықты түгел ашар, орнықты қорытынды жасар мезгіл әлі де алда екенін ұмытпауға тиістіміз.

Амангелді хақында мен аз жазған жоқпын... Мені толғаңдыратыны — дәлдігіміздің аздығы, анықтаған жағымыздың сұйықтау таяздығы. Әлі де осы пікірдемін».

Міне, Сәрсекеев романы — Ғабекең айтқан осы «аз дәлдікті» кеңейтіп, дәлелдерді толықтырып, «жоқтардың» орнын бармен молайтып, толтыратын шығарма. Оның үстіне бұрынғы шығармалардың тағы бір ерекшелігі — Амангелдінің балалық шағын қамтуы, әке-шешесі мен туған-туысқандарының, отандастарының өмірімен молырақ таныстыруында. Қызықты мағлұмат беруінде.

Тіпті бұл туындыны жалғыз Амангелді өміріне арналған туынды деп кесіп айту да орынды емес. Айта берсек, Амангелді әлі бұл екі шығармада басты кейіпкер емес. Оның мінез құлқы, өмірге, дүниеге көзқарасы әлі көркем шығармада қалыптасқан да жоқ. Одан гөрі басқа тіршіліктер, тіршілік болғанда да қазақ тарихында орны ерекше тіршіліктер қамтылған. Ол — Алтынсарин төңірегінде айтылар оқуағарту мәселесі, ол — патша өкіметінің отарлау саясатына байланысты қазақ даласындағы ел басқару ісіндегі неше түрлі жаңалықтар мен құйтырқылар жер, қоныс, мәселелері, арыз бен шағымдар. Олай болса, шығарманы Амангелді өміріне арналған туынды десек, әлгі тақырыптардың бәрі жол-жөнекей ғана аз айтылып, бала батырдың образы осы екі кітаптақ сомдалып бітуі керек еді. Олай болмаған. Ендеше, бұл кітап — жалғыз батыр өміріне арналған биографиялық роман емес, ХІХ ғасырдың аяқ шенімен ХХ-ғасырдың бас кезіндегі Торғай даласындағы қазақтардың өмірі жайлы тарихи роман екен.

Қоғабай Сәрсекеев өз қатарындағы (жас жағынан) жазушылар арасында тілге ұста, сөйлем құруға шебер, ойын жұп-жұмыр етіп жеткізуге машықтанған жазушылардың аз тізіміне кіреді. Сөйлем құрылысынан, диалогтерден кінәрат таба алмайсың. Тіл шеберлігі дегенде, Қоғабай — табиғат суреттерін беруде, адам характеріне орай кейіпкерлерді сөйлеу үстінде даралай білуде, мақал-мәтел қолдануда бұрын талай айтылған белгілі сөздер, тіркестер емес, ел арасында айтылатын, бірақ көп таныс емес жаңаларын табуда, немесе өзі де мақал-мәтелдер ізімен жаңа тіркестер жасауда төселген, ысылған жазушы. Сөзіміз құрғақ болмасын, аз ғана мысал келтірейік:

«Жер шайқалса, төбеге қатер, ел шайқалса төреге қатер» (309 б.)

«Сордың аты сорға жығылады, қайтып келіп орға жығылады» (184 б.)

«Атадан жақсы ұл туса — елінің қамын жейді.
Атадан жаман ұл туса — елінің малын жейді» (311 б.)
«Діңі иілген жаққа бұтағы да иілер» (315 б.)
«Айту — парыз, үйрету — сауап» (315 б.)
«Олақ болса іске — өмірі ара тұспе» (362 б.)
«Дөңгелектің шегі жоқ, кеңгелестің тегі жоқ»

(375 б.)

«Тот — темірдің соры, шер — көңілдің соры» (375 б.)
«Аш ит тамақ аулаймын деп тағы боп кетіпті»

(82 б.)

Осындай тапқыр сөздер көп. Көп болғанда, халықтың мақал-мәтелімен толтырып, ығыр ететіндей көп емес. Бұрын көп қолданылмағандықтан мұндай көптікті тапқырлыққа жатқызсақ керек.

Тарихи роман болғандықтан да бұл шығармада сол замандағы дін өкілдері — молла, қожа, қажылар баршылық. Автор соларды нанымды ету үшін әрқайсысын өз «тілімен», өз мәнерімен сөйлете біледі. Көп зерттегендігі байқалады.

«Құранда әкім міндеті төрт тармақтан тұрады. Олар ымарат, қыжарат, заурағат, санағат... Малдан зекет, астықтан ғұшыр, адамнан пітір, өліден пидия түссе — құдай жолы» (320 б.)

«Алхам ажигла мұбарака уала тажигла ашқия уа сура ахсан тасуыр» дұғасымен қажы алаға іштей шүкірана келтіріп». (321 б.)

«...Сақина бер, ысырпа бер,

Сырқырали ғаріптерді,

Көрсетіп қалмаған енді!

Ас батпайтын сару бар ма?

Бедеу қатын, қара қаптал

Шемен еркен ауру бар ма?..

Жаралыға малғам жағып,

Сүлік қоям ыстық қанға.

Маңқа тұмау, бөртпе сүзек

Запранды талма жүрек,

Келтіремін бәрін түзеп...» (тәуіп зікірі 324 б.)

«Алзарурат тави алмахтурат» – кісіге қол көтер-
мек түгілі шыбын қақпағанымды расташы» (328 б.)

«Әш-шәрәнна, ғұл әннә, илла, илла» – деп
күңіренген молла...» (202 б.)

«Босаға бойлы боз жылан,

Кереге бойлы кер жылан,

Жын атасы Қойлыбай

Керілмей, ойбай, кел жылдам!..»

Осы сияқты діни ұғымға байланысты діни сөздер,
талдаулар фольклорлық архиөлеңдер жиі қолданы-
лады. Орыс дініне, әскери қызметіне байланысты көп
мәліметтер келтіреді, шығармаға үйлесімді.

Ыбырай Алтынсариннің еңбегіне, Торғай даласын-
дағы алғашқы мектептер, оған патшалық Россияның
әкімдері мен прогресшіл өкілдеріне байланысты көп
зерттеулер жүргізгендегі, көп-көп қызықты матери-
алдар мен мағлұматтарынан көрініп тұр.

«Киот, орунетат, эполет, пунш, Аксельбант, бе-
дейтор, брегет, антре, рекурт, тычок, фориспан» де-
ген сол заманға лайық тағы басқа да сөздерді, атау-
ларды келтіру, сноска беру – бәрі орынды деп білемін.

Бізде көп шығармаларға қазақтардан басқа ұлт
өкілдерін арқау етіп аяғын шалыс басатын авторлар
баршылық. Дәл, тура бермегеннен кейін, өзі біле
бермейтін тіршілікті бұзып суреттеу реализм атау-
лыға зиянды іс екені айғақ. «Қызыл жалауда» авто-
рдың тағы бір қызықты оқылатын тұсы – Романен-
ко, Шмитке байланысты суреттемелері. Нақтылы
деректерге сүйене отырып, орыс қауымына байла-
нысты сөз қолданыс, аристократтық жалған бояма
тәрбиесымақ, оқыған, тәрбие көрген адамдардың
көкірегіндегі бір-бірінен айырарлық қасиеттер,
қасіреттер, ойлар бұратана халыққа деген отарлау
саясатына байланысты түрлі көзқарастар нанымды
баяндалады. Романдағы ең толыққанды шыққан
образ Қасқыртаңдай!

Қасқыртаңдай – сырттай қарағанда тұлға бітімі,

мол күші, нойыстығы, ұрдажықтығы жағынан қазақ әдебиетінде кездесетін (Мұхтар, Сәбит, Ғабит т. б. классиктер шығармаларында) осы типтес бейнелерге ұқсағанмен, өз қылығына күйіну мен опыну жағынан келгенде, яғни психологиялық тебіреніс, күйзеліс жағынан, ойлылық тұрғысынан алғанда (мінезі нойс болса да, тілі жатық) автордың өзіндік жеке басының үлкен табысы.

«Апрель соққысы», «Көкалат», «Құлатай» – ауыл өміріне арналған, жылқы бағу, ат үйрету сияқты қазақ тұрмысын көрсететін, шаруашылық жайындағы кейбір қиындықты (жылқының ығуы) елестетін әңгімелер. Бұл әңгімелер де автордың ел тұрмысын жақсы білетіндігінің ауыл адамдарының, мінез-құлқын, психологиясын тап басып айта алатындығының (әсіресе олардың сөз саптасы – диалогтері арқылы) айғағы.

Осы секілді шығарма бойындағы жақсы қасиеттерді тізе берсек өте көп. Сондықтан қалың қауым қолында тозып, оқырман кәдесіне асқан жақсы туындыны бұдан әрі тесіле, қызымырлана, шегіне жеткізе мақтай берудің қажеті болмас.

Жаңару, қайта құру, жаңадан түлеу кезінде еліне елу жылдық торқалы тойымен келіп отырған Қоғабайдың бұл келісінің өзі оның қадірін, ел алдындағы бағасын көрсетсе керек. Той жасасуға бірге қуанысуға жарайтын, мақтануға татитын ұл-қыздарын сыйлай білетін, алақанға салып аялай білетін елдік қасиетін жоймаған, тарихқа педагог елі, ақын-жазушылар елі, большевиктер елі боп кірген қасиетті Торғай даласының тамаша еңбек адамдарына, ел ақсақалдары мен басшыларына деген бүкіл жазушылар қауымының атынан айтар рахметімізді қайта-қайта қайталай бергіміз келеді. Торқалы тойлар, ел қуанышы, халық мақтанышы, бағалы тіршілігі әманда баянды болғай!

«АРМАН ДЕГЕНІМІЗ – МАҚСАТ»

Орайы келген әңгіме

Журналист: Сәке, алпыс қалай екен?

Жазушы: Е-Е бауырым... жалпы... алпысқа келу, кімге де болса, аса қуанышты нәрсе емес қой. Әсіресе, алпыс жаста миы да, аяқ-қолы да бүп-бүтін адамдарды жылы орнынан алып зейнеткерлік демалысқа еріксіз шығарып жіберетіні... Обал тіпті... Әйтеуір бір жақсысы – денсаулығы дұрыс болса, жазушылар жұмыстан шыға қоймайды. Біздің, әйтеуір... құдай берген қаламымыз бар. Сондықтан, қарттық жазушыға қолдан қалам түсіп қалғанда ғана келеді. Оған дейін жұмыс үстіндеміз...

Біреу сексенге-тоқсанға келіп те өлуі мүмкін. Жай өмір сүру бар да, қызықты өмір сүру бар, Еңбекпен өмір сүру бар... Содан рақат, ләззат алуы мүмкін... Жазушының халық сүйетін еңбегі болса, халтура жасамаса, – міне өкінішсіз өмір. Халықтың көзқарасына, айтып жүруіне, мемлекет тарапынан кейбір сыйлықтар беріп жатуына қарағанда, мен де жаман өмір сүрмеген секілдімін... Соның бірі «Ақан сері». Мен Ақан сері туралы кітап жазғаным қуанам. Күні кеше елім, Ақан серінің үлкен мерей тойын атап өтті. Жалпы тойдың өтуіне Президентіміз бен үкімет тарапынан көп қолғабыс жасасып, облыстың бұрынғы әкімі Кәрібжанов, кейінгі әкімі Н. Есқалиев көп еңбек сіңірді. Халық қолдап, бүкіл ауданның, ауылдың басшылары да... еңбеккерлері де құлшына кірісті... Бұрынғы Ақанның ауылын жаңадан салды. Көкшеде мықты-мықты үш-төрт ақын-жазушы бар. Солар да атсалысты. Міне, осылардың бәрі біздің ғана еңбегіміз емес, бүкіл елдің үлесі... Сондықтан мен алпысқа келіп, қартайдым дей қоймаймын...

Журналист: Сәке, далада біраз тұрып қалдық. Тоңып қалған жоқсыз ба?

Жазушы: Көкшенің аязы бетімді сорып, тоңып өскен баламын. Ал астана менің екінші Отаным. Алпыс жасымның жиырмасы осында, қырқы Алматыда өтті. Осы қырық жыл ішінде, әрине жылы жаққа үйреніп қалыппын. Әйтсе де, елдің... таза ауасын сағынып тұрам.

Журналист: Қай уақытта келсеңіз де ме?

Жазушы: Иә, қашан келсем де... Пойызбен бе, ұшақпен бе... құшырлана таза ауаны жұтам... Себебі, кіндік кес кен жер биологиялық жағынан алғанда да адамға жақын, бүйрегің бұрып тұрады емес пе? Тоңсам да кейде, тоңғанымды білдіргім келмейді... Міне, қазір күн суық. Қар қалың... Демек, құдай бұйыртса, егін жақсы болады...

Мен елге келгенде, елді жерлерді, ауылдарға дейін түгел араламай тұра алмаймын. Ақсақалдарды көрем. Сәлем берем. Қазір өзі қиын уақыт. Кәдімгі малдың қиын таптап, қойшы, бақташыларға барам... Әрине, бұл менің міндетім емес. Бірақ: «Жазушы ағайын, еліңе барғанда не көрдің, не білдің?» – демей ме, оқушы қауым? Сонда... жақсылығымен қоса қиындығын да айтуым керек қой...

Журналист: Әлі тоңбасаңыз, тағы бір-екі сауал қояйын?

Жазушы: Қой...

Журналист: Жаңа мәшін ішінде келе жатқанда есіңізге не түсті? Көкшетауда кейінгі жылдары қандай өзгеріс бар?

Жазушы: Бала кезімізде Көкшетау бізге керемет болып көрінетін. Совет көшесінде Жданов атындағы кинотеатр бар еді. Сол ғимаратты ең үлкен үй деп есептейтінбіз... Ал, қазір қала көп өзгеріп кеткен. Үлкейген. Құрылыстар, үйлер салынған. Бұл халықтың еңбегі. Осыны ұйымдастырған облыстың сол кездегі басшылары – Еркін Әуелбеков, Оразбек Қуанышев, Мақтай Сағдиев. Әсіресе, Мақтай Рамазанович құрылысты жақсы жүргізді. Қазіргі об-

лыс басшысы Қызыр Жұмабаев та құрылысты салдыруға шебер еді. Оған Еңбекшілдер ауданында болғанында көзім жетті. Мен Степнякта, Абай атындағы мектепте оқығам. Содан жақсы білем... Бұрын, жасыратын жоқ... Қызыр өте елгезек еді, қазір, облысқа келген соң, байсалданған ба, «салмақтанған» ба, әйтеуір кім білсін, мүлде өзгерген.

Мұнда әзірше үлкен өнеркәсіп орындары жоқ. Егер кәсіпорындар көбейсе, Шымкент, Павлодар секілді тіпті өсе түсер еді... Шіркін-ай, қазақтың драма театры салынса... Басшыларға айтып жүрміз. Болар бұйырса, салынар... Өткенде Премьер Министрдің орынбасары Жәнібек Кәрібжанов бір келгенінде: «Васильковка, Обуховка... анау Сырымбеттің маңындағы алтындар, алмастарды өндіретін бір үлкен өнеркәсіп орнын ашсақ» — деген мәселені айтты. Өте дұрыс. Біз жер бетіндегі байлықпен қоса, жер астындағыны да өндіруге тиіспіз. Нарық экономикасы осыған әкеледі... Жазушылардың жұмысы соны құптау, айту. Елемей жатса, есіне салу...

Журналист: Сәке, Бурабайдан үй салдырып жатыр деп естиміз. Егер рас болса, сол үйіңіз бітіп жатса, Алматыны қиып... осында біржолата қоныс аударасыз ба?

Жазушы: Алматы, теңдесі жоқ, әсем, әдемі қала ғой. Ауасында кішкене түтіндететін жағдайы бар... Оны білесіздер... Келешекте астананы өзге жаққа ауыстыру жәйлі айтып жатыр ғой. Уақыт көрсетер... Мен Алматыға мүлдем бауыр басып үйренген адаммын. Өте ыстық. Бір ғажабы — Алматыда жүрсем елге асығам да, елге келсем, Алматы асығам. Шынына келгенде, екеуі де Отан ғой. Бірақ, егде тартып жас алпыстан асқан соң кіндік кескен жерге оралған жақсы-ақ. Ғабең — Ғабит Мүсірепов те еліне келгісі келді емес пе? «Қызылтудың құрметті азаматы» атағын бергенде, үй салып береміз дегенді айтты басшылар. Мен сонда: «Салсаңыздар, рақ-

мет! Және пәтер емес, үй — мұражай болғаны жөн!» — дедім. Мен шайтан емеспін бір кезде өлем ғой... Сонда мұражай болып қалады-ау. Ол мұражайда менің ғана еңбегім емес, жалпы Көкшені, Бурабайды жырлаған Мағжан, Сәкен, Сәбит, Ілияс (екеуі де) сияқты классиктерден бастап, Мұқағадиди, Фаризаларға дейінгі тұстастарымның еңбегі де көрініс тапса, үлкен ғанибет емес пе? Сондықтан үйді ауданнан салғаннан гөрі, Бурабай дұрыс. Онда контингент көп. Демалушылар сапырылысып жатады. Кезінде облыстық әдебиет пен өнер мұражайын салдырауға себепші болдым. Онда облыс басшысы Мақтай Рамазанович еді. Мен Бурабайдан салдырайық дегем. Олай болмай, осы жерден ашып жіберіпті. Маған салынып жатқан үй — мұражайға төрт жыл. Төрт жылдың ішінде төрт басшы ауысты. Кімнің етегінен ұстарыңды да білмей қаласың. Бар шаруашылықта солай.

Журналист: Оның үстіне заман мынадай болып кетті... Қымбатшылық...

Жазушы: Иә,.. тағы айтарым — бұл маған ғана берілетін сый, үй емес, мен арқылы жалпы өнер адамдарына көрсетілетін сый, құрмет деп түсінем. Мұндай дәстүр орыс халқында көп. Олардың ұлылығы осында: өнер адамдарын қатты сыйлайды, аспанға көтереді. Біз керемет ұлы болмағанымызбен, осы жердің маңдайына жазған ұлымыз ғой... Вернадскийге де нағыз соғыстың қайнаған жылдарында керемет үй салып бердік емес пе? Эвакуацияға келгенде... Ол кездегі қымбатшылық пен қиыншылық, сөз жоқ, бүгінгі күннен де басым болмаса, кем емес екені бәрімізге аян. Бірақ біз басқаға емес, өзімізге келгенде кегешеміз кейін тартар тартыншақпыз-ау!

Журналист: Лев Толстойдың Ясная Полянасы бар...

Жазушы: Иә, дұрыс айтасың... Шолоховқа да

біздің Оралдан салып берді. Тек аңшылыққа келгенде демалуы үшін... Міне осындай игі істі, дәстүрді Бурабайда, Көкшетау (Қазақстанның басқа жерлерінде де бар ғой) одан әрі жалғастырып жатса, қандай тамаша! Аанада, Қызыр Ыбырайұлына айттым: «Сәке, саламыз, болады!» – деді.

Қалған шығармаларымды осында жатып жазсам деймін.

«Хан мен Президент» деген дүниемнің басын «Көкшетау» газетіне бердім...

Журналист: Қазіргі жазып жүрген шығармаңыз ғой...

Жазушы: Нұрсұлтан Назарбаев екеуіміз дос едік... Дос болғанда... өмірін түгелдей білем дегенім емес.

Журналист: Деректі очерк пе?

Жазушы: Эссе десе де болады. Бірақ, мәселе – шығарманың жанрында емес, мазмұны мен мағынасында... Хан деп отырғаным – Абылай, Президент деп отырғаным – Назарбаев. Мұны жазу мақсатым – елдің тағдырын айту... яғни Абылайдың ісін жалғастыру мәселесі... Енді оны... кітаптан оқырсыздар... Осы дүниемді бітірген соң, Абылай туралы роман жазбақшымын. Және осы жерде, Бурабайда жазсам деймін.

Журналист: Құдай қаласа, оқырманның қолына қашан тиеді?

Жазушы: Оны айту қиын... Менің ойым... Бурабайда... Абылай алаңына жақын жерде тұрсам... Абылайдың жүрген жерінде болсам... күнде Абылай қасымда секілді. Абылайдың рухы мені көтеріп жатса... шығарма да жемісті болады ғой деп ойлаймын.

Журналист: Жақсы Сәке, енді қалған әңгімені сіз демалып жатқан профилакторийде жалғастырайық...

Жазушы: Жарайды...

(Біз Сәкеңмен арада болған сұқбатты жазушы тоқтаған №2-селолық құрылыс тресінің профилак-

торийінде одан әрі сабақтадық. Екінші қабаттағы аумағы шағын, тыныш фойеде басы артық мүлік жоқ. Бұрышта фортепьяно тұр...)

Журналист: Сәке, жазған шығармаларыңыздың ішінде бөле-жара айтқанда, қайсысы жүрегіңізге жақын...

Жазушы: Қайсысы жақын деген сауалға кесімді жауап айту қиынырақ. Мен прозамен қоса драматургиялық шығармалар жазып жүрмін... Мәселе, шығарма көлемінде, жанрында емес, жазылуында. Жүрттың айтысына қарағанда «Ақан сері» дилогиясы белді шығарма ғой. Алғашқы романым «Жапандағы жалғыз үй» де өзіме ыстық. «Заманай мен Аманай» тіпті ерекше ұнайтын секілді. Кезінде «Молодая гвардия» журналында басылып, жүлдегер атандым. «Новый мир» басқалы жатқанда, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты журналдан алып тастады. (Қазақтан безген заман болды ғой бір... Ол бір үлкен әңгіме. Артынан «Новый мир» журналының Бас редакторы, жазушы Залыгин кешірім сұрады, бірақ кеш.) Ал «Молодая гвардияға» жарияланған әлгі атақты «Вечный зов», «Тени исчезают в полдень» романдарының авторы Анатолий Иванов... өзі Алматыда оқыған. Және «Заманай мен Аманайдың» аудармасын белгілі, халық жазушы Солоухин жасаған... «Қызым саған айтам», «Жаралы гүлдер», «Кемеңгерлер мен көлеңкелер»... сияқты пьесаларымды да кемітпеймін. Ата-анаға он баласы да бірдей. Ешкімін алаламайды. Біреуі ерке, екіншісі тентек дегендей... Ал оқырманға жазушының бір шығармасы ұнаса, келесі біреуі ұнамайды. Өйткені, оқушы түрлі-түрлі. Біреуі тарихи шығарманы, біреуі деректі дүниені жақсы көреді. Жалпы, шығарманың тағдырын шешетін халық қой! Сондықтан халқымның бағасына қарағанда, менің шығармаларыма біразы риза секілді. Көңілің өседі. Ал халқыңның алдында ұялып отырсаң... масқарасы сол. Оқырман қауым

«Әй, қойшы!» — десе... онда жазғаннан жазбаған артық.

Журналист: Жұрт оқымай қояды...

Жазушы: Иә, оқымай қояды... Ал мақтап жатса... зорлап мақтатып жатқан жоқсың ғой... «Ақанды Ақан қылған Сәкен, Сәкенді Сәкен қылған Ақан» дегенді талай жерден естідім. Соған қарағанда халық «Ақан серіні» жақсы көреді... Ертең Абылай хан туралы жазсам, ел-жұрт одан сайын жақсы көруі мүмкін. Бірақ, жақсы жазу керек! Үлкен тақырыпты қор қылмау керек! Мүмкіндігінше! Әлгі абсолюттік деңгей бар ғой... Сол деңгейде жазу қажет шама келгенше! Мысалы, «Абайды» Мұхтар Әуезов жазбаса, дәл сондай болып шықпайды. Сол секілді Ғабит Мүсірепов те Сәбит Мұқанов та өз тақырыбын қалаған. Бүгінгі менің жас деңгейімдегі мықты жазушылардың да... Қабдеш Жұмаділовтің, Әбіш Кекілбаевтың, Қалихан Ысқақовтың, Мұхтар Мағауиннің, Рамазан Тоқтаровтың... бәрінің... Бізден кейінгі лектің де жөні солай.

Журналист: Сәке, «Жапандағы жалғыз үй» романын қазір қалай жазар едіңіз? Жалпы «тың» мәселесі туралы көзқарасыңыз қандай?

Жазушы: Тың бізге бір тың дүние, серпіліс әкелді. Қалғыңқырап отырған адамды түртіп жібергендей... Трактормен келіп: «Әй тұр! Тұрмасаң мынау үйіңнің қабырғасын сөгіп алып кетем»... Біз техниканы кейіндеу меңгерер едік. Тың — тездетті. Біз өзі, түртпесең, ұйықтап жүре беретін... бей-берекеттеу... халықпыз ғой... Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» — деп жүргені бекер емес! Бізді ояту керек! Көрпемізді жұлқып, жылы жерден суыққа шығарып, сергітпесең болмайды. Өйткені, жеріміздің мол байлығына тоқмейілміз! Ризалық өз алдына, соны иемдене де, меңгере де білуіміз керек. Ал, жапондықтар жері кішкене болғандықтан, есігінің алдына тоқсан түрлі гүлді егіп қойып, соны иіскеп отырады. Жері аз бол-

ған соң, тырбанады, қайтсын. (Аузыңды ашып отыра берсең, талай жеріңнің ұлтарақтай боп қалуы — оп-оңай).

Журналист: Қытайлар да солай...

Жазушы: Иә... құрт-құмырсқаны жейтіні... күн көріп жатыр. Оған күлуге болмайды. Тіпті дұрыс істейді. Біреудің етін жегенше, сол дұрыс... Бір миллиардтан астам адам... міне осылайша тірлік етіп жатыр. Ал, біздің бей-берекет жататынымыз... бір кісіге бір жарым-екі шаршы шақырымнан жер келеді. Малымыз өзі жайылып келетін. Рақат! Жылқымыз қыс бойы тебінде. Өз шөбін өзі тауып жейтін... Міне осы жағынан келгенде тың... Оян! Қалғи берме! — деп ескертті... Қиындық жағы — жайылым қалдырмай қотанға дейін жыртып тастады... «Жапандағы жалғыз үй» ол да бар... Мені, сол үшін кезінде партияның бағдарламасына қарсымысың деп кінәледі. Мен айттым: «Жоқ қарсы емеспін! Бірақ Никита Хрущевтың қиғаштық жасағаны, қазақ мектептерін жауып тастауы, тілімізді жоғалтып жібергені, бізді менсінбегендігі, қазақтардың арасынан жақсы кадрлар шықпайды дегені... осыларға қарсы болдым». Қазақ аса талантты халық. Бұны мен қазақ болған соң айтып отырғам жоқ. Салыстырамыз ғой өзге ұлттармен! Тек бізді әредік-әредік: «Ей, оян! Қатарыңнан қалма! Анау, әдемі үй салып жатыр. Сен неге салмайсың!» — деп түртіп отыру керек! Орыс, шешен, неміс, әйтеуір басқа ұлт өкілі үй салып жатса, «қолынан келеді ғой!» дейміз. Ал, қазақ салып жатса: «Әй, бұл ақшаны қайдан алды екен! Қайтіп салып жатыр!» — деп күмәнданамыз... Өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек қой. Тың — бізді қамшылады...

Журналист: Демек, тың көтеру мәселесі, арада қырық жыл өткен соң, биыл — 1994 жыл болса «Жапандағы жалғыз үйді» солайша жазып шығар ма едіңіз?

Жазушы: Иә, солай жазам. Тіпті кейбір нәрсе-

лерді анықтап жазар едім. Онда біржақты саясаттың кезі... Цензура қатты... Әлі де цензура бүтіндей оңып тұрған жоқ. Жағымды, жағымсыз деген образ болды. Сол жағымсыз кейіпкердің аузына талай нәрселерді салдым... әйтеуір өтіп кететін. Сондықтан, Қарасайдың «қырсығынан» бермекші сыйлықты бермей қойды... Ақ жағы азырақ, қара, көлеңке жағы көп екен деп... Сондағысы мен жаман, жағымсыз кейіпкердің аузына жақсы сөз салдым.

Журналист: «Ақан Сері» диалогиясында Ақан мен Біржан салдың ара-қатынасы, байланысы, оншамұнша ашылмай қалды деген пікір бар...

Жазушы: Бұл сауалға жауапты бірде жазып келе жаттым да, кітапты асығыс шаруа киіп кетіп... қалып қойды.

Шын мәнінде, Ақан мен Біржан бірге жүре де бермеген. Қазір де талантты екі әнші, мерекелік болмаса, жай концертке қосылып қатыспайды. Әрқайсысы жеке-жеке концертте жүреді. Басы қосыла бермейді. Қай заманда болмасын... Көре алмаушылықтан емес. жеке шығып, жеке көрінгенді, өзінің шәкірттерін ерткенді қалағаннан... Пендешілік те бар.

Журналист: Ұлы адамдардың бәрінде ме екен?

Жазушы: Менімше, көбінде... Мысалы Шекспирді Лев Толстой ұнатпаған. Ол іштей қызғанып, іштей жарысу... Өзін-өзі қайрау... Толстой Тургеневті де жақсы көрмеген. Достоевскийді де... Бірақ өлгенде жазу үстелінде Достоевский кітабының беттері ашық қалыпты... Өлерінің алдында оқып жатқан... Сөйтсе бұлар бірін-бірі ұрлап оқиды екен-ау.

Журналист: Жасырған ба?

Жазушы: Иә, жасырған, пендешілік қой... Ақан мен Біржан да бір облыстан. Мұнда Керей мен Арғын деген әңгіме жоқ. Бірақ екеуі де талант. Біреуі сері, біреуі сал. Балуан Шолақ (Нұрмағамбет) пен Үкілі Ыбырай да сері, сал. Қазақ қалай ат тауып берген төртеуіне де... Ақан мен Біржан салдың өз

ара байланысын, ара қатынасын үшінші кітап та, аз да болса, жазам ба деген ойым бар.

Маған Біржан туралы роман жаз дегендер де болды. Жазайын десем, Ақанның өмірін қайталау болатын секілді. Өйткені жерлері бір. Айтып жүрген әндері де мазмұндас, өзектес... Өмір сүрген замандары да бір... Өзімді-өзім қайталағым келмеді.

Журналист: Кітап оқу жағына қалайсыз? Берісі қазақ, орыс, арысы шетел әдебиеті...

Жазушы: Мен оқуға кереметтей зерделі болған жоқпын. Себебі, біздің заманымызда, әуелі, кітап болмады... Әзірбайжан Мәмбетовке арнаған мақаламда: «Отызыншы жылдары туған балалар ылғи жыртық киім киіп, жыртық көрпе жамылып, жыртық кітап оқып, жыртық өмір сүрген адамдармыз» — деп жазғамын. Кітапты іздеп оқиын десең таба алмайсың. Яғни дағдыға айналдыра алмадым.

Журналист: Бала жастан ба?

Жазушы: Иә, бала жастан. Кітап оқуға тәрбиелеу керек балаларды. Қазір балалар телевизордың алдынан кетпейді. Рас, кітапты басына жастап оқитын балалар осы күнде де бар. Бірақ, аз...

Ал, қазір, кітап көп, уақыт аз, таңдап оқитын ғана шама бар.

Журналист: Сәке, жазушылық лабораторияңызбен таныстырсаңыз. Қай уақытта отырасыз. Қай мезгілді ұнатасыз. Қалай жазасыз?

Жазушы: Мен әуелі не жазсам да басымда пісіріп алам. Жазатын тақырыбым қызықтырып жүреді. Осыдан бірдеңе шығады-ау дегенде барып отырам. Бағана айттым. «Хан мен Президент» жәйлі... Баяғыда жазып тастайтын дүние. Бір жері жетпей тұрғандай... Оны әрине кейін толтыруға болар... Білмеймін... Менің жазушылық лабораториямның бір нашарлығы осы... Піспей тұрса... шикілеу қалатын секілді. Кейде жазу үстінде одан да жақсы жазуым мүмкін. Соған бара алмаймын...

Ілекең — Ілияс Есенберлин, алпыс жастан кейін жылына бір роман беріп отырды. Тіліндегі кейбір кібірттіктер болмаса маңызды, тамаша тарихи шығармалар. Сол Ілекеңе мен бірде: «Қалай жылдам жазасыз. Сырын айтыңызшы?» — дегенімде: «Мен арақ ішпеймін. Қонаққа бара бермеймін. Жұмысқа мәшинесіз жаяу келем. Күніне екі бет жазам. Сонда жылына жеті жүз жиырма бет. Жүз жиырмасын алып тастасаң. Алты жүз бет. Қалың бір роман емес пе?» — деп жауап қатты.

Мен өйте алмаймын. Жазсам, — бірақ жазып тастаймын. Жазбасам, — жазбаймын. Ол үшін маған бап керек. Бір жерге... аралға апарып тастамаса... білмеймін... Міне, осы себептен мен түнгі жұмысқа көшкенмін. Түнде мені еліктіретін ешкім жоқ...

Журналист: Күндіз ұйықтап аласыз ғой...

Жазушы: Иә,... Күндіз біреу: «Әй, бері кел!» — десе, еріп кетіп қалам... Ал түнде бәрі ұйқыда... Кім келеді?

Журналист: Қаламақы саясаты жәйлі не айтасыз? Әсіресе, қазіргі шақта ақын-жазушылардың жазған кітаптары қағаз тапшылығына байланысты шықпай жатыр. Бұл бір. Екіншіден, шыққан күнде қаламақысы мардымсыз... немесе, мүлдем жоқ...

Жазушы: Қысып тастады. Бұл үлкен әңгіме! Үлкен саясат! Қаламақы дегеніңіз жәй ғана ақша емес. Қаламақыда ел мәдениетті, еңбекті бағалау жатыр. Қоғамның мықтылығы — еңбекті дұрыс бағалауда! Мейлі капиталистік, мейлі социалистік қоғам болсын Коммунизмді білмейміз енді... Еңбек, тек қана еңбек қоғамдағы негізгі нәрсе, өлшем болуы тиіс! Мәселен, құлдық иеленуші дәуірді алыңыз! Ұрып-соғып жұмыс істетті. Кейін келе адамдардың сана-сезімі жетілгенде ұрып-соғуға, зорлық-зомбылыққа көнген жоқ! Одан кейін алдап жұмыс жасатты. Капиталистік қоғамға қараңыз! Жұмысшылардың жалақылары жоғары, тамаша бәрі! Бірақ

капиталистердің еңбек ақысы қайда-а... жұмысшылардан пәлен есе асып кетті. Бірақ, ішіп-жесі өзіне жететін, тоқ жұмысшылар оған үндемейді...

Бізде біреуге артық, біреуге кем қойып жібереміз. Жұмысты бағаламаймыз! Қойшыларды алайық. «Қызым саған айтам» деген пьесамда жазғам! Таулы жерде қойшылар күзге дейін тауда, жайлауда жатады. Күз қайта төмен түседі. Демалыс дегеніңіз жоқ! Қой тіршілігі сенбі, жексенбіге қарай ма?! Тіпті моншасы да жоқ далада? Қой қоздағанда, суықта, түні бойы шаммен отырады. Шала ұйықтайды... Жылма-жылғы кезекті еңбек демалысын да алмайды... Жазушы, журналист те солай. Түнде жазады, ұйықтамай жазады. Еңбек бағалау дегеніміз, жұмыстың қиындығын, адамзатқа пайдасын дұрыс өлшеу! Әдебиет, өнер, мәдениет саласындағы адамдар қоғамға, рухани азық беріп жатыр! Сол рухани азықты бағалау үшін үлкен өнер мәдениеттілік, үлкен саясат, білімділік керек! Экономикалық саясатта осыған ыңғайлануы тиіс!

Журналист: Әсіресе, нарықтық экономикаға бет алған кезде...

Жазушы: Иә,...

Парнография да қаптап кетті. Сүйіссіз кино жоқ, итеңсіз ән жоқ. Тағы басқа-басқа дүниелер болып жатады! Балалардан ұяласың... Капиталистік елдерде де оны көруші азайды... Тез жалықтырады. Идея жоқ. Бір-бірін төпелеп, ұрып жатқан адамдар! Көрушіні фашистікке дайындайды! Көре берсең, өзің де біреуді ұрғың кеп тұрады!.. Біздің шығармаларымызда идея бар! Идея кісіні жақсылыққа тәрбиелейді.

Журналист: Идея сенім ғой!

Жазушы: Дұрыс, сенім парасат. Сол... парасатты шығармаларға көбірек төлеу, көркемдік жағын өлшейтін өлшем қажет! Соған біздің өреміз әлі жетпей жатыр. Қаламақы жәйлі ғылыми еңбектер

қорғаған Мәскеуде юрист ғалымдар бар! Біздің Қазақстанда қаламақыдан қорғаған әлі бірде-бір ғалым жоқ. Тіпті үкімет, парламент тарапынан не әңгіме, не ықылас жоқ. Көрдіңіз бе?! Бұл кісінің құқы ғой. Құқық деп жүрміз... Мен бұл туралы жазып жүрмін. Айтуға қиын. Сондықтан да, кейін, халық өзгерткен. Сонда, ендігі дұрысы – қақы. Ақы бір бөлек. Сондықтан қаламақыда адамның қақысы да бар! Яғни ақын ғана кетпейді, қақын да кетеді...

Журналист: Сәке, арысы Шоқан Уәлиханов, Орынбай, Шөже, Шал, Арыстанбай, Ақан сері, Біржан... Берісі Жақан Сыздықов, Садуақасов, Ғаббас Тоғжанов, Елжас Бекенов, Мәлік Ғабдуллин, Шахмет Құсайынов, Есмағамбет Ысмаилов, Жұмағали Саин, Айқын Нұрқатов, Еркеш Ибраһим, Нығмет Ғабдуллин, Жанайдар Мусин, Төлеген Қажыбаев, Естай Мырзахметов... Бұл тізімді өстіп жалғай беруге болады... Өзіңіз бар... ақын-жазушы, ғалымдар көптен шыққан Көкше өңірінің құнарлы топырағы, құнарсызданып қалғандай ма...

Жазушы: Бұл айтқандарыңыз жалғыз Көкшетау емес, бүкіл Қазақстанға тән құбылыс. Кеңестер Одағына қараған 70 жыл ішінде тіліміз де жеріміз де құрып кете жаздады. Қазақ тілі, қазақ салты қақпай көрген соң, орысша ойлап жазатын, орыс тілінде жазатын жазушылар шықты. Олар қанша жерден жақсы жазсын, өз ұлтының, дәстүрін, қасиетін, бүкіл сана сезімін түгелдей бере алмайды... Одан кейін өнерді дәріптеу, қолпаштау болмай кетті бізде. Жаңағы қаламақы саясатына байланысты әңгіменің қосымшасы – дәріптеу! Ақандай, Біржандай бол деп жатсақ дәріптеу емес пе? Бір ғана Көкшетау облысынан төрт үлкен композитор шықса, қазір дұрыс біреуі де жоқ! Кешегі «Жас қазақты» жазатын Рамазан Елебаев Біржан салдың ауылынан шыққан. Қазір Кәрім Ілиясов пен бір-екі қызымыз ғана жазып жүр. Олардың деңгейі Балуан Шолақпен Үкілі

Ыбырайдай ма? Көрдiңiз бе? Дәрiптeу деген қайда? Мұқан Төлебаев, Нұрғиса Тiлендiев, Сыдық Мұхамеджанов, Шәмшi Қалдыаяқовтар неге азайып барады деудiң өзi қиың. Өнердiң көбi рокқа айналып барады. Ақанның, Бiржанның, Шәмшiнiң... (тiрiлердi айтпағанда) әндерi өлмейдi! Тарихта қалады!

Журналист: Сонда... рухани азып-тозушылық ба-сталғаны ма?

Жазушы: Дәл солай! Оны мойындауымыз керек! Өнерге ден қоймау – халқымызды рухани тоздыру. Материалдық табыс жағы оңбай тағы болмайды!..

Журналист: Жалақы секiлдi... үзiлмей тамшылап тұратын қорды айтасыз ба? Өнерге демеушiлiк (спонсор) дегенге қалай қарайсыз?

Жазушы: Ақын-жазушыға үй салып берiп, мәшiн, ат мiнгiзiп жатады. Мұның бәрi ел-жұрттың өнер адамына берген қаламақысы.

Кезiнде Үкiлi Ыбырай елдiң берген бiрер қойын тастамай айдап кететiн көрiнедi. Сонда Ақан серi: «Әй, Ыбырай! Сен барған жерiнде бiрдеме бере ме деп дәмеленiп, жұтынып отырасың!» – деп ұрсады екен. Үкiлi Ыбырайдың әкесi ұста, өзi кедейлеу. Ақанның әкесi Қорамса, бай. Берген малды алмайды, әрине! Ыбырай Ақанға: «Сiз алмаңыз, мен алмайын, сонда байлар малын қайда қояды?» – деп қалжыңдайды екен. Бiр жағы – «ойыншының тамағы тоқ» деген де содан шыққан-ау. Қазiргi кездегi демеушiлiк жасау соның жаңа түрi. Мұсылман, христиан дiнiнде бес парыздың бiрi – кедейге көмектес деген бар емес пе? Бұл жерде садақа беру, жетiм-жесiрге көмектесу емес! Өнерлi адамға көмектесу! Меценаттық. Қаламақы саясаты дегенiмiз де осы!

Журналист: Елiмiздiң жарқын болашағына сенесiз бе?

Жазушы: Келешекке сенбеуге болмайды. Сенсең ғана келешек үшiн үлес қосасың. Сенбесең құлдырап кетесiң. Сенiмсiздiгiңдi екiншi, үшiншi

адамға айтасың! Содан... балаңнан... анау ұрпағыңа жетеді! Адамды егер, сенімсіздік билесе, бойкүйездік жайлады дей беріңіз! Ал бойкүйез кісінің ұнжырғасы түседі. Жүнжи бастайды. Ел жүнжісе, халқың жүнжісе не болады! Сондықтан, келешекке сенудің — оптимист болудың артықшылығы айрықша!

Міне... жазушы деген халықтың... қоғамның жырттығын жамаушы! Әне бір жерің жырттылып тұр, кеңіп кетпесін! Жама! Түзе! деп отырасың!.. Бұл оптимистік пиғыл! Ал мынау жыртылды! Ойбай біттік! Өлдік! — деуге болмайды! Президентіміздің айтып отырғаны да осы! Нарық дегенге көбіміз түсінбей жатырмыз. Жалпы... осы нарық сөзінің өзі... Аудармасы дәл келмейді!.. Нарықты, экономистер де дөп басып, анық біліп жатқан жоқ! Кешегі теңгенің құны неге күнқұрғатпай төмендеп жатыр? Осыны талдау керек! Кешегі жасағанымыз неге бүгін дұрыс емес! Әлде... осыған әдеттендік пе?! Социалистік қоғамнан шегіндік деп ешкім ойламайды. Алға ұмтылдық дейді. Меніңше — біз қазір қазақ секіріп өткен капитализм жолындамыз... Америка осы жолмен жетпіс жыл жүрсе, біз жеті күнде жетпекшіміз. «Аттыға ерем деп жаяудың таңы айырылыпты» — деген! Немесе қазақ: «Асығыстық шайтан ісі!» — дейді... Бензинің болмаса, баяғы өгіз, ат-арбаға қайта барасың! Баяғы қиды қайтадан жағу керек! Бір жерлерде көрдім — қиды үйіп қойыпты. Оның еш залалы жоқ! Ат арба мен ат шананы да жоғалттық... Әрине, бәрі болып тұрса, бұлай жасамайсың ғой! Міне, өсте тұрып: «Біз құрыдық!» — демеу керек! Осыдан бір жол тауып шығу керек!..

Бауырым, бұл сауалыңа «Хан мен Президент» атты кітабымды өзімше жауап жазып жатырмын...

Қазақстан үшін Американың, болмаса басқа бір, өте дамыған, өркениетті елдердің үлгісін эталон қып алуға... кейде болмайтын жағдайлар бар. Мүмкіндіктерімізді есептей, саралай келіп... Біз өз жолымызды,

өз үлгімізді айта берсеңіз, өз идеологиямызды жасауға тиіспіз! Жапониядан өз жерінен шығатын қазба байлық жоқтың қасы. Бізге ұшан теңіз. Бірақ кішкентай ғана осынау елдің жағдайын жылдам – бір күнде, тіптен екі-үш жылда жасай алмаймыз!

Бізде мынау... жекешелендірудің өзінде асығушылық бар! Осыны ойлану керек! Жерді кімге беру керек? Қалай беру керек? Баяғыда, патшалық Ресейдің кезінде жерді алдап сатып алатын...

Қызылтуда Қондыбай деген жер бар. Кезінде, Имантауға ауып келген бір татар байы қазақтың бір байын алдапты: «Ойбай мына жер саған тар! Ағаштың іші! Өріске келмейді! Саған жақсы жер тауып келдім» – дейді ғой... Сондағысы мидай дала... Сөйтіп, әлгі қазақ байы сол араға көшіп келеді. Бай келіп қонған соң «Қондыбай» атанады әлгі жер... Татар байлары мына жеріңді енді сатып кет дейді. Әлгі бай: «Әй, Қазақ жер сатып көрген жоқ! Ұят болады. Ала бер!» – дейді. «Тым болмаса бес сомға сат!» – деп жалынады татар. Жарайды, деп қол қойып береді. Сүйтсе, заң білетін татар байы түбін ойлаған екен-ау – заңдастырған ғой.

Міне көрдіңіз бе? Әдемі, шұрайлы жерлеріміз осылайша «заңдастырылып», талайларға қолды болған кезінде... бүгін де солай «Заңдастырылмағай».

Журналист: Сіздің жолыңызды құған балаңыз бар ма?

Жазушы: Бала... көбінесе... өзің тәрбиелесең ғана қайталайды... Үлкен ғұлама ақын-жазушы, ғалымдардың балаларын алыңызшы. Қайталағандары өте аз. Лев Толстойда жеті бала болған. Бірақ бірде-біреуі әкесіндей емес. Қайта інілері текті. «Атасы басқа аттан түс, атасы бірге атқа мін» деген бар емес пе? Мен гена-тұқым дегенді мойындайтын қазақпын. Мысалы... менің бесінші атамдағы қасиет маған даруы мүмкін... Осындай... қайталанып келетін табиғи заңдылық болуы...

Менің бір ұлым заң қызметкері болайын деп отыр. Екі үлкен қызым «бизнес» жағын қуып кетті. Ең кіші қызым музыка мектебінде оқып жүр. Одан үлкені театр институтында. Екеуі де қазақша оқиды. Осы талпыныстарынан бірдеңе шығуы мүмкін... Ұлым саясатқа бейім. Әсіресе партия дүрілдеп тұрған кезде мен оқымайтын «Правданы» сол оқитын! Дүние жүзінде не болып жатыр? Бәрін біледі. Бәрін оқиды. Соған қарағанда саяси шолушы, немесе заң қызметкері болуы... Ол да жақсы. Заң қызметкері бола жүріп те, өнерді қууы мүмкін. Сондықтан... мен балаларыма сенем! Үміт артам!

Журналист: Еліңіз Сәкен сері деп еркелетеді... Осы жәйлі айтсаңыз?

Жазушы: Бұл туралы сұрақты маған жиі қойып жүр. Егер өзімді өзім «сері» деп атасам ұят болар еді. Әуелде жігіттер айтып жүрді. Бір үлкен бас қосуда Ғабит Мүсірепов: «Өткен ғасырларда қазақта серілер болған. Жиырмасыншы ғасырда неге жоқ? Арамызда серілер бар! Біз байқаймыз! Соның бірі – Сәкен. Сондықтан, Сәкенді сері деп атайық» – дегені. Менің достарым Шерхан Мұртаза мен Әкім Тарази: «Ғабе, біз баяғыдан Сәкен сері деп жүрміз!» – деді. Ғабең: «Әй, білмеймін... Қимайсыңдар ғой, қимайсыңдар!» – деді...

Журналист: Соның дәлелі ретінде...

Жазушы: Дәлелі: домбыра шертіп, ән айтам! Тәп-тәуір күрестім. Спорт шебері дәрежесіне дейін жеттім. Жазықтағы шаңғы мен конькиден де өнерсіз емеспін. Суреттен де өнерім бар. Осыдан ек-үш жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» жазушыларды салған бір топ әзіл-суреттерімді шығарды. Ертеде аңшы, аздап саятшы да болдық. Барында, ақшаның мөріне көп қарамадым (әрине, бейберекет шашу емес). Осының бәрі... жиылып келіп, серілік бірдеңелер болуы керек!

Журналист: Осы бөлмеде пианино тұр...

Жазушы: Мен жасымнан домбыра тартып, үйренген адаммын. Пианиноны жәй ермек үшін шала-шарпы ойнаймын...

Журналист: Ән шығаруға қалайсыз?

Жазушы: Жалпы, ән аса бір қуанышта, не аса бір қайғыда туа ма деймін... Композитор деген түсінік – ұлы нәрсе! Қолдан жасауға келмеиді. Құдай берген табиғи дарын. Композиторларды мен қатты бағалайтын адаммын. Қазір сазгер деп аударып жүр. Меніңше, сазгер деген сөзді әуесқойларға беру керек, немесе, шындығында «музыкант» сөзінің баламасы ғой. Ал мен әуесқой композитор да емеспін... Бір ән шығардым. Ешқайда ұсынғам жоқ. Сөзін өзім жаздым.

Журналист: Қайғыдан туған ән бе?

Жазушы: Иә... Осыдан төрт жарым жыл бұрын менің жарым оқыстан қайғылы қазаға ұшырады!.. Жол ортада әйелің дүниеден өтіп... артында қалған қиын екен... Үйленейін десем балаларыма қараймын. Әсіресе, кішкентай Ақботамның жәутеңдеп қарағаны жаныма қатты батады. Үйге келген адам... күні ертең қалай болады? Өгей шеше ылғи жақсы көре жүріп, бір рет ренжітсе, сол да әсер етеді балаға. Өзінің туған шешесі ұрып жатса да түк емес. Әлгі: «Өз енесі тепкен құлынның еті ауырмайды» деген мақал бар ғой...

Әлінде айтқан әнімнің сөзі былай:

*...Әйел өлсе қаңырап қалар үйің,
Ошағыңнан өткендей ала құйың.
Жалғыз қалған әкеге жар табылар,
Жауғаңдаған балаға ана қиын.
Іздегенге табылар жерұйығы,
Сұлудың да неше бір жермиығы.
Шын іздесең, табылар бәрі-бәрі,
Ана табу жетімге ең қиыны...*

Жәй тартып көрейін тыңдаңыз...

(Жазушы орнынан тұрып, бөлме бұрышындағы

пианиноның қасына барып отырды. Қақпағын ашып, жайлап ойнай бастады. Сәлден соң мұңлы әуенге, қоңыр даусымен ілесе жөнелді... Ашық, тынысты дауыс еркін әуелейді! Мұң, қайғы, арман бар әуенде! Еріксіз тебіренесіз, ойланасыз! Музыканың құдіреті ғой бұл! Ешбір сөз, тіл, түсіндіру қажет емес! «Құлақтан кіріп бойды алар»... ғажап ән!..

Ән аяқталғанда екеуіміз де ойланып отырып қалыппыз...).

Журналист: Сәке! Бақыт дегенді қалай түсінесіз. Суреткер ретінде, адам ретінде өзіңізді бақытты санайсыз ба?

Жазушы: Меніңше, адам баласының жеке баласының бақыттылығы он екі мүшесінің саулығы. Сол он екі мүшенің біреуі жарамсыз болса, не орынсыз қолдансаң, — бақытсыздығың...

Менің жазушы ретіндегі бақытым: жазғандарым іске жарап жатыр. Сол үшін бақыттымын. Ал мінезге келсем... Қырсық емеспін... Бірақ бюрократизмді жек көрем! Біреу үстімнен билік айтып: анда бар, мында бар дегенді суқаным сүймейді!

Менің әке-шешем екеуі де 30 жылдан партия қатарында болған дәрежелі қызметкерлер еді. Мен партияға өтпей қойдым. Өтсем, партиядан баяғыдақ шығарып жіберер еді. Мәселен, нашар бастығыңды, өтірік болса да, сыйлауың керек. Мен өтірік сыйлай алмаймын! Адам жақсы болса, үлкен бе, бала ма, бәрібір шын сыйлаймын!

Құдай тағала, осындай мінездеріме қарай, талант берді. Соның арқасында көп адамдарға қарағанда, тәуелсізбін. Сол үшін бақыттымын!

Журналист: Арманыңыз бар ма?

Жазушы: Армансыз адам болмайды! Мысалы, баюды армандаған адамның өзі байыдым, болды дейме? Байыған сайын арманы ұлғая береді. Миллионер, тіпті миллордерлердің өзі құнықса, жаман! Біздегі кейбір бастықтар құнығып кетіп, қолға түсіп

жатыр. Арманға да құнықпау керек! Арманға жетем деп ұмтылу керек! «Қолымды кеш сермедім!» — деп Абай айтқандай, бір нәрсеге кеш ұмтылып, өкініп қаласың. Ол да арман. Мысалы, қырық жасым қайта келсе, басқа да, қосалқы нәрсе жасар ма едім. Енді алпысқа келген соң, жастардың жасаған дүниесіне қуатың, күшің жетпеуі мүмкін! Міне, осылардың бәрі өкініш. Яғни, арман! Ал арман бітпейді. Жалпы... мен... салыстырмалы түрде... жаман өмір сүрмеген секілдімін! Құдайдың берген жазасына қарай, сүріну, қателесу, отбасындағы қаза... сондайлар бола береді! Оған қарап арманды жоғалтуға болмайды! Арман дегеніміз — мақсат! Сол мақсатыңа жету — арман!

Журналист: Өлімнен қорқасыз ба?

Жазушы: Қорыққанмен бола ма... Дүниеге келу бар да, кету бар. Ол ақиқат! Бұрын аса қорықпаушы едім, кейінгі кезде мен жетпіске жетсем, деп, ойлайтынды шығардым. Себебі, кенже қызым Ақбота 11-де, енді он жылдан соң 21-ге келеді. Демек, өз қолы өз аузына жетеді. Содан кейін ешкімге масыл болмай абыроймен қайтсам, өкінбеймін. Жаратушыға ризамын!

Журналист: Сәке, әңгімеңізге көп рахмет!

Жазушы Сәкен Жүнісовпен сұқбаттасқан Толымбек Сылдырбайұлы Әбдірайым, Көкшетау облыстық теледидардың Бас редакторы, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

«Көкшетау» газеті, 1993 жыл.
Сәкен Сері

«Абылайхан» фильмінің төңірегіндегі былықтар мен шылықтар

Болашақ «Абылайхан» фильмінің төңірегінде әр газетте әртүрлі алып-қашпа жорамалдар, тіпті өсек-аяң сөздер жазылып, сан-саққа жүгірген гу-гу әңгімелер айтылып, бұл тарапынан маған да талай сұрақтар жауғанмен, әліптің аруын бағып үнсіз жүр едім, енді жақында «Қазақ әдебиеті» газетінде осы фильмнің болашағы жайында, продюсорлық орталықтағы сорақы былықпайлар туралы жандары ашып шыбын-шіркей болып ышқына мақала жазғандардан кейін менің де шыдамым таусылды. Ашынған жандардың жазғандарының шындығы көп те, сәл мүлт кеткен жерлері де бар екен. Сондықтан, «Абылайхан» фильмінің өзім кейін түсінген былықпайын да, шылықпайын да там-тұмдап айтуға мәжбүр болып отырмын. Ұзақтау болса да, жалықпай оқи көріңіз, өнер сүйгіш, жанашыр оқушы қауым.

Бұдан оншақты жыл бұрын, социализмнің дәуірлеп тұрған шағында Қазақстан кинематография комитетінің председателі Камал Смаилов бір конференцияда «жолдастар, қазақ драматургтері, неге сіздер киносценарий жазбайсыздар, неге киноөнерін көтеруден қашқалақтайсыздар!» — деп, шын пейілімен қазақ жазушыларын киносценарий жазуға шақырған. Мен мінберге шығып әзіл-шыны аралас жауап бергемін:

— «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарарды» демекші, Кәмеке-ау, қазақфильмнің жылына шығаратын көркем фильмі, жоспар бойынша, үшеу-ақ (хроникалық фильмдер өз алдына. Өзбекстанда ол кезде тоғыз фильм) жиырма шақты драматургтарымыздың қайсымызға жетеді. Сценарий жазып қойып, ол қашан түседі екен деп, қошқардың соңынан сүмеңдеген қасқырдың күнін кешпейміз бе? Оның үстіне, үш фильмнің сценариін бекітетін

Мәскеудегі «дәулер». Оның біреуі өткерілген мәскеулік жылпос-халтурщиктің (графамен емес) үлесі, екіншісі тағы да мәскеулік «тәжірибелі» сценаристің үлесі, үшіншісі мәскеулік дәулердің оң жағынан шығып, солардың бірімен бірігіп жазатын қазақ «профессионалының» үлесі, енді бір парти яның нұсқауымен, коммнуистік идеяға лайық мемлекеттік заказбен жазылатын сценарий болса, оның қожасы, тағы да, мәскеулік орталық. Сонда біз ай қарап отырмақпыз ба, қой, Кәмеке, олай нервімізді тауысып, шашымызды ағартқанша, «аш құлақтан тыныш құлақ»... — аулақ жүрейікші...

Сол «аш құлақтан тыныш құлақтың» әсерінен, кейін, «тың туралы «Жапандағы жалғыз үй» романы бойынша сценарий жазсаң қайтеді» дегендерге рахмет айтып, романымды киностудияға сатып құтылғамын (Киностудияда ондай да әдіс бар). Ленин және көсемнің сақшысы Жақай Тойшиев туралы («Өліара» атты пьесамның желісімен) «Ақ қасқырлар қамаған қызыл керуен» сценарийін өткізіп, сөзім өтірік болмасын, — Сатыбалды Нарымбетов, тағы бір режиссер аз ғана стальдік, жанрлық өзгерістермен (комедияға айналдыру) қоймақшы болып жүргенде, социализмнің құлауымен бірге ол еңбегім де жабулы қазан жабуымен қалған... Кейін, кинорежиссер Болат Шмановтың қалауымен «Заманай мен Аманай» романым бойынша екі сериялы фильмге сценарий жазып беріп, ақша тапшылғынан жартылай түсірістен еңбек үш жылдай сөреде сүрленіп жатқан да, ақыры, амалсыздан бір сериялы фильм болып қысқарып шыққан. Сонда да, үлкен абұйыр болғанда, қазақ зиялыларының алдында жасаған Президентіміздің баяндамасында сол жылғы жарық көрген көркем фильмдердің ішінде «Заманай» ғана, ерекше, Ел басының аузына ілігіп, тәуір бағасын алған. Міне, бұлар — менің социализм кезінде бастап араласқан киноөнеріндегі қысқа ғана тарихым.

Енді, нарықтық экономикалық жаңа дәуіріміз басталғанда, кинотарапынан менің екінші творчестволық тарихым да басталды. Бұл жолы, шытырманы мен шатағы көп синтетикалық өнердің қақпасын қайта қағуым, жүрегім шайлықпай, қайта оралуыма түрткі болған да, қуатты қанат бітірген де — Ел басы Нүрекеңнің бір ауыз сөзі. Бұл туралы газет, журналдарда бұрын жазылғандықтан қысқа қайырайын: «ақша табамыз, тек жақсылап жазыңыздар. Романды кейін жаза жатарсыз, «Абылайхан» туралы, еліміздің тарихын дүние жүзілік шет елдерге депаш ететін кинофильм шығаратын уақытымыз жетті» деп, ежелгі Дешті, Қыпшақ, Монғолстан, Абылайхан кезіндегі ел тарихынан біраз әңгіме шертіскен соң, творчестволық шабытқа қамшы басып, хан туралы жазып бастаған роман сюжетін кинодраматургияның елеуішіне түсіріп, ой елегінен де өткізе бастадым. Сценарий жазу ниетімді киностудия (продюсорлық орталық дейміз) басшыларына айтып едім, студия столының тартпасында бұрыннан жатқан киносценарийлерді алдыматартып, олармен сарапқа салынып, жазғанда түсуім керектігін айтып, ойымды құптады.

Көп ұзамай менің адресіме «Қазақкино мемкинокомпаниясынан» мынадай хат та түсті. Бір сөзі бұрмаланбас үшін орысша жазылған қаз қалпында берейін: «Уважаемый Сакен Нурмакович! Настоящим уведомляем Вас о том, что Вы приглашаетесь принять участие в закрытом оплачиваемом конкурсе на лучший литературный сценарий художественного исторического фильма «Абылайхан». Срок представления Вашего литературного сценария в Конкурсную комиссию Госкинокомпанияи «Казахкино» 20 июня 1996 года.

Председатель Госкинокомпанияи «Казахкино» О. М. Рымжанов». Уақыты тым тығыздау екен: Екі бөлімді (серия) фильмнің әр бөлімінің сценарийінің

жұмыс үлесіне жиырма күннен тиеді екен. Тәуекел деп кірісіп кеттім. Талай жылдар бойы ой қазынамды толтырып, пісіріп жүрген роман мазмұнын — фильмге лайықты оқиғаларын кинотіліне, драма жүйесіне айналдыру, шынын айтайын, аса қиынға түскен жоқ. Оның үстіне таудай тақырыпты — халықтың ұрпақ өнерінің жүгін көтеру мақсатындағы шығармашылық шабыт жетеледі де отырды. Уәделі күнінен бұрынырақ тапсырдым. Бірақ, тағы бір кезеңге, тағы бір тығырыққа тірелдім: Сценарий орысша жазылуы керек екен — экспертті-конкурс комиссиясы мүшелерінің, жаңа заманның оқыған қазақтарының ішінде қазақша оқи алатыны некен-саяқ, тіпті он бесінің екеуі-ақ десе де болады, басқаларының бәрі орысша судай ағып тұрған аса жетік мамандар екен. Әйтеуір, құдай иіп, белгілі кинорежиссер, жазушы-кинодраматург Сатыпалды Нарымбетовтың ықыласы түсіп аударатын болды. Оған екі серияға жеті күннен он төрт күн ғана уақыт берді. Ол межеден шықпаса, сценарий жайына қалмақ. Жоқ, сәтін салып, Сатыпалды межелі уақытта аударып үлгерді де, шығарма жабық конкурстың жабық сандығына түсті, әйтеуір. Сонымен межелі уақытта жабық конкурстың қортындысы да шығып, менің сценариім бірінші орын алыпты деп ұзынқұлақтан естідік, артынша заңдастырылған шарт бойынша сценарий ақысының 25 процент гонорарын да алдым. Бірақ қолыма тиген шарт қағазы жоқ, конкурс қортындысының әдетте газет беттерінде жарияланатын рәсімі де жоқ. Бәрі жасырын. Ал, анығы мынау: Дау болмас үшін тағы да орысшасын бұлжытпай берейін:

Выписка из протокола № 3

Заседания экспертно-конкурсной комиссии
при Национальном продюсерском центре

г. Алматы

24 июня 1997 г.

На заседании присутствовали О. Рымжанов, А.

Кашаганова, Б. Шарип, С. Абдрахманов, Т. Мухамеджанов, А. Мустафин, Л. Аранышева, А. Байгожина, С. Нарымбетов, А. Райбаев, А. Карпыков, Г. Нугербек (С. Азимов и В. Рериг отсутствующих на заседании передали в запечатанных конвертах свои голоса с поручением проголосовать за них и указанием избранного ими сценария)

Заседание

Экспертно-конкурсной комиссии

Постановило:

Из трех литературных сценариев: 1) А. Ашимов, А. Сейдымбеков, С. Елубаев; 2) Л. Ахинжанова, А. Амиркулов, А. Кекильбаев; 3) С. Жунусов, посвященных Абылай хану, представленных на конкурс, по итогам обсуждения и тайного голосования (подсчет голосов проводила счетная комиссия в составе А. Мустафина, А. Байгожиной, Г. Теплицкой) голоса членов экспертно-конкурсной комиссии распределились следующим образом:

1. Сценарий А. Ашимова, А. Сейдымбекова, С. Елубаева получил — 0 голосов;

2. Сценарий Л. Ахинжановой, А. Амиркулова, А. Кекильбаева — 1 голос;

3. Сценарий Сакена Жунусова — 11 голосов.

Большинством голосов членов экспертно-конкурсной комиссии литературная версия Сакена Жунусова «Абылайхан» принята как основа для последующей работы профессионального кинодраматурга.

Председатель

О. Рымжанов

Секретарь

Г. Теплицкая

(«Абылай хан» туралы екі сериялы фильмнің сценаріі «Жұлдыз» журналының 1997 жылғы 9-10-нөмірлерінде шықты. Бұл жөнінен де конкурс шарты бұзылған жоқ).

Бұл қаулы қолыма құпия тиісімен, бір-екі сөзіне таң қалып, болашақ продюсер Ораз Рымжановқа бардым:

— Оу, мыналарыңа жол болсын, — «литературная версия» дегенге қалай түсінуге болады. Комиссия сценарийлердің конкурсын ашып, сценарийге баға берген жоқ па? Версиялардың конкурсы емес еді ғой?

— Оған қиналмаңыз, ол сөздің бір керегі болып тұр. Сіздің авторлығыңызға ешкімнің дауы жоқ, — деп жауап берді Рымжанов.

— Ал, онда, «принята как основа для последующей работы профессионального кинодраматурга» дегенге қалай түсінуге болады? Егер, бірінші үштік (ол үштіктегі С. Елубаев ГИТИС-тің екі жылдық жоғарғы курсы бітірген), немесе екінші үштік (Л. Ахинжанова мен А. Әмірқұлов ГИТИС-ті бітірген) конкурста жеңіп шықса, ол сценарий «профессиональный» болады да, оларды жеңіп шыққан С. Жүнісовтің сценарийі «не профессиональный» болатыны қалай. Мен драматургия саласында еңбек еткелі табаны жалпақ 33 жыл екен. Осы жылдардың ішінде 13 пьеса жазыппын. Алғашқы «Ажар мен ажал» пьесам Бүкілодақтық конкурста үшінші орын, үшінші дәрежелі бүкілодақтық диплом алған екен, бес конкурста пьесаларым ылғи бірінші орынды жеңіп алады екен, драматургия саласында қазіргі тірі драматургтардың ішінде жалғыз мемлекеттік сыйлықтың лауреаты екенмін, театр институтында 90 сағат профессорлық ставкамен тек қана драматургиядан дәріс оқыған екенмін, Қостанай Педагогикалық институтында Қазақстанда алғаш «Мухтароведение» деген курс ашып, орыс тілінде, негізінде, Әуезов драматургиясынан лекция оқыған екенмін, оқу, білім керек десе. бүкілодақтық әдебиет институтының жоғарғы курсына екі жыл дәріс алып, кинодраматургия пәнінен бес алған екенмін (дипломымды көрсетейін), «Заманай» киносының сценарийін өзім жазған екенмін, ал, сонда мені профессионал емессің дегенді қалай дәлелдейсіңдер. Жа-

қында естідім, енді дайын сценариімді беріп, әзірбайжан драматургі Ибрагимбековке «қайта жаздырмақшысың». Оның менен несі артып тұр. Баяғы Мәскеудің әдетін тағы да қолданып, бізді жерге қаратпақшысың. Намыс қайда? Ұлттық өнерімізге қашан ие болып, қашан ғана біздің де басқа ұлттардан кем емес екендігімізді дәлелдейміз! — деп, біраз дігірді салып едім, Рымжановтың жауабы әзір екен, сасқан жоқ:

— Сіз, бір нәрсені түсінбей тұрсыз, ол Голливудқа екі-үш сценариін өткізген өткерілген адам. Үйі де Лос-Анжелоста тұрады. Әлі, өзіміз барып қайтамыз. Сіздің авторлығыңызға нұқсан келмейді. түсініңізші, бізге Голливудтың ақшасы керек. Бізде прокат та жоқ, ендігі жерде шет ел инвестициясынсыз екі жерге аттап баса алмаймыз, — деп, ұзақ-ұзақ дәлелдермен мені иландырып бақты. Мен иландым да. Бірақ:

— Сонда инвесторымыз драматург Ибрагимов бола ма, әлде Голливуд бола ма, жәрәйді, мейлі, не істесеңдер оны істеңдер, егер авторлығым нұқсан келмесе, договор (шарт) жасасып қойыңдаршы менімен, — деп — мен де түп етектен ұстадым, ол да қазір, ертең, дайын болар деп ұзын сонар сүйретпе созбайға салып жүрді де, бір күні жаңа кинофильмнің атын, Михалковтың «ұйғаруымен» «Казахия» деп, жақшаның ішіне «Абылай хан» деп жазыпты. Енді жалғыз Абылайхан өмірінен емес, ешкім көрмейтін, көрсе орта тұсынан шығып кететін, бүкіл хандар өмірінен хроникалық тұтас фильм жасамаққа ауысыпты. Ол үшін, таяуда, үш сценариден бір сценарий жасап әкелген Ибрагимбековтың шатпағын бас редактор Болат Шәріпке әкеліп, «оқы да, қол қой», деген екен, ол оқып шығып, мұндай халтураға қол қоя алмаймын деп қайтарып беріпті. Жақында, Ибрагимбековтың 60 жылдық тойына О. Рымжанов барып келді. Сонда, го-

норарын төлеп те келіпті деген қауасет бар. Ол тексеріле жатар, көрерміз. «Қазақ әдебиеті» газетінде режиссер К. Дүйсенбайұлының айтқанының бәрі дұрыс, тек қана «келісімшартта түсіретін – режиссер үш нұсқаны да пайдалануы қажеттігі көрсетілген» деп жаңылыс жазыпты. Өз басым ондай шартты көргем жоқ және конкурстың аты конкурс. Одан жеңгендер «тұрымтай тұста» деп жан-жаққа тарап кетті. Тым құрмаса, ұлттық өнеріміздегі белгілі бір кезең болғалы тұрған «Абылайхан» фильмінен сырттан болса да жанашырлық жасаудан да қашқалақтаған секілді. Тіпті әдебиетіміз бен өнеріміздің үлкен жанашырларының бірі ғана емес, бірегейі Әбіш Кекілбаев мырзаның өзі, Президенттің алдында (үшеуміз ғанамыз) «Сәке, киноны сізге бердік қой, басқасына тиіспесеңіз болады» деді. Мен бұл сөздің не қалжың екеніне, не конкурста өте алмай қалған сценаристің сасқан үйректің сүңгігеніне ұқсағаны ма? – түсіне алмадым. Иә, бұдан бұрын да, екі рет (астанадағы екі презентация кезінде) Нұрсұлтан Әбішұлы «шаруаларың не боп жатыр?» деп сұрағанда, «жаман емес, жақындап қалдық» деп екіұшты жауап бергеніме, артынан өкіндім. Бұлай мені күмілжіткен, тағы да, Ораз Рымжанов «Конкурс тіпті, енді Президенттің аудиенциясын сұрап, мәнжайды түсіндіріп, өзі уәде берген қаржыны сұрасам қайтеді» дегенімде, маған: «тұра-тұрыңыз, қазір бір-екі ролик жасамақпыз, сосын Ел басының өзіне бір-ақ көрсетейік» дегеніне сеніп, тосылып қалған себебім сол еді. Сүйтсем, бұл құпияның сыры, «Қазақияға» үш ролик (Бішкекте, т. б. жерлерде) түсіріпті. Әшейін бір-екі артис пен оншақты адамды киіндіріп, шатыр тігіп ескі өмірден қисынды, қисынсыз эпизодтарды түсірсе керек. Бұл да менен жасырын өткен шаруа. Болашақ фильмнің режиссері деп жорамалдап жүрген Абай Қарпықов деген жігіт тағы басқалары Америкаға (Голливудқа)

барып та қайтыпты. Тағы да менен құпия шаруа. Енді, кейінгі кезде, бухгалтермен отырып келістік, «сіздің сценариіңізді сатып алатын болдық» — дегенді шығарды. «Оу, мен неге сатамын. Конкурста жеңген сценариді (роман повесть емес) неге олай құнсыздандырамын? Ибрагимбековке жем болу үшін бе? Және оның тағдырын шешетін бухгалтер емес қой. Ал, режиссермен келісе отырып, кей тұсын жөндеуге, редакциялауға болар. Ол басқа әңгіме».

Жақында мәдениет министрлігінің жаңа басшысы Алтынбек Сәрсембаев мырза киностудияда болып, «Абылайхан» фильмінің дайындығымен танысты. Шақырылмасам да, ұзынқұлақтан естіп, мен де қатыстым. Құдайдың дес берісі — министр «сценариларыңыз бар ма?» деп сұрап еді, кино басшысы О. Рымжанов «мына С. Жүнісов ағамыздың шығармасы бойынша» деп мұрнының астымен күмілжіді. Министрдің сұрау себебі, байқауымызша, кино дайындығына көңілі көншімеді. Үйткені, қаншама зерлеп, оқшап, сауыр-сайманын асыл болаттан қол өнер шеберлеріне тіккізіп, соқтырып жатқан асыл бұйымдардың қай кейіпкерге арналып жатқаны белгісіз. Тіпті бір сөзінде болашақ продюсер: «бұлардың көбін әлі, алтын жалатқан бұйымдармен» зерлейміз, ертоқым, найза, шоқпарларды «ручной трудпен» жасатамыз, жасатып та жатырмыз» деп бір көтеріліп қойды. Оу, сонда, қаншама қазақы ер, қалмақ ері, мұңғыл ері, қоқан ері, үйрек бас, құс тұмсық, әйтеуір неше түрлі ерлерді (неше бір жібек шатырларды, өрімдері әрең көрінетін, он-екі, жиырма төрт таспа қамшыларды т. б. асыл бұйымдарды айтпағанда) жүздеп мыңдап шығарудың қаншама қажеті бар? Оның әрқайсысын көрушінің көз алдына әкеліп көрсетеріндей, кино дегеніміз — музей емес қой. Әрі кеткенде оншақтысы болмаса, бутафория деген жетпей ме? Осы

дайындықтар бос шашылымдар, режиссерін, бас кейіпкерін, түсіретін орындарын, т. б. қажетті бұйымдарын дайындап алмай, кіргізетін келін жоқ, шымылдығын желбіретіп, құр атауын сайлауы – қай ақылға сыяды. Осыншама бостан-бос әурешіліктеріне «Абылайхан» фильміне деп, сметасы жасалмай жатып, 50 миллиондай қаржы жұмсап қойыпты деген де сөз бар. Тағы да ұзынқұлақ. Мейлі, рас болса, ол шығындарға, қыруар ақшаның рет-ретсізіне тексеріс жасалар. Біздікі, әйтеуір, – «естіген құлақта жазық жоқ». Ал, жаңа министрге бұл жолы да істің анық-танығын кейін кең отырып айтармын, толық жеткізіп түсіндірермін, сценаристерге не-мқұрайлы қараған болып, өздері бопалақтай «өңдеп», өздері автор болып, ылғи күлдібадам бірдемелерді ұсынатын, бұрынғы орталықтан бағындыратын татолитарлық режимнің бұл да бір әдісі екенін айтып, енді өз еліміз еркіндік тәуелсіздік алғанда, өз өнерімізді, өз ұлттық намысымызды өзіміз қорғасақ екен деген жалпы жағымды құлаққағыс етермін деп едім. Енді газет арқылы айтуға тура келді.

Сонымен, сөздің тоқ етері сол – әйтеуір ақша табу, прокатқа көбірек жіберуді мақсат етіп, Голливудпен бе, басқамен бе келісіп, Абылайханның орнына бір «Боевикті», Қазақ даласының орнына «Техас» жерін, Қазақ ұлтының орнына аттың теріс жағынан мініп, теріс жағынан түсетін, махаббаттың сыпайылық орнына, эротикалық жалаңаштықты, сексуалдық дәрекілікті уағыздайтын, сақал-мұрт қана жабыстырып алған гримделген біреулердің ойынымен шығатын, ұлттық дәстүр, психологиялық ерекшеліктерді сақтап, тарихи деректерді басшы ететін сценариді өзінше ойран-топалаң шығарып, жаңа «трактовкамен» құрайтын, ондай «қызғылықты» жаңа метаморфозалық фильмнің ұлттық өнерге титімдей де пайдасы жоқ, зиянынан басқа...

Ұлттық өнеріміз арқылы Ұлтымыздың қасиетін

дүние жүзіне, шама-шарқымызша, паш ететін, оған үлкен мән беріп, осы бір қиын, тар заманда қыруар қаржы шығаруға бел байлап отырған Президентімізден бастап, қаржы министрлігінің басшы қызметкерлеріне дейін халық үмітін ақтар фильмге, халық тілегіне мемлекеттік мән беріп отырғанда, қайсібір киноқайраткерлерінің бұған жеңіл-желпі қарауына, тіпті анығырақ айтсақ, бейбастықтық жасауына жол берілмеске керек...

«Қазақ әдебиеті», май 1999 жыл

P.S.

Жақында, 1999 жылдың қарашасында Көкшетау қаласындағы Абылайхан ескерткішінің ашылу рәсімінде Президенттен кейін сөйлеудің реті келіп «Абылайхан» фильмі жайында сөйлесудің де сәті түскен еді.

Жиыннан кейін Ел басы Мәдениет министрі Алтынбек Сәрсембаевқа: «Абылайхан» фильмінің конкурсы қалай өтіп еді» дегенде Алтекең сәл күмілжіп қалды да, мен де аса аптықпай: «мен бірінші орынды жеңіп алғамын!» дедім сабырмен. «Қазіргі жағдайы қалай?» деп сұрады Нұрсұлтан Әбішұлы. Осыған қарағанда «Абылайхан» фильмінің тағдырын екі жарым жылдан бері Ел басына әлі баяндамаған да екен.

— Әлгі Америкамен бірлесіп қоямыз деп жүр, — деп министр тағы да күмілжіді.

— Американы қойыңдар.

Келесі алдымыздағы жылы қолға алыңдар да, сол жылдың ішінде негізгі жұмысты бітіріңдер. Егер қаржы молынан жетпей жатса, қомақты бір серияғы сыйғызыңдар, — деді. Аса бұйырып айтқан жоқ, ақылдасу түрінде айтты. Қаржы қиындығын еске-

ре тұрып іштей қиналып, бірақ фильмді енді шығармауға болмайды, бар мүмкіншілікті пайдалану керек деген сыңай білдірді.

Осыдан артық не керек. «Мәдени жыл» деген жылы осындай өнердегі белгілі, халықтың рухани азығын, тарихымыздың биік бір белесін көрсетер дүниені жарыққа шығара алмасақ, жеңіл-желпі шет елдік шошақай эстрада мен парнографиялық искусствоға кең жол ашып уағыздай беру үшін жылдың бөркіне мәдени үкіні тағудың қажеті қанша?!

Енді, амандық болса, өнерге шын жаны ашитын Ел басы Нұрсұлтан Әбішұлының сөзі далада қалмайтын шығар, төңірегіндегі басшылар далаға тастай алмайтын шығар!

ШЫНДЫҚ ШЕГАРАСЫ

Маған осы журналдың әдеби қызметкері келіп, «қазіргі елімізде болып жатқан үлкен өзгерістер («қайта құру», «бетбұрыс», «жариялылық...») жайында өз ойыңызды, пікіріңізді оқушы жұртшылыққа жазып берсеңіз» дегенді айтты. Бұл ұшан-теңіз мәселе ғой. Бір ғана «жариялылықты» алайықшы, осының төңірегінде ғана қаншама қыруар сөз жатыр. Әдебиет әдебиет болғалы осы жариялылық жолында қызмет етіп келе жатқан жоқ па. Бірақ, қалай «пірім жария», «реализм» дегенмен, сол ашық сөз, шындықтан аты ғасырлар бойы талай өзгерістерге түсіп, қоғамның ауқымына ыңғайына қарай кейде дұрыс, кейде бұрыс икемделіп, отырмады ма? Советтік қоғамда әдебиеттің жариялылығы деген де, осы дұрыс икемделу мен өз ортаңа қызмет ету деген асыл мұрадан тумады ма?! Әттең, сол асылды кей тұста өзіміз жасытып, — артығымызды асырып, ұрандата айта алсақ та, жақсымыз бен жаманымызды мысық жаратылыспен бүркемелеп жасырып келмедік пе. Мұның өзі, сөз жоқ, «социалистік реализмді» біржақты түсінетін дүмбілездіктің зардабы еді ғой. Әрине, қайсыбір ащы шындықты айтпаса да, жанамалай айтып, астарлы сөздермен беріп, орағытып, мысалмен келтіріп, сатира, өзіл жанрларының атын пайдаланып, тағысын тағы түрлі формалармен жазып, әйтеуір айтатын ойын сыналай енгізетін шындықтан, жасуына шығармасын жасырып сабақтайтын қолы қорқақ, өзі батыл жазушылардың талай жақсы еңбектерін, яғни соны өткізудегі (жарыққа шығару) шеберліктерін көрдік. Ал, кейбір терең ойлар, ұлағатты сөздер, тіпті қоғамның қорғаушы күшіндей қуатты пікірлердің журнал, газет, кітап беттерінде жарық көре алмай, көлеңкесінен қорқып, аз үнінен үркерін қызғаншақ «қорқақтардың» білімсіз ноқайлардың қайшысымен туралып, сол арқылы жалпы

әдеби шығармалардың құнының төмендеуіне әкеп соққанына күмән келтірмесек керек. Еліміздегі, жеріміздегі талай өткелдерден амалын тауып, айлалап, не ортан белінен үзердей дүңкілдетіп өткен өрескелдіктерді енді болдырмас үшін, қоғамдағы сояудай-сояудай тікендерді, тырнақ астына кіріп сыздатқан қарамықтай тікенектерді алып тастау ниетімен терінен, қаны мен жазылған мысқалдай жанашыр, әділ сөзің үшін жарым жасың құритындай, шашын мезгілсіз ағаратындай майдан салып күреспедік пе.

Жазушылық өз тәжірибемнің көп мысалынан бір мысал: «Қос Анар» атты пьесамның мына бір жолдары мәні табыс ретінде қуантқан да, айтыс-тартыс ретінде қажытқан жолдар еді. Бір режиссер түсінді, бір режиссер түсінбеді. Көбінесе, түсінгені де, түсінбегені де бұл текстерді алып тастауға тырысты.

— Қайтесің, басыңа бәле тілеп, — деді түсінген режиссер.

— Мұндай сөздермен не айтқың келеді, қайтесің, — деді түсінбеген режиссер.

Әйтеуір, кейінірек кітапқа шығып кеткен. («Қызым, саған айтам!..» 1978, 273 бет). Сол кездегі пікір айтушы мен редакторға рахмет!

Пьеса тың өміріне арналған. Оқып көрейік:

«...Қарасай. — ...Егер шын жауап бергіш болсаң, сонау алғаш қолхоз ұйысқан жылдары қырылып кеткен қыруар малға, қаншама жанға неге жауап бермедің кезінде?.. Сен өңкей бір ұрандап өткен жерді ғана айтып, сүрінген тұсты айналып өтуге әбден машықтанған екенсің.

Аяғөзов. — Ондай-ондай кішігірім шұқанақтарды сен екеуміз-ақ жаңа заманның жаңа тракторлары тегістеп кетеді.

Қарасай. — Ә-ә, тегістер, тегістер. Былтыр «Озерный» совхозының бір тракторисі шым үйдің бұрышынан кіріп кетіп, тамақ ішіп отырған адамдардың дастарханының түбінен бір-ақ тоқтаған.

Райхан (сәл езу тартып). — Күні-түні жер жыртып қажыған тракторист қалғып кеткен ғой...

Қарасай. — Соны айтам-ау, қашанда жаңалық тізгінінде отырған адам да қалғымайтын сергек болмаса, тақтайдай даланы тегістеймін деп жүріп, қайсыбір тіршілікті де сүргілеп алар.

Аягөзов. — Нені сүргілеп, нені бүлдіріппіз?!

Қарасай. — Тыңды игереміз деп, жергілікті жұрттың малына бықбырттай тидіңдер. Одан да, қолындағы малға қараған кемпір-шалдарды колбаса мен қара шайға қамағанша, әр совхоздан неге бірлі-екілі мал жаятын бөлімше ашпайсыңдар.

Аягөзов. — Оны маған несіне айтасың?

Қарасай. — Сен де осы ауданның басшыларының бірі емессің бе? Ертең мал басын көбейту керек деген тағы бір ұран шықса, о дүниеге кеткен қыруар малды бір күнде қалай тірілтіп алмақсың. Оған жауапты қалай берер ең?

Аягөзов. — Оған қам жемей-ақ қой!

Қарасай (ызалы күліп). — Әрине ол кезде сақалың беліңе түскен пенсионер боласың. Қазір, он бес-жиырма жылдасың, коммунизмге жетеміз дегенге де беттерің бүлк етпейді. Бүлк етіп қайтсын, жиырма жылдан соң бүлкілдейтін бет түгілі, қалтылдайтын бастарыңның қайда қалатынын жақсы білесіңдер.

Аягөзов. — Әй, Қарабет-ай, өзің қартайған сайын шімірікпей сөйлейтін болыпсың, ә?

Қарасай. — Қорықпайсың дегенің ғой. Мен несіне қор-қайын. Қызмет орнымнан айырылып қалам деп қалтырайын ба? Сендер ғой анадан туғанда жұмсақ орындықтары бірге ала туатын. Енді бір жыл қалған пенсияға сен құсап қалай аман-есен амалдап жетем дейтін менде одан да үміт жоқ. Ауданның зиратында игі жақсыларға тәуір орын қойыпты деседі, содан да үлес алам деп иегім қышымайды.

Аягөзов. — Онда несіне таусыласың.

Қарасай. — Енді Райхан үшеуміз секілді құрдас-тар қанша жасармыз дейсің, келешек мына Мор-гун сияқты жастардікі. Ендігі жердің иесі де, бас-шысы да осылар. Тым құрмаса осылар бұл араның өткені мен кеткенін біліп қалсын. Озығы мен тозы-ғын...»

Әрине осындай шындықты айтатын кейбір ашынған адамдар образын режиссер түсінбеді деп кінәлауға да болмайтын еді. Спектакльді тапсырар кезде, оның бағасын беретін адамдар ең әуелі сөзге тарпа бас салып, соның төркінін тінтіп, қасқырша талайтын едік. Бұл — демократиялық еркіндікке де-ген жымысқы шабуылдың асқынған тұстары еді ғой. Мен де сол тұстардан ылғи аман өттім деп айта ал-маймын. Соңғы «Кроссворд...» атты пьесам, астана, облыс сахналарында жүріп жатқан жерінен, кімнің кінәсінен екені бимағлұм, үнсіз ғана түсіп қалған. Авторға бұдан асқан қиянат жоқ. Қазір бұл пьеса «Современная драматургия» әдеби-көркем альма-нағында В. Розовтың аудармасымен жарық көрді. Яғни, қиянаттан қараңғы қапасынан жарыққа шы-ғарған партияның XXVII съезінде басталған рево-люциялық күрестен, жаңа құрудың, жариялылық-тың нәтижесі екені, қазір екінің-біріне аян. Жари-ялылық үшін болып жатқан бұл ұлы қозғалыс, сөз жоқ, біздің, совет адамдарының, оның ішінде жазу-шы қауымының, тек өз елінде ғана емес, бүкіл дүние жүзі адамдарының алдында да еркін сөйлеп, қай мәселеде де еңсемізді биік ұстап, шындықты бүкпесіз айтуымызға, тіпті бейбіт өмір хақында жер шарының биік мінберінен бүгежектемей ашық жар салуымызға мүмкіндік тудырып отырған жоқ па? (Егер баянды болса...)

Мен бұл жолы редакция қызметкеріне өткен уақыттарда жазған, сөйленген бірақ қазақ тілінде жарияланбаған сөздерімді ұсынып отырмын. Бүгінгі

елімізде болып жатқан ұлы өзгерістерге, жаңа идеяларға бұрын да жазушылық қатысымыздың барлығына бұл сөздер дәлел болар. Тек, оқушы жұртшылыққа айтар бір-екі ескертпем сол — «Әлімжанов пен Есенберлинге хат» мен үшін онша абыройлы, беделімді көтеретін хат емес. Әйтсе де үлкен мәні бар сияқты. Періштедей ақ дейтін, елге, жұртқа ақыл айтып, кеңес беретін ақылды, кемеңгер ақын-жазушылардың өзінде әртүрлі пендешілік зардабынан бас айналушылықтың болатынын, қателіктер өтетінін, кешегі кездердегі елімізді жайлай бастаған жайсыз жағдайлардың оларды да илеп, билей бастағанын аңғаруға болатын сияқты. Әйтпесе, ол хатты (тіпті ішінде өлген адамдар да бар; ыңғасый) Біреуден өш алу, біреуге кек тұру ниетімен беріп отырған жоқ. Қайта сол Ілекеңдермен кейінгі кезде сөзіміз де, ниетіміз де жарасып кеткен адамдармыз. Басқалармен де солаймын.

Қазақстан Жазушыларының VIII съезінде сөйлеген сөзімнің хат арқылы берілуі де, сол кездегі ашық сөзге аздаған қағажудың барлығынан болуы керек.

Келесі съездегі сөз — декабрьде өткен қолайсыз жағдайды алдын-ала болжағандай айтылса, сонымен бірге бұл сөз — сол жағдайды болашақта талдап жазатын шығарманың басы, аттап шығар табалдырығы, қадірлі оқушы қауым.

Осы өткен кездегі жазылған хат, сөйленген сөздерді қайта оқып отырғанда, қалам тигізіп түзуді керек ететін ақаулары да бар сияқты. Бірақ, сол кездегі айтылған сөздердің біреуінің мұртын басып, не аузын қақпадық. Егер қайтадан жөндеп, мінейтін болсақ, сол тұста айтылған, мазмұнымен, шындығынан, қуатынан айырылып қалар еді. Сол себепті, қол тигізбегенді жөн көрдік.

«Жұлдыз» журналы.

ЖЕРДІ ЖАРАТҚАН ПАРЛАМЕНТ ЕМЕС, ЖЕРДІ САТАТЫН ДА ПАРЛАМЕНТ ЕМЕС!

Ойлан, депутат!

8-ші шілде күні Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде Қазақстан қаламгерлері мен зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен «Жер киелі құндақ, алтын бесік» деген тақырыпта үлкен жиын өтті.

Жиынды Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Н. М. Оразалин ашып, бүгінде барлық жерлерде Жер туралы Заңға байланысты алқалы басқосулар өтіп жатқанын айта келіп, бұл құжат туралы сындарлы, салиқалы ой-пікірлерді ортаға салуға шақырды.

Аталмыш тақырыпта баяндама жасаған Журналистер одағының төрағасы К. Смаилов жақында баспасөз бетінде жарияланған «Жер туралы» Заң жобасына кеңінен тоқтала кетіп, бүгінгі күні Жер сату жөніндегі мәселенің қазақ жұртын қатты мазасыздандыра ойландырып отырған жағдай екенін нақты сөз етті.

Бұдан кейін сөз алған Қ. Қайсенов, М. Есенәлиев, С. Шәймерденов, Қ. Мұхамеджанов, С. Жүнісов, А. Әшімов, С. Қирабаев, М. Мағауин, С. Ақатаев, Ә. Әзиев, И. Оразбаев, А. Нысаналин, Қ. Исабаев, М. Ақдәулетұлы, Ә. Нілбаев, А. Әлімов, М. Мәтханұлы, З. Дүйсенбеков, Н. Қазыбеков сияқты халқымызға танымал қаламгер, ғалымдар, қоғам және өнер қайраткерлері Жердің ықылым заманнан халық меншігі екендігін, оны ешқашан сатуға болмайтындығын, Жерді сату тәуелсіздігімізге түптің түбінде өз қолымыздан жасаған залалымыз, халқымызға жасаған опасыздығымыз болатынын тарихи деректерге сүйене отырып, толғақты ойларын ортаға салды.

Жиынға қатысушылар бірауыздан халқымыздың соңғы ырысы – Жер тағдыры жөніндегі өз пікірлерін айқын білдіру мақсатына Қазақстан Республикасы Парламентіне Ашық хат қабылдады.

Қазақ халқының, ұлтының басқа дүниежүзілік адамзат санатындағы халықтар мен ұлттардың қатарында өзін тең ұстап, тәуелсіз, дербес ел болып отыруының екі түрлі негізгі белгісі-дәлелі бар. Ол — қазақ халқының өзіндік меншікті ана тілі мен өзінің ғасырлар бойы ұстап, ұқсатып, қорғап келген ата мекені — меншікті жері.

Осы екеуін қорғау жолында қазақ қазақ болғалы, халық санатына қосылғалы алысып-жұлысып, бір жығылып, бір тұрып-ақ келеді. Әйтеуір өлмей келеді — өліспей беріспей келеді. Өлмегені — беріспегені. Беріспегені — өлмегені.

Жаңа ғана дербестігімізді алып, тәуелсіз ел болдық па, болмадық па деп отырғанда, Парламентіміздің жерді саудаға салмақшы болып отырғанына жол болсын! Бұл не сұмдық? Бұл не ойсыздық, бұл не асығыстық, бұл не көзсіздік, бұл не бассыздық?! Мүмкін, біз, қара халық сөз жетесіне жете қоймай, асығыс тызалақтайтын шығармыз? Ендеше, алдымен біздің сөз саптауымыздың (термин) басын ашып алайықшы. «Жерді сату» ма, «жалға» беру ме? Сөз төркінін қарапайым мысалмен түсініп алсақ, оның мағна-мазмұнының да өз-өзінен ашылары хақ: Мен біреудің атын сатып алсам, ол менің меншігіме айналады. Оны сойып жеуге де, күтімсіз ұстап, аяусыз мініп, зорықтырып, не қараөкпе етіп өлтірсем де, не екінші біреуге мүлдем сатып жіберсем де — ол менің еркім, меншікті дүниені не істеуге де хақым бар. Ал, егер, әлгі атты мен уақытша пайдалануға алсам, яғни малдануға емес, жалға алсам (бір жылға ма, бес жылға ма), мен оның иесімен келісіп аттың жалының ақысын, яғни бүгінгі тілмен айтқанда жалақысын төлеймін. Атты мерткітіріп алсам, не өлтіріп алсам — оған келісіммен тағы да үстеме құнын төлеймін. Өйткені, ол мал менің меншікті дүнием емес, иесінің меншікті дүниесі.

Ал, жер сатылғаннан кейін, ол жерге әлгі сатып алған атқа өз қамытын біржола кигізетін, не мүлдем

көзін жоятын иелер табылатынында шәк жоқ. Сауда сақал сипағанша.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын, Көкшетау жерінде арендаға жер бөлінгенде, бір орыс ақсақалының қарамағына жалға берілген жер көлемінің ішіне бір көл кіріп кетіпті. Содан күзгі күндері көлдің қаптанған құсын атуға, балығын аулауға рұқсат қағаздарымен келген адамдарды бір табан жақындатпай, әлгі көл «иесі» мылтықпен күні-түні аңдып, тіпті елдің жайылымдағы малын су ішуге аттатпай қойыпты. Бұл анекдот емес. Шындық. Ал, ертең сол ақсақал жерді мүлдем сатып алса, не болмақ?

Солтүстік Қазақстанның, бүгінгі күні «Орталық Қазақстан» деп жүрген географиялық картадағы шұрайлы жеріміздің егінші халқының 80 проценті — басқа ұлт өкілдері. Біз әзірше, көпшілікке үйреніп қалған мақтан сүйгіш, әрі қонақжай, қолы ашық, құшағы да кең халық, біреулердің айтағына еріп, Жер шарындағы ең «многонациональный елміз» деп желбуазданып мақтана бермейік. Әуелі өзімізді жарылқап, өзімізді жөндел алайық. Қазіргі таңда — әзірше, «көп ұлтты елміз» деп мақтанғаннан гөрі, сақтанған абзал.

Ақиқатына келсек, егер әлгі айтқан Солтүстік Қазақстан өлкесіндегі ең шұрайлы жерлердегі сол араның көп ұлтты өкілдеріне сатып, меншігіне біржолала берсек, былай да бүйректен сыйрақ шығарып жүрген солженицыншылдар сияқты кейбір ұлт диаспораларының өкілдері «біз бұл арада 80 процентпіз, бізге автономия беріңдер» деп ертең қиғылықты салып, одан соң төрт-бес жылдан кейін автономиясын бекітіп алған соң, біздің Ресейге қосылғымыз келеді деп талап етіп, өз конституцияларын заңдастырып алмасына кім кепіл. Біз сол өрескелдікке, сол сепаративтік (ертеде сібір орыстары орталық орыстардан бөлінеміз деп сепаративтік идеяны қолданғанда, қазағыңды қайтсін) ойларға өзіміз мүмкіндік туды-

рып, мұрындық болып отырған жоқпыз ба? Жерді иеленіп алған соң, ұлы империялық түсініктегі, ұлы державалық мемлекеттің өкілі сенің тіліңді, сенің заңың мен тәуелсіздігіңді қайтсін. Олар сүйтіп жатқанда, екінші күшті Империя өкілдері — қытайлықтар жай қарап жатсын ба? Қазір де қыздарыңа үйленіп азаматтық алып жатқан оларға заң жүзінде жер бермесең де, осы жердің иесі, Қытай келіні — қыздарыңа қалай жер бермейсің. Қытайлықтар бір бүйіріңнен «Қара Ертісті бұрамыз, суын азайтамыз» деп қоқандап жатса, «қожа қорқытады» демекші, газ бермейміз деп біраз жеріңе еншілік жасап, ен салып жатқан өз ағаң өзбек бауырың қарап қала ма? Қыспақ деген сол емес пе?

Сонда қалай, бар байлығымызды таратып беріп, ай қарап отырамыз ба? Жер алатын қазақта ақша да, ақша қылар мал да қалған жоқ.

Бір ақсақал айтыпты: «Жарайды, үйтіп-бүйтіп аз налогпен мал бағатын жер алармын. Бірақ оны қайтем, оған жаятын малым жоқ, сонда өзім жайылам ба?!».

Малдан айырылсақ, жерден айырылсақ, бар байлығымызды бөліп беріп, елдігімізден айырылсақ, Ушаковқа жерін сатқан Аппақты кінәлаушы едік, өзіміздің аузымыз аппақ боп қалмай ма?

Қазақ жерін қазаққа да сатуға болмайды. Біздің халқымызда ежелден дау-дамай, талас-тартыс, айтыс-қарғыс тудырып келе жатқан өлім-жітімге себепкер болған үлкен мәселелердің, даудың бірі де, бірегейі де — «Жер дауы, жесір дауы». Жер үшін, оның ішінде жасыл жайлаулы, мол сулы-бұлақты, шүйгінді жер үшін ру-рулас, тума-туысқан болып қырқысып, бірі қуып, бірі қашып күнелтпеп пе еді, қайран қазағым! Жалға алса, амалсыз бірігіп, қосыла еңбек етер, ал жеке меншікке ала қалса (қаражаты барлар), маңына жуытар ма кедей-кепшікті. «Жаман атқа жал бітсе жанына торсық байлатпас, жаман адамға мал

бітсе жанына қоныс қондырмас» дейтін ежелгі мақал неден шыққан дейсіз...

Жалға беретін жердің де мерзімін тым далитып жіберудің қажеті жоқ. Тексеріс жасау қиынға соғады: Жердің үстін пайдаланып жатыр ма? Тапқан табысын, түсімін қайда жұмсап жатыр, тағысын-тағылар деген сұрақтар көбейіп кетпек. Егер дұрыс ұқсата алса, шарт мерзімін ұзарту қиын емес қой. Жеті-сегіз жыл, әуел баста, жетіп жатыр. Президенттен әулие емес қой. Ендеше, дербестікті толық игермей жатып, бұғанамыз бекіп, аяғымыздан қаз тұрып, дүниежүзіне тәуелсіздігімізді паш етпей жатып, мемлекеттік тілімізге, салт-санамызға, айта берсек қазақтығымызға өз ішіміздегі басқа ұлт өкілдерін икемдей алмай жатып, жеке ел екенімізді толық мойындата алмай жатып, ұлтымыздың, елдігіміздің, қазақтығымыздың екінші белгісі — жерімізді саудаға салып, Жер-анамызды қадірлейтінге де, қадірлемейтінге де теліп, емірене еметін емшегін көрінгеннің иелігіне беріп, сүлікше сорғызып қоямыз ба?! Ананың тілін, атаның мекенін қорғау — ұлтыңды қорғау емес пе еді.

Мәжіліс төрағасы М. Оспанов мырза, сасқан үйрек артымен жүзедінің керімен, депутаттарды елелге, жұрттың пікірін білуге жіберіп отыр. Мұндайда «многонациональный» елдің, яғни көп ұлттың сөзінің көп бұлтыңның болатынын сезбей ме екен. Жалпақшешей бола беру түбімізге жетіп-ақ келе жатса да қоймаймыз. Дүниежүзіндегі әр елдің ғұламалары мен ақындарынан ғұмыр бойы жер ту ралы, ел, тіл туралы артық айтқандар бар ма?

«Тасыған қазақ көзі бұлақтай боп,

Соятын крестьянға лақтай боп...

Жер-суын, баққан малын алдыңыз да,

Қазақтан бұл уақытта болдың безер...

Қай дума, комиссия болса-дағы

Бұдан закон сұраймын төрелетіп»

— деген Ақан серінің мұңы мен зары;

*Ащы су бізге қалды шөл далалар,
Жақсы жер қалдырмады егін салар...
Қазағым көрмегенің әлі алдыңда,
Боларсың көне берсең мұнан жаман,
Барында аяқ-қолың тыпырлап қал.
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң—*

деп ескерткен Міржақып сөздерінен неге сабақ, неге фибрат алмасқа!

Жерімнің тебіренісінен, халқымның толғанысынан, тарихтың тәжрибесінен, замандастарымның, өзімнің күйзелісімнен алып, қадари-халімше жазған аз сөзімнің аяғын «Абылай хан» кинофильміне жазған сценарийімнің соңғы аяқтауымен бітіргім келеді:

«Түсі суық Абылайдың қуатты үні күшейе түседі:

— Уа, жасаған, елімнің, жерімнің саулығы үшін екі ұлымды екі ұлы елге аманатқа бердім. Керек болса, отыз ұлымды отыз елге беремін. Ол аз десең, мә, өзің берген қылыш (қылышын суырады), шап мені, жан пида. Жерімді жатқа бергенше, мені бөліп бер, қақ бөліп мені бер!

Абылай алтын сапты қылышын қара бұлтқа қарай лақтырады. Қылыш найзағай болып жарқылдайды».

Сәкен Сері,
Қазақстанның халық жазушысы.
«Қазақ әдебиеті», 16 шілде, 1999 жыл.

АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

АБЫЛАЙ РУХЫНА ҰРПАҚ БАЯНЫ

(Абылай хан ескерткішінің ашылу салтанатында сөйленген сөз)

Қондың ба, Абылай хан, тұғырыңа,
Іліккен сор ғасырдың құрығына.
Ұмтылған ұмытпауға ұрпағыңның
Жібермеді-ау қу Заман ырығына.

Енді создық күнгейге қолымызды,
Қайта танып оңы мен солымызды.
Жіберсін бе, әйтсе де, белуардан
Шым батқан сортаң жердің соры бізді.

Жетіле қойғамыз жоқ бірден әлі,
Оңай шыға қоя ма кірген пәле?!
Тұтаса алмай, етек-жең жинай алмай,
Түргеміз жоқ самалға іргені әлі.

Әлі де кей жетесіз таласып құр
Әр жүздің тұманында адасып жүр
Түртпектеп, қазағым-ай, бірін-бірі
Көк инені жүгіртіп, қадасып жүр.

Адасып жүр кей пахыр, шатасып жүр,
Тек қамын қара бастың қарасып құр,
Қарадан хан шығарын білгеннен соң
Қанын беріп, хандыққа таласып жүр.

Кей сабаз именбей Ел ордасында
Батып жүр жеке бастың олжасына
Албастымен алысу оңай емес
Қанша айбынды болғанмен Ел басына.

Бұл күнде иесіз қалған жұрт көбейді,
Келіп, кетіп сабылған ұлт көбейді
Абылайдың түсіндей бақа-шаян
Шеттен кірген шегіртке, құрт көбейді.

Ондайлар көзін тігіп, іліәйімда,
Бар байлық – көмір, темір, мұнайыңа,
«Хан талапай» етпекші қаншеңгелмен
Кездесе, қылғып қояр құдайын да.

Абылай хан үш жүзге «бірік» деді,
Үш жүздің асылдарын іріктеді,
Шыдатар ма біріксе, талай рет
Жаудың шебін тастаған түріп кері.

Әлі де тойтаңдар көп төрімізде.
Кейде темір жауады төбемізге;
Қос бүйірден нұқиды қос Держава
Сыймаймыз, кейде біз де, терімізге.

Сестеніп, сыймасақ та терімізге,
Бауырға кетсе де ауып еріміз де.
Ел басы мен қолбасшы кемеңгерлер
Тыныштықты көздейді елімізге.

Тыныштықты ойлайды, тыныштықты,
Жатуға болмаса да тыныш, тіпті.
Өңмеңдеп соқтықпаса, килікпесе
Қай қазақ жауға бұрын тиісіпті.

Ал, көп ел бесқаруын оқтау қылып,
Тапап, жаншып, зарлатып, жоқтау қылып
Дүниені, шайқалтып сілкіп жатыр
Бір-біріне от борап, оқ жаудырып.

Ондайлардан біз әзір дін аманбыз,
Іргелеспен үзілмей бір де арамыз

Ұрынбаймыз іріге, тиіспейміз
Ұсақтарға жетсе де шын шамамыз.

Бұл өзі — Абылайдың салған ізі —
Көрші елге деген ақыл, айласы ізгі,
Біздерге дәстүр болған, бұл әрекет
Десек те: «соқтырады қайда бізді?!»

«Ұлы ханға бұл мүсін лайықпа-әй?! —
— Дегі біреулер жүр қазір шын айыптай, —
Мыс салт атты секілді аңыз болар
Ескерткіш құя алмадық, Юлаевтай».

Жаңа ғасыр келеді қанат қағып,
Көк байраққа тегеурін қадап алып,
Күн келеді, жүретін әр сәтінде
Әр байлықтың жемісін санап алып.

Құярмыз сонда ескерткіш Оқжетпестей
Көз жетсе де бойына, сөз жетпестей,
Даланың қазағындай саф алтыннан,
Көкшедей мұнарланған, мәңгі өшпестей!

Ендеше, аптықпайық,
асықпайық.
Піскен асқа,
дейді ғой,
қасық дайын,
Қасық болмай,
қазағым,
асық болып
Орындайық арманын Абылайдың.

«Абылай мен Нұрсұлтан арасы бір
Қосылған қос қырандай қарасып тұр,
Арманы мен мақсаты, тілегі ортақ
Екі ғасыр тұтасып, жарасып тұр».

1999 жыл. Көкшетау

Көсем екен қағатын жүзді тежеп,
Шешен екен ағатын тілді безеп
Бір кезең ұмыттырса керзаман.
Қайта толғап,

тірілтер келді кезек.

Көк байрақты,

қазағым,

көтер бүгін,

Ойда,

қырда шаттанар жетті күнің.

Ел үшін шәйіт болған бабаларды

Еске алып,

ойла,

тойла дүркін-дүркін.

Сонда ғана қозғалар, аунап,

мүмкін,

Желпіп-жебер тіріні аруақ шіркін.

Тарихтың желісіне құлын байлап,

(Үйіңнің белдеуінде тұлпар сайлап)

Жұртым-ай, бұға бермей,

сілкін,

сілкін!

Талай би,

не бір саңлақ,

неше батыр

Кесенеде Иассауи бірге жатыр

Сол арада жерленген Қанекеңе

Тек сол үшін ас беру – жетіп жатыр!

Сақтаған бабаларым ел бірлігін

Солардың арқасы ғой тірілігің

Бар елдермен тең түсер иықтасып

Бар әлемге әйгілі ірілігің

Жаулау үшін еліне күле кірген,

(Тағы да бір ит мінез үре кірген)

Қас дұшпанды жерінен түре білен
Аруақтарға ас беріп, елжіреген
Айналайын, халқым-ау, жүрегіңнен!

Ендеше, тек қана бұл Қарауылдың
Тойы емес, сауын айтқан санаулының,
Ұлы той – ел қорғаған ата тойы,
Аталардың ұрпаққа бата тойы,
Тойы бұл – елдің Ері аяулының
Тойы бұл – аттының да, жаяулының.

Тойы емес жалғыз ғана Қарауылдың
Тойы бұл – бар қазақтың, бар ауылдың!

Қыркүйек, 1999 жыл.
Көкшетау.

Дүниені шарлай бер атың барда,
Шөккен нардай үйінде жатып алма,
Мысық емес тышқаншыл,
арыстансың,
Нәсібің әзір сыртта,
қатын алма.

Найзаң ұшы мұқалмай,
қылыш сынбай,
Сілтей бержау шапқандай бір түн тынбай,
Өзі келер ажалға алаңдама
Тарта бер жалтақтамай,
түктен қыңбай.

Қымсынбай жас атанып жүре бер де,
Жиырма бестің өмірін сүре бер де.
Жетпістегі кәріге ұқсаймын деп,
Құдай берген бойыңды ие көрме.

Елден ерек бойың да,
мойының да,
Әзіл,
қалжың,
жарасқан ойының да.
Серіліктен арылма,
өлекшіндер
Тұншығып,
қыңсыласын қойыныңда.

Ұқсайсың бір іс бастап – ұрандарда,
Шаңқ етер құрлықтағы қырандарға,
Ал, құрылыста, әр жүкті орны-орнына
Ұқсайсың қойып жүрген крандарға.

Ұқсадың Арқалықта қырандарға,
Көкшеде мойны керік крандарға,
Сендей-ақ болған шығар батыр, тұлға
Тарихта,
ел қорғаған Тұрандарда!

. Жылдар, жылдар, жылдар:



1954



1955



1962



1972



ҚК(б)П-ның Екінші съезінің президиум мүшелері үзіліс кезінде. Отырғандар: Скворцов, Жамбыл Жабаев, Мағрипа Жүнісова (Сәкеннің анасы). 1938 жыл



Сәкен Жүнісовтың әкесі — Нұрмақ Жүнісов.



Сәкен сері: — Құлагердің қайғылы жолын құшқан сүркөжекке, жарыс алдында, соңғы рет мінген екенмін.



Жүнісовтер әулетінің бір тобы.

«Ақан Сері» романындағы кейіпкерлер:



Ақтоқтының баласы Жәйлау мен автор
Көкшетау. Қызыл сая. 1970 жыл



Науан хазыреттің ұлы Ғазизтай мен автор Сәкен
сері.

Көкшетау. 4-разъезд. 1970 жыл



Сәкен: — Біз соно-о-у жылдардан (Теміртау) дос едік.
Нұрсұлтан Назарбаев, Мен. (1996 жылғы сурет)



Сәкен: — Мен екі талантты басшының ортасындамын. Бәйкен
Әшімов (оң жағымда) — бұрынғы басшы, Қажымұрат
Нағманов (сол жағымда) — қазіргі басшы. Мерей той. 1998
ЖЫЛ



Ұзақ сапардан (Парижде өткен (ЮНЕСКО) М.Әуезов мерей тойы) оралғандағы бір демалыс сәті: Сәкен сері – делегация мүшесі, Иманғали Тасмағамбетов – делегация басшысы. 1997 жыл



Сәкен: – 30-шы жылдар түлектері, бүгінгі аса талантты замандастарымның бір тобы: Камал Смаилов, Әзірбайжан Мәмбетов, Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази, Мен, Қабдеш Жұмаділов



Ақмола (Астана). Презентация. Сәкен сері, Балташ Тұрсынбаев, Кәкімбек Салықов, Олжас Сүлейменов (қазақтың атышулы азаматтары)



Ақмола (Астана). (Солдан оңға қарай) Сәкен сері, Тоқтар Әубәкіров, Балташ Тұрсынбаев, Бердібек Сапарбаев, Шалбай Құлмаханов (қазақтың нар азаматтары)



Париж. ЮНЕСКО. Коллоквиум алдындағы кеңес: Сәкен сері, Ш.Айтматов, М.Әуезов



Париж. Халықаралық дипломатиялық Академия үйіндегі кездесу кешінің концерттен кейінгі жабылу сәті. Жазушы Сәкен Жүнісов, артистер – А.Мұсаходжаева, М.Мұхамедқызы, Ш.Әбілов



Сәкен: — Тұңғыш пьесам «Ажар мен Ажалдың» (1967) алғашқы тұсауын кескен режиссер Қадыр Жетпісбаев (әрі досым, әрі інім еді).
Бурабай. 1998 жыл



«Жамбылдың даңғыл, тарғыл жолдары» спектакліндегі (ТЮЗ) артистермен бірге: Алтынбек Кенжеков (тарғыл жолдағы Жамбыл ролінде). Сәкен сері (автор), Қасым Жәкібаев (даңғыл жолдағы Жамбыл). 1996 жыл



Сәкен: — Ұл-қыздарымның Қаратеңізде ата-анасымен демалыстағы бақытты шақтары: Гүлмира, Мен, Ақбота, Жанбота, Марина (аналары). 1987 жыл



Сәкен: — Сол жағымда бір қызым — Марал,
оң жағымда бір қызым — Гүлнәр. 1983 жыл



Сәкен: – Анасыз өткізген жеті жылда жетімдік көрмей (тәубә) жетіліп қалған балаларым: Жанбота, Гүлмира, Ақбота. 1991 жыл



«Өліара» пьесасының қойылымы үшін Мемлекеттік сыйлық алған (Қарағанды) лауреаттар:
Ерсайын Тәпенов (режиссер), Сәкен сері (автор),
С.Қажымұратов (Жақай ролінде), К.Жұмабеков (Ленин ролінде), М.Мақсұтов (суретші).



«Кемеңгерлер мен көлеңкелер» спектакліндегі (Академиялық драма театры) артистермен бірге: Ақыш Омаров (Ф. Мүсірепов ролінде), Сәкен Жүнісов (автор), Саят Меркенов (М.Әуезов), Омар Қиқымов. (С.Мұқанов)



Сәкен: — Өзімнің құрдасым ССРО жазушылар одағының (1934 ж. құрылған) Мәскеуде өткен 60 жылдық мерей тойында: Полат (1-ші хатшы), С.Михалков, және, Мен. 1994 жыл



Сәкен: — Өзімнің құрдасым «Қазақ әдебиеті» газетінің (1934 ж. ашылған) 30 жылдық мерей тойы алдындағы редакциядағы кеңес-қарбалас. Мен (бөлім меңгерушісі), Қ.Жармағамбетов (ақын), Ж.Тәшенов (жауапты хатшы), Қ.Сәрсекеев (әдеби қызметкер). 1964 жыл



Біз де бала болғанбыз:

Мағрипа (Сәкеннің анасы), Зекен (әпкесі), Сәкен, Дәриман (туысы), Наурызбай (нағашысы).

1939 жыл



Біз де мектепте оқығанбыз:

Сәкен (сол жақтан екінші) кластастарымен
(10-шы класс). 1950 жыл

50 жылдық мерей той



Сахнадағылар: Б.Тілегенов, М.Қаратаев, Әди Шәріпов (баяндамашы), Сәкен сері (тұрған), Ә.Сығаев, С.Майқанова, С.Мұратбеков, К.Қармысов



Залдағылар: (солдан оңға қарай) Б.Тоғысбаев, М.Ысқақбаев, Ә.Кекілбаев, Ә.Әбішев, С.Мәуленов, Ә.Сәрсембаев. 1984 жыл

Еліңе жақсылықты үйіп жүрсің,
Лайым шапағатың тиіп жүрсін!
Кей шартық сыймай жүрсе шапанына,
Халқыңа нар бойыңмен сыйымдысың.

Жұрттан ерен жаралған келбетің де,
Сендей жандар аз келер жер бетіне
Қолдай бер інілерді,
Ел басын да,
Ұялмай қарай алар ел бетіне.

Тұрғанда өн бойыңда өмір-күшің,
101-ге жет-армансыз өлу үшін,
Ел басының мұқият жоспарлаған
Отызыншы жылын да көру үшін.

Керексің сол жылдарды көру үшін,
Қысқа өмірді ұзартып,
өру үшін.

О дүниелік жұмақта
бабаларға
Бұл дүниенің отчетын беру үшін.

Қолың жетті ел билер таққа шейін,
Халқыңның медеу еттің аппақ мейірін,
Қажыдым, қартайдым деп аузыңа алма
Әзрейіл жаныңды алар шаққа дейін.

Тойыңа жан қалмапты-ау шақырмаған,
Күнің жоқ,
дос азайып,
тақырланған,
Замана сан өзгерсе,
сен қалпыңда,
Болса да,
беті аулақ,
ақырзаман.

ӘЙ СӘБИТ-АЙ, СЕН АЛПЫСТАСЫҢ, ҚАЛПЫҢДАСЫҢ!

Мен Сәкен Сейфуллин қырыққа толғанда,
Ұлан-асыр мерей тойы болғанда
Дүниеге келсем,
Көкшенің орман-нуына бөленсем,
Сен кәдімгі Сәбит Мұқанов қырыққа келгенде,
Әдебиетке сол кезде-ақ классик боп енгенде
Ана құрсағын жарып туғансың.
Кіндігіңді Торғайдың суына малып,
Ит көйлегіңді Тобылдың құрағында қалдырып,
Жігіт көйлегіңді Алатаудың бұлағына жуғансың.
Мен Сәкенді,
кейбір бала Мұхтарлар
дана Мұхтарды
көре алмадық,
Адасқа қол қусырып,
сәлем де бере алмадық.
Ал, сенің өмір аймағындағы
мың бұралаң,
қалтарысың да,
Тіпті, әдебиет майданындағы арпалысың да
Айнымайды Сәбеңнің ғұмырынан,
Қанат қағып ұшқан жерің де, елің де
Айнымайды Сәбеңнің тұғырынан.
Сен Сәбеңнің әдеби отауының табалдырығын
имене аттап,
Сыйлап өткенсің киелі босағасын.
Сәбеңе маңдайыңнан иіскетіп,
Қолынан сүбелі ет асағансың.
Мұқағали «ұстазым» деп өткен,
(өзі де соңынан қыршын кеткен),
Алмастай Қасымның,
Асылдың,
Жасынның
Майданнан қайтқан қанды жейдесін киіп,
Көркем-мәнді бейнесін жасағансың.
Өттең,
«Ару анаң» Мәскеуге боздап барып,

Зиялы қауымының қозғап бәрін,
Тебірентсе де,
орыстың боздақтарын
Шұбыра түсіп,
«шұбатыңды» ішіп,
ойланып, пішіп отырса да,
Жібімей қойды өз қазағың — жолдастарың.
Ел басымен,
не бір қазақтың текті,
асылдарымен,
Неше бір епті,
маңдайы ашылғандарымен,
Тіпті, жағажайдағы қалталы масылдармен
Қысылмай емін-еркін сөйлесетін,
Әбіштердей лауазымды,
құдайы құрдастармен
Кейде өзімсініп,
кейде төзім бітіп,
«өй!» десетін,
Жүрегінің түгі бар,
не түг-гі жоқ,
Редактордың сенімен белдесетін.
Жігітсің саудаламай да,
алаламай да
Бағалайтын ардың құнын,
Батырсың қайыспай да,
майыспай да
Көтерерін нардың жүгін.
Ешкімнен кем де емес ақылды айлалығың,
пайдалы алғырлығың
Үш жүзге күйеулігің ұнаса да,
Біреуге ұнамай жүр арғындығың.
Әй, Сәбит,
қызығып байыптасақ та,
қызғанып айыптасақ та:
Сен нағыз мұсылмансың
Жүрегіңнің саусағын,

Төрт әйелге —

Төрт әлемге ұсынғансың.

Солтұстық,

оң тұстыққа,
құбылаға

Беттеген,

ептеп шеттеген балалардың
Алматыда басын қосып,

Бәрін де,

әкесінен ақыл тосып
Отыруға үйретіп,

Нағыз Отағасы болуға да жетіліп,

ысылғансың.

Тәтті уақыттың да,

Сәтті бақыттың да

Қызығына батып,
Дәмін татып,

тұшынғансың.

Сен құралай айында кездескен

Оралдың Құралайымен

Жайықта жүзген ақ балық пен жайындайсың.

Ал, Сары Арқада болсаң,

Сары самалда тербелген
Қарағай мен қайыңдайсың.

Мұны өзің пайымдайсың.

Иә, сен иман-шартын орындаған мұсылмансың,

Әттең, Үнді мен Араб мешіттерінде

Жайнамазға маңдайың тимей,

Бес уақыт намазға ұйып,

имей,

Тек, пайғамбардан ғана именіп,

қысылғансың.

Ал, Сәбит,

Мұқан ұлы Мұқанов емес,

Енді өмірде алған өзіндік орны бар,

Әдебиет сандығына салған өзіндік қоры бар,

Аймұқан ұлы Досанов,
Алланың аспаннан тастаған қылбұрауынан да,
Пәндәнің жерде бастаған сыбыр-дауынан да
Құтылып шыққан босанып,
алпысыңда айтарым сол,
тек аман бол!

Аспан кең,
теңіз терең,
өнер – берен,
Тарта бер,
мертігермін,
өлем демен,
Ажалдың іліккенше қармағына
Қымсынбай,
ештемені қылмай елең
Жүзе бер,
тартылмасын өмір-өзен
Шырқай бер,
Таусылмасын өмір-өлең!

САРЫ АРҚАНЫҢ
САМАЛЫ – БАҚЫТЖАМАЛ
(Бедерлі тақтайға жазылған мерейлі сөз)

Қабыл ал Көкшетаудың сый тақтайын,
Көкшенің тақтайын да жұрт мақтайды,
Көкше мен Бақытжамал – егіз сұлу,
Дұшпан да екеуінен мін таппайды.

Жанымдай қарындасым Бақытжамал, –
Есіліп Сары Арқадан соққан самал,
Ағаң – мен,

туған туыс,

дос-жораң көп,

Бәрінен Жүрсінің бар оқтан қағар.

Сендерге қыз- бозбала қызығады,
Көңілі кейбірінің бұзық әлі.
Кездесер талай кәззәп, талай күншіл
Болған соң өмір жолы ұзын әлі.

Тарта бер алаңдамай Жүрсініңмен,
Көре алмастың күні өтсін күрсінумен,
Жарыңа арта берсін махаббатың,
Ертеңің аса берсін бүрсікүннен.

Қайырмасы:

Алтын асық балалардың анасы
Ұйтқысы да жанұяның панасы
Жүрсініңнің бағысың
Сыңдырмайтын сағысың
Қос өзендей қосылған
Бір тынбасын ағысың
Асулардан аса бер
Алтауында айтармын
Тағы, тағы, тағысын!

Сөзі – Сәкен Серінікі,
әні – келісімді.

АНА ҚИЫН (Әні бар)

Ботасынан боз інген көз жазбайды,
Өсіруден онда жоқ өзге қайғы
Жазым болса сол ене, жетім бота
Күн боздайды, дәрменсіз, түн боздайды.

Сәби жанын әдилер нұрға бөлеп,
Мәпелейтін ананың орны бөлек,
Жазым болса сол ана, зар илейді
Көкірегі өртеніп, сорлы бөбек.

Әйел өлсе, қаңырап қалар үйің,
Ошағыңнан өткендей ала құйын,
Жалғыз қалған әкеге жар табылар.
Жаутаңдаған балаға ана қиын.

Іздегенге табылар жер ұйығы,
Сұлудың да неше бір кермиығы,
Шын іздесең табылар бәрідағы
Ана табу жетімге — ең қиыны.

1989 жыл. Алматы

БОРАНБАЙЫМ

Қашан келсем, алдымнан шығар дәйім,
Қамқор інім, бауырмал Боранбайым.
Құрақ ұшып оралар шылбырыма,
Өзіме — үй, көлікке қора дайын.

Бөлек ол көп қазақтан — ара ағайын,
Иманы бар бойында балаңдайын,
Құшағы — күн осындай ұл тұрғанда
Шуағына мен неге оранбайын!

Көкшетау, 1997 жыл.

САҒИҒА
(Зират басындағы сөз)

Өзінің туған күні Сағи өлді,
Ешкімнен сұрағам жоқ, нағып өлді, —
Білемін Байғанинде туған жұлдыз,
Астана аспанында ағып өлді.

Алпысын тойлай алмай Сағи өлді,
Соны ойлап толқыды ма, нағып өлді, —
Биіктен тойға қаулы шықпаса да,
Төменде ел-жұртына жағып өлді.

Берерін беріп жүріп Сағи өлді,
Аларын алып болмай нағып өлді, —
Тиесі атақтарын алмаса да,
Халқының сый құрметін тағып өлді.

Ажалға көніп,
 ііп Сағи басын.
Кеткен екен,
 алдынан жарылқасын.
Ізтай, Шәміл, Әнуар, Қабдікәрім, —
Достарын нәзік жүрек сағынғасын.

Сәкен Жүнісов

ӘБІЛПАЙЫ АҒА,
ЗАРЯ ЖЕҢГЕ – ЫДЫРЫСОВТАР!

Бозбала шақта,
Батылсыз ұяң күндерде,
Бозалаң бақта
Ұйқысыз жатар түндерде
Естуші ек ертеқ –
Көңілі сергек
Біреуге – қиял,
біреуге ермек:
«Қап тауының бір қиясында,
Қырандардың ұясына
Қатар түскен
Құмырадай күмбірлеген қуыс бар;
Сол қуыстың ішінде
Зымырандай күн көрмеген ыдыс бар;
Сол ыдыстың ішінде,
Теңдесі жоқ күшінде,
Адамзатқа ең керекті –
Бал шырынды ыдыс бар,
Сол қуысқа әуірімдеп түскендер,
Бір тамшысын сол шырынның ішкендер
Ғұмырында сан-қилы
Серік етіп ән-күйді,
Махаббатың бесігінде тербеліп,
Ғашықтықтың теңізінде шалқиды»...
Ертегіде, өсек емес, туыстар,
Осындай бір сыбыс бар.
Таусылмайтын жырысыңдар
Қозы көрпеш пен Баянның
Ғашықтық жұмбағының.
Ынтызар бұлағының
Бүгінде көзі ашылған сылдырысыңдар,
Сағыныш көз жасынан жиған
Махаббат шарабын құйған

Мәлдір хрустальдың сыңғырысыңдар
Ыдырысовтар, Ыдырысовтар!

Әрісі,
берісі бар,
шәкірттері
Оқыған Ыдырысовтан
Әрқайсыңның,
ә-әй,
шын ырысың бар.
Арғымақ — ақпарат құпиясының
Не бір ғажайып журналистикасының
Ұстаздарың ашқан алғаш сырысыңдар,
Сегіз түрлі алмас қырысыңдар.
Енді, тозбай,
озғанның айыбы жоқ —
Ұстаздан асып түсуге тырысыңдар.
Сонда ғана
дауылдан кейінгі
Жауған жаңа
жауыннан кейінгі
Алтай мен Алатаудай жуынып,
Алтай ағамыз бен Заря жеңгеміз жұтынып,
Құлпырып шыға келер
Ыдырысовтар, Ыдырысовтар!

Бұл өмірде,
бірде өзі,
бірде ізі жоғалып жататын
Феодолизм,
капитализм,
социализм,
әм демократизм деген
Шұбалған тізімі бар,
Құйрығында шолтиған «измі» бар
Дүр заманда көз көріп,

Бір заматта өзгеріп жататын
Қопақардай құбылыс бар.
Ал, ұя-жайда,
көзге көрінбейтін,
бірі ірі,
бірі майда,
Ошағыңды ойрандайтын,
Төрінде тайрандайтын.
Азғырар шайтан,
Аздырар ібіліс бар.
Солардың салған жолы —
Тар жол тайғақ бұрылыстар.
Сол құбылысқа құмартып,
құбылмай
Мол бұралаңға түсіп бұзылмай,
Өз жолынан бұрылмай
Келе жатқан осы біздің Ыдырысовтар,
Ыдырысовтар.

Оу,
не арман бар Ыдырысовтар,
Сендерде
Хадірлісіңдер осынау дүйім елге де,
Әлі де бойларыңда басылмаған,
Басқаға шашылмаған.
Фашықтық іңкәр бар —
Бірің бұлбұл болғанда,
бірің сұңқар,
Бүгінде қатарынан үздік шыққан
Дос сүйсініп,
Ел сүйер
Ұлың — Тұлпар!
Тіл-көзден аман болыңдар,
Ыдырысовтар, Ыдырысовтар!

Ал,
қане,

БІЗДІҢ СӘКЕН СЕРІ

Бойындағы қасиеттері: жазушылығына қосымша, әншілік, домбырашылық өнеріне, мінез бітіміне, тіршілік әрекетіне орай мен бір жиында осылай деп атағаным бар еді. Енді міне ол да елуге келіпті. Қолда өскен ботаның тайлақ аты қалмайды дегендей ол да табиғат заңы болуға. Біз әдебиетке араласқан тұста елу ақсақалдар жасы секілді еді. Қазір ол балалар жасына айналып бара жатқандай екен. Анада, Сырбай елуге толғанда, бұл біздің ойнап өткен жасымыз дегенім бар еді. Сәкенге де соны айтқан болар едім. Әйтсе де елу қатты ойланатын жас. Кешегі Сәкен, Бейімбет, Мұхтарлар негізгі туындыларын елуге дейін жазғанын ұмытпауымыз керек.

Біздің Сәкен де осы жасында біраз іргелі, атаулы туындылар беріп салды. Ол — қазір отыз жылдық мерекесін атап өткелі отырған тың эпопеясына орай сонау кезде жазылған «Жапандағы жалғыз үй» романы және басқа әңгіме, повестері еді. Оған қоса Ақан жайлы екі томдық шығарма және жазылды. Әрине, творчествода әркімнің өзіндік көзі болуы қажет. Сол Ақанды мен де жазғанмын. Айтарым, Сәкен өз кейіпкерін өзінше қадір-қасиетімен, ақындық, серілік жарқындығымен, халықтың сұлу тілінің қуатымен мінсіз суреттеген. Ескі сүрлеуге де, дайындаңғыл жолға да түспеген, басқаның ізін қуып шыырламаған. Сонысымен маған қадірлі көрінетінін, әдебиетіміздің асыл қорына қосылғанын айта аламын.

Сәкен драматургия саласында да жемісті еңбек етіп жүр. Тұңғыш пьесасы «Ажар мен ажал» театр репертуарынан берік орын алды. Сәкен кейін «Өліара» пьесасын жазды. Бұл пьеса жайлы кезінде баспасөзде пікірімді білдіргенім бар. Қайталап айтсам, қазақ драматургиясы саласында ленинианаға тұңғыш барған да Сәкен болды. Және жақсы туынды берді.

Биыл Сәкеннің үш бірдей ағалары: Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің тоқсан жылдық тойын атап өткелі отырмыз. Сол той тұсында мұның да елу жасқа толуы, маған мұрагерлеріміз жайлы алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер жайлы Абай айтқан пікір еске түседі. Әдебиет секілді халықтың рухани байлығына сол мұрагерлік тұстан келіп жемісті еңбек етіп жүрген жастарымызды қуаттай берейік, ілгері басқанына қуана да білейік деген ой келеді. Талант — табиғаттың үлкен сиы, оны анау-мынау бұлтақтар мен бұралаңдардан, салдыр-салақтықтан аман сақтау, тот бастырмау, таза ұстау сол талант иесінің өзінің ғана міндеті емес, баршамыздың азаматтық борышымыз.

Мен Сәкен және сол секілді өзге дарынды інілеріме: бергенінен беретіні көп деп қарайтын аға буын өкілімін. Олардың шығармаларын қадағалап отырғанда, жақсысына қуанып, жаманына көңіл толмайтын да шақ болады. Халқымыздың ең асыл мұрасы тілге сақтықпен қарауларына көңіл бөлемін, өмірді өз көздерімен көріп, соны қызықты, сүйікті шығармаларында берсе екен деп ойлаймын.

Ал, әлі аға, әрі ата ретінде Сәкендерге айтарым; творчество адамына тән үш құрал бар ғой. Олар — қаламың, қағазың, өзің! Осы үшеуін де таза ұстай білу керек. Қаламың үшкір болсын, қағазыңа терең ойлар түссін, осы екеуінің басшысы өзіңсің ғой. Өзің — халыққа қызмет етер адамгершілік, арда сезімнің өкілі бола біл. Сондықтан өзім көрген шын пікірлесетін жастар ішінде бұл ағаңның көңілі, үнемі осылай алда бола беруіңді тілер еді. Талантты інімнің елу жылдық жолдағы еңбек тойы — отау үйдің тойы — біздің әдебиетіміздің тойы деп білетін болайық.

Ғабит Мүсірепов,
«Социалистік Қазақстан», 1984 жыл.

НҰРМАҚТЫҢ СӘКЕНІ

1956 жылы Алматыдағы «Пионер» журналының бөлім меңгерушісі, жазушы Мұқан Иманжанов маған Көкшетау облысының Қызылту ауданындағы «Кішкене көл» орта мектебінің мұғалімі Сәкен Жүнісовтен алған хатын оқытты:

— Шағын әңгіме жолдап отырмын, — депті Сәкен. — Сіз менің жас қаламымның жай-күйін әжептәуір аңдайтын секілдісіз. Ал енді оның мінез-құлқын тереңірек түсінгіңіз келсе, ұстазым Зейнолла Қабдоловтан сұрарсыз.

Шәкіртімнің мұнысы мені ұстаз ретінде мойындау ғана емес, маған жүктеген міндеті де екен. Оны бүгін біліп отырмын.

Бүгінде Сәкен ол кездегідей жас емес, жігіт ағасы. Өзі туып, өскен жер шоқтығы Көкшетаудың тамаша табиғаты тәрізді Сәкен Жүнісовтің сырлы, сұлу өмірі мен өнері менің көз алдымда өрбіп, өрлеп, өрістеп келе жатқаны рас. Осыдан туған кейбір ойларымды ортаға салсам, әлгі міндеттен аздап арылармын деймін.

Сәкеннің әкесі Нұрмақ — белгілі педагог, анасы Мағрипа — партия қызметкері, екеуі де коммунист, кезінде ел үшін жан аямай еңбек еткен ардагер, азамат адамдар екені оның туған жеріне мәлім.

Осы жолы Сәкенмен бірге Кішкене көлден Жөкейге дейін сапар шегіп, жол-жөнекей Сілеті өзенін бойлап, Чапаев атындағы совхозға соққанбыз. Сол арада Нұрмақ салдырған мектеп бар екен.

— Шіркін, Нүрекең шамшырақ еді ғой, — деседі жергілікті жұрт. — Өз ортасына ғұмыр бойы жарық түсіріп, жылу таратумен өтті сабаз.

Ал енді Нұрмақтың Сәкеніне келсек, бұл жігітті біздің ұлы ұстазымыз Мұхтар Әуезов бас боп Қазақ университетінде бес жыл оқытып, 1955 жылы дип-

лом қорғаттық; ғылыми жетекшісі — мен, ресми төрешісі — Мұхаң.

Сәкеннің өнер адамы екені сол университетте оқып жүрген балғын, жас кезінің өзінде-ақ көзге түскен: өлең жазатын, домбыра тартатын, ән салатын. Даусы күшті, құйқылжыған әдемі (әлі де солай)... Бір ерекшелігі — әшейін ән салып, күй тартып қана қоймайды, сол ән мен күй құпиясына жетік, сондықтан білгір, шебер талдайды; әдеби, мәдени тақырыпқа мінбеден жалындап тұрып сөз сөйлейді.

Осы қабілетінің бір түйіні жаңағы диплом жұмысы десек, онда Сәкен қазақ әндерінің текстін зерттеді. Жұмыс өте жақсы жазылған, сондықтан мен оны ықшамдап, 1956 жылы өзім бас редактор болып отырған «Жұлдыз» журналына басып шығардым. Бұл еңбек академик Әуезовке ұнағаны сондай, кейін ол Жүнісовті өзіне аспирант етіп алды.

Азаматтық өмір жолы осылай басталған Сәкен Нұрмақұлы Жүнісовтің жазушылық сапарына келсек, бұл да бірқатар қыры-сыры бар күрделі нәрсе: ол қазір күллі ел таныған прозаик, іргелі драматург. Бірыңғай қалам қызметіне арналған отыз шақты жыл ішінде ол, өзгесін өз алдына қойғанда, үш роман, он пьеса жазған екен. Бұл — шын мәніндегі жазушылық ерлік. Бұл жөнінде Ғабит Мүсірепов «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде: «Кешегі Сәкен, Бейімбет, Мұхтарлар негізгі туындыларын елуге дейін жазғанын ұмытпауымыз керек, — дей келіп, — Біздің Сәкен де осы жасында біраз іргелі, атаулы туындылар беріп салды» деп тебірене сөйледі.

— Әсіресе, — деді Ғабең, — «Ақан сері» дилогиясын сыншылар қазақ әдебиетінің алтын қорына қосыпты, мен де осы пікірдемін.

Мүсіреповтің Жүнісов шығармалары туралы пікірлері тек бұл ғана емес. Владимир Ильич

Лениннің туғанына 110 жыл толуына орай М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында қойылған пьеса хақында ол:

— Сәкен Жүнісовтің «Өліарасы» — қазақ әдебиетіндегі көсемге арналған тұңғыш сахналық шығарма, ұлттық драматургиямыздағы ленинианың төл басы. Бұны ашып айтуымыз, қадап көрсетуіміз керек, — деп түйді.

Бұл — Жүнісов творчествосына берілген ірі, биік баға.

Осыған не қосуға болады?

Бұл сұрақ мені қатты ойлантты.

Міне, Сәкен екеуміз жол үстіндеміз: Көкшетаудан Қызылту, Уәлиханов, Еңбекшілдер аудандарына бардық, одан Бурабай арқылы облыс орталығына қайтып оралып келеміз.

*Жаннаты жер мен көктің сұлу Көкше,
Ризамын бар ғұмырым Көкшеде өтсе, —*

деп Қасым Аманжолов арманға айналдыра толғаған ару Көкшенің асыл топырағы көптен жаңбыр көрмей, ерні кезеріңкіреп жатыр екен. Арқа диқандарының алып еңбегі осы құрғақшылыққа да бой бермей, егіс даласын тегіс көгертіп, олар енді осынау көк егіннің басын қалай дәнге толтырып, түсін қайтып сарғайта пісіру қамымен жар құлағы жастыққа тимей, күні-түні қауырт қарбалас үстінде жүр екен.

Біз Көкшетаудан шыққанда, төбемізде қоңыр қойдың түбітіндей қопсыған жұқалау ұшпа бұлт мұнартып тұрған. Сол бұлт бізге ерді де отырды, ерген сайын қоюланып, қалыңдап, түнере түсті.

Тұрмысы мен тағдыры Сәкен Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» романына мазмұн болған Толбухин атындағы совхоздың адамдары — Сәкен кейіпкерлерінің прототиптері село шетінде нан-

тұзымен қарсы алмақ боп бізді күтіп тұр екен. Біз де жеттік, жаңбыр да төгіп кетті. Дала құлпыра түлеп, күліп қоя берді. Бидай сабақтары жаңбыр лебімен жайқала толқып, шұлғып, елбіреп-желбіреп, кішкене жапырақтар жаппай жадырап, алақан шапалақтайды.

Несін айтасыз, адамдар да, табиғат та мәре-сәре...

— Оу, жаңбыр әкелдіңдер ғой, — деп Петр Щерба, — «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады», — деп Бөгенбай Жанайдаров бізбен құшақтаса көрісіп жатыр.

Аупартком секретары мен ауатком председателі — екеуі екі жақтан егін аралап келіп, осы арада табысты.

— Мына бұлттың тізгіні біздің қолымызда, — деп күлді Сәкен аспанды иегімен нұсқап, — жетелеп жүріп, барған жеріміздің барлығына жаудырып кетеміз.

Әзіл де болса, шын еді: жер нәрі жібек жаңбыр біз жүрген жерлерде бір апта бойы себеледі де тұрды.

Үш ауданнан да күллі Көкшетау облысының тынысын — дүйім жұрттың алдағы астық үшін алып айқасқа жаппай дайындығын сездік.

Кішкене көлден Жөкейге дейінгі бірсыпыра ұзақ жолдың өн бойында жазушы оқырмандарымен кездесіп отырды. Өмір туралы, өнер туралы аса байсалды, терең әңгімелер қозғалды. Сәкен шығармаларын ол туған жердің тұрғындары түгел, жете біледі екен. Мәселен, Сілеті жағасында өткен кездесуді Чапаев атындағы совхоздың партия ұйымының хатшысы Сұлтанов Мырзабай ашып, совхоздың бас экономисі Кендірбаев Мәжит баяндама жасап, мектеп мұғалімі Ысқақов Сағынтай сөз сөйлеп, совхоз директоры Бескемпіров Фалел қорытқан еді, әр жанрдағы суреткер шығармалары толық және жан-жақты талқыланды да қалды. Мұның өзі жазушының

қалың оқырман қауым алдындағы творчестволық есебі іспетті болды.

Сөз кезегі маған тигенде, мен жаңағы Ғабит Мүсірепов пікіріне Сәкен Жүнісовтің суреткерлік бітімімен байқалар бірер сипат қана қосып үлгердім. Көп қырлы таланттың басқа қасиеттерінің бәрін оқырмандардың өздері айтты.

Сәкен шығармаларын тұтастыра топтап, қаламгерлік болмысын ой көзімен бір шолсақ, оған хас бір-екі сипат ерекше көзге түсер еді.

Қандай сипаттар?

Алдымен, Сәкен Жүнісов – туған жерге тамырын терең жіберген Дала жыршысы. Дала болғанда, ғажайып Сарыарқаның – ғаламат сұлу Көкшетау даласының жыршысы.

Ақын Ғафу Қайырбеков Сәкен інісіне:

Мергенсің, атқан оғы кетпес ғапыл,

Бір өзің жеті сері, жеке батыр.

Туған жер – Сарыарқаны сағынғанда,

Мен сені бір искесем, жетіп жатыр, –

деп тегін айтпаған.

Мұның бәрі зады да... Жазушы творчествосы оның биографиясымен тығыз байланысты. Демек, Сәкеннің бас кітабы болып табылатын екі томдық «Ақан сері» романы осынау өзі туған даланың кешегі тарихына арналса, осы өлкеде көтерілген тың туралы қазақ прозасындағы тұңғыш роман «Жапандағы жалғыз үй» дарқан даланың бүгінгі тамаша тағдырына арналуы тағы да тектен-тек емес.

Сондай-ақ «Ажар мен ажалдан» бастап «Өліараға» дейінгі он пьесаның дені тағы да Дала шындығынан туған. Айталық, көптен бері театр сахнасынан түспей келе жатқан «Жаралы гүлдер» драмасы тұп-тура Қызылту жастарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиын да қызық тұрмыс-тіршілігін суреттейді. Мектеп оқушылары Алпаш пен Балташ, оқытушы Таурид, майданнан келген жауынгер Бат-

тал секілділер тіпті аттары да өзгермей, өнер туындысына тура өмірдің өзінен тікелей көшкен. «Әр үйдің еркесі» мен «Қос анар» туралы да айтуға болар еді.

Константин Федин бір жолы:

—Талантқа бәрінен бұрын батылдық керек, — деген еді.

Сәкенге тән тағы бір ерекше сипат — батылдық.

Мәселен, «Ақан сері» дилогиясы. М. Әуезовтің атақты «Абай жолынан» кейін ақын туралы тағы бір эпопея жазам деу шынында да ессіз ерлік емес пе?

Сәкен осы ерлікке барды және мұнысы сәтті шықты.

Сондай-ақ «Жапандағы жалғыз үй» романы Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру секілді бүкілхалықтық тарихи оқиғаның ізі суымастан Сәкен осынау тың тақырыпқа тұңғыш рет түрен салды. Бұл тағы да айта қалғандай батылдық еді. Мұнысы да сәтті аяқталды.

«Ажар мен ажал» — тіпті қызық эксперимент. Бұл пьеса М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Б. Майлиннің «Раушан — коммунист», Ф. Мүсірепов «Ашынған ана» атты әңгіме-повестерінің әуенінде жазылған. Үш шығармадағы қазақ әйеліне тән үш түрлі кезеңді сыр мен шындықты бір адамның басына тұтастырудан бас кейіпкер Ажардың ұдайы өрбу, өсу үстіндегі айрықша бедерлі бейнесі жасалды. Бұл да батыл әрекеттен туған нәтиже.

Ал «Өліара» ұлы тақырыпқа арналды. Қазақ драматургінің қазақ сахнасында бірінші боп Ленин образын сомдауға ұмтылуын артық ерлік бола ма? Сәкен бұған да барды және мұның қаншалық жемісті болғанын жоғарыда айттық.

Осы екі сипаттың өзі-ақ Сәкен Жүнісовті сөз өнерінде сирек ұшырасатын аса нұсқалы қаламгерлер қатарына қосады.

Демек, ақын Серік Тұрғынбеков Сәкен ағасына:

*Жанып бір алсаң жарқылдар нағыз алмастар,
Алмас бар жерде алтының оған болмас пар.
Әлемде мынау аққудың аздығы секілді*

Сәкендер аз ғой, Сәкендер аз ғой, жолдастар, —
деп дұрыс айтқан.

Зейнолла Қабдолов,
академик-жазушы,
1984 жыл.

КЕМЕЛДІК КЕЛБЕТІ

Осы мақтауы асып та жүрген, қолпаштауы жетпей де жүрген тұлғаның бірі Сәкен. Сәкен Жүнісов. Қаламгерлердің арасында оны қадір тұтып, төрін ұсынбайтыны жоқ. Ол туралы әңгімелердің өзі ұзақ таңға айтылып, ақыры тауыса алмай тарқасады. Олардың сөзіне қарасаң Сәкен үшін «Серуен де — серуен, сергелдең де — серуен». Қилы-қилы хикаялардың ішінде шындыққа бергісіз өтірігі де, өтірікке бергісіз шындығы да бар. Отырыстың гүлі де өзі, дүрі де өзі. Ән десең — ән айтады, әңгіме десең — жорғалай жөнеледі. Әрине, ішінде өзі де жүреді. Мұның барлығы да ақиқат. Және осының бәрі қосылып келіп сері Сәкеннің тұлғасын толықтырады. Онсыз біз қаламдас Сәкенді елестете алмаймыз. Сәкен жүрген жерде серілік пен сергек көңіл бар. Оны сол қасиеті үшін де Фабең — Фабит Мүсірепов еркелеткен.

Мінезіне жеңдірмейтін өнер иесі аз. Сезімнің жетегіне еріп кетпесең — шынайы шығарма да туа қоймайды. Бірақ, сері Сәкеннің мінезінде әлеуметтік астар бар. Ол тар қыспаққа тығылған қақпайлы заманның тұсында да өктем биліктің, аса сақ әрі кіді, секемшіл және сыбырлағыш, сырты сырбаз, іші кекшіл «сұр шекпенділердің» сесінен именбей еркін жүрді. Ол өзінің пікірін мінбеде қалай арқаланып айтса, өмірде де солай арқаланып жүрді. Бас асаулығынан өнерінде де, өмірінде де сақтап қалды. Енді алпысқа келгенде ол мінезінен жаңылмайтыны анық. Біреу сөзінен сескенді, біреу өзінен сескенді.

Бұл тектен ауысқан тұқымдық мінез десең — қателескенің. Ол — өнердің өзі жаратқан және қалыптастырған мінез. Сол мінезі арқылы өзі өмір сүрген қоғамға, тоңмойын дәбірлерге, жалпы тоқмейілсіген тоғышарларға көрсеткен қыры.

Өнердің олардан мықты екенін, қасаң қалыпқа сиймайтындығын танытқысы келген шыншыл жанның өзін құрбандыққа ұсынған қаруы. Мұндай қаруды бойына жиған шерменде серілер аз. Бірақ өнер тарихында жиі кездескен. Пушкиннің, Лермонтовтың, Чадаевтың, Ван-Гогтың, Есениннің, Қасымның, Сәкеннің өз замандастарының ішінде Мұқағали мен Асқардың «әумесір даналығы» еріккендіктен емес, сол қоғамға деген наразылығының белгісі еді. Сол сияқты Сәкен де өзінің рухани дербестігін сақтап қалғысы келді және сақтады да. Қасымнан Мұқағалиға, Асқар мен Сәкенге ауысқан осы мінез (ол Олжастың да бойында бар) қоршаған ортасына кәдімгідей сергектік пен сенім әкелді. Жазушылардың еркін сөйлеуіне, қысылып қымтырылмай жүруіне көз үйретті. Сондықтан да сері Сәкеннің қаламдастары сүйініп, кейде күйініп айтатын әңгімелердің астарында әлеуметтік мән жатыр. Әйтпесе, еліткенге еліре шабатын ұшқалақтық мінез Қасымда да, Мұқағалида да, Асқарда да, Сәкенде де жоқ. Әрине, ретін тауып олардың бұл мінезін өз мүддесіне пайдаланғандар да болды. Онсыз өмір — өмір бола ма.

Ең қуаныштысы, Сәке жазушылық талантын осы асау мінезіне жеңдірген жоқ. Әдебиетте атын қалдырған «Жапандағы жалғыз үй» романынан бастап «Аманай мен Заманай» хикаятына дейінгі аралықтағы отыз жылда оның қалам қуаты бір сәтке де босаңсыған жоқ. Мұхтар Әуезовтің «сүйікті шәкірті» (өз сөзі) болғандықтан ба ұстазына дәл осы тұрғыдан ұқсап-ақ тұрғаны анық. Шындықты шымырлатып тұрып иін қандырып, сондай байптылықпен, асықпай әрі поэзиялық мөлдірлікпен суреттеп береді.

Сәкеннің жазушылық мінезі, бұл тұрғыдан алғанда, оның өз мінезіне мүлдем қарама-қайшы. Әншейінде, «ал кеттік!» дегенде балаша тұра

жүгіретін Сәкен қалам ұстағанда жүрегіне сабыр бітіп, тұлғалана қалады. Өзіне де, шығармасына да қатал. Бірақ үнемі төл туындысына іші елжіреп тұрады. Күн демей түн демей, соңына түсіп, салынып кетіп іздеген бейнелерін үнемі жүрегінде ұстайды. Шығармасы жарық көргеннен кейін кейіпкерлерімен тез қоштасып үлгеретін қаламгерлер де бар. Ол да бір шығармашылық психологияның түйсігі шығар. Ал Сәкен «Татьяна тұрмысқа шығайын деп жатыр!» — деп жылайтын Пушкин сияқты жандүниесімен кейіпкері жалғасып кететін жазушы. Сәкен Жүнісовті — жазушы Сәкен Жүнісов еткен де сол мінезі.

Сері Сәкеннің сырт тұлғасына қарап аса қайсар жігіт деп бағалайсың. Ол расында да қайсар. Қол қайратымен емес, жанының нәзіктігімен, «шер толқыта білетін» көңілімен қайсар. «Ақан серідегі» Біршек қасқырдың хикаясының баяндалуындағы табиғат поэзиясы кез-келген суреткердің пешенесіне жазыла бермейтін олжа. Сәкеннің шындығы — кейіпкерін, өзінің шығармасын сүйіп отырып, көкірегіңді өксікке. Қанатының шалғысы мен құйрығынан айырылған Қараторғай-қыранның жерге қона алмай аспанда шаңқылдап, әбден жаны қиналып, тер басқанда қанатының астынан шып-шып шыққан тердің маржандай жылтырап тұрған сәтіндегі сурет — нағыз ақындық нәзіктікпен келетін сурет. Қона алмай жүрген құсына шарасыздықпен өзегі өртеніп қараған Ақан серінің сол сәттегі жандүниесінің аласапыранының аздығындай көл жағасына күймемен Ақтоқты келеді. Қараторғайдың бауырындағы жылт-жылт еткен мөлдір тамшыны көріп: «Маржан тағып қойғансыз ба?» — деп әдеппен сұрайды. Ақан сері құс екеш құстың да бишаралығын сездіргісі келмей: «Иә!» — дейді. Содан кейін Ақтоқты күркеге барып, Ақан серінің көйлегін көлге шайқап, жуып жатады!

Міне, нәзіктік! Міне, қатал, бірақ жүрегіңді егілтетін шындық! Ақанның сері атын шығарған Қараторғай-қыран жерге қона алмай жүр. Ақанның езілген жүрегіне Ақтоқтыдай ару да дауа болмайды. Ол ару кір жуып жатыр. Өмірдің өзі де осындай нәзік, осындай сартап, осындай үнсіз келісім таппас. Дүние бір сәтке тынышталып, тек алыстан баяу ғана қобыз сарыны естіліп тұрғандай.

Жалпы Сәкеннің шығармалары ешқашанда сынға ұшырап көрген емес. Оның басты себебі сыншылар мін таба алмайтындай етіп жаза білуінде шығар. Сол сияқты, оның шығармаларының жан қылын шерте талдаған мақала да жазылған жоқ. Ал тізіммен немесе бірер сөйлеммен қайыруға қанағаттанатын жазушы Сәкен емес. Сәкеннің жеке басына емес, шығармаға обал. Біз өзіміздің рухани қуат-күшімізді өзімізге қимай жүрміз. Ол рухани күш — «Жапандағы жалғыз үйде», «Ақан серіде», «Аманай мен Заманайдың» ішінде жатыр. Сәкеннің барлық қайраты солардың өтіне құйылған.

Біз тың көтерудің шындығын дер кезінен қырық жыл кешігіп айттық. Оның өзінде де ресми мүмкіндік туған соң шешенсі бастадық. Ал оны Сәкен Жүнісов деген отыз жастағы жас жазушы осыдан отыз жыл бұрын жазып, тыңдағы тағдырлардың тамырын жалаңаштай аршып берген. Тұңғыш романымен мұндай сарабалдыққа жеткен қаламгер ілуде біреу ғана. Дәл осы шығарманың кейінгі заманда да ескірмейтініне күдіксіз кепілдік беруге болады. Демек, әу бастағы Сәкеннің талантының мәйегі тектілікпен ұйыған.

Ұстазы Мұхтар Әуезовке еліктегендіктен бе, әлде, өмірдің иірімі солай тап қылды ма, Сәкен де театрдың әдеби кеңесшісі боп барып драматургияға келді. Өмірде әр нәрсені мінезіне жеңдірген Сәкен өнерде еш нәрсенің және ешкімнің ығында кеткен жоқ. Әр шығармасын қайта қарауға, өңдеуге болмайтындай етіп шегелеп жазды. «Ажар мен ажалды», «Жа-

ралы гүлдерді» дәл қазір де, ертең де сахнаға қойсаң, оның жазылған мерзіміне қарамай тура бүгінгі күннің төл туындысы деп қабылдауың сөзсіз. Ал жуырда Сәкеннің бір комедиясының он бес жылдан бері сахнадан түспей 1200 рет көрермендерге ұсынылғаны туралы хабарды оқығанда «неғылайынсыз-ақ» сүйіндік. Мұндай бақытты сақа драматургтердің де маңдайына жаза бермейді. Кезінде «Қыз жібектің мыңыншы қойылымы ұлттық өнердің тойы боп өтіп еді. Ал дәл осындай құрметті Сәкеннің бір басына көрсетіп, атап өтсек, кімнің тақиясына тар келгендей еді. Сәкеннің ұстаздан да, ағадан да, шәкірттен де жолы болған жазушы. Еркелесе — еркелейтін де жөні бар. Мұхтар Әуезовтің ықыласы түсіп өзінің аспиранты етіп алды. Ғабит Мүсіреповпен «сызысатындай» еркін араласты. Ал шәкіртіне келсек, біз білетіні — жалғыз. Жалғыз да болса дара. Марқұм Оралхан Бөкеев бір емес, ылғи да: «Егер Сәкен Жүнісов ағамыз болмаса, мен Қатонқарағайда тракторшы боп жүре берер едім. Жас жазушыларды Семейге жия қалды. Бір әңгімемді көшіріп алып мен де бардым. Менен басқаның бәрі талқылаудан өтті. Жастау жігіт көп қағаздың арасынан менің шимайымды оқыды да: «Мынаны кім жазды? Сенбісің? Ендеше жазушысың. «Қазақ әдебиетіне» жариялаймын», — деді де алды да кетті. Айтқанындай ек-үш айдан кейін жарық көрді. Алматыға келгенде рахметімді жаудырамын деп уәде етіп ем. Соны он бес жылдан кейін барып өзіне айттым. Менің таңданатыным: «Ей, сені жазушы қылған мен — Сәкен Жүнісовпін деп бір рет айтқан жоқ», — деп отыратын. Бір жазушы Оралхандай суреткердің бақытын ашса — одан артық шәкірттің де керегі жоқ қой. Азаматтық парызының толық орындалғаны. Сәкеннің ұстаздан да, ағадан да, шәкірттен де жолы болды — дегеннің астары осында.

Сәкеннің көңілі жаси қоймас, сырттай төрт

құбыласы түгел көрінгенмен де, оның өз жеке басында біраз уайым болды. Сәкендей сері, үйдегісінен түздегі жолаушылығы басым жігітке ұлқызды тәрбиелеу де үлкен сын еді. Жұрттың күдігіне қарамастан, Сәкен нағыз нәзік жүректі әке екеніне көз жеткізеді. Шүкіршілік, балалары ер жетті. Олардың жүрегіне Сәкен мұң ұялатпады. Сері Сәкеннің тағы бір қайсарлығы осы мінезінде.

Көңілдегі көлеңкесіне қарамастан ол сол баяғы таза галстук тақпай-ақ мырза атанған сырбаздығын сақтады. Қашан да жинақы. Үй-ішінің төрт көзі түгел кейбіреулердің шалбарының мыж-мыж, көйлегінің жағасы жымырылып жүргенін көргенде, зады, серіліктің өзі жағдайға емес, қанға бітеді екен-ау деп ойлайсың. Қысқасы, Сәкен Жүнісов дәл қазір шығармаларының да, балаларының да қызығын еркін қызықтап, өзін-өзі түлеген сұңқардай еркін әрі өр ұстайтын мезетті шаққа қадам басты. Ол әдебиетке келген бетте бірден төрге ұмтылған. Қазіргі төр соныкі. Әрине, жалғыз емес. Ол алаға ғана жарасқан ғой. Ол осы төрге талантының мінезімен емес, құдыретімен шықты.

Қазір жұрт Сәкенді — «Сәкен сері» деп атап кетті. Біздің ойымызша, оған «Сері Сәкен» деген жарасады. Алдыңғысы — сыртқы пішінді білдіреді, соңғысы оның рухының серілігін байқатады. Бәрі де құтты болсын.

Әлжаппар Әбішев,
Қазақстанның халық жазушысы.
Тұрсын Жұртбаев,
филология ғылымының кандидаты.
«Егемен Қазақстан»,
18 маусым, 1994 жыл.

КЕМЕЛ КЕЗЕҢ

1980 жылы Сарыағаш курортында демалушылар спектакль көруге кешкілік клубқа бет алып келе жаттық. Батар күннің қырмызы сәулесі қызыл жалаудай клуб алдындағы қырды орап тұрды. Клубта спектакль басталды. Жетісай театрының өнерпаздары Сәкен Жүнісовтің «Ажар мен ажал» пьесасын көрсетті. Қазақ әйелінің, қазақ коммунистінің тағдыры жаңағы қырды жапқан қызыл сәуледей көңілге көп ойлар түсіріп, жүректі жылуымен орады.

Ертеңгі күні кешкілік радиодан Сәкеннің «Ақан сері» романының «Қараторғай» деп аталатын кішкене үзіндісі берілді. Менің алдымда аспанның ақша бұлттарымен араласып, Ақан серінің ақ иық арманы алыстап кетіп бара жатқандай көрінді.

Екі кеш бойы әдемі әсерге бөлеген Сәкен туралы ойланамын. Оның Қостанайда болған шақтарын есіме түсіремін. Ол сол бір жылдары Мұхтар Әуезовтің ең соңғы аспиранты болатын. Алпыс үшінші жылы Сәкен институтта Мұхтартану деген курс ашып, алпыс сағат орысша лекция оқыды. Мен бірде институтқа барғанымда ол хор, драма, күрес үйірмелерін ұйымдастырып, жетекші болып жүр екен.

— Торғай даласын араладым. Көкшетау мен Торғайдың екі ортасынан бір семьяның тағдырын тілге тиек ететін роман аяқтадым. Бұл романда тың көтеру мәселесі бір семьяның өмірін көктей етіп, түбірлі мәселелер түйіні сөз болады, — деді ол.

— Федоровтың «Көкадыр» романын аударған екенсің Тілің төгіліп тұр. Балаларға арналған әңгімелерің де ұтымды, ықшам, жұп-жұмыр, — дедім мен.

Содан кейін Сәкеннің көп шығармаларын көз жазбай оқитын болдым. Әсіресе оның «Ақан серісі»

қатты әсер етті. Ақан арманы болған Ақтоқтыдан айырылды, жан серігі Құлагер жазым болды, қиялының қанатындай қыран құсы кетті, енді бір қызығына балаған құмай тазысы өлді. Осы бір қайғылы тұлғаның қатпар-қатпар қойнауына бойлап, тұманды сырын, жұмбақ жанын сәуле түсіріп ашу үшін қаншама іздену, қаншама тер төгу керек екені белгілі. Осындай ауыр жүкті көтеруге Сәкен арқа тосты да және оны жолға қалдырмай жотаға алып шықты.

— Ақан серіге баруыма бірнеше себеп болды. Әуелден мен серілікке құштар болып жаратылған адаммын. Өзім өлең жазғанмын. Домбыра тартамын. Ән саламын, толып жатқан өнердің тізгінін ұстауға талпынамын. Міне, осының барлығы «Ақан сері» романына бастады мені, — дейді Сәкен.

Сәкен қазір «Ақан серінің» үшінші кітабын жазу үстінде. Алғашқы екі кітаптағы жазушының сәтті қадамы бұл үлкен жұмыстың жемісті аяқталатынына, оның қазақ совет әдебиетінде Ақан сері секілді асыл ағаға сом ескерткіш боп соғылатынына оқырман қауым шүбә келтірмейді.

Сәкен белгілі прозаик болумен қатар, көрнекті драматург те. Оның «Ажар мен ажал» пьесасы Октябрь революциясының елу жылдығына арналған драмалық шығармалардың Бүкілодақтық конкурсында үшінші бәйге алды. Ал «Өліара» деген пьесасы жалғыз автордың ғана емес, бүкіл қазақ драматургиясының ірі табыстарының бірі екенін бүгінгі әдебиетіміздің білгір сарапшысы Ғабит Мүсірепов айқын да баса айтты. Бұл пьесада Сәкен деректі шығармалар ішінде Лениннің сахналық бейнесін қазақ сахнасында тұңғыш жасаған драматург деп көрермендер кезінде орынды ой түйді. Пьесаға Петропавл, Көкшетау екіпінді Азық-түлік теміржолының салынуы өзек болып, астық үшін күрестің аяғы тыңға барып тоғысады.

Сәкен қай жанрда болсын өнімді де жемісті, сапалы да салмақты еңбек етіп келе жатқан сан қырлы жомарт талант. Бұл күндері ол елудің өріне көтерілді. Кемелді кезеңіне, көсіле шабатын кезіне жетті. Шабысың танбасын, қаламың талмасын, қиялың самғасын дейміз, Сәкен, біз саған!

Сырбай Мәуленов,
«Білім және еңбек» журналы,
март 1984 жыл.

ЖАЗУШЫ ТОЙЫ

Бүгінде өз өмірінің биік белесі — асқар алпысына шалдықпай көтеріліп отырған Сәкен Нұрмақұлының мүшел тойында мен оның өмірі мен шығармашылығын туған халқы тартып келе жатқан тіршілік тауқыметімен қатар өріп әңгіме еткім келіп тұр.

Оған тағы да мынандай келелі екі себеп бар.

Біріншіден: Сәкен әдебиетке ерте араласқанымен (ол университетте оқып жүрген кезінен-ақ балаларға арнап жазған шағын әңгімелерімен танылып қалған) жазушылықты ешуақытта өмірінің алға қойған зор идеалына, арман-мақсатына айналдырған, сол үшін өлермендене ғұмыр кешкен жан емес. Жазушылық оған, бойындағы өзге де көп өнері секілді — уақыт, заман талабына сәйкес азаматтық үлкен жүрекпен үн қосу үшін ғана керек болған үстеме құрал есепті.

Екіншіден: ол нені жазсын, бүкіл шығармасына халықтың өзекті өмірін, не сол халқының мұңын мұңдап, жырын жырлаушы аса көрнекті, тұлғалы қаһарманының тірлігін арқау етті.

Өмірдің қай саласында болсын, әңгіме мәселені бірден шешіп тастауда емес. Уақытында қоя білуде ғой. Сәкен творчествосының халықтығы, ұлттық өнерге, салт-дәстүрге, елге, жерге деген махаббаты негізгі үш күрделі туындысы — «Жапандағы жалғыз үй», «Ақан сері» романдары мен «Аманай мен Заманай» атты повесінде қадари-хал түйінделеді. Осы үш шығарманың үшеуінде де — асты-үсті келіп қақырап қалған дала қасіреті, өнер үшін опық жеген дарын иесінің қайғыналасы немесе туған жерді аңсаумен өткен сонау қазақ диаспорының шермұңы — баршасында ұлтымыздың бүгінгі бары-жоғымызды есепке ала бастаған үш бірдей күрделі мәселесі тұр.

Сәкен Жүнісов — кешегі Аймауытов, Сейфуллин, Майлин, Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов бастап ірге тасын қалап кеткен дәстүрлі әдебиетіміздің алпысыншы жылдары жалғасқан өзіндік үні, тілі, тақырыбы бар жаңа жас буынның көрнекті, аса қарқынды өкілдерінің бірі, басы десе де болады. Бүгінге дейін ол проза мен драматургияны қатар алып жүруде алдына жан салмай келе жатқан кең тынысты, омырау ойлы, потенциялық қуаты мол өнімді қаламгер қатарындағы жазушымыз. Жазушы бір күнде аяғы аспаннан салбырап түсе қалмайды, оның да шиыршық атқан тағдыры, бажайлап қараған кісіге қыр-сыры мол. Сәкен қазіргі дәрежедегі қалам иесі болмай, бәрін тастап «Ла Скалада» Неополитан әндерін шырқатып жүрер ме еді, жоқ, тағдыр оны әдейі кекке қайрап осы жолға салды. Тургенев айтқан ғой: «Жазушыны ойда жоқта бір нәрсе ілгері қарай жетелеп ала жөнеледі» деп.

Бұған мысал оның жасы отыздан асқанша тиіп-қашып аудармамен айналысып, балаларға арнап бірлі-екілі әңгіме-повесть жазып жүріп бірден «Жапандағы жалғыз үй» секілді шынайы көркем тұғырда шешілген көлемді туындыға қол артқаны. Сәкен оны жазу үшін заңды түрде сатылып, әдебиет жанрынан емес, өмірдің өзінен келді. Яғни, өмір атты қатаң тәрбиешіден мықтап тұрып таяқ жеп алды. Бұл — елімізде жаппай тың және тыңайған жерлердің көтеріліп, айқайы аспанды жара гүрілдеп тұрған шағы. Ата баба зираты трактор табанының астында қалып, иен далада адамның қаңқа сүйектері шашылып жатса да соған қыңқ етіп шімірікпейтін қос қыртыс намыссыздық Сәкенді сол тұстары Көкшетау облысында өткен бір комсомол-жастар конференциясында терісазулыққа салынуға еріксіз мәжбүр етті. Сол кезде қызмет басында отырған кейбір жанашыр ағайындары:

— Далада көмусіз қалған біреудің басы шығар,

соған бола несіне шабындың? — деп басу айтып көргісі келгенде:

— Оттапсың! Ол сенің ата-бабаңның басы! — деп сол арада тағы қалың айқайға басқан Сәкен. — Атыраудан Алтайға, Қаратаудан Арқаға дейін көсілген қазақтың қасиетті жері үшін ындыны құрып, көздері қанталаған сұғанақтар талайдың басын осылай жалмаған. Жүрегін қалқан етіп, ұрпағына мұра етер жері үшін талайдың басы осылай көмусіз қалған. Жер қожасы, жер иесі алдымен солар еді. Қазір сен бастық болсаң да қожа емессің, құлағы кесік құлсың! Ол құлдық сезімнен құтылмай, бұл далаға иелік етуден, оның қожасы болудан мәңгі-бақи күдеріңді үзе бер...

Енді ол мынандай сөздерден кейін тізгін үзген тентек атанбағанда қайтеді? Сәкеннің облыста жасаған, жоғарыда сөз болған «оспадар» қылығы дереу Алматыға хабарланып, сол кездегі ҚЛҚЖО Орталық Комитетінің араласуымен қызмет істеп жүрген жері «Пионер» журналынан қуылды.

Тегінде жазушыны үлкен дүние жасауға не бақ, не сор итеріп тұрады. Сәкенді бұл тығырықтан алып шыққан — жазықсыз жапа шеккені. қызметтен зорлықпен қуылған соң, енді «байтал түгіл бас қайғы», «жазушы болсам ба?» деп кеудеде жанған әлсіз үміт отын біржола сөндіріп, қайтадан шарасыз шәкірт атанып, академияға аспирантураға кіреді. Бір күйініштің — бір сүйініші, мұнда оған дес берісі ұлы Мұхаң, Мұхтар Әуезов жетекшілік етеді.

Күні кешегі тоталитарлық Кеңес дәуірі тұсында бәріміз де шетімізден көреген де сөзуар, білгір де саясатшыл едік қой. Және бәріміз де біркелкі ойлауға, біркелкі сөйлеуге бейім тұратынбыз. Газетке кітабың шықпас бұрын мақтау-рецензия әзірлетіп қоймасаң, күнің қараң. Сондықтан, жарық көріп жататын шығармалардың, Абайдың сөзін перефразалап айтқанда, «жаманы жоқ, жамандықтан тағы

аманы жоқ». Сәкеннің ерлігі — осы уақытқа дейін өзін мақтаушымен де, дақтаушымен де жұғыстанбай келгені. Арқаға аяздай бататыны — елдің жағдайының жылдан-жылға төмендеп, малы мен басының кеміп бара жатқаны. Тың көтеру тұсында төрт түлік малынан айырылып, тоз-тоз боп бытырап, кейбіреулері: «Күнкөріске осының өзі ыңғайлы екен» деп шошқа ұстай бастады.

«Жапандағы жалғыз үй» романын көтеріп тұрған қарасай бейнесі кезінде талай-талай әңгімеге арқау болды. Өте күшті, жан-жақты шыққан бейне, кез-келген қазақ шаруасы одан өзін көрді. Сол үшін де ғой авторға түртпектің көбейіп кеткені. Соңына көлеңкелі біреулер түсті. «Ол адам өмірде бар ма? Прототипі кім? Оның айтқан сөздерін кімнен естідің?» деген қитұрқы сұрақтар көбейіп кетті. Ол аздай, социалистік реализм әдісімен қаруланған біздің кейбір қырағы сыншыларымыз да Қарасайдың бейнесінен елде-күнде жоқ құбыжық көре бастады. Сол себепті де жарық көрісімен Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған, талқылау тұсында барлық межеден өткен бұл роман: «Жағымсыз кейіпкерін басты қаһарман еткен» деген желеумен сыйлыққа да ілінбей қалды.

Сәкеннің өзі қырықтың қырқасына шыққанда Ақан сері тақырыбын қолға алуы тегін емес. Ақан сері халықтың қайнар ортасынан шыққан маңдайалды композитор-сазгерлігі үшін ғана ардақты емес, ол — алдымен кең тынысты еркін өмірдің, бостандықтың символы секілді, байтақ сахарада рухани тірліктің ауасы тарылып қос өкпеден бірдей сығымдап тұншықтыруға айналғанда Ақан серінің аруағын қайта тірілту өзінен-өзі сұранып тұрғандай болған.

Романның алғашқы беттері, өздеріңізге мәлім, Ақанның даланың көкжал бөрісі — қасқырды соғып алуымен ашылады. Қасқыр о бастан қазақтың ата

жауы болып есептеліп келген ғой. Оның өзге мал жетпегендей буаз биені жарып, ішінен шыққан қызылшақа құлыншақты сілекейі шұбырып рақаттана асауынан елдің басына төнгелі тұрған заманның кесапат белгісі елес береді. «Бұл бұл ма, көресінің әлі алда жатыр» деген секілді. Елді қанқақсатқан көкжал бөріні Ақан соғып алғанымен, даланы жайлап алатын қасқырлық бәрібір сол қалпында өзгерместен қалып қойыпты. Сағынайдың асында Батыраш жендеттерінің қолынан мертігіп өлгелі жатқан Құлагер көз алдынан бүкіл өткенін, иесімен болған жақсы күндерін елестетіп өтеді.

Лев Толстойдың әйгілі Холстомері де адамша ойлайды. Жалпы жылқы баласына адамша ойлау тән қылық секілді. Сәкенде де ол күдік келтірместей мейлінше нанымды шыққан Құлагер ақырғы демі біткенше өзіне жасалған қастандықты адамнан көрмейді.

Сәкеннің тілінің байлығы мен көңілге қонымды ашықтығы осы «Ақан сері» дилогиясында айрықша көзге ұрады. Сәкеннің прозалық стиліне қара сөзді екшеп, қадап айтумен бірге көбіне ақ өлеңдетіп, шалқыта сермеп, седдете, нәсерлете төгіп-төгіп тастау тән. Сәкен оны көбіне диалогта, немесе кейіпкердің ішкі жан-дүниесін беру тұстарында ұтымды пайдаланады. Оның Стефан Цвейгтен аударған «Бейтаныс әйелдің хатынан» да осы бір өңкей келісіммен құйылып түскен жан сыры ақ өлең ұйқасын пайдалануда әдемі көрініс береді. Сәкен өзі әзіл-шынын араластырып: «Цвейгтің немісшесі қалай екенін білмеймін, орысшасы менікінен көп төмен» дейді, расында оның қазақша аудармасын оқып қарасаң төл туынды секілді барынша жатық шыққан.

«Ай толғанын білмейді, жігіт болғанын білмейді», күні кеше-ақ бәріміз ат жалын тартып мінген албырт жас едік. Алматы әдебиет пен өнердің мызғы-

мас ордасы секілді, жалғыз мұңымыз — баспана: үй іздеп, пәтер жалдап қаңғырып жүрсек те оны тастау ойымызға кіріп те шықпайды. Оның ішінен екі күннің бірінде Мұхаңды, Сәбеңді, екі Ғабеңді, өзге де тарлан ағаларымызды көріп жүргендіктен бе, Жазушылар Одағы көзімізге қасиетті Меке тұрағы құсап шалынатын. Мұқағали, Әкім, Сәкен, Тұманбай, Қадыр, Сайын, Сағи, Қалихан, Жайсаңбек, кіші Зейнолла, Мұхтар, Рымғали, Қабдеш... бұл тізімді соза беруге болады, үмітті тек алғы күндерге аргумен, талант құдіретіне сенумен ғана күнелтуші едік-ау! Сәкеннің кейде саяқ жүргендей көрінетіні — көбіне ол өзінің еліне, Көкшетауына жылжып кетіп қала беретін. Сәкен үлкенмен де, кішімен де, иықтас өз қатарымен де жасы бір тең құрбыдай араласып, бірге мұңдасып, солардың әрі еркесі, әрі серкесі бола жүре топ құрудан, шеп жинаудан әрдайым бойын аулақ ұстауға тырысатын. Біздің қазақ, әсіресе осы — әдебиет пен өнер саласында жүргендер — көзі тірісінде не аса керегі, не қорқып именетін біреуі болмаса ешкімді жыға мойындай қоймайды. Әйтпесе мойындағаны, мақтағаны — тек көз үшін. Сәкеннің әр жылдарда жазған публицистикасы, очерк-мақалалары негізінен осы секілді көкейкесті мәселелерге арналған. Оның үстіміздегі жылы «Қазақ әдебиетінде» жарық көрген «Хан мен Президент» деген серкесіз тұрғысында шыққан жаңа туындысында екі заман, екі ғасыр, екі ел басы қатар тоғыса алынған, осы бетімен күрделілене түссе түбінде үлкен пәлсапалық полотноға ұласар әсем қалып аңғартады.

Сәкеннің драматургияға барысы да қысылып жүріп роман жазғаны секілді оқыстан туған жай. Бір күні ойламаған жерден «Ажары мен ажалы» жарқ етіп Академиялық театрдың сахнасына шықты да, сол күннен бастап Сәкеннің драматург аты қатар шықты. Одан соң «Қос анар», «Қысылған-

нан қыз болдық», «Жаралы гүлдер», «Қызым саған айтам», «Әр үйдің еркесі», «Өлара», «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» сықылды әрқайсысы бір-бір қаралық дүниелері облыстық, республикалық театрлардың сахнасынан түспейтін болды.

Бойындағы бар өнерін саралай келіп оған «Сәкен-сері» деген атақ берген де осы Ғабит Мүсірепов ағамыз еді.

Ал, енді осы атақ Сәкенге не үшін беріліп еді дегенге келейік. Сәкеннің өнер саласында бесаспап екені рас. Меніңше серілік кісілікке, жан жомарттығына, тура сөзден таймайтын уәдеге беріктікке соның ішінде әсіресе балажандылық үшін берілетін атақ сияқты. Осы қасиеттердің барлығы да біз білетін Сәкеннің бойында молынан бар.

Осыдан тура төрт жыл бұрын Кереку өңірінде өткен суырыпсалма майталман ақын Иса Байзақовтың тоқсан жылдық тойын жан сала атқарысуда Сәкен айрықша көзге түсіп, барша қауымның алғыс-құрметіне бөленіп еді. Өткен жылы өз елінде ту тіккен ардагер Ақан серінің 150 жылдық тойында да Сәкеннің ата жолын айнытпай мәрт ұстаған қасиетін мұқым елге таныта алғаны да көпшілікке аян. Ол салтанатты мерекенің Ақан серіден Сәкен серіге дейін үзілмеген ұлы эстафета, саф тазалық пен шарайна өнердің жібек жолы болып тартылғанын қалай айтпай кетеміз? Туған елі оның осы еңбегін бағалап, Бурабай көлінің нақ желкесінен ғимарат үй салып беріп жатқанын да осы арада айта кетуді орынды көріп тұрмын. Ақын-жазушының кір жуып, кіндік кескен жерінде көзі тірісінде бір белгі тұруы әбден дұрыс, бұл бастаманың өзге де ел басшыларына үлгі-жоралғы болуын еске сала кеткіміз келеді.

Жазушының жарты өмірі халық арасында, жарты өмірі столының айналасында өтеді. Ол екеуінсіз де оған атар таң, шығар күн жоқ. Жазушы халық

арасында жүргенде, ол — дүние алақанында. Ал, жазу столында отырып өзімен-өзі жапа-жалғыз қалғанда, дүние — оның алақанында. Қалай болған күнде де жазушы туған халқының қуаныш-мұңы мен жазу столының мәңгі ажырамас тұтқыны. Қалам иесі ол тұтқыннан әр он жыл сайын келетін мүшел тойында ғана жадырап бір сәтке босанып шығады екен. Қазақ әдебиетінің алтын қорына «Ақан сері», «Аманай мен Заманай» секілді классикалық дәрежедегі туындылар қосқан. Мұхтар Әуезовтан, Ғабит Мүсіреповтан соң сахна төрін сан рет қыздырып думандатқан көрнекті жазушы, көсем драматург әрі қаламы жорғалаған публицист, елі-жұрты еркелетіп сері атандырған сегіз қырлы, бір сырлы Сәкен де бүгін міне шаддықпай, еңтікпей жігіт сұлтаны қалпында асқар алпысына толып, туған халқының шат-шадыман мерейіне бөленіп отыр. Оның ұзақ өмірге, бақытқа, елінің, от басының, балаларының амандығына бастай беретін осы қуанышы мәңгілік болсын!

Рамазан Тоқтаров

СУРЕТКЕР СИПАТЫ

Сәкен. Сәкен Жүнісов. Сәкен сері. Үшеуі де бір адам. Сәкен — азан шақырып қойған аты. Сәкен Жүнісов — әдеби шығармалары арқылы халқына танылған есім. «Сәкен сері» деп келе-келе елдің өзі осылай атап кетті. Тіпті, ресми құжатқа да еніп кеткен жайы бар. Осыдан бірер жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде тілдей хабар жарияланды. Онда Көкшетау облысының әкімшілігі белгілі жазушы Сәкен Жүнісовты жергілікті халықтың ұйғарымы бойынша «Сәкен сері» деп атауды лайық көріпті. Шамасы, Көкше өңірі осыдан 150 жыл бұрын өмірге келіп, дүниеден дүркіреп өте шыққан Ақан серісін сағынған болса керек!

Сері туралы романды жазу үшін сол адамның өзі сері болуы керек. Серіліктен құралақан адам Серінің тұлғасын қалай сомдайды. Ал, айдай әлемге әйгілі «Ақан сері» романын оқыған адам, оның авторы Сәкенді сері демеуге хақысы қалмайды...

Осы орайда атақты ақын Мағжан Жұмабайұлының «Ақан сері» жазбасының серіні сипаттаған жері еріксіз еске түседі.

«Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойны-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, он бес, жиырма жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасыдай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген, біресе қара атқа мініп қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында — бұлғақтаған үкі, қолында — домбыра, аузында — ән. Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әншіл. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Даланы күңіретіп Ақан ән шырқаса, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады. Қалың қарауылдың қалың көздері: «Ақанның әні-ай!» — деп күрсінеді».

Осы мақаланы оқи отырып оға батасың. Егер Ақан серінің заманы болса, Сәкен сері де тура осылай болар еді-ау, осылай сән-салтанат құрып, Арқа даласында арқа-жарқа жүрер еді-ау. Әттең Сәкен серінің заманы бөлек, заманының амалы бөлек.

Ақан секілді Сәкеннің де соңынан 15-20 жігіт жүрер еді, келмеске кеткен Кеңес үкіметінің келеңсіз саясаты оған ерік бермеді. «Топ жинап, топар сайлап, топтанып жүрген бұл неғылған тобыр!» – деп соңына үш әріптің (КГБ) адамы түсіп, әлек-шәлегін шығарар еді. Осыны түсінген Сәкен Кеңес өкіметінің саясатына онша мойын ұсынған жоқ. Коммунистік партияға мүше боп кіргісі де келмеді. Ал, өзінің әкесі мен шешесінің партия қатарында болғанын, сол жолда аянбай тер төккенін әлі күнге дейін мақтаныш етеді. Өйткені, олар өкімет пен партияға, Ленинге, Сталинге қатты сенген еді. Әттең, үміттері аяқталмады!..

Ал, Сәкен болса, бұл мәселеге басқашалау келіп, сын көзбен қарады. Отыз екінің де, отыз жетінің де ортасында болмаған ол өзінің туған жері тың тақсіретін тарта бастағанда ол жиырмаға келген соқталдай жігіт еді. Сәкен туған Көкшетаудың Қызыл ту ауданы – Ресейдің Омбысымен шекаралас ел. Сол кездегі саясат екпінінің тың тепкінін алдымен осы ауылдар бастан кешірді. Көрер көзге қазақ мектептері жабылып, мал бағып, отын жағып отырған қазақ ауылдары амалсыздан жан-жаққа бытырап көше бастады. «Қағынан жерінген құландай», ерте көктемде үдере көшкен қазақ ауылдарының қам-харакеті болашақ жазушының қабырғасын қайыстырып, мұңын үдетті, жанын жүдетті. Осының бәрі Хрущевтің қияс саясатынан туындап отырған жай екенін сол кездің өзінде-ақ айқын сезіпті.

Содан, сол кезде тың туралы үсті-үстіне қаулап шығып жатқан қаулылардың бірін халық алдында оқып беруді партия хатшысы жас мұғалім Сәкен

Жүнісовке тапсырады. Сонда, болашақ Сәкен сері сол жерде не істеген дейсіз ғой?

Шағын кітапша болып шыққан қаулыны қалың жұрттың көз алдында белінен бір-ақ жыртты да:

— Мен Хрущевтің саясатына қарсымын! — деп трибунадан түсіп алды-артына қарамай тартып отырған. Сол сәттен бастап Қызыл ту ауданында алашапқыншылық басталады. «Ойбай Сәкен Жүнісов деген жас жігіт «халық жауы» болып шығыпты! 1937 жылдан бері болмаған осынау «тосын жаңалықты» мектеп дереу аупарткомға хабарлаған, аупартком жерден жеті қоян тапқандай обкомға жеткізген. Обком жедел «комиссия» құрып Қызыл туға аттандырады. Ішінде «қызыл жағалылары» да бар дейді. «Саяси қылмыскер» болған соң, әрине, қауіпсіздік комитетінің мүшелері де кем қамтылыпты...

«Мұздай қаруланған» жедел топ келе жатыр!» — деген хабар Сәкенге де жетеді. Содан, «қаш» деп үгіт айтып, ақыры Алматыға аттандырып жібереді.

Қызыл туға келген «комиссия» Сәкеннің орнын сипап қалады.

Сәкен Алматыға келген соң да «үш әріптің» адамдары соңына түсіп ұзақ әурелепті. Белгілі жазушы Мұқан Иманжановтың қарамағына кіріп, «Қазақстан пионерінде» істеп жүрген Сәкен осы тұста өндірте жазып, алғашында балалар жазушысы болып қалыптасады. Жазған шығармалары Мұхаң, Ғабең, Сәбеңдердің көзіне түсіп, көңіліне ұнай бастады. Ұстазы — Зейнолла Қабдолов, бірге қызмет істейтін досы Тұманбай Молдағалиевпен жұп жазбай араласады. ҚазМУ-дың тіл әдебиетін үздік бітірген Сәкен сол тұста ғалымдыққа бой ұрып, атақты Мұхтар Әуезовтің алғашқы аспиранттарының бірі болады. Аз уақыт университетке түсуге талаптанып келген абитуриенттерден сынақ алған кезі де болған. Дәл осы кезде болашақ белгілі

ақынымыз Мұқағали Мақатаев «экзаменатор» Сәкен Жүнісовтің алдынан «сыннан» өткен. Бұл туралы да ел арасына қызық әңгімелер тарап кеткен. Алғашында Мұқағали сынақтан өте алмай қалады. «Мен өлең жазушы ем, ақынмын!» — дейді Мұқағали.

«Ақынға да білім керек!» — деп бір-ақ қайырады Сәкен. Содан Мұқағали Сәкенмен қызметтес, сыралғы досы Тұманбайға барып қолқа салады. Сөйтіп, Мұқағали сынақтан өтеді. Бұл туралы Тұманбай ағамыз Мұқағали туралы естелігінде «Жас алаш» газетіне егжей-тегжейлі жазған болатын. Кейіннен біз Сәкеңе «Мұқағали керемет ақын екен ғой, оны несіне «құлаттыңыз» — дейміз әзілге шаптырып. Ондайда Сәкен тіксініп шыға келеді: «Біз онда кісінің атағына емес, біліміне қарайтынбыз... Содан кейін, ол — Мұқағали Мақатаев болса, мен — Сәкен Жүнісовпін!» — дейді. Шындыққа бас шұлғыған біз «жөн, жөн» дейміз.

Одан әрі қазбалап бірдеңе десең, тура төлеп тастаудан тайынбайды. Жынына тисең — «Батыраштың балтасымен» бір-ақ сілтейді. Ал, өзі «жығылып» қатты сыйласқан адамына «бұйдалы ботадай» қалай тартсаң солай еріп жүре беретіні де бар. Осының бәрі — мінез! Мінездің әуресі! Иә, «мінез» дегеннен шығады, тағы бір әңгіме еске түсіп тұр.

Сонау бір жылдары Сәкен ағамыз Арқалыққа келді. Мен осы күнгі «Жас алаштың» Торғай облысындағы меншікті тілшісі едім. Торғай театры Сәкен Жүнісовтың «Жаралы гүлдер» деген спектаклін өте тартымды қойды. Халық жақсы қабылдады. Артынан болса болмаса, банкет дегендей... Сәкен ағаң аңыратып ән салады, оны тыңдап отырған айнала-сындағылар аузын ашып, көзін жұмып тамсанады. Сөйлеп кетсе көлдей толқып, желдей шалқып шыға келеді. Ән де, әңгіме де сонда, өнердің қай қырына салсаң да — әмбебап, алмастың жүзіндей жарқыл-

дап, қырандай саңқылдап, аузынан от шашырап, асау тұлпардай ойнақтап шыға келеді. Қырықты қусырып, елудің еңсесіне енді іліге бастаған кезі болса керек. Әсіресе, ән салғанда жайшылықтағы қатулы қабағы тез жазылып, жаздың гүліндей жадырап, жайнап сала береді екен. Арамызда театр артистері, тағы да облыстың толып жатқан өнерпаздары – өрімдей, өрен жастары бар. екібастан ондай жерлерден облыс басшылары, партия совет қызметкерлері қалған ба, қаздай тізіліп, қатарласып төрде отыр. Ән салынады, әңгіме айтылады, бірақ Сәкеннен өнер асырып отырған адам жоқ.

Осындай бір сәтте ортамызда отырған облыс басшыларының бірі Сәкенге бір сұрақты дүңк еткізіп тастай салды.

– Сен осы баяғыда комсомол сыйлығын қалай ала алмай қалдың, «Жапандағы жалғыз үй» жақсы роман еді ғой?

– Жақсы болса неге бермедіңдер сыйлықты? «Ертең газетке шығады» деп алдын ала құттықтап, суретке де түсіріп әкеткен... Себебін өздеріңіз білетін шығарсыздар. Мен қайдан білейін!

– Мен білсем, – деді әлгі кісі сөзін одан әрі жалғап, – романдағы басты геройың – Қарасайдың партиялық бейнесі толық бедерленбепті дегендей бірдеңе естігем...

Сәкен Жүнісов орнынан атып тұрды. Қабағы қырыстанып, маңдай терісі білеуленіп кеткен. Жұдырығын түйіп, жұтынып шыға келді.

– Не дейсің?! – деді әлгі басшы адамға сес көрсетіп.

Содан соң жауабын күтпестен қарлығыңқы дауыспен, қолын қайта-қайта сермеп, жұлқына сөйлеп кетті:

– Партиялық образ дейсің. Сен өзің қай партияны айтып тұрсың?! Он жетінші жылы ойындағысын істеп, жиырма жетінші жылы «бай» деп күштеп

ауқаттылардың бәрін атқанын атып, атпағанын ит-жеккенге айдаған, сөйтіп, асыл азаматтарымның басын түрмеде шіріткен партияны айтасың ба? Отыз екінші жылы аштыққа ұрынған, отыз жетінші жылы қастықпен қырылған кімнің халқы? Оны басқарған кімнің партиясы? Ол тап осы күнгі сенің партияң! Кешегі Қазақстан съезінде сенің осы партияңның бүгінгі басшысы Қонаев менің үш миллион халқымды өз қолымен қырған Голощекинді республика көсемдерінің қатарында атап өтті. Біздің қолымыз жетпейді. Сендер Қонаевтың қасында жүрсіңдер ғой. Осыны неге айтпайсыңдар? Жоқ! Мен ондай партияны жырлай алмаймын. Ондай партияның образын шығара алмаймын. Кешегі қан майданда халқымды жаудың алғы шебіне салып, Мәскеудің түбінде қырған партияны мен қалай мадақтаймын! «Тың» деген сөзді желеу етіп жерімді таптаған, жан-жақтан қара құрымдай қаптаған халықтың партиясын нағыз қазақ жазушысы бола тұрып дәріптеуге қалай дәтің шыдайды. Сендер осыны неге ойламайсыңдар?! — деп айтып кеп берсін.

Манадан күліп-ойнап, желпініп отырған жұрт су сепкендей басылып, сілтідей тына қалыпты. Жаңағыдай сөзді айтқан адам атылып кетпесе де түрмеге түсіп азап тартары анық. Осыны білген жаңағы отырған бір топ партия қызметкерлері, бір қарасақ, «мына бәлеге куә болмайық» дегендей жымжылас, тайып кетіпті...

Міне, Сәкеннің мінезі. Көңілді кезінде күндей күліп, айдай нұрланып отырған адам, ашуланған сәтте ашық аспан астында найзағайдың от қамшысын осып-осып жіберді.

Осындай қилы-қилы мінездеріне орай Сәкен туралы қызғылықты әңгімелер де ел арасына кең тарап кеткен. Соның біреуі мынадай:

• Жазушылар одағында әдеби жыл қорытындысына орай үлкен бір мәжіліс өтіп жатады. Проза

саласынан баяндама жасап жатқан бір жас сыншы Сәкенді өзінің қаламдас-замандастарымен бірге ұсақ-түйекті көбірек жіпке тізіп, орынсыз сынап жіберсе керек. Соңынан үзіліс болып, жұрт тысқа шығады. Сәкен ашуына мініп алған дейді. Жаңағы өзімен бірге сыналған қаламдас достары Әкім, Сайын, Рамазан, Қалихандардың қасына келіп: «Әй, сендерді сынағандары дұрыс, ал мені не үшін сынайды осылар?» — деп тепсініп тұрып алыпты. Сәкеннің осындай табиғи қызық мінездерін замандастары ылғи да ауыздарынан тастамай айтып жүреді.

Елдегі қариялардың айтуына қарағанда, Сәкен өз әкесі Нұрмақтан гөрі, арғы атасы Жүніске көбірек ұқсайтын көрінеді. Жүніс ұзын бойлы, атжақты, қыр мұрынды, қыран қабақты, екі иығына екі кісі мінгендей еңгезердей кісі болыпты. Сонысына қарамай жылдам, ыңғайлы болған деседі. Ел ішінде оқыс оқиғалар болмай тұрмайды. Біреу суға кетіп бара жатса, енді біреуі өрт ішінде қалса — алды-артына қарамай қойып кетіп, ақыры, құтқарып алып шығатын — жарықтық Жүкең екен. Сәкеңнің, әсіресе, мінез жағы осы атасына тартыпты. Өзі әкесі Нұрмақ бүкіл ғұмырын ағартушылық жолында сарп еткен, оқымысты һәм қайырымды кісі болыпты. Анасы Мағрипа да ұстаздық еткен, көзі ашық кісі болатын. Бертінірікте дүние салды.

Сәкеңнің өзі ертеректе жиі айтып жүретін:

— Мен Сәкен Сейфуллин қырық жасқа келгенде туған екем. Көзі ашық әкем Сәкендей болсын деп мені Сәкен қойыпты. Шамасы, әкем менің жазушы болғанымды қаласа керек. Мен әкемнің ол үмітін ақтаған секілдімін. Ал, мен 40-қа келгенде туған балам ер бала болуға тиісті!..

Айтқандай-ақ, Сәкеңнің 40 жасында ер баласы дүниеге келді. Есімін өзінің «Ақан сері» романының басты кейіпкері, кезінде бүкіл Көкшетау дуа-

нына белгілі де беделді болған адам — Жанбота деп қойды, Жанбота қазір ҚазМУ-дың әділет факультетінде оқиды. Осынысына қарап Сәкеңді сәуегей ме деп қаласың!

Мұхтар Әуезов Сәкеңе алғашқы аспиранттарының бірі ретінде үлкен үміт артса, Фабит Мүсірепов сырлас, сыйлас іні-дос болып бауырына тартты. Фабең, әсіресе, өмірінің соңғы жылдарында Сәкенмен үй-іші, отбасы болып қатты араласты. Көбінесе, Көкшетауда — Бурабайда бірге демалатын.

Фабеңді Сәкеңнің үйінен жиі көріп жүрдім. Түн ортасы ауғанша жалықпай карта ойнайды, шылымды да жиі шегеді екен. Сонда да бір шаршап, шалдықпайды. Ара-арасында әңгіме айтуға да уақыт табады. Бір күні Сәкең Фабеңмен керілдесіп қалды. Әңгіме ашаршылық жайында екен.

Сәкең сілтеп жатыр екен. «...Сол кезде қазақтың бетке ұстар беделділерінің бәрі тірі екен. Сонда халқы жаппай қырылып жатқанда қалай шыдап отырдыңыздар.

Сіздер, сіздер, бәріне сіздер кінәлі!» — дем демігіп өзер тоқтады. Фабең өзінің бәз-баяғы сабырлы қалпын бұзбастан, асықпай тыңдап алды да майда қоңыр үнімен әр сөзін салмақтай сөйлеп: «Сәкен сен білмеуші ме едің, біз бес адам Сталинге хат жазып, артынан сазайымызды тартқанбыз!» — деді.

Ол кезде мұндай әңгіменің айтыла қоймайтын кезі болатын.

Кейін Фабең Сәкеңнің қазақ драматургиясында Ленин образын тұңғыш сомдаған «Өліара» пьесасы туралы сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінде пайымды пікір айтты.

Сәкең осы драмасы үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Осындай белгілі адамдармен араластығының нәтижесі кейін Сәкеңе «Кемеңгер мен көлеңкелер» деген драма жазуына мүмкіндік берді. Мұнда

Мұхаң, Сәбең, Ғабең образдары терең сомдалған. Бұл спектакль қазір М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында татымты өтіп жатыр. Бұған дейін Сәкеңнің «Ажар мен ажал», «Өліара», «Жаралы гүлдер», «Қос анар», «Әр үйдің еркесі», «Қысылғаннан қыз болдық» сияқты пьесалары республика театрларының репетиуарынан тұрақты орын алып, бірнеше сахналарда сан мәрте қойылып келді.

Қазір Сәкең оқушы қауым көптен күтіп жүрген «Ақан сері» романының үшінші кітабын жазу үстінде. Осы орайда, бұған дейін оқырман қолына Сәкеңнің тағы бір соқталы дүниесінің өмірге келгенін айта кету орынды деп ойлаймын. Ол — көпшілік қауым жылы қабылдаған «Аманай мен Заманай» повесі, бұл повесть бойынша қазір «Қазақфильм» киностудиясы толық метражды кино түсіріп жатқанын сүйінішпен айта кету ләзім.

Биылдан бастап, «Жазушы» баспасынан көрнекті жазушының 4 томдық шығармалар жинағының алғашқы кітабын оқырман қолына тимек. Бұл 60-тың асқарына қадам басқан жазушы еңбегінің ұзақ жылғы жемісі болса керек.

Ақанмен тамырлас, Сәкенмен аттас, Мұхаңмен мұңдас, Ғабеңмен сырлас болған сері Сәкен жайлы інілік лебізімді өзінің осыдан 10 жыл бұрын 50 жасқа келгенде ел алдында оқып берген өлеңіммен аяқтауды жөн көрдім.

.. Аңыз боп ісің —
Айтылып жүрер атың көп,
Қалады кейде бүгінгі досың — жатың боп.
Қара сөзді де қарша боратқан Сәкенсің,
Сәкен болған соң —
Ақын болмасқа хақың жоқ.

Тарихтың сырын жазушы ғана жалғайды,
Құлагерді айтып — мұрагерді айтып толғайды.
Әсем әуенді аспанға атқан Сәкенсің,
Сәкен болған соң —
Әнші болмасқа болмайды.

Батырсың кейде жалғыз-ақ сөзге тоқтаған,
Ат міндің талай айтулы тұлпар ақтабан.
Қыздырып думан-қызығын көрген Сәкенсің,
Сәкен болған соң —
Сері болмасқа жоқ шамаң.

Келмеске талай кетті ғой небір есіл ер,
Оған да куә — осынау мекен, осы жер.
Адымен досым — алқына бермей Сәкен бол,
Сәкен болған соң —
«Қатең» болса да кешірер.

Етектен тартар болмаса кейбір кісілер,
Еркелей білсең елің де сені түсінер.
Жәй айтып кейде жеткізе алмаған жеріңді
Төбелес керек төбеден ұрып түсірер.

Жазғырар елі — жазғаны болса сәл осал,
Шарқ ұра шауып талқыға салып таласар,
Шет кетіп кейде, шалқақтап жүрсе ортада,
Шамасы келген Сәкенге ғана жарасар.

Роман жазса, қолыңда жұрттың көнерген,
Драма жазса, дүрлігіп барар көрермен.

*Жазудан қолы босаса болды бір сәтке,
Қыраңдай самғап – Көкшетау жаққа жөнелген.*

*Құлпырып түгел – кір жуып, кіндік кескен жер,
Қайтадан лаулап, қайтадан жансын өшкендер.
Отыршы бүгін Оқжетпес болып ортада,
Біріне-бірі қосылып кетсін сексен көл.*

*Жанып бір алсаң жарқылдар нағыз алмастар,
Алмас бар жерде – алтының оған болмас пар.
Бұл әлемде аққудың аздығы секілді,
Қазағымда Сәкендер аз ғой, жолдастар!*

Серік Тұрғынбекұлы,
«Қазақ әдебиеті», 1994 жыл.

СӘКЕН ТУРАЛЫ СЫР

Алпыстың асқарына шыққан Сәкенді егделік еңсерген деп елестету қиын. Осыдан отыз жыл бұрын да осындай еді; ақжарқын, әзілқой, қызба. Басынан сөз асырмайтын арындаған асау мінезі әлі өзгермеген. Тып-тың. Жиналыстарда, мәжілістерде оқыс мінбеге шыға қалса, төгіп-төгіп сөйлеп, тыңдаушысын күлкіге қарқ етеді.

Алды алпысқа толып, сонау алпысыншы жылдары қыл құйрық сәйгүліктің үйіріндей қазақ прозасына келген соны толқынның марқасқасы болып Сәкен Жүнісов жүр. Олай деуге, ауыз толтыра айтуға қарымды қаламгердің том-том кітаптары, сахнадан сахнаға қалап алынатын, қызыға, құмарта қойылатын он шақты драмалары куә. Қарымды қаламгерге дарынды қаламгерді қоссақ, ел таныған, оқушысы мойындаған, сонысына орай еңбегі еленіп, сүбелі сыйлықтар, атақ-абырой алған кемелденген қалам иесін көрер ек. Әр жазушының өлеңнен бастайтыны бар, ал Сәкен балалар әдебиетінен бастады. Әлде Әнуарбек Дүйсенбиев, Жақан Смақов, Оспанхан Әубәкіров сынды балалар әдебиетінің ірі өкілдерімен дос-жар, дәмдестүздас болғанның әсері, әлде, бала көңіл, аңғал жүрек, өмірдің өткел бермес ағынын белден кешетін серілік сайран кездер әсері. Кенет биік трамплиннен секіргендей, Сәкен «Жапандағы жалғыз үй» атты атышулы романын ұсынады. Қазақтың сайын даласын трактордың гүрілі шошытып, киіктерін үркітіп, түреннің ұстара жүзі құйқалы қара қыртысын тілім-тілім өткен тұста, біреу тыңның келісін түсініп, біреу түсінбеген, үркіген кезеңде, осы қызғылықты, қат-қабат оқиғалы көркем шығарма заманына деп туғандай. Басты кейіпкері Қарасайдың күйі — ол кезде сынай қарайтын «мынау әпенді ғой» дегізетіндей-ді бүгінде миллион

қазақтың көкірек шері, шемен боп қатқан жан жарасы.

Осы кітап айналасындағы шудың дабыры басылса, Сәкен-сері өзін драматургия көгінен жарқ еткізді. Бейімбеттің, Ғабиттің, Мұхтардың атақты әңгімелерінің ізімен жазылған «Ажар мен ажал» драмасы М.Әуезов атындағы драма театрында қойылды, белгілі, «міне» деген әртістер армансыз ойнады. Әсіресе, Шолпан Жандарбекова мен Зәмзәгүл Шәріпованың актерлік шеберліктері шыңдалып, «әттең, осындай өткір мінезді, айшықты образды әйел ролін ойнар ма едім?..» дейтін армандарын бір белден асырғандай, тұспа-тұс келген дүние еді. Содан бері де Сәкен талай уытты, шымыр драмалардың авторы: «Өліара», «Қызым, саған айтам», «Қысылғаннан қыз болдым», «Кроссворд», «Жаралы гүлдер», «Қос анар», «Кемеңгерлер мен көлеңкелер», тағы басқалары. Соңғы драмасында әдебиетіміздің алыптары – Мұхтар, Ғабит, Сәбит тұлғаларын тілге тиек ете отырып, олардың пендешілік, кейде, тіпті, кісі күлетін қызық кезеңдерін қаз-қалпында бейнелеуге күш салғаны байқалады автордың. Драма академиялық театрда қойылып, көрермендер қызыға тамашалауда.

Әр қаламгердің шығармашылық жүгінің ауыры да белесі де болады. Сәкен Нұрмақұлы үшін онысы – «Ақан сері» дилогиясы. Тарихи шындығы мен жазушылық фантазиясы қоса өрілген көркем туындыда ұлы сазгер, құмбыл әнші, күрескер Ақан тұлғасын мұзарт шыңдай биіктен, көзіңе күн сала шолғандайсың. Сәкен осы кітабымен жазушылық мұрат-мүддесінің бір парызын өтегендей.

Ақан-серіні Сәкен жазбағанда кім жазар?

Өзі Көшетауда, оның ішінде Қызылту ауданында, атақты Үкілі Ыбырай туып-өскен және әлемдік опера саңлақтарымен иық тірестіре алар даңқты

Ермек Серкебаев түлеп өскен шұрайлы да, өнерпаздар мен дарындарға құнарлы қасиетті мекенде кіндік қаны тамса, егер дейміз-ау, егер Сәкен жазушылық қиын да азапты, мәртебелі жолға түспей өнер жолына өзін бағыштаса, бағы жанып, атақты әншілеріміздің бірі болар ма еді дейміз. Жұмсақ тембрлі баритон даусымен ол Біржан сал, Ақан сері әндерін, халық әндерін ғана шырқап қоймай, Верди, Чайковский, Жұбанов операларынан да ариялар шырқайды.

Естуімізше, ата-анасы «Сәкендей болсын!» деп атын солай қойған екен. Әр заманның өз Сәкен Сейфуллині болса, біздің Сәкен де өз заманының түлегі. Әрине, оның «Тар жол, тайғақ кешуі» болмағанымен, тағдыр тоқпағын да, соққысын да бір кісідей көрді. Сүйікті жары, үш баласының анасы Мәкең осыдан біраз жыл бұрын қайғылы қазаға ұшырады. Қыршын кетті. Алды-артын танып үлгермеген жас балаларға Сәкен қазір әке де, шеше де. Ер азаматқа оңай жүк емес. Шашына ақ кіріп, денсаулықтың да қыңқыл-сыңқылы біліне бастағандай ма. Жоқ, қызына сөйлеп, ән салса, сол баяғы отыз жыл бұрынғы арынды, арғымақ аттай қызу дүбірге бүйірі қыза тыпыршитын қалпында. «Аманай мен Заманай» повесть, әңгіме кітабының шығып, қолдан қолға тимей бір деммен оқылатын уақытының да өткен жылдар жотасында қалғаны, төрт томдық шығармалар жинағының «Жазушы» баспасында қағаз тапшылығы, басқа да сылтаулар сілтеуімен қаңтарылып тұрғаны өнебойы уақытпен үзеңгі қағыстыра жүретін Сәкен Жүнісовтей қаламгерге оңай тимейтіні (қай жазушыға оңай тиіп жатыр-ау?) белгілі.

Сәкеннің сөздерінен әманда табиғилық лебі екендей. Өткен жылы Ақан сері Қорамса ұлының 150 жылдық ұлан тойына орай салтанатты мәжіліс болған. Сәкен Жүнісов әсерлі баяндама жасады

(қағазға қарап, ал Көкшетаудағы мәжілісте қағазға қарамай-ақ біраз көсілді).

«Алпыста ат жемейтін құрақтайсың» дей ме, немесе «Балапандай бұлғақтайсың...» дей ме-ау, қазекем теңеуге келгенде ешкімнен сөз сұрап жатпайды. «Елу – ердің жасы» десе, «Алпыс – арғымақ жас» дейміз бе, Сәкен. Соңғы өзінде жазған мақала, арнау сөздің соңында «Сәкен-сері» деп қол қоятын болғасын, біз де сөз басын «Сәкен-сері» деп бастадық. Жұрттың бәрі сері болса қайда жатыр, дара боз Сәкен!

Шәрбану Құмарова,
«Парасат» журналы, 1994 жыл.

ЕЛ ДЕП СОҒАР ЕЛГЕЗЕК ЖҮРЕК

Көкіректі тербеген қиял Алматыда байыз таптырмай, күзге салым тағы да елге — көгілдір Көкше қиырларына тартқан. Көңілді көп мазалаған Ақан тойы да өтті, құдайға шүкір, абыройсыз өткен жоқ. Ел мерейі, ер намысы ғой, әйтеуір. Өзі басқарып, мықты бір тұтқаны ұстап отырмаса да, сері бабаның тойына қарата түйгені болса, жұрттың бәрі дерлік өзің іздеп таба қоятындарына қайран. Жоғары жаққа қолдары жете бермей ме, әлде басқадай да себеп-салдарлары бар ма, ол жағын ойлай бермепті.

Бәлкім, олары да орынды шығар, әріден келе жатқан, тіпті бекіп-қалыптасқан үрдіс десе де сыйымды емес пе?! Абай аты аталса, ең алдымен ұлы Мұхтарды таппаймыз ба? Егер Мұхаң жүйелеп, сомдап соғып кетпесе, дүние даналарының шоғырлар тобына енген ақынның алып тұлғасын дәл бүгінгі биіктен көре алар ма едік, жоқ па? Осыны ойлап, іштей тәубесіне келген.

Өзіл-шыны аралас Қабдеш Жұмаділов айта беретіндей, «жазушы рөлінде ойнап», түнде ұзағырақ отырып қалған. Енді ертемен тұрып кете алмай, әлі де ұйқылы-оюу күй кешуде еді. Безілдеп, безек қаққан телефонды көтермей ұзақ отырды. Қайта-қайта шырылдап жан қоймаған соң құлықсыз көтеріп, құлағына апарған. Даусы қарлығыңқы, ықылассыз күйін танытардай.

— Өй, сен Төлегенбісің. Не болды алакөбеден?! — Үні де жәйдағыдан қатқылдау шыққан секілді.

— Алакөбеңіз не? Түс болып қалды емес пе, Сәкен аға. Қуанышты хабар айтқалы тұрсам, — деп өкпелегендей үнсіз қалды. Бұртиып тұрғанын көрмесе де, көңілімен сезгендей. Қабырғадағы сағатқа қараса, қос тілі де он екіден енді аунап барады. Шынында да түс болып қалған ба?!

— Жарайды, жарайды, айт енді. Келін ұл тапты ма?

— Ол да болар бұйырса. Қазіргі қуанышым сізге байланысты.

— Айтсаңшы енді сағыздай созбай.

— Айтсам, Жазушылар одағы депутаттыққа кандидаттар ұсыныпты. Ішінде сіз барсыз.

— Рахмет, айналайын, — деді көп созбай. — «Бұрын да талай көрген құқай ғой-ды» тілінің ұшына келіп тұрса да, ұстап қалды. Өз басында сирек кездесетін сабырлылық. Онсыз да елпілдеп тұрған тілеулес іні көңілін қалдырмайын дегені. Сөйтіп, Алматыдағы дүбілістің хабарын елде бейжай жүріп едәуір кейін, көп жұрттан кештеу естіді. Осындағы «Көкшетау» облыстық газеті редакторының орынбасары, жақсы ақын, көңілдес інілерінің бірі Төлеген Қажыбаевтың асыға жеткізген хабарының өзіне қаншалық әсерленгенін де шамалай алмағандай. «Адамның бейжай кездері-ай» дейтініміз осы екен де.

Естіді, бірақ елпілдей қойған жоқ. Бұрын да осындай доданың талайын түсіп, қым-қиғаш тартыстардан тауы шағылып, көңілі қалғандікі ме, әлде пайғамбар жасы дейтін шеңбердің шетіне ілініп, салиқалылық дейтін салмақ артатын алпыстың әсері ме, соншалық алып-ұшпай, смарақау-салқын қабылдады бәрін. «Әлгіден қайдан білдің?» — деп те сұрмапты-ау. Енді өзіне-өзі қайран. Жәй бір алып-қашты сөз болмаса. Тұзым жеңіл ме, бір қызығы — осы маған сөз үйір. Ол да құдайдың бергені шығар...

Төрт жыл бұрын күні кеше тарап кеткен Жоғарғы Кеңестің депутаттығына да ұсынылған. Жиырмадан астам әріптестерінің ішінен іріктеліп, мәреге де жеткен. Ақтық іріктеуге іліккен үштің бірі. Тәртіп бойынша үміткердің қай-қайсысы да өз сайлаушыларымен (бәрі де күліп-ойнап күнде бірге жүрген өзінің қаламдас серіктері ғой) кеңесіп, сайлау ал-

дындағы ойларына ортақтастыруға, пікір бөлісуге, қысқасы, үгіт-насихат науқанын жүргізуге ерікті. Сол жолы мен Жазушылар одағындағы сайлау комиссиясының жауапты хатшысы ретінде қажетті құжаттар әзірлеу, өмірбаяндық плакаттар шығару секілді шаруалармен жүрдім. Сәкеңнің бәсекелестерімен күнде кезігіп сөйлесем. Бірақ Сәкең жоқ. «Қарағанды – Қарқаралы жақта жүр», – дейді кімнен сұрасам да. Әрине, әркімнің деуінде әр қилы мән бардай. Шынында да нақ сол күндері Қаз дауысты Қазыбек атасының аруағын тербеп, тойын өткізісіп жүріпті ғой. Содан ертең пленум, Жазушылар одағына берілген бір орынға депутат өткіземіз деген күні бір-ақ жетіпті. Шарға түсем-ау, депутат болам-ау деген ойында жоқ адамдай. Ел дүрлігіп, әбігерге түсіп жүргенімен ісі болсайшы бір.

– Ой, Сәкен аға-ау, бұл жүрісіңізге жол болсын, той тойлап жүретін кезді тапқан екенсіз, – демеймін бе кейістік білдіріп. Ол жылдары жазушы біткен Шығармашылық үйінде жататын. Кештетіп келіп тұр.

– Е, не болыпты сонша. Мен сайлаймын ба, мені сайламай ма?! Жаңа Зекеңмен, Тұрсекеңмен жолықтым. Дауыс береміз десіп отырғой, маған бермегенде, кімге береді? (Қабдолов пен Кәкішев ағаларын айтып отырғаны). – Айтшы, кәне, сен даусыңды кімге бересің? – деп өзімді тықсырып барады.

– Айналайын, ағатай-ау, менің бір даусым кімге тұлға болады дейсіз. Оның үстіне өзіммен бірге оқып, бірге өскен Қалдарбек бар, тікелей бастығым Қалаубек бар. Ойлану керек шығар.

Үндемей қалды. Осының сөзінде де жан бар-ау деді ме екен. Әлде өзіне-өзі сенімді ме. Кезінде шарға түскен Шоқан, Абайлардың өкінішін неге ескермейді екен деп те ойлаймын іштей. Аңдамай айтып қалсам, ренжітіп алатын сияқтымын.

«Батыр – аңғал», деп айтатын аталарымыз қан-

дай көреген болған. Гәп сол жолы бәйгеден бағы озбағандығында емес, өтпей қалғанның өзінде де еңсесі түспей, сағы сынбай, қызғаныш білдірмей, Қалдарбекті жұрттан бұрын құттықтағаны сүйсіндірген мені. Кесек мінез деп осындайды айтатын шығар.

— Бап шаппайды, бақ шабады. Несі бар. Қалдарбектің бабы да, бағы да бабында. Жоғары жақтан біздің жоғымызды жоқтап, мұңымызды мұндап жүрсе, одан артықтың керегі не. Қайта оны қай істе де қолдап, қорғап, қиялына қанат бітіре білуіміз керек.

Талантына тәнті оқырмандарының бірі ретінде ғана емес, бір ұйымның ішінде ыстық-суығына араласып, кейде керісіп, бірақ көбіне келісіп күн кешіп келе жатқанымызға он жылдан асыпты. Сондықтан жазушы Сәкенді ғана емес, азамат Сәкенді, Сәкен Жүнісовті бір адамдай-ақ біліп кеткен сияқтымын. «Апырай, осы бір тұста от көсел, артынан опық жеп қалмас па екем», — деп ойланып-толғанып жатпай, ақберен қылыштай жарқ етер тұстары көп. Оны да әркім әрқалай қабылдап жүргенмен, баспақшыл бақай есеп жанына жат.

Әлжекең айтқандай: «Тасқа шапсаң кетілмей, қайта жетіле түсетін шын алмастай. Оның үстіне өткір ойды жасырынып-жасқанбай, жағынып-жалбақтамай жеткізер жүрегіні түгі, тілінің уыты бар Сәкендер керек осы кезде. Әрине, қаншама жыл қасында жүрген қаламдас бауырлары топқа тектен-тек қоспағанын, айналайын, ауылдастары да ұғар, қолдар...»

Иә, әдебиетіміздің көзі тірі абыздарының бірі, кешегі ұлы Мұхаң, Сәбең, Ғабендердің қасында көп жүріп тәлімін алған, ұлағаттарынан үйренген халық жазушысы Әлжаппар Әбішев айтса, біз оны қашанда өз ойымыздай қабылдауға әзірміз. Иір бұтағы қарсы біткен қайсар емендей қарт қаламгер қай

кезде де басқаның атына, атағына жығылмай, ойын бүкпесіз сарқып айтып дағдыланған. Дуалы ауыздан шыққан шынайы сырға көңіл шіркіннің дауалай беретіні де сол.

«Биыл алпысқа келемін ғой», — дегенін өз аузынан естігенде, тосын құбылыстай тосырқап қалдым. Біле тұра «шын ба?» — деппін. Сері Ақанды жазғандығынан ба екен, көп мінезінде серіліктің нышандары көзге ұрып тұратын ағаны алпыстың ауылына барып қонады-ау дегенге де сене тұрып сезіміңді үйрету керектей.

— Алпыс-алпыс деп жүріп астанада алыстап бара жатқан жоқсыз ба? Соңғы жылдары Алматыдан гөрі ауылда жүргеніңіз көптей. Оның үстіне Бұрабайдан сізге арнайы үй салдырып жатыр деген де сыбыс тарап жүр. Әлде орыстарда көп айтылатын «Все писатели в столице, один Шолохов в станице» дегендей, Бұрабайды бауырға басып жатпақсыз ба? Ойыңызды өз ауыңыздан естісек...

«Осы шын сұрап тұр ма? — дегендей жүзіме қадала қарап қалыпты. Менің де бойымды бір түрлі ыңғайсыздық билегендей. Сәттік үнсізден кейін:

— Несі бар, шөккен бұрадай Бұрабайда жатып алсам, жараспай ма маған? Хан бабамыз ордасын тіккен қасиетті жұрт. Облыстың маған арнап үй салдырып жатқаны да — сыбыс емес, шындық. Жазушыларға осындай жағдай тудырылса деген ізгі ниетті Елбасымыз Нұрекеңнің өзі білдірген жоқ па кезінде. Жалғыз маған емес, дәл осындай игілік әр жерден-ақ қылаң беруде. Ел талантын, өнерпазын еркелетіп жатса, ол деген бәріміздің басымызға қонған бақыт емес пе?!

Өкініші — осы әңгіме басталған төрт жылдан бері Көкше өңірінде бес басшы өзгеріпті. Қайқайсысы да «мыналарың оғаш!» — деп беттен қаққан жоқ. Енді облыс әкімі болып Еңбекшілдер ауданын құрылысқа қарық қылған Қызыр Ыбырайұлы Жұмбаба-

ев ініміз басталған істің табанын жерге тигізеді ғой деген үміттемін. «Бітер істің басына жақсы келер қасын», — демей ме.

— Лайым ойлағаныңыздай болсын. Ұмытпасам, кезінде марқұм Мусин Жанайдардың «Ауданға Қызыр келді, елге қызыр қонды», — дейтін азаматы ғой.

— Дәл өзі. Құдай салған шығар оның аузына. Бастауы жаман емес, ел риза. Жаны күйетін осы өлкенің өз перзенті ғой. Айтқан соң, ойымды жеріне жеткізе айтайын. Тірлігімде тұрармын, ол деген мақсат қой. Хан атамыз туралы кітап жазсам ба деген арманым бар. Аруақты жер, киелі мекен емес пе. Әрі үйімнің салынып жатқан жері «Абылай алаңына» жақын. Бір жағы жақсы ырым етем. Ұлы баба аруағы желеп-жебеп, қолтығымнан демеп, рух беретіндей сезінем. Өлмес пенде жоқ. Темір өзек жан емеспіз ғой. Ерте ме, кеш пе, фәнижалғаннан бақи-ғұмырға біз де көшетін шығармыз. Сонда аты менікі, заты бүкіл қазақ әдебиеті мен өнеріне дем берер мұражай қалса, мен ұтам ба, ел ұта ма?

— Дұрыс екен. Енді бүгінгі науқан — тірлік қой, депутаттыққа кандидат болып тіркеліп, бәйгеге бас тигуіңіздің жәйынан сыр тартсақ деп едік...

— Жазушылардың қасиетті қара шаңырағында бірге қызмет істеп сен — іні, мен — аға болып жүргелі бір-бірімізді бір кісідей-ақ біліп-таныған секілдіміз ғой.

— Сөз бар ма оған.

— Ендеше тікелей өз басыңа пайдасынан зияны көбірек тиетін істерге де аз араласпадық емес пе? Кешегі ақталған арыстарымыз, тағдыры тығырыққа тірелген тіліміздің талас-тартыстары. Солардың бәрінде желіміздің үнемі оңынан шығып тұрмағаны өзіңе де мәлім. Енді елге келсек, азып тозғандай азғана жұрттың тұрмыс-тіршілігі, күн санап көмескі тартып бара жатқан ел дәстүрі, ата салты жүректі

қан жылатпады ма? Қызылжар, Көкшетаудың бөле жаратыны жоқ, Ақан айтқандай, «Атығай, Қарауылға олжа салған» дейтіндей түбі бір ел емес пе? Ал ахуал әзір екеуінде де ауыр. Алда-жалда өте қалсақ, әй, қайдам-ау, үмітімнен күдігім басым, «сойыл соғудан» құдай шет қылсын, сөзін сөйлеп, жоғын жоқтап, ойын жеткізе алар ма едім деген емесін-дәме.

— Ал сізбен бірге шарға түсіп, бағын сынағалы жатқандар кімдер, мүмкіндіктері қандай деп ойлайсыз? Қауіп көп пе дегенім ғой?

— Қалай десем екен. Кім-кімнің де көңілінде үміт ұшқыны бар емес пе. Ол шіркін кімнің жанына жел беріп, кімді желіктірмейді. Былай қарасам, бәрінің де орыны, салмағы бардай. Бір орыс, бес қазақпыз. Мандат — жалғыз.

— Көп екен. Бәрі де ел деп еңіреп-ақ жүретін азаматтар ғой. Дегенмен де жол-жөн сіздікі деп ізет білдірген, інілік көрсеткен ешкім болмады ма?

— Ондайлар да болды. Екі ініміз келіп, кешірім сұрап бас тартты. «Алда да сайлаулар бар ғой, тірлік болып, бағымыз жанып жатса, сонда сынап көрерміз», — десті. Рахмет оларына. Ағаның алдын кеспеу — әріден келе жатқан халықтың кемеңгерлік үлгілерінің бірі ғой. Қалғанымыздың өзі жоғарыдағыдай. Әзір олардан ишара танытып тұрғаны жоқ. Алда әлі де күндер бар ғой, «Ештен кеш жақсы» демейтін бе едік.

Иә, бәйгенің аты — бәйге. Қиын түйін екенін іштей сезем. Жабы мен жүйрікті де қатар жіберіп, қызығына қарап тұру — қаймана заманнан қанымызға сіңген қасиет емес пе. Көңіл шіркін қаншама көкке шырқады дегенмен, өмірде өз орынын, өз биігін пайымдай алу да үлкен даналықтың нышаны болса керек. Асылы:

*«Үлкенді — кіші,
Кішіні — үлкен ұға алмай,
Шығандап кеттік,*

*Кешірер ме екен мұны алла-ай.
Тағыдан адам жасаған тәңірім тұңіліп,
Шағылып тауы,
Мұқалып сағы сынардай», —*

дегенде, елегізген көңілім осындайларға елеңдей берді ме екен.

Ойланып қалдым. Осыдан бірнеше жыл бұрын Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне Елбасының әмірімен Владимир Карлович Гартман деген азамат тағайындалды да, облыстың сессиясында Кеңес төрағалығына үш қазақ жігіті шарға қатар түсті. Арасында аудан басқарып жүргені де, облыстың екінші басшылығындағысы да бар, әйтеуір қай қияға, қай қиынға салсаң да қайыспай шығар кіл жайсаңдар. Сонда өкпе тұстан көлденең келіп қосылған бір «көк атты» милиционер казак-орыстың маңдайы жарқырап дара шыққаны бар. Сан соғып қалды бәрі, бірақ амал не. «Құдайым бөденеге бақ берген соң, самұрық қызмет қылар саясында», — дегендей, күні кеше Кеңес тарағанға дейін сол шіркінің шырқап-ақ тұрды-ау.

Иә, бұл да ғибрат адардай бір мысал. Оны азынғандай, кезінде әкесі бір ауданды он бес-жиырма жыл басқарып дүркіреген, қазақ ішінде туып, қазақ ішінде ер жеткен Сурпрунюк енді «қазақтардан қорлық көріп», Ресейге қарай шағынып, еңірегінде етегі толуда. Бір ғаламаты — бізде жоқ «бауырмалдық» оларда қандай мол десеңші, дереу «азап шеккен» жетімегіне азаматтықпен қоса Дума депутаттығының куәлігін қоса тапсырып, енді Мәскеу мінбелерінен зарлатты да қойды. Күні ертең ағаларының алдын ораған інілеріміз дәл сол жолғыдай опық жеп, өкініп қалмас па екен деп те ойлаймын. Оны да уақыт ұғындырар. Мұзафар ағамыз айтатындай — «Ағадан ұтылғанның айыбы жоқ», «Ағаға жол ұсынған — абырой», — деп те ауылдағы ағайынға ой салар едік.

Әлі есімде. Кеңес Одағының ыдырай қоймаған кезі. Сексен тоғыздың қаңтар айында Мәскеуде кеңес жазушыларының кезекті пленумында сөйлеген Сәкеннің сөзі «Литературная газетада» басылып шықты. Үлкен мінбе түгіл өзіміздің ішімізде көкейдегі көп ойды, әсіресе, жоғары жақтың құлағына түрпідей тиетін «қазақ жерінің қамы» дегенде жүрек дауалай бермейтін тұста оның Ақан ауылы — Кеңашы мұңын мөлдіретіп жеткізуі талайымызды қайран қалдырған. Құс екеш құстың өзі айналып өтетін улы Саумалкөл мен Қоскөл тағдыры қай қабырғаны қайыстырмас. Ал орталықтан келгендердің қалың ел тұрмақ, осы өлкені басқарып отыр дегендердің өзіне де адам-ау деп ақыл салмайтынын сонда Сәкен ғана айта алған. Ойыңды өрелеп, тіліңді тұсап қойған уақыттың зілі сондай.

Бүгінде депутат боласың деген жалпы дақпыртқа бой алдырып, оның ар жағындағы зіл салмағы мен жойқын жауапкершілігін есептеп еске алып жүргендер шамалы ма деп ойлаймын. Өкпесін қолына алып екiнiң бiрi жүгiрiп жүр. Баяғы көңiл, баяғы көкiрек. Ертең өте қалғанда өзіне сенім жүктеген көген көздерге қандай қайырымы болады, онымен де ісі жоқ. Ең болмаса мансаптың да, депутаттықтың да қызығын көрудей-ақ көрген, қиынына қабырғасы қайысып сан мәрте жүрегін жаралаған азаматтығы мен қаламгерлігінің қайсысын алсаң да азаматтың азаматы-ақ көтерердей ағамыз Балғабек Қыдырбекұлының «Менің дауысқа түскім келмейді», — деген жанайқайын бір оқып көрсеші мына жұрт. Алты тармақтан тұратын дәйек-дәлелдері қандай қонымды көңілге. Енді депутаттықтың бұрынғыдай аз күн отырып, пікір білдіріп кететін құрметті ғана қызмет болмайтындығын ескерте келіп, «Кандидаттар арасында әйтеуір Алматыға жетіп, үй алып, жайласып қалайық деп өзін-

өзі ұсынған адамдар да көп. Тіпті бір округтегі бір орынға оннан аса адам дауысқа түсетін болғанын солай түсінбегенде қалай түсінесің? Олардың бірсыпырасы аузынан сөзі түсіп, қойнынан бөзі түсіп тұрған, үш жыл Жоғарғы Кеңесте отырғанда үш ауыз билік айтпағандар. Олармен мәселені қалай тереңнен толғап шешерсің?» – деп, күдік-күйінішін жасырмай жайып салған.

Бәкеңнің сөзі. Ал шынтуайтына келгенде қарабасының ғана қамы емес, еңіреген елдің ертеңін ойламен таңын атырып, күнін батыратын арлы азаматтың жүрекжарды ақиқатындай, арызындай ғой. «Айтып өткен ақында арман бар ма» – дейтініміз де осы шығар. Сол үшін де үш-төрт айда бір келіп, ақ шаңқан залдың «сәнін келтіріп» жүретін бұрынғы сәнді депутаттар мен кәсіби парламенттің арасындағы көк пен жердей айырмашылықты сезіне алу да ақылдылық болар. Сол үшін де «жаудың бетіне» демей-ақ қояйық, бірақ желдің өтіне қасарып тұра алатын қайсар жандар керек екенін өмірдің өзі күнде ұғындырумен келеді-ау. Демек, жазушының жайсаң жаны мен қайсар сөзінің қажет тұсы да осы.

Бізде адам айтса сенбестей оспадарлық жетіп-артылады. Кезінде «Қазақстан – ядро қалдықтарын төгетін қоқыстың қоймасы емес», – деуге батырлығы да, батылдығы да жеткен Олжастың өзін әлдекімдерге жығып бере жаздағанмыз есіме түскенде, мына жарық жалғаннан баз кешіп, қолымды төбеке қойып безіп кеткім келеді. Мен білетін Сәкеннің де ұрт кететін қайсыбір мінездері соны ұқтырардай. Сонау кеңес жазушыларының пленумында айтқан ойлары заман өзгермегенде алдынан талай тосып алатын-ақ еді. Абырой болғанда, араға жылдар салып, сері бабаның туғанына 150 жыл толуына орай Кеңашыда жаңадан салынған әсем ғимараттар болып бой көтергені қандай қуаныш!

Мансап — мұрат емес. Дей тұрғанмен, жүйріктің жүйріктігіне қарай бабы болса, бағы да ашыла түспей ме. Жасы отыздан жаңа асқан тұсында «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторлығы қызметін атқарып жүрді. «Тездетіп партияға өт, төрт-бес айдан соң бекіттіріп жібереміз», — деген жанашыр ағалары да табылды. Құламады көңілі. «Ақан серіні» жазып жүрмін, бітіруім керекті» сылтау қылып, елге тартып тұрғаны талайларды таңырқатқан. Бәлкім, сенбегендер де болған шығар. Енді ойласа, бәрі өтпелі екен ғой. Әлде тағдыр шіркіннің ырық бере бермейтін айрықша бір құдіреті бар ма. Қалай десе де, өз тағдыры — өз байлығы. Пендешілік жеңген қайсы бір тұстарда ойлайтыны да бар шығар, құдайшылығын айтса, жазушы Сәкен, азамат Сәкен, сері Сәкен, әнші Сәкен деп еркінсітіп, еркелетіп төбесіне көтеретін елі-жұртының мейір-мерейі бәрінен де қымбат. Қолдан құдай жасап жатқандары емес, шын ықыластары, адал көңілдері.

Бір өзің сегіз сері, сегіз батыр,

Мергенсің атпас оғы кетпес қапыл.

Туған жер — Сарыарқаны сағынғанда,

Мен сені бір иіскесем жетіп жатыр, —

дейтін Ғафу ағасының өлеңі, қатар жүрген басқа да көп аға-інілерінің көңілдерін білдіріп тұрғандай. Оразбаев Иранбек, Тұрғынбеков Серік, Нетәлиев Мақсұт секілді көңілдес, өкшелес қаламдастарының айтатындары да осы орамдас ойлар. Бір қараса, бергені де, құдайға шүкір, аз еместей. «Жапандағы жалғыз үйден» бері тартып, «Ақан сері», «Аманай мен Заманай» секілденген сылқым-сері дүниелері ел қолында. Талай жүректі лүпілдетіп, талай сезісді тербеуде. Сан бәйгеде топ бастап, дара келген сахналық қойылымдары «Ажар мен ажал», «Тұтқындар», «Жаралы гүлдер», «Өліара», «Қысылғаннан қыз болдық», «Қос анар», «Кемеңгерлер мен көлеңкелер»... жеке-дара бір биік. Бәрі-бәрінде ел

тағдыры, жер тағдыры. Мұхтар сықылды мұхит дарынның соңғы аспиранты болып, көп тәлім алған, бұл күндері өзі де Мұхаң жеткен даналық жасқа таяп қалғанын сезіп, жүк аурының әлі де алда екендігіне мойынсына түсетіндей. Арман шіркін таусылған ба тірлікте.

Сәкен үнсіз қалған сәттерде жүзіне көз қиығымды салып едім, уақыт шіркін де белгі бере бастапты. Әлде, бүгінгі көңіл күптілігінің ізі де бар ма екен. Ден қойып қараған жанға, алдағысын тәңірдің өзі білер, тындырғаны да шалқар теңіздей, айдыны алыстан қол бұлғап тұрады-ақ. Сондықтан да сыншы-зерттеушілері, қара сөзден қамал тұрғызған үлкенді-кішілі, қаламдастары бар, ілгері-кейінді олар да ілтипатқа ілінбей қалмас деп сөз зергерінің жасау-жиһазындағы көз тартар көрікті жайлауына әдейі аяқ баспадым. Қозғап-қобыратпай, тың қалпында қалдыруды жөн көрдім. Бүгінгі менің айтарым — Сәкеннің азаматтық, адамдық тұлға-тұрпаты ғана болсын деп түйдім. Енді кешікпей «Аманай мен Заманайы» да екі серия болып, экрандық бейнеге жазылса, арманның тағы бір баспалдағындай көрінер.

Тәуба. Бәріне тәуба! Дей тұрғанмен, алабұртқан көңіл алдан да әлденелерді іздейтін секілді. Өз бағы өзіне жетіп жатса да, халқым деп соққан елгезек жүректің лүпілі ерекше. Ел сөзін депутат болмай-ақ айтып келемін ғой, құдай қолдап, жолым оңғарыла қалса, биік мінбелерден айтар ойларым да биігірек естілер ме еді деген көбелек-көңіл алып ұша береді. Иншалла, соны елі де өзіндей ойлап жатса, нұр үстіне нұр жаумай ма. Өйткені қарақан бастың қамынан гөрі елінің мұңы мен зарын тербеген жүрек жұртым деп соғудан жаңылар ма әсте. Жаңыла қоймас!

Есләм Зікібаев,
«Халық кеңесі», 1994 жыл.

СӘКЕН-СЕРІ

Сәкен-сері...

Сөйлеп көрейін... 1958 жылы университет есігін аштық. Тәу жаңа жыл кешін көруіміз. Ғажап! Сол кеште Сәкен әдемі сұлу қыздардың ортасында жүрді. Кісі қызығарлық! Ән салғаны есте – мұндай да әнші болады екен-ау деп таңқалып едім... Содан кейін шығармаларымен таныса бастадық – талантты дүниелер... Осылайша Сәкенмен таныстық басталған.

«Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Нымет Ғабдуллиннің шақыруымен әдебиет газетіне келіп, жұмысқа орналасқанмын. Алдымнан Сәкен шықты. Бірден табыстық. Мінезі қызық екен, нағыз сал-серінің мінезі! Бірбеткей, бірақ тура, әділ. Өзімде де оңып тұрған мінез жоқ, бірақ мен Сәкенге құладым. Сыйластық басталып жүре берді... Басшының жайлы болғаны қандай жақсы. Редакция ұжымының жігіттері бір үйдің балаларындай едік, Нығаз осыны қатты қадағалайтын, қызметкерлер арасындағы достыққа жіті қарайтын. Сәкен екеуміздің достығымызды да байлаған Нығаз – Нымет Ғабдуллин. Задында, Нығандай жан сирек-ақ шығар, барынша адал, барынша мейірімді – бір сөзбен айтқанда – текті деуге тұрарлық кісімен қызметтес болу да пешенеге жазылған сый!

Сәкен Жүнісов Қазақтың мемлекеттік университетінің филология факультетінің үшінші курсына жүргенде қолына қалам алған. Алғашқы туындысы «Бір шофердің әңгімесі» атты балаларға арналған шағын әңгімесі республикалық «Қазақстан пионері» газетіне 1953 жылы жарияланды. Бұл жазушының беташары еді. Осыдан соң әлгі аталған газет, пионер журналының беттерінде әңгімелері жиі басылып тұрды. Мұнымен қатар ол жаңа шыққан поэзиялық және прозалық шығар-

маларға рецензиялар, сын мақалалар жазып, әдебиеттің келелі мәселелеріне атсалысып тұрды.

Университет бітірерінде поэзия сынындағы тың мәселе – «Қазақ ән текстері» деген тақырыпта диплом жұмысын жазады. Ән текстінің революцияға дейінгі шығу сарыны, оның фольклорлық шығармаларға тән ерекшеліктері жайында, революциядан кейінгі бүгінгі ән текстерінің халықтығы, тақырып теңдігі, үнділігі туралы, сол сияқты ән текстерінің поэзия ішіндегі ерекше орны, кейбір текстердің әлі де болса музыкалық үнділік, айтудағы ырғақтың әуендік жағынан кемшін соғатындығы жайында мысалдармен дәлелдеген бұл еңбегін филология факультетінің оқытушылар коллективі, диплом жұмысының ғылыми жетекшісі Зейнолла Қабдолов, оппоненті Мұхтар Әуезов үздік еңбек деп есептеп, ерекше бағалады. Бұл жұмыстың «Қазіргі ән текстері» деген бөлімі «Әдебиет және искусство» журналына жарияланып, әдебиетшілер қауымынан да лайықты бағасын алды.

Жазушы 1955 жылы оқуды бітірген соң, алыстағы тың жердегі онжылдық мектепте сабақ беріп жүріп, өзінің сүйікті тақырыбы – балалар жайында әңгіме жазуды дамыта түсті. Университет қабырғасында жүріп, мектепте оқытушы болып жүріп жазған шығармалары 1959 жылы Көркем әдебиет баспасында «Сонарда» деген атпен жеке жинақ болып жарық көрді.

Жазушының балалар өмірінен, мектеп жасындағы пионерлер тұрмысынан шығармалар жазуға қабілетін ескеріп, тұңғыш шығармасы «Сонарданы» жақсы бағалап, 1957 жылы республикалық «Пионер» журналына қызметке шақырады. Сәкен Жүнісов бұл журналда проза бөлімін басқарып, балалар жөніндегі жаңа шығармалардың тууына себептігін тигізумен бірге, өзі де осы тақырыптағы творчестволық қабілетін шыңдай түскен. Оның

«Әжем мен емші және дәрігер» повесті әңгімелер жинағы — осы жылдардың жемісі. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жаңа журнал «Балдырған» ашылғанда да әдебиетіміздегі осы бір кенже жанрдың қалыптасып, өріс алуына басқа жазушылармен бірге Сәкен Жүнісов те айрықша атсалысты. Оның «Кімнің мекені жақсы» атты суретті кітапшасы сол еңбектерінің бірі.

Сәкен Жүнісов — әдебиеттегі аударма жанрына да үлесін қосқан жазушы. П. И. Федоровтың революциядан бұрынғы қазақ өмірі, алтын кәсіпшілігімен айналысқан орыс-ағылшын компаниялары, жұмысшылар тұрмысы жайлы жазған «Көк адыр» романын тұңғыш рет аударды. Бұл еңбек 1961 жылы жарық көрді.

Дүние жүзіне аты әйгілі Стефан Цвейгтің новеллаларын аударып, оны «Бейтаныс әйел хаты» деген атпен жеке кітап етіп жариялады.

Сол сияқты Лев Толстойдың, бүгінгі орыс әдебиеті классиктерінің, бауырлас республика жазушыларының шығармаларын аудару жұмысы — жазушының аудармашылық қабілетін көрсететін өз алдына жеке еңбектері.

Қазақ университетінің түлегі Сәкен Жүнісов 1958 жылы өз ұшқан ұясына қайта келді. Филология факультетінің тіл-әдебиет кафедрасы оның ғылыми жұмыстарға да қабілеттілігін ескеріп, оны аспирантураға алды. Мұхтар Әуезовтің жетекшілігінде болған Сәкен Жүнісов «Қазақ әңгімелерінің тууы және даму мәселелері» жайында жазған ғылыми еңбегінің кейбір тараулары республикалық газет «Қазақ әдебиеті» мен «Жұлдыз» журналының беттерінде жиі жарияланып тұрды.

1962 жылы аспирантурадан кейін академиялық драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген Сәкен Жүнісовті Қазақ ССР Жоғарғы Оқу министрлігі Қостанай педагоги-

калық институтына аға оқытушы етіп қызметке жіберді.

Жасынан Қазақстанның солтүстік аудандарында өскен Сәкен Жүнісов тың игеру басталғанда, өзі туып-өскен жердегі ұлы өзгеріс жайында шығарма жазу жоспарын жүзеге асырады. Яғни, Қостанай жерінде оқытушы болып жүріп, осы тақырыпты тағы да түбегейлі тексеріп, зерттеп, «Жапандағы жалғыз үй» атты шығармасын бастайды. Бұл еңбегі 1964 жылы «Жұлдыз» журналының бетінде жарияланып, 1965 жылы «Жазушы» баспасынан жеке кітап болып шықты. Роман көркем әдебиетіміздегі елеулі туынды болып бағаланып, оқушы жұртшылық жылы қабылдады. Оған белгілі әдебиет қаламгерлері І.Омаровтың, М.Қаратаевтың, Е.Ысмайыловтың, Ш.Елеукеновтің, Ж.Тілековтің, тағы басқа әдебиетшілердің республикалық газет-журналдар бетінде берген бағалары айғақ.

Сәкен Жүнісов 1963 жылы Мұхтар Әуезов атындағы Академиялық драма театрына қайтып келеді. Мұнда әдебиет бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, жергілікті жазушылар мен туысқан елдер әдебиеті өкілдерінің, орыс классиктерінің, шетел классиктерінің драмалық шығармаларымен етене танысып, зерттей бастайды.

Жазушының драмалық шығарма жазуға қабілеті оның «Ажар мен ажалға» дейінгі туындыларында да бой көрсеткен еді. Ол — жоғарыда айтылған шығармаларында жақсы диалогті меңгерген, яғни кейіпкер характерін сөз арқылы, екі кісінің сөйлеу кезіндегі әрекеттері арқылы аша білуге машықтанған жазушы. Мысалы, «Әжем мен емші және дәрігер» повестіндегі емшінің, әженің, колхоз басқармасы Садықтың, кейінгі басқарма Рыскелдінің арасындағы диалогтер. Немесе «Жапандағы жалғыз үй» романындағы Қарабет пен Райханның, Халел мен Дерягиннің, Япишкина мен Қарасайдың ара-

сындағы диалогтер драмалық шиеленістерді айқын аңғартып, кейіпкерлердің толыққанды характерін, бейнесін, тұлғалық ерекшеліктерін көз алдыңызға әкеледі.

Міне, жазушы Сәкен Жүнісов тұңғыш драмалық шығармасы «Ажар мен ажалға» осындай ұзақ дайындықпен, творчестволық ізденіспен келді.

«Ажар мен ажал» пьесасының спектакіліне арналған программасында мынандай сөз жазылған: «Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтің кейбір новелларының сарыны бар».

Бұл – пьесаның мазмұнына берген авторлық түсінік. Шығарманың бірінші бөлімінде жапандағы жалғыз үйде қалған екі әйелдің (бірі – соқыр кемпір, екіншісі – он бес жасар қыз Ажар) тағдыры, оларды басынып, қорлап, мазақ етіп кеткен болыс баласы мен атқосшының оқиғасы баяндалады.

Тосын қараған көзге бұл бөлім Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгімесін еске түсіреді. Онда да қорғансыз кемпір, жас қыз, белді ауылдың балалары бар. Әкесіз жетім қалған Ғазиза намысқа өртеніп, қорлыққа шыдай алмай, боранда үсіп өледі. Ал осы әңгіме мен драмалық туындыны салыстырсақ, мынадай алшақтық байқау қиын емес. Негізгі желі бір болғанмен, әңгімедегі кульминациялық шарықтау шегі, қорғансыз қыздың өлімімен бітсе, драмада тірі қалған қыздың мола басынан табылуы драмалық шиеленістің кейіпкерлер арасында болатын қақтығысулардың басы ғана. Яғни жапандағы жалғыз үй уақиғасы шығармадағы конфликтімен басталар сәті. Сонымен бірге шап-шағын әңгімедегі Арқалық тауы туралы айтылатын аңыз, жетім қыздың әкесінің өліміне себепкер болған дау-шар, кемпірдің аузынан айтылатын басы артық әңгімелер, сол сияқты әңгімеде кездесетін артық геройлар драмалық шығармада жоқ. Бір сөзбен, пьеса авторы әңгімедегі уақиға сарынын ғана шығармаға негізгі желі етіп

алған да, бұдан кейінгі бөлімдерге баратын жол ретінде пайдаланған. Пьесадағы боранда адасып шығып кеткен Ажарды тірі қалдыруы да уақиғаның тек басталар кезеңі екеніне дәлел.

Екінші бөлімде ажалдан тірі қалған Ажар, болыс баласы Атан, атқосшы Қатай, жаңа кейіпкерлер – Ажардың болашақ жолдасы Бөпіш, баласы Олжатай, т. б. адамдар драмалық аренаға шығады. Бұл бөлімде Ғ. Мүсіреповтің «Ашынған ана» атты әңгімесіне ұқсас бір-ақ жер бар. Ол – баласын июнь жарлығы бойынша қара жұмысқа жөнелтейін деп жатқан болыс Атанды Ажардың балтамен шауып өлтірген сәті. Төрт-бес беттік «Ашынған ана» әңгімесінде кәрі кемпір қонып отырған үйдің адамдарына өзінің болысты қалай өлтіргенін баяндайтын еді. Мұнда ол бұрын-соңды болысты білмейді, онымен таныс емес, оған пышақ салып өлтіруге себепкер болған жағдай жасы жетпеген баласын солдаттыққа жіберетіндердің тізіміне ілкітрген болыстың қиянаты ғана. Бұдан басқа ілгешек себеп жоқ, ал Ажардың болысты өлтіруге деген себебі бұдан мүлдем өзгеше. Жасынан жетімдік тауқыметін арқалаған Ажар жалғыз әжесі сормандай болған соқыр кемпірге таяныш, сүйеніш болып отырғанда, Атан бір қорлап кетіп еді.

Қараңғы қорадағы дәрменсіз қызды мазақ етіп, сүйегіне өшпес дақ салған. Бұл бір қорлық болса, екінші қорлық жаңа ғана көзім ашылып, баламды жеткіздім бе деп жүрген Ажарды сол бақытынан айырмақ, және ол бала кім? – Ол Атанның өз баласы, бірақ оны ол білмейді. Ажар оны айтып, шағынуды ар санайды. Ол аздай, Атан Ажарды тағы да мазақ етпек: «Ертеңгі күні қалың ел өзіне қарсы көтеріле қалса, тірегі болар патша офицерінің мазағына Ажарды тағы да ұшыратпақ». Бұл – үшінші қорлық.

Міне, драмадағы қақтығыс әңгімедегі қақтығыстан мүлдем бөлек.

Сонымен бірге драмада басқа уақиғалар да бар. Мысалы, Олжатай, Бөпіш, Ажар арасындағы уақиғаға арналған көріністер Қатай мен Ақлима, патша офицері мен Жұматай. Бұлардың бәрі тың уақиғалар. Пьесаға драмалық күш беретін, шығарма мазмұнын қоюлата түсетін, халықтық мән беретін жайттар. Бұл бөлімде де басқа автордан алған бірде-бір сөз жоқ.

Үшінші бөлімде Майлин шығармасына ұқсастық жоғарыдағы екі бөлімдегі ұқсастықтан да алшақ, «Раушан коммунист» повесінде ауылнай Раушанды көре алмаған, әйелдің ел билеуін өрескел санаушы кейбір ел қуларының оны өсекке таңып, уақытша болса да ерінен айырса, «Ажар мен ажал» пьесасында уытты өсекпен, жаман ниеттерімен ауылнай Ажардың бетін қайыру әрекеттерін жасайды. Бірақ мұнда әрекет Раушан жайындағы ел арасындағы ұсақ өсекке бұрылмаған. Драмалық ірі қақтығысқа негізделген. Ол негіз — бірінші және екінші бөлімдердегі оқиға дамуымен бірге дамып, шегіне жеткен, өліспей беріспейтін қақтығыс. Ажардың ең соңғы өткелі — соңғы ажалы іспеттес.

Бұл арада бұрын Ажар өлтірген Атан болыстың ұлы Жұматайдың ащы кегі болса, екіншіден, дәрмені біткен, күні өткен Қатай сияқты тап жауларының соңғы қаскөйлік әрекеті. Оның бәрі драмалық ситуацияға мықты негізделген. Ажарды жолдасы Бөпіштен айыру жолындағы өсек те соның жанындағы жалғыз үйден басталған Атанның сұмдық әрекетіне, жауыздығына негізделген: бұрын бүркеніп келген жараның ауызы осы үшінші бөлімде енді ашылмақ. Олай болса, бұл бөлім де «Раушан коммунистен» мүлдем бөлек. Бар болғаны замана үні — революциядан кейінгі ауыл өмірінің жалпы характері, кейіпкерлер арасындағы әрекеттер ұқсастығы бол-

маса, пьесадағы оқиға да, шығарма композициясының өрілуі де, тіпті, Бойжеткен, Қара шал, Тамыршы, Көсе, Сары жорға сияқты тың кейіпкерлер де, тіл де бұл бөлімінің мүлдем жаңа — яғни автор алып отырған бастапқы бөлімдердің заңды жалғасы екендігіне еш күмән келтірмейді.

Автордың өзі жазғанындай, пьесада жоғарыда аттары аталған үш алыптың кейбір новеллаларының сарыны бар деген сөздеріне және бір үңілсек, бұл драматург тұсынан қазақ совет әдебиетінің аға өкілдеріне деген ілтипат, соларға деген тарту сияқты. «Ажар мен ажал» жазушының драматургия жанрындағы табысты дебюті. Бұл жерде бүкіл әлемдік драматургия тәжірибесінде бір-біріне қатысы жоқ үш түрлі автордың, почеркі де, стильдік, көркемдік құралдары, әдістері ұқсамайтын авторлардың үш түрлі әңгімесінің басын құрап инсценировка жасалған шығарма атымен жоқ. Бұл, негізінен алғанда, автордың өзі көрсеткендей, белгілі шығармалардың алыстағы теңіз шуылындай болмашы сарынын ғана алып, жаңадан жазылған тың шығарма, тың пьеса.

«Ажар мен ажал» пьесасы — қазақ әйелінің Октябрь революциясынан бұрынғы, революция тұсындағы, революциядан кейінгі тұрмысын, өмірін, қалыптасу кезеңдерін баяндайтын шығарма, яғни қазақ әйелінің тарихы деуге болады. Егер қазақ совет әдебиетінің белгілі драмалық туындыларында («Еңлік — Кебек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қаракөз», «Ақан сері — Ақтоқты», «Шұға») қазақ әйелінің бір ғана кезеңі — бас бостандығына жете алмай, махаббат жолында қазаға, өлімге душар болуы суреттелсе, «Ажар мен ажал» пьесасында езушілерге, ажал егушілерге қарсы күш жұмсаған әйелдің толыққанды образы суреттеледі.

Жазушы-драматург Сәкеннің кісіні ойландыратын пьесасы — «Қызым, саған айтам...» Бұл пьеса-

ны Республикалық Жасөспірімдер мен балалар театры сахнаға шығарды. Спектакльдің бас кейіпкері – Рәзия (артист Рая Мұхамедиярова). Ол ешқашан өзіне «есеп беріп көрмеген» жан. Сондықтан да өмірден опық жейді. Иә, Рәзия бәрін де кеш ұқты. Мас көңіл, әсіреқызыл орта оны ілезде жолдан тайдырды. Қалай адасты? Өзі де білмейді.

Ақыры іс немен тынды? Азды, тозды. Сүттей ұйыған от басының шырқы бұзылды, адал жардан айрылды. Содан кейінгі өмірі ше? Өңі де, түсі де күңгірт тартты. Жер, көк бәрі де шыр көбелек айналып сала берді. Бейне бір құйынның ортасында қалғандай. Құйын емей, немене! Шүйкетайдай жеңіл әйелдің, Құмардай отбұзар жігіттің тап болуы оны сорға бастады. Соның бәрін Рәзия қызық-думан деп ұқса, қайтерсің?! Өттең, дүние, кезінде білсеші. Енді, міне, сол дырду өмірдің тауқыметін тартып отыр.

Өмір мен өлім белдесіп тұр. Драматургтың дәл осы тұстағы әдісі құптарлық. Кейіпкер басындағы шытырман көңіл күйін автор тар жер – аурухана ауласында – операция алдында шешкен. Тіршіліктің соңғы түйінін уысынан шығарып алмауға тырысқан Рәзияның қызы Сәулеге айтып отырғаны жан сыры. «Қызым, саған айтам, – дейді ол. – Адам бол, мен саған айтам, – дейді ол. – Адам бол, мен жасаған қателікке сен ұрынба!..»

Сәуленің ұғымында анасынан пәк бұл жалғанда кім бар еді. Ана! Ана шіркін кімге де болса солай-ау. Рас, әкесіз өсті. Бала көңілі кейде әкесін іздейтін. Фамилиясы – Мұратова. «Мұрат? Қайда өзі? Ол бізді неге тастап кеткен?» Әкесі туралы шешесі де ештеңе айтпайды. Ана жүрегін жаралап алам ба деп, өзі де қазбаламайды. Ақыры, міне, сол сұрақтың жауабын шешесінің өзі ақтарды. Бұрынғы тұтана беріп сөнетін, көкірегінде дүдәмал болып жүрген сауалдың шашағын анасының өзі суыртпақтап шығарды.

Зал да тына қалған. Автор ойы мен режиссер (спектакльді қойған Мен-Дон-Ук) қиялының қабысар тұсы да осы кез. Драматург нені мегзеген? Режиссер шешімі қандай? Бұл жерде көзге айқын көрінетін нәрсе — шығарма авторы мен спектакльді қоюшы режиссердің творчестволық бірлігі. Драматургияда конфликт мәселесі пьесаның негізгі белгісін көрсететін шешуші элемент деп қарасақ, «Қызым, саған айтам...» спектаклінде ол қатаң ескерілген. Мұраттың туған күнін тойлау сәтіндегі тартыс — пьесадағы алғашқы конфликт, негізгі желі. Ол ол ма, бұл сахнадағы кейіпкерлер бейнесінің жарқырай көрінуіне септігін тигізген компонент ретінде де көрермен қауымның есінде қалады. Мұраттың мансапты тастауы — Рәзия мінезіне бір өзгеріс әкелсе, оған жел беруші Шүйкетайлар тобының (Қоңқақ мұрын, Қасқа бас) жылымшы әрекетін айқындайтын тағы бір фактор. Автордың бұл жердегі айтпағы да түсінікті. Драматургтің өңшең бір жорға жағымпаздарды сахнаға шығаруы тегін бе екен? Біздіңше, тегін емес, байқап қарасақ, абай бол дегені, сақтандырғаны. Мұрат (артист Алтынбек Кенжеков) сол ортадан кезінде бас тартты. Ал Рәзия ше? Рәзия солардың шылауында қалды. Талдап көрелік. Рәзия бұл күйге неге түсті? Кім зорлады? Бәріне кінәлі өзі. Әйтпесе, желөкпелік оның қолы ма еді? Әрине, жоқ. Кешегі соғыс жылдарын еске алайықшы. Тұрмыс қамымен ол қаладағы бір фабрикаға жұмысқа кіргені қайда? (Артист Р.Мұхамедиярова кейіпкердің жан күйзелісін бұл тұста жақсы жеткізген). Адам қалай тез ұмытады? Соның бәрі бір күндегідей болмай, өте шықты. Соғыс аяқталған соң, майданнан қайтқан Мұратпен тұрмыс құрды. Ешкім зорлаған жоқ. Бірін бірі ұнатып қосылды. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дейді халық мәтелі. Бірте-бірте от-бас бүтінделді. Уайым тарады. Тұрмыс жақсы. Ол да

бір дәурен екен-ау. Мұрат астанадағы белді бір мекемеде бастық. Табыс та мол. Не ішем, не кием демейді. Осыған Рәзия тасыды. Көңілге ірілік кірді. Ерінің мансабына тасыған әйел тоқтасын ба, ақкөздене берді. Дүниенің бәрі ылай су сияқты. Оған Шүйкетайлар жел беріп қояды. Бұл соның бәріне де сенді. Сөйтіп жүріп от басты. Тіпті, ерінің көзіне шөп салуға дейін барды. Бір көрген жігіт—Құмармен қас пен көздің арасында ашына боп шыға келді. Ақыры өмірін бұзды. Енді, міне, опық жеп отыр. «Қызым, саған айтам, — дейді ол аһ ұрып. — Адам бол! Адам деген — қастерлі ат! Ендігі арым да, барым да — сен!».

Бұл оның өлер алдындағы монологы. Бір қарағанда, Рәзияның адам жайлы, адамгершілік хақында сөйлеуі ерсі көрініп тұрады. Біздер, ересектер, балаларға олардың алдында не істесек, соның бәріне де өзімізді жауапты деп қарауымыз керек. Осы тұрғыдан алсақ, Рәзия қызы Сәуленің алдында да аса жауапкер. Ал ол оны қалай сезінді? Дұрыс тәрбие бере алды ма? Драматург бұл жерде тапқырлық танытады. Кейіпкерлерінің мақсат-мұраты айқыңдалар тұста образ сырын аша түсу ниетімен пьесаның сүйегіне авторлық түйін, философиялық астар береді. Сәкен Жүнісов Рәзияны тумысында, өзінің жаратылысында «оңбаған» адам болып жаратылған демейді. Ол тұрмыста қателессе, сүрінсе, оның сырын ашуға ұмтылады. Таптал түсте адасқан жанның трагикалық қалпын дөп басып айту байқампаздықты, суреткерлікті қажет ететін қасиет. Осы реттен де автор алып отырған тақырыбының қоғамдық мәнін ашуға тырысқан. Және сол ойдан шыққан да. Рәзияның көп қателіктерге ұрынуы — өзі араласқан ортаға байланысты. Міне, осыны драматург Шүйкетай, Құмар линияларынан байқатады.

Спектакльдегі басты образдардың бірі — жоғары-

да сөз арасында әңгімелеген Мұрат. Ол биік мақсат иесі. Сол үшін де мансапты қумады. Ойы айқын екен, дегенінен қайтпады. Білім жолына түсті. Сөйтіп жүріп өндіріске аттанды. Еңбек адамдарымен араласты. Жакудадай (Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі Қ.Жәкібаев) шопанның, Шәрипадай (арт. Қ.Мұратәлиева) көмекші шопан қыздың ұшырасуы Мұрат өмірінің жаңа бір көзін ашқандай. Драматург осы көріністе өмірдің өзекті проблемаларын алға тартады. Шопан тұрмысы, еңбек адамдарына мәдени қызмет көрсету мәселесі, жем-шөп өзірлігі, қора жайы, түнгі күзет, қойдың бағым-қағымы сияқты мал шаруашылығындағы шешімін табар түйіндер күн тәртібіне қойылған. Автордың тілге тиек етіп отырған тағы бір мәселесі — шопандарға еңбек ақы төлеу жайы. Пьеса геройы Мұрат, міне, осы тақырыпты шешу қамында. Оның осындай өмірге деген құштарлығын, ізденімпаздығын артист Алтынбек Кенжеков те дәп басқан. Бірде тұйық, бірде ұяң, тағы бірде өршіл арманды кейіпкер мінезін дәл ашуға талаптанған артист ойынында ізденгендік бар. Рәзия намысына тиген сәттегі кейіпкер күйзелісі мен актерлік өнердің қабысуы көңілге қонады, иланасың.

«Қызым, саған айтам...» спектакліндегі сәтті тұлғаның бірі — Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі Қасым Жәкібаев орындаған Жакуда образы. Бір рольден бір рольге өсіп, драматургиялық шығарма кейіпкеріне «екінші тірлік» бере алатын қабілетімен танымал болған шебер актерлеріміздің бірі Қасым Жәкібаев Жакуда бейнесінің бар қырынан жарқырай көрінуіне көп күш салған. «Бір характерге күш беру үшін, екінші характерді нашарлатуға болмайды. Драматургтің міндеті — бәрін күшейту. Еш нәрсені жұмсартпау керек, жұмсартқаннан келіп бәрі нашарлайды», — дейді Дидро. С.Жүнісов осы қағиданы жақсы ұстанып келеді екен. Спектакль-

ге он екі адам қатысады. Осылардың қай-қайсысы да өзіне тән мінез-әрекетімен, өзіндік мақсат-бағытымен дараланады. Бұған бір мысал — Шәрипа. Бір қарағанда, бұйығы ғана көрінетін қыздың көңілге тоқығаны да мол. Оның сана-сезімі өзі өскен кішкене ауыл шеңберінде, бұйығы қараша үйдің деңгейінде қалып қоймаған. Егер ол сол мөлшерде, болса кім көрінген таптап кете барар еді. Қызмет мансабын пұлдап, Құмар сияқтылар (зоотехник) осы төңіректі айналсоқтап-ақ жүр. Әне, Шәрипа сондайлардың біреуін де маңайына жуытпады. Ары — бәрінен де жоғары. Сондықтан да сезімі биік, тың бейне болып тұр. Осы биік сезімді драматург спектакльдің кілті ретінде пайдаланады. Жарынан опа көрмеген Мұратқа сүйеу болған да осы сезім иесі — Шәрипа. Бұл образдың тыңдылығы да осында. Психологиялық нәзік пландағы рольді артист Күләй Мұратәлиева да мөлдір судай таза, тұнық қалпында жеткізген. Күләйдің бұл реттегі табысы сахнадағы қарапайымдылығы ма деп қалдық.

Сөз қарапайымдылыққа ойысқанда, еске «Қызым, саған айтамындағы» Шүйкетай түседі. Шүйкетай — жағымсыз бейне сахнада қалай шыққан? Бұл рольде екі артист бар. Бірінде Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі Жамал Бектасова шығады. Әуелгі актер Шүйкетай образының жағымсыз қылықтарын шым-шымдай тереңнен орағыта, сыздықтата ашса, онысын түрлі әдістермен (комикалық, мимика, диксия, қимыл, т. б. әрекеттер) жеткізсе, соңғысы онсыз да жағымсыз бейнеге «қара күйе» жағыңқырап, үстемелетіп, бояуын қалыңдатып көрсетеді. Бұл кейіпкер мінезіне сырттай қабысқанмен, іштей қиюласпайды. Абзалы, Шүйкетай — айлакер де әккі, баққұмар да мансапқор жан. Тегінде, сахнада жағымсыз кейіпкер ролін ойнаған актердің өзіне аса сақ болғаны мақұл ғой деп ойлаймыз. Сахна мәдениеті, театр табиғаты, эс-

тетикалық талғам деген де осындайдан туындайтыны белгілі жәйт. Құмар (М. Мұратәлиев) Шүйке-тайға қарағанда кереғар тип. Оның сенетіні – өзінің қалтасы. Осы реттен де ол рухани осал. Дүниенің бәрін ақша-қағазбен безбендеп үйренген жанға екі дүниенің бәрі бір. Актер Матан Мұратәлиев кейіпкердің осындай қырын дәл ұққан.

Студент ролін кейіптеген жас артистің (Н.Жақыпбаев) өзін көрермен алдында еркін ұстағанын қалар едік. Әдетте, сахнада «кішкентай роль» болмайды ғой. Ал өнер жолына түскен талапты жастың «кішкентай актер» болып жүруіне хақысы жоқ екенін ескерген де жөн шығар.

Адамгершілік тақырыбын арқау еткен спектакльдің финалы да қызық. Сахнада – сот жоқ, үкім бар. Ал ол үкімді кейіпкердің өзі өзіне шығарады. Режиссер Мен-Док-Ук шешімімен сіз де келісесіз. Қоюшы Ар мен Ақиқатты бірінші планға шығарғанда ғана шығарма мақсатының орындалатынын бұл тұста жақсы сезінген. Спектакль аяқталғанда, біздің есімізге ұлы Абайдың: «Егер сен жүрген жолыңнан адаспайын десең, қалған ғұмырыңды өкінішсіз өткізгің келсе, бұрын бастан кешкен күндеріңді де әрқашан еске алып, айында-жылында өзіңе есеп бер!» – деген сөзі орала берді.

Сәкеннің мұнан кейінгі шығармалары жөнінде де біраз айтуға болар еді, бәрі таныс, көз алдымызда. «Жапандағы жалғыз үй» – тұңғыш романы. Жүрт елең етісті – айтулы творчестволық құбылыс. Аса айтуға тұрарлық шығармасы, әрине, «Ақан сері». Тақырыбының өзі айтып тұрғанын-дай, Ақан серіні сері адам ғана жазса (тек таланты болса ғана) бағы жанатын тақырып еді, құдай сәтін салған Сәкен-сері бұл тақырыпты алып шықты. Және қандай! Талдауға кіріссем – ұзаққа кететін түрім бар – тоқталайын. Бар айтпағым – Ақан сері тірілді. Бұрын әр қалай сілкілеген, сілікпесін шығарған тақырып

арналы жолға түсті. Рас, Ілияс, Сәкен Сейфуллин, Ғабит жырлаған Ақан бір басқа, жанрлары бөлек. Әйтпесе, Ақан тақырыбына қызығушылар көп болатын да, дәл тап басып ұлы ақын бейнесін сомдаушы қас суреткерлер аз кезігетін. Міне, осы олқылықты Сәкен толтырды. Бірақ романын аяқтауы керек. Сонда ғана Ақан сері трилогиясы толыққанды бейне ретінде ұлы Мұхтар Әуезов сомдаған Абай эпопеясының — әлгі «Менделеев кестесі» деп жүргеніміздей — Әуезов кестесінің маңайынан табыла алады. Ол — Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының иегері, халық жазушысы. Шүкір, атақ жетеді.

Сан қырлы, бір сырлы Сәкен-сері жайлы көп айтуға болады. Ол кейінгі жылдары өндірте жазып жүр. Көсем сөзге (публицистика) жиі ат басын бұрады. «Заманайы мен Аманайы» кино болып шықты. Бұл да бір ұзынырға аңгіме. Рас, Сәкеннің өз басының махаббат линиясы, жеке өмірінен де біраз сыр шертуге болар еді. Жалпы, Сәкен тосын адам, оның соңынан ерсең, күтпеген жағдайдың талайына жолығар ең — ұшырысасың. Бұл да қызық әрі шыжық. Егер Ғафу ақын:

Мергенсің атқан оғы кетпес қапыл,

Бір өзің сегіз сері, жеке батыр.

Туған жер Сарыарқаны сағынғанда,

Мен сені бір иіскесем, жетіп жатыр, —

десе, ақтарыла айтқан. Бір шумақ өлеңде Жүнісовтің бар мінезі жатыр.

Сәкен екеуміздің арамыздағы жарасқан өмір, сыйласқан достық, ақтарыла айтылатын сыр, творчестволық бірлік жайлы көп жұрт біледі. Біздің жайымызды жақсы білетін Серік (Тұрғынбеков) ініміз осыны Сәкеннің 60 жылдық тойында жақсы жеткізді.

Нені айтса да, кім туралы жазса да дөп басып, дәл айтатын және сол айтқандарын шегелей жыр жолдарына түсіретін ұста ақын:

*...Жаны жаратпаса – көңілінің хошы болмаған,
Басына батпандай іс түскеңде –*

Қасында Қоғабайдан басқа досы қалмаған, –
дейді. Мұнан артық қалай айтсын, егер шындық со-
лай болса! Дөп басып тұр. Иә, талай жайлар өтті ғой
бастан, бірге келеміз, өмір қызық, дәурен ғұмыр
тәтті!

Қоғабай Сәрсекеев

ҚҰС ТІСТЕГЕН ҚҰЛАГЕР

*— Жанып бір алсаң жарқылдар нағыз алмастар,
Алмас бар жерде алтының оған болмас пар.*

*Әлемде мынау аққудың аздығы секілді,
Әдебиетте Сәкендер аз ғой жолдастар,*

деген әдемілігімен қоса әділдігі басым бағамды, бағалы шумақты осыдан он жыл бұрын, дәлірек айтсақ Сәкен ағаның 50 жылдығында ақын ініміз Серік Тұрғынбеков мәртебелі мінбеден оқыған еді.

Сол жылдың жаңбыры жиі бүркіп кетіп тұрған бір шағында ағамыз қасында академик Зейнолла Қабдолов бар туған топырақ — Көкшетауға келген. Соңында Гүлмира, Ақбота, Жанбота балалары, сүйікті жеңгеміз марқұм Марина бар болатын. Қосшылыққа жарап қаларсыңдар деген соң Халел Серғазин екеуіміз сол шоғырға қосылып, жосылып кете бардық. Қызылту, Уәлиханов аудандарының бірсыпыра елді мекендерінде қызғылықты кездесулер, ыстық қауышулар, сәтті сырласулар жалғасып жатты. Оттай ыстық қызулы, темірдей тегеурінді, темпераментті Сәкен мен сабырлылығымен сендіріп, байсалдылығымен көндіріп алар мінезге бай Зейнолла ағаның отырысында үйлесімді жарасымдылық, бірін-бірі үстемелей толтырып, толықтырып жатқан сипат мол болып шықты. Сол жолы Сәкен өзінің балалығы өткен көне ауыл жұртында, Сілеті өзенінің бір бұрымында қалған ескі мектеп орнын көрсетіп еді.

— Осы арада ауыл мектебі болушы еді. Әкем Нұрмақ, анам Мағрипа осы мектептің іргесін қалап, шаңырағын көтерісті. Сонау Бұландыдан осы араға бөренелер тасыды, мына Сілетінің суын белден кешіп жүріп әкеміз мектеп үйін бітіргенше асықты...

Сәкеннің сол тұста жайдарлы жүзін болмашы бір мұң кіреукелеп, көне жұрттың өшіп бара жатқан көмескі сілемдеріне ой тербей жанар сүздіріп тұрғаны әлі есімде.

Енді білсек Нұрмақ барлық ғұмырын бала тәрбиесіне, облыстық оқу ағарту саласына бір кісідей-ақ сарп етіпті. Жұбайы Мағрипа да сол кездің көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған қыздарының бірі ретінде осы салада еңбек еткен. Қызылту аудандық әйелдер кеңесін басқарыпты. Осындай мәдениетті мәйекті, өнегелі ордадан шыққан Зикен, Сәкен, Роза, Орал, Абылай атты балалардың бәрі де ауыл төңірегін шиырлап қалмай білім іздеп, өнер талғап ілгері кеткен. Соның ішінде Сәкен әдебиетіміздің алыптар шоғырын бастаған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың алдынан дәріс тыңдаған, сүйікті шәкіртінің бірі ретінде аспиранты болған. Әдебиет аталатын ұлы әлемнің әлдекімдерге сауырын сипатып, жалына қол созырмас тарпаң тектілігін сезініп өскен Сәкен өзінің алғашқы шығармаларынан-ақ шырайлы шындық деп жүрген қалыптасқан қасаң канонды түсінік-түйсіктің астарында басқа бір шындықтың — нағыз шындықтың барлығын бағамдай алған серіктігімен бой биіктете бергендей.

Өзіне жалт қаратқан «Жапандағы жалғыз үй» романында осынау шындықтың жан толқытып, көңіліңді күптейтін тұстары тыңға шабуылдың күндердің күнінде неге апарып ұрындырарын ашып тастап, ашығын айтпаса да персонаждары арқылы емеуірін танытары бар. Тек сезіне біл, түсіне біл...

Сәкенмен ұшыраса қалғандардың алғашқы сұрары «Осы ағамызды тентектеу деседі, ұнатпағандарын ұрып жығып жүре береді, сендер қалай шыдап жүрсіңдер» болып келеді. Бұл Сәкеннің жан дүниесіне бойлап бармай, мінезіне қанықпай, беттен қалқи сөйлейтіндердің пікірі болуға керек. Өз басым Сәкенмен талай творчестволық сапарларда бірге жүріп оқшау мінезін көргенім жоқ. Қисая, сыңар езулей тартатындарға можантопай өзіміз де тарс кетеміз. Ендеше Сәкеннің мінезінен тасырлы

тентектікті емес, ақылды, текті тентектікті танитындығымды айта кетсем деймін.

Сәкеннің бойындағы сал-серіге тән, өнерге, өрлікке, ерлікке бай мінездер оны өз ортасынан оқшау биіктетіп тұрары бар. Оның домбыра шертіп, ән салысы, ауыз екі әңгімедегі әсерлендіре, әрлендіре айтар әжуа, орынды әзіл, ұтқыр тапқырлықтары бір оқшау.

Ертеректе Қара теңіз жағасындағы бір демалысында жазушы қаптаған грузиндердің ортасында жалғыз қалып, бәске тігілген миллиард ойынында бәрін қирата жеңіп, намыстан өртенген таулықтарды тізелете мойындатқан Сәкеннің өрлігі Алматыда аңызға айналып кеткен. Былайғыларға елеусіз дүние болғанымен сол тұста жатжұрттықтар тобын түріп шығуды ерлік демегенде не дейміз.

Қазақстан Жазушылар одағының талай жиындарында болып жүріп Сәкен Жүнісовтей өткір мәселе көтеріп, туған әдебиетіміз жайлы тебірене жанашырлық мінез таныта сөйлегендердің сирек ұшырасарын осы арада айта кетпесем әділдік болмас. Әдебиетімізді соңғы кезде өз ата бабасын, руын, жүзін марапаттау құралына айналдырып алу індетінен сақтандырған өткір пікірі біраз әріптестеріне ұнамағаны шындық, алайда осы пікірді бұлтартпас, дәйектемелермен айта алған тек Сәкен Жүнісов еді-ау кезінде.

Осы бір шегіністерге барып отырғаным Сәкеннің Ақан сері тақырыбына келуінің кездейсоқ еместігін айту.

Ақанның серілік сипаттары өз дәуірінен мойны озық, иығы биік тұрған оқшау құбылыс еді. Оның жүріс-тұрысы, киім киіп, құс салып, ат баптап, серілік думан құруы сияқты сыртқы көріністерінің өзі-ақ ортасын ытырындырып жақтырмау, теріс айналу мінездерін байқатпай қалмаған. Оған Ақанның аса биік өнері, әншілігі, орындаушылығы,

өзегінді өртеп, көкірегінді қақ айыраp өткір мінез, алмас тілі қосылып кеткенде оның тұлғасы қиялға-жайып ертегі аңызға айналып жүре берген.

Міне, осынау сипаттағы серіні танып-білу, суреттеп сомдау кімнің қолынан келмек еді. Ол Сәкен сияқты алуан өнерді еншіленген, халықтың сал-серілік мінезін мінсіз бойға сіңірген, қалам қуаты қарымдылардың ғана қолынан келді десек басқалар абыройсыз қалдық демес. Ақанды туған топырағынан бөліп алмай, өз ортасы, қоғамынан сырт қалдырмай толайым тұтастыққа алып суреттеу, жай суреттеп қоймай өнерді ғана қуып жүрген оқшау шеңберге қамамай ірілендіре, биіктете суреттеу сол дәуірдің тынысын сергек сезінуге жетелері бар. Оның үстіне Ақан өмірінің соңғы кезеңдерінде кәдімгідей күрескерлік, бунтарлық мінезге ауыса бастаған, қоғамға сыни көзқарасы қалыптасқан, жекеаяқтылар жосығына қарсылығы күшейе түскен еді. Міне, осынау сан қатпарлы құбылыс, сан қилы мінез, ірілі-ұсақты тартыстар, орынсыз қиянат, жазықсыз нала кешулер Ақанның бір басына тоғысып, тарқар күрделілікті аңдатады. Сәкен осы тұстарда да эпопеялық ірі мінез, іргелі пайымдылыққа бара алған. Бұл тұста да Мұхтар, Ғабит үрдестерінің лебі сезіліп, үні естіліп тұрғандай әсерде боламыз.

Негізгі жоспарда Ақан сері трилогия болмаққа керек. Әзірге дилогиялық қалпында тұрғандықтан соңғы кітаптың еншісінде де күрделі тартыстар, күңіреністі күңгірт суреттеулер тұрғандығы шүбәсіз.

Сәкен ізденістің адамы, тың тақырыптардың қаламгері. Оған «Аманай мен Заманай» повесі дәлелдікке жүрмек. Қытай жеріндегі қандастар тағдырынан мол хабардар берген Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көшінен», бірсыпыра ақындардың (Таңжарықтан бастап Жәркенге дейін) өлең-жырларына қанықпыз. Ал сол қазақтардың туған

жерден жосыла жөнеліп ол тұсқа қоныс аудара түсуін Сәкеннен басқа кім бейнелеп береді, десек тіл тістейміз. Кезінде Ғабит Мүсірепов Сәкеннің «Өлара» драмасын қазақ әдебиетіндегі тұңғыш лениниана бастауы деп әділ бағаласа, «Аманай мен Заманай» да дуалы ауыз әдебиетшілерден өз бағасын алуға лайықты талантты еңбек дегенге жұрт назарын аударғымыз келеді.

Сәукеле тау суреттері, қия жағалаған жалғыз аяқты сайтан көпірлі соқпақ, мұз қуысына түсіп кетіп жылаған сәби үні, жатөлкеге өкше тіреген қазақ жұртының халі. Осының бәрін суреттеуде Сәкен Жүнісовтің қиял қуатының ғажап тегеуріні, еңсесі еңкіш тартпас ерен талант күші барынша бой тастап отырады.

Сәкеннің жоғарыда сөз болған елу жылдығында Зейнолла ағамыз Ғафу Қайырбековтың жалғыз ауыз өлеңімен бәрімізді шұлғытып тастағаны есімізде.

Мергенсің атқан оғы кетпес ғапыл,

Бір өзің жеті сері, жеті батыр.

Туған жер — Сарыарқаны сағынғанда,

Мен сені бір иіскесем жетіп жатыр!

Ғафу ақынның ұрымтал тұстан ұратын ұтқыр уәжінің молдығына ертеден қанықпыз. Мына бір шумаққа, оның әр жолына салмақ сала алған қуатты да бейнелі ойлары шынында да сирек ұшырасар олжадай екен.

Сәкеннің бойындағы Арқа азаматына тән барлық қасиеттерді жетілік өлшем үстінде өріп түсіре алған ақынның бір иіскеуімен-ақ туған топыраққа деген сағыныш мауқын баса аларыңа сенесің, Сәкен сендіреді де.

Сәкеннің соңғы кездерде сері атануын әркім әрқалай қабылдап жүр. Серілік, салдық атақты осы уақытқа дейін қазақ топырағында ешкім де не заң жүзінде, не қол көтеріске салып бермеген. Оны өнерпаз өзінің ортадағы іс-әрекеті, қала берді

өнерімен мойындатып отырып алған. Ендеше жұртшылық сәкенді серім деп жатса оған Президенттік жарлықты күтудің қажеті бола қоймас.

Қазақ әдебиетіндегі алыптар шоғырынан кейінгі лектің бел ортасында келе жатқа Сәкен Жүнісов бүгін өмірдің бір белесіне көтерілді. Оған сыбайсалтаң, сабау қамшылы саяқ қалпымен көтерілген жоқ. Оның соңында ұбақ-шұбақ келе жатқан қалың қаһармандар көші – Ақаны мен Ақтоқтысы, Әлібегі, Аманайы мен Заманайы, Құлагері мен Қараторғайы, Күргерейі мен Райханы, тағы басқалары бар. Сәкеннің бақыты да осылар, ұлылы-кішілі қаһармандар тұлғасымен еншілестігінде.

Сөз соңын Ғафу мен Серікке бәсекелес ниеттен аулақ көңілмен бірер шумақ өлеңмен қорытқанды жөн көріп отырмын.

*Өзің жайлы жыр толғау жеңіл емес,
Онда жатыр тай-талас, ерлік, егес.
Онда жатыр Күргерей күңіренісі,
Онда жатыр жалғыз үй, ескі елес.
Онда жатыр Көкшенің өткендері,
Онда жатыр өмірдің өктем демі.
Онда жатыр Ақтоқты армандары,
Онда жатыр күн шуақ көктем лебі.
Онда жатыр сан тағдыр табысқаны,
Онда жатыр туған ел арыстары.
Онда жатыр Ақанның қайғы-шері,
Онда жатыр Құлагер шабыстары.
Бәрі де бар өзіңнің өмірінде,
Қапысыз құрыш қалам өрімінде.
Жаныңның жарқылындай жасын ойлар,
Шақ тұр-ау шарасынан төгілуге.
Жетелеп бір қиырға ойлар сан сақ,
Арман не өзіндей бір лаулап жансақ.
Жүрерміз сағынышпен жақсы аға,*

Өзіңмен бірге өткізген күндерді аңсап.
Күтерміз жиі-жиі келісінді,
Аңсармыз аймаласып көрісуді.
Сағынар Сырымбеттің саласы мен
Құба бел Құлагердің тері сіңді.
Көрмеген Көкжеңдеттей қанат талып,
Саяткер думанымен қанаттанып.
Жөней бер Көкшетауға жиі-жиі,
Алатау иығына жанап барып.
Елінің сергек сезер мархабатын,
Бір өзі әнші, күйші, арқалы ақын.
Тек Сәкенмен сәндірек көрінеді,
Серілігің, салдығың, салтанатың.
Алпыстың асуына талмай тартып,
Жеттің бе шашаңды шаң шалмай шалқып.
Көкшемде көп ұлдардың бірі болмай
Сәкен боп туғандығың қандай бақыт!

Төлеген Қажыбаев,
10 қараша, 1994 жыл.

ҰЛАФАТЫ МОЛ ҰСТАЗ

1955-56 жылдары болатын. Оныншы класта оқимыз. Мектеп оқу ісінің меңгерушісі Қайыртай Молдахметов ағай қасын сұңғақ бойлы, әдемі, қайратты қара шашын артқа жатқыза тараған жас жігітті біздің класқа ала кірді. Стол қасына екеуі қатар тұра қалысты. Жинақы жас жігіт денесін тік ұстап, басын тік көтере, қиық көздерімен деміміз ішімізде отырған біздерді жоғарыдан шола қарады. Қайыртай ағай оны Қазақ университетін бітірген біздің ендігі қазақ әдебиетінен дәріс беретін мұғаліміміз деп таныстырды. Аты-жөні — Сәкен Жүнісов.

...Сәкен мұғалімнің сол кездерде «Пионер» журналынан балалар туралы әңгімелерін оқып, жазда каникулға келгенде сыртынан көріп қалатынбыз. Сол кезде Қызылтудан Сәкен Жүнісов, Мағжан Төлеуов (Маубаев), Төлеубай Қажымұратов, Ахметжан Қазымбетов, Оразбай Шәмшіұров, Әйтім Әбдірахманов, Сұлтан Ахметов, Қазыбек Құлышев сияқты таудың тасындай абзал жігіттер астана орталығында институттар мен университеттерде оқып, елге келіп-кетіп жүрді. Біздер оларға қызыға еліктеп жүретінбіз.

...Сәкен мұғалім өз сабағын сол кездегі Орталық Комитетінің «Ленинград» және «Звезда» журналдары туралы атышулы қаулысымен бастады. Қазақ әдебиеті алдында тұрған міндеттерге тоқтала келіп, әдебиеттің мазмұны социалистік, түрі ұлттық болуы керектігін ұғындырды. Әдебиетке деген құштарлығымыз ояңды. Әдеби кештер мен үйірмелер, қабырға газеттерін шығару — не керек, бәрі-бәрі жинақтала, тоғыса келіп әдебиеттану ғылымына іңкәрлігіміз ауып, білсек екен деген үрдіс ізденіс жолына ауғандаймыз. «Пионер», «Әдебиет және искусство» журналдары мен «Лениншіл жас», «Көкшетау правдасы» газеттерінде басылған әдеби еңбектерді қалыс

жібермей оқыдық. Сәкен Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай туралы әңгімелер айтқанда әдебиет мұражайына еніп кеткендей болатынбыз. Ардақты ағаларымыз Жақан Сыздықов, Мәлік Ғабдуллин, Шахмет Құсайынов, Есмағанбет Ысмайылов есімдерін де осы Сәкен ағаның аузынан алғаш рет естігенбіз.

1954 жыл біздің аймақ үшін шынайы ілгерілеу жылы болды. Тың көтерілді. Тыңмен қоса техника, өнер-білім қоса жетті. Тыңмен келген сол жетістікті жырламаған ақын, жазбаған жазушы жоқ. Аяғы өзім кәметтік аттестат алу үшін жазған шығарманың тақырыбы тың туралы болған. Осы тұста Сәкен аға жалғыз мұғалім, ұстаз ғана емес, жазушылық дарын қырынан да жарқ етті. «Жапандағы жалғыз үй» романы жарыққа шықты. Осы романның бір кейіпкері — Дика. Өмірде қазір бар кісі. Сол кісіні 1974 жылы «Чапаев» (Уәлиханов ауданы) совхозында көріп таныстық. Өз басым оны бала кезден білетін едім. Руы — Мананбай қарауыл. Орта бойлы, дембелше, сом денелі, жалпақ сары кісі екен. Ағайын-туғандары осы күнгі Ленинград ауданындағы Дәуіт — Жантай ішінде. Атышулы желаяқ. Ел мен елдің, ауыл мен ауылдың арасын жаяу жортып өтеді. Ат-көлікке аяқ артпайды. Қарапайым, момын, қой аузынан шөп алмайтын біртоға кісі.

Сосын Сәкен аға «Ақан серідей» ауқымды тақырыпқа барды. Біз, оның шәкірттері дилогияны құныға оқыдық. Біршек қасқырға тіл бітіріп, жыртқышты адаммен тілдестіруі ғажап. Сол кезде Карл Маркс атындағы колхоздың көкала атымен сондай біршек қасқырды күн қуып, түн қуып, екінші тәулікте ақыры соққанын естігенбіз. Осындай әңгімені ленинградтық әйгілі қасқыр аулаушы Хасенов Жексенбай жыр ғып айтатын еді.

Бірде:

— Жазушы Сәкен Жүнісов, сенің жерлесің, те-

ледидардан сөйлеп жатыр, — деді Нағима жеңгей. Ентелей ұмтылып теледидарға жақындадым. Расында Сәкен аға Қызылжардың ар жағынан бір ауылдан Ақан серінің домбырасын тапқанын, соңы іздеп баратынын айтып жатыр екен. Ертеңіне телестудияға іздеп барсам, Сәкен аға межелі жеріне аттанып кетіпті. (Мен ол кезде Петропавл пединститутында бір айлық курста болатынмын).

«Қысылғаннан қыз болдық» пьесасын қалай айтпай кетейін. Көз алдымыздағы шындық. Бала кезімізде колхоз жастары колхозшыларға концерт беріп, пьеса қоятын. «Айман-Шолпан», «Еңлік-Кебек», тағы басқа күрделі шығармаларды өздерінің бойларына шақтап, спектакль көрсететін. Сонда кемпір, тоқал сияқты рольдерді ойнауға қызкеліншектер ұялатын. Қысылғаннан еркектер басына жаулық, үстіне әйел көйлегін киіп, әйел ролінде ойнайтын. Олармен дайындық кезінде арасында жүретін біздер ойын үстінде: «Анау Қалимолла ағатайым, анау Ғалым ағатайым, қазір Төлеген аға шығады» деп ала-бөтен ойнап жүрген «әйелдер» мен «қыздарды» айтып қоямыз. Пьеса осындай шындықтан туған. Ауыл іші, ауыл көрінісі осындай-ақ болар.

Сәкен ағаны сері деп жүр. Сол бізге ұстаз болған кездің өзінде киім киісі, жүріс-тұрысы ерекше болатын. Домбырада ойнап, ән салатын. Сырнай, балалайка аспаптарында да ойнап, итальянша ән айтатын. Сөйткен Сәкен ұстазымды өткен қыста, өзі айтқандай, «алпыс аса қуанышты жас емес қой» деген шағында көрдім. Ең соңында айтарым: ұстаз, жасыңыз ұзақ, еңбегіңіз жемісті болсын. Той тойға ұлассын!

Сартай Ғазезов,
жоғары категориялы мұғалім.

«Жаңауыл» совхозы,
Ленин ауданы, 1994 жыл.

ӨМІРДІҢ ӨЗ ШЫНДЫҒЫ

Ұлттық театр – ұлттың рухани ары. Олай болса, оның сахнасынан көрсетілер, насихатталар шығармалардың қайсысы болмасын халықтың, ел-жұрттың талап-тілегіне бағындырылуы тиіс. Бұқара игілігіне қызмет етері хақ. Сондай соқтықпалы жолда өлшеусіз тер төккен жауынгер жанрдың бірі – драматургия. Әдебиет әулетінің ең ортасынан құрметті орын алатын осы саланың жанашырлары саусақпен санарлық.

Осындай алмағайып, күрделі істің күрмеуін шешуге барын салып жүрген қаламгерлеріміздің бірі һәм бірегейі – Сәкен Жүнісов. Ешкімді мойындауға ырық бермей, өзімшілдік дерті асқынып тұрған мына бір сәтте Станиславский өсиеттерін еске алады да ұмытып барамыз. Десек те, ұлы театр қайраткерінің «Балаларға ересектерден де гөрі жақсы ойнау керек» деген, сахнагерлерге арнайы қалдырған нақылы Сәкен Жүнісов шығармашылығының нақты көрінісіндей әсер етеді.

Елуінші жылдардың аяғына таяу университеттің филология факультетін әрі оның аспирантурасын бітірген болашақ кәсіби жазушының балаларға арналған алғашқы туындылары оның студент кезінде ақ жарық көрген. «Сонарда», «Әжем мен емші және дәрігер», «Кімнің мекені жақсы» атты кітаптары жасөспірімдердің сүйікті шығармаларына айналды. «Жапандағы жалғыз үй», «Ақан сері», «Аманай мен Заманай» сынды көлемді дүниелерін халық назарына ұсына жүріп, Сәкен ұлттық сахнамыздың сәні боларлықтай талай бір тамаша пьесаларды өмірге келтірді. «Ажар мен ажал», «Тұтқындар», «Жаралы гүлдер», «Әр үйдің еркесі», «Қызым саған айттам...», «Кроссворд», «Өліара», «Қысылғаннан қыз болдық», «Қос анар», «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» деп аталатын көп жанрлы дүниелер көптеген

театрларымыздың шығармашылық шырайын кіргізіп, бірнеше режиссер, актерлеріміздің шеберлік мүмкіндіктерін көрермен қауымға әйгілеп берді. Ең бастысы — халық, ел-жұрт разы болды. Көрермен мерейі үстем болды. Бір қызығы, бұдан бұрынырақтағы театрға деген ел махаббаты басқаша еді. Әрбір премьерә, әр қойылым бейне бір той ретінде өтетін. «Тоқырау жылдары» деп қолдан таңба салған сол кезеңге зар болып жүрмесек болғаны. Қызмет орайына қарай, тікелей міндетім сыншылық кәсіп болғандықтан Жүнісов пьесаларының сахналық көрінісін Қазақстанның бар театрларын қызықтауға тура келді. Алматыдан бастап, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент, Торғай, Қызылорда қысқасы, тіпті, орыс театрлары сахналарынан да тіл қатқан драматург еңбектері қандай бір қатал талапқа болмасын әбден лайық еді.

Рас, уақыт табының әсері суреткер қолтаңбасына ықпал етпеуі мүмкін нәрсе емес. Сол кездегі идеологиялық саясаттың нешебір талантты жазушыларымыздың жандүниесіне жылымшы жүдеулік әкеліп, олардың шабыт буған асқақ көңіл күйлерін күтпеген күйзелістерге ұшыратты. Жауын-шашынның арасымен жүріп өтуге тура келді. Көмейінде тұрған шыңғырған шындықты тіке айтудан тайсақтап, бопсалап, тұспалдап, астарлап, сыбырлап сыр шашқан талай күндерді Сәкен де бастан кешірді. Сондай қудалауға түскен туындының қатарында болған «Кроссвордтың» қиын тағдыры еске түсіп отыр. Бұған дейін, Ұлы Қазан көтерілісіне арналған «Ажар мен ажал», тың тақырыбын ортаға салған «Қос анар», соғыс жылдарындағы ауыл тұрмысын жырлайтын «Жаралы гүлдермен» халыққа кеңінен танымал болған драматургтің аталмыш дүниесі пьеса тұрғысында шынымен-ақ тауы шағылды. Әуезов театры сахнасында небәрі бір-ақ рет көрсетілген «Кроссворд» Орталық комитеттің нұсқауымен су-

ырмаға қалай сып бергенін білмей де қалды. Бұрынғы үйреншікті қалпынан, таптаурын «тәрбиелі» соқпағынан сәл айныған қаламгер қарымы қоғамның әріректе жатқан жасырынын қопсытқаны үшін де жазықты болды.

Хайуандардан да бетер, мақұлықтан ары тұрған адам азғындарының сұрқия сүлдесін Маймыл, Түлкі, Қасқырдың кейпінде маска арқылы күлкілі көрсеткен драмашының асқан шеберлігі әлдекімдердің шамына тиді. Қайсыбіреулер сахнадан өздерін танып жатты. Кейбіреулер бір-біріне күдікпен қарай бастады. Пәреқорлар, бәлеқорлар, обырлар, жебірлер, қорқау қомағайлар, іштен тынды. Айықтырғышқа түскен екіаяқты алаяқтардың өзара әңгімесін беру формасы (трагиокмедиялық ыңғайда) драмашы ұстаған жаңаша бағыт еді.

Моральдық, психологиялық, этикалық мәселелерді көтеру үшін, сөз жоқ, ірі тақырып, жанды нысана керек. Кейіпкерлер кескінді де көңілге тұрарлық болғаны ләзім. Бірақ, өкінішке орай, лауазымды жаңдарға жақындаудың өзі мұң болды. Кеңсе қаныпезерлерінің кемшілігін көруге ешкім де хакылы емес сол кезеңде қазақ сахнасынан көрінген әрбір кейіпкер есепте тұрды. Жағымды қаһармандар сөзден жаңылмады, қателіктен мүлде ада күйінде бейнеленді. Жағымсыз кейіпкерлерді пәленшекеңе, түгеншекеңе ұқсап кетпеуін қадағалаған жазушыларда жан қалмады. Жаза басып, нақақтан күйіп кетуің әбден мүмкін тұста, қоғамның кейбір зеңбірекпен атқылауға тұратын мерезді мезеттерін айналып көрер көзге өтуге тура келді.

«Драматург – көзге түсе бермейтін нәрселерді көрсете білгенде ғана хас шебер» – дейді осы заманғы ағылшынның ұлы режиссері Питер Бурк.

Өмірдің өз шындығы бар. Өнердің өз талабы бар. Өмірді бар болмысымен өнерге тели салсақ, мәдениет пен әдебиеттің, жалпы рухани саламыздың

қайсыбір принциптерімен санаспағандығымыз болар еді. Рухани өмір келбеті қоғамның, адамзаттың білім-парасат деңгейімен екшеленеді. Демек, өмір детальдарын, тұрмыс суреттерін жиі сұрыптап, кісі қажетіне жаратар тұстағы суреткер жауапкершілігі, қаламгер талғамы мүлдем жауапты.

Сәкен Жүнісов – осы талапты қатаң ескерген драмашы. Мінез-құлық өрбітуде, тартыс-талас құруда, кейіпкерлерінің ішкі-сыртқы әлемін даралауда, олардың аузына пәрменді сөз салуда қаламгер еш мүдірген емес. Жасанды оқиға, жарытымсыз жағдай, жартыкеш жан-дүниелерге жуымайды. Халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүр-дағдысын жетік білетіндігі айрықша көзге ұрып жатады. Дүниетанымының кеңдігі, философиялық топшылау деңгейі оны замандастарына етене ете түсті. Жазушы, драматург жастар өміріне көбірек ден қойды. Өз замандастарының тұрмыс жағдайына қатты мән берді. Соның арқасында қазақ көрермені Рәзия, Шәрипа, Бақыт, Баттал, Қарасай сынды сахналық кейіпкерлерімен жүздесті. Кезінде Әуезовтей заңғар драматургтің аспиранты атанған, жалғыз академиялық драма театрымыздың көп жылдар бойы әдеби бөлімін басқарған Сәкен Жүнісов шығармашылығының сахна сырын меңгеруде алғашқы саптан көрінуі заңды процесс. Күрделі жанрдың қиындығынан қаймықпаған драматург шығармаларындағы қайғылы, күлкілі және драмалық белгілер шынайылығымен көңіл байрайды. Өз кейіпкерін барынша шынайыландыру шеберлігі автордың айнымас шығармашылық әдетіне айналған. Әттең, ілгеріректе жазылған дүниелерімізді көміп тастай беретін жаман дағдымыз бар. Әйтпесе, «Кроссворд» пьесасының көтерер мәселесі, характерлерінің мінез бедерлері бүгінгі күннің талабына сай келіп-ақ тұрғаны айдан анық. Кеше айтылмаған шындық бүгін адресін тауып жатса, оның несі айып? Режис-

серлер қиялын қайрауға лайық пьеса осы — «Кроссворд». Атына заты сай дүниенің құпиялы сыры жеткілікті.

Сонымен, ауыл жастары мен жасөспірімдерге арналған драматург шығармасының қайсысын аласаңыз да өмірдің ащы шындығы түгелдей болмаса да, қадау-қадау көз алдында қылаң береді. Шындықты тегіс айтып шығуға кім мүмкіндік беріпті? Сәкен Жүнісов — тақырып таңдаудан, кейіпкер жонып шығудан жаңылыспай келе жатқан жазушы. «Жаралы гүлдердің» жалғасы іспетті «Әр үйдің еркесін» жазды. Баяғы алаңғасар Батталмен тағы ұшырасамыз.

Автордың негізгі көтерген мәселесі — жас ұрпақ тәрбиесі, олардың азаматтық кескін-келбетін қалыптастыру жолында не істеуге болады? Ауыл мектептеріндегі қазіргі бала оқыту, оларды үйрету, тәрбиелеу тәсілдеріміз өз деңгейінде ме? Олардың өмір жолын таңдап, кісілік тұлғалары қалыптасу кезеңінде ересектер мен ұстаздар берер өнеге қай дәрежеде? Драматург осы сауалдарға жауап берудің жолдарын мегзей отырып, қоғамдық ұйымдарға, мемлекеттік мекемелерге ой салуды мұрат тұтады. Жас ұстаз — Талап пен оныншы класс оқушыларының болмыс бітімдері, ой толқыныстары ортаға түседі.

Тақырып даралылығы — Жүнісов шығармашылығының басты белгісі. Кез келген пьесасын алыңыз да талқылап, талдай беріңіз. Өзара ұқсас бояу, суреттерді кездестірмейсіз. Ол театр мүмкіндігін, артистер психологиясын ескере отырып қалам тартатын авторларымыздың бірегейі.

Тарихтың аты — тарих. Оны тағдырыңнан сылып тастай салу оңай емес. Ол және Жүнісовтің де кінәсі емес. Ленинді бүкіл ел пір тұтқан тұста, ол тақырыпқа тұңғыш түрен салып, қазақ драматургиясының алғашқы Мемлекеттік сыйлығын иемденген

жүлдегер драматург те — осы өзіміздің Сәкен Жүнісов. Сәкен драматургиясында артистицизм элементтері басым болып жатады. Ол оның — жазушының жеке басынан, болмыс бітімінен туындайтын қасиет. Қаламгер табиғаты — тұнған драма іспетті. Туа бітті осындай табиғи қасиеттің күшінен де ол қалам, қағаз «сырқатына» ұшыраған шығармашылық тұлға. Сөз жоқ, ол — қалам ұстамаған жағдайдың өзінде не артист, не режиссер, не әнші болары басы ашық құбылыс. Өйткені талантты жанның өнер мен әдебиетке деген сирек жаратлысы осыған саяды. Оның драмалық шеберлігі сахнаға жақындығымен құдіретті. Көркем ой, өткір де отты бейне, характер жонымен құнды Жүнісов драматургиясы публицистикалық, сәндік, бір сәттік сезімдерге құрылған кезеңдік мәселелерден бойын аулақ саяды. Оны тың туралы, соғыс жайлы жазды деп жазғырмаңыз. Оның қаһармандарына, олардың мақсат-мұратына, жан иірімдеріне назар салыңыз. Тақырып жәйлап фонға ауысады да, алғашқы кезекке кейіпкерлер жан айғайы, олардың жан түкпірлерінде тұншығып жатқан батыл ойлар жарыққа ұмтылады.

Қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алатын Ақан сері сынды тұлғаның әдебиеттегі, сахнадағы, экрандағы жарқын бейнесі сан ұрпақ өкілдеріне тәрбиелік өнеге дарыта бермек. Ақан атамыз туралы тек деректі фильм ғана емес, болашақта көркем фильм түсірілетініне де сенім зор. Аталған кейіпкер жөнінде диалогия жазған атақты Сәкен Жүнісовтің деректі сценарийге авторлық етуі моральдық жағынан да заңды принцип. Ақан ұрпағы, Көкше елінің жігіті, белгілі суреткер ағамыздың айтары да мол болса керек. Сценарийде кешегі Ақанның күрделі өмірі бүгінгі дәуір болмысымен кезек астасып, әндері, әуендері, саздары өзара әдемі алмасып, оқиға желісінің танымдық мән-мағынасын

зорайта түскен. Деректі фильм таяуда экранға шықты. Кино үйінде оның тұсаукесер рәсімі болып өтті. Ендігі сөз кезегі көрерменде.

Аузынан әні, қолынан домбырасы түспейтін өз тұстастары арасында Сәкен сері атанған. Арқалы, аңқылдақ Жүнісовті Алматыдан сирек көреміз. Қашан сұрасаң «Көкшетауда жүр» деген хабар аласыз. Алпысының асқарына ақырын өрлеп бара жатқан қашанда көңілі асқақ, асау мінезді, арқалы ағамыз «Теміртас» пен «Сырымбетті» аңыратып, Көкшетау өңірінің қай шаңырағында, кімнің төрінде, қай құрбысымен қалжыңдасып, мәжіліс құрып отыр екен дәл қазір? «Менің мына пьесамды оқыса (тірі болса) данышпан Чеховыңның өзі ойланып қалар» — деп, әйтпесе, «Мына менен басқа кімің бар» деп кейде қызына өрекпитін ерке ағам, қайда жүрсең де аман болғайсың. Сен сол мінезіңмен де қымбатсың халқыңа.

Неде болса, Ақтоқты ауылын көп төңіреkteп кеттіңіз... Қызық сонда боп жүрмесін! Махаббат драмасына сюжет іздеп жүрсеңіз, қанеки! Драматургияға бір уақ лирика да жарасады. Өзің жырлаған Шындықты аңсаған елдің тілегі жақсы.

Әшірбек Сығаев,
«Қазақ әдебиеті», 1994 жыл.

СӘКЕН!

Райхан қандай әйдік боп, сүйкімді көрінеді. Оның ескі жұртқа келген жері толып тұрған ән, күй, лирика. Немесе, Ақбөпе, енесі, қайнысы Халел өз шындығымен шыққан бейне. Халелдің Ақбөпе кетіп бара жатқанда терезеден қарап қалған кезі жақсы. Басқа жақсылығын былай қойғанда, осы екі көріністен сенің суреткер екенің көрінеді. Кейбір теңеу, сөз саптауың Ғабене (Ғабиден аулақ) ұқсайды.

Сәуірбек Бақбергенов
Бір талқылау үстінде: «Қолқағаз»

КІРШІКСІЗ ӨМІР

Білімнің шамшырағын жаққандар

Өткенімізге зер салсақ, облысымызда халыққа білім беру жүйесі қай кезде болмасын қоғамның экономикалық-әлеуметтік қажеттілігіне орай дамығанын байқау қиын емес. Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында тап күресінің дүрмегімен жүріп, көшпелі жұртты сауаттандыру ісіне қолдары тие бермепті. Бертін 1930 жылдардан бастап, Қазақстанда халыққа білім берудің жаңа жүйесі жасалғаны белгілі. Бұл жылдары әр ұлттың өз ана тілінде сауат ашуы жолға қойыла бастады. Мектептегі білім беру жүйесін орыстандырудың қуатты үрдіске айналуы бертінірек, тың көтеру жылдарында. Солай бола тұрса да, коммунистік партияның басшылығы арқасында ғылым мен білімге жан-жақты қол жеткізгенімізді көлеңкелеу әділдік болмас еді.

Облысымызда халықтың көкірек көзін ашатын мектептердің жүйесін қалыптастыруда өз арамыздан шыққан алғашқы қарлығаштар — қазақ ағар-

тушылары зор роль атқарды. 1930-40 жылдары Көкше жерінде мектептер ерекше қарқынмен дамыды. Оған себеп болған жағдай — Одақта 1930 жылы 14 тамызда «Міндетті бастауыш білім беру» қаулысының қабылдануы. Бұл қаулының ерекше маңыздылығы сонда. ұлт балаларының оқуға тартылуын қамтамасыз ету міндет етіп қойылды. Отыншы жылдарда халыққа білім беру қарқынды жүргізіле бастағанын сөз еткенде, оны іске асыруға ерекше үлес қосқан аға ұрпақтың еңбегіне тоқтамасқа болмайды. Облыста білім көшінің алдыңғы легінде болғандардың қатарында Нұрмақ Жүнісовтің де есімін атауымыз керек.

Жиырмамыншы жылдары Атбасар ревкомының төрағасы, жазушы Сабыр Шәріпов Көкшетау қаласы төңірегінде «казгородоктар» салып, көшпелі елді отырықшыландыруда көптеген игі істерге ұйытқы болды. Сөйтіп елде мәдениет, білім беру ісі қолға алынды. Алғашқы мұғалімдер — ел арасындағы еті тірі, ескіше хат танитын азаматтар еді. Нүрекең — солардың бірі.

Нұрмақ Жүнісовтің туғанына міне 90 жыл толып отыр. Бұл күнде өзі арамызда жоқ. Еліне сіңірген еңбегі туралы деректер де көмескіленіп барады. Бұл өзіміздің мың жасайтындай қамсыз жүретін салдыр-салақтығымыздан орын алып отырған өкінішті жай. Әйтпесе Нүрекеңнің осы төңіректегі ағартушылық қызметі туралы жазуға әбден болар еді.

Нұрмақ Жүнісов 1898 жылы Атбасар төңірегіндегі Қаратал ауылында туған. Ескіше оқып хат таныған. Атбасар ревкомы Сабыр Шәріповтің бастауымен сауатсыздықты жою ісіне, елді мәдениеттендіруге араласты. 1931 жылы Қорғалжыңда мектеп директоры болып, өзін халық ағарту ісінің тәуір ұйымдастырушысы екендігін байқатқан Нүрекең бұл жұмысты өзі көз жұмғанға дейін жалғастыра-

ды. Ол Көкшетау ауданындағы Шоңай орта мектебіне директор болды. Аштықты басынан өткізген ел ішінің жетім балаларын үйді-үйден, даладан жинап, оқытып-тәрбиелеуді қолға алды.

Өз білімінің олқылығын сезінген ол 1934 жылы Қызылжардағы педагогика техникумын сырттай оқып бітіреді. Халқымыздың әйгілі педагогі, ақын Мағжан Жұмабаевтан дәріс алған, осынау аяулы ағаның ақыл-кеңесінен сусындаған ол ұстаздық шеберлігін одан әрі жетілдірді. Мағжан жазған алғашқы «Педагогика» («Қазақ тағылымы») оқулығы Нүрекеңнің ең сүйікті оқулығына айналды.

Қызылту аудан болып ұйымдасқанда, оның орталығы Құлықөлдегі орта мектепке директор болған осы Н. Жүнісов еді. Оның зайыбы Мағрипа да ұстаз болды. Мағрипаның өнерге бейімдігі, тамаша әншілігі бұл жанұяның ел ішінде беделін көтере түсті. Домбыра тартып, халық әндерін тамылжытып орындауы театры жоқ елді серпілтті. Өнерде үлгі көрсеткен Жүнісовтер жанұясы сол тұста әлі өріс алмаған мәдени ошақтардың алғашқы іргетасын қалады десе де болады.

Көптеген игілікті істердің бастамасы бола білген Нұрмақ Жүнісов Кішкенекөл мектебін халық мектебі дәрежесіне көтерді. Сөзі жерде қалмайтын нүрекеңнің ұсынысымен түтін басы бір-бір бөренеден беріп еңселі орта мектеп үйін салды. Ол кезде тың жаңалық саналған осынау білім шаңырағын көруге құлақ естір жерден көптеген адамдар ағылып келіп жатты. Нүрекеңнің екінші бір жаңалығы — мектеп мұғалімдеріне бүкілхалықтық қамқорлықты ұйымдастыра білді. Оқытқаны үшін бала басы бір аяқ бидайдан беріп, мұғалімдердің ауыр тұрмыстық жағдайына жеңілдік жасады. Бүгінгі қиыншылық қыспақтағы мектептерімізге осы халық мектебінің тәжірибесін қолданса деген ой келеді.

Ел іші сталиндік зұлматқа ұшырап жатқан жылдары халыққа білім беру саласын елдің мүддесіне орайластыра білген Нүрекеңе енді бүкіл аудандағы оқу жүйесін басқару тапсырылды. Бұл қызметінде де көп көңілінен шыға білді. Білім лшағы жоқ кішкентай ауылдардың бәрінде мектеп ашты. Осы төңірекке есімі кеңінен мәшһүр Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі Сабыр Мәліков, көрнекті ұстаз әрі жазушы, аудармашы Бекмұхамед Серкебаев аудан мектептерінде осы жылдары жемісті еңбек етіп, өзінің ұлағатты педагогтік, ұйымдастырушылық қызметімен Нұрмақ ағаның сүйеніші, тірегі бола білді. Н. Жүнісов Ұлы Отан соғысы жылдары білім беру саласының ұйымдастырушысы ретінде майданға алынбады. 1943 жылы аудандық оқу бөлімінің басшылығына екінші рет оралып, Жасқайрат, Папанин (қазіргі Шапай), Ұялы орта мектептерінің оқу-тәрбие жұмысына жетекшілік етті.

Ұстаздың еңбегі шәкірттерінің деңгейі арқылы бағаланды. Нүрекеңнің алдынан тәрбие алған азаматтар Қазақстанның түкпір-түкпірінде жемісті жұмыс атқаруда. Олардың арасында ғылымға барғандары бір төбе. Есімі бүкіл елімізге мәшһүр Нүрекең шәкірттерінің арасында филология ғылымының докторлары марқұм Әйтім Әбдірахманов пен қазір Ұлттық ғылым академиясында жемісті ғылыми еңбек жасап жатқан профессор Серік Негимов, Нүрекеңнің бел баласы, халқымыздың аяулы ұлдарының бірі жазушы Сәкен Жүнісов, бүгінде бақиялық болған әйгілі спорт жұлдызы марқұм Ахметжан Қазымбетов және басқалары бар. «Бала дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады?» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, Нүрекеңдер өскелең ұрпаққа қамқорлық жасай білді. Солардың ізгі мұраты үшін еңбек етті. Қазақ жастарының ұлттық мектепте ғана қалыптасуына назар аударып, өзі басшылық еткен мектептердің тәрбие жұмысына

халықтық педагогиканы арқау етті. Ұлы Отан соғысы басталғанда Н. Жүнісов өзі қолына қару алып соғысқа бармаса да, елге қалтықсыз қызмет қылған жан. Оның айғағы – Отан қорғау комиссариатының бұған жіберген арнайы хаттары, еңбек сөлкебайлары. Соғысқа аттандырған ұш інісі елге қайтып оралмады, майдан даласында шәһит болды. Бір інісі Қабыл ағасының жолын қуған мұғалім еді. Амал не, ұстаздық қызметін ол қаруға айырбастап, ел үшін қан майданда қаза болды.

Нұрмақ Жүнісовтің адамгершілік қасиеті оның балаларына да дарыған. Сөйлер сөзге шешен, Абай шығармаларын жатқа білген Нұрекеңнің үлкен ұлы Сәкен Жүнісовтің бүгінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі екенін бәріміз де білеміз. Ал төлбасы Зикен әке-шешесінің жолын қуған мұғалім еді, бүгінде дүниеден өтті. Артында қалған ұл-қызы ана жолын қасиеттеп ұстауда. Нұрекең мен Мағрипа апайдың тағы бір қызы Роза – республикалық телеидарда редактар, Оралы – кинорежиссері, Абылайы – мамандығы бойынша энергетик, қазір Талдықорған облыстық әкімінің орынбасары. Әке өмірін ұрпақтары осылайша абыроймен жалғастырып келеді. Айтулы азамат, елдің көкірек көзін ашуға белсене еңбек еткен Нұрмақ Жүнісовті ұмытпай, оның 90 жылдығына орай өзі бір кезде шаңырақ көтеруіне ұйтқы болған мектептердің біреуіне есімін берсе, бұл азаматтың елге сіңірген еңбегін бағалағандық болар еді.

Қоспан Тәшібаев,
республика білім беру ісінің
озық қызметкері.

«Көкшетау» газеті, 1 наурыз 1997 жыл.

ТІЗГІНІН ҚОС ЖАНРДЫҢ ТЕҢ ҰСТАҒАН Шабытты шақ

Өмірге де, өнерге де түбегейлі өзгерістер енгізген ХХ ғасырдың соңы күні кеше оқушыны таңдай қақтырып, таңқалдыратын тапқыр сөз, тартымды оқиға емес, өрісі кең, өресі биік, өрнегі құдіретті өмір-ғұмырдың қатпар-қатпар сыры мен сипатын ашқан сындарлы туындыларға ғана ықыласты. Түйін-бәйгенің алдын бермейтін кәсіпқой пысықайлардың әурешілігінде емес, қасиетті қызыл тілдің жүрек арбар айдынында замананың зар тілегін, нар бейнесін шымырлата шертер шынайы таланттық қарымында, қалам қуатында.

Мен ойымды әрі қарай тарқатпай-ақ қояйын, өйтені кешегі тоқырау кезінде шын асылды күлдібадам жасықтан ажырата алмастай, ажыратсақ та айта алмастай күйге жеткеніміз қазір әртүрлі дәрежеде айтылып жүр. Тегінде ақиқат үшін, арда туындылардың мерейі үшін күрес — бүгінгі сынның басты мақсат-мүддесі болса керек.

...Кеше дос, бүгін жаныққан жау — екі жақ қияметтің қылкөпірі емес, заманның құзында, кешегі Отыз екінің қылкөпірінде бетпе-бет келеді. Қандарын ішіне тартып қатуланып алған екі жақ та тас-түйін, бірін-бірі аяр түрі жоқ. Мұздай қаруланған. Артық айтылған бір ауыз сөз, оғаш жасалған жалғыз қимыл — жөнделмес трагедияға соқтырары аян. Оқушы да демін ішіне тартып, жүрегі суып қоя береді. Япыр-ау, кеше ғана қаны да, жаны да бір жандар еді ғой — қуанышы да, қайғысы да, тіпті, арман-мүддесі де тұтас еді ғой, осыншама жауығардай сонша не болды?! Қатуланған, қаны қарайған пенделерді мына қылкөпірдің аузына айдап келген қандай күш? Қарашы, кеше ғана махаббаттың ыстық құшағында көз жанарларынан нұр тңгіліп, бір-біріне ынтызар көңілмен үздіге қара-

сқан жастың енді бірін-бірі атарға оғы жоқ. Тірліктің аты – тірлік. Оның өз заңы, өз тәртібі бар. Сол заң, сол тәртіп бойынша қашқан да, қуған да қалайда мына Қылкөпірден, кек көпірінен, трагедия көпірінен – өту керек! Тістене қарасып, оқты көзбен атысып өтіп бара жатқан жандардың іші қандай алау-жалау, қандай дерт, қандай өрт жалап жатыр?

Қалай дегенде де осылардың арасындағы мына екі жанның тағдыр-талайы ала-бөтен. Әйелдің тар құрсағында екеуінің тұла бойы тұңғышы Заманай кетіп барады. Екі ғашық соңғы рет жүздесіп, мәңгі қоштасып өтпек. Екеуі де тағдырдың адам төзбес бұл қиянатын түсінеді, түсінеді де жүректері қан жылайды. Қолдан келер дәрмен жоқ. Заман ағымының қаттысы-ай, қаталы-ай!.. Шығарманың бір кейіпкері айта беретін: «Заман-ай!», міне, осы!

Иә, екі жақта оқты көзді қадап, жүректері езіліп, өтіп жатыр, өтіп жатыр...

«Бойын тіктеген Балзия енді апыл-ғұпыл шешіне бастады. Сыртындағы шекпенінен бастап, киімінің түймелерін тез ағытып, ең ішкі жібек көйлегіне дейін үстінен сыпырып алып, жуас Тасбуырылдың шоқтығынан асыра іліп жатыр. Атының шылбырын жүгеннің ауыздық тұсынан қапсыра ұстап, Балзияның қимылын үнсіз бақылаған Атымтайдың жүрегі мұздап қоя берді!..

– Балзия, не істеп жатырсың, мұның не?..

– Атымтай, қорықпай-ақ қой, бері кел, – деді, әлі де жылыұшырамай, қайта өңі сұрлана түскен Балзия. Кезерген ерні дір-дір етеді. Көйлегін шешкенде қобырап қалған шашының әр талынан жауын сорғалап тұр. Бетіне түскен нөқта да шұбарланып, кей тұсы тұтаса бастаған екен. Жұп-жұмыр иығы білегіне дейін суықтан тоңазып, құсеттеніп кеткен. Әр бүртігіне жиналған бүрікпе жауынның тамшылары қияққа түскен шық суындай мөлдірей, өз салмағын

өзі көтере алмағандай жарылып, кеудесіндегі тар жықпылмен кіндігіне қарай ағып жатыр. — Сенің енді маған керегің жоқ, бірақ мына... мына сәбиге керексің, ертең әкем қайда деп сұрағанда не дермін.

Балзия балағын шоңқайма етігіне қоныштанып алған қара шибарқыт шалбарының белдігін ағытты. Сонда ғана Атымтай аңғарды, жартысын ышқырына келтіріп, ішін таңған жалпақ матаның төрт елідей тұсы кіндігін жауып тұр. Балзия көлемі үш-төрт құлаштай таза, қоңыр шүберекті бірнеше айналдыра саумалай жинап, белінен босатып алды. Атымтайға солай көрінді ме, әлде бунап тастаған жерде бұйығып жатқан байғұс бала кең тыныс алды ма, әйтеуір Балзияның қарны кәдімгідей тырсиып, қаздың бөтегесіндей томпиып шыға келді...

— Бүйірімді тебуін қарашы. Сотқар болар ма! Шыда-шыда! — деп... ол енді шүберектің шетін Атымтайға ұстатты. — Өз қолыңмен соңғы рет байла! Басқа кімге байлатамын! Қане, тастай ғып орап, қатты байла... Аяма... Одан бала тұншықпайды...»

Халқымыздың маңдайына қара тас боп тиген Отыз екінші жылдың трагедиясын осыншама көркемдік қуатпен шыншыл суреттеген жаңа шығарма — С. Жүнісовтің «Заманай мен Аманай» — жазушы талантының жаңа қырын ашқан. Эпикалық, тынысы кең туындылардың тартымды сырын ашқан қаламгер енді қат-қат астар, қою сурет, адам тағдырын ширыққан психологизм мен драматизм шарпуында бейнелеу, көркем тіл, реализмнің алтын діндегінің негізінде жазылған жаңа шығарманың басты қасиеті.

Жазушы тағдыры — кітап тағдыры. Кітап сияқты жазушы да сан қилы. Бір күннің, бір ұрпақтың, немесе ғасырдың кітабы бар екенін көркем сөз тарихы әбден дәлелдеді. Кезінде кейбір жандайшаптары аузынан көбік атып көпірте мақтағанымен автордың өзінен бұрын шау тартып, ғайып болып жатқан шығармасымақты да көріп жүрміз. Және сондай-ақ

әр көркем туындыға әрбір жаңа ұрпақ өз таразысымен келетіні де аян. Сондықтан Сәкен Жүнісовтың творчествосына көк шынардай желкілдеп өсіп келе жатқан жас әдеби қауымның пікіріне де құлақ қойған жөн.

— Біз, 60-шы жылдардың түбіт-иек бозбалалары, кезінде «Жапандағы жалғыз үйді» жастығымыздың астына салып оқыдық, — дейді жас жазушыларымыздың талантты өкілдерінің бірі Марат Қабанбаев. — Аңқылдаған қазақ шалындай көрінетін орыс Күргей мен Райхан апамыз өз ауылымызда қатар өмір кешіп жүргендей еді. Сөйткен Сәкең кейін «Ақан серіге» мінгесіп, ХІХ ғасырға өтіп кетті. Одан әрі басы қатты, ылдым-жылдым жанр — драматургияны ерттеп мініп алды. Сөйтіп: «Прозаик Сәкеннен көз жазып қалдық па?!» деп жүргенімізде, «Заманай мен Аманай» қолымызға тиді.

Повесть деп аталғанмен романға бергісіз — «Заманай мен Аманай» ұлтымыздың өткені мен кеткеніне, бүгініне терең бойлап, оның түрлі-түрлі катаклизмге толы өміріне терең үңілген зерделі шығарма. Қазақ халқының шаңырағын ортасына түсіре жаздаған коллективизация дәуірі, кедей, бай болып бетбетіне босқан елдің трагедиясы қара әріпке айналып, кітап беттерінде қатып жатыр. Аласапыран қуғын-сүргін үстінде мұз әңгекке түсіп кеткен Меруерт қыз қуғынға ұшыраған қарапайым халықтың жиынтық бейнесі. Сол бір тар жол, тайғақ кешуден бүгінгі заманның көшіне сенделіп кеп қосылған Аманай бала, ойлап отырсаң, қыруар кейіпкерден тірі қалған жетім бала екен... «Заманай мен Аманай» — ақтаңдақтан суырып жеткен бірегей кітап...

Өмір құйрықты жұлдыз сықылды. Көз алдымызда буыны бекіп, бұғанасы қатайған Сәкеннің өз оқушысын тауып, өз көркемдік әлемін паш еткелі отыз жыл зымырап өтіп те кетіпті. Отыз жыл!.. Өнер иесін бағалауға да, түсінуге де жетер уақыт! Әрине,

шынайы талант құпиясы бетте қалқымайды, тереңде шымырлайды.

Жазушының өрісі мен өресін әйгілейтін бірінші таразы – шығарма салмағы, әлеуметтік-қоғамдық салмағы, халқының мұң-мұқтажының жырауы болу; екінші таразы – көркемдік әлемі, эстетикалық қуаты ел кәдесіне жарады ма, жарамады ма? – деген сауалға жауап. Біздің түсінігімізше, Сәкен Жүнісовтың бүгінгі сөз өнерінде өз орны бар қаламгер. Оған осы жылдары мыңдаған көрерменнің көңілін аулаған оннан астам пьеса – «Ажар мен ажал», «Өліара», «Жаралы гүлдер», «Қысылғаннан қыз болдық», «Кроссворд», «Қызым, саған айтам» және басқалары – өз алдына бір айғақ болса, «Жапандағы жалғыз үй», қос томды «Ақан сері» енді міне, «Заманай мен Аманай» т. б. әңгіме, повестері тағы бір дәлел.

Сәкен – туған елінің не бір «соқтықпалы, соқпақсыз» шатқалды шақтарын көркем сөздің өрнегіне түсірген жазушы. Күрделі де санқилы, сан түсті образ жүйесі «Заманайдың» ағысы қатты екпінін, жалыны ыстық адымын бүркемесіз, қалтықсыз ашып шыққаны жазушы үшін мақтаныш та, марапат та.

Есімізге түсірейік. «Жапандағы жалғыз үйде» ағыны асау өмір-ғұмырдың күрделі болмысын көрмеп пе едік. Қаһармандары ең бір қаһарлы күндерде ғұмыр кешеді, оған боздаған аязды қатты қысы қосыла сарнайды. Ой-шұңқыры көп тірліктің өзі пендеге аз сын емес-ау, оған тілсіз, түлей табиғат, тап жауларымен арпалы-су қосылса, кімге де болса жеңіл соқпас. Қарасай секілді қулығы қатпар-қатпар жырындымен ауыр күреске уақыттың әңгір таяғы мен боздаған аязды қыстың машахатын қоссаңыз ғана Райхандардың характерінің тереңіне, жазушының шеберлігіне бойлайсыз. Сұлумұрт, Күргерей, Райхан, Қарасай қақтығысының шиыр-шиырын зертеген ғалымдар кезінде автордың творчестволық қуатын, көркем

тілін, ұшқыр қиялын дөп басып, дәл көрсеткені есімізде.

Эпикалық кеңістікпен жазылған «Ақан серіден» Мұхтар Әуезов диапазонын байқағандардың пікірі әділет екені талас тудырмайды. Шынында бұл қатқат оқиғалы, сала-сала тартысы, сан түрлі қаһарман бас қосқан, сыры мен сипаты сан алуан, кең тынысы күрделі роман. Шығармадағы Ақан сері — аты ел аузында аңыз болған, кері заманның жол айрығында ауыр да азапты ғұмыр кешкен әрі бейнетқор, әрі ел сүйіспеншілігіне бөленген аяулысы, ақыны, азаматы — аса көркем күрделі тұлға. Аңыз дегенде небір қиял-ғажайып тұрғысына дейін жеткізетін, әсіре көтеретін ауыз әдебиеттің кейіпкері емес, әр қадамы, әр мінезі қалың жұртты қызықтырып, қиялын оятқан, белгілі ортасы, жүрген жері, басқан қадамы, салған әні талайдың көкейінде қатталған бүгінге дейін тірі, бүгінге дейін ел ардақтысы — тұтас бір дәуірдің жаны шырылдаған кепілі, кепілі ғана емес, айыптаушысы, ардагері, қалың елдің мұңын шертіп, жоғын жоқтаушы. Осындай сан-сала әлеуметтік, адамдық қарым-қатынас, тартыс-күрес қомақты дилогияны көктеп өтсе, өнердің қызғылықты көрінісі, ақынның шырғалаңға толы тіршілігі екінші айдыны. Қилы заманның «қаймағы мен жайсаңы», сан алуан ауыл адамы, малшы, жалшы, әйел қауымы, қыз, бозбала, әнші, күйші — міне, осы қым-қуат уақиға мен кейіпкерлер жүйесінің қайнаған ортасында жүрген Ақанның бозбала шағынан басталып, оқушыны бозала шаш Ақанның зауал шағына дейін апарады.

Демек, қос роман ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың бас кезіне дейін өмірін қамтиды. «Абай жолы», «Оянған өлке», «Ботагөз» сынды арда туындалардай туған әдебиетке өз әрі мен сазын әкелген ақық бұйым.

Өнер шырқау биікке көтерілетін, ел санасы ай-

дынды қазіргі дәуірде құрғақ оқиға тізбегі, бос сөзуарлық ешкімге қат емес, — дедік. Қаптап кеткен қансөлсіз «кірпіш» романдар әдебиет соры — проблемасыздық, жалаңдық жаныңды құлазытады. Сәкеннің кейіпкер галереясы ғұмырдың күйігі мен қызығын, қайғысы мен қасіретін бет шарпыған алауымен алдыңызға тартады. Өміршең, шыншыл, шынайы бейнелер. Оқушының қалаулысына айналған Ақан сері, Ақтоқты, Күргерей, Райхан, енді міне, Балзия, Атымтай, біздің түсінігімізше, ыстық қаны тамырында ойнаған шыншылдығында, қансөлсіз өлі жандар емес, қайшылығы да жетерлік, қайғысы да аз емес — халқымыздың өз келбет-реңі жасалған.

Сәкеннің таңдаулы шығармаларына нәр беріп тұрған тағы бір қасиет — астарлы «қос ағымда», яки айтары мол символдық образда. Шыңғыс Айтматовтың Тасшайнары мен Ақбарасы («Жанпида» романы) әркімнің есінде шығар. Бұл екеуінен бұрын шыққан Бірішек хикаясы («Ақан сері») ақын тағдырымен астастыра өрілгендіктен уақыттың шындығын әсерлі де көркем, тартымды ашады. Ақан серінің айықпас жан жарасына айналған Құлагердің өлімі осы іспеттес астарлы, әсерлі. Көркем шығарманы зерделеп оқыған жан шығармадан автордың жан дүниесін, өресін байқамауы мүмкін емес. «Ақан сері», «Заманай мен Аманай» сынды кітаптардан дәуірдің арынды ағысын көз айнасынан өткізіп, дүние шіркіннің келбет-дидарына жіті қарап отырған парасат иесін көргендейміз, ақынжанды, сергек қаламгер бейнесін елестетеміз. Қалам ұстаған азаматтың бәрі бірдей Абайдай тұлға болуы шарт емес, ал елінің қамын ойлағанда Абайдан кем түспеуі керек. Сонда ғана ол қандай құрметке де лайық болмақ.

Сәкен туралы жазған соң, оқушының көңіліндегі мына сауалға жауап бермей кету жөн емес. Драматургтің пьесалары жылда-жылда сахнадан түспей, ұлттық театрдың бөлінбес бір ажарына айналғаны-

ның себебі неде?».. Мен айтар едім: «Сәкен пьесаларына тән драматизм мен психологизмде, тірі жан-дар бейнесі мен көрікті тілінде, өміршең ситуация мен көріністерде» — деп.

Айтылмаса, сөз атасы — өледі! Сәкен творчествосы — ана тіліміздің байлығының куәлі көрінісі іспетті. Сондықтан да жазушының ағыл-тегіл сөз өрнегі, қанық бояуы, тілге деген қатал талабы — оқушыны тәнті қылады.

«Таң бозара бастады. Күзгі тау ішінің таңы да қырдағыдан бөлек. Қай беттен таң қылаң беріп, түнерген түн қабағын қай тұстан шығарын аңғару қиын. Әйтеуір бозамық тартқан тау қойнаулары бірте-бірте қылаңдап, үңірейген қараңғылық күлгіндене берді. Әр жерден бұлдырап, биік сұсты шыңдардың төбесі шошайып көріне бастады. Етек жағы түбі көрінбейтін тұңғиық қарасу сияқты. Терең құзды сайлар мен шатқалдардың нұсқасы көзге шалынар емес. Желсіз тымықта ұйып қалған қалың соқыр тұман сұр ешкінің қопсыта тастаған түбітіндей. Аспан да сұр, тау да сұр. Айнала қоршаған алып тас қамаудан дымқыл иісі, сыз иісі, шірік ағаш иісі сезіледі. Жол жиегіндегі жарлауыт жалаңаш тастар бусанып, бүкіл тау іші тымауратып тұр». («Заманай мен Аманай», 96-бет).

Жазушы Сәкен Жүнісов қазір кемел шағында. Жақында ғана әдебиетіміздің алыптары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин туралы пьеса жазып бітірді. Тізгінін қос жанрдың тең ұстаған айтулы талант иесінің келешек берерін болжамай-ақ қояйық, бергені атан түйенің белін майыстырар қазына.

Хасен ӘДІБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.
«Социалистік Қазақстан».

СӘКЕН СЕРІГЕ АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

СӘКЕННИҢ ЕЛУІ

Сен елуге келді деген өсекке,
Тұманбайды сенбейді деп есепте.
Таң атқанша ән салатын кеш қайда,
Шапқан аттай алқынғанша қос өкпе.

Одан бері уақыт өтті едәуір,
Бәрі де өтті, бәрі кетті е, бауыр.
Бүкіл ЖенПИ, бүкіл КазГУ қыздары
Сені көзбен ішіп жейтін еді-ау бір...

Бізді қоршап жүретұғын ел де әсем,
ерлегенің талабыңмен өрлесең.
Барлық қызды ғашық қылып өзіңе,
Ашық күліп отырушы ең төрде сен.

Құдіретіңді өз жүрегің сезді айқын,
Көздеріңде бір сиқыр от маздайтын.
Қызды қойшы, келіншегі талайдың
Өз күйеуін тастап кете жаздайтын.

Астыңдағы кер дөнелің желген соң,
Сыбағаңа жетуші ме ең елден соң.
Ажырасты талай жігіт жарынан
Саған қарап көзін сата берген соң.

Бар ма сенде сол бір жалын, баяғы үн,
Кейде сені мақтан тұтып, аядым.
Саған қарай бөтелкелер заулайтын,
Сауық кештің ала беріп аяғын.

Өкінбейтін жағдайың да бар оған.
Қарыздарсың сол кездерге қараған.

Періштелер қорғап қалды өзінді,
Неше түрлі пәледен де, жаладан.

Жас Сәкенді есіркеген, аяған
Бітпей қойды арман атты поэмаң.
Әйелдерден болар мұның ажалы
Деп айтатын сен туралы кей ағаң.

Сан мың қолға жалғыз шапқан батырсың.
Ем боп саған көрген емес ақыл, сын.
Өңкей оттың ортасында өртенбей,
Аман-есен әлі келе жатырсың.

Сан гүлдердің арасында отырып,
Айтып сен де көрген жоқсың өтірік.
Сәкен бойдақ, қасындағы Тұманбай
Неге үйленген дейтін қыздар өкініп.

Соның бәрі өтті, кетті қызғалдақ,
Кім естелік жаза қойсын бізге арнап..
Аппақ балық едің-ау сен көлдегі,
Сені ұстауға суға түсті жүз қармақ.

Бір адамға ғашық болса жүз адам,
Қандай амал ете аласыз Сіз оған.
Сені серік ете алмаған бір ару
Суға кетті деп естідім ызадан.

Ерлік еді ерте күнің, кеш күнің,
Еркелігін кешкендер бар астінің.
Саған қолы жетпей қалған бір ару
Арақ ішіп кетіпті деп естідім.

Соққан желдей алабұртқан даулдай,
Өте шықты сол жастық шақ жауындай.
Серік керек еді саған өмірде
Сенің мұнау алақұйын жаныңдай.

Ұқсап тұрдың дара жанған жұлдызға..
Тек мінезің, мінез емес бір қызба.
Серттен тайсаң, ол да саған кінә емес.
Жалғыз жігіт үйлене ме мың қызға.

Одан бері жылдар өтті едәуір,
Бәрі кетті, әрі кетті е, бауыр,
Өңкей қыздың ортасында тойыңды
Өткізгенің жөн сияқты еді-ау бір.

Мұның болса — ол да мөлдір таза мұң,
Әртүрлісін көріп бақтың жазаның.
Сәл ертерек туғаныңда сені де
Сәкен сері дейтін еді қазағың.

Миыларға артық жұмыс ми беру,
Өмір заңың — көңіліндегі күйге еру.
Үйге ертерек оралуды білмейтін,
Қиын болды-ау саған досым, үй болу.

Бәріне де үйретті ғой жыл, өмір,
Кісіліктің ең үлкені міне бұл.
Иілуді тек үйрете алмады,
Жүрегі от, жалын жасқа жүрегі ұл.

Жанғаныңды көріп қайтты жан анаң,
Барар жолға бата да алдың ағадан.
Кішіруді тек үйрете алмады,
Кісі ұғуды үйреткенмен заманаң.

Аққуың бар күнде ұшатын әуенде,
Олжа салдың жаңа жұртқа, тау елге.
Елу деген сөзді ұнатпай қалдым мен,
Сәкен елу жасқа келді дегенде.

Жылан шағар, қыран байғұс көз ілсе,
Алға жүрдің атадағы төзімше...

Отызға да келген жоқсың сен әлі,
Өткен жылдар өте берсін өзінше.

Өмір саған қандай міндет жүктесе,
Күнде шықтың жұрт алдына шық десе.
Өткен жылда жұмысы не дарынның,
Өтпей тұрса ойға алғаны, бітпесе.

Елу деген сөзді бауырым түсінбе,
Айтады жұрт алдап қою үшін де.
Сен де отызға келген жоқсың, Сәкенім,
Жиырма алғандың мен де жүрмін ішінде.

Анау-мынау әңгімеге берілме,
Өз бойыңда сайтаның да, желің де.
Жиырма жаста тұрып қалған жүректі,
Құдырет қайда келтіретін елуге...

Бір жерлерде арман өлді, ат өлді,
Өмір қандай жолдарменен әкелді.
Сұлулардан ұят шығар кешегі
Елуде деп айту мына Сәкенді.

Тарта бер, дос, жалбарынбай, жалынбай,
Жатыр ма әлде абырой атақ алынбай.
Елуді сен аттап неге кетпедің,
Анау-анау әнші апаларыңдай.

Мені, мені қай жақтарға бастадың,
Аты – мәшүр, жаны жақын асқарым.
Сен елуге елді ғой деп қуанды-ау,
Бір кездегі жігіт бақталастарың.

Тіршіліктің өз дегені бар мұнда,
Жыршы жұрттың көздегені бар мұнда.
Елу сені бір жығуын, бір жықты-ау,
Үміті бар қарындастар алдында.

Саған берер жоқ қой аспан ақылым,
Тілек айтса сенен жастау ақының.
Елудің де есін алып талайдың,
Бір танытшы естен тандыратынын.

Өзіңде әлі жалының да, желің де,
Өзіңде әлі махаббат та, сенім де.
Елудің елуі бар, жолдастар,
Келудің де келуі бар елуге.

Ай орнында, аспан әлі көгілдір,
Қыз – гүлбақта, өзгермеген өмір бір.
Бұл елуді сәл жатырқап тұрып-ақ,
Ұзақ-ұзақ қол соғатын елу бұл...

Күйік-шерді жұбататын елу бұл,
Киіктерді құлататын елу бұл.
Әжелердің жүйкелерін босатып,
Әйелдерді жылататын елу бұл.

Оған күнде бір ататын елу бұл,
Атқандарын сұлататын елу бұл.
Өзі де ұнап сұлуларға әлі де,
Сұлуларды ұнататын елу бұл.

Аруларды күлдіретін елу бұл,
Көп нәрсені бүлдіретін елу бұл.
Ескі доспен кездесе де тым сирек,
Жиырма беспен бір жүретін елу бұл.

Көздің жасын құрғататын елу бұл,
Картаға уақыт ұрлататын елу бұл.
Жеңешеміз жиырылса да айтайын,
Жиырма беспен бір жататын елу бұл.

Жастық шақты бірге кештік Сәкенмен
Өтіп бірге қауіптен де, қатерден.

Бұл елуді анау-мынау жігіттің,
Жиырмасына айырбастар ма екем мен.

Жиырма бестің жалыны бар елуге,
Болады ғой, аман-есен келуге.
Бір өлімім бар сияқты алдымда,
Бір елуім бар сияқты менің де.

Сәкен шыққан мына елуге, елуге,
Бір алайын аман-есен келуге,
Тосып тұрған анау белдің астында
Бір елуім бар сияқты менің де.

Жүрер жолды қалыппыз-ау біз де ұтып,
Аттанайын ақ бозымды ызғытып.
Сол бір белде қыз күтпесе күтпесін,
Сәкен аға, алыңызшы Сіз күтіп.

Сәлеммен Тұманбай,
февраль 1984 жыл.

Өнердегі мәрт ұста,
Жөні бөлек көкем —
Толды бүгін 60-қа
Көкшетаулық Сәкен.
Жай оғындай жалынды,
Нұрлы, нулы, нәрлі —
Қаламгердің қарымды
Маңдайының алды.
Бақ — мерейі елінің —
Шырқап салған әні.
Жаны — Ақан серінің,
Ұлы Абайдың қаны.
Даналыққа мұрагер —
Зерделі һәм зиялы.
«Құс тістеген Құлагер»
Әуезовтың тұяғы.
Құрметке бөленген,
Көңілінің хошы —
Желден жүйрік Сәбең мен
Қос Ғабеңнің досы.
Жүнісовпен күндер-құт
Кең жайылған керегем.
Одақтағы — вундеркинд,
Отандағы — феномен!
Жұлдыздайын құйрықты,
Жердегіге — арман.
Мемлекеттік сыйлықты,
Ленин үшін алған.
Жер қыртысын тіледі,
Арна бұзған сеңдей.
Ашуына мінезі,
Қиянатқа көнбей.
Салқын шалып сананы,
Айылын еш жимай —
Кейде жұтып алады,
Қанасына сыймай.

Қырандай хас қырағы,
Бұзық пиғыл жатпен.
Төбелесе ұрады
Қолға түскен затпен.
Батыраштай балталы,
Тойса – әпербақани.
Сыйлап, аяқ тартары –
Әбдіжамал, Тахауи.
Үйің күйгір шындықты
Бетке айтуға туылған.
Нағыз талант, шын мықты,
Қызметінен қуылған.
Халқымыздың қадірі,
Абыройы қазақтың.
Туды заман әділі,
Қарасы өшіп азаптың.
Не бар екен ойында,
Нәмәрттабанда мұңайып,
Жарқын мерей тойында
Жыр оқуым – лайық.
Шашбауыңды көтерген,
Біз бір пақыр құлың.
Аман болсын «төтеннен»
Жанботадай ұлың.
Тәңіріндей тұлғаң,
Құдайыңдай сенген –
Құдіретіңе құрбан –
Маринадай жеңгем.
Өмірің тауып жалғасын,
Шайқалмасын шаңырақ.
Жар болсын да қолдасын,
Абылайдай аруақ.
Көз тояды формыңа,
Дарыныңмен масаң,
Одақтағы орныңа
Отырасың қашан!

Иран-Ғайып

АЛПЫСҚА КЕЛГЕНДЕ

Көнелердің көзіндей,
Кербез Көкшенің өзіндей.
Алмас қылыш секілді
Алпысқа келгені сезілмей.
Тумысында тура жолмен жүрмеген,
Дұшпанын көзге ілмеген,
Саясаты сәйкес келмеген соң
Коммунистік партияға кірмеген.
20 жасында «халық жауы» атанып,
Аман қалған түрмеден;
30-ға жұтынып барған,
40-қа құтырып барған.
50-де Ғабенмен тең түсіп,
60-та Қалдарбектен ұтылып қалған;
Ақан серідей,
Сүйгеніне қосыла алмаған.
Жаны жаратпаса,
Көңілінің хошы болмаған.
Басына батпандай іс түскенде
Қасында
Қоғабайдан басқа досы қалмаған;
Тақасқанмен тақасқан,
Бақасқанмен бақасқан.
Сафуанға соқтығып,
Шерханмен шатасқан;
Алпысқа келсе де,
Адуын мінезі қойылмаған.
Талантын таразыға тартсаң
Әуезовтің өзін әзер мойындаған;
Нағыз серідей
Қызды ауылды қиықтаған.
Нағыз қазақтай
Түске дейін ұйықтаған.
Досына ақ, адал,
Жауына қабаған.

Иттік жасаған кісіні,
Кім болса да,
Жағадан алып,
Сылқитып сабаған.
Адалдыққа сенетін,
Әділетке көнетін,
Өзім деген кісіге,
Кесіп берер қоң етін,
Кейде мына заманға риза болмай,
Заһар суын сілтеп жіберсе,
Артынан оның өзін
Ақылмен жеңетін;
Жазушылық жолында,
Уақыттан ұтылмаған.
Енді бүгін 60-қа келсе де,
Алдынан қыз қашып құтылмаған.
Айтсаң сөз жетпес,
Атсаң оқ жетпес.
Өзі кінәлі болса —
Найзаның ұшында,
Қылыштың тұсында тұрса да
Қыңқ етіп, үн қатпас.
Көңілі — Көкшетау,
Өмірі — Жұмбақтас
Қасіретті қазақтың жеріндей
Уа, ағайын!
Ардақтасаң ұлысың болар,
Жауға шапсаң қылышың болар,
Кім бар, Сәкен серіндей!

Серік Тұрғынбекұлы

СӘКЕН СЕРІ

Еркелетіп өсірген Сәкен сені
Атамаған жасыңда әкең сері,
Үш жүзімнің Ғабиті сүйіп қойған
Сен халқымның ұлысың Сәкен сері.

Бала кезден көтерген пері жүгін
Мен дәріптеп жүремін сені, күнім,
Көкшетаудың аумаған Ғабитысың,
Ақан да сыйлай салған серілігін.

Көкірегің күй, көңілің жырға толы
Ақтарып талай салдың сынға соны.
Мүлт басып мүдірмеген тарланың ол,
Ағайын, аялда да тыңда соны.

Ойға – қуат, көңілге жел береді,
«Халқым», – деп ол қажымай тербеледі.
Махамбетше төгілтіп батыр дастан,
Ауырыңды Шолақтай өңгереді.

Екі ұдайда ол алдын болжамайды,
Не бәйге тарт тек өзі олжалайды,
Шындық десе шыныдай таза жігіт,
Оған ерген азамат сорламайды.

Сәкен Сері халқына ерке жігіт,
Көш бастайтын айтулы серке жігіт.
Шалыс кетсең адуын мінезі бар,
Бұрқ-сарқ етіп тарайтын келте жігіт.

Мұндайда түспей-ақ қой арашаға,
Онысын баламаңдар тамашаға.
Батыр болсын, сал болсын, сері болсын,
Бір мінезі болмаса жараса ма?..

О, халқым, сүй, еркелет, ал мазасын,
Ол деген жазар адам жан жарасын.
Мен елімнің Сәкендей серісіне
Теңгермеймін басқа елдің ханзадасын!

Саттар Сейтхазин,
«Жұлдыз» журналы.

ҚАЙДА ЖҮРСЕК ҚАСЫМЫЗДА БОЛСА ЕКЕН

Серіліктен дәмесі жоқ кімдердің?
Шешені көп, көсемі көп мінбердің...
Қатын деме бәрін жаулық тартқанның,
Батыр деме бәрін атқа мінгеннің.
Сері түгіл серіктікке жарамай,
Қарабайлар кетті бізге қарамай...
Серуеншіл, керуеншіл кешегі
Серілердің, перілердің заманы-ай!..
Серке – төлдің.
Сері – елдің алдында.
Білсең аға бір заңдылық бар мұнда.
Ақан құсап айдалаға қаңғырма,
Сәкен құсап ажалға ерте алдырма.
Нар қамыспен қатар өскен құрақтай,
Ұлыларға ұқсамасақ ұят қой.
Арамызда Жүнісов жүр, ағайын,
Ақандардан қалған соңғы тұяқтай!
Ақан – Сәкен,
Сәкен – Сәкен,
Сол Сәкен
Қайда жүрсек қасымызда болса екен
Ақтоқтысы шылауына оралып,
Аппақ құсы алақанға қонса екен...

Исраил Сапарбай, 1994 жыл.

СӘКЕН СЕРІГЕ

Егделік ер жігітті есті қылар,
Басыңнан 65 жыл көшті мұнар.
Алпыс бес жас дегенің – 60 жас қой,
Белінде салақтаған бестігі бар.

Сері – аға, құтты болсын алпыс бесің,
Кеш емес, ымырт емес, тал түстесің!
Қылпыған қаламың мен қанжарың бар,
Қолыңнан кезек-кезек сол түспесін!

Жанботаң – төбеңдегі алтын байрақ,
Қасыңда екі қызың гүл-гүл жайнап,
Жұртына Абылайдың үйді тігіп,
Тарта бер бильярд пен қартыңды ойнап!

Жүрсін Ерман, 01.02.1999 жыл.

P.S.

Жамандық көрме, көке, жағың сембей,
Ел көкке көтереді бағын сендей.
Балконнан біз ес көріп отырайық,
Тұрғанын терезеңнен шамың сөнбей!

АҚИҚАТТЫҢ ҚЫРАНЫ

Терең дария — толқынды,
Толықтырған олқымды.
Аспандатып Ақанды
Асқақтатқан халқымды.
Сері туын көтерген,
Жалын жұтып, от өрген.
Ақиқаттың қыраны
Қаймықпаған қатерден.
Жанрларың жан-жақты,
Сандуғашын самғатты.
Сен алпысқа келгенде
Елге сенім таң да атты.
Тілейтінім мықтылық,
Құттықтаймын тік тұрып,
Ағанды да ойлап жүр
Әкімдерге ұқтырып.
Мақанбеті дәуірдің,
Сәкен сері бауырым.
Фрунзе деп жек көрме
Абылайдың ауылын.
Кімге айтамын мұңымды,
Адамдар аз ұғымды.
Жаныштар ма жанымды
Құлатар ма туымды.
Жеңе алмаған Қасымды.
Мені тағдыр басынды.
Бірақ ағарта алмады
Алпыстағы шашымды.
Басатын сыр-перне бар,
Түсініксіз пенде бар.
Көл-көңілім көсілмес
Арман-арнам елде тар.
Ұлттық үміт,
Ұлттық ой,
Көңілімді жылытты ғой.

Сәкен деген серіге
Болсын деймін құтты той.

Нұрмияш Көбенов, 1994 жыл.

АҚ ШАЛЫП САМАЙЫҢДЫ ТАУҒА ҰҚСАДЫҢ

Асылсың затың бөлек кеніштегі,
Асусың алқынғанға еңістегі.
Алпыста ағалауға көзі қимай,
Арудың өртеніп тұр демі іштегі.
Мақтауға кенде емессің қайдадағы,
Қазақтың сендей думан қай қонағы.
Тәңірдің таланында қонған бағы,
Тағдырдың табанында тайғанағы.
Тайпалған тау арқалап жел маясың,
Қаламнан қағыс еткен сөз заясын
Адамның ата тегін алаламай,
Қазаққа қанатыңды тең жаясың.
Соққандай солқылдатып сөз борасын,
Алпыста ат оздырған бозбаласың.
Анаңда артық тапқан не арман бар,
Алаштың толғаттырып өзге анасын.
Алынбай алшаң бастың жауға ықсаның,
Болсыншы жаның шын дос, саулық сәнің.
Артында ай, алдында күн көлеңкең жоқ,
Ақ шалып самайыңды тауға ұқсадың.
Ат мініп алтын жалды, ай тағалы,
Жүре бер дүниені шайқап әлі.
Мекені сұлу Көкше Арқа аралы —
Өткен деп Сәкен сері айтар әлі.

Құдайберлі Мырзабеков, 1994 жыл.

СӘКЕН

...Сөз дегенің неткен жұтаң... іздегенде таптырмас
Әншейінде бақ-бақ етіп, көлге жылқы жаптырмас.
Сәкен деген шалқар дария. Қазақтың кең дариясы, —
Қазір дауыл... қазір — аппақ ашық аспан дақ тұрмас.

Сері менен серкеліктің айырмасы бола ма?
Ерлік пенен еркеліктің айырмасы бол ма?
Осы төрт сөз шынжыр құсап бірікеннің өзінде
«Сәкен сері» деген сөзге бола алмайды балама!

Еш балама табылмайды — қазақ туған Сәкенге —
Сәкен ғана — Ай секілді — Көкшетаудай мекенге,
Сексен көлдің ортасынан серпіп ұшқан қанатын
Қасиетті Пірдің құсы — ұшпайды Аққу бекерге!

Жыр қанаты — ол әуелден — топшысы бар қуатты,
Қара бұлтты қақ жаратын құс-найзағай сияқты,
Назарына Әуезовтің ол алдымен ілінген,
«Сәкен сері» — Мүсірепов Ғабит берген бұл атты!

Әлі есімде... Өнержайда биллиардта шар атып,
Өңшең мерген... ойнап жатты — құмарларын таратып,
Сонда көрдім — ұрды Сәкең — зеңбіректің оғындай,
Биллиардтың очкосын үсті-үстіне боратып.

Емен таяқ-найзасындай, Шар-қалмақтың басындай,
Ұрды Сәкең үсті-үстіне — мергендігін жасырмай,
Ана жақтан бір домалап, мына жақтан қарсы ұрып,
Піл сүйегі тарсылдады — Алатаудың тасындай,

Төрт тесігін бірдей бітеп, ортасынан қоса атып,
Қуды Сәкең — көк барқыттан шар біткенді... босатып,
Сафуандай... сүрінбеген... «ақ мылтықты» ағасын —
— Ойбай, маған не болды? — деп жеңді ақыры шаршатып.

Шар тығылды, ұтылғасын... сөз тығылды... көмейге,
Осындайда Рабең тұрып: – Бәрекедi! – демей ме?
– Салшы, Сәкен! Өзiң сүйген Ерейменнiң сазына,
Қорғасынды ерiтiп кеп... құйғандай ғып – кенейге!

Сәл кенеп ап, тамағынан, тамақ емес танаудан...
Салды Сәкен – аспаңдағы – бұлттар құсап берi ауған.
Жүрт үндемей – қоға құсап – жусап қалды ән тыңдап,
Ән зуады – жылқы құсап – жортып шыққан қамаудан.

Әннiң сөзi бiр тыңдаған қалды мәңгi құлақта
Кеттi аулап замандарға, тiл жетпейтiн жыраққа:
– Iшiм менiң көк тұман, тек сыртым сау,
Қажет десең көз жасым, жаңбырдай жау,
Бүркiт алып басыңа шығар едiм,
Көзiме бiр көрiншi, Ереймен тау!

... Ереймен жырақ жатыр – жете алмадым,
Дүние көпiрiңнен өте алмадым,
– Жүр бала, кеттiк! – дедi – Сары далаға,
Қайда? – деп сұрауға да бата алмадым.

Машина тұрды сонда... көлденеңдеп,
Мiнейiк дедi Сәкең – жолда жөндеп,
Түнiмен жөнep бердiк – Айсыз түнде –
Қараңғы, жолсызды да бiр көрем деп.

Жарық жоқ, машинаның фары сөнген,
Айнала от бiткеннiң бәрi сөнген,
Келемiз салдыр-гүлдiр әнге басып,
Елсiз тау – ескен желдiң жарысымен.

Баратын бағытымыз – Темiрқазық,
Әйтеуiр қалмау – содан көздi жазып.
Ай кеткен қара бұлтқа жасырынып...
Жылтылдайды бiр сөнiп, бiр қызарып.

Не деген жүрек жұтқан еді Сәкен,
Сыр мінез талай жортқан жері ме екен?
— Мына түрмен — жететін, түр жоқ деп ем,
— Ай аман болса болды! — деді Сәкен.

Ай аман болса болды — аспандағы,
Ешкімнен Сәкен ағам — жасқанбайды.
Қақ жарып — қара түнді — келе жатты —
Секілді қара судың қасқалдағы...

Жайлауға жеті түнде әрең жетіп,
Құладық ертоқымдар төмен кетіп.
Ал Сәкен — ақ домбыра алды дағы
Даланың отын жақты өлеңдетіп!

Ай қалып бір бүйірде — шармап батып,
Әйтеуір біз қалғыдық жан сақтатып.
Ал Сәкен ақ мылтығын іліп алып,
Жөнелді атқа мініп, алшаңдатып.

Не деген таусылмайды құмар мұнда?
Көңіл бар мақсат қуса — тынар мұнда,
Жартысын айлы түннің аңға жұмсап,
Оралды он қоянмен таң алдында.

Жұрт қалғып, тамаққа сап... тұмсықтарын...
Ұмыттық тар кеудеден жыр шыққанын,
Сәкеннің кең кеудесін жарған әннен
Қалың ел — білмей қалды күн шыққанын,

Бұл Сәкен, сондай Сәкен бір жүргенде —
Білесің қанжығаға аң ілдіргенде —
Бір күліп, бір жайнатып, бір қорқытып,
Жан риза — Сәкендігін білдіргенде.

Алпысқа сөйткен Сәкең толып отыр,
Ер көңіл — елі риза болып отыр,

Маңдайында үш жүздің марқасқасы —
Марқайып оңында да солында отыр...

Бірге жүрген күндер солай — Айсыз түнде аң аулап,
Жанған күндер — өтті талай қызғалдақтай алаулап,
Алпыс деген тұсау емес, адым шығар кең ашқан.
Тұлпар берер — кең дүниеде қалмасын деп жаяулап.

Ер Сәкен — Қара судың Қасқалдағы,
Қара бұлт қан жауса да — жасқанбады,
Жетеді — жетпіске де, сексенге де...
Ай аман болса болды аспандағы,

Қажет десең — қара бұлт, нөсерлеп жау,
Қазақ жері сау болса — Сәкен де сау,
Алпыстағы Сәкенді қыран қылып
Аспанға бір шығаршы, Ереймен тау!

Көкшетау — басың шалқар, бауырың биік,
Ойнайды бауырында алтын Киік,
Тауыңды биік қылса — табиғатым —
Сәкенді биік қылған халқым сүйіп.

Ардақтап азаматтың алтын басын,
Ай мен Күн серілерден ән тыңдасын!
Алпыстағы Сәкеннің ән-бүркіті! —
Оқжетпестің үстінде саңқылдасын!

..«Алпыс деген жер осы — жігіттіктің қайтқаны,
Қайтқан кезде жігіттің — қызға сәлем айтқаны,
Бір алпысқа толу бар. Екі алпысқа толу жоқ», —
Осы болды Серіге — атқосшының айтқаны.

Алпыс жас!
Меңде тойға барайыншы,
аяқты үзеңгіге салайыншы.
Жарқырап Ерейменге сәуле түсті —

Күнбе екен?
Сәкен екен – қарайыншы!

Бұл Сәкен – қара түннің қасқалдағы
Айтар сөзге келгенде жасқанбады.
Фары жоқ машинаға мініп жатып:
«Ай аман болсын», дейді, аспандағы!

Қазақтың Айы да ортақ, Күні де ортақ,
Адассаң айдалада түні де ортақ,
Мінімді Сәкен маған талай айтқан –
Қазақтың қажет десең – міні де ортақ.

Үшей деп «үш аспанға» бөлме мені,
Бөлінсең – Сәкен айтты – көрме мені!
Бұлт басып ай көрінбей қалған кезде –
Ай болып Сәкен көкке өрмеледі.

Жасаған өз қолымнан айым Сәкен,
Алпысқа ат қосатын – тайым Сәкен,
Аспаннан ай жоғалттым ішіп алып,
Осылай болды менің жайым, Сәкен!

Жұлдыз көп әркімдердің жетегінде,
Біреулер хошеметке еті өлуде
Ақ туын Абылайдың бірге қосып,
Сәкенді ақан Сері көтеруде!!!

Өтежан Нұрғалиев

СӘКЕН СЕРІГЕ АРНАУ

Тыңды жазып түлеген,
Қаламын айға білеген.
Жазушы Сәкен Жүнісов,
Саулығын елдің тілеген.

Қайырмасы:
Көкшетаудың қыраны,
Сегіз қырлы ұланы.
Ақанның соңғы серісі,
Елімнің ерке бұланы.

Қазағым қазақ болсын деп,
Басына бақыт қонсын деп.
Қоғамдық ойларды оятып,
Жүреді алда жол сілтеп.

Қайырмасы:

Жүрегі жомарт, жаны асыл,
Жазушы сері жаңашыл.
Дербестік үшін күресіп,
Тіліме болған жанашыр

Қайырмасы:

Тілінен оның май тамған,
Көркемдік сөзде майталман.
Жоғын жоқтап халқының
Жоғары жаққа айта алған.

Қайырмасы:

Сөзі: Елубай Жәкеновтікі
Әні: Құстай Сейітжанұлы Жантілеуовтікі,
1994 жыл.

СӘКЕН СЕРІ – ТОРҒАЙДА!

Халқының – көкке өрлетіп ақ ниетін,
Тәуекел мінезімен тас түйетін.
Торғайға ұшып келді,
Сәкен сері
Бойына жиып Елдің қасиетін.

Өнердің – ұлы таза махаббатын,
Арманның кеңге жайып ақ қанатын,
Арқалап ұлан-ғайыр – Бекзаттықты
Ғажайып дарын келді – таң қалатын!

Арқалық алға тосты ән – күймесін,
Кең далам – мейірі өсіп әдилесін.
Өнегелі ілтипат көрген – Ағам
Он салып, оны ағытты әр түймесін.

– Бар тарих ұстаз Елдің – тереңінде! –
деп тартты, жалын лаулап жүрегінде.
Жайқалған үсті егінге, асты кенге
Қасқиған қара жолдың жетегінде.

Шегі жоқ шежірені толғай шертіп,
Тастыны Кейкі туған бойлай өтіп,
Жусанды қоңыр белге салды аяғын
Аулына Аманкелді тойлай жетіп.

Аты бар әлімсақтан – Батбаққара,
Көз жетпес төрт түстігі жатқан дала.
Сәт ақын, Оспан, Өмен, Жағыпарды,
Файзола, Бақытжанды тапқан дана...

Оранып алғысына жайсаң елдің,
Бет алды Дуан жаққа байсалды Ерім.
Байғабыл – Ақан, Сәбит, Дінаш туған
Хамитбек жырын төккен майсаң жерім...

Атақты күн ғашық жер Қызбел тауы,
Аунаған ақ бұлақтар дүз желбауы.
Сейіт ақын, ғалымдар Сайлай, Сәбит,
Міржақып кіндік кескен Қоңыраулы

Бөлініп кетпеуі үшін ара-жіктің,
Мойынға түспеуі үшін ала жіптің,
Әлі күн аспан кезіп тұр биікте
«Оян Қазақ» – ұраны – Дулатовтың!..

Өнерін, шыққан асыл тегін силап,
Сәкенмен кездестірді – Елді жинап.
Ахметхан, Серікбай – Шилісінде
Бас иді Қайнекейдің жерін сипап...

Белес, дөң көз жетпейтін дала-дала,
Сырына көңіл толар бара-бара.
Хан Кенем, Қошалақты қоныс еткен
Тарихы замананың сала-сала.

Көрінді сонадайдан Қала Торғай,
Қарт Торғай,
Әулие жер, Дана Торғай.
Түстеніп, ат шалдыртар – әудем жерге
Жетуің мүмкін ара қонбай.

Қарап тұр, Сәкен сері қыр басынан,
Кеудеде шабыт тасып арнасынан.
Торғайға сүңгіп шығып қоңыр үйлер
Жатқандай жағажайда шалқасынан.

Мейірдің мүмкін емес таң қалмасы,
Исі Қазақ жұртының ар-намысы,
Ыбырай «Кел балалар оқы» – деген
Алғашқы білім ойдың – Ақ Ордасы!

Ұмытпас қаталап кеп суын ішкен,
Кетер ме тау шайқаған дауыл естен.
Қазақтың санасының кіндік жері
Алаштың,
Азаттықтың туын тіккен!

Келеді, көше есімі – Әруақ аты,
Нұрқанның бір аталас ұрпақтары.
Жәнібек, Байтұрсынов, Дулатовтай
Сырбай, Ғафу, Шәмідер қаймақтары.

Аралап мұражайды жолға түсті,
Бітіру қандай бақыт алған істі.
Тосын құм, Ақшығанақ, Ақкөл барып
Қайтарда жазу керек толғанысты.

Кеңшілік, Нағашыбай, Ерболаттар,
Кенжеғали ғалымды әлем мақтар.
Қонысбай, Серік, Марат,
Сабыржандар,
Топ жарып, топ бастаған мәрт қазақтар!..

Жыланшық, Қабырғаның салаларын,
Аралап көрді ғажап Сырлы тамын.
Қоғабай, Төлен аулы – Қойшығара
Жазғанын көтере алмас қара нарың!..

Қайыңды, Сарыторғай, Қараторғай,
Жәуке елі,
Әбдіғапар – қара жолдай.
Мырсалық, Смайылұлы қарсы ап оны,
Зұлмат жыл сырын ашты – дана маңдай!

Қайыңды шежіре жер алтын жатқан,
Торайда тұңғыш совхоз аты шыққан.
Көшкінбай, Жұмаш, Әбжан, Самат ақын
Өлеңнен маржан тізіп шалқып аққан.

Мен – туғам,
Жүрмін Ағам қасына еріп,
Бір жүрді – Жұмағазы досым көріп.
Серікбай, Жұмағали, Бектас, Әбду,
Қарайды, ерген қызға қасын керіп.

Сәкен жүр,
Сөзге шешен, дархан көңіл,
Шыңдалып, ширатылған арқан темір.
Арманы ізгіліктің жолын нұсқап
Қайсар күш, жалын ұртап, жанған өмір!

Көне көз, өнер, дәстүр жалғасындай,
Ашуы қаспен көздің арасындай.
Ән салса аспандатып әлдилейді
Әуезбен ерітеді қорғасынды.

Тыңдайсың, қызығасың, қызғанасың,
Өнердің ашық ұстап ұстарасын.
Шалқисың, шаттанасың, төгілесің
Көресің құпия өмір ақ қарасын.

Шың болып – бұлттан асып асқақтайды,
Көл болып – Кең жайылсын ластанбайды,
Тәкаппар, күншіл, қаскөй, алаяқтан
Ешқашан ақ жүрегі жасқанбайды.

Тарихын Ата-Баба елден жиып,
Қалады сұлу жаңды көрсе сүйіп.
Сәкен Ән, Сәкен Сері, Сәкен Батыр,
Бір жүрсең аспандайды еңсең биік...

Жүр – Аға, жерді аралап, Елді талай,
Ағытсын бұршақ-бұршақ терді самай.
Жаза бер томдарыңды толық қанды
Арқалап Ғасыр жүгін өрге қарай!

Бақыткерей ЫСҚАҚ

Мазмұны

Хан мен Президент	3
Президентпен болған екі күн	11
Бізге президенттік билік керек	30
Президент алдындағы сөз	39
Араңдату ма, арашалау ма?	45
Ашыққауыздықты доғара тұрғанымыз жөн	60
Ақмолаға барамыз	69
Қаланы бастан	78
Жаңа астанаға жаңа ат	87
Анкарадағы Абай паркі	90
Алыс ел – таныс ел	105
Өз ойымды айтамын	114
Басбұзарға сот бар, ал тіл бұзарға ше?	125
Жапаңдағы жалғыз тіл	139
Қазақстан жазушыларының ІХ съезінде сөйлеген сөз	149
Оң жақта қартайған қалыңдық	157
Әнуар мен Есенберлинге хат	168
Ленин туралы сөз	183
Мұхаң туралы аз ғана сөз	188
Қайран Мағжан	227
Тоқсандағы түйғын	233
Қара шаңырақ үстіндегі жұлдыздар	245
Біз де алпысқа келдік	255
Қоғаш туралы сөз	262
«Арман дегеніміз – мақсат». Т. Әбдірайым	270
«Абылайхан» фильмінің төңірегіндегі былықтар мен шылықтар	290
Шындық шегарасы	302
Жерді жаратқан парламент емес, жерді сататын да парламент емес	307
Арнау өлеңдер	313
Абылай рухына ұрпақ баяны	313
Кімнің тойы	316
Ініден аталы сөз, баталы сөз	319
Әй, Сәбит-ай, сен алпыстасың, қалпыңдасың	323
Сарыарқаның самалы – Бақытжамал	327
Ана қиын	328

Боранбайым	328
Сағиға	329
Әбіллайыз аға, Заря жеңге Ыдырысовтар	330
Біздің Сәкен сері. Ғабит Мүсірепов	334
Нұрмақтың Сәкені. Зейнолла Қабдолов	336
Кемелдік келбеті. Ә.Әбішев, Т.Жұртбаев	343
Кемел кезең. Сырбай Мәуленов	349
Жазушы тойы. Рамазан Тоқтаров	352
Суреткер сипаты. Серік Тұрғынбекұлы	360
Сәкен туралы сыр. Шәрбану Құмарова	371
Ел деп соғар елгезек жүрек. Есләм Зікібаев	375
Сәкен-сері. Қоғабай Сәрсекеев	387
Құс тістеген құлагер. Төлеген Қажыбаев	403
Ұлағаты мол ұстаз. Сартай Ғазезов	410
Өмірдің өз шындығы. Әшірбек Сығаев	413
Сәкен. Сәуірбек Бақбергенов	420
Кіршіксіз өмір. Қ. Тәшібаев	420
Тізгінін қос жанрдың тең ұстаған. Х. Әдібаев	425
Сәкен серіге арнау өлеңдер	433
Сәкеннің елуі	433
Ағаға наз	439
Алпысқа келгенде	441
Сәкен сері	443
Қайда жүрсек қасымызда болса екен	444
Сәкен серіге	445
Ақиқаттың қыраны	446
Ақ шалып самайыңды тауға ұқсадың	447
Сәкен	448
Сәкен серіге арнау	453
Сәкен сері – Торғайда	454

Сәкен Жүнісов

**СӘКЕН СЕРІ — ЕЛ ЖАЙЫНДА
ЕЛ — СӘКЕН СЕРІ ЖАЙЫНДА**

Көркемсөз, ой толғаныстар мен арнау
өлеңдер

Редакторы Қ. Сәтенұлы
Компьютерлік терілім А. Абдукаримова
Суретші дизайнер Е. Толстова

Теруге 05.06.2000 ж. жіберілді. Басуға 14.08.2000 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32} Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 29. Таралымы 3000 дана. Заказ № 663. Бағасы келісімді.

**«GAUHAR» ЖШС ҒӨПбк Алматы қ., Жібек
жолы к., 47**

**ЖШС «Жедел басу баспаханасында»
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.**

1934 жылдың ақырған ақпанында туған,
Кіндігін Көкшенің киелі суымен жуған,
Жастайынан жазушы болуға белін бекем бұған,
Жігіт шағынан сегіз қырлы Серіліктің де жолын
қуған Сәкен сері былай дейді:

*«Адамның жеке басының бақыты – он екі мүшесінің
саулығы, бақытсыздығы – сол он екі мүшесін орыңды
пайдалана алмауы.*

Ел бақыты – ұлтының амандығы.

Ұлт бақыты – тілі мен жерінің амандығы.

Ұлты азса – елдің бақытсыздығы.

Тілі мен жері азса – ұлттың бақытсыздығы.

Бақытқа жету – мақсатқа жету.

Мақсатқа жету – арманға жету».

